



ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯС

ТАҢДАМАЛЫ

ТАБЫЛ
ҚҰЛЫЯС

ТАҢДАМАЛЫ



III
ТОМ

III
ТОМ

FOLIANT

Табыл Құлыяс

ТАҢДАМАЛЫ

Үш томдық

Үшінші том

ӘОЖ
КБЖ
Қ

Қ **Құлыяс Табыл**
Таңдамалы. Үш томдық / Т. Құлыяс. – Астана:
Фолиант, 2017.

Т.З. Деректі хикаяттар. – 576 бет.

Белгілі жазушы, сатирик, архив зерттеушісі Табыл Құлыяс бұл кітабында халқымыздың басынан өткен аштық, қуғын-сүргіннің ауыр зардаптарын, сталинизмнің қанды қасабын құнарлы тілмен, бұлтартпас құжаттармен шынайы баяндаған.

Заманның тынысы, дәуірдің дауысы болған деректі хикаяттар көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN
ISBN

© Құлыяс Т., 2017
© «Фолиант» баспасы, 2017

ҚАНДЫАУЫЗ

Киноповесть

Ай жарығы жерге әрең түседі, сәуле әлсіз қалтырап сұсты көлеңкемен көмкеріледі. Елесте қараңдаған бейнелер бірте-бірте түн жамылған қара орманға тығылғандай бұлдырай жөнеледі. Түн-ажал қыбырлағанға шүйіліп талғамай жұтып жатқандай дерсің. Бүкіл халықтың көкірегін үрей мен уайым кернеген. Тірлік бұлдыр түске ұқсайды, жер қайысқан қайғы еңсені езіп, жаншып тірідей жерге сіңіріп тастағандай. Туған жерінде ешбір үміт жоқтай қырғынды Ержігіттің есіне алуы да үрейлі. Жалмауыздай жұтынған, адам бейнесіндегі кейбір алба-стылар қара мылтық кезеніп бірде көрініп, бірде із-түзі білінбей жортуылда зырлап жүреді. Аштық меңдеткен ауылдардың қазанының оты өшкен. Басы бүтін, қайғысыз шаңырақ жоқтың қасы. Бас сауғалаған әлсіздер өлімге басын байлағандай дерсің. Толып жатқан өлік. Текті ері жоқ елдің айбары кем. Әлсіз тобырдан кім айбынады. Қара киімділер өліктен аттап үйді тінткілей бастайды. Алтын, күміс бұйымдары болса таласып алып жатады. Сұрқия азғындар олжаға мәз. Қызыл қанға жерігіп жемтіктерестер желгіп басыңды аламын деп дігірлейді. Бақытсыз сорлылардың тумастан маңдайына жазылған аштан өлу деп аяушылық ойламайды. Өлгендер тірінің олжасы. Біреуі осылай десе, шені жоғарысы ақырандап адыраяды. Шені төмені қалжың ғой деп аузын жабады. Зұлым ойлылар бірін-бірі түсініседі. Әлсіздерге өткен кезеңдердің қалың қайғысын ойға түсіруі де қорқынышты, жанына

жұбаныш болар көзінің жасы да кепкен. Үрейлі бүліктің лаңын Ержігіт шикі жасынан көріп өскен-ді.

Таң атар, қия құз басында сәуле ойнақ салар, тау бауырында бұлдыр сағым перде тұтылар-ау. Сонда елес алдарқатып қыбырлаған ақ киімді пенделер сағымды жамылып болжалы үн қатар ма еді: «Біз басқа дүниеден бақыт таптық!» дегендей болар. Кенет аспанды түксиген қара бұлтты найзағай тілгілей бастайды. Жұмыр жерді жұтардай дауыл топалаң салады. Табиғаттың тарпаң мінезіне Ержігіт көндіккен. Пенденің тірі екенін ұмыттыратын зауалды да көрген-ді. Ең ауыры ақ киімді кебінге оранғандардың зарлы үнімен тау теңселетіндей болатынына томашадай жүрек шыдас бере ме? Қауіп-қатер, дауасы жоқ үрей. Тірлікке сұқтанған жалмауыз оқты көздер талайдың бұлтқа тығылғандай жарық жұлдызын ағызып түсіріп жатыр. Тәңірдің жарлығы емес, зұлым қанішерлердің тірі жүргенді көпсініп миллиондаған өліктерді көмусіз қалдырып, құзғын құстардың азығына айналдырды. Өлгендердің біразының есімін де топырақ жасырды. Қанішерлер мәз, құзғын құстардың жеңсігі пенденің көзінен бастап ойып жегеніне таңырқай қараған жендет қара тастай селт етпейді. Құзғын құстар өлікті таласып жеп қу сүйегін қаусатып тастайды, қанішер соған қарап:» Адам ет пен сүйек екен-ау» деп өлгендердің бетін топырақпен жасыруға да құлқы жоқ, обал, сауапты жауыз жаны жек көреді. Тірісіндегі адамның қаһарлы қайраты құзғын құсқа жем, әне түлкі қаптаған өліктің арасынан өтіп, беті ашық жатқандардың жанында құйрығын былғап тұрып бетін иіскейді, сосын аяғымен тырнай бастайды. Құзғын құстарды үркітеді. Онысы несі екен? Қанішер жендет түлкі – ғұмыр, жылан – заман дегендей белгі ме дей алмайды. Иығында қару, қолында билік, көзі қанталаған, жүзінде үрейдің қара дауылы. Қасқыр адамның етін жеседе бетін, қолын, табанын жемейді деуші еді. Жұрттың айтуы да шындық екен, қаталаспапты. Қаншама қаңқа, саудыраған сүйек, жалбыр шаш балаң жігіт әрбір өліктің арасынан анасын іздейді, әрбір өліктің қолын, аяғын тінте қарап жүр. Кенет ана төсі аузында

өлген сәбиді қасқыр, басқа да жыртқыш жемеген тәрізді. Бiқтиярын билей алмай селкiлдеп жылады да анасы мен бауырының сүйегiн шекпенге орай бастады. «Зарықтым, зарладым – ау, ең болмаса өлiгiндi таба алмай Алла берген өмiрдi көпсiнiп, тiрлiктiң жарығын, татар дәмiн қимаған зұлымдарға қарғыс, лағанат атсын!» деп жалбыр шаштың үнi тау бауырында жаңғырып ғасырларға кеткендей тым аянышты, тым қорқынышты едi. Адам неге бiр-бiрiне жау, қатыгез дұшпан, рахымсыздар да суық жер қойнына бармай ма екен? Демi тарылып тұншықты, тау бауырындағы сағымнан күн көзi жылтырады. Жiгiт анасы мен бауырының сүйегiн арқалап төбе басына апарып жерлейдi. Өлi денелер күн сәулесiн қажетсiнбейдi, ешкiмнiң ырыздығына да ортақтаспайды, арманын да айта алмайды. Ақ құс боп елес бередi. Жiгiтке дүниенiң байлығын ұсынса да анасы, әкесi, бауырларына айырбастамас едi. Қаншама өлiктiң төнi құрап, көкке ұшып кеткендей болады екен шыбын жаны. Жиырма мың адам ашығып босып едi Алтай өлкесiне қарай. Соның бес-алты мыңының сүйегi ай далада шашылып қалды да, он бес мыңдайы өлiмшi боп Кемерова қаласындағы көмiр кенiне жеткенi тарихтан белгiлi. Сол ашыққандардың соңғы сапар жолында iзi жатыр. Бұлтарыссыз шындық. Қырғынға табиғатта зарығып пендемен қосылып жылағандай қалың мұңға батып, пердесағымда тауды тасалап жадап – жүдегендi мүсiркегендей күйде. Халықтың қайғы-шерi құпия емес, үрейлi қоғам жендеттерi мылтық төсеп тартып алған малдың етiн Мәскеуге жеткiзуге вогондар жетiспей шiрiп кетедi де тау-тау боп үйлiген етке мұнай өнiмдерiн шашып өртейдi. Қарағанды, Жезқазған өңiрiндегi тонналаған еттiң өртенуi айлап жанып жатқанын да тiрiлер жадынан шығарған жоқ. Үрейлi қоғамның қызметiн атқарғандар о дүниелiк болды, оларға тозақ жаныңа жақты ма деп сұрақ қояр ма едiк. Қызыл жендеттер iз бағып қырып, жойып жатса, ақыл – ойдан жүрдай, қанiшерлiк саясаттың құлдарының да iзiн құйын жасырғандай жып-жылмағай боп едi.

Күнәсi мен кiнәсiне Жаратқан мейiрiм ете көрмеген шығар деп өңiрдегi өлi тiрлiк, қадам басқан сайын қатерлi,

рухы сіңіп жатыр «Күншалған» тауына. Бірақ, үнсіздіктің түрі белгілі, үмітсіздік екені мәлім, тағылықтың қияпаты қан жауғандай көрінеді. Үрейден түсі қашқандар еріксіздік зарына ғана жүгінеді. Кенет тау сағымы арасынан ақ киімді аруақтармен бірге қазысы үзілген жылқыдай ышқынған дыбыс естілді. Ақанның құлагерінің соңғы үні ме? Ержігіт аянышты үнге тосылып тұлпардың тұяғынан шашылған топырақты елестетіп зұлымдықтың көзіне де көртопырақ құйылған болар деп тебіренді. Ереймен өңірінде де қан аз төгілген жоқ, зар – мұң талайдың қабырғасын қайыстырды. Дауылпаз ақын Ілияс Жансүгіров құлагердің құлаған жерінің топырағын иіскеп, ағаштан белгі қалдырды. (« Еркіншілік» кеңшарының директоры А. Реммер кезінде құлагердің құлаған жеріне Ленинградтық шеберлермен келісіп мыстан биік мүсін орнатты. Оны кеңес үкіметі құлаған бойда ұрылар тонап әкетті – Т. Қ.). Өмірде саясатпен күлкісі құбылып тұратын залымдар аз ба, еңсе басқан, есін алған, қырып жойған, астан-кестен еткен қаралы күндерден запы шекпеген кім бар дейсің. Ілияс аштық қырғынын біледі, жаны түршігеді. Бабалардың батырлық рухын Махамбеттен іздейді. Жаяу жалпылап жүріп деректерін де жинап алған-ды. Жер қайысқан малдан айырылған қазақ халқы өмірде бары, жоғын ұмытып бассауғалап қаңғыды, қырылды. Аяқты аттаған сайын өлік. Қаншама жылдар өтсе де жауыздықтың масқаралығы ашылып жұрт сілтідей тынады. Қаншама ғасыр өтседе саясат тұтқынынан қырылған халықтың қайғысы жұрттың жадында қалмақ. Түн кезіп, кірпік ілмей, қанды қырғын отын үрлеп, саясатпен ажалды өршітіп жүрген қанішер бөрілер сойқан салуда. Оны тоқтатуға Махамбеттің рухы да жетер ме? Бас көтергендердің басы кесіліп жатыр. Ғаламның түпкіріндегі жауды қас қағымда танып сыйқыр күшпен табанда бүктеп салатын Бөгенбай батыр тұқымына да зауал төнген. Әрі шешен, әрі батыр, қол бастаған көсем Жиёмбет пе, тарихымызда байтақ жерді білектің күші, қылыштың жүзімен қорғаған талай батырлар буылған сағым перде сыртында қан түкіріп мұңайғандай елес береді. Қырылған өліктерге дұға тигізіп, көк аспанға көзін тастап

ақ құстармен жарысып ақ боз аттарын желдіріп ғайып болып кете барады. Тау жаңғыртқан жан дауыстары естіледі. «Қырылудан көз ашпадыңдар – ау қазағым, зұлымдықтан ұлылықты іздеп таппассың, ерлігіңді көрсете алмайсың, қайғыңды кіммен бөліспексің, адал сенім жоғалар, жауың қасыңда тірлігіңді табалар еді, көк аспан пана бола алмас, тыныштығы бұйырмаған қара жерің қайғылы, қан теңізін жұмақ көріп жатқан көп, деп аруақтар бұлтқа сөз жазғандай түсініп көкірегі қарс айырыла Илияс күрсінген де шығар. Оның бәрі елес шындығы. Өлілердің сүйегін жауын шайып, тыңдалмаған мұңын кім есіне алар дейсің. Есі ауған халық. Аштықпен бұралған Ержігіт ұртындағы шақпақ тұзды тілімен ауыстырғанда жанына жетіп келген НКВД сұстанып:

- Қалайша тірі жүрсің?!-деп өмір етті де аузына жабысып тұзды тартып алды. Бала кемсеңдеді, көзінен жас шықпайды. Жетім кекшіл, зұлым тексіз деген сол. Талай ұрпақты аштық жылдарында анасының өлер алдында берген тұзы жанын сақтады, қазақ құрметті мейманын нан, тұзбен қарсы алатыны жан сақтаудың ғылымы болды ма екен? Қызыл жаға мылтығын шошаңдатып:» Батыр тұқымы, бай тұқымы тірі жүруге тиісті емес. Ереймен өңірінде батыр да, бай да көп болған, бәрін құртамыз, деп өліктердің киімін тінткілеп, әйелдердің жүзік, сырғаларын жинап жүргенде мылтық дауысы жаңғырды. Екінші қызыл жағалы Астархан облысынан жер ауып келген кулак Зражевский мен ұлдары Коля, Иван үшеулеп адамды сойып жатқанының үстінен түсіпті. Иванды атып өлтіріп, қалған екеуінің қолына кісен салғанын Ержігіт көріп тұрды.

- Адам етін жеп жүрсіңдер ме?

- Бәрібір аштан өледі бұлар. Жер аударылдық... 500 рубль берді, оны тауыстық, қаруымыз бар өлеміз бе, тірі қалуымыз керек.

Қазақ жерінде әлді адам, әлсізді сойып жеудің бастамасы Зражевский деп қалмаңыз. Орал облысының төрт уезінде 340 адамды сойып жеу, қабірді ашып жеудің жантүршігерлік оқиғасын, қазақстанда аштық

күшейгенін, жер аударушыларды қабылдауға мүмкіндік жоқтығын С. Меңдешовтің Сталинге жедел хабарлама жасағанын тарихи деректен кейін білеміз.

Адамдардың үміті үзіліп, сенімі көзден ғайып болған тұста, ұлт басына қара түнек орнаған кезде Құрманғазы:» Кең далама сыйғызбады, зұлымдық уын жайып, патша жендеттері қырды не, табиғат апаты қырды не, қырылған қазақ қырылып жатыр» дегеніндей ажал тұрды ойнақ салып, жер жастанды әлсіз халық, саясаттың көрі қатты, аз ұлттар жер бетінен жойылуға таялды. Халық қарғысы ұрарын қара ниеттілер қайтіп ұғады, көздерін ақ шел басып кеткен. Шен, шекпенге, қара мылтыққа желігіп өткен. Ұлт қырғынын Француз тарихшысы Изаболла Очана «... Қазақтардың 80 пайызы қырылып қалды... салдары геноцидтен асып кетті» деп әлемге жар салса, орыс жазушысы С. М. Соловьевтың («История Россия» кітабының 2 т. 740-742 б)» Ата мен ана баласын жеді, балалар ата, анасын жеді, үй иесі қонақтарын жеді, адам еті базарда сиыр еті деп сатылды» деп ашына жазды. Мұндай тарихи деректерді Ержігіттің замандастары кешең естиді.

Азаттық деп күткені ажал болса, өңі қашып босып жүргендерді кім жұбатады. «Коммунизм жарылқайды» деп қылмысты жуып, шайып айтқан сөз, атқан оқтай қылжитып жатты. Адам қаны теңізге ақты. Саясаттың арсыз сойқандары аш бөрідей жалаңдап көмусіз жатқан өліктерге өздеріңе осы керек деп күле қарап тінкілеп алтын, күміс бұйымдарды сыпырып алып жатты. Ауада өліктердің соңғы үні:» Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деген зарыққан сөзі ғасырларға жол тартты.. Оған» Күншалған» тауы күө болар ма? Селдір сағым буылған өңірде жылт еткен сәуледе жосып өтіп көз сүрінер өліктің қайғысын бүгіп қалардай тұрлаусыздыққа ұласады. Тау лебі тұншығып саясат соққысына дәрменсіздік белгісіндей түнереді. Ержігіт те және оның замандастары да осы дәрменсіздіктен өмірінің қайғылы парақтарын іздейді. Зұлымдықты қаһарымен жасқайтындай асқақ ойлы Ілияс ақынды жоқтайды, көз жанары бұлдырап тұрғанда қап-қараңғы түнде найзағай

жарқылындай өшпес сәулесін қалдырған ақынның» Ақ қала» шығармасын оқып мауқын басып, есінен танған өлімші күндерін бір сәтке ұмытқысы келеді. Сорлы жүрегі қайғыны өлшеусіз тартып, зәлімдерден көрген қорлығы да жанына батты. Тәтті жұтып ащы түкіргендей, алданып қаны төгілгендей кезде жетім деп жебеуші кем еді. Сосын-да түңілуден шаршағандай өмірден баз кешіп, тірлігінен қажығандай қалпы бар. Жастығын ойласа көкірегі қарс айырылар, қан жылар. Жаратқанға сыйынады, ұрпағына азабын тәптештеп айтпайды. Қуаныштан есі шығар сирек кезінде де өзгелерге ұқсап шалқып кетпейді. Ыза. ашуына да ерік бергісі жоқ. Есінде тұрады тау бауыры, елсіз өңірде қалған екі өлік. Екі мола. Ержігіттің әкесі, анасы. Сүргін кезең, ажалынан бұрын кісі қолынан өлуі. Маңдайындағы қос жанары бәрін көрді. Пәк жаны шошыды. Аштық кезі, қорқыныш, үрей, тау бауырын түрткілеп анасымен бірге адал шөптің тамырын жеп жан сақтау. Жетімсіреу, кісіге қарауға жасқану, тілін жұтқандай сөйлеуден қорқу, Ержігітті ауыр ой түрлі-түрлі саққа жүгіртіп арбайды. Бір сәт тіл қатпай тауға қарап телміреді. Тау да үнсіз, мола да үнсіз, ой арпалысына беріліп тұрып аптаптан тершіді, маңдайының терін сүртті. Тынысы тарылды ма, аузына сөз түспеді. Сол минөтте үлкен ұлы Ардақ автокөлігіндегі бөшкіден екі шелек суды әкеліп мола басындағы теректің түбіне құйды. Ұлындағы қырандай қайратына сүсінді де:

– Тағы да су әкел, аптапта суға бір қансын терек, -деді де іштей әкем мен анамның аруағына көлеңке болып жайқалып өссін терек деп ойлады. «О дүниеде әкенің еңбегін, анаңның ақ сүтін ақтадың ба?» деген сауал болады деседі. Ұлым есінде болсын. Әкеме, анама адал қызмет еттім деп мақтануды маңдайыма жазбады. Бар қызметім басын қарайтып, дұға тигізу болғаны ғой.

– Әке есімін жалғастырдың. Атағына жаманат кір келтірмесең аруақ риза шығар, – деді өткір қоңыр көзді Ардақ әкесінің жанын жеген өкінішін ұмыттырғысы келіп. Ержігіт ұлының сөзіне тоқтап иығын басқан зілі жеңілдеп тұлабойы аздап сергек тартқандай болды да мелшиген тау арасында кер бесті атымен аң қағып жүргендей елес көз

алдына жүгіріп өткендей болды. Аң қағу қызығында досы қайсы, дұшпаны қайсы бәрі де естінен шықты ма екен. Түрлі оқиғаларды табиғат айтпайды. Анасы ғана кей-кейде көзінің жасын сығып отырып сол бір қарғыс атқан шаңқай түсті сыздықтап айтушы еді. Онысы ұлына баяндап қайғы – шерін тарқатқысы келіп, бойын жеңілдетіп ұрпағын өсіруге ынтығын арттыруы үшін болар. Кенет бөгеліп, сөзін жұтып нәркес көзі жаутаңдап қамығып қалады. Ақ сүтін Айға сауған ана қарғысы қате кетпейді дегенді айта алмай бөгеле ме? Үміт бекер... еркіндік өтірік... қарғыс атқандар кісі қанын шашып жатқанда... сенім жоқ... жақсы мен жайсандарын қырып жатқанда... қантөгісті көріп дәтің шыдап қалай ертеңгі өмірден үміт ете аласың. Ананың тірлігінен күдерін үздермеген ұрпағы ғана еді.. Кірпігіне ілінген жасты саусағымен сипап қарғыс атқан оқиғаға толқып көз алдынан толқып өткізіп отырды...

Жетімнің есі ерте кіреді, қиындықты жеңуге тастүйін дайын тұрады. Ержігіттің де көзімен көргендері миында сақталған-ды. Ерейменнің сұлу табиғатына қанағат тұтпай, таудан аққан бұлақтың сылдырын елемегендей, бүгежеңдеп ақсай басқан сақал, мұрты ақ қудай жүдеу қарт тірі екенін кенет есіне алып:» Бермесе де бай жақсы, жемесең де май жақсы» деп кекетіп, қарғап, сілеп елін баққан байларды құртып жолымыз болады деп қуанғандай едік. Енді өліп, өліп тірі қалғанымыз кеңесті қарғап құлатып алмалық, деп күбірлейді. Бар өшін кімнен ала-рын білмей аузына келгенін айта беретін есалаң деменіз. Ашыққан адамның қабағы жабылғанша көзі өңменіңнен өтердей өткір болатынын Ержігіт бірінші рет байқаса да қарғыс деген сөз анасының айтқан әңгімесіне тіреледі. Пенде өлер жерін білсе де соған бас тіге алмай арпалысады екен-ау. Әкесі осылай оймен қажып жанталасты ма? Ажал құйындатып ұйтқып тұрғанда аспанға ұшсаң аяғыңнан тартып, жерге сіңсең шашыңнан сүйреп шығып бір оқпен өлтіре саларын білді. Жұмыр жерге қарақан басы сыймай тұрғанын ұғып қорғанғысы келді. Онысы жанұясын аман сақтауға жаны тырнағының ұшына тірелгендей аласұруы еді. Бармақ шайнатқан үрей алдындағы дәрменсіздік. Оны өлеңмен де айтып кеткен:

Қайтейін, мына заман құйындады,
Маңдайға жайсаң тірлік бұйырмады.
Ішер ас, киер киім болмаған соң,
Қанішерден рахым күтіп сыйынбадым.
Қаныпез қасымыздан табылып тұр,
Түрмеге талай жайсаң жабылып тұр.
Іштен шыққан есерлер елді кезіп,
Жауларды атамын деп қағынып тұр.
Қара мылтық аузында жаным қалды,
Тінткілеп жиған, терген барымды алды.
Содырлар сойқандатып жүгіріп жүр,
Жалпақ өрт жайпап кетті жалындары, –

деген әке сөзі Ержігіттің бойтұмарындай еді.

– Ұмытып барады екенмін, – деді де ол:» әлгі сүрініп, жығылып тентіреп жүрген алба-жұлба киімді қартты бастықтың үйінің алдында қасқыр иттері талап өлтіріпті дегенді анасы мен нағашы әжесінің қайғырып айттып отырғанынан естіді. Марқұмның рухы кезіп кетіп құдайдан безгендерге қарғыс айтып жүре ме, кім білсін деп Ержігіт балаң жастағы қайғылы оқиғаны, бірдің емес-ау, жүздердің, мыңдардың қасіретін неге есіне ала береді. Онысы әкесін жоқтауы екенін, бір қайғыны қозғаса, мың қайғы қозғалатынын түсінерсіз.

Түсінгенде қандай қаптаған адам – жыртқыштар жерді сілкіндіріп, қара мылтықты төсеп республикадағы он алты облыс, жиырма бір қала, екі жүз үш аудан, 2672 ауылдық кеңес бойынша (сегіз мыңдай қырық, елу үйлі елді мекен). 1932 жылғы аштық басталар алдында 278, 2 мың ірі қара, 549, 4 мың қой, ешкі, 63, 5 мың жылқы, 48, 9 мың шошқа, 16, 6 мың түйе болса (ф. 141. оп. 9 л. 64-65, 69). Байларды төркілеуден кейін 40 миллион төрт түлік малдан 1933 жылғы санақта төрт-ақ миллион мал қалған екен. Халық малсыз күнкөрістен айырылып қара жолдың екі қапталы толған өлікке айналды. Қанды ауыз зұлымдарға әлсіздер өмірін беріп дүйім елде үрерге ит, тігірге тұяқ қалмады. Жазалаушылар мен қаралаушылар адам қанын сай-саламен ағызып теңіздерге құйғандай

қырғынды жүргізіп жатты. Итке таланып аштан өлген қарттың қалтасынан шыққан сөзді ауылдастар оқыпты. Ол сөз Ержігіттің де есінде қалған: «Жан-жағымда жаңарып қазылған көр, жақсылық жоқ, еңбек еш, тұзым сор. Саясат дегені езу тіліп тастады. Бұ заманның жаралған адамы аяусыз қор. «Күншалғанға» бұлт түнеп көшкен еді, зұлымдар коммунизм деп бөскен еді. Қара дауыл қасірет төнген шақта, көкіректі ажал оғы тескен еді» -деп жазыпты. Бұл мыңдар, миллиондардың көз жасы, тарихи қалың қайғысы. Оны азсынсаң дүние жүзілік екінші соғыстың қанды қырғынында батырлар өз жанын қиып, ұрпақ тыныш өмір сүрсін деген үнді жаңғырқытырып қалдырды. Талай аналар көз жасын сығып ұлдарын соғысқа аттандырды. Қазақ тарихында жалғызды жауға шаптырмаса бұл соғыста талайлар жалғзынан айырылды. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер» деп бірін-бірі тектен-тек жұбатқанымен өлі оралар ма? Солардың бірі Кеңес Одағының Батыры Ақәділдің анасы жалғзынан айырылып зарлап қалды. Ержігіттің анасы да:» Әкең жалғыз еді, өкімет жауын құртамыз деп сумаң қаққан жәуміт құзғыннан ажал тапты» деп көз жасын төгетін-ді. Түрлі қырғынның себебін айтуға тіл байланған үрейлі кездің оқиғасы жетерлік. Ержігіттің ой толқынын тежеп шегініс жасап Ақәділдің анасының толғанысын тәптештелік... Қырғын талай ананың қабырғасын қайыстырды... Жын ұрғандай ақыл, естен айырды.

АНА

Бүгін ана самарқау, селсоқ. Ағынан сарысы молайған көзінің алды буалдыр тартып, қартамыс жүзінде қан-сөлсіздік басымдап барады. Оның үстіне соңғы кезде тап болған «бас сақинасы» (қан қысымы) жиілеп кеткен. Еті тартыла бастаған тарамыс саусақтары қалтырап, белі де сырқырай береді. Көкірегі қарс айырылып жиі күрсініп, тынысы тарыла ауыр дем алғанда, ақшыл тартқан басы да қақсап қалтырайды. Ағаш жапырағындай дір-дір етсе де сездірмеуге тырысады. Соңғы күшінің түрі...

Құдық басынан бір шелек суды он дем алып өзер жеткізді. Өмір тауқаметінен әбден қажыса да сырттай адамға әлсіздігін сездірмеуші еді. «Ақәділдің анасы алжыпты» деген сөзді естігісі жоқ. Шемен болған шерге де шарболат көңілі ырық бермеуші еді. Ол да «Батырдың анасын күйік қаққан» деген кейбір бейпіл ауыздың орынсыз ғайбатына ілікпеудің жолы-тын.

Тойтан ана мызғып барады екен. Құлыным деп оянып кетті. Сан рет күбірлеп, жаулығының ұшымен көзін сүртті. Жүйкесі босады. Осы кезде терезе алдынан трактор гүрілдеп өтіп бара жатты. Ана сүріне-жығыла орнынан тұрып оған ұмтылды. Танып тұр. Көрші үйдегі Кәдірбайдың баласы. Алғашқы тың игеруші атанды. Осы трактордың ана жүрегіне өте-мөте жақындығы бар-тын. «Бұл тракторды, Советтер Одағының Батыры Ақәділ Суханбаев жүргізген» деп бадырайта жызылған әріптерді ана тіпті жаттап алды. Қуқыл тартқан өңіне қан жүгіргендей, тынысы кеңіп қалғандай сезінген Тайтан ішінен күбірлеп: «Шүкір, шүкір. Құлыным тірі екен-ау. Ауыл ішінде, Жамбыл өңірінде, ел жүрегінде жүр екен-ау. Қайран, халқым-ай. Құлынымның есімін көктегі жұлдыздай етіпсіңдер. Шүкір, рахмет!» Ана күбірлеп жүріп төсқалтасындағы бой тұмардай хатты алды. Алақаны күйіп кеткендей сарғыш тартып иі түскен осы хатты искей бергісі келеді. Жарығымның бір көзі ғой. Тірі көз. Иісіңнен айналайын. «Жергөктегі сәбиім болып едің» . Иісі мұрнын қытықтағандай ана төсі иіп кетті ме, қайтты. Он бала туса да қайраты жетер еді, аштық жылында арпалысып жүріп ері дүние салды. Сүйген жарымнан қалған жалғыз тұяқ ақ сүтімді кештім құлыным, ақтадың... Ер туғаным өкінбен, ұл тумады демесе болды халқым, қалың елім. Сен тірісің Ақәділ... Кеңес үкіметі әділдік жолда деп атандырып еді өкең.. Әділжан Ана көртамыс алақанын жайып әлгі трактордың соңынан қарап ұзақ телміріп қапты. Маңдайына біткен, тас емшегін жібіткен, тоғыз ай көтеріп, омыртқасы үзіліп өлмегенмен өлімші боп көрген ұлы еді. Жалғызының жапырағы жайылуын тілеп еді. Ұлы бардағы жайраңқы өмірі су сепкендей басылды.

Ана жаны күңіреніп дәліздегі шамның жарығына сүлесоқ күйде барып қисая кетті. Хатты оқыды, ойына ой түскендей шала-пұла көз жүгіртті де төргі бөлмеге кірді. Шамды жақты. Тұс кілемнің ортасына ілінген пилоткаға көзін салды. Қолына алып сипалап, кәрі төсіне емірене түсіп елжірей басты.

Ана ұлының ерлігін көзімен көрмеді, көңілімен жан сезімімен елдің қасиетті лебізімен көрді. Сезді, ұқты. Ана дзот дегенді де білмейді. Әйтеуір, көз алдына елестететіні сол кезде көрген түсі. «Ақәділ ақ буырыл атқа мінген екен. Ер қаруы бес қаруы сайма-сай. Атқа қанат бітіп тауды тіле, өзенді, теңізді бір аттап өтеді екен. Содан әрі қарай бұлтқа ілінген түнектей биік таудың шыңында жеті басты дәу жатыр екен. Ақәділ дәудің алты басын кесіпті. Қалған басын кесер кезде дәу соңғы қайратын шақырып арпалысқан екен. Болмаған соң Ақәділ дәудің басынан бастап қылышын тіке ұстап тіліп шығыпты. Сөйтіп, құзғын дәуді дүниеден құртыпты да, тыныпты... Бір сәт қан теңізін керзі етігімен кешіп бара жатады... қолында ақ құс... ұшпақ па?» Ана ұлының фашист дзотын кеудесімен жауып, ондаған немісті бір өзі жайратып, үлкен бекіністің қарасын жойған ерлігін есіне алса, сондай батыр ұл туғанына дән риза болады. Өйтпегенде қайтсын. Пилотканы құшырлана искеп мауқын басты... Осы кезде найзағай сатыр-шұтыр етіп нөсерлеп кетті. Терезе әйнегінен көздің жасындай тамшылар сорғалап тұрды. Ана жалма-жан кішкене бөлмедегі шар айнаны жапты. «Айна киелі, ұлымның да, жарымның да сүгіреті тұр онда, -деп күбірледі. Қайран басқа қиыншылық іс түскенде қабырғалы ел боп аза тұтып, бірігіп қайғыны көтеріп желеп-жебейтін халқым-ай. И-и, қара шал сол кезде осы пилоткіні өкеп тұрып:

-Тойтан еменнің иілгені сынғаны, Ақәділ емен еді, ердің ел алдында ұялғаны өлгені, Ақәділ өлген жоқ, батырдың көзін қастерлейтін қанға сіңген салтымыз бар, шыда, -деп шешен тілмен айтып еді. О, қара шал да бұ жарық дүниемен хош айтысты. Әйелі құрт ауруымен өлді де, аштық жылында қайыр сұрап жүрген кәрі қызға

үйленіп еді, одан қара шаңырағына ие ұлы қалды. Тірі тірлігін істеп күнкөерер, қара шалдың да қайғысы ұрпағын жеткізе алмағаны шығар. Адам өлер алдында тірлігінде жақсы көргенін қимай ойлайды дейді. Ақәділ жаным, анасы мен әкесін ойлады ма екен Соңғы сөзін естуге де жазбады. О, Алла-ай!

Тойтан құлағы шыңылдап қара шал Әскен тартқан» Кісен ашқан» күйді миында қайталады. Домбыра шанағынан лақылдай төгілген күй сай-сүйегін шымырлатып, көз жасын көл еттіріп еді. Үлкен трагедияға толы, үлкен қайрат, күшке толы күй құлағында тағы ызындап, ана ауыр күрсініспен бойындағы азаптан арылғандай болып бар күшін жинап қайраттанды сонда.

-Әскен-ау, осы күйінді үйретші маған – деп сұранып еді. Бірауық мауқымды басуға, қайғыны сөл ұмытуға жарар ма еді. Жан жарасына дәру табар ма едім.

-Үйретейін, күй ұлттық мұң-шері ғой, жер беті түтеп тұрған қалың қайғы, көз жасымыз құрғамас десекте жалғыз біз бе?-деп Әскен күйді төгілдіре түскен.

-Пай-пай, күйші екенсің, өзіңнен өткен күйші біздің өңірде болмас, сірә!

-Қасиетті қазақтың қара домбырасы, талай жылағанды жұбатып, талайларға ерлік, намыс сыйладың, -деп тыңдаушылары ұйып тыңдайтын еді. Ана ойын жиғанша, сол мезетінде сыртқы есік тықыр етті. Ана қайтадан қайратқа мініп, құлшынып, өмір сүруге іңкәрлікпен босаған буыны, құлазыған көңілін демеді. Осы кезде есік қағылды.

-Бү, кім-ей, Ақәділ, Айтай, деп ана есінен адасып, алжасқан адамша жаңылысып есімдерді қайталай берді. Көрді. Қара көзі нұр шашып тұрған сүйкімді сұлудың жүзіне қимай қарады да төрге шық, босағада тұр ма деді:

-Е, Айтай екенсің ғой.

-Апа менмін, байқамай қалдың ба? Бір жерің ауырып жүрген жоқ па?

-Жоқ, қарашығым. Ана абыржып тұрды да, қарағым көзім көріңкіремейді. Жылай бергесін көруі біткен шығар. Бір кіреуке пайда болғаны. Мына хатты дауыстап оқышы, келінжан...

Ана сарғыш тартқан хаттардың бұктеуін ашып, «хатты көп сақтаса, жолаушының жолына кедергі» дегесін біразы жыртылып кетті. Бекер болған, түк білмейтін ырымшылдарға бола құлынымның хатын түгел сақтай алмадым... Диқан келіншек Айтай алақанын күйдіргендей хатты қалтырап, дірілдеп ұстады. Осы хат қой жары да, ары да. Ауылдың кеңсесінің алдындағы биік тұғырдағы ескерткіші жары да, сүйіктісі де. Тірі көз, алғашқы махаббат. Осылар ғана жүрегін жібітіп, салқын тартқан құшағын ерітер, мұздап бара жатқан жүрегіне қан жүргізер. Айтай да, ана да Ақәділдің ескерткішін күн сайын бір көрмесе көңілі көншімейді. Бойларына ас сіңбейді. Айтай әдет бойынша күбірлеп хатты оқыды: «Қымбатты Тойтан! Батыр Ақәділдің даңқы тек өз атының үлесіне тимек емес, оны туған, сондай ұлды баулап өсіріп берген анасы-Сіздің үлесіңізге тиеді... Сіздің қайғыңыз біздің жауынгерлерге де ортақ. Олар сіздің балаңыздың өлімі үшін жаудан кек аламыз» деп ант береді. Антты орындайды. Оған сеніңіз. Полк командирі». Келіншек одан әрі ананың хатын оқыды... «Батыр ұлдарым аттарың мәңгілік даңққа бөленсін!» деп аяқталатын хат ана жүрегіне мәңгі жастық, мәңгі батырлық салтын үйіп-төгіп әкелгендей еді. Ал Айтай: «Хош менің сүйген досым! Сенің жарқын бейнеңді мен өмірімнің ақырына дейін сақтаймын» -деген хаттағы сөздерді оқығанда Айтай егіл-тегіл жылап алатын еді.

-Қарағым олай болмайды. Е, батыр жарың болғаны жаман ба екен. Өне, ауылда араққа сылқып тойып, кісілік атын жойып, түк бітірмей, құр кеуделенгендерді де кейбіреу күйеуім бар дейді. Сенің Ақәділің алтындай жарқырап құйылып батырлығымен мәңгілікке өмір сүреді. Ана осылай күбірлеп басқа бөлмеге бара жатты.

-Менің жарығым өлмейді. Оның қаны алтын дән боп көктейді. Бір өзі көп жауды қырды. Ақәділім бала кезінде батыр болам деуші еді-ау, аузына алла салған ғой. Болар бала бесікте бұлқынады екен-ау... Батыр атына мініп кегім қайтып болған жоқ, дүние әлі тыныш емес, деп жұмыр жерді қырағы көзімен шоли ма? Елес қой, елесті қайталап еске алу да жан азабы...

Сол түні Тойтан ана Ақәділге арнап істеген көк атылас көрпені жамылып, ауылдың алғашқы тракторшысы-диқан ұлының исі сіңген жастықты жастанып жатты... Батыр – анадан дейді, десе дегендей қайраты бар екен... Қазақ совет энциклопедиясының 456 бетінде; «Суханбаев Ақәділ (1920, Жамбыл облысы, Свердлов ауданы-1944) – Совет Одағының Батыры (24. 3. 1945 ж). Ауылдық мектепті бітіргеннен кейін, колхозда жұмыс істейді. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына алынды. 174-Бориковск Қызыл тулы атқыштар дивизиясының 628-Гродненск Қызыл тулы полкіндегі 1-баталион құрамында болды. Суханбаев Белоруссияны, Литваны, Польшаны азат етуде болған шайқастарға қатысты. «Стежельцовизина» деп аталатын поляк деревнясы үшін болған ұрыста ол Александр Матросовтың өшпес ерлігін қайталап пулеметтің амбразурасын өз денесімен жапты. Туған колхозы, оқыған мектебі Суханбаев есімімен аталады. Колхоз орталығында Батырға ескерткіш орнатылған» -деп алтын әріппен жазылған.

-Талай ауыр қайғыны да көтерген аналар ғой, -деп Тымыр кимелеген бір оқиғаны айтқысы келді. «Кеңшілік жақсы дейміз, біреулерге пайда, біразын кеңірдектен алып, жанын алқымға алып ажалға тақады дейсің ғой. Дүрлігуде әлсізге дүрсе ұмтылды, құртты, жойды, тірі қалғанын бастырып жіберді. Талай оқиға естен кетпейді. Кезеңдер оқша зулап өтті. Бүгінде кейбір көзқамандардың көкірегі ақшаның буымен ісініп, кепті. Кісілікті ұмытып батырларымыздың даңқын өздерінің туыс, туғанына орайластырып сатып алып, келер ұрпақтың жаданан шығаруға жанталасып жүрмегей деп тіле.. Қара жердің апшысын қуыра соққан дүлей жел талай хабарды жеткізер... Адам ниетіндегі алалыққа алаң болсаңда тағдыр өз дегенін істемей тынбас. Жақсымен жамандықты айырғысыз ақ көз кездеспей тұрама деп Ержігіт адамның қанын шашқан алапат дауылды кезді ойына оралтты. Жаныңдағы бақас ойлы зұлымды байқамайтын көкірек байғұс текірек қағар деп, анасы жанын шүберекке түйгендей, қан ішердің қанды аузын қарғыс атып жер жұтты деп айтушы еді.. Ананың ойымен ой бөлісетін қанды оқиғасы төмендегіше боямасыз көрініс табатынын Ержігіт толғады.

АҚ СҮТІН АЙҒА САУҒАН

Ағжанның төсін тартқылаған кінәсіз сәбиі кешегідей емес жылауды қойған.

Қарын тойынудан үмітін үзді ме, әлде салқын жансыз денені сезді ме, тағдырға бейімделгендей еді. Жарық дүниені көрдің екен, азаптың қандай ауыр болатынын түсіне бер, түсінгің келмесе өлесің, деген періштесін тыңдады ма? Ағасы жеті жасар Байжігіт көбелек қуып ойнаушы еді, әкесінің алдынан шығып торғайдай томпиып алдында, ердің қасын ұстап, ат тізгініне жабысушы еді. Әке жоқ, бала жүрегі сезеді. Көрді ғой, анасы арқалап апарып қазылған қабірге көмгенін. Жаның жұмақта болғай, деді. Оны бала байыптап түсінбейді. Анасы жылағасын қосыла жылады. Кенет ана денесін ыза кернеп, ашу қысты. Көз жасын тиды. Қайратына мініп ескі жұртына келді. Құдыққа салған түйенің мойын терісінен істеген торсықта айран бар еді, соны алып сынып жатқан ағаш аяққа құйып Байжігітке ішкізді, өзі тойына ішті. Қырқынан шыққан Ержігітін емізді. Байжігіт қарыны тоймаса жылаушы еді, түрлі тамақты қылқылдап сұраушы еді. Үшінші күн қоректері айран, құрт, ірімшік. Жау шапқандай ойраны шыққан ескі жұртта басқа дым жоқ, үрейден емшегінің сүті тартылып сәбиін өлтіріп алам ба, деп ойлап еді. Сәбиі еміп, балбырап ұйықтап жатыр. Оны ескі күпіге жатқызып қойған.

Ағжанның түрі түр емес, адам шошырлықтай. Ажал арбайды, екі баласы үшін берілгісі жоқ. Қара торының әдемісі еді, амал не? Айжарықпен сүйіп қосылды, біржола бақытты боламыз теңдік бар, кеңдік бар, деді. Ел аман, жұрт тыныш сықылды еді. Ағайынның алыс-берісі, той думаны ортақ еді. Бәрі алдамшы болғаны ма? Айжарық ер, тұрман жасайтын, ағаштан түйін түйетін, әрі зерігер еді. Талай сұлуға алтын, күміс сақина, сырғалар жасап алғыс алып еді. Кімге жазықты болды. «Жеке байыған, Бөгенбай батырдың тұқымы, кеңес үкіметіне көзқарасы бөлек, жаулық пікірі бар, ұлының есімі Байжігіт, байлықты аңсайды деп соңына шырақ алып түсті. Елден

шығынып көшіп кетті. Ала жаздай өзен, көлді, жасырынып сай-саланы қуып, далада, аң қағып жүрді. Кімнің ақысы кетіпті. Түгіне түсінбейді. Жүзі қан-сөлсіз, нәркес көзінің асты ісіп кеткен. Ақ маңдайын ұрғылай бергесін бе, көгеріп тұр. Бұрымы да таралмаған, ұйысып ұйпатұйпа. Сынған айнаға жүзін қарады да лақтырып тастады. Алдыңғы күндері жүрегі қорқынышты еді, қазір ондай үрей тыйылған. Жаяулап елге жетуге тиісті. «Адам айтқысыз қиянаттар жүріп жатыр» -деп Айжарық айтса да, алыс-алыс өңір, төбе, қырқаларға сақтана көз тастаушы еді. Сол өңірде төмпешік болып қалады. Қазір Ағжанның арша бақанға сүйеніп тұрып айналаға қараса бөрі де қыпқызыл қан боп елестейді. Енді бір жетіден кейін екінші дүние жүзілік соғыс әлемді қанға бояйтынын білмейді. Ойлайды, тым болмаса бір сиырды, алты қанат киіз үйді қалдырмады, қазан, ошақ, аяқ табақ, жуынатын құманға дейін бәрін үптеп тиеп әкетті қызыл жағалылар. Сонда да арша бақанға сүйеніп емшектегі Ержігіт мен Байжігітін бауырына басып қорғаштап:» балаларымнан аулақ, балаларымнан аулақ!» -деп қала барды. Көзінше алтын, күміс, қымбат бұйымдарды талапайлап бөлісті. Кейде бір-біріне ақшиып айбаттанғандай болды. Адам кейде неге арсызданып жыртқышқа ұқсап кетеді екен... әбілет басқыр... бет пердеде масқаралық...

Тау етегіндегі, ескі жұртында ойрандалған қара қоста Ағжан көрер таңды көзімен атқызған. Жаратқанның жазықты, кінәсі кешірімсіз пендесіндей болған азабы ауыр еді. Тамыр дәрідей нешетүрлі шөптердің иесін де керексінбеді. Жұмсақ жел де мұның көкірегіндегі қайғыны арашалап, басу айта алмайды. Екі баласының көздері ұйқыда деседе, көңілінде қорқыныш, үрей ме, ауық-ауық өксиді, Байжігіті шошиды. «Әке... әке!» деп сөйлеп қояды. Айдың сәулесі төгіліп, түн мүлгулі. Табиғат үнсіздігі де Ағжанға әсер етпейді. Құстың бірімен-бірі ұласып шыққан түрлі үрейлі дыбысы, қасқырдың ұлағаныда жаңғырығып тау жақтан естілсе де елең етер дәрмен жоқ, өлі түске ұрынған-ды.

-Сен кінәлісің. Неменеге нана қалдың?-дегендей ері үн қатқандай сезініп шошиды.

-Милиция Әжкенмен аталаспыз, тай, құлындай төбісіп қатар өстік, билігі жетсе құтқарар еді, кінәміз жоқ қой, -деп талай айтқасын қалай сенбеймін.

-Құдай қос қолдап ұрғыр, шен, шекпенге сатылып қанішер болғанын, қасындағы шені жоғары Иванның сүйкімсіз көлеңкесі екенін аңғарсаң еді.

-Күле сөйлеп, менің жақсы жолдасымда кінә жоқ, кеңес үкіметінің саясатына қарсы емес, жұрттың қырғи қабақ өсегі жөнсіз екен, дәлелденбей қалды жала жапқандардың өтіргі, деп Айжарықты кеңеске зиянсыз деп ақтады, дегесін қалай сенбейін, досың нандырып ант, су ішіп айтқасын қуанып кеттім ғой.

-Ақталу қағазы қайсы?-демедің бе?

- Дедім, бір жапырақ, қағазды ұстап тұрып, міне өз қолымнан тапсырам деді. - « Көзі соқыр – соқыр емес, кеудесі соқыр-соқыр» дегенді ұғып, сақтануың керек еді, енді балаларыңды ойла?-деп мисыз басыңның ақылы кем екен дегендей болады. «Айжарықтың ажалы ма, әлде қашып, пысып елден шеттегеніне намысы ма, кінәсіз екенін түсінгендер бар, деп болжауы ма, әйтеуір Әжкен құрбың ақталу қағазын беремін, елге орал, деп тұр, дегенде жасырынған қазан астындағы шұңқырдан шыға келді» -деп Ағжан ақталар ма? Сол минөтінде маңдайдан тиген оқ миын шашты, оу, досым келдің бе? деген ақырғы үні тау бауырында жаңғырып қалды. Ай жарығымен мұнартқан мұңлы тауға қарады. Осы тау, бұлақ, көл үміті еді, енді ол алыс әлемге айналғандай буылдыр, үмітің жалған, өмірдің соңы қанішердің қолынан ажал боп тынады, дегендей. Әп сәтте бәрі теріс айналып үлгерді. Сол түнде Ағжан Айға қарап ақ сүтін сауып, Әжкенге қарғыс айтты... Қарғыс... Қарын шашы алынбаған ана қарғысы... Қате кетпейтін қарғыс еді.

Таң бозамықтанғасын Ағжан туған ауылына беттеді. Әке, шешесі, туған екі бауыры аштықта өлген. Келін боп түскен жері, туыстарының түсінуі қиын, көлеңкесінен қорқатын сорлылар. Жәкештің әжесі нағашысы еді, әрі Байжігіттің кіндік шешесі, соның ығына паналар. Келіні дүние салған, жалғыз ұлы Көрік армия қатарында боры-

шын өтеуде... Ержігітін арқалап, Байжігітін жетелеп ықпыл-жыпқылмен құмырсқа жүріспен ымырт үйіріліп, қас қарая Жәкештің үйіне де жетті. Бүкір қария құрақ ұшып жылы қарсы алды. Ауылда балалардың құрқұлақ, қызылша ауруы күйіп тұр екен. Әжкеннің жалғыз ұлы өліпті. Қайғы бұлты қалыңдап бара жатқанға ұқсайды. Ағжан тебіреніп:» Қарғысым Әжкеннің өз басын жұтпай, баласына оқтай қадалғаны қандай өкінішті» -деп іштей кегім қайтты деп сезінген жоқ. Топшысы қайырылғандай мұңымен арпалысқан Ағжанды қария адал асын алдына қойып құрақ ұшып жүрді. Қауесет жата ма, Айжарықты үштік ұраншылдары атып өлтіргенін естіген. Зауал-уақытының қалың қатері кімге атқан оқтай кеудесіне тимей жатыр, кімді қан қақсатпай жатыр. Белсенділердің де жұлыны үзілмес деймісің... қара жер қан жұтуға тояр емес. Қилаш мектепте еден сыпырады, сол еңбегіне аздап азық береді. Жәкеш жалғызсыраушы еді, Байжігітпен ойнап қуанып жүр. Сөйтіп, бұл көлеңкеде Ағжан балаларын суға шомылдырып, емшектегі ұлын қойдың құйрық майымен денесін сылап, ем-домын жасап өмір барлығын сезінді. Залымдықтың ойранымен басына түскен зар-мұңға шыдайды... Шыдар еді, соғыс басталды-деген жұмыр жердің қайғысы бұрқ ете түсті. Алакөз пенделер бір-біріне кектеніп мен атайын, сен тұр боп өштесіп жүргенде халықтың мойнына көтергісіз ауыр зіл салмақ қабырға қайыстыра түсті... Әжкен милициялардан жасақталған армия құрамына шақырылса, ауылдағы азаматтардың көбі соғысқа сұранып аттанып кете барды... Елде жарым-жан, ақсақ, соқыр, саңырау, қариялар, балалар қалды. Беті быттиған бір көзін шел басқан шіреншек Тоян бригадир еді, кеңшардың бастығы соғысқа аттанып кеткесін елді басқаруды қолына алды... жұрттың кімнің кім болғанымен ісі жоқ, өзімшілдігін өрге сүйреп едірендеді. Оның ойы жатып атарлық, басшылыққа жағыну мен табыну ғана, ал қара халық қайғыны ауырсынып қабырға қайыса есінен танулы... Ұран «Бәрі майдан үшін!» .

Уақыт өте береді. Бұрау түсті мойынға, жылағаным аздай-ақ, бұлқынып бұдан кім шығар, Жаратқан Ием

қолын созбай-ақ, -деп қариялар кеткендерге амандық, елдегінің дәтіне қуат тілейді. Бәрібір ел жүдейді, қолында билігі барлар дәуірлеп шығады... Ержігіттің онда шаруасы жоқ, Кекті көңілі көншімейді, Әжкен соғыстан оралған жоқ, анасы қарғысым қате кетпеді дейтін-ді кейде. Бірақ Ержігіт есейді қанша кіжінсе де тұншығып шыдап бағатын еді. Рахымсыз ызғарланған қанішерлерді түсінде талай көріп қан теңізін елестеткенде қатты түңілетін-ді. Сондай сәттерде ай далада қалған әкесі мен анасының моласының басына барып дұға тигізіп маңдайынан шыққан салқын тері көз жасымен қосылып қара жерге тамып кететін-ді. Адалдықтың ащы тері. Бүгінде мәңгілікке мелшиген «Күнашлаған» шындарына қария салқын көз тастап ғұмырларын төрк еткен сүргін жылдардың қалың қайғысын өздерімен бірге о дүниеге әкеткен әке мен ананың қабірінің басында топырағын құшып жанын жеген шерін тарқатқандай болады. Әкенің қаны төгілген дала аспанында азат құстар шықылықтап ұшып жүр. Көңілі жарымды жұбатып өткенін ұмыттырғысы келе ме? Жанына шемен боп қатқан қайғы Ержігітпен бірге топыраққа сіңерін құс біле ме? Тау бауырындағы суық жел өкін бе, есінді жи, балаларыңның бақытты болуына аруақ аян боп жүрсін дей ме? Басылар дейсің бе тірі тұрғанда көкірегін кернеген кек... Жанын жеген қайғының орнын немен толтырам деп дұғасын оқып болып орнынан тұрды, сағым буған тауға қарады, ұзыннан ұзақ созылып жатқан бұйрат адыр, төбелерге көз тастап, тірлік сағым екен-ау, тасасында бұқпантайлап жүрген сұм, сұрқия болады екен, деп күбірледі. Сосын автокөлік жанында күтіп тұрған балаларына үмітпен қарап аруақ елесінен ажырасып көкірегі оңаша қиялына берілді... Қаскөй жауынан жасқана білмеген Илиясты ойына оралтты... Қиялында Илияс, көкірегіне орныққан-ды.

АҚ ҚАЛА

Кейбір пендедегі тағылық, жүреді ол қасыңда түн жамылып, тас жүрегі қан ішуден табылып деген ой келеді. Ержігіт қандайда қатал тағдырға бас иіп, мүжілмеудің

төте жолы ақынжандылық деп ұғады. Бастан өткен жылдар, көңілден белгісіз боп кеткен күндер, қайғының да, қуаныштың да зіл ізін қалдырған мезгілдерді ойласа кім арманына жеткен, бірақ қыбырлаған пенде армандаумен дүниеден өткен. Заман тарихы, талайлардың тағдырын оқып, біліп, құлағыңмен естіп, көзіңмен көріп байыбын саралайсың. Қаралайтынын қаралап, адалдығын даралап, болашақты ойша шамалап бір түйінін тапқандай боласың. Бәріне тоқтам жасағың келеді. Кейбір ит түсінде де ырылдайды дегендей қазақтың маңдайына біткен ұлы тұлғаларының бірегейі Ахмет Байтұрсынұлының:

«Қинамады абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бөрінен,
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны» -

деп еске алып Ержігіт күрсінді де Ахметтің рухы мықтылық өнегесін бойына дарытып шыңдалғандай болды. Сосын әрбір бұтасына дейін қан қатқан жұмыр жердің тынысын тыңдағандай еді. Туған топырағында әкесі де бақытты өмір сүруді аңсап өтті, саясаттың содырларынан ажал тапты. Соқыр, тілсіз ажал емес, Ахмет айтқан ауылдасы, досының тірі жүруді көпсінген қазасы. Жазығы жоқ еді ғой деп» Күншалған» тауы безеріп тіл қатпайды Ібіліс сық-сық күліп «досыңды өлтірсең шен, шекпенің марапатқа ие боласың дейді ме екен?» дейді. Жә, көзқаман жаулық ешқашанда шектелгенде жоқ. Айқаста данышпандары да оққа ұшып жатты, қалың халық аштан қырылды. Ғасыр алдында, болашақ алдында тік тұрып, шындықты айтуға кімнің жүрегі дауалады дейсің. Зәлімдердің ойранын көрсе де бетіне түкіргісі келгендер от басында, ошақ қасында өз басының амандығын тілеумен күңкілдеуден аспады. Коммунизмнің болашағына асыққанда, әлсізді, елді тонаумен тойынып масыққандарға өлілердің аманатын естен шығармасаңдаршы деп жүрек жұтқандай кім айта алар еді. Аштықтан бұрлығып өлім құшар алдында біздің қазақ қайғылы ән айтады, онысы өлер жеріне дейін күліп

баруды ойлағаны болса керек, деп анасы күннің жарық сәулесін адалдығыммен сіңіре кетейін дегендегісі шығар, ескен жел соңғы үнімді алып қалсын деуі ме? Өкінішті тірлік солай, деп анасы көз жасын сүртіп. Ана өкінішін, қайғысын сөйлеумен басқандай болады да ұлы ақын Ілияс Жансүгіровтың «Ақ қала» поэмасын жатқа айтады. Оған Ержігіттің нағашы әжесі қосылады. Онысы үрейден пана тапқандай жұбанатынын Ержігіт қайтіп ұмытады. Дала ұлылығын бойына жиып, рухани құдіретті күші үстемдікке бет бұрып, жылылық танытпаған ақын қоғамның қанды қасап құбылысын сатирамен сыбап өтеді. Қырғын өлім, тау-тау адамдардың сүйегі үстіндегі дауырықпалықты мінейді. Зәлімдердің өндірісін жұлғандай етіп, сүргін зауалда қанды кегінің есебіне кім жауапты? Келешек ұрпақтың бақыты қорғаусыз қалғанына тас жүректі зәлімдер мыңқ етпейді. Әшкере тірлік. Қан құйлы лаңның түйінін шешуді озбыр саясат сездірмейді. Оны түсінгендер жанынан безінеді, жақсылықтан дәме жоқтығын білдіреді. Дауылпаз ақын Ілияс халықтан тартып алған малдың еті борсып, шіріп оны айлар бойы өртеп жатқанда жанына барған аштарды милициялар атып жолатпағанынан жаны шошымады деймісің. Мынау не сұмдық, қара түнек толы ажал ма, қан көксеген, қан шашқан, адамдарды зар қақсатып, қайғысы қара жерді қайыстырып, ақталуға жатпайтын қылмысты кім ұйымдастырып отыр? Ақын түңіледі, бөрінің де құпиясын біледі. Құлақтың жарғағын жарғандай қырылған халықтың күңіренген үні, адам тағдырын қара мылтықтың қарауылына ілгенін Ілияс айтпаса, кімнің аузы барады. Үрей қорқақтарды саясаттың ығына топыралатып тығып алған-ды. Ержігіт өлең жырдың асау толқынына тебіреніп есте қалған оқиғаны қара сөзбен толғады...

Оқиға былай басталады. Орталық комитеттің кең залы. Төрде қолдан жасаған «тасқұдай», қанды қасаптың иесі, жанында жағымпаздары жайғасқан.

-Бюро мүшелері түгел ме?

-Бәрі де жиналды, сіздің айтқаныңызды екі етпей орындауға жанымыз рахаттанады деп ұйғарды. Сіздің

жалғаны жоқ сөзіңізді шыбынның ызыңы да бөлмейді. Өзіңізді көргенде тояттап қалар көңіл бар, төрт құбыласы теңескен елім бар. Социализмді нығайтып, коммунизмге жететін сенім бар. Қиындық болса да жасқанатын шама жоқ, дала сезімін санаға жеңдіретін дана көп. Енді біз көз алартушылардың арасында аяқты аңдап басып қорғалақтап жүре алмаймыз. Өзіңіздің дария ақылыңызсыз өмір сүре алмаймыз, -деп не айтар екен дегендей аңырап отырғандарды көзімен бір шолып, бірінші жағымпаз тасқұдайдың қабағына қарады. Жалтақ белгі, қалтақ көрініс.

-Ендеше жолдастар, -деді Голощекин шегірткенің айғырындай шіңкілдек дауысын көтеріп:- « Кіші қазанның» тарихы белгілі болатын, оны күн көсем Иосиф Сталин біліп отыр. Қазақтар қолымен ас ішуді қойып, қасық пайдалансын. Қыс түскенде тышқанға ұқсап жер қазып інге кіруді тоқтатсын, жаппай әркім қатырып ұй салып, есік, терезені тезінен орнатсын. Малдың қиын сасытып коммунизмге жетпейміз, малды құрту керек. Ақ қар, көк мұзда мал бағып ненің соры. Айтпақшы қар, мұз дегеннен шығады. тарихымыздың белгісі болатын, тірі жұрт көргенде көңілі толатын, көркемдік көрінісі әлемді бір емес он орап алатын» Ақ қала» құрылысын салуымыз керек. Әлемде жоқ нағыз шеберлердің қолынан шыққандай, біздің құдіретімізді дүниежүзі халқы ұққандай, таңырқап таңдай қағатын, жұмыр жерде үлгі боп мәңгілікке қалатын қаланың сәулетті құрылысын тұрғызамыз. Оқшау қалада таң нұры жайнайды, бақыт құсы әркімнің қолына қонақтап күндіз, түні сайрайды. Дұшпандарымыз дізе бүгіп, құлдық ұрып жүгініп, іші күйіп өкініп тісін қайрайды.

-Е-е, ондай құрылыс Қазақстанға әртерден керек еді. Қолға қасық ұстауды, үйіне есік, терезе салуды, жарық дүниенің рахатын біржола мәңгілікке көруді осындай құрылыстан көріп жұрт тез үйренеді. Әрбір қазақ ең бақытты күйге енеді. Оу, дейсің – ау, жылқының кісінегенінен, сиырдың мәңірегенінен, қайдың маңырағанынан халық біржола құтылады. Үй терезелеріне сағым перде тұтылады.

-Құрылыстардың сыртын түгел әйнекпен қаптаса, күннің сәулелері де мың құбылып ойнап тұрар еді. Мұндай сәнділікті ақыл жетіп қайдан тапқан деп дұшпандарымыз күйініп, әртүрлі ойлап тұрар еді. Қараңғыда қажыған халық Сіздің саясатыңыздың жарығына рахаттанып жыланар еді. Өлгендер тіріліп, екі жеңін түрініп, бақыттымыз деп жұлынып кәдімгі Геркулеске айналып шыға келгендей ғаламат оқиғаның иесі өзіңіз деп мақтанамыз, әлі-ақ.

-Мына әріптесім дұрыс айтады, темірмен құрылысты құрсауға болмайды. Өйткені, Қазақстанның ауа, райы құбылмалы, қыста аяз, жазда көріп жүрміз тым ыстық. Құйыны ұлып, бораны қиғылық, тарпаң мінезі білмегенге білгізіп, күлмегенді күлгізіп, көлеңкесі тым алыстап, күн сәулесі жарқабақтардан аспай жатады. Тағы бір айтайын дегенім өткен бюро мәжілісінде Троцкий екеуіңіздің Қазақстан қалаларын өркендету жөніндегі құпия жоспарларыңыз өте дұрыс, таптырмайтын ақыл-ау, ондай қалаларда халық Троцкий жолдас сықылды велосипедпен қысы-жазы сайрандап шалқып жүрсек дегенге ылығып сіздің мақұлдағаныңыз тапқырлық, өте дұрыс. Ауылда мал баққанның азабынан құтылған халық қалаға үдіре көшіп келіп велосипедпен бақыт құсын қолына ұстап жүрсе керемет емес пе?! Сонда табиғаттың бермесін тартып алып, өркеніміз өсіп, қырсық, қиқар, кейбір жаман мінезін біржола жеңіп, аязды, суықты, ыстықты табиғаттың тарпаңдығын ұмытамыз. Қоңыр салқын күйге түсеміз. Бал ішіп балбыраймыз.

-Аспандағы тұнып тұрған күн сәулесін бөрімізде білеміз. Біз саясатпен аязды да жылытамыз, аптаптыда суыта аламыз. Бізді жердегі жұмыр басты құдіреттілер, социализм әлемге тамыр тартты, жапырағы жайқалды деп тектен – тек әлем халқы аузының суы құрып айтып жүрген жоқ, -деген Голощекин ішкі сырын толық байқатқысы келмей, уралап сөйлеушілердің пікірін білгісі келе береді. Оңашада Троцкийдің аз сөйле, көп тыңда, сонда құрған тор берік болады деген пікіріне бас изеп қалмаса да, шақшадай басындағы миына ұйытып сақтаған еді.

Бюро мүшелерінің пікіріде сәтінде жағынып қалуға, өздерінше табынып қалуға лайқаттанып жалғасып жатты.

Күлімдеп қол соғушылардың тағы бірі өзінше желпініп, құсша таранып, жан-жағына қаранып:

-Құрылысқа ағаш материалдары тапшылық етпес пе екен?

-Сібірден алдырамыз, деді бір жағымпаз әлгінің сөзіне қақпан құрып, Одақ байлығын мақтан тұтып.

-Кірпіш республикада жоқтың қасы...

-Шеге емге табылмайды. Әйнек, есік большой проблем-ма.

-Байлардан тартып алмадыңдар ма? Қарсыласса, кеуделеріне шеге қақпадыңдар ма? Республикада ірі мың байды тәркілеуге жатады дегендеріңнің аяғы не болды? – деді Голощекин жүзін суытып, беті жыбырлап, көзі ойнақшып, бұлақ көріністен қылаң шындықты іздегісі де келмей кекжіп.

-Алты жүзден астамының көзіне топырақ құйдық... Қалғаны шетел қашып бара жатқанда оққа ұшты, ерлік еңбегімізді Одақтың бас прокуроры Вишинский жоғары бағалады, үлкен марапатқа ие болдық, -деп НКВД бастығының орынбасары Коробков өзінің Мәскеумен байланысының мықтылығын танытып кеудемсіп, еркінсі сөйледі. «Халықтың қанын сорып қара жерді кедейлердің көз жасымен бөктірген байлардан құтылды. Мыңғырған малды жайратып вагон-воганмен етін Мәскеуге жіберіп жатырмыз.. «деп күбірледі.

-Біз жаудың ізінен көз алмай, құртуға өрқашанда дайынбыз. Бірақ көптеген қалаларда түрме құрылысы бітпей жатыр, құрылыс материалы, қаржы жетіспейді. Қызыл бұрыш, мектептерді түрме жасадық. Арамыздағы жауларды анықтау үшін қара тақта, қызыл тақта орнатып кедейлердің белсенділігін аспандатып арттырдық. Түрме, өте-мөте керек, осы бір шаруада орын алды осалдық.

-Саспаңдар» Ақ қалада» түрме жеткілікті болады. Дәл ондай түрмелер әлемде бұрын – соңды болды деген адамның ауызы қисаяр, -деді Ф. И. Голощекин қабағын қатуландыра түсіп:-Байларды тәркілегенде құрығанда екі тоннадай алтын бұйымдарды және ерекше қымбат мүліктердің бәрін тездетіп жинап алдыңдар. Қолдарыңды

ешкім қаққан жоқ екен. Мәлімет солай. Мұны актіге көрсетпей қойыпсыңдар, енді қаржы жоқ дейсіңдер. Ресей патшалығының алтын қоры әлемде бірінші орында болған, оны революцияның жеңісіне пайдаланды. Ендеше, қайда алтын қорымыз, оны түрме құрылысына жаратуды неге ойламайсыңдар. Дзержинский жолдас алас – күлесте қиқар мыңнан астам казактардың жұрттан тартып алған, барымталаған алтын, күміс, бриллиандтарын тәркіледі. Коробков жолдас» Кіші қазанның» жеңісі үшін текке асығып жүрмей әйелдердің қымбат әшкей заттарын, тіпті өлгендердің алтын, күміс сақина, сырғаларын жинап алуды тереңнен ойламайсыңдар ма? Күштеріңде, биліктеріңде Одақта олқы емес, жеңісіміздің тездетілуіне шын беріліп қызмет істемейтіндерге жаза дайын. Тағыда айтам, қайда алтын мүліктер?

-Банкіге өткіздік, -деді Коробков онша іркілмей осал еместігін байқатып.

-Қанша?-деді Голощекин түнеруінен жұмсарып.

-Есебін өзіңізге жеке айтамын, -деп Коробков қас – қабақтан ұғысқандықты байқатқандай болды.

-НКВД-ны халық құрметтейді, жаудан тез тазартады деп ұғынады. Сендер намыстанбай, мұқтаждарыңды айтқыларың келеді. Қару, оқ, дәрі, басқа да жабдықтар жетпесе, бір сәрі дерсің. Демек, «Ақ қаланы» тұрғызу сіздерге тікелей тапсырылады. Атылудан аман қалған отыз мыңнан астам тұтқындарың бар, олар жаны үшін бір емес, бірнеше қаланы тұрғызып береді. Еділ бойынан аштыққа ұрынып қоныс аударған 23 миллион халықтың қарыны ашып қалмасын, олардың бірде-бір еркектері жұмыссыз жүрмесін, «Ақ қаланың» құрылыс жұмысын басқарсын. Мәскеудің ерекше нұсқауымен бір ғана Қостанай облысының елді мекендеріне Ресейдің Волжский облысынан 3777 жанұя, адам саны 13427 адам қоныс аударды. (1932 ж. ф. 13. оп. 1) Оларға ерекше жағдай туғызылсын. Бұл бір. Айтпақшы, газетте» Бетбаққараның бетбақтары» деген фельетон жарияланыпты. Дерек бойынша аудандағы 46246 жанұяның есептегі 194874 адамынан аштан қырылғаны 181990 адам депті. (Жоғарыдағы

мұрағат тізбесінде Т. Қ) Бәрі шылғи өтірік, қазақтар ғасырлар бойы көшіп жүрген, шет елге қашқан байлар және олардың құйыршықтары кетеді, қайтып келеді деп Сталинге айтып түсіндіріп, «Кіші қазан» арқылы халықты тұрақтандырудың амалы дедім және қалаларды көбейтпесек болмайды. Мен бәрін білемін, ана жылдары Сейітқали Меңдешов деген Бүкілодақтық Атқару Комитетінің төрағасы М. И. Калинин мен ұлт істері жөніндегі халық комиссары И. В. Сталинге Қазақстан халқы аштықтан қырылып жатыр деп байбалам салған хатын ұмытқан жоқпын. Қазақтар шет елге қашып, октябрьді мойындамай бірімен бірі қырқысып өліп жатыр деп айтпайды. Жолдастар, бәріңде енді түсінген шығарсыздар, асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын дегенді. Коробков жолдас ана Жезқазған өңіріндегі мал етінің өртенуі тоқтады ма? Етті шіріткен темір жол басшыларын бірден аттыңдар ма? НКВД түсінуі керек, мыңдаған тонна ет құрымақ түгелі бұрауды ұрлағанын көрген бойда тергеу, тексерусіз атуға заң бар емес пе?

-Темір жол басшыларының бесеуін аттырдық. Тағыда жауапты деген алты адам түрмеде отыр.

-Бесеуін аттық деп қанағат етуге болмайды. Ондай әлсіздікті темір жол бойындағы жаулар түсінгісі келмей, қайтадан әрекет жасайды. Жауларды жазалауымыз өзгеге ұқсамайтын нағыз қаталдықпен жүруге тиісті. Соны түсініп қой Коробков жолдас.

-Дұрыс айтасыз, түсіндім.

-Голощекин жолдас дұрыс айтасыз, әлгі атылудан аман қалғандарды құрылыс жұмысына салып тәулігіне жиырма сағат еңбек еткізсек» Ақ қала» құрылысы тез бітеді, -деді бірінші жағымпаз інінен шыққан тышқандай мойынын созып:» көрдің бе, Голощекин өзіңнен шығарда жаным бөлек» дегендей көлгірсіп.

- « Сіздің» Кіші қазан» революциясының жемісін тезірек көрсек деген теңдесі жоқ пікіріңізге қалың халық үлкен үміт артуда. Жаңа қала тұрғызсақ көздеген керемет мақсатымыз орындалғаны, айтқаныңыздан қайтпайтындығыңыздың куәсі болар еді, оны біліп әрбір

жазба хабарыңызды қатты бағалап отырған Сталин жолдас омырауыңызға орден тағар еді, біздің тілегіміз сол, - деп екінші жағымпаз. «Бәрімізде сіздің әрбір сөзіңізді қолдап, қолпаштаймыз» дегендей емеуірін танытты.

-Қазақ аспанының ескен желінен сіздің даусыңызды танып, үлкен шаруаға байланысты көсеммен ақылдастым дегенің қаншалықты жүрекке жылы, жөн іс осылай шешіледі, - деп үшінші жағымпаз күмілжіп Голощекиннің қасы мен қабағына қарап:

-Қазақстан билігі өзіңізде болған соң, әлемге үлгілік істерді атқарамыз. Сіздің қабағыңыздың жылылығын сезгенде бойымызға қан жүгіреді. Су мидың да миы істеп кететін шығар...

Оның сөзін тыңдап болғасын Голощекин мойынын бұрып:» Мына Құрамысовтың салқынқандылықпен «ол – қандай қала, қай жерден салынады, құрылыстың жөн – жобасы кімнің билігінде, оған кім жауап береді?» -деген сұрақ қойғаны дұрыс шығар. Менің ұсынысыма мойынұсынғысы келмегендігін байқатса да, мұны түсінуге болады.

Осы кезде төртінші жағымпаз ақырын сөйлеп:

-Сталиннің» алғыр шәкірті», ірі қайраткер, табанды лениншіл екендігіңізді ұғынбай көрсін, көзіне көк шыбын үйметелкісі келмесе, деп оң жағында, сол жағында отырғандарға жалтақтай қарады. Табынғыш, жағынғыштардан кемеңгер шықпайтынын Голощекин мисыз емес қой, әбден түсініп болған-ды. Отырғандарға сынай көз тастаған Голощекин: «Саналы бюро мүшелері мені қуаттап отырғандарыңды түсінемін. Қаланы Қарағанды өңірінен салған жөн шығар. Оның жөн-жобасына өзім жауап беремін. Әлгінде айттым ғой, жұмысты нәтжелі жүргізуді НКВД-ға жүктейміз. Сымбаттылығы әлем таңғалатындай ғимараттар болса да, бағасы онша қымбатқа түспейді. Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Сейітқали Меңдешов жолдас Кеңес өкіметінің құдіретін біліп отыр. Дым білмегенсіп жорта күлетініде бар екен, онысы өзіне жарасады. Өндірген 417 миллион пұт астықты салық есебінде, оған қоса 277 мил-

лион сом салықты алтынға бағалап алып, мемлекетімізді қаржыландырғанбыз. Ондай жетістікті Меңдешов сезеді. Сондықтан» Ақ қаланың» құрылысына қаржы табуды қабырғасымен кеңесіп ойлайды. Орта шаруалар да жетіп жатыр, берсе қолынан, бермесе жолынан тартып аламыз. Коробков жолдас орныңнан тұр, солай ма?

-Солайы солай-ау, Қостанайда Кәкімжан деген байды тәркілегенде мың жылқым, басқа да малдарым және алтын, күмістен істелген килограмдаған сәндік бұйымдарымды тәркілеген туралы құжат бер. Мына Барнауылда кулактарды тәркілегенде заттарын, мал, мүлкін есептеп рубль алтын есебіне шағып мөр соғып құжат берген деп қарсыласты. Біз әйтеуір күш көрсетіп бірде – бір байға құжат берген жоқпыз. Енді орта шаруалардың байлығын алғанда ереуілдеп күш көрсетпесе.

-Қанды майдан сал, жерге тірідей сіңіріп жібер, көз алартқанда жым болатын ресейдің құлдық тәртібінен қалжырағандарды аяп тұрсың ба, Коробков жолдас. Мұздай қаруланған жұмыр жерді күшімен мойындатқан Қызыл Армиямыз тұрғанда бұ не дегенің. Біз» Кіші қазан» революциясын бекер ұйымдастырып отырмыз ба? Революция қан төгіссіз, шығынсыз ешқашанда болмайды. Жолдастар, соны түсініп қойыңдар.

Голощекиннің осы кездегі сәл тыныстап, үнсіздігін бөліп:» Салтанатты отырыстың мәнін түсіндік, орта шаруаларды реттеуге қосыламыз. Арамыздағы үкіметтің жаңалығын түсінбейтіндерді темір тормен үйретеміз, қабырғасын күйретеміз. Біздің қолымызды кім қағады. Күн көсем Сталиннің өзі» несіне қорқасыңдар, жұмыс істеңдер» деп үйретіп отыр», -деп жағымпаздар мінгірлеп жатты.

Бірақ бұлар Меңдешов, Құрамысов және басқа қазақ басшыларының елге шыққанда арып-ашып жүрген жетімдерді орналастырып, немесе үйлеріне әкеліп бағып, ішіндіріп – киіндіріп жанын сақтап жүргенін сезбейді. Бірер жылдың өзінде 460 мың бала қамқорлықсыз қаңғып біразы қырылып қалғанын Мәсекеулік биліктің ықпалындағылар білмейді, білсе де жаны ашымайды, революция шығыны дей салады. Голощекиннің есі – дерті»

Кіші қазан», революция... Өлгеннің ажалы сұраусыз. Қырылып қал, адамдарды шығын етпей, тағыда айтады революция жеңіске жетпейді. Тек қана езіп – жаншып, қан шашып, бұта сайын адамның өлігі болса да аттап өтіп жеңіске жетуге болады. Кімді мүсіркейді? Екі туып бір қалғаны емес. Қоректік нанын тауып жей алмаса, обалы өздеріне. Қызыл жағалылар астық тапсырудың қызыл керуенін өздері басқарып, егін отудағы әрбір логерика айдаушысының қалтасын, орақшы әйелдердің ышқырана дейін тексеріп бір уыс дөнді де жібермей тартып алатынын Голощекин біледі. Мемлекетке астық тапсыру қырағылықтан нәтижелі өтіп жатса ондай бедел Голощекинге тиесілі. «Кіші қазанның» саясатына қарсы келетіндерді құрта салу – оңай, деп түсінген. 1931 жылы, 13 ақпандағы «Степная правда» газетінде жарияланған баяндамасында:» ... астық дайындау компаниясында республика бойынша 182 аудан жоспарларын орындай алмады. (Осы аудандардың барлығында да халық аштан өліп жатса қалай астық өндіру жоспарын орындайды Т. Қ) Ет өндіру майданында да кешірімсіз кемшіліктер жетерлік. 1 сәуірден бастап 700 000 ет дайындап Отанға жөнелтуге тиістіміз қатты ескертті. Революцияға дейін деп айтқанда қазақтың әрбір үйінде 40-50 мал болса, кедейленген әрбір үйде бірер мал қалғанын есепке алған жоқ. ОГПУ-дың бастығы Титов пен СПО бастығы Духовичтың Қостанай обкомына тапсырған мәліметінде Обаған ауданында күніне-300 адами, әлгі Бетбаққара ауданында-585 адам аштан өлсе басқа аудандарда өлім көп деген мәліметті обком бастығы жанынан қорқып пленумда айта алмайды. Қара сандықта құпия сақтайды. Қалың аштықтың, жойқын қырылыстың 1934 жылға дейін тоқтамағына деректер жетерлік Қырғынды Голощекин білсе де өз идеямды жан – тәніммен қорғап, (ф. 13. сп. 3. 1934 ж. п. 11-20)оны қолдаушыларды сақтап қалсам, Сталиннің құрметіне ие боламын» -деп іштей толғанды ма, кейбір сөзді тойтарып тастап пікірге қарсылық жоқ дегендей сыңай білдіргесін:

-НКВД-ның басшыларынан басқаларың боссыңдар. «Ақ қала» құрылысы салынады деп ұғыңдар, -деп

жиналғандарға көңілі толғандай ниет білдірді. Бюроға қатысқандардың көбі шығып кеткесін Голощекин жұмсақ орындығына нығыздала отырып терезеден түнеріп тұрған түнек бұлттан көзін алып:

-Меңіреулікті біз оятымыз. Менің сенімімді ақтау өздеріңе байланысты екенін жақсы білесіздер. Республикада он сегіз мыңсыздар, қажет болса Армия қосылады. Сендердің күштеріңе ешқандай тосқауыл жоқ, – деп НКВД қызметкерлеріне Голощекин өз пікірін иландара түсті. Революция жеңістерге жол ашқанын түсінесіңдер, қайыспаңдар.

-Халық қауқарсыз, қоянжүрек. Бас көтеру әрекеті де сап тиылды. Айтпақшы, байлардан алынған таза алтыннан істелген қару – жарақ, жиһаз, түрлі мүліктер бар. Оны сіздің үйіңізге апарсақ...

-Көрелік, Мәскеудегі мұражайды да ойлаған жөн. Банкіден кепілдік құжат алған боларсыздар? (Сталин заманында кеңес өкіметінде 200 мың тонна алтын қоры қалды деседі. Т. Қ.).

-Бәрі заңдастырылған. Ал» Ақ қаланы» Алматы маңынан салсақ күшіміз топтасар еді, -деді НКВД басшылығы. Бұрын – соңды болмаған құрылыс дедіңіз, жобасына қанықсақ?

-Солтүстік облысты таңдап отырғаным – қала мұздан тұрғылады. Егер тоңғақ құрылысшылар болса өртеніп жатқан малдың еті мен сүйегінің жалынына жылынады. Құрылысшылардың қолымен тірілердің тірісінде ісіміз аңызға айналуы үшін кірпік қақпай бақылайсыңдар. Қару, жарақтарың дайын тұрсын. Ондағы елеулі ірі көшеде Кремль, одан соң зәулім сәнді ғимараттар көрініс табады. Келесі көшелердің сәндік жобасы бірінен бірі асып көзді қызықтырып тұрады. Архитектуралық сызба көріністерін Мәскеудің алғыр шеберлері таяуда бітіріп әкеледі. Жоба мүлтіксіз орындалуы тиісті. Бәлкім И. В. Сталиннің өзі оны ой сүзгісінен өткізуі мүмкін. Әр көшелерде көсемдердің ескерткіштері орын алады. Сөйтіп, бұл қаланың құрылысы біткесін бүкіл әлемнің баспасөзі майын тамызып мақтап жазады. Ақын – жазушылар ғаламат

шығармаларын жарыса арнап, келер ғасырдың ұлылық жобасы деп жырлайды, толғауларын толғайды. Атағымыз жер бетіне аңыз болып тарайды, қазақстанда адамдар аштан өліп жатыр дейтін шет елдің дауырыққандарының аузына құм құйылады, -деген Голощекиннің сөзіне НКВД-ның басшылығы бұл қалай деуге бата алмаса да:

-Мұздың сапасын тексеруіміз керек алдымен, -деді. бірі қипақтап.

-Оның мықтылығын біліп, оны құрылысқа пайдаланғанда ерекше шеберлерді таңдауымыз керек, -деді қара мұртты, көзі тұздай, шені жоғары екіншісі.

-Дұрыс айтасыңдар, қап – қараңғы түнді де жарық етіп жанып тұратындай мұзды таңдау керек, -деді Голощекин. Желпіне сөйледі:- « Поэзия дауылпазы деп қазақтар дәріптеп жүрген Ілияс Жансүгіров «Ақ қала» деп поэма жазады әлі. Жазғысы келмесе заставить етіп басын игізіп жаздырамын. Әкесін дұрыстап тексердіңдер ме? -дегенде қан-сөлсіз беті жыбыр-жыбыр етті. Ішінен:» Тарихта қалғанға ешбір өкінбеспін... «деп ойлады.

-Жансүгірді ұстауға барғанда көршісінен байдың құйыршығы ауылда жоқ па дегенде бірден сұқ саусағын шошайтып Жансүгір отыр ғой деді. Жалма-жан сөз жазып, қол қойдырып үкім шығартып әйелі Батима екеуін Арыс бойына жер аударттық. Үй мүлкін тәркілеп, малын ортаға салдық.. (« Жансүгір мен Батима Арыс бойында аштан өлді дегенді елдің ұзынқұлағы кезінде сыбырлап айтыпты Т. Қ).

-Өте дұрыс болды: Енді «Ілияс» Ақ қала» поэмасын тездетіп жазсаң әкенді, анаңды тауып береміз дегесін тырп ете алмайды. Мойынұсынады. Бүкіл болмыс талантымен жырлайды.

-Біз бұл жұмысты ұзаққа созбай, құрылыстың түсетін жерін, сол аймақтағы мұздың төзімділігін және басқалай шаруаларды әбден зерттеп, сізге құпия түрде хабардар етеміз, -деді шені бөрінен де жоғары Рендов.

-Тездетіңдер... Бізге еліктеп, Бүкіл Одақта» Ақ қала» тұрғызуды жоспарлап отырғандары бар екені естерінде болсын. Украина белсене кіріспек...

Голощекин тұңғыық елеске беріліп тұрып, әңгімесін аяқтады... Сонымен қала салынды, көшелерге көсемдердің есімі де берілді. Адамдардың қан иісі қолқаны атқан далада мұз қала халықтың мұң, шері мәңгілік мұз боп қатқандай, бәріңде біржолата өлесіңдер, қасиетті жер желпіне алмай қалғып – мүлгіп қалады дегендей жантүршігерлік көрініс еді. Өйткені, келесі жылы көктем шыға мұз қала еріп, көк су болып жыра жықпылға ағып кетті. Оның асты – мыңдаған аштан өлген адамдардың арса-арса сүйектері саудырап шыға келген еді. Адам қаңқаларын көрген жан шошырдай қалқиып біраз тұрды. «Жаның тозақта болсын Голощекин, көріңде өкіргір 8 миллион 200 мың қазақтың 80 пайызын қырып кеттің» деген қарғыс, желмен гулеген азалы үн Қазақ даласын күңіретіп жатты. Зіл көтерем қайғы жасытып, азап шеккендердің бірі болған Ержігіт суша шашылған өмірінде, ар-намысын сындырмағанына тәуба етеді. «Капитализмның тұрақтауы күннен-күнге шіріп, баянсыз болып барады» -деп жазса Сталин, аштық, түрлі қуғын, сүргіннің аяғы неге соқтырады?-деген пікірмен қазақтың ұлы тұлғалары ойланбады деймісің. Ержігіт тарихи деректерді, елдің дуалы аузынан естігендерін есінен шығармайды.

КЕК КЕТКЕН, ӨКІНІШ ҚАЛЫҢ

-Терезеге қатқан мұзды көрсем, тіпті кей күндері есімнен, түнде түсімнен шықпайтын Ілиястың» Ақ қала» поэмасы ойыма орала береді, -деп Ержігіт дауылпаз ақынның мұражайын ұзақ жыл басқарып, түрлі құжаттар мен деректерді жинағаған Кәмиламен жүздескенде өтінішін білдірді. «Голощекиннің қазақ елінде» кіші қазан» қырғынын салған қанішерлікті өшкерелейтін поэма бәрібір табылмады. Келешек ұрпақтарға да әрқашанда сақтықтың жолын нұсқауға жарайтын, табынушылар мен жағынушылардан, бірді-бірге айдап салушылардың, сен тимесең, мен тимейін бадырақ көз, дейтіндерден ұлт сатқыны шығатынын түсіндіретін шығарма қайда екен? Әркімнің басына дығыр таянғанда қолды болған» Ақ қала»

таптырмады деп Кәмила мұңайыс білдірді. Өлде НКВД өртеп құртты ма? Бірде Ержігітке кездескен қасіреті қалың сол жылдар, -деп сөзін сараң бастайтын Ақан Ыбырайұлы. Басқаны айтпағанда аштықта» Қызбел» өңірінің халқынан аман қалғаны аз шығар, атақты ақын Нұрқан Ахметбековтың» Күлөнда» поэмасы да аштық қырғынын көзімен көргендігі жайлы деседі. Оқуға қолға түспей кетті ғой. Менің жанымды сақтаған анамның екі шақпақ тұзы мен» Семизордағы» нағашыларым, ал әкем, анам үш қарындасым бәрі аштан өлді. Адамды сойып жеп жатқан аштардан қашып құтылдым, көрер жарығым таусылмағаны шығар, Лениградты қорғауда ерлік жаса-сын деген шығар. Ажалмен бетпе – бет талай кездестім, ба-сымды сауғалап, кесер кеңірдекті ойлауды ұмыттым, -деп Ержігітпенди дарласып Илиястың жоғалған шығармасы жоқтағанын айтқанда Ақан Ыбырайұлы көкірегіндегі меңіреу қайғының түйіншегін шешкендей ақындардың әрбір шумағы ғасыр алдында ашық сөйлей алмай жоғалғанына өкінішін ортақтастырып:

-Ұлы ақындар бәрібір өлмейді ғой.

-Неге өлсін, заман қайғысын ешбір зұлымнан тай-салмай толғаса, үрейдің қан жоса себебін ашып тастаса.. Қанішерлердің зұлымдығы келмеске кетсе де, байлар-ды төркілеудің сойқандығы сондай, бар малды ортаға сал деп жинап алып Мәскеу, Лениградқа жөнелтпек болып қырып салған мал еті Қарағанды да теміржолдың тасып үлгермеуінен тау-тау болып үйіліп қалған. Оның ақыры бүлінгесін бензин-керосин құйып өртегенде бір жылға дейін жанып жатқанын көзімен көріп, ашыққандардың аузы-нан құлағымызбен естігенбіз. Осыдан кейін қазақтардың қырылып қалған аштығы қолдан жасалмады деп Голоще-кин, Сталинді ақтап көріңіз. Илияс Жансүгіровтың «Ақ қала» поэмасы, Нұрқан Ахметбековтың «Күлөнда» поэма-сы, Жақан Сыздықовтың аштық поэмасы табылса, «қызыл қырғынның» бұдан да сорақысы айдан анық ашылар деп үміт етесің. Өйткені, байларды төркілеуде, қуғын-сүргін лаңында шет елге өткен қандастарымыздың қоржынында қазақ халқының мұң, шерін айна қалпында жазған талай

шығармалар да кетуі мүмкін ғой. Ақылынан адасқандай, есінен танғандай үреймен сүлесоқтанып тірі қалғандардың қай-қайсысының да мұң, зары есінен шықпайды. Қазақ даласына қайғының қалың бұлты шөгіп жатқанын тау айтпайды. Осындай оймен толқып Ержігіт моладан аулағырақ әкенің ақ боз үйін тігіп қоныстанған ескі жұртын да байқап, ұрпағына көрсетіп ой артынан ой, сөз артынан сөз келетінін туындатып тұрып:» Ұлдарым – ау, екі терек жайнап өсіп тұр екен, арша, қара ағаш тұқымдарын да ексе алыстан көз тартып тұрар бөлкім» -деді. Балалар атасы мен әжесінің ұрпағы өмірде тірі тұрғанда өшпес рухына адалдығын білдіретіндей қызмет етіп жүр. Ержігіт әкесінің зәлімдерден қорғанған құдыққа ұқсатып қазған үңгірдің бетін жапқан тақтайды, темірді қозғап, әкенің иісін сағынғандай үңіліп біраз тұрды. Қол фонарыман жарық еткенде үңгір түбінде қос ауыз мылтықтың патрондары жатқаны көрінді. Құдық жиегінде отырып ойланады. Жұмыр жер тыншып көрмеген шығар, адал аңсызға әрқашанда шүйлігіп қауіп, қатер төніп тұрар. Ібілістің айтағына желіккендер обырлана жұлқынар. Тірлік ағыны дамылсыз тартыс. Лек-легімен өзгеріп шығып жатады. Жанға жайлысы аз, қиындығы тас төбеден. Әлді мен әлсіздің бітіспес арпалысы, жақсылық пен жамандықтың сойқан салуы. Ержігіт орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінің сабақ бергенде алғыр ойлы оқушылардың бірі Ілиястың әкесі мен анасының басқада бауыр, туыстарының кімі бар, кімі жоқ тағдырларын білгісі келітінене жазбаша дерегі болмаса да дуалы ауыздан-ауызға тарап ел жадында қалғанын айтады. Қуғын-сүргін талай тектілерді жер жастандырып, ажалынан бұрын қиналып өлгенін айтады. Ілияс түрмеге түскенде Мәскеуден арнайы дайындықтан өтіп келген үштіктің қанішерлері жаумын дегізіп мойындату үшін ұрып, соғып бет ауызын бұзып, онымен қоймай тілін орамалмен тартып сөйлейтін тамырын үзген деседі. Ал, Бейімбеттің аузындағы тісін түгел опырып тастапты. «Аштан өлген жетім баланың құлағы тасқа қыстырылып қылжиып қалыпты, әке, шешесі бар балалардың тамағы тоқ екен, қызыл галстук байлап мейрамдеп жүр, депсің

шығармада. Сонда кеңес өкіметі жетім, аш балаларды өлтіріп жатыр деп шет елдің алдында лениндік партияны масқаралап тұрғаныңды мойындайсың ба? деп жіліншігін темірмен соққыласа, Ілиясқа «Қызыл ат», «Ақ қала» поэмаларыңда кеңес өкіметі қазақтарды аштан қырып жатыр деген мазмұндағы шығармаларыңды Жапон елдеріне жібердің бе? – дегенде Ілияс: «Лениндік партия жолымызды шындықпен жарқыратып нұрландырады дегесін, аштан өлгендерді көзіммен көргесін шындығын айтпай, өтірік айтсам көсем идеясына қарсы келмеймін бе?-десе тергеуші кіжініп:» Шет елдің шпиондары дәлел табады, шебер сөйлейсің, деп соққыға алады. Ұзақ – ұзақ сөйлеспейді атып тынады. Шындық жолында ажалдан сескенбеген талай арыстар туралы ел аузында талай ғасырларға кететін дуалы сөз қалды. Таңды таңға ұрып шығармалар жазды, ұлттың еркіндік аңсаған арманын жырлаумен туған халқым деп өмірден өтті қанішердің қорлығын көріп. Халқы үшін құрбан болуға белін бекем буғандар тағдыры аяулы. Келер ұрпақ тарихыңды еске алғайсың деп бейнелері ақ бұлтқа жасырынғандай сезінемін дер еді. Бейтаныс пішіндер де есімін атаған сайын сауапқа кенеліп түске де енеді, желеп, жебейді.

Ержігіт қайғыру, қамығуды білмейтін өрімдей жастардың арасында жүргенде пенденің қай заманда да күтетіні тыныштық, басы амандығы екен. Тыныштық таңы атқан сайын қуанатыны сондықтан. Тірлікте біреуге азап көрсеткеннің өзі де азаптанатынын, біреудің қанын төккеннің өзінің де қаны төгілетінін, қиянатпен біреудің көз жасын төккеннің, өзінің де көз жасы төгілетінін халық басынан өткізіп, көзі жеткен-ді. Жаратқанның құдіреті бұл дүниедегі қаста қиянат о дүниеге кетпейтінін, бәрінің есесі қайтарылып өз басыңа оралып жататынын талай тағдырдың мысалынан байқады. Әкенің иісі қалған, ізі жосып жатқан үңгір басында толқвып отырған Ержігіт: «Әкесі ат үстінде тұңғышы Байжігітті алдына отырғызған күйі күлімсіреп:» Кешір ұлым, амалым болмай, туған жерден безіп жансақтаймын деп жүріп обыр күш, сатқын достан ажал таптым» дегендей ақ перде сыртынан сүгірет

көз алдына келгендей болды. Кеңес өкіметі құлаған жылдарда ағасы Байжігіттің де өлімі қаскөйліктің кесірінен еді. Қосақ арасында бос кетті. Қазақ куәліктен ат тонын ала қашқан себебі қуғын, сүргін зұлымдығының қасіреті болса, көрмедім деген бір сөз, көрдім деген зиян шектірер мың сөз дейді екен. Құлагердің бес тонналық мыс мүсінін кранмен көтеріп автокөлікке тиеп жатқанын көзі шалып қалды, тергеуде куә есебінде тартылды, оның соңы ұрылармен сыбайластың, қылмыскерсің дегенге ұласып түрмеде ұрып, соққан зәбірден өкпесіне қан қатып, ақырында өлді. Екі ұлын, жеңгесін қаңғытпай Ержігіт тарықтырмай бағып, ұрпаққа оң қол, сол қолын танытты. Қан аңсаған тобыр, қылмыскерлердің жөнін білгісі келіп прокурор Айдарбекке жолыққаны бар – ды.

ОЙ ОРТАҚ, МҰҢ ОРТАҚ

Бірде Ержігіт Торғай, Қостанай облыстарында прокурор болып қызмет істеген Айдарбек Кәкімжановқа сәті түскен жол сапарында жолықты. Таныса келе мұң, шері ұқсас бола кетпей ме?

-Қазақ өлгеннің артынан өлмек жоқ шыда, деп жұбатып жатады. Қамкөңілдік бәрібір жасытып тастайды. Өке тәрбиесін көрген балалар сөзге келіп қалса да, жұдырықтасса да есесін жібермейді. Әкесіз өскендіктен бір емес, екі емес, үш қайтара басынғанда барып қисық, қыңырды орнына қоясың. Әйтеуір, мұңлы, шерлі жастықпен қоштастық, дей бергенде прокурор Айдарбек дөңгелек жүзін аударып, өткір көзімен тесіле қарап өзінің басынан өткен жастығының ысырап күндерін, шаңша ұшқан мезгілін есіне оралтқандай болып, қиялға берілді де:

-Әкесіз өстің бе, бәріміз де әкесіз өстік.

-Қанды айқасқа халықты түсірген қоғам істерін істеп адам қадірін білдірген жоқ қой. Туыс, туған деп, дос, жолдас деп сыйласуды да ұмыттырды. Діннен бездірді, ділді талқандады. От тұтатты ессіздер, сойқандар оны қалың өртке айналдырды. Осы кезде батырдың ұрпағы деп әкемді өзінің тай құлындай тебісіп бірге өскен, досы алдап атып

өлтiрген-дi. Қазiрде моласы ғана жұбаныш, басына барып мауқымды басамын.

Осы сәтте көңiлi босап Айдарбек толқып отырды да:

-Менiң бауырларым мен әке – шешемнiң қайда өлгенiн де бiлмедiм, хабар-шар жоқ, ойласам қабырғам қайысады, -деп Айдарбек сөзiн жалғады:» Туған жерiм Тобыл өзенiнiң жағасы, «Елтай» деген кеңшар едi. Бiр әке, бiр анадан он екi едiк, әкем Кәкiмжан атақты бай делiнiп ортасы ой түскен жылқысы, мал

мүлкi тәркiленiп, онымен қоймай жанұямызды түгелдей атып салған. Менi қараниеттiлердiң көзiне түсiрмей Иван деген көршiсi далада ойнап жүргенде ұстап алып, қоқыстың арасына тығып сақтап қалыпты. Есейген кезiмде әкемнiң көзiн көрген, тату көршiсi болған Иван әкем, анам жөнiнде бiрге өткiзген жастығының ыстық кезеңiн аздап айтушы едi. Ауылдастар қырылып қалған әкемнiң жанұясын Рудни өндiрiсiнiң маңындағы қазақ моласына жерлептi. Мола кен астында кеткенге ұқсайды, қазiрде орнасы жоқ.. Әкем домбырашы болыпты, домбыра үнi шыққанда ақ боз аты жанында иесiн искелеп тыпыршып тұрады екен. Сол ұшқан құс, жүгiрген аңға жететiн ақ боз атты НКВД мiнiп кетпей ме? Бiраздан кейiн қан сорпа боп терлеп жүйрiк аты қашып келiп Кәкiмжанның қорасына тығылып едi. Егер мен қазақ болғанда байдың құйыршығы деп менiң де жанұямды оққа байлайтын едi, көрер жарығымыз таусылмай орыс болғаным және өзiңдi балалар үйiне орналастырып кедейдiң баласы деп сендiрiп оқып, өсуiңе тiлекшi болдым дейтiн. Сол Иван дүние салғанда шаруасының бәрiн тындыруға қатысып, Хрущев заманынан кейiн тыныс кеңiп, жоғалған үмiт, арманда кеткендердi iздей бастағанда әкемнiң көзiн көргендердi өзiн көргендей болып жұбанғанмын. Қызыл империяның террорлық қырғыны бiрiнен соң бiрi жылдар өтiсiмен жаңарып, жалғасып жатты ғой. Деректер қолымызда, 1935 жыл мен 1941 жылдың 22 маусымы аралығында бұрынғы Одақ бойынша 19 миллион 840 мың адам» Халық жаулары» делiнiп сотталды. Оның жетi миллионы ату жазасына кесiлiп, үкiм дереру орындалған. Қалғанының бiразы ла-

герьерде аяусыз қорлықтан өлген. Тірлікте жазықсыздан жазықсыз адамын жоғалтқаннан артық қорлық бар ма, қайғы бар ма? Адамдардың көз жасы теңізге айналса, теңіз суы қанға бөгіп жатқандай болмай ма?. Жетесіздер желікті, тектілер ажалынан бұрын өлді.

-Пенде мұң – шерін ойлап, көкірек өксіп еске алғанда қайғы зілін көтеріп жүре алмайтындай болсаңда кейде әңгіме-дүкен құрғанда жан тыншуына себеп тапқандай сезініп біртүрлі өткен, кеткенді де еске салып жеңілдеп қалады екенсің. Жабырқаған жан тыныштық тауып, өмірдің қапыда шаңша ұшатынын сезіп төзімділікпен қарап сабырға жүгінесің. Көлеңке қуғандай білгісіз тірлік қарақан басты тауға, тасқа соқтырады. Төрк етіп жаныңды жеген қайғыға ортақ жылы сөз кейде сершілтеді. Қияғы бүгін сұңқар жоқ, тұяғы бүгін тұлпар жоқ деп тынасың. Көз алдында аумалы – төкпелі заман тұрады. Одан кім аман шығады, сұрақ белгісін қоясың.

-Балаларымыздың ақылды болып өсіп тарихын құрметтегенін қалап солардың қуанышын көріп, біраз қайғыны ұмытпасқа лажың қайсы. Жоғалтқанды жоқтау бар, ақылға салып тоқтау бар, -деп Айдарбек:» Өзім прокурор болсам да ОГПУ – НКВД-ның істерін қарап қағаздарын парақтағанда саясаттың құлы болған біраз қанішерлер талайдың обалына қалғанын аңғарасың, Мәскеуден жергілікті басшылардың сұранысымен алынып жататын лимитті асығыс орындауға жанталасып атарын атып, қолына түскен жазықсызды да түрмеге жапты-ау, олардың қарғысы тегін жібермесін қаперіне алды деймісің. Өркім жапатармағай шен, шекпеннің бұ-ымен еліреді, адам қанын бір көргенсін көздері қанталап сезімсіз, бейәдеп, зұлымдықтан басқаны түсінбейтін күйге түседі, жыртқыштан да жаман түрге енеді. Саясат жөн сілтеді деп, орындаушы жою, құртуды мақсат етті.

Айдарбек алдындағы қылмыстық істің сөздеріне көзін алмай сәл үнсіз отырды. Ержігіт ойында үмітке кепілдік белгісіз болса да өткен өмірді еске түсірмеске амалы жоқ. Қайғының өрті жанын күйдіргенде де ертеңгі күннен ра-хым күтетін пендешілікті қайтерсіз. Азап шеккендердің

тағдыры ортақ, сосында реті келген сәтінде мұңын айтып шер тарқатады. Жұбанады. Тірлігінде көзінің жасын сүртіп, маңдайынан сипап, арқасынан қағып:» Үмітті үзбе жамандықтардың соңында жақсылық та болып қалар» дейтін жаны ашыған әлсіз ағалар да болған. Ондайда еңсесін зіл қайғы басып, көз жасы мөлдіреп тұрған жетімдердің көк жұлын көңілі сілкініп қалушы еді.

-Біздің замандастарымыздың жастығы болған жоқ, -деді де Айдарбек бір тансының тағдырын құжатта қалған дерегін баян етті:

-Байдың тамырына балта шабамызда, олардың үрім-бұтағын жер бетінде тірі қалдырмаймыз, -деп ұрандатқан НКВД-ның қарулы тобы Шүкіржанның әкесін түрме алдында атып жатқанда, әйелі араша түскісі кеп жүгіріп бармай ма? Қанішерлер әйелдің үстіне корасин шашып өртеп жібергенде он бес жасар Шүкіржан жүгіре қашып Орскі қаласынан бір-ақ шығып ет комбинатында жұмыс істеп жүріпті. Соғыс уақытында Ырғыз ауданының үштік қызметкері Шүкіржанды тауып алып:» Байдың тұқымысың, әскери зауыттарға қастандық жасап, немістің шпионы болуың мүмкін» деп ұрып, соғып он жылға үкім шығарып Уфа қаласындағы түрмеге соттатып жібереді.

Үкімін орындап елге келгенде сөз тартқандарға:

-Әкемді, анамды Сталин атып, өлтірген жоқ. Өзімді де Сталин келіп түрмеге жіберген емес. Өзіміздің бауырларымыз, байдың тұқымын, кеңес өкіметінің жауларын ұстадық деп мақтаныш көрді, сол» ерлігіне» марапат алып мәз болысты, бірақ сол зұлымдардың қара жерде ізі де қалған жоқ, ұрпақтары да тірі жүрді деп естімедім. Адамның зұлымдықтан шошына – шошына жүрегі шеменге айнала ма, ажал қасыңда тұрса да ойыңа кіріп-шықпастай еді, -деген-ді. Ол түрмеден үкімін өтеп аман оралса да Сталинге тіл тигізсем атылып кетемін деген үрейден айтқаны шығар. Жетімнің көңілі дықшыл демей ме?-деді Ержігіт.

-Бәлкім солай. Әкемнің шаңырағынан он үш адам бірден атылды, жауап, тергеу құжаттарынсыз үкім минөтінде орындалған екен. Егер олар тірі болса Кәкімжановтар

әулетінде жүзден астам адам өмір сүрер еді. Мен Сталинді қалай ақтаймын, лағнат атқыр нәубетті ұйымдастырған Ягода, Ежов, Берия, Абакумов, Вышенский, Каганович және басқаларын қалай ақтаймын. 1937 жылы 17 желтоқсандағы құпия қаулы, қарармен прокуратураны тазарту нұсқауымен Одақ бойынша қаншама прокурорлар атылып кетті, түрмеге жабылып азапталды. Басқасы басқа КСРО Бас прокуроры А.Я. Вышенский Ленинді тұтқындау жөніндегі ордерге қол қойса, оны Сталин білмеді деуге кім сенеді. Калинин, Молотовтың әйелдері, Кагановичтің бауырлары бірінен соң бірі түрмеге қамалса Кремльден басталған қынды қырғын емес деп кім айта алады, деп толғанған Айдарбек сәл тыныстады да:» Ұлдарым Қазыбек, Мирасбек бақытты болсын деп тілеп бастан өткен қайғыны аздап ұмытамын.

-Сезім сүйгіш жүрегіміздің қуанышын арттырар ұрпақ қой.

Айдарбек сағатына қарады да:» Оу, түскі үзіліс болып қалыпты. Қазақтың қазақтан еншісі алынбаған деседі. Сол еншісі дастархан жайып адал дәмін бөліп ішу ғой, үйге баралық, -деп жинақтала бастады.

Ержігіт ағасы Байжігіттің тергеу құжаттары мен үкімінің көшірмесін, арызын жазған қағаздарын тапсырып тұрып:» Болары болып өтті, бояуы сіңгендей, оқиғаға біраз жылдар өтсе де шындығына көз жеткізіп кеңескім келгені еді. Жұрт прокурордан сескенеді, төуекел деп жолығып біраз сырласқанымға төбем көкке жеткендей болды. Заңдылықты қорғаушылық ісің жемісті болсын» -деді.

-Мен жұмыс үстінде прокурормын, халық арасында азаматтардың бірімін, бізге шірену, мансапқа тәсіру жараспайды, көңіліңді ашып жүрсең әркімнің басында өзіндік уайымы, зәбірі, орынсыз шегіп жататын азабы болады. Есігің ашық, жүзің жылы тұрса қандайда түйіні қиын істің шешімі тез табылады...

ЗҰЛЫМДЫҚ

Бір сөздің бір қуғыншысы деп, ашық әңгімеде талай оқиғаның беті ашылады. Айдарбектің дастарханы басында Баян сүйген жарының қайғысын мысалддап гөй-гөйін таратты..

Байғұс ана қанша кектенседе өшін алуға дәрменсіз. Соғыс жылдарында да аштық ел еңсесін басқан еді. Зәуре Ыбырайқызының әбден жүдегені өз алдына, онға толмаған ұлын аштықтан қорғап қалуды ойлап Серікбай дегенге тұрмысқа шығады. Нанханада жұмыс істейді, тамағы тоқ, көйлегі көк, баспанасы бар. Бірінші әйелі Ұрқия екен, оныменде дәмі, тұзы жараспапты. Зәуреге сөз салғасын жетім ұлын асырауды ойлап тұрмыс құрады. Біраз айлар өткесін Серікбай Зәурені ұрып, соғып балаң Абдолбақиды балалар үйіне тапсырмасаң қаныңды ішемін деп азаптай бастайды. Дастархан басында отырып ас ішуге қоспайды. Баланы да қамшымен ұрып соғады.

-Бұл бала жаудың тұқымы, қасқырдың бөлтірігі шығар. Оны милиция білсе мені түрмеде шірітеді.

-Алла үшін рахым ет, әкесі кедей шаруа, колхоз шаруасымен ауданнан жаяулап келе жатқанда қасқыр талап өлтірген-ді.

-Оған нанбаймын, баланың түріне қарасам әкесі жау болған сықылды. Түсімде де қанжар ұмтылып шошытып жүр, -деп лаң салып өлтіре сабағанға шыдамай Зәуре баласын ерітіп туысқандарына жол тартады. Қаңтардың қақап тұрған аязы. Киімдері болса жұпыны. Ел арасында қатынас сирек. Сонда да опасыз, нағыз зұлым, мейірімсіз тас жүрек Серікбайдың қолында өлуден қорқып «Ұялы» ауылындағы немере ағасына жетсем деп армандаумен, жылап, сықтап ұлын жұбатып біраз жүреді. Ел арасына қатысатын көліктің жолында біраз уақыт жүргеннен кейін жаяу борасын жылжып баса бастайды. Не керек ертесін үйден шыққан ана мен бала күн екіндіге таянғанда ауыл қарасы көрінгендей болады. Бірақ аяз бұрынғыданда қатайып, оның соңы боранға ұласады. Зәуре ауыр соққыдан ба, әлде өкпесі қабынды ма, жол жиегіне әлсіреп жүрелей отырады да ұлына:

-Жарығым, нағашыларыңның ауылы өне көрініп тұр ғой, жүгіріп барып көлік әкелсін, менің жүруге шамам жоқ, -дейді алқынып қан түкіріп. Абдолбақи анасының жайсыздығын түсініп қорбандап жүгіре жөнеледі. Нағашысының үйіне жетіп еңтігін басқан Абдолбақи анасының жүре алмай жолда қалғанын айтады. Нағашысы апыл, ғұпыл бригадирдің ат шаңасын сұрап жегіп Зәуреге барады. Боран көз көрсетпейді, соғып тұр. Зәуреден жан жоқ, өлген. Нағашысы ой бауырымдап жылап жүріп қарындасының денесін үйге әкеледі. Ақ жуып, арулап жерледі. Зұлым Серікбайдың бірінші әйелінің қызы бағы жанып Жұмабике Лениградтан білім алып, қазақ өнерінің сахнасында елу жыл қызмет етеді. Ал Абдолбақи Ақмола темір жолында алғашқылардың бірі қатарында жұмысшы болады. Кейде домбыра шертіп балаларына елжіреп қарап қарғыс атқан зұлымдық анамнан айырды деп толқып:

Анам түссе есіме,
Ақын болып жырлап кетемін.
Анам түссе есіме,
Жаяулап елге жетемін.
Жұмақта болғай тағдырың,
«Ұялы» болды мекенің.
Ақ түтек боран алдымнан,
Шығар ма екен тағы да.
Рухың жүдеу жадымда,
Тағдырға пенде бағынған.
Үмітіңді үздің бе,
Қансорғышқа бағынған.
Шикі жас ем, қайтейін,
Арқалап-ақ өтер ем,
Ақ түтек сол бір ажалдан,
Адаспай елге жетер ем.
Өкініш болған өмірім,
Анадан қалдым айырылып.
Қаскөйліктің көрімен,
Қанатым қалды қайырылып.
Анасы барлар жадымда,

Отырар Айым, Күнім деп.
Жетімдік жазды бағыма,
Қайғырумен жүрдім тек.
Жібектей жұмсақ үндерге,
Алаңдаймын анам деп...
Жан жарым келіп жұбатты,
Қарсы алатын күлімдеп.
Ұрпағым өсті ұлағатты,
Азамат болды біріндеп.
Аналар тірісіңдер,
Жарық бердің алау ғып.
Қуанамын өздеріңе,
Жүрегімді жалау ғып, -

деп жырлайды екен. Айдарбектің көршісі теміржолшы Абдолбақидың сұрапыл жылдарда қалған қайғысын Ержігіт ауызба-ауыз сүйген жары Баяннан естіп халықтың басынан нешебір ауырлық өткеніне қазақтың өршіл үнді Жұбан ақын айтқандай қазақтың мың өліп, мың тірілгеніне деректе, куәда, дәйекте жетерлік дерсің. Ажалдың мазағында, сатқындардың азабында, қанішерлердің қыруында көзбен көргендердің сөзін естігенде сонау» Күншалған» тауының бауырындағы кейде тұнып тұратын сағым арасынан о дүниедегі аруақтар әлдене сөз айтқандай жүгіріп өтіп елестей береді. Баян сыры мәлім болған жатып атар зұлымдардың әлсізге тарттырған қайғысы тегін кетпей» өңгесі жоқ, көнгесі жоқ, өлең айтар жеңгесі жоқ, қу бас атанып қара жерге жұтылдың ба? деп ниетіне қасқыр шапқандарды о дүниеге жөнеткендерді де көзіміз көрді дегені қиянат оңдырмайтынын меззегендей еді. «Біздің көрген заман мейірімсіз жаман, өмірімізді аш бөріге талатқан. Имансыз ғып көп жеңдетті жаратқан. Көкірегін шайтан кеулеген сұм зәлімдер өкіректеп, әлсіздердің аузын Айға қаратқан. Тірілердің жүрегінен қан аққан, содыр, сойқын қайғы – мұңды сағат сайын әлек салып басымызға орнатқан, тарих кешіре алар ма жетімдерді жылатқан» деп тау күңіренетін тәрізді сезінеді Ержігіт. Тарих пәнінің мұғалімі Жәдігер

оқушылардың сұрағынан тыс кейде қай заман, қай ғасырда да көздің жасы көлдария болды ғой, деп Ілиястың бет қаратпай тұрған үстемдікке мойын ұсынбай Махамбеттің ерлігін іздеуі тегін емес. Жәңгір ханның билік құрған тұсында сіңірі шыққан кедейлердің жалғыз ешкісінің сүті, түбітіне дейін салықпен тартып алуынан, аштан өліп бара жатқасын ер баласын 75 рубльге сатуы, қанішерлік езгіге шыдамағыны көтеріліске себеп болған ғой. (Қазақтың баласын сатуы туралы Даль шығармасында да айтылады Т. Қ) Сонда деймін – ау Жәңгірдің түрлі салықпен халықтан жинап алған малының саны қой, ешкі-17 мың 97 бас, ірі қара-719, түйе-232, жылқы-4274, ақшасы рубльді алтынға шаққандағы есеппен-13404 (ЦГАРК. Ф. П-4, оп-1, д. 2350. л. 92-98 об. книг) Халықта ұйымдастыра білсе қорлыққа көнбейтін айбар бар. Ілияс ерінбай, жалықпай ештеңеден тайсалмай Махамбет өмірін зерттегенде» әл керек, айбар керек, әлсіз айбар не керек? деп толқымады деймісің. Салықтың небір түрін кеңес үкіметі де қолданды, -деп естіртер естіместей ойын тұқыртатын-ды. Онысы аштық, қуғын, сүргін қиянатын дабыра етіп айта алмайды, көкірегінде тұншықтырады. «Ызылдайды әуеде жасыл сона, жаз жайлауда қалыпты жалғыз мола» деген зарлы ән үрейлі жылдарда талайлардың қыршын кеткенін дәлелдейді. Қазақтың көкірегі қаншама қаялы, жүрегі зіл батпан шерге толы болса да өмірге құштарлығынан жаңылмаған, ұрпағыма бір жақсылық болар деген үмітін үзбеген.

Бірде оқушы Ержігіттен» Күншалған» деп қалай аталған?-деп сұрады.

– Атам қазақ қолға ұстатқандай түсінетін, табиғаттың мінсіз мыңсан құбылысын аңғарғыштығына сәйкес жер, су атауларын дәл тауып, үйлестіре білген. Күн кеңістігіне өрмелей бастағанда таудан жасырынып тұрған сәуле етегінде отырған халықтың көзіне шалынып көрінеді. Содан» Күншалған» делінген екен деседі. Қалтқысыз шебер айтылған ба? Ал Алатау, Қаратау, Қызыл тау (Орскіде) Сарытау (Саратов деп өзгерген), Түмен (Тюмен деп өзгерген) тағысын тағы Еділ, Жайық боп қазақ мекендеген жер ата-

улары Ресей отары болған кезден бүгінгіге дейін картанан өшкен жоқ. Қазақ:» бос жатқан жер жау шақырады, деп байтақ даланы иесіз қалдырмаған. Дербес мемлекетін сақтаған. Табиғатқа тіл бітіп сайрай қалса кімнің алғашқы қоныстанған жері екенін атаулардың өзі мөр соғып құжаттап айтып берер еді. Күннен күн, айдан ай, жылдан жылдар тізбектеліп өтіп жатады, біреу тірлікте ұтады, біреулер ұтылады, уақыт, түрлі кезенді бірімен-бірін теңестіріп құпия сырын түгел ашып айта алмайсың. Тарихқа жүгіндіріп құлақ астырсаң айғағың сол ғана. Пенде қателеседі, өкінішпен іші өртеніп тұрса да айбары жетпей сорлайды. Табынғыштар мен жағынғыштардан ұлт кеменгерін күтуің ессіздігің дейтін Ілиястар мыңдардың біреуінің маңдайына жазылған болар. Сосында жанымызды сірідей сезініп жөнсіз қорлық пен азапқа көніп, түрлі мазаққа шыдап бассауғалап мұқалып, мұңданып жүреміз. Бұл қанымыздағы құлдық мінез ұрпақтан ұрпақты тұншықтырып жалғасқан. Ондайда сұм, сұрқия жүндей түтуді ойлап арбасқан, өжуа, мазақпен қаныңды соруға кіріседі талмастан.

-Мазақ дегеннен шығады, бірге оқып, бірге өскен зұлмат жылдар оқиғасын кеңірдектеп бірге кешкен досының бастан өткен оқиғасын бұлжытпай жадында сақтап, сол бір ауыр жылдардың куәсіндей көруші едім, -деп Ержігіт есіне алуы дәрежелінің әлегін, желікпенің желкеудесін, табынғыштың сұрқиялығын бүгінгіге ұғымды етіп жеткізуі еді.

ӘЖУАМАЗАҚ

Ержігіт әлденені есіне түсіргендей болып, ертедегі ел өміріндегі әлдебір жоғалған оқиғаларды бейнелерден түртпектеді. Жастығы қалды шемен-шерлі жылдарда. Жылдасы Жәкеште қартайды. Лақап есімін» жеті аяқ» деді, «сусоғар» деді. Жұрт не деседе қылшығы қисайған жоқ, езу тартып жымсиып жүре берді. Онжылдықты бітіріп, тойлаған түнінде өзі ғашық болып жүрген Сұлупанмен құшақтасып жатып қалды. Арақтың алғаш

дәмін татқанына қызды ма, махаббат өртіне шыдамады ма, неке түніндей күнөға батты. Ертесін қыздан бұрын тұрып, өзін-өзі соттағандай ақ қағазға жазып:» Екеуімізде сом алтыннан екенбіз. Сезімімізді жеңе алмай, екеуімізде дорақ болған екенбіз» деп кешірім сұрағандай сөз қалдырды. Үйленеміз, бақытты боламыз деп серттесті. Бірақ, ел басқаратын әкесі:» жетімге қыз беріп, жын ұрыппа, көзімізге көрінбесін, іргесін аулақ салсын, маған десе қу тізесін құшақтап қалсын» деп махаббат гүлін түбінен қопара жұлып тастады. Тіпті Жәкешті жетімнің де дәмесі зор, елден қуамын деп зіркілдеді. Үстемшіл әке дегеніне жетті. Сұлупаннан Жәкеш безіп кетті. Сүйіспендігі түгелі жүректегі қайғы-қасірет, көзден жас тиылмаған кезде жастығы қалған Жәкеш бір үзім нан жесем деп жаны ышқынған ауыр күндерін есінен шығармайды. Жегідей жеген жоқтық, қорқыныш, ыза, кекке толы дем алдырмай тұншықтырған мезгіл меңдетіп тастаған ел, жұрттының тәрк етілген тірлігінің сұрқы қашулы.

Соғыстан қажып, әбден жүдеп шыққан ел адамдарының өлісі өліп, тірісінің түрі мең-зең екені айтпаса да түсінікті еді. Салсүйекпендесабырсақтауды біледі. Мәжбүрлегеннің бәріне көнеді. Қорлық өңменінен өтіп сүйегін мүжісінде ертеңіне аздап сенеді. Бірақ, кеудеге салтын, қабағын қарс жауып тұқыртып алатын ел билеушілері, әрине, жалғыз-жарым болса да ішіп, жемі мол, тарыққан жоқ. Билік жанында маймаң қағып жүретін жағымпаздарының да шаруасы түгел. Қарын тоқ, мұңсыз, назары ашық, менмендікте жетеді. Әдеттен тыс кекету, мықтылық танытып басыну, әлсіздің тағдырын ойыншық еткен қалжыңға барушылық кездеседі. Ондайға назаланса да:» бастық мінген байталдың бас асауы бар» деп отбасында күбірлеп мұңдасып тынатын әдет бар. Үстемдікті жаратпаған құрғақ сөз. Біз айтқалы отырған Жәкеш «Ақ қолдің» бастауыш мектебінде оқитын-ды. Қойма меңгерушісі Тоянға қарсы көшедегі кіпкішкене сарай сықылды жеркепеде тұрады. Қыста суық, жазда салқын, бапсыз, құлағалы тұр. Жәкештің әжесінің аты Қилаш, алпыстан асса да мектепті жуып, таза ұстайды. Жалғыз ұлы Көрік майданнан оралған жоқ, келіні бір

шалдың етегінен ұстап кетіп қалды. «Көріктен қарақағаз» келгенін Тоян біледі, бірақ онсызда күйік қаққан кемпір өліп қалады, деп тісінен шығармайды. Ал, осы ауылды ел қатарына қосып, мал малдандырып, шаңырақтарын көтерген Қилаштың ері Бәстен еді. Ол» халық жауы» делініп атылып кеткен. Мына Тоян отырған кең сарайдай үй, анау мектеп, монша толып жатқан құрылыстарды Бәстен салғызды. Сонау ит арқысы қияндай Қарағандыдан құрылыс материалын тасып, ауылдастарымның барлығын жаңа үйге қоныстандырам, деп күн-түн қатып еңбек еткен Бәстен бейнесі бірте-бірте өшіп барады. Қылшылдаған жасында жесір қалған Қилаштың көз жасы сарқылды. Ауыл активі Баян қамқоршы болушы еді, о да күйеуге шығып кетті. Сөйтіп, күйік қаққан, дюана кемпір атанды. Оны өзі естісе де елең қылмайды. Қайтеді, жын қақса кімнің аузы, мұрыны қисаймайды, елге келген зауалға шарпылды. Өңгімені әріден бастасақ Тоянның әкесі Асқан да шаруаны алғышқы басқарушының бірі екен. Есіңізде ме, елден майданға кеткен азаматтар оралмады, енді мен сықылды шалдарды таңда Баян деген Асқан еді. Алғашқы басшы сайлауының шөбі Асқанға түсіпті. Ол кезде Омбымен екі ортада күнкөріс қақында ештеп сауда жүргізіпті, содан:» молодец, так что, он говарит, бес сом тон говарит» деген сықылды орысшаны өзі біраз үйреніп, олармен үйірілісіп жұғысып, аздап қол қоятын сауаты» ерлігі», ел аралап жүріп, тұруға көлігі, бірлі-екілі адамға сенімі бар екен.

-Сөйтіп бұл азаматымыз, барлық шаруаны әдемілеп үйлестіреді деп, ел үміт еткен. Сөз саптасының түрі жұғымды шаруашылық білімінің сыңайы дұрыс, белсенділермен пікірлес, жұғаса кетуі оңды, біледі тура жолды деп шешкен-ді.

– Бәрімізде білеміз, көзіміз көріп жүр. Оның маңына орыстар лыпыл қағып үйіріліп, шаруаның мән-мәністерін екшеп түйінін бірлесіп шешіп, ой бөлісіп жүреді. Қолайсыз мінезін көрмедік, үстелге де отыра біледі, қиыншылықтан алып шығады, – деп бір ауыздан лебіз білдірісіп, қол көтеріп басшылыққа сайлаған еді.. Асқан кеңсенің төріне отырысымен мазасызданып:

– Ешкімді маған кіргізіп сөйлестірмеңдер, мен жазып отырамын, жұрттың мыжығаны миымды ашытады, – деп үстемдікпен жағымпазына бұйырады. Содан шаруа жұмысымен кеңсеге келгендер есік алдында опыр-топыр тұрғанда еститіні» бастық жазып жатыр» деген сөзді меншіктеп кету еді. Күндердің күнінде өзінің киіз үйінде отырғанда құнжыңдап әкесі келеді. Бастықтың есік жақта тұрған киіз қоржынын көрді. Төрге ұмыла түтіккен әкесінің қомиған қоржынға көзі түскенін байқап, ішінде не бар деп сұрайды-ау, ескі-құсқы қажетсіз қағаздарды шашады-ау деп сезіктенеді де:

– Товарищ, ана қоржынға қол жалғап жібер?! – дейді қатқыл үнмен. Міне, ашуға булыққан әкесі сегіз өрме қамшымен ұлын сабайды. Ел ерсілікті іліп әкетіп «Товарищ Асқан десе, товарищтің Тояны» атандырады. Сол Тоян қойма кілті қолында тұрғанда мал іші болғасын өлім-жітімді еті, ұн, қант, тақта шай деген сықылды азық-түліктің барын батып ішіп тояттап, күнелтісі төмендерге шекесінен қарайды. Өйткені, ұшқан құс, жүгірген аңның да тамағы бар, ал, адамның ындыны сірәда кең. Облыс, ауданнан келген өкілдердің түсетін үйі есебінде. Дастарханы мол, асы бар. Қайыстай қара қатыны қазан көтеріп, бауырсақ пісіріп жатқанда ашқұрсақ жетім балалар көзін сатып жүреді. Сол себепті қазан басында бауырсақты шайнадап тұрған Жәкешті көрісімен Тоян үйге шақырды. Тосырқап еді, «бала бауырсаққа тоясың» деді. Ішкі есебі ауданнан келген өкілге өзінше» цирк» көрсетіп көңілін көтеру-тін. Қымызға, қызыл араққа тойынған адам желпінуі керек. Төрде бөрткен бидайдай тырсыып жатқан тік қабақ, шегір көз, көрін төгіп тастай алытын, бәкенеден де пәле өргізіп, түрмеге бастай алатын өкіл:

– Сенің балаң ба? – деді де құс жастықты қолтығына нығарлай қысты.

– Бұл бала осы ауылдағы бір кемпірдің немересі, бұйырса болайын деп тұр, нағыз су соғар, – деп Тоян қызбаланды. Өзі де ішкен, жегенін бойына сіңіре алмай сол заматында кәдімгі бәрің білесіздер ғой балық торсылдағындай жарылғалы тұр, апыр-ау, онысы қалай, баланы қорлау ма? деп түгіне түсінбегендей аң-таң боп жұқармаңыз...

– Бұл баланың тамаққа онша зауқы жоқ, су ішіп жүре береді. Қазір көрде тұр, тұз қосылған жеті аяқ суды ішіп тауысады. Мен оған бір табақ ет, ұн және әжесі екеуі тұратын әдемі үй берем. Келістік пе Жәкеш, қуә аудандық дөкей өкіл, – деді. Титімдай қарынға жеті аяқ су сыйса жақсы, сыймаса ше, бала үндемеді. Тірлігі теріскейден соққан өкпек желдей болғасын олжаны да ойлайды. – Міне, көрдіңіз, менің айтқаныма келісіп отыр, қазір көрде тұр жеті аяқ суды ойланып аладыда көзін жұмып жіберіп ішеді, бұйым ғұрлым көрмейді. – Иә, өтірік айтасың ғой, – деп бала иығын қиқаң еткізді. Тәуекел деуге бекінді. – Бәсекеде алдау болмайды, жалған айтқан адам оңбайды, қуә дөкей, білдің бе? – деп Тоян ерінін сылп еткізіп күлімдеді. Баланың қызба көңілін байқап отыр. Сөйтіп, Жәкеш тұз қосылған жеті аяқ суды жоқ-жұпыны тірлігі үшін өлдім-талдым дегенде ішіп тауысты. Өкіл шала мастықпен: – Бала мық-тысы-ң деді. Қарыныңды осы бастан созсаң ертең бастық боласың, қарын бедел, бақ, – деп Тоян мәз. Бірақ, бала берекесі кетіп тәлтіректеп есіктен өзгер шығып бара жатып естірте сөйлеп ет пен ұнды қашан бересің, алдаған жоқсың ба? – деді.... Біраздан соң Тоянның әйелі бір табақ ет пен бір шелек ұнды Қилашқа апарды. Ұры арты қуыс тәрізді қылпылдап тізесін бүкті де аяғын шапшаң басып шығып кетті. Бұл оқиғаның сырын білген Қилаш ертеңіне ыза-кегі қазандай қайнап, балаға істеген зәбіріне шыдамай Тоянның үйіне келіп шаңын қақты. – Әй, «товарищтың Тояны» кімді мазақ қыласың. Тұлпардан қалған жалғыз тұяқты көпсініп жүрсің бе? Бәстеннің лақтырған таяғын әкеле алмайтын сорлы, әлегіңді аспаннан шығарамын. Құлқының толған екен, құлғана болғыр, қарғыс атып, іріп, шіріп жатсаң обалың жоқ. Мені бір ғарып мүскін көресің бе, үкіметке барам, қорғайды. Төбеңнен жасыл ойнатам, ұрлығыңды, былығыңды, шылығыңды жайып салып жариялауға қуатым жетеді, үкіметтің жауы десем бүгінің көп болады... Жарбиып жатып түрмеде шірисің. Тоян жағы қарысып қалғандай үн-түнсіз қыжырайып, ішінен бәріне виновать вино деп қатесін мойындап қорғалап тынды. Біраз мүдірді. Қилаштың ашуы тарқады-ау, деп өзінше

шамалап, ебін тауып жылы сөзге шақырып: – Апа, айып-тымын... бүгін тәуір үйді босатып қоямын, соған көшіп алыңыз, – деп мықырайған күйі арсыз ісінен ақталғысы келді. Сөйтіп, Жәкеш кілтшімен бәстесіп жеңіске жетті. Бірақ, елдің дуалы аузында аңызға айналғандай болып «Жеті аяқ Жәкеш» деген лақап ат қанша жылдар өтседе сақталып қалды. Есенинше: “Келелі ақыл алғың келе ме? Еліңді ізде! Тапсаң-хансың, таппасаң-құйыршық итсің – депті. Міне, Отансыз, туған жерін ойламайтын пендеде кісілік жоқ, деген осы. Қазақ өзінің сүйегін туыстық қорымда қалуы, жаныма жайсыз адам түспесе екен, деп тілегенінде гөп бар.. Демек, құлық, сұмдықтан сақтанатын ақыл, парасаттылық туған жерде нетүрлі оқиғалармен сабақтасып жатады. Елдің өткен, кеткен тарихының жақсылығы жарық жұлдыз, жамандығы қара түнек. Ақылмен айыра білсең адаспайсың... деп өткенін ойлап, шүкірлігін бүгінгіге жарастырған дейді. Тірліктің тпалай сынынан өткен, көкірегінде әр кезеңнің оқиғасын сақтап, жасы үлкейген Жәкеш тордағы торғайына жемін беріп ескі кілемше үстіндегі құс жастыққа жантайып жата бергені сол еді, баяғы бастықтың Қыдың есімді жүдеу немересі кіріп келді де түйеден түскендей:» Бірден айтарым жәй, күйіңіз қалай, өзіңізге әдейі сәлем беруге арнайы келдім, -деп дүр етті. -Онша емес, әкең барған жерге әкететін шығар дәм таусылса. Әлгі Жыржанды ағаш атқа мінгізіп» Барсакелмеске» арулап жіберіп, енді елегізіп жұртта қалғандай жүдеп, жадап жетімсіреп, сөйлесетін адам таппай жалғызсырап отырмын, -деді. -Несіне жалғызсырайсыз, елде азда болса, ағайын туыс бар, туысы бірдің уысы бір, жиын, түрлі тойы, жиылысы ортақ, ел іші бірлікті, танытпайды ірілікті, өнегесі ұйысты қадірлейміз туысты, дейтініңді өнегелеп мақтанатының қайда? -Е, жігітім, табалдырықтан асқан тау жоқ, ағайыннан асқан жау жоқ» деп құғын, сүргін аштық зұлматындағы сөзді айтқанбыз. Бұрын Тоян бастығымыз әркімнің басқан ізін аңдып тұрып шөп шаншып, миыңды шақса жорта қуандық., оның өзі жақсы, бүгінгі бай туыс уысын ұстатар ма?Тірі болсын, жетім, жесірді, әлсізді қамқорлығына

алатын күні болсын. Шет елге қашпай өзімізде ірі болсын. Бәрінен бұрын жылдасым Жаржанды жоқтап... -Жаржанмен жетісіне бір рет жағаласып, ұрысып төбелеспесең бойыңа ас сіңбейтіндей еді, енді несіне сағынасың.

-Е, ақылсыз неме, Жаржан түгелі сенің атаңмен айқасқан күндерді де армандап есіме аламын, кектеніп емес. Тебісіп жатсаңда теңің болсын демей ме? Мен енді кіммен шайқасып, күш сынасып, арпалысып, бойдағы қайратымды айбатымды кімге білдіремін. Заманың озғасын, қайратыңнан айырылып, санаң тозғасын несі қызық. Бұрын арлы болдық, ақылдан да жарлы болмадық. Ол дәурен келмеске кетті. Енді о дүниеден хабар жеткен күні кетеміз, атаңа айтатын сәлемің болса осы бастан қағазға түсіріп қолыма ұстатып қой. -Ата сізді әлі күнге кейбіреу жеті аяқ дейді, су соғар дейді, онысы несі? -Оны атаңнан сұра, әлемдегі кейбір ғалымдар о дүниедегі адамдармен телефон арқылы сөйлесіп ғаламат жаңалық ашып жатыр ғой. Оған күлесің, біздің аталарымыз бабаларымен түсі арқылы жер бітіп, су аққалы мәлімет алып жүргенін қайдан білсін. Демек, атаң түсіңе енсе қылқылдап сұра, Жәкештің лақап атқа қалай ие болғанының шындығын айт де?! Айтады әлгі сусоғар ма, жеті аяқ Жәкеш пе деп... тірлікте орындалмаған кегі қалып, соған шөлдесе сусынды кім берер дейсің. Өзірәйіл еңсесін басса, жаратқанның үкімінен ақтап алу да қиын болар. Шіркін, күнәсін азырқанбай арқалап еді, не күйде екен, ө?

-Өзіңізде күнәсіз емес шығарсыз, құлдық ұрып, табындың ғой, -деді Қыдың біртүрлі намыстанғандай сыңай танытып.

-Әрине, ашу, кекті іште тұншықтырып, шындықты тура айта алмай, түнек тірлікте залымдардың алдында құрша жорғалап жан сауғалағандық кісілік антты бұзғанмен бірдей болуы да мүмкін-ді. Басқасы басқа аштан қырылғандардың сүйегін ит-құс мүжіп жатқанда үстемдіктен болған ажалды бетіне баттатып айта алмаудан ауыр күнә болар деймісің.

-Ата өмір сапарларың қан кешумен тынды, бүгінгі ұрпақ білуге аңсайды шындықты.

-Атаң көп құпияны біліп өзімен бірге қабіріне әкетті. Үрейдің рахатын көргендер сөйтеді. Жасырған қылмыстардың оған енді пайдасы жоқ, о дүниеде қабірім жақын болса немерең Қыдың құпия қырғындарды сұрап жатыр деп айтармын, -деді де Жәкеш мұңға толы жанарын» Күншалған» туынан шашырап аспанға түсе бастаған күн сәулесіне аударды. Қара түнек қараңғылықтан безініп шыққан сәуле тау басынан адасып қалғандай әр жерге шашылып жатты. Шамасы жер үсті әлсіздердің қаны төгілуден құр емес. Опасыздық, сұм-сұрқиялық, қанішерлікті ойламаса бола ма? Қарттың кірсіз жүрегі, жұмыр жерде мінсіз тазалықты тілеседі, жауыздар селт етер деймісің...

Ержігіт өмірде зарлап өткен талайлар, қасірет мұңын кім ұмытар қалайда? деп Қазақ елінің еркіндігінің қамалы берік болуын тілеп сұрапыл соғыс жылдарының оқиғаларынан естігеніне бөлекше тоқталды. Т ұ т қ ы н -Қызылқоға өңірінен нендей өзгеріс көрдің, -деді Сансызбай сабырлы қалпын сақтап. Елге, жерге, адамдарға құрмет көрсетуі ерекше, өткен, кеткен өмірдің жақсылықтарын білуге құштарлығына көзім жеткен оған: -Райымның жолы оңғарылып бабаларының туған жерімен кеңінен танысты, көкірегін қуаныш кернеп, азаматтық борышын өтеді. Ескі сүрлеу жолда талай өмір хикаясы бар ғой. Түрлі ойлар билейді. Сағым сыртынан тарих оқығандай боласың. Бердештің Түрбегінің әулиелік көзқарасы, сонау Бекет атадан бергі ұлылық жолдың тамыр тартуынан хабар береді. Білгің келіп әрекеттенесің. Шым-шымдап ашыла түседі. Соған қуанасың... -Е, Бекет ата мектебінен түлеген Хасан қазіреттің мешітінің орынын, басына қауіп төнгенде көмген араби кітаптарын екі жыл дем алысымда бел баласы Ахметбек екеуіміз шарқ ұрып іздегенбіз, таппадық. Әулиелік адам өмірін сақтаудың дауасы да, дұғасы да Хасан қазіреттің бойында болыпты, -деп Сансызбай оның ұлы Ахметбек көп пікір айтатынын меңзеді. «Аты аңызға айналған Хасан қазіреттің жақсылық шапағаты Күнбаев әулеті, оның замандастарына дарыған шығар. Әлемнің мұсылмандары алдында Қызылқоға өңірінен

шығып ағылшын тілінде тұңғыш рет философиялық ой толғаған Хасан қазірет екен. Заманында бірнеше ұлттың тілін білген, Әбунасыр Әл-Фарраби, Қожа Ахмет Иассауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Абай Құнанбаев және басқаларының ұлылығы, мәңгі өлмес шығармалары ислам өркениеті арқылы ашылғаны белгілі. Хасан қазіреттің елге қалдырған ісінің маңызы діни білгірлігінде болғаны анық» .

* * *

Ахматбек аман, саулықтан кейін сәл бөгеліп қалды. Әдетте көлденең көк атты күліп отырып, ашық сырла-сып отырып шатағын тастап, тұнық суды лайлағандай қапаландыратынын талай көрген. Өмірінде өліп көрген жоқ, өлімшіліктің небір зұлымдық түрін бастан кешірді. Өкінішіс қалың. Көкірегін қысып тынысын тарылтады. Кіжінеді, бәрі дәрменсіз. Кекті көңілі ештеңеге көншімейді, қанша аласұрсада мәнсіздікпен тынады. Қылаусыз көңіл, адал ниеттінің аздығын біледі. Сәл үнсіздігі содан болар. Кісіні зерттеу қасиеттілігі өмір көргендігі. Күле кіріп, күңірене шыққаннан сақтан дегенді есінен шығармағандығы. Бозбала кезінде әкесін тұтқындаушылар:» өзіміз ғой, есік аш?» деп келген қару, жарағын асынып. Сол үрей есте. Ахматбек қойын дәптерін ұсынды. «Мені өлім қорқыта алмайды, менің ақындық және адамдық рухым менің опасыз денемнен әлдеқашан бөлініп кеткен. Ол анда, менің кітаптарымның беттерінде, әрбір жолдарында қалды. Ал мұнда менің өлі қабығым, тұлыбым, көлеңкем, -деген Мағжан Жұмабаев сөзі жазылған Оның ойлы жүзіне қарап отырып, шынында елге өлі қабығыңыз келді ме?-деп сұрауға болар еді. Сексеннен асса да тым ширақ, өзін қазақи тәртіпте ұстай білетін, еңсесі түсіп езілмеген, қартпын деп қақалып, пашалуы сезілмеген оның әңгімесін ұрпақ алдында шындығын айтудан бастауды өтіндім. Мағжанның сөзі қанына сіңгенін түсінген шығарсың. Ахматбек өлім зауытын көрді. Адамның сүйегі, еті, терісін пеште өртеп қорғасын

құйып жатқан, бас сүйегінен түрлі бұйым істеп, өлекседен бөлініп шығатын газдан граната жасап соғыс өндірісіне пайдаланған фашистік зұлматты көзімен көргендердің бірі болғасын меңзегенімді ұғынып, шындықты жаны қалайтыны, оның тым ащылығын білетіні, соны айтуға көбіне жүрексінетіні байқалды. Бірақ, қанағаты да өмірбаяны болғасын күмілжімей сөз тұрқын зымырап өткен жастығынан бастады. Бірақ құлазыған көкірегі сергіген жоқ.

-Туған жерім Қызылқоға, әкемнің оншақты сиыры, оншақты түйесі бар-тын. Кәсібі молдалық еді. 1901 жылы Бұқар қаласындағы Жоғарғы Діни оқу орынын бітіріп, араб философиясын меңгерген. діни ағартушы, қайраткер атанған. Қызылқоға, Ойыл тіпті Батыс қазақстан өңіріне білім шырағын жағушылардың алғашқысы, адами тәрбиенің құндылығына үйреткен ұстаз, -деп бір күрсініп алды. Әкесі Хасан қазірет тарихы ұмытылғандай болғанына өкінеді ме?Бұл мыңдардың, миллиондардың өкініші, бүгінгі арақ» соғысының» діннен безгендердің қалың қасіреті.

-Кеңес үкіметі дін адамы десе әзірәйілді көргендей, мемлекетті құлататындай қатал жыртқыштықпен жазалай бастады. Әкеңіз сол зұлымдықтың азабын тартқан шығар? -Ол бөлек әңгіме, өкініштісі ұрпағына да оңай тимеді ғой. Сырттай жылмиып монтансығандар ізімізді бақты, нетүрлі пөлесін жапты, шынжыр бұғаудан құтылып көр, -деп Ахметбек әңгіме бетін бұрғысы келді де: «Әкем Қызылқоға мешітін ашып бала оқытқан. Дін сірәда ұрпақты тазалыққа, басқасын айтпағанда өтірік, өсек, сұм, сұрқиялық, басбұзарлық, түрлі қиянаттан аулақ болуға тәрбиелейді. Оны Кеңес үкіметінің мұндарлары түсінбеді. Жаулвыққа жорып сығырая қарады, қара мылтығын кезенді. -Неге түсінсін, дін-қараңғы ін, қайғы-мұң деп саясаттандырып шулатып жатса. Сөйтіп, Хасан қазіретті Атырау түрмесінде ұстап, одан соң босатып, қылмыс құрсауын алыстан құрып жатпай ма? Тәркілеуге де іліктіреді. Ақтау қағазында бай деп көрсетілмеген, салық төлемеген деп айыптау бар. Ақырында Ойылға жер

аударады. Алғашқы үкім осылай кесіледі. Кісі көзіне жауаңдап қылмыскердей абыржу, үрейлену жанға батты. -Әкемнің бай кітапханасы бар еді. Мен естияр баламын, сол кітаптарды арбаға тиеп апарып таса жерге көмдік. Мал, мүлікті, үкімет белсенділері сыпырып алды. Сосын Көкжарға мүсәпірлік жағдайда көшіп келдік. Жанұяда тоғыз баламыз. Күнкөріс қиындады. Ауыртпалық, азық, түлік жоқтың қасы. Бір, екі сиырдың сүті асырады. Мүсіркейтін елде күйсіз. Үй-жәй шаруасын тығырыққа тірегесін, жылы орыннан бездіргесін абыржу, қорқыныш байқалмай тұрмайды. Көңіл жарым, ілгері үміт әлсіз. Үнемі жүзі жұмсақ, жаны жайдары жүретін әкемнің мінезі күрт өзгерді. Тірліктің қатал сыны өз алдына кітаптарын жерге көмгенде көзіне жас үйіріліп, бүкіл ақыл-есінен айырылғандай сүлесоқ күй кешкен-ді. Ұлт имандылығы, мейірі, ақыл, есін жоғалтқандай ойқанды. Жер шұқып, бар бақыты қайтып, мақсат-мүддесі, қуанышы, көңіл жұбанышы таусылғандай селсоқтанды. Қылта тірлікте қылқынғандай өзек жара өкінді. Білімді шын құрметтеуді сол әке мінезінен көрдім, -деп Ахметбек алыста қалған жылдардан мағұлмат бергендей болды. -Дұшпандары тасадан сынап қарап өзіне сол керек деп әдейі кекетуі де мүмкін ғой. -Кім білсін, бас қайғы болған тұста және балалықпен көп нәрсені байқамадық. Әйтеуір әкенің іштен тынып соншалық қайғылануын ғана аяп, ақырында Ойылға келгесінде бұрынғы бақытты өмірді жоғалтқандай аштық апшыны қуырды. Аштықта інім, екі қарындасым дүние салды. Терезеден батып бара жатқан күнге әкем үнсіз қарап бақытсыздықтың себебін ойлай ма, әлде өмір сүруге ықыласы жоқтай күй кеше ме?Құпия толқуын ажырату жұмбақ еді. Рухы жүдеп, мәнсіздікке жорыса да, ұрпағы үшін қабағын түйген күйі біраз тұнжырап: -Бір реті болар, ақырының қайырын күтелік, қаншама қаталдықтың да бір рахымшылығы кездесер, -дейтін күбірлеп. «Өмір сүруге құмар, адамдармен сөйлесуді жаны қалайтын, Стамбул, Ресей қалаларынан газет, журналдарды алдырып үзбей оқитын Хасан қазірет басына үйірілген қайғының уын жұтып ертеңіне сенімді

жоғалта бастаған тұста» отыз жеті» ойраны да бұрқ ете түсті. Жан сырын сыртқа шығарудан қалып тұйықтық па, жасқанып үрейлену ме, жанұяда ашылып сөйлеуді қойды» . -Сол бір қарғыс атқан түн, -деп Ахметбек сөзін сабақтады:- Қара киімділер үйге қару, жарағын асынып сұсты жүзімен тіріні қуырып кіріп келген-ді. -Сіз тұтқынсыз. -Үкімет жауы, деп аузы, мұрыны қисаймай сөйлеп тұрған өзіміздің қазақтың шен-шекпенділері. -Қазіргі заманда Ленинді, оның ұстаздары Маркс пен Энгельсті пайғамбар деп айтуға болады, -деп халыққа түсінік бергенімнен жазықтымын ба?-деді Хасан қазірет. Еңсесі биіктігі, білгірлігі, азап алдында жүні де жығылмағаны әулиелігі, небір қаскөйлікке қарсы шыдас беруі қазақи ұлылықтың қанында сақталуы еді. Оны саясаттың жалдаптары ұқсын ба? Итаршыға сөзі де шығын еді. -Пайғамбар деген дін сөзі, көсем деуге аузың келіспеді ме?-деп қарасұр шәргілдік шәңк етті. -Міне, діни кітаптар, -деп екіншісі үй ішінің астан-кестенін шығарып өлермендене тінтіп жатты. «Шырағым ана кітапқа тиіспе, 1359 жылы Ахмед Хорезмидің» Махаббат кітабы» деп әкем қызыл жағалының қолына жармасып еді. Анау бетбақтырмай:» Дін насихаты, деп әкемді өңменінен итерді. Содан соң алтын, күмістен істелген зергерлік бұйымдарды төсіне тыққылап, ұлттық өрнек бар, деп жымысқыланды. Олжалау мен зұлымдықтың өктем үні. Мұншалық зәбір, қорлау балалардың жүрегіне қатты әсер етіп, қорқыныш үрей, түн атасына шошу, ондай өксікті басу қайда?Жауыз адамдардың мүлде күтпеген жерден қасірет төндіретінін кім ұмытады. Қабірге бірге кететін қайғы. Әсіресе, ағайынның өктемдігі естен шығар ма? -Әкем кетерінде ұлым жақсы оқы, адам бол, адалдығыңнан жазба, деді. Сосын бір дұғалық қағазды беріп, бас киіміңе ұқсатып тігіп ал, аман жүресің деді. Білім төзім, адамдық... Сол жан түршігерлік минуттар Ахметбектің өмірге көзқарасын қатты өзгертеді. Саясаттан адамгершілік, жақсылық күтпейді. Басқасын айтпағанда адамдығын сақтау қиынға түсетінін байқайды. Зұлымдық болатты да сындырып, темірді де тоздырып, шегіршін ағашты тамырынан қопарып жатқандай еді. Өңкей сүргін, пәле өрбіту,

қисынсыз жала, ел басына төнген қатерлі кезде Күнбаев әулеті де бұтаға қонған торғайдай пана іздеп тұс-тұсқа босып кетті. Бірін бай десе, екіншісін діндар деді, орташаларды да тықсырып басымен қайғы етіп жатты. Аштықта қырылғаннан қалған халық қара мылтықтың қарауылына ілініп, Қызылқоға, Ойыл өңірі, бүкіл қазақ даласы қан түкіріп жатты... * * * Өлімшілік күндер, шерменде жылдар. Қара жамылдырған уақыт ауыр өтті. Ахметбек жүрегінде әкеге берген анттай уәде бар. Тойынып ас ішпесе де, бүтін киім кимесе де, жоқтық қуалай соғып қуырса да әкеаманатынорындауға белдібекембұған. Ойылдықтардың көбісі басымен қайғы. Ессіз кезеңде Ахметбек әкесінің атын өзгертуге мәжбүр болды. Өйткені, амандықтарыңды ақылмен сақта деген әке сөзі бар... Жалған дүние өтерінде шындық бар, жақсыда да мұңдық бар, дауылдан кейін тымық бар. Сәнсізде де сән бар, көркөкіректе де ән бар, тіршілік түбі сұраулы, есебі жұмбақ мән бар. Көріксізде көрік бар, адамдықта да жамандық бар, күлдіре білген өмір, жылататынын ұмыт па? Жауыздық ойлы жанын Аллаға тапсыра алмай жатады. Қиянат о дүниеге кетпей азабы жанына батады. Сол қанішерлер мен зұлымдарда ұрпақ қалған жоқ. Соның өзі жаратқанның жазасы. Қиянаткердің азабы о дүниеде артады. Кеңшілік көрген тірлігің, кейде жаман жолға тартады. Не нәрсенің де қайырын тілеген атамыз. Қаскүнемге берген теріс батаны. Күншіл болса ағайын, қабырғаны қақыратады. Бөрімізде наданбыз. «Атымды адам қойған соң, қалай надан болайын» деп Абай да зарлап өткен. Тілеп алып жүреміз-ау кейде азаптану шатағын. Кешірімсіз надан кісі қанын жүктеген, дүние, мүлкіне зорлық жасап үптеген. Қара жүрек адамдар, толып жүрді қанжұтпалы кезеңде. Өкімет кедей, шаруалардыкі, деп өршілену өрттей орып жатты. Абайдың:» Өршілдікпен лағнетке болған душар» деген қайғылы кезеңі басқа жарымаған қазақтың басын да алды. Өсер елдің ұрпағы аман қалсын демей бозөкпе жасын да қыршынан қиып кетті. Соның бәрін Ахметбек замандастары көзімен көрді. Шерлі көкірек қайғыны көтерді. «Өр қасіреттің өз жұбанышы бар» . Адамда сан жетпес шығын,

Кім ұмытар қырғынды жылын. Тиынға тұрмаған құның. Қасірет толы кезенді айтып, Үзіле жаздайды жұлын. Әлі де жер басып жүр, Қарақшы, соғысшыл зұлым... десем Ахметбектің жан азабын жеңілдете алармын ба? Кеткен келмеді, өлген тірілмеді. Оның жүзінен сексен алтыға келседе қасірет, қайғының азабы көрініп тұрғандай еді. Рух мықтылығы өжеттікпен тамыр тартып, зерделі ойы басын аман сақтағанын танытады. Кісілік келбеті жоғалмаған. Ойыл орта мектебінің бірінші түлегі екенін айтты. Бірге оқыған замандастарын мақтанышпен еске алды. Андріов, Сәлиев, Қабдешов төртеуі алтын меделға ие болыпты. Мұндай жетістік мектеп тарихында кездесе бермеген. Кейінгі жылы Қуатов Ғабдолдар үздік оқығаны, сол кездегі жастардың білімге ерен құмарлығын мысалдады. -Сәлиев деген досым ойшыл, қиын есептерді тез шығаратын-ды. Ленинградтан Кировтың өліміне байланысты жер ауып жазаланғандар келген ұстазымыз оған: «болжау құдіреті» дейтін. Фазыл Андріов адамгершілігі мол, ойлы, парасатты мықты спортшы еді. Данил деген досымыз да ешкімді жатырқамайтын. Анасы атақты пионис, әкесі ұстаздық етті. Елазаровтар Ойылға салт басты, сабау қамшылы дегендей дымсыз, дүние, мүліксіз, киімі де жұтаң келген-ді.. Бар жиған байлығы төркіленген. Әйтеуір, үйі толған кітап еді. Осылар елін, жерін, байлығынан айырылып, қылмыскер атанып, намысына өшпес таңба қапасын салғанға өкінішін білдіре бермейтін-ді. Қайта батыл, өмір сүруге іңкәр, қазақша тез меңгеріп, бәрін жеңеміз деген сенімді білдіретін-ді. Сары уайым байқалмайды. Үстемдік алдында пыштай болмаған, еркін. Ауырлық қажыта алмаған. Ойылда ешкімді танымаса да, кейбіреулер салқын қабақ танытса да, өздерінің қара ниетті еместігін, адалдығын, кінәсіздығын білдіретін еді. Жұрттың пышпыштаған қаңқуын Ахметбектің жанұясы да құлаққа ілген жоқ. Көкірекке ұйыған дін ғылымымен рухтанып өмір сүру жолында батылдық танытты. Дүлей күш сағын сындыра алмады. -Данил Василеевич, -деп Ахметбек сөзін жалғады. -Бірге оқығасын кейде бізді үйіне апаратын еді. Сонда анасы Елазарова бар дәмін ұсынумен қатар үйіндегі

кітаптарын оқы деп беретін. Содан кітапқұмарлық басталып, жүректегі шемен шерді ұмытып, сілкіндік. Өкінішке орай Данил досымыз соғыста оққа ұшты. Ұстаздарымыз сол кезде аса мейірімді. Әсіресе, Ленинградтық Усова сабақ беру тәсіліне еркін еліктіріп, бір ауыз орысша білмейтін бізді тез орыс тілін меңгерттірді. Украинадан жер ауып келген К. Илдишев математикадан сабақ берді. Ғылымның зәулім биігіне шыққандай, әрбір тақырыбы жаңалыққа толы еді. Тәртіпті болуды қалайтын. Қазақтардың білімге алғырлығына қайран қалатынын айтатын-ды. Бірде Бақытжан онымен Мәскеуде кездесіпті. Сонда біздің аты, жөнімізді ұмытпай сұрағанын айтты. Ұстаздың адамгершілік құдіреті сол. Олар бізге сұрапыл жылдардың өзінде адамды қадірлеуді, өмірді қорғай білуге, тату болуға үйретіп, қанымызға сіңіріп тастады. Жүректегі қайғыны ұмытып, рухты қылаусыз тазақалпында сақтап, білімділігімен өзін биік ұстауға, білімге, ғылымның әр саласына берілуге қалыптастырды. Оныңыз қалай естен шығады. Замандастарымда Абай айтқан:» Санасыз ойсыз жарым ес, өз ойында-ар емес» дейтіндер болмағанына мақтанам. Ондай байлық ұстаздар арқылы санаға сіңді...

* * *

Айбар төккен жасырын саясатты көбіне жастық жігер ұмыттырады емес пе? Қабдеш пен Фазыл Саратовтағы жоғарғы оқу орнына, Ахметбек Қазақтың мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Оқы деген әке аманаты жүрегінде анттай еді. Студенттік қызулы шақ, білімге жан құмарлығы ерекше өскен тұста Ахметбек Кеңес Армиясы қатарына шақырылады. 1941 жылы Украинада әскери міндетті замандастарымен қатар орындап жүреді. Ақымақты да, бұзықты да тәртіптеп, тәрбиелейтін, Отан деген ұлы сезімді меншіктеген кез. Ахметбек артеллериядағы аса білгір шеберлігімен әскерилер арасында беделін өсіріп адалдығын, ұлттық намысының жоғарылығын танытса да әкесінің тұтқындық тағдыры жүрегінде құпия жататын

еді. Жүрек түпкірінде сағыныш үн бар, оқуға түскенін, азамат болғанын әкем көрсе қуанар еді, деген ой бар. Өзіңді ойлап жүргенде, Түсіме әке енбейсің. Ақ батаңды ақ жолға, Аманаттап бергейсің, -деп толғанғанда жауынгерлер үні: «Мұрат-мақсат ортақ» десетін-ді.

-Дұрыс екен. Коммунистік идея салтанаты.

-Жөн ғой, дескен құптағған сөздер, бәлкім ертең айттыла ма, жоқ па, беймәлім тағдырлы кезең еді. Ахметбек ешкіммен пікір таластырмайды. Айтысып шала бүлінбейді. Замандастарынан оқығаны да, әскери тәртіпті сақтауы да, тәлім, тәрбиесі де көрер көзге молдығы ерекше байқалып, жігерлі, қимылы, әскери жаттығудағы шеберлігі таңғаларлық болғасын шен-шекпенділерді де ойландыратын еді. Қазақи ұлттық жетістікке түсініп, Отандық борышты адал атқаратынына тілекшілер жетіп жататын-ды. Рухани тазалығына күмәнділер тергеп, тексергенде болар, оны Ахметбек біле бере ме? -1941 жылдың май айында таң ата бере» тревогамен» шырт ұйқыдан оятып казармамыздан алып шығып жолға бастады, -деп Ахметбек тарих парағын ақтара бастады:» Артеллерияшылар түгіне түсінбедік. Ақырында еліміздің Батыс шекарасына орнықтырды. Саясатшыларымыз соғыс болмайдыға әбден сенулі сияқты. Кейбіреуде шүбә да бар шығар. Арада уақыт өтіп жатты. Қаралы күн әлі есте. Командиріміз сасқалақтап, жыламсырағандай көзі жа-саурап жетіп келді. «Соғыс басталды, соғыс» дейді. Сол сөз жанымызға қандай ауыр, жанды езіп, зіл боп тиді. Соғыстың жауабы өлім мен өмірдің қырқысуы екені белгілі. Қырылуды айтпай-ақ түсінесің. Шегініс басталды, неге екені жұмбақ. Бақсақ бізді фашистер қоршап алыпты. Қоршаудың ішінде өліспей беріспей бір айдай арпалыстық. Оқ таусылды. Бұзып, жарып шығудың мүмкіндігі болмады ма, көмек келе ме, бәрі белгісіз. Бір күні полк командирі бәрімізді жинап:«Ертең жаудың қоршауын бұзып шығуға күш саламыз. Көмектің келетін түрі жоқ, -деді. Сөйтіп, таңғы бес-тен атыс басталды. Амал не, оқ таусылды. Қолдағы винтовкадан қайран жоқ. Қырылып қалдық, менің командирім беларус жігіті Стержинский еді, қарыны жарылып,

ішегі жерге ақтарылып түсіп ойбайлап жатыр. Дәрігерде оққа ұшқан екен, сол қырқысуда қырық шақты адам тірі қалыппыз. Содан полк командирі:-Менің соңғы сөзім, берік болыңдар, жеңіске жетеміз, тажал жау жеңіледі, -деді. Соның арасынша фашистер тірілерді тұтқындады. Шені барларды бөлек алып кетті, біздің қатарымызға мындаған қарапайым тұтқындарды әкеліп жатыр. Оқ тиіп әлсірегендерді фашистер көзімізше атып тастайды. Су жоқ, ашпыз, аптап кептіріп барады. Вагонға тиеді. Бес күннен кейін Польшаға әкелген. Маған 45980 деген қолыма номер берді. Біле беріңіз қанша мың адамдарды соғыстың алғашқы айларында фашистер тұтқындағанын. Фашистік лагерьде ас, су жоқ, нәрем алу, өңеш жібіту ғана бар. Тамаққа жақындасаң атып тастайды. Тәулік бойы жұмыс, тамақ кездесе қолымыз жеткені ұрлаймыз. Не басыңды ауыртайын өлімші күн, тағылық зәбір. Сөйтіп, желтоқсан айында: -Түкістандықтар тездетіп бөлек шығыңдар!-деді лагерь қожасы. Мұсылмандар ілініп, салынып бөліндік. Бәрімізді поезбен өкете барды. Екі-үш күннен кейін Польшаның тағы бір қаласына түсірді. Баракқа қамады, төсегіміз ағаштың ұнтақ жаңқасы, жамылғы жоқ. Монша көрмей аздық. Бес жүздей адамның тең жартысы осы жерде өлді. Біреу өлсе өзіміз көмеміз, қақаған қыс, жерде тоң бар, күрек ұстауға күш аз. 1942 жылдың көктеміне дейін өлік көмумен болдық, әрі фашистердің жұмысын атқарамыз. Тамақ іздеп фашистердің итіне таланып өлгендер қанша ма? Қашып шығуға талай оқталдық, темір тор, күзет, қабаған итер тырп еткізер ме?Арпалыс. Шықпаған жан бар. Көктемде ештеп тамақ бере бастады. Бірде ас ішіп отырып:-Соғысты кім бастайды осы?-деді бір тұтқын қалың қасіреттен ақыл, есі ауысқандығы байқалып.

-Соғысты қорқақ, әлсіз, адамның құбыжығы бастайды. Өзінше кісі еместігіне даңқ алу үшін қан төгеді, үрейлендіреді, -деді екіншісі:

-Соғыста әділдік бола ма? -Кісіні қыру, жазықсыз пендені өлтірудің қай жерінен әділдік іздейсің. Қорқақ жиркенішті, Гитлер соғысын әлемге үлгі етіп ұсынғысы келеді.

-Сталин ше?

-Құзғыннан жерін қорғайды. Осындай тұңғиық сырлы сөздер кейде айтылып қалады. Фашистер жүздеген, мыңдаған еврейлерді шалбарын шештіріп сүндеттелген болса бірден газкамерасында тобымен қамап шыңғыртып өртеп жатты. Қосақ арасында түсі ақшыл, көзі көк сүндеттелген мұсылмандар да өлім зауытында кеткенін Мұстафа Шоқай біліп, Гитлерге айтып тұтқын мұсылмандарды оқшауландырғанын олардың бірде-бірі білмейді. Бір күні Ахметбектің түсіне әкесі енді. «Шыда, төз, жаныңды сақта. Әкең етінен ет кескенде, денеме біз сұққылағандай, денемнің пышақпен тілгенде, басымды жарғанда да осалдық танытпадым. Мұстафа Шоқай бөрінің ақыры бар, төзім керек, болаттай беріктік керек, мойымау керек, езіліп, уайымдап, үргелектенбеу жаныңды сақтайды. Ұлтымызға қорқақтық жараспайды дегенін есіңде ұста?! -деп саусағының арасына ине шаншығаннан қаны сорғалап тұрғандай көрініс, сосын жар қабақ басында дұғасын оқығандай сағым арасында кете барды. Сол түсін жақсылыққа жорыды. Мұсылмандарды оқшаулауы Мұстафаның әсері ме дейін десе сөзі келіспейді. Еріні кеберсіп әлсіз жыбырлайды. Тұтқындық қорлыққа әбден жаншылып сілкінейін десе де дәрмені аз. Жұмысқа салады, тәуліктің жиырма сағатына дейін еңбек етеді. Тұтқындардың өлімі, жан түршігерлік азаптан аман қаламын деуі қиын-ды. -Фашистік лагерьде, -деді Ахметбек. «Өңкей мұсылмандар, Кеңес армиясының киімін өзгертіп, түрме киімімен алмастырды. Осы жерде Ойылдық Есқайыровты кездестіріп құшақтасып қатты қуандық, ажалдық ұмытып, өлсек дұға оқып жөнелтер деген жұбаныш ой ғой. Айлар, жылдар өтіп жатты. Тірі қалғандарымызды Италияға жеткізді. Бұл жерде аты, жөніміз, ұлтымыз, туған жеріміз туралы түрлі құжаттар толтырылды. Жорамалымыз өртүрлі, әрине тұтқындардың еңбегін одақтастарға құпия сатып, онда ауыр жұмысты атқартып өлімші етіп жататынын біліппіз бе? Әйтеуір, Италияда тамаққа тарықпадық. Уақыт, айлар, жылдар, тұтқынсың, тыныс тар, қашқың келеді,

дәрмен жоқ. Жұмыр жерде тұтқыннан артық бақытсыз жоқ шығар. Адам қандай ауырлықтада ажал алдында бәрібір өлгісі келмейді. Өзіне төніп тұрған өліммен арпалысады. Олай емей немене тік тұрып жан тапсырғандарды көресің. Арпалыс сол, тірі жүруді қиялдайды. Тұтқын да төтті ойға беріліп махаббатын тапқсы келеді. Ұрпақ өсіруді аңсайды. Бірде елшіліктен бе, КГБ-дан ба, әйтеуір жаны ашығансығандар келіп:

-Соғыс бітуге айналды, елге қайтыңдар, қираған қала, өртенген елді қалыпқа келтіруге жұмысшы күші керек, -деп қояды.

-Біз фашистердің концлагеріндегі өлімші тұтқынбыз, қашайық десек қаша алмай шыбын өте алмайтын темір қоршау, өлейік десек өле алмай, тірі өлік боп жүргенімізбен кім санасады, сатқынсың деп соттайды. Атады.

-Өлім жазасына бұйырады, -десе кейбірі сөзге араласып:-Біз соңғы оғымызға дейін атыстық, фашистерге өз еркімізбен берілген жоқпыз. Кінәміз қанша, қоршауда қалдық, құтқаратын көмек болмады. Осылай қанжұта айтса да біразы елге қайтуды ойлады. Туған, туысымен сағынысып бір көріп өлсек, ата-бабаның моласына жерленсек армансызбын, -деді. Жазмыштың бұйрығына ешбір дауа жоқ, Ахметбек, одан басқа жиырма адам елге қайтатын боп келісіп шешті де ағылшын кемесіне отырды. Жүрек туған жерді асыға күткендей. Отанымызға келгенде дүние есігін жаңа ашқандай болғанын айтарға сөз жетпес. Қуанышта шек болған жоқ. -Бірақ, -деді Ахметбек бір сәт тыныстап тағдыр соқпағы күтіп тұрғанын айтуға жүрексінгендей сыңай танытып. Зұлымдық атаулының шексіз екенін білдірді. Кеңестік түрмеге кемеден түскен бойда күтіп алды. Концлагерьден кемдігі жоқ, азап, тергеу, тексеру, көмір шахтасындағы ауыр жұмыс. Арада екі жыл өткесін Ахметбек ҚазГУ басшыларына хат жазып оқуын жалғастыруға лұқсат алады. Сөйтіп, түрмеден босанып Ойылға келеді. Сондағы көз жасының төгілгенін көрсең... Қуаныш ұзаққа бармай, қуғын-сүргін басталып кетеді. Күн демей, түн демей қызыл жағалы тергеп есін шығарады. Құрқылтайдың ұясындай шағын бөлмедегі

өкесіз жетім өскен, арып жүдеген іні, қарындастарымда зәре жоқ. Жыламсыраған қос қарашықтардағы қайғы, жүректеріндегі мұң өлең болып өрілетіндей еді. Әкенің зары өтті ғой, Қасірет, қайғы жетті ғой. Сталиндік қиқу саясат, Кәріге, жасқа епті ғой. Ашығып халқы қырылды, «Тазала жауды» депті ғой, Көздің жасын көлдетем, Надандар бізде көп екен. Жақыннан шықса жауыздық, Қатерлісі мол екен. Ошағының оты өшті, Алғыр ойлы талайдың. Иесіз қалған жұртына Қимай-қимай қараймын, Көз жасым кеуіп, Көзім ағарғанша жылайын, Тек қана тірлікке, Алладан медет сұрайын, -деп күңіренген бауырлар Ахметбек соғыстан келгенде өкесіндей тірек көріп еді. Сол тіректі де тентірете бастады. Тергеу әбден есін шығарды:

-Кәне, Нұрманов Кеңес үкіметін фашистерге қалай сатқың келді. Шпиондық топқа кімдер басшылық етті?-дейді Жансейітов білек түріп дүрдиіп.

-Соғыста екі-үш ай болдым, полкіміз қоршауда қырылып қалды. Қайдағы шпиондық топ... -Сен неге амансың? -Өлтіріп үлгере алмады. Полк командирінің жауабын оқыңыз?-деді Ахметбек зығырданы қайнап. -Мойында өзің алдымен шпиондық сұмдық әрекетінді, біз бәрібір зерттеп біліп отырмыз. Жазаң жеңілдейді, мойында?! -Нені, концлагерьде болғанымды ма?Ақырында Жансейітов шақыруын қойды. «Отанын сатқан опасыз» дегенге дәлел таба алмай шаршады дей көрмеңіз. Арада біраз уақыт өткесін бір қолын фашистердің жерінде қалдырып келген мүгедек ағамыз екеуімізді арнайы самолетпен Ақтөбеге әкетті. КГБ-ның кеңсесіне келдік. Өзін Тоқсанбаев деп таныстырғаннан кейін:-Қалай, келдіңдер ме, -деп бауырсырағандай үн қатты. -Тұтқындап әкеліп отыр ғой. -Е, солай ма, тіліңнің қыршаңқылығы бар, ә?Біз бала кезіңізден кім екендеріңді білеміз. Әкенді науырыз алдық, сендерді де науырызда алып отырмыз. Әскерден қашыпсыздар. Ол рас қой енді.. -Концлагерьден қашыпсыздар демейсіз бе? -Мұсылмандар бөлініп жаулық ойлағыларың келді. -Әскери құжаттарды қараңыз. Көп жағдай нақты көрсетілген. -Қылмыстан бас тартып, ештеңені мойындамауға әбден төселгенсіздер.

Ол білімді адамға дұрыс емес қой... Тұтқынның күні құрысын. Күндіз де үрей, түнде де үрей, ешкімді де сендіре алмайсың. Қуаныш жоқ, күлкі жоқ. Бойыңа ас батпайды. Ойласаң күнәң жоқ, сатқындық жоқ. Фашистердің қолына түскенше өзінді өзің атып тастамаған екенсің деп өкінесің. Соңғы оққа дейін жауға ат деген соң атасың. Әскери басшы бұйрығы қырқыс алаңында заң. Қарапайым жауынгер шынын айтқанда төртіпке бағынышты. Өйтпесе, фашистердің жаралыларды атып кетуі ештеңе емес, басын кесіп лақтырғанын көріп тұтқынға түсер ме еді. Адамдық сезімді жоғалтқан жыртқыштардың талай қорлығы аз дегендей Тоқсанбаевтың тергеу азабы жан шыдатар ма? Жоныңнан таспа тілгендей азап: -Бұлардың тіміскілігінің сұмдығын ағам қатты тартты. Жарымжандығына аяшылық білдірмей:» Сен білесің Мұстафа Шоқаймен әкең байланыс жасаған. Үйіңде болыпты, көзіңмен көрдің, не айтты, құлағыңмен естігеніңді айт?-деп соққыға жығып қорлық көрсеткен. Расында кейін сұрасам ағам Мұстафаны білмейді екен. Тарихи құжаттарда әкем Хасан 1917 жылы Мәскеуде өткен мұсылмандар съезінде Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқаймен ашық сөйлесіп, пікірлері ортақ болыпты. Оны кейін білдік қой. Содан тергеу біткесін Арқабаев Базардың, Шираев Бәшірдің түсінігі және соғыста қоршауға түскендіктің себебін көрсеткен құжаттар бар екен, бәрін оқып шықтым. Кінә жоқ, бәрі дәлелді. Ағайды соттатуға жалған жалалап жазғыштар» үкіметті жамандады, деген сықылды. Соғыстың басынан аяғына дейін қан кешіп келген ағама он жыл үкім шығарды. Өлгіндей жалалаушылар қанша жазықсыз адамға сатқындық жасады, шындықты іздесе бәрі табылар еді. Коммунистік басқыншылық әр мекеме түгелі, әр адамның ізін бағатын» жатып атарларының» өтірікті шындай етіп сұхитқандарының кесірінен талай арыстар көресіні көрді ғой. Және саясатымыз демократия дегенге күлкің келеді. Соғыс, қырғын, сатқындық демократиямен үш қайнаса сорпасы қосылмас... Ахметбек ауыр күрсінді. Итсілікпе тірлікті одан әрі ойлағысыда келмеді ма? АҚШ жұмыр жерде демократия орнатамыз деп Жапонияға

соғыстан кейін екі атом бомбасын тастап, 240 мың адамды қырды. Ұшқыштары Эноло Гей мен «маленький мальчик» жапон қаласына бомбасын тастаған капитан Гатанец не ойлады. Демократия мақсаты қырғын емес, тыныштық, адалдық, адамдық дей алды деймісің. Саясатқа ықтады. Амалсыз. Жұмыр жерде соғыс әлі тоқтаған жоқ, надандықтың ең сорақысы осығ. -Коммунистік қоғам нағыз әділ, біз демократтармыз, қылмысты ісіңізді шындыққа негіздеп тексердік, -деді тергеушілер. -Сонымен Сізге неше жыл үкім шығарды? -25 жыл, -деп Ахметбек буыны босағандай сыңай танытты. -Елге қай жылы оралдыңыз? -1956 жылы Хрущев заманында оралдым. -Түрмені қай жерде өткіздіңіз? -Қиыр Шығыста, тұтқындар жер қайысатындай, күнде параходпен тасып үлгере алмай жытты. Қорлық, зөбір. Тамақ жоқ, мазақ қылғандай тұздалған шабақ береді, сосын бір стақан су күндік қорек. Ұрып, соғудың айтары жоқ. Тамақ ішпей ашыққанда жағың қарысатынын, ауызың ашылса құрғайтынын, өңешің кебетінін фашистердің концлагерінде көріп едік, Колымда да талайдың ашығып өлген сүйегі шашылып қалды. Адам өлімнен қорықпайды. Жаныңды ине сұққылап шабақтағандай қорлықтан қорқады. Жарық сәулені қимай қиналады. Кейде рухтың мықтылығы ажалдан алып шығатынына сенеді екенсің. Рухы әлсіздер өзін-өзі өлтіруі де кездесті. Мұсылман тәртіп, тәрбиесінде Алла адамға өзі берген жанын өзі ғана алады деген ежелгі ұғым болғасын өзіңе қол сала алмайсың. Тұтқындардың байқағаным ажары сөніп, құқыл тартқан жүзі өлімге бет алса да жылағаны сирек шығар. Жылау түгелі күрсініп көп мүжіле бермейді, ермегі жұмыс, күн санау. Сосын бір-біріне қайырымшыл, татулығы достығы мықты, маған үйренгесін бе, әйтеуір тағдырластар солай көрінді. Бәрі де тірі қалуға тырысады. Титықтатқан ауырлыққа төзеді. Пайдасыз әрекет жоқ. Айта берсе түрме өмірі қаны сорғалаған, төбе шашыңды тік тұрғызар қасіреті қалың кітап қой. Елге келгесін де түсімде талай шошып оянатын едім. Әкемнің амандығыңды сақта, білімді бол деген өсиеті, дұғасы талай ажалдан сақтап қалды. Бірақ, әкем 1956 жылы түрмеде

көз жұмған екен, өлгеннен кейінгі ақтау қағазы өке болар ма? Ахметбек елге келгесін Мәскеу, Орал қалаларындағы жоғарғы оқу орындарын бітіріп ұстаздық жұмыспен зейнетке шыққан. Адалдығы, өнегесі биіктікпен рухы жасымаған оның өмірді жан-тәнімен жақсы көруі талай зұлымдыққа төздіргеніне қайран қаласың. Тірлігінің көбі қанжұтпа ақмылтық боранда өтсе де қажымағаны аруақ берген қайсар қайрат еді.



ҮРЕЙЛІ КЕЗЕН

-Билікке жөнсіз табынудың қандай екенін біліп жүрміз, саясатты терең түсінбей, ойы тайыз шатасып алданатындар бұл жалғанда аз ба? -деді Арыстан.

-Ойсыздың ойына бой алдырып елітудің өзі сөкет, зияны тас төбеден дейсің ғой. Бәрібір айбар, дүлей күш әлсізді бүрсең қақтырмай тұрмайды.

-Бағындырушы қара халықты басқарудың оңтайлы амалын қайтсе де табады. Мемлекеттік машинаны тасталқан етіп үлкен төңкеріс жасаған әрекетінің қатыгез қанды қырғыны, үлкен зобалаңын көзге елестетудің өзі қорқыныш қой, -деп Арыстан алыстан ой тартуды күткендей еді...

Рас, Ресей патшалағының билеп-төстеп, емін-еркіндіктің жұлымын қырыққан зарлы күндер өтіп, Қазан

революциясы халқымызды жарылқайды, деген үн қалың елдің үмітін оятты. Жұрт бейсаясат деген жоқ, ел-елдегі бишігештер атқа қонды. Лениндік партия жасасын!-деп жаңғырықтыра үн қатып биіктікке қол созғандардың мұралы болып жатты. Орынбор архивіндегі «Стапная правда» газеті саясат бағытынан талай сырды ақтарып тастады. 1921 жылғы 8 августа шыққан ВЦИК және СНК қаулысына сәйкес 1921 жылғы 14 ноябрьдегі НКВД-ның №448 инструкториясы бойынша бай, кулактардың мүлкін тәркілеп, жерін, түгел байлығын тартып алуды жүзеге асырған. Бай, кулактар бет-бетімен бас сауғалап қашып жатқан. Жаппай дау-жанжал, бетегеден биік, жусаннан аласа боп бұғып жүргендерін де аңдығандар алмай қоймаған кез-тін. 1922 жылдың 11 сентябрінде Бүкілқырғыздардың Советтік съезіне 500 делегат қатысса, олардың 157-і қазақ екен. Съезде аштыққа ұрынған адамдар саны 1. 213026 адам дегені 1921 жылдың декабріндегі есеп болса, 1922 жылдың январь айында ашыққан адамдар саны 1. 354197, февралда-1. 625386, март айында-1. 714327, апрелде-2. 305591 адам аштықтың қыл бұрауында екені айтылған. Ден саулық орындары бар болғаны-9392, дәрігерлер жетіспейді, індет етек алуда делінген. Франция территориясына тең Адай губерниясында 270000 халық есепте тұрады, оларға медициналық мүлдем көмек жоқ. «Стапная правда» газетінің 1922 жылдың 17 ноябрдегі санында:» 1917 жылы Орал губерниясында адам саны-482020 болса, 1922 жылғы аштық нәубетінен 247 457 адам қалған, 48, 8 пайызға азайған. Осы губернияда 1917 жылы мал саны-2 571 770 бас болса, 1922 жылы 307535 мал қалған, яғни малдың 88 пайызы шығын болған, мемлекетке етке өткізілген. Бөкей губерниясында 1920 жылы 400 мың мал болса, 1921 жылы-195000 мал қалған, аштықтан адам өлімі де көп. 1921 жылы осындай елдің күйзеліп аштыққа ұрынуына қарамастан 400 мың орыс эмигранты қоныстануға келген. 1922 жылы жетім қалған балалар саны 189 233 ке жетіп оларды орналастырып, өмірін сақтауда қиындықтар жетіп жатыр. Съезге қатысқан делегаттар 11450 соғыс, түрлі қақтығыстардан жараланған

мүгедектерді де қорғау, оларғы азық, түлік тауып берудің шаруасын айтқан. Тарих ғылымдарының кандидаты Зәкіратдин Байдосұлы 22-23 жылғы аштықта қазақ ұлты кем дегенде 800 мың халқынан айырлыды, деп дерек келтіреді. Бұны нақты дей алмаймыз.

ТАРИХ БЕТІНДЕГІ ҚАН

Ұлтымыздың ойшылдары, даналары, біліктілерінің қай-қайсы болмасын дербес мемлекет болуды, басқа республикалармен эконмикалық қатынас арқылы дамуды көздеп, сол жолда күрескендігі де белгілі. Олар қырғыз-қайсақ деген сөзден құтылып РКФСР құрамында болса да Қазақ Автономиялық КСР-ін құру мақсатында 1920 жылғы 26 тамыздағы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің декреті бойынша әкімшілік-аумақтық шекара, қаржы, техникалық құралдар, басқа да толып жатқан істер тетігі көрініп белгілі болған. Оған Т. Рысқұлов, С. Қожанов, А. Байтұрсынов және басқаларының құнды ұсыныстары, қосымшалар тапсырылған. Оған И. Сталин көнер ме? Американың түрлі штаттарының жай-жапсарын ойламайды деймісің. Егер Кеңес Одағына, бір партияға, бір ұлтқа негізделіп құрылмаса Лениндік идея да құр сөз болып жүзеге аспасы белгілі. Сондықтан Сталин ұлтшыл, солшыл, оңшыл деген сықылды саяси астар беріп басқыншылық тәртіпті нығайтпаса онсыз да мешеу елдер бет-бетімен түйе айдағандай болады деп түсінбеді деймісің. Сондықтан Сталин; «Қырғыз партия ұйымдары ұлттық саясат негіздерін жете меңгермеген және оны практикада бұрмалайды» деп бір тәртіптеп алса, 1923 жылы ГПУ-ға тапсырыста Алаш-Орданың қызметінде нендей шикілік барын тексеруді тапсырып тастамайды. Көсем айтты жүз пайыз орындалады. «Стапная крестьянская газетаның» 154 санында, 17 науырызда Орынбор қаласының облыстық съезінде: «...на съезде стоял вопрос о форме будущей власти. Комиссар г. Оренбурге Букейхан, призывал голосовать за конституционную монархию», деген сықылды мәліметтерден Сталин хабар-

дар емес дейсің бе? Сөйтіп, Кеңес Одағында 1927 жылдан қуғын, сүргін басталды да кетті. Онсыз да аштықтан еңсе көтермей, қырылып жатқан халықты түн ұйқысынан шошытатын үрей кезді. Ерлі, зайыптылар түнгі ұйқыға кетер алдында таңға тірі шығамыз ба, жоқ па, деген күмәнмен бақиласып жататын-ды. Тарих ғылымдарының кандидаты З. Байдосов 1922-23 жылғы аштықта қазақтардың 800 мың адамы қырылып қалды деуі, қандай деректен алса да, тым аз сықылды, деп жоғарыда айттық. Өйткені, ол кезде халық саны да нақты емес және далада босып, қырылып қалған адамды кім санап көмді дейсің. Сондықтан екі-үш жылға созылған аштықта кем дегенде екі миллион адам аштан өлген болуы әбден мүмкін деуге көз жеткізіп, нақты деректемеседе тарихи есеп солай.

« Степная правда » газетінің 1929 жылғы 48(255) санында Ресей соғыстарда халқының екіден бір бөлігінен айырылды, 1 миллион 700 мың адам өлді, 300 мың адам жараланды, 500 мың адам шет ел тұтқынында өлді. Германия 67 миллион халықтан 65 миллионға азайды, Австро-Венгерия 52 миллион халқынан 49 миллионға, Франция 39 миллионнан 35 миллионға азайды. Соғыстың үш жылында Англия, Франция, Германияда өлім 7, 11 пайызға өсіп тынды. Бірінші дүниежүзілік соғыс зардабы осындай болуымен қатар жер шарында испан тұмауы 12 миллион адамды жалмап кеткендігін газет жазады. Мұндай адам шығыны қазақ елінде де болды ғой. Испан тұмауы да талай қазақты ажалынан бұрын о дүниеге өкеткенін бабаларымздан қалған сөздер ыспаттайды. «Жылың тұман болсын, ауруың тұмау болсын» деп қарғаса, екінші:» Тұманның соңы жұт, тұмаудың соңы құрт» деп түйіндеген. Осындай аумалы, төкпелі кезде халық зарын шексе де тірілері болашақтан үмітін үзбеді. Кеңес үкіметі жарылқайды деген сенім мықты еді. Капиталистік қоғамнан көрген зәбірден түңіліп, буржуазиялық саясатқа жиркенішпен қарады. Оған дәлел газеттің 1929 жылғы 22 августағы санында М. Горькийдің: «Если вспыхнет война» мақаласында: «фашистердің» стальной шлем», «война родит героев», «бесстрашны» люди сықылды

Американың сақтандыру ұйымы 1913 жылы ұрланған мүлік үшін 2 миллион доллар төлесе, 1927 жылы 17 миллион доллар төлеген. Банды мен ұрыларды мұндай ынталандыру, мемлекеттің сақтандыру қоры арқылы қаржыландыру буржуазияға тиімді, әрі өте керек...» деген ойды білдіреді. Демек, кеңес үкіметі мұндай бандылар мен ұрыларға жол бермей, заңмен қатаң жазалайтынын санаға жеткізіп тұр. Газеттің 25 ноябрьдегі санында 33 кулактың зұлымдықпен 1000 пұты астықты халықтан жасырып ұрлап тығып қойған қоймасы табылғанын жазады. Демек, ұрлықпен күрес бастау алғанын оқушы түсінеді. Аштан өліп жатқандар обалымызға бай, кулактар қалып отыр деп ұғынады. Көп ретте өзі солай болғаны анық та шығар. Өмір, тіршілік, ғалам, бүкіл әлем де түрлі-түрлі өзгеріс бір елден екінші елдерге естіліп жаңарып, немесе азып, тозып жатпай ма? Кеңес Одағы бірегей біртұтас әділетті мемлекет атанып дүлегей айбарын әлімге танытқан тұста еркіндік аңсаған халықтың бас көтерулері жиі екенін газеттің хабарларынан білеміз. «Степная крестьянская газетінің» 1927 жылғы 30 августағы №142 санында электр столына отырғызылып өлім жазасына кесілген Ванцетидің ұлы Саккоға:» Сенің өкең қылмыскер емес, әлемдегі таңдаулы адамдардың бірі, еркіндік аңсаушы, адам құқын қорғауды заңдылықпен шешуді талап етуші. Өкеңнің адалдық жолындағы ісі жұмыр жердегі қорланушы халықты оятады! Сау болыңдар еркіндік аңсаушылар, сау болыңдар әйелім, балаларым, достарым!» Сакко да электр столына отырғызылып өлім жазасын тартады. 28 августа әлемнің түпкір-түпкірінде Сакко и Внцетидің жерленген күнінде ереуіл толқулары болғанын жазады. Олардың есімімен талай көшелер аталады. Еркіндік туын көтергендерді өлім жазасына кескендерге қарғыс айтылады. Газеттің осы санында СССР ЦИК-тің сессиясы 1927-1928 жылдың бюджетін қарап 6 миллиард 88 мың рубль қаржы бөлінеді. Бұл қаржы еркіндік аңсаған елдің қажетін өтеді ме, өтемеді ме, оны уақыт тарихтың қараңғы қойнауына жасырып тынған. Ақпарат құралдарындағы хабарларда Арал балық зауыты 500. 000 центнерден астам балық өндірілсе, оның

өнімі де аш, жалаңаштардың өмір, тірлігіне бұйырмай Отанға жөнелтіліп жатқан көрінеді. Жоғарыда Еділ бойынан қазақ еліне 23 миллион халықтың біразы жер аударуды Сталин бұйрығы екенін айттық. Оларға азық, түлік үй жағдайлары құпия тапсырыстармен нәтижелі қаралса, жергілікті жерлерде олар үстемдік етіп, тартып алу, тонау, түрлі ұрлық, зөбір көрсету байқалып жатқан. «Актюбинская правда» газетінің бір санында:» Жетіқара ауданының РПС мекемесінің бастығы Молчанов:» егер жұмыс істей алмасаң аштан өл, өлігіңді итіме жегізем!» деп қазақтарды қорлады депті. Шованизмдік көзқарас басқа жерлерде де байқалған. Аштық, зорлық, зомбылық, ар, намысты қорлау, өлімші ету, мазақ, түрлі жазалау сықылды дүмпуге шыдамаған халық наразылығы күшейтіп ақырында 1929-1932 жылдарда 372 көтеріліс болғаны аздап айтылады, бірақ толық зерттеліп, шындықты келер ұрпаққа ашық жеткізетін мезгіл жетті. Орыс тілділердің қазақ жеріне қоныс аударулары толассыз жүргізіліп отырғаны, мәселен Ақбұлақ ауданына 388 жанұя көшіп келісімен билікті қолдарына алып, шаруашылықтардың азық, түлігін мал, мүлкіне қожалық етіп жергілікті қазақтарды шеттете бастаған(ф. 13. оп. 2. 31 бет)Осындай қорлық ереуіл, көтеріліс туғызбай қайтеді. «Ұра берсең жылқы да шам шығарады» деп еркіндіктің нақты жолын аңсаған Сакко и Венцетидей көтерілістердің ұлттық көсемдері тарихымызға алтын әріптермен есімін жазуы керек еді. Қызыл жендеттердің жылтырақ саясатына малданғандармен, кесер кеңірдегі, орынтағын күйттеген күйкі күйбеңдер шындық айтуға батылы жетпей, қайта ұлттың даналары мен ұлы тұлғаларын түрмеге тоғытып, атып, тіпті тұқымына дейін біржола жойып жатты. Саясаты қарапайым халықты қолдау емес, қорлауға айналды. Оған дәлел 1920 жылы елден аластатылған Әлихан Бөкейханұлы, Жаһанша Досмұхамбетұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқайұлы және басқалары 47 адамға сот болып әртүрлі жаза алса, 1937-1938 жылдары» Алаштың» көш бастар көсемдері» Халық жауы» деп танылып атылып кетті. Халқымыздың Данасы Ахметті жоқтаған ақын Уәлі Беспақұлы:

...Айдарлым түсті азапқа,
Болатын тұтқа қазаққа.
Ахметке қол салу,
Көрсеткен бізге мазақ па?
Кетсем де белден тозағым,
Досыма қолды созамын?
Ахаң мен Жақаң айдалды,
Кімнен мен сірә озамын.
Өзіме-өзім оқ аттым,
Өсекті қардай бораттым.
Осылай жүріп мен сорлы,
Абыройымды тонаттым, -

деп зарлаған толғауы халық жадынан ұмытылар ма? Сталиндік зұлматты кешіре алар ма? Торғай екеш торғай да ұясын қорғайды, қорғанышынан айырылған ұяда не қалады. Жылан жатады өз інінен безінген. Ұяға қайтып келіп қонақтайтын құсты аңдиды. Жылпан ылаңы да құпия. Сол сықылды ессіздік, үрейлі, қорқақтық, сатқындық кеуделерге бір ұяласа одан еркіндікті, азаттық ойды, ақылды сұраудың өзі қиянат. «Жатып атар жалбаңбайым» деп іштен тынып күпіңді бүркеніп ажал қашан келер екенсің деп бүк түсіп жатасың. Халық аузында:» сужүректік... түбіңе сол жетеді, өлім, үрей-ағайынды екеуі» дегендей мәтелге айналған сөз қалды. Оны түсінгендер күрсінер, түсінбегенге бәрібір. 1931 жылы Батбаққара ауданында 46246 жанұя болған, тәркілеу, тартып алу дүрілдеген тұста қару асынғандардан дірілдегендер малдарын сойып етін жерге көміп, өзен, көлге тастап, қорқыныш, үреймен жаппай аштыққа өздері ұрынған. Оқтаусыз мылтықта атылады, деп, пышақты кезенбе деп, суық қару ұстамаған қарапайым халықтың ажалынан бұрын өлген адамдардың 1932 жылы 12884 адамы тірі қалғанын, олардың иелігінде бар болғаны 8597 мал барлығын аудан хатшысы Ибрагимов пен аудандық Кеңес басшысы Торғаев амалсыздықты айтып жұқарса, оны кім тыңдапты. Қарапайым есеке жүгінсек 46246 жанұяның әрқайсысында 4 адамнан болды дегенде, 184 874 адамның

аштан қырылғанынан қалғаны 12884 болса, ажалынан бұрын өлген 171 990 адамның обалы кімге? Қызыл жендеттерге ме? Бәрібір бір өлім деп, қайраты барлар көтеріліс жасамай қайтеді. Бұл бір аудандағы бір кезеңдегі қанды қырғын көрінісі болса, қазақ елінде қанша ауданда қаншама халық қырылғанын айтып жеткізу қиын шығар. Өйткені, шындық айту мылтықтың қарауылына іліндірген қауіп, қатерлі кезде әркімге жан тәтті. Бір күн болса да көрер жарықты қимау баршылық. «Кештік өмірің болса, түстік мал жи» деген қазақилық пиғыл және бар. (ф. 13. оп 2. 5 ақпан, 1933 ж) Социализм адамдарға жасалған қатыгез сынақ, ерте ме, кеш пе, капитализмге айналып соғар деушілер де табылған шығар, ертеңін болжайтын естілер болмады деймісің. Голощекиннің нұсқауымен Сталиннің келісімі бойынша 1930 жылы 20 ақпанда Орталық Комитеттің:» Экономикалық жағынан артта қалған ұлт аудандарындағы коллективтендіру және құлақтармен күрес туралы» қаулысын орындау мақсатында белсенділер жойқын зұлымдықты танытып, сүргінді бастаған. 1932 жылғы 7 тамызда Қазақстаннан қазақтарды тазарту үшін колхоз мүлкіне қол сұққан адам ату жазасына бұйырылатын болған. Мұны естіп үрейлендей, зәрең зәр түбіне кетпей көрсін. Қостанай ауданының» Қызыл-жар» ауылының кеңесі бастығы Жармұхамбетовтың жанұясы да көппен бірге аштық ұрынса, үрейлілік емей немене? Ал Шалқар ауданы хатшысының мына хаты:» Шалқар ауданының 18 ауылында 58 шаруа, 733 адам:» нан бер, тойындыр, жұмыс жасаймыз, егін егеміз!-деп отыр. Ауданға ВКП крайкомның және КСНҚ-ның 1931 жылғы қаулысы бола тұра ашыққандарға көмек азық жеткізу бес-алты айдан бері жеткізілген жоқ, -деген жазбаша хаты обком хатшысы Жармұхамбетовке, облисполком бастығы Ивановқа тіреп жазылыпты. (ф 85. оп 1, 41 іс, 32 ж) Мұндай зобалаңда, топалаң қырғында алдымен кісілігі мықты, ажалдан бұрын адалдығымды ойлайын дейтін елдегі жақсылар өледі. Қазақта:» қойшы мінген қасаңға, қазанат айғыр шаппайды» деп халықтың сүт бетіндегі қаймағындай болған ар-намысы биік ардақтыларынан айырылғасын,

сұм, сұрқия, жағымпаз, қорқақ, сатқын, қаскөй ойлы, өсекшіл ойсыз, есалаң ессіздер, дәрменсіз дәлдірлер көбейіп ұлттың қадірі кетем ме деп ойқанғандар да болған. Дағдарған елдің саналы адамдарымен қатар, бүйте берсе азғантай ұлттар жойылып кетер, деп те күмөнданбады деймісің. Көтерілістердің шығу себептерінің негізі қарнымның ашқаны емес, қадірдің қашқанына тұяқ серпердей ақырғы сұс көрсету сықылды болды ма? 1920 жылдары КГБ-ның қарамағындағы ғалымдар адам миындағы ақыл, есті, кісілікті жоюдың тәсілін тауып, тіпті адамның қабырғаларын титаннан жасатып сезімсіз, тас жүректікті құпия дайындап іске асырып жатты. Қылмысым жоқ деп еріскендерді ұрып, соғып әбден қажытып, одан соң химиялық қоспалы бір стақан су ішкізіп, тергеуші не айтса соны қайталап, қылмысы жоқ болса да қылмыскермін дейтіндей амалды да жүзеге асырды. Ал, ірі ғалым Иванов негір әйелінің жатынына маймылдың ұрығын жіберіп қол шоқпар, аяусыз адамды дүниеге әкелмектің жұмысымен айналысты. Мұның бәрі тек қана Кеңес одағы халықтарын ғана емес әлемді үрей арқылы өте жеңіл басқарудың жолдары, жоспарлары емес пе еді. Білікті ұлыларымыз қырғын себептерін болжап, одан құтылудың алғыр амалын таппай дал болғаны да анық.

Аштық қазақ елін бүтіндей қаусатып, үрерге ит, тігерге тұяқ қалдырмай жатқанын біле тұра Мәскеудің тапсырмасымен көшіп келушілер тоқтамаған. Ақбұлақ, Қостанай және басқа елді, мекендерге Ресейдің орта Волжский облысынан 3777 жанұя, былайша 13427 адам көшіп келген. Оларға бірден 3500 пұт астық бөліп беріліп, үй жағдайын да жан-жақты тауып орналастырған. (1932ж. ф. 13. оп1). Осы папкіде ағайынды Тынышбаевтар Тұрыстай, Жалмұрат, Бекмұраттар губернияның Адам ауданында тұрып, Орск қаласына көшіп кеткен байлар:» Қазақстан керек емес, қорлау, өлу, нетүрлі зәбірлеуге шыдамадық. Патша кезінде қалай жақсы тұрдық, Орскіде солай өмір сүреміз, -деген сөз қалдырыпты. Мал, мүлкін тәркілеуге үлгермедік, -деген ОГПУ бастығы Титов пен СПО бастығы Духовичтің қол қойып обкомға тапсырған мәліметі де, оған қоса Торғай ауданын-

да күніне 25 адам аштан өледі, Обаған ауданында-300 адам өледі, Бетбақара ауданында-585 адам, Семизорда-10-15 адам, Ойыл ауданында-181 адам аштан өлген, Меңдіқара ауданында екі айда-халқының елу пайызы ісіп, кеуіп кеткен, өлім алдында, -деген мәліметті де ОГПУ хатқа тіркеп көрсеткен. Азық көмегі жоқтығын айтқан. Мұндай хат, хабарлар Мәскеуге дейін жетіп жатқан. Бірақ, тым-тырыс, үнсіздік, аштықтың ылаңына тоқтау салып, көмек беруді Мәскеу қаперіне де алмаған. ОГПУ-дың шындықты айтып шала бүлінуі де саясаттың мың қатпар құлығы деуге саяды. Өйткені, ашыққандарға көмек көрсету үшін адамдар жіберіп, жай, күйді нақты анықтадық, бай, кулактардың зымияндық әрекеті бойынша қылмыскерлерді түрмеге жауып, шара қолданып жатырмыз, социализмнің адал ісін бүлдіргіштерге жол бермейміз, деуге керек деректер екені анық. Айта кетелік аштық 1934 жылға дейін тоқтамаған. (ф13. оп3. 1934, п. 11-20)» Ырғыз ауданында, деп жазады аудандық партия комитетінің секретары 120 адам аштан өлді. Екі жетім балар үйінде-470 бала, Ырғыз интернатында-300 бала бар. Оларды азық, түлік киіммен қамтуға жоспар бойынша 419039 рубль керек болса, алғанымыз 54372 рубль, тұрмыс ауыр, аш, жалаңаштыққа көмек жетпей жатыр... «1931 жылы, 13 ақпандағы» Стапная правда» газетінде жарияланғанын, Голощекиннің баяндамасында:... астық дайындау компаниясында республика бойынша 182 аудан жоспарларын орындай алмады. Ет өндіру майданында да кешірімсіз кемшіліктер жетерлік, 1 апрелден бастап 700 000 тонна ет дайындап Отанға жөнелтуге тиістіміз, -деп жатса революцияға дейін әр үйде 40-50 мал болса, кедейленіп аштық ауырлығын тартып, аман қалған үйлердің әрбірінде бірер бас мал қалғаны анық. Оны да белсенді тартып алмай тынбайды. Өл, тіріл ет өндіру жоспарын орындау керек...

КӨЗДЕН АҚҚАН ҚАНДЫ ЖАС

«Толып жүрген жер беті, тоғыз айдың перзенті» дегесін үлкені бар, кішісі бар, пенденің бәріде өмір сүргісі келеді.

Бірақ, түн қатып, түсі қашып жүрген қара машиналы» үштік» екі иығын жұлып жегендей арпалысып жоғарыдан түскен лимит бойынша адамдарды тұтқындауды тәулік бойы жүргізеді. Оныңыз жұрттың құлағына шалынып, тыныш ұйқыдан, күндіз күлкіден айырған, көзден аққан қанды жастың соңы ажалға ұласуда. Темір ауданына келген «үштік» Бибіқайша Жарасованың оншақты қойды өрістен айдап келе жатқанда күтпеген жерінен ұстады да тергеуге ала бастады: -Байдың тұқымы екенсің ғой.

-Қайдағы байды айтасың?

-Мұнша малды көріп тұрмыз.

-Көршілередің жандықтарын кезектесіп бағамыз. Бір сиыр, екі-үш қой асырап отыр, төрт-бес баланы әйтпесе өлтіріп аламыз ғой.

-Бай қайда?

-Түйе бағуға кеткен.

-Байдың түйсін бе?

-Өлген, о дүниеде түйе бақпай ма?

-Қырсық сөйлейді екенсіз.

-Шындық сөзді қырсық, қисыққа қалай болса, солай жоруға болады. Соншама тексерулерің қалай?

-Ауылдастарың байдың тұқымы дейді. Мойындайсыз ба?

-Өтірік айтатындардың аузы неге қисаймайды. Байдың тұқымы мал бағуды, бейнеттенуді қайдан білсін. Бай деп айыптағандарды қосақтап айдап кеткелі қашан. Пендені жөнсіз пәлелеуді маңдайымызға туғаннан жазып қойғанын ел арасындатіміскілеп, зерттеп жүрсіндер жатқа білетіндей болған шығарсыздар. Жарайды, панасыз сорлы балаларыма тамақ беремін. Басқа шаруаларың жоқ па?

-Тұтқынсыз, бұлтартпайтын дерек малың көп, өз сөзіңде бізді мал асырап отыр дедіңіз, үкіметке сенімсізсіз, мұндай жаулық сөзді ауылдастарыңа айтып жүргендігіңіз туралы абысындарыңның айтқан жазбаша қағазы және бар. Сөйтіп, Бибіқайша 1938 жылдың 10 тамызында үштіктіктің шешімімен жеті жыл бойы түрмеде отырады. 1945 жылы 24 қарашада жазасын орындап еліне оралады. Бағусыз қалған балаларының өлгені өліп, тірілерін бала-

лар үйінен сарсыла іздеп, көзінен аққан қанды жасты тиймай көкірегі күңіреніп жүріп өзер табады. Жиырма тоғыз жасынан түрмеге отырған ананың жеті жылғы азаптан шашы ағарып, аурумен де меңдей бастайды. Ауданның 12 ауылынан түрмеде бірге отырған Өтеш Жантасова, Қабылова Айша, Рызақия Қарлыбаева және басқалары үкіметке қарсы үгіт жүргізген айып тағылған. «Ананы от басында бала өсірудің бақытынан қалай айырасыңдар, мұндай жазықсыз жалалаған істеріңді Сталин білсе өзіңді де оңдырмайды» дегенде шен, шекпенділер ырқ-ырқ күліп:» Шаштарыңды талдап жұлып, оттай жайнаған көздеріңе ыстық темір басып күйдірсе де обалдарың жоқ, жайларыңа қарап отырмай қоғамды жамандап, өсек таратасыңдар, ауыздарыңды отқа тығар ма еді. Енді өтірік аһ ұрып, көзеріңнен жас төгесіңдер, бәрі жорта әрекеттерің, деп осылайша зәбірлеп сай-сүйекті шымырлатып, ұрып, соғып кетеді. Тұтқын әйелдердің көкірегінде бір-бірімен сыбарласып айтқан сөзінде:

-Ант атқандарды қандай ана туды екен.

-Зұлымдардың үні өшпес, сірә. -Балаларымызға аман, есен жетсек, -деп күнілгеріге үміт артып, күн сайынғы уақытты санаумен сана сарғаяды. Ауырып сырқаса тұтқындар бір-біріне елдердегі анттай сөзін айттып ұрпақтарын аманаттайды. Аналар түрменің ауыр жұмысына шыдап бағар-ау, жазықсыз жанның қорлығы, ұрпағына анаң сотталған деген қара күйенің қасіретінен қайтіп арылады. Үштіктің қоолына іліккеннің жақсылық тауып, жер бетінде еркін күліп, ойнап жүруі екіталай-тын. Анау-мынау емес үкіметтің саясатын мойындамаған, халық жауының тұқымдары деген сөз еттен өтіп, сүйекті мүжіп өмір-тірлікті талқандамай тынбасы анық. Кінәсыздан жазаланып, лимиттің санын толтырудың құрбаны болғандардың жан азабын тынымсыз тіміскілеп жүрген үштіктің сайран өміріне бөгет табылмасына тұтқын әйелдердің көзі жеткен-ді. Зұлымдарға жарық дүние көп-ау деп іштен тынады. Басқадай амалдары қанша?

ҚЫЗЫЛ КӨЙЛЕК

Көшелерде тірлік бар, ала көбеден басталған өмір, әркім әр түрлі шаруасына кіріспек. Қымыр қызыл зат көрсе ХХ ғасырдағы қазақ қыздарының басынантастамайтын қызыл орамалы елестейді. «Кеңес үкіметінің қызыл жалауы арқасында жан сақтап, бақытқа кенеліп жүрмін!» дудің белгісі. Түпкі ойы қуғын-сүргіннен аман қалуды ойлауы ма еді. Қызыл көйлек, қызыл орамал желмен желбіреп жеңісімізді әкеледі. Бостандықты баянды етеді. Сайран тірлік деген ырым талайлардың басында болса керек.

– Оны неге мысалдадың? Менің қызыл бояулы қоларбамнан ой өрбітіп тұрсың ба? Күн сайынғы қоқысты осы арба болмаса жинап тауыса алмас едім. Қан сорғыштар тұтынған затын автокөлігінің терезесінен де, жаяулар көшеде кетіп бара жатып та, арнаулы қалбырды көрсе де кез келген жерге лақтыра салады. Ақшасы төленген көше тазалайтын құлдар барын біледі, өзін де, өзгені де сыйлауға қаны ұйымайды, – деп қалды Тымыр.

– Менің айтпағым басқа, түбінде бір әулие келіп тазалықты реттейтін амалын табар. Адамдардың қаны қарайып жыртқышқа айналған кездегі тірлікте талай халықтың көрген зәбірі есіме түскені ғой. Қара түнекте қатып-семіп жүрсе де қызыл киім киіп қиын күннен қысылмай өтуді ойлағандар да болған, – деп Қымыр сөзін жалғады. – Италия жазушысы Джулио Виньели зұлмат жылдардың оқиғасын айтып көңілін босатып еді:» Мына саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешенінде біздің ұлттың да қыз-келіншектері болғанын көріп тұрмын. Жүздеген итальяндықтар 1942 жылдың 29 қаңтарында Керч қаласының НКВД-ның бұйрығымен әскери күш арқылы мал тиейтін вагонымен кете барды. Дүние-мүлкі тәркіленген. Азық-түлікті алдырмаған, біркиетін киім ғана бұйырғаны. Он вагонның әрбірінде 50 адамнан, олардың әрқайсысына 200 грамнан нан беріп жалаңаш-жалпы Отанын сатқандар делініп Қазақстанға жер аударылады. Күн сайын вагон ішінде адамдардың өлімі», – деп жазады.

Қуғын қастандығын көзімен көріп, басынан өткізген Бартоломео Еванджелис та:» Жанұямызда 11 адам едік, ұзақ жолда ашығып өлгенінен 5 адам тірі қалдық. Симне деген туысымыздың жанұясындағы жеті адамнан екеуі ғана тірі қалды. Өліктерді милициялар станцияларда түсіріп алады, оны жерледі ме, ит-құсқа жем етті ме, белгісіз. Адамдық қасиет жоқ. Екі айдай ас-сусыз жолда жүріп тірілеріміз наурыздың бесі күні қақаған аязда, алба-жұлба киіммен Атбасар ауданының» Заветы Ильича» кеңшарына келдік. Әуелі қазақ үйлеріне бөліп-бөліп орналастырды. Бір үзім нандарын бөліп жедік, киімдерімізді жамап бүтіндедік. Ұмытылмайтыны, олар бізді» жаусың» деген жоқ, адам деп сыйлады. Күндердің бір күнінде Атбасар қаласының НКВД басшылығы мені және ағайынды екі фин жігітін Керчтен, Липецкіден көшіріп әкелген Челябинің өндірісіне жұмысқа әкетті. Құрылыс алаңында 15 лагерьде 15 жастан 65 жасқа дейінгі 90 мың адам жұмыс істейді. Олар немістер, итальяндар, венгер, румын, поляк, фин, украин, белорустар еді. Тұтқындар зауыт құрылысында тәуліктегі он сегіз сағат бойы еңбек етіп, 1943 жылы мамыр айында болат өнімін шығарды. Киім тапшы. Тамақ – шіріген картоп, нан өлшеулі. Арып-ашыққанға неше түрлі ауру жабысады, күніне 10-12 адам өліп жатады, бәрін бір шұңқырға лақтыра салады. Зұлымдық жаныңнан бездіреді, ажал жақын екенін сездіреді, бірақ қорланып өлу қандай қиын? Тірлік үшін күресіп қыбыр-қыбыр жұмыс істейміз. Кәдімгі концлагерь. Бір камерада 130 адам, қырымыздан жатамыз, басқадай орын жоқ. Жұмыстан сәл босап кірпік іліндіре бергенде СССР НКВД-сының ерекше бөлімі тасырлатып ұрып-соғып жауап алады. Құтырынған қызыл жағаға құса болған жүрегіңмен жауап қатасың. Сұрайтыны:» Қалай үкіметтің жауы атандың? Шетелдегі ұйымдарыңда тағы кімдер бар?» деп қайталай беру. Сындырып мойында-ту. Ардың азабы да өткін, егер бізді бір жұмыс алаңынан басқасына ауыстырса кезекші офицер: «Передал 35 врагов Родины» десе, екіншісі:» Принял 35 врагов Родины» деген сөздеріне қаның қайнап, жаның түршігеді. Төбеңнен мұздай су құйғандай дірілдеп кетесің. Өз халқын жау

дегесін қалай шыдайсың және жаулық қылмысың болмаса төзесің бе? Тәсілі – үрей ұшыру, миын шатастырып есалаң ету. Ессіз адамға бәрі бір емес пе?

– Қимыл қырсыққа, жан алғыштық зәлімдікке толы, – деді өзегі өртенекінші жазушы Де Лерно опасыз күндеріне лағынет айтып сөзін жалғады. – Менің әкем Сам Марк Симоне Италиядағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысып 1870 жылдары Керч қаласына келіп қоныстанған. Бір қызығы, 100 жасқа келгенше үстінен қызыл көйлегін тастамады. Қызыл коммунистер – бостандық, еркіндік аңсап арпалысқандар. Мен соның мүшесімін дейтін. Қуғындалып ақырында Керчке тұрақтаған, бес қызы, бір ұлы болды. Ұлы Сергей 1935 жылы Италияға кеткен. Содан оралған жоқ. Ал қыздарының бірі Полина әкесіне ұқсап қызыл көйлек киіп жүріпті. 1941 жылы фашистер Керчті бомбалап, қырып-жойып, қаланы өртеп тірілерін атып жатады. Полина екі жарым жастағы қызымен көшеде келе жатқанда фашистер:» Юде! Юде!» – деп баланы тартып алып әйелді атпақ болғанда, Оля деген көршісі немісше:» Найн! Найн! Она – итальянка», – деп айқай салады. Фашист түсініп:» О, Гут! Гут! Италия – наши», – деп жөніне кетеді. Қаншама қызылмын деп қызыл көйлек кесе де 1942 жылы қала фашистерден тазарысымен бүкіл халық:» Сенімсіз ұлт, Отан жаулары!» – деп жер аударылады. Кейбір жанұяларда 2 200 рубльге шаққанда алтын қоры, дүние-мүлкі төркіленеді. Қарулылар үйлерінен азық-түлік алдырмай бірден жылатып-еңіретіп, мал тиейтін вагондарға тиеп қиырдан қиырға жөнелтеді. Жолшыбай өлім, барған жерде өлім, сорақысы сенімсіз, жау деген қиянат. – Сталинді қай ұлттың халқы ақтар екен? Концлагерь, азап, өлім, әр минутта ажал арнаған сұрқия саясат енді қайталанбасын, – деп мұңайды Италия жазушысы Джулио, – Алақай, өмір қызық! – деп еркінсі келген балаларға дейін лагерьде отырса, азап вагондарында бір үзім нан, бір жұтым су іше алмай аштан өлсе одан артық қылмыс бола ма? – Социализмді ұнатпаған қаскөй ойлы болғаны шындық шығар. Капиталистер неше түрлі жаулық жасағысы да келген болар. Қоғамда басы артық қырсығып

жүретіндер де аз ба? Оларды тазартпаса социализм тас-талқан болуы да мүмкін ғой. Сталин жанындағылар лыпыл қағып ақтардан, түрлі жаулардан тазартып жатырмыз деген жанындағы қаны қарайғандарға сенген де болар. Өзіне қатал талап қоятын көсем өзгелерден де қаталдықты күткен де шығар. Сондықтан Сталинді қасында тұрғандай қылмыскер деуге қақымыз жоқ. Мемлекеттің езу машинасына иелік етіп, басқару бір адамның құзырында емес қой... Нөкерлері бар. Олар көсемнің қабақ астынан қарағанына дейін байқап үнсіз ұғынысады. Пікірді екі ету жоқ. Тазарту делінді, қиқуды салып келіп жіберді. Лаң салу, қантөгіс бір басталғасын тоқтау жоқ... Одан залым ойлылар өз пайдасын да шығарады. Құныққан сайын құныға түседі Жарқ еткен алтын, күміс заттарды кезенген мылтығын қозғап қойып тартып алады. Қайғылыға қарап ессіз күледі, бай, капиталистердің өмірі өткен, қымбат бұйым сіздерге жарспайды деп арам қолымен тінткілеуін тоқтатпайды.

* * *

– Қыршын кеткен, жазықсыз атылған Есқараевтың замандастары, қоғам қайраткерлері қан кешу жылдарының нақты дерегін, кімнің кінәлі екенін толық білмей өкінішпен кетті. Чуевтың «140 бесед с Молотовым» кітабында, – деп Қымыр мұңды-зарлы кезеңнің кейбір нанымды парағын мысалдады. – Сталин көбіне жұтап жүрді. Жеке мүлкі болған жоқ, қаржы да жинамады. Киімді тозғанынша киді. Азамат соғысында киген шинелін жаңартуға да құлқы болмады... Мен Сталинді ұлы адам дейтінім ең қиын істерді ақылмен тиімді шешті. Ондай алғырлық біріміздің де қолымыздан келмес еді... Лениннің әр түрлі бағыттағы жауларды, қарсыластарды тазартуға мүмкіндігі болмады... Оны Сталин жүзеге асырды... Хрущев кегі болғасын ба, Сталинді қанішер, жауыз ғып көрсетті. Өзі де Украинаның бірінші хатшысы болып тұрғанда 54 мың адамды құртты, көбі жазықсыз. Кенет мұрағат құжаттары жоғалған болып шықты... Сталин дүниежүзілік соғыста балаларын майданға аттандырды. Үлкен ұлы Яков Екінші

дүниежүзілік соғыста фашистердің тұтқынында ерлікпен өлді. Араша түскен жоқ. соғыстың аты – соғыс. Мен де бір адамнан айырылуға тиістімін деді. Сталин бір ғана Социалистік Еңбек Ері жұлдызын тағып жүрді... дегенін де жөнсіз деуге болмас. «Демек зобалаң жылдардың түрлі құжаттарын саралауда қателік болмауға тиісті», – деген Барнауыл прокурорын аға көмекшісі Давидова Елена Юрьеваның пікірі жөн. Мысалы, Усть-Пристанск селосындағы 1930 жылдың 10 наурызында болған бандылық топтың қарусыз халықты қырғаны, үйлер мен ғимараттарды өртегені, бұл қырғын Барчика, Ел-банка, Коробейников, Антоновка селоларын қамтығаны, ОГПУ өкілі Ф. Г. Добытин басқарған бандылар 100 партия, кеңес қызметкерлерін тұтқындап, оның сегізін атып басқаларын зәбірлегені, жұмысшы, шаруалардың мүлкін ойрандағаны, өлтіргені – кешірілмейтін, ақталмайтын қылмыс. Сондықтан қуғын-сүргін жылдарында кейбір қанішерлердің қоғамға қарсылығы сатқындығы деп сүзгіден өтеді. – Демек, шындыққа жету жолы аса қымбат, әрі азабы мол десейші, – деді Тымыр қоларбасындағы қоқысты автокөлік қорабына тастауға ыңғайлап. – Қоғамның қулық-сұмдығына сөз шақ келмес. Өкініштісі, аяулыларымыздан айырылғандық қой... Орны толмайтын ұлттық қайғы тарих беттерінде деп түсінгің келеді.

* * *

– Балаларда түрмеде екенін көзімен көргендердің, итальяндық тұтқын жазбасынан білдіңіздер, жоғарыда төрт пионер лагерьге түсті, не істейміз? – деп Қарағандыдан республика басшыларына жазылған хат бойынша Есқараев тергеу жұмысын анықтауды ойлапты. Содан лагерьге келсе, тоғыз жастан он бес жасқа дейінгі бес жүздей балалар қоларбамен құрылыс заттарын тасып жүр. Бәрі жүдеу, күтім жоқ, бір төсекте екі-үш баладан жатады. Жүздерінде балалық қуаныш жойылған. Осы кезде бір қара домалақ:

– Аға, мен пионер атанып қызыл галстук таққым келеді, – деді тоқаш танауын тартып.

– Неге?

– Мұнда пионер атанған балалар тамаққа тойып жүр. Кейде әлімжеттік жасайды.

– Атың кім?

– Смағұл Аңсабаев, Жезқазғандықпын.

– Не үшін айыпталдың?

– Әке-шешем ауру, ашықтық. Өзім сабақтан бос уақытымда қырманда жұмыс істедім. Сосын бір килограмдай бидай алдым, көже ішсек өлмеспіз деп. Бригадир көріп қалды, әкем ол кісіні туысым дейтін. Содан әкеңде кегім бар еді, баласын түрмеде шірітейін деп милицияға тапсырды. Үкімет жауысың деді. Жау деген сөзді түсінсем бұйырмасын. Өзім өлең шығарамын. Әжемнің бауырында жатып жырларды жаттап өскенмін. Бұйырса ақын болғым келеді. Осындағы балалардың ерлік еңбегін жазамын ғой. Төрт жылды өткіздім, он беске толғандарды үлкендер лагеріне жібереді, мені үйге қайтаратын шығар. Жаман балалар да бар ғой, мен тәртіптімін, – дейді Смағұл. Есік ашып кіріп алдым түрмеге, Орайды дейді үлдеменен бұлдеге, Қиын екен тойып алып жатқанда, Талайтыны шыбын-шіркей, бүргеде, – деп адал ойын өлеңдеткенін Есқараев есіне алған сайын қоғамға деген қиын кезде адамдарға деген күдігі өрши түсетін еді. Балалардың күлкісіне дүниедегі байлықты да, орынтақты да айырмастамас еді. Баланың көз жасы қандай ауыр? Оларға зұлымдық қайдан, бәрі – адамнан. Адам жаладан өледі, зұлымдық жұтып жібереді. Қабан көздердің қабағы қатулы, кісілікті ұмытқандар жетерлік. Қара жер қалың қайғыны қашанғы тұрар екен көтеріп. Адам төзбес қиянаттарға Есқараев талай өкінген де болар-ау. Айтса да оған кім дес беріп тындап қалар дейсің. Ақыл-ойлының дерті осылай қалыңдай берген қатерлі кезең... Қымс етсең қиып түсетін өткір қылыштың жүзінде талай тағдырлар зар қақсап жатты... Жол сапарында Есқараев бір кейуана пашын жайып зарлап отырғанын көрді: – Босқын ел біраз жерге барды-ау деймін, Туған жер қимайтұғын қалды-ау деймін. Белсенді тартып алып мал, мүлікті, Мойынға ажал-құрық салды-ау деймін, – дегеніне жаны тебіренбеді деймісің. Аш халық

сеңдей соғылысты. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін түрмеге түсті. Зұлымдық өршіді. Талау, тонау, өлтіру белең алды. Жан алғыштар жаныңнан табылды, адалдыққа араша жабылды... Қанға боялған қызыл жаулау, қызыл галстук, қызыл көйлек қан теңізін елестетеді деп ешкім тіс жармайды. Қызыл ту үреймен желбіреді... Соғыс алдында Сталиннің тактикасы – тұтқынға еріксіз түссең де, өлім-атыс алаңынан кейін шегінсең де ажал құшасың. Өл, тіріл, жауды жеңесің. Фашистерді талқандап Қызыл туды жұмыр жерде желбіретесің. Ту ұстаған ерлер бар, ал керісінше, сатқын бар, зұлымы да кездеспеді деймісің... Өздерінше мөз. Өлмейтіндей ырсия күледі... Сұрқия да адалдықтың ізін бағып жүреді. Жақсылық пен жамандықтың мәңгілік майданын түсініп көр. Халықтың қалың қайғысынан ойлының көңілінде жан шошитын секем болғаны анық. Қызыл киімнің коммунистік мінезге сай екен деп кейбіреулер ұғынса да ажал ешкімді арашаламады... Ал Есқараев қазақ аспанында жұлдыздай жайнап келе жатқан жазушы, ғалымдарды, өнерлілерді көрсе жаны жадырап қалған деседі. Солардың бірі Жұмақан Күдерин екенін кәдіксіз. Кейде ұлылармен тілдескенін Сүлеймен соңғы минуттарда ойына түсіріп, бейнелерін елестеткен де болар... Камерада бүк түсіп жатып ұрдажық албастылардың ұсқынсыз бейнесін де көз алдынан өткізіп:» Ұрпақ, сақтан біл!» – деп күбірлемеді деймісің. Дара тұлғалар Дала мінезінен ауытқымады... Шыншылмын деумен тынды... Тынысы үзілді.

ҚАЛЫҢ ҚАТЕР

Қандайда қанды қырғын өктемдікті орнатпай тынбайды, шындық бар екен деп сынбайды. Қанішерлер қыңбайды. Қалың халықтың құтын қашырып, бірінің ізін біріне бағыстырып қойып, әрпіл-тәрпіл сөзбен шағыстырып қойып жазалау түрін іске асырады. Жарлықты орындайсың, жарқырап жүресің, нені өкसेсең арманыңа қолың жетеді, қызыл жаға саясат жағдайымен дайындалады. Жай айтпайды, бұйрық беріледі. Ол

Мәскеуден келеді. Қоғам ешкімді есіркемейді. Жұмақан Күдерин озбырдың о жар мінезі ұрда-жық екенін түсінсе де үстемдік алдында маймаң қаға алмады. Сенімі – ғылымы, аса мол білімділігі, Одаққа танымал атағы. Оның замандас ойшылдары Сталиннің:» Теңіздің бетінде әрең-әрең қалқып, енді-енді суға батайын деген кішкентай қайық пен пароходты салыстырып қараңдаршы?» – деген сөзінің мәнін жаңа құрылған қоғам әлсіз қайық, оның суға батып кетпеуіне көп күш, көп жағдай керек, ғылым керек, адал еңбек керек, халықтың біртұтас жұмылуы керек деп түсінетін. Кім ойлайды, қайықтың қан теңізіне есіп бара жатқанын. Оның ескегінің билігі көсемде екенін. Бірақ алаштықтар мың қатпарлы қулықты түсініп тәуелсіз мемлекет болуды жырлап, мінбелерден үн қатып жатты. Бұл Мәскеудегі көсемдердің жүрегіне найзадай қадалса да, жасырын қулыққа басып, құпия нұсқаулар, қаулылар дайындалды. «Алашым – өзім, тәуелсіздігім – құт-берекем», – деушілердің өзегін үзіп, аузына құм құйып тындыруды ойластырды. Оқшаулап алып біртіндеп құртудың жолын тапты. Соның бірі – Жұмақан Күдерин.

Жұмақанның ататегі дарынды, заманында сот, би болған. Арғы аталарының бірі – Тұңғат батыр. Балалар бір тосын жайдан қорықса:» Қорықпа, батыр баба Тұңғат келеді, қорғайды», – дейді екен аналар ұрпағын жұбатып. 1901-1903 жылдардағы қалың жұтта кедейленген Күдері шаңырағында Жұмақан он жаста екен. Ауыл молдасының іс қағазын жүргізіп тамақ асырайды, білім алады. Өз бегінше тіршілік етіп әкесіне салмақ салмайды. Сөйтіп, 1910-1911 жылдары Аягөз өңіріндегі Сергиополь қаласынан мұсылман мектебін бітіріп, өзі сонда шәкірттерге сабақ береді. Маман байдың медресесі Уфадан бастау алып мұсылман әлеміне танылса, Жұмақан оқып, әрі шәкірттерге білім беріп, 1914 жылы құрылыс жұмысын атқарысады.

1914-1917 жылдары Көксуда ауыл шаруашылығы мектебінің сабағы орыс тілінде жүргізіледі, сол оқу орнын бітіріп мал шаруасының маманы аттестатын алады. Кенет 1918 жылы генерал Колчактың қарақшы әскері Жетісу

өңірін ойрандағанда, НКВД басқарып қазақтар, ұйғырлар, дұнғандар атқа қонады. Ресей басқыншылығы» екінші сортты» халық десе де намысты қайрап, туған жерін, халқын қорғайды. Кеңес үкіметі қолдады, қазақ зиялылары күн-түн қатып аштықтан, зорлық-зомбылық, тонау, өртеу, бүлдірудің соғыс жағдайында бел шешпей күресті. Қайсар қимылмен оңтайлы іс атқарды. Оңды-солдың опасыз екіжүзділік танытатындығын қалың жұртқа түсіндіре білді. Қытай шекарасына дейін билігін жүргізгісі келіп ойрандай бастаған ақтардың қанқұйлы әскерінің жолын бөгеді. Бұл он бес айға созылды, уәде берген Қызыл Армия тың күші кешігіп келді. Жергілікті жауынгерлер оған дейін атаман Аненков әскерінің Ташкентке өтіп, Антанта және басмашылармен қосылу жоспарын біржола талқандады. Тірі қалған бірен-сараны Жоңғар қақпасы арқылы Қытай өтіп кетеді. Сөйтіп, Жетісу өңіріне 5-Қызыл Армия кешігіп келсе де туын тікті. Өттеген-ай, бір жарым жылдай ақтардың қандыауыз қырғынына төтеп беріп, Черкасск қорғанында жанын аямай соғысқан жергілікті милиция мен революциялық сарбаздар аш-жалаңаш жүріп, қару-жарақтың кемдігіне қарамай соғысқанын жоққа шығарып, украин, қазақ, ұйғыр, дұнған жауынгерлерін ЧК-ның ерекше бөлімі жинап алып қатар тұрғызып атып тастады. Қалың жұрт қайран қалды, ызаланды. Себебі неде дейсің бе? Бәлкім, революция тарихында екінші сортты халықтың ерлігіне орын берілмейді деу ме? Ақтарды талқандап Жетісу өңірінде 5-Қызыл Армия ғана Кеңес үкіметін орнатты деп құжаттау ма? Құлық жазықсыздардың қан төгісімен бітті. Өйткені, жергілікті жауынгерлерден құрылған Черкас қорғанында ерлік еткенін, Мәскеуге білдірмей, тірі куә қалдырмай, Қызыл Армия дер кезінде келе алмағанын жасырып, сарбаздарды атып, жеңісті иемденіп алды. Сөйтіп, ерекше бөлім өзінің жауынгерлерін қырып салғанына өкінбек түгілі, тазартуды жүргізе бастады. Әсіресе, алашордашыларды іздеді. Ревжеркомды басқарып жүрген Жұмақан Күдерин жазықсызды қырған қанды оқиғадан кейін 1920 жылы партбилетін тапсырды, бірақ жұмыс орнын сақтап қалды.

Ол да ұзаққа бара қалса. Өлгі Сталин айтқан кішкентай қайықты пароход таптап өте салу осылай басталады. Күдериннің ОГПУ-дың уақытша жанын сақтап қалуының қулығы кейінде. Оның сенімді адамдары, идеяны қолдаушылары, басқа да іс-қимылдарын анықтауы керек. Сонда біраз адамдарды тазартуға жеңілдік туады деп есептеуі еді. Оның үстіне Күдерин ТурЦИК-те қызмет етіп, Қытайға өтіп кеткен қазақтарды еліне оралтумен қатар Қосшы одағы, Кедей мұсылмандар одағының шаруасын тындырып, аштыққа ұрынғандарға азық жеткізумен тікелей айналысады. Аштық қырғынына төзбей азық іздеп босып кеткендер зары бар» Босқын ел біраз жерге барды-ау деймін, туған жер қимайтұғын қалды-ау деймін. Белсенді тартып алып мал-мүлікті, мойынға ажал-құрық салды-ау деймін», – деген жұтаған жұрт қайғысына қабырғасы қайысты. Тарыққанға қорған болғысы келді. Халықтың өліп жатқанын ашық айтты. Оның бәрін ОГПУ басшылығы байқап-біліп, Мәскеуге хабарлап, аяғының аттағанына дейін аңди бастаған еді. ОГПУ-дың зерттеуінде Жұмақан Күдериннің 1919 жылы жазған қазақ тіліндегі «Әліппе», «Ботаника» 1927 жылы «Москва» баспасынан араб әрпімен басылып шықса, 1930 жылы латын әрпімен Қызылорда қаласында кітап болып тарады. Алғыройлы, замандасының біразынан озық тұрған Жұмақан 1928-1930 жылдары «Физическая география Казахстана» оқулығын баспадан шығарса, Н. Баранскийдің «Экономическая география», П. Лестафтаның «Физическая география» оқулықтарын қазақшаға аударды. Сондай-ақ, «Халық әдебиеті құрастырмасы», «Әділ халық», ауыл шаруашылығы тақырыбындағы балаларға арналған 10 кітапша, басқа да оқу құралдары баспадан жарық көрді. Оған қоса ғылыми жұмыстары, оқу орындарына арналған түрлі зерттеу еңбектері, түрлі жиындардағы ғалымдармен пікір таластары оның еңбегінің нәтижелі құнды екенін түсініп ел игілене жарата бастайды. Ташкентте өткізілген Орта Азия университетіндегі үлкен мәжілісте қазақ зиялыларының бағыты жөнінде айта келіп, бірден жаппай ұжымдастырудың зиянды тұстарын ашып айтады.

Қазақтардың аштан қырылуының басты себебі иелегіндегі малды тартып алуы мен отырықшылыққа күштеп көндірудің қырсығы екенін нақты деректермен дәлелдеп береді. Расында да Д. Фурмановтың «Мятеж» кітабында: «Қазақстанда барлық малдың отыз пайызы ғана қалды», – деп жазған емес пе? Сөйтіп, ОГПУ-дың Жұмақан Күдерин жөніндегі қылмысты делінетін оқиғалары қалындай түседі. Алаш көсемдері Хожанов, Жандосов, тағы басқаларымен буржуазиялық ұлтшылдық байланысы бар деп түйіндей бастайды. ОГПУ-дағылар: «Мұнша батыл сөйлеуінің астарында, шығармашылығында шындықты батыл айтуына қарағанда топтасқан тірліктері саяси-террор ұйымдастыру сықылды, әлі де түгел анықтау керек», – деп шешімге тоқтай тұрған сыңайлы. Асығыстыққа барғысы жоқ, Берияның лимитін орындау үшін жан-жақты қылмысты қопарған тиімді. Жұмақанның тағы бір үлкен жиында: «Ресей империясының отарлық зұлым саясаты, жымысқы әрекеттері бойынша Қазақстан» еркіншілікпен қоныстану аймағы, оның орасан мол байлығын игеру қажет және сол арқылы Ресей жерін кеңейте түседі, бірте-бірте аз халық жойылады дейтінімен 55 миллион орыс шаруаларын қазақ жеріне орналастырып бөліп алып, билеп жатты. Қару кезеніп табындырды, қазақтарды кісі есебіне алмай қорлады, зәбір көрсетті, нағыз басқыншылық ұлттың сақталып қалуына қатер төндірді. Қатыгез әрекет ел еңсесін көтертпеді. Бұл қастандық ұлттың ойшылдарының басын біріктіріп, Алашорда партиясын құруды, сөйтіп отарлық езгіден шығудың алуан жолдарын ойластыруға себеп болды», – деген сөзі де есепке алынбай қалмайтын еді. Көсемдердің сезігі қазақтың ұлттық интелегенциясының күші бүкіл халықты соңына ерітіп кетеді деу болмады деймісің. Өйткені, қазақ зиялыларының құнды пікірлерімен орыс партиялары да санасып, қолдап жүргенін Сталин анық аңғарды. Көкейінде басты сұрақ болып тұрды. «Қалтылдаған әлсіз қайықты пароход талқандап өтеді... «ОГПУ Жұмақанның атқарған істері, әрбір сөзі, сөйлемі, түрлі кездесулердегі пікірлерін Мәскеуге телефон арқылы хабарлап, мәлімдеп

отырады. Онда 1921 жылы Одақтың біраз жерінде, Қазақстанда басталған тырысқақ, оба, тағы басқа да жұқпалы ауруларды дәрі-дәрмек жетіспегендіктен шөппен емдеп жазу жөніндегі ғылыми жаңалықтары да айтылған. Демек, оның ғылымда ашатын үлкен өзгеріске толы еңбегі Одаққа қажеттілігі ескерілген болуы да кәдіксіз. Орталық Қазақстандағы ОГПУ озбырлары 1930 жылғы 10 ақпанда Жұмақанның әкесі шала сауатты Маусымбайды, екі інісі Ағыбай, Бұғыбайды, екі ұлы Жүніс пен Төлеубекті тұтқындаған-ды. Маусымбайдан басқалары түрмеден қапысын тауып қашып шығып, Батыс Қытайға өтіп кеткен. Күдерин шаңырағындағы қайғылы романның басталуы мұнымен бітпес. Айта кетелік, қашып кеткеннен кейін, қызыл жағалылар бірін бірі жазалап, атып жатты ма, түрмеге қамап жатты ма, үштік тәртібі бойынша жазасыз қалмайды. Қанішерліктің заңы қатал, қалтарысы жоқ. Маусымбек Күдериннің № 783 қылмыстық іс құжатындағы жауаптау қағазында егін өсіретін жері болмаса да, әуелі 40 пұт бидай тапсыруға салық салынады, оны сатып алып өтейді. Екінші рет 200 пұт салық салынады, ондай көлемдегі астықты тауып өтей алмайды. Ақырында, бүкіл Күдериндердің балалары, інілерінің бөлек түтін түтетіп отырған алты жанұясының өсіріп отырған мал-мүлкін тәркілейді. Малы 3 сауын сиыры, 2 бұзау, 4 баспақ, 21 жылқы, 3 түйе, 101 қойы барлығы тіркеледі. Маусымбек Күдерин партияда жоқ, болыс, би болған, сайлауға дауыс беру құқынан айырылған. Ауылдық кеңестің білдірмесінде байлығы есепке алынып, 385 рубль салық төлемегені көрсетілген. Маусымбек ірі байлардың бірі, 55 жаста деп жазалау үкіміне сыйыстырады. Оған бұлай шүйлігу Мәскеуден екенін ОГПУ-дың құпия жұмысы ыспаттайды Енді Жұмақан Күдеринді тұтқындаудың амалын орындауға жанұясын түгел тазарту, ату, түрмеде ұстау жетіп жатты. Оның үстіне, 1934 жылы Алаш партиясына мүше болып Кеңес үкіметінің Қызыл Армиясының қиянатына қарсылық білдіріп, партиядан шыққаны және бар. Мәскеу қимылға көшеді. СССР Жоғарғы сотының әскери коллегиясы, көшпелі сессиясы

қаулы шығарады. Басқарушысы әскеридвизияююрисі А.Д. Горячев, мүшелері Г.А. Алексеев, А.И. Микляев, хатшы юрисі Н.И. Шапошниковтер қол қойып, Мәскеуден шығарылып келген үкім оқылады да, 7 наурыз, 1938 жылы үкімнің статьясы 58-2, 58-7, 58-8 және 58-11УК РСФСР, бойынша қылмысы дәленденді деп сол бойда атылып кетеді. Маусымбектің қылмыстық ісі 8 том 459 бет болса, Жұмақанның Мәскеу дайындаған ісі одан көп болмаса аз емес шығар. Міне, Кеңес үкіметі Сталиннің саясаты бойынша өз халқын қалай қырып-жоюуын осыдан-ақ көрерсіз. Басты мақсаты ұлттың озық ойлыларын, Одаққа танымалдарын құртып ішер асы, киер киімін ғана білетін, құл бол десе құл болатын әлсіздерді басқарудың оңай жолын тауып, Сталин айтқан ескексіз қайық теңіз үстінде қалтылдап жүрсе, оны пароход тұңғыыққа қалай батырса да сұрауы жоқ. – Жазықсыздан жазықсыз бір атаның тұқымын құртты, – деп Күдерина Лариса Жармұқанқызы сөзін жалғады. – Әкемнің өмір деректерін отыз жылдай іздедім. Сол үшін Мәскеуге жұмысымды ауыстырдым. Қазір көп құжатты тауып шағын кітапша етіп шығардым, қалың том етуге де дерек жетерлік. Өкініштісі, әкемнің тапқан ғылыми жаңалықтары бүгінде де маңызын жоймай, қажеттілікке жарайтыны. Өзім Раеннің мүше корреспонденті, «Феникстің» президенті және балалар мен аналардың жеке адамға табыну жылдарындағы қуғын-сүргінге ұшыраған мұражайдың ректоры болғасын озық ойлы ғалымдармен байланысып, әкем туралы ғана емес, Қызыл империяның қырып-жойған жөнсіздігін сарапқа салып отырмыз, – дейді. Міне, қазақ аспанының бір құйрықты жұлдызы Сталиндік зұлмат жылдарда арманына жете алмай ағып түсті, қыршын кетті.

* * *

Баскесерлер мен қанішерлер мінген кемеңі Жаратқан Иенің күшімен, теңізде болатын найза тұмсық балықтар тесіп, суға батырады деуші еді. Қалың жұрт ардақтыларын аза тұтса да, елең етпеген қан кешудің кемесі Кеңес Одағын

әлемдік мықты державаға айналдырды. Адуын күш қойсын ба? Жә, өтері өтті. Орны толмас қайғы тектілерден айырылып қалғанымыз ғой. Біреу еңкейгенде еңкейіп, шалқайғанда шалқая білетін, көкірегін ешкімге бастырмайтын дала ойшылдарының намысы әлсіреп, үрей мен қорқынышқа толы қаралы мезгіл еді. Үстемдік алдында ебелек қағушылардың жолы болып жатты... Ол ғасырларға ұрпағымен жалғасады. Жағымпаз, жатып атарға сот жоқ. Ондайды Алланың қолына тапсыр... Заман қыспағын көрмеген, тарығуды білмеген, не түрлі қылмысқа батса да құтыла білетін құлар бар. Қырын қарағанды қырқып түсетін, кеңірдектен мытып түсетін айла бар, есесі кетсе елден алатын пайда бар, кенеуі кеткен сұрқия бізден басқа қайда бар? Байлық жолында қырғидай тиюі ойда бар. Осылар өлмейді, и-и, өлмей-ақ қойсын, қара жерге қара жылан кірсін, кер адам қылмысқа белшесінен қанша батса да өліп көрмесе қайтесің?..

ЖАНТАЛАС

Мен сталиндік концлагердің бірі» Алжир» -де азаппен өмірін қиған аналарымыздың аруағына тағзым етіп аралап жүргенде Ресейдің Волгоград облысынан келген Анатолий Вортниковпен таныстым. Отан соғысы және еңбек ардагері сексеннің қырқасына шыққан қарттың осы Малиновкаға келуі жоғын жоқтап, аруаққа тағзым етуі екен. Ал, бұл өңір 1937 жылы 3 декабрьде НКВД-ның 26 нүктесіне айналған. Ежелден» Жалаңаш көл» аталатын қазақ жері.

Сұрапыл жылдарда ЧСИР (членов семей изменников родины) деп аталып айыпты, қауіпті деп жазаланғандар осы өңірге 1938 жылы 6 қаңтардан бастап ағыл-тегіл келген көрінеді. Бір айдың өзінде Бутыр түрмесінен Москва, Ленинград, Украина, Беларуссия, Грузия, Армения және Орта Азиядан 1600 әйел этаппен жазасын өтеуге жеткізіледі. Бұл алғашқыда КарЛАГ-тың бөлімшесі делінеді. Сол сұрапыл сүргінде лагерьде үштіктің үкімімен сотталған 18 мың әйел тұтқында болған. Тарихи деректерде, Қазақстан Совнаркомының шешімімен 1930 жылы 13

мамырда еңбекпен түзету лагері ұйымдастырылып бүкіл облыстардың аймақтарын қамтиды. Онда қазақ елінен тыс жерлердің өзінен келген 21979 адамдарды тұтқындық жазасын өтейді. Оны» КазИТЛАГ» деп атаған. Мұрағат құжаттарында 1937-1938 жылдары қазақ еліндегі лагерьлерде 2, 5 миллион адам, оның бір миллион үш жүз мыңына» халық жауы» деген айып тағылышты. Ал, «АЛЖИР» (Акмолинсий лагерь жен измеников Родины) дүниеге бала махаббатын, аналық мол мейірді әкелудің орнына түрме қасіретін өтеуге, қос қарашықтардан қанды жасты селдетуге душар етсе қайғыға қалай тебіренбейсің. Таныса келе Анатолийдың атамекені Ростов екенін, әкесін» халық жауы» деп Қолымға өкеткесін, анасы Ефросиньяны да» АЛЖИР» -ге он жыл үкіммен жібергенін білдік. Үш бала, ең үлкені Анатолийді үкімет үйіне алады.

-Қазақ зиратында қандай туыстық болды?-дедім оған.

-Орыста мақал бар, «тапқан анаң емес, баққан анаң» деген. Ұлты қазақ марқұм Тайғарин Серікбай менің туған әкемдей болды. Балалар үйінде қайғы жұтып, арып, ашып жүргенде осы кісі іздеп тауып, мейіріне бөледі. Бізді әкенің шуағымен жанымызды жылытты, бөтенсінген жоқ. Анамыз түрмеден жазасын өтегесін Тайғаринмен некелесіп бірі орыс, бірі қазақ өле-өлгенше тату-тәтті өмір кешті. Міне, мен бойымда қуат барда ата, анамыздың барған жеріне келіп, аруақтарға бас иіп, тағзым етуге келдім. Қазірде немерелерім бар, балалар өсіп, жетілді. Волгоград қаласында тұрып жатырмыз. Ұрпағыма кіндік тамырымыз, ата-анамыз қазақ елінде, «АЛЖИР» -де әкем, анам жатыр, деп айтып, олардың зұлмат жылдардағы қорлығын адамзатқа көрсетпесін, деген тілекті білдірем», -деді.

«Бұл далада сан ұлттардың қыз, келіншектері адам төзгісіз ауыр күндерді өткізгенін, оны қанша жылдар өтседе ұрпақ ұмытпаса екен, -дейді біздің ойды «Ақмола-феникс» ашық акционерлік қоғамының бас директоры Иван Иванович Шарф сөзін сабақтап. Өзі де халық жауының тұқымы, анасы осында жазасын өтеген-ді. Ойын толғап отырып:

-Қасірет жұтып, өмірін сарп еткен сәтте мыңнан астам қыз, келіншектердің барлығы о дүниелік. Олардың

кейбірінің жазба деректерін жинастыру оңайға түскен жоқ. Мәселен, алғашқы этаппен Донбас қаласының өзінен 28 күн мал тиейтін вагонмен келген әйелдердің 24-нің емшектегі баласы болған. Поезд тоқтаған сәтқиыларда балалардың ашқұрсақ жылағанын естіп, аяныш білдіргендер қантын, нанын, басқа да азықты тұтқын әйелдерге ұсынып жатқан-ды деседі. Әйелдер әр станцияларда поезд терезесінен телміре қарап күйеулерін іздейді, туған жерін жүрегі жарыла ойлайды. Азап сұмдық, әлем тарихында бұрын-соңды болмаған шығар. Басына түспеген адам түсінуі де қиын болар.

«Азап вагондарында қаншама адамның қырылғанына сан жетпес, -дейді» Вайнах» ұлттық-мәдени орталығының басшысы Салман Героев өзінің зерттеу дерегінде шындықты жариялап. Чешен мен ингуштарды балашағасымен жер аударғаннан соң бір айдан кейін, КСРО ПХК қарулы күзет әскерлерінің бастығы генерал-майор Бочко өте құпия деген белгімен мемлекеттік қауіпсіздігі халық комиссарияты Л. Берияға рапорт жолдап, жер аударылған чешендер мен ингуштарды 1944 жылғы 23 ақпанда таңғы сағат 5-те вагондарға мінгізуге әкелгенін баяндаған. Барлығы 180 эшелон қарулы күзетке алынып, жөнелтілген. Әрқайсысында 65 вагоннан болған. Жер аударылғандардың жалпы саны 493269 адам. Орта есеппен әр эшелонға 2740 адамнан келген. Эшелондардың белгіленген мекендерге жету мерзімі 9-дан – 23 тәулікке дейін. Белгіленген бағыт бойынша жүруге қосымша 180 эшелон онда 491768 адам тапсырылды. Жолда 56 бала туып, 1272 адам өлді. Бочков 1272 адам шығын болды деп өтрік рапорт берген. Шындығында тамұх вагондарында 100 мың адам қайтыс болады. Егер бұл цифрға белегіленген мекендерге келген кезде өлген адамдарды қоссақ, онда екі еселенеді. Сөйтіп, сталиндік геноцид кезінде чешен-ингуш халқының әрбір екіншісі көз жұмды. Демек бұрынғы одақ бойынша қанды қасап талайдың ғұмыр жасын аяусыз қиды. Солардың бәрі дерлік аштықтан қырылды. Бір үзім нан бер жүрек жалғайтын, деп дүниеден өтті. Қызыл террордың қолдан жасалған зұлматы қақында ақтөбелік

Бақи Қауқанұлының жазбаша нақты дерегінде Аманияз, Тағанияз, Алдан, Сатқанияз, Қожанияз Боқтыбай аталатын алты ағайынды үйде 95 адам болса, аштықтан 49-ы қырылып қалған Сонда жоғарыда елінен, жерінен тұтас халықтарды бостырып, қазақ еліне орналастыру, әрбір үйге 21-27 адамнан қуықтай бөлмеге сыйыстырып өлімші ету, қазақ ұлтының өзін-өзі асырау қабілетінен айырып тынғаны айдай айқын көрініп тұр. Мұрағат құжаттарынан жазған тарих ғылымдарының докторы Талас Омарбековтың 1932 жылдың ашаршылық жылдарында емшектегі сәбилердің 72 пайызы, жеті жасқа дейінгі балалардың 60 пайызы қырылып қалған деген дерек келтіреді. Қағазға түскен бұл есепті де нақты дей алмаймын, -деп Бақи:» Көзіміз көрген қырық, елу үйлі ауылдар аштықта тұтас қырылып қалғанын білеміз және қазақтар дүниеге келген балаларын уақытында ауылдық кеңестерге барып тіркеуге онша мән берген жоқ. Сондай-ақ санақшылар жаяу, жалпылап жүріп шалғай елді мекендердің халқының есебін нақты алмаған-ды. Сондықтан революцияға дейінгі қазақтардың нақты санын патшалы ресейдің санақшыларының тізімінен іздеу керек. Өйткені, олар отар елінен түрлі салықты көп алуы үшін әр төбенің басындағы үйлерге дейін түнеп адам санын нақтылады. Жыландай сұмандаған ажалды қоғам әкелді, үрейлі адамдар әкелді, саясат әкелді. Алапат қырғында да қазақтар соңғы үнеміне дейін бөлісті, -деген еді Бақи. Осы тұста қазақ әйелдерінің бірі үзімнанды ешкімді жатырқамай бөліп жеп адамдардың тірлігіне қайырымдылық көрсеткен ерлігі әлем тарихында болмаған десек артық емес. Қазақ елінде бүгінгі тыныштықтың сақталып, достықтың терең тамыр тартуы да о дүниелік аруақтардың желеп-жебевуі екенін де аян шындық дей аламыз.

Сол азапты сапарды тұтқын Анцис Мариям Лазаревна естелігінде:» Вагондарымыздағы НКВД қызметкерлері дауыстап» Сонымен сендер Отанын сатқандардың зайыбысыңдар, енді елдегі қалған халық тынысы кеңіп рахат өмір сүреді. Балаларың ата-анам деп айтудан бас тартты, күйеулерің атылды», -деген сөзі төбеден мұздай

су құйып, жүрегіңе ине шаншығандай болды. Менің қызымды бауырымнан жұлып әкетті, күйеуімді атты. Өзімді» АЛЖИР» лагеріне әкелді. Боран, аяз, барақтарға отынға қамыс шаптық, он екі сағатта 40 бума отынға қамыс шаппасақ аш қаламыз. Қашсақ атады. Лагердің алғашқы құрылысы мен тұтқындардың азабы қыстағы отын әзірлеу, ол жұмыста 200 қыз-келіншек жұмыс істедік. Біздің жанымызды сақтаған балаларымызды жазаны өтеп көреміз деген сенім еді.

М. Анцис кейін лагерьде тігін фабрикасының директоры болып жұмыс атқарған тұста тұтқын Гүлбайрам Қожахметованың Уфа қаласындағы балалар үйінен келген қызы Сәулені бауырына басып, өз қызындай көргені үлкен мейірбандықтың дәлелі. Азамат соғысына қатысқан 1918 жылдан коммунист Колдомов Григорий Ильичті тұтқындап, оның әйелі мен екі баласын, оған қоса туыс-туғандарын бутырка түрмесіне телміртті, деп Анцис баяндайды:» Одан кейін Галинаны» АЛЖИР» лагеріне әкелді. Мұнда Одаққа танымал қайраткерлердің жанұясы Евгений Серебровский, Вера Крестинская, Катия Мехоношина, Енукидзенің әйелі, қызы, сол сықылды жазушы Борис Пильняктың әйелі, Тухачевскийдің туыс-туғандарының бірін қалдырмай лагерьге жайғастырыпты. Тіпті балалары Владимир-5 жаста, Мария 4 жаста Андрей 2 жаста сталиндік зұлматтың қайғысымен қан жұтты.

Мұндай қанды қырғынды азамат соғысын өз басынан өткізіп, қайсарлығы мен іскерлігі арқасында жеңе білген ұлы тұлғалардың жанұясының азабын көргенін Иван Иванович Шарфта түрме тағдырын зарлана есіне алады. Ал, тұтқын София Степановна;» Менің ерім Яков Поле Москваның әскери инженерлік академиясында қызмет істеп жүргенде тұтқындалып мені» АЛЖИР» лагеріне жөнелтті. 1937 жылдың қақаған қысында лагерьдің азапты жұмысын атқардым. Жас кезімде өкпем ауырған еді. Ферманы бұрынғы қылмыскер басқарды. Итқорлықты көрсетіп, арымды-намысымды қорлауға шыдамай үш күн бойы қар үстінде көйлекшең жатып ажал тапқым келді. Өлмедім... Содан балаларым, ерім тірі болар, соларға

бәлкім жазамды өтеп кездесермін, деп қайтадан өмір сүргім келді. Бұл қорлықтарды тірі жүріп жазуды да армандадым, -дейді естелігінде.

Зұлмат жылдардың запыран қайғысы тірі жүріп, өмірін сақтау үшін жанталасқан, ажал алдындағы үрейі санада ұмытылмастай шер қалдырды. Кейде өз-өзінен солқылдап жылай бастағанын көрсеңіз төбе шашыңыз тік тұрар еді. Пенде өмірге қорлық көру үшін, ажалынан бұрын өлеу үшін келіп пе?! Не үшін айыпты, қандай қылығынан жазаланды. Күйеуге шығып бала туғаны үшін бе? Күйеуі де қоғамға беріле еңбек еткенінен айыпты ма? Пәле жабушы бар, дәлелсіз пәлелеуші бар, саясаттың дауылы бар. Қоғам үрей арқалы басқау тәсілімен адамдарды бақытсыз етуде. Адамдарды ажал, азапқа ұрындыру арқылы үрейді үдетіп үнін шығармай тұншықтырып, тырп еткізбей бағындырып, тас құдайға табындырып дегеніне жетпек. Геноцидтің мақсаты сол. Оныңыз аға толқынның жанына салған жазылмас жарасы Сталиндік солақай саясаттың қырғын қырсығы еді. С. Меңдешовтың Қазақстанда алапат аштық басталды, шұғыл көмек қажет деп Сталинге жазған хатты жеткізгенде Сталин:» Өзбектердің жағдайы қалай екен?-депті. Көсем көмекшісі:» Өзбектер киш-мишін жеп аман сақталуда, -депті деседі. Ал» Жаңөзен» қаласының тұрғыны Алтынбек Төлековтің» Аңыз адам» журналына жазғанын көз жасыңды төкпей оқу мүмкін емес. «Ташкент қаласында болып жүрген 5-14 аралығындағы қазақ балалары әскерлерден қалған тамақтың қалдығына таласып, төбелесетін. (Алтынбек 1932 жылы әскери міндетін атқарған болса керек). Әскердегі кілең орыстың ішіндегі жалғыз қазақ мен болғандықтан, балалар» ағакелеп» терезеден телміріп тұратын. Мен бар нанды лақтырып жіберемін. Ас пісірушілер қуып жібергенде олар ит құсап әр жерге барып шоқиып отыратын да, көп ұзамай қайтып келетін. Троицк лагері жанынан өтетін» Қарасу» деген су бар еді. 1932 жылы күзде сол судың жанындағы тоғайда көп қазаққа қазан асылды. Өзбекстан Компартиясы Орталық комитетінің төрағасы Файзолла Ходжаевтың бұйрығымен көже пісіріліп, аш балаларға тамақ берілді.

Көжені ішкен балалар өліп қалды. Сөйтсе, қаланы аштардан тазалау мақсатымен көжеге у қосылған екен. Осындай зұлымдықты тебірене оқып отырып жамбылдық журналист ағамыз Райханның:» Аштық жылдарында қала көшелерінде қара шыбындай қырылып жатқан өліктерді комсомолдар алатаңнан тұрып арбалаға тиіп тазалайтын едік. Өлгендердің аты, жөні, есебін санап қағазға түсіруге лұқсат етілмеген-ді. Шындық айтылмайды, бөрі құпия. Мұндай қырғынды ұмыту мүмкін емес, -деген сөзі естен кетпейді. Демек, аштық қырғыны мен қуғын, сүргін зұлматын бөліп қарауға жатпайтын қызыл империяның қолдан жасалған қырғыны, халықтың қайғы-шері деп түсіну керек. Адамзат тарихында кездесе бермейтін жауыздықтың түрі деп бағалануы тиісті. Қанды қырғын кісіліктің де жұрнағын қалдырмай әлсіздерді түңілдірді. Жазықсыз жазаға түскендер тағдыры аянышты екені түрлі құжаттармен шындыққа негізделеді... Олардың әрбір минөті үреймен жұлын, жүйкесін үзіп тынған. Қаншама жазалылар аштықтан, аурудан ажалынан бұрын қорланып өлді. Қасірет ауыр, пенденің көз жасы құрғаған жоқ.. Тірі жүруді ойлап жанталасқандар үреймен тұншықты.. мейірімсіз саясатты көзге елестетудің өзі ажал еді. Осы тұста пен, шекпеніне масыққан азғын, арсыздар әбден масайрап кеткен-ді. Ел аузындағы:» Иесіз мешітке көкек азаншы, иесіз мекенге есек азаншы» деген сөз халықтың қаны суша шашылғанынан мысалдап қалған ба екен?

КЕМЕҢГЕРДІҢ ІЗІ

Элегия

Қонғанбай әулие рухының сағым арасынан еліп етіп жүзін көрсеткендей болуы үлкен құбылыс еді. Талай жылдар мен ғасырлар бойына тереңдеп кеткен, ұлылықтардың бетін қаракөлеңке дейсің бе, қалың тұман басты дейсің бе, көлегейлеп жасырғанын байқайтын алғыр ойлы да елде азайған-ды. «Даңқты дана болар ма екенсің, таңдайы жарылған шешен болар ма екенсің, маңдайы жарылған батыр болар ма екенсің, ұлт ұлылығын әлемге танытар ақын

болар ма екенсің?!» деп томсарып тұрған әулие құпия сырды қозғаса аза бойы қаза боп тебіреніп кетер ме еді. Көз алдында өткен ғасыр зоблаңы жүріп өтті ме, бейнебір арнамысы шағылғандай, құлағын қолымен басып даланың зар-мұңынан шошып, қабірден шыққан көлеңкелер ұшықиыры жоқ ұзаққа тізбектеліп өтіп жатқандай еді. Бір сәтте қарғыс арқалаған ұсқынсыздар екі иығын жұлып жеп, жанындағыларды жалмап кетіп бара жатты Ібіліспен серіктесіп. Бұл не? Көзге көрінбейтін құбылыс шарқ ұрып кезіп барады. Ау, соның бәрі адамның жаны ғой. Көздерінің жасы топан су, бейне теңізге айналған, қан аралас су жұмыр жерде тыншу таптырмай қайта-қайта көтеріліп, нетүрлі апатпен жайпап өтеді. Оны түсінетін кеменгердің үнін үрей өшірген. Бірақ ұлылар мен кеменгерлердің рухы ауыр азап шегіп, жазықсыздан қаны төгіліп, өмірін қысқартып, ажалынан бұрын кісі қолынан өлсе де нәсер болып төгіледі, құдіретті күй болып сарнайды, ұлылықтың жойылып кетпеуіне ақыл, есі дұрыстардың көз алдында елес боп көрінеді, ұйқыдағы түс болып жамандық пен жақсылықтың арпалысынан сақтандырады. Ондай оқшау сезімді абзал жан иесі, арнамысы жоғарылар ғана түсіне алар деп әулие ақ киімімен сағым тасасында жылжып ата, қоныс мекені «Шоңқайлы» көлінің жағасында біраз байыз тапты. Ойыл өзенінің салалары толтыратын көлдің балығы, қамыс, қоғасының тамыры, таяқ тастам жер дегенде ауыл тиіп тұрған құмның құмаршығы талай аштықтан елу үйлі ауылдың халқын сақтады. Қанды азаптар қанша қинаса да рух жоғары тұрды. Сонау Есімхан дәуіренен бастап елді, жерді қорғаған батырларының жыры қан шашар үрей алдында да ерлікке жігерлендіріп еркіндікті, тыныштықты аңсаумен өрнектеліп жатты.

-Аштықта түк емес, ашыққан қарын тойынар, ашылған етек жабылар, рухың тірі ме?-дер ме екен әулие суы тартылып, кеуіп бара жатқан көлге мұңая көз тастап.

-Кеменгерді сұрайсыз ба?-деді бозбала қобалжып.

-Бабаларыңның атағы мен даңқын, тарихын білесің бе?

-Ескі тарихты ұмытып қалдық. Бертінгі соғыстан оралғандар да елде жоқ. Әулие күрсініп көл жағасындағы

жылтыраған суды дарбиған саусағымен көсіп алып бір жұтып, маңдайына тигізді. «Мейірім қанды-ау, анамның сүті аузыма келгендей елжіргенім-ай» -дей бергенде көз алдындағы ескі жұрттың төбе-төбесінен әулиені сағынғандай қара мұртты жігіттер мен қара көз қыздар, сылақ қаққан әйелдердің күміс ақша сыңғырындай кеу-кеулеген үні, күлкісі төгіліп жүре берді. Бірі бұрылып аңқау басым әулие екенінді байқамай қалыппын:» Береке кеткен мекенде мереке жоқ, келеке мазақ көп, еңсені езген азап көп. Кеменгер іздеп жан-жаққа өкпең өшкенше жүгірсеңде, өзіңнен таппай, жаттың алдауына еріп сорладық. Бише билік етпей, құлша күңіреніп қорландық. Өр мінезім дүлей алдында мазаққа ұрынып жасып қалдым, езілген жаным, өкініш қалың. Олай емей немене 1520 жылы басталған қаламақ, қазақ соғысы екі ғасырға жалғасып, Ібіліс арбасып тектіні өлім құштырды. Мәшһүр-Жүсіп жазбасында. «Есім хан жұртының ойранлағанын естігенде жын буғандай құтырды, ашу-ызадан неше күн бойы есін жия алмады», дейді. Қандай қырғында да даналар қаза табады, кеменгердің көзі жойылады, тұқымын Ібіліс жуаша солдырады. Ұлылардың қабіріне де көз жасын тамызатын есті табыла қоймас. Сол тұста қысас ойлы құлдилап алға шығады. Құлдар тырп етпеңдер деп қасіреттің не түрін байтақ елге төндіре бастайды. Адалдық даналар, кеменгерлермен жер қойнына сіңгесін кеуде керген, қан аңсап безілдеп жүрген Ібіліс-зәлім айтқанына көндіре бастайды. Бұл «Қаракөл» ауылындағы алғашқы ұстаз Шалабайдың көкірегінде кеткен құпия пікір деп түсінсеңізде болады.

-Өткен-кеткенді айтасың ба? Абайламадым деп өкінесің, ә? -деген болса әулие әлсін-әлі күрсініп.

-Әлемде тектіліктен тараған даналар аз емес еді. Дюрер үш жасында өз сүгіретін салыпты. Моцарт жеті жасында төрт соната шығарған екен. Гаусс 14-17 жас арасында математика әлеміне танылған. Дина тоғыз жасында домбырашылық өнерді жете меңгерсе, Жамбылдың ақындық даңқы он бес жасында көпке таныла бастаған.

-Қазақта дана, кеменгер, ұлы тұлғалар аз болған жоқ дейсің ғой. Солардың тұқымы қайда? -деп әулие бетін

жасырған перденен төңірекке құмарта қарағандай болды.

-Абай, Ақмет, Мыржақып, Махамбет, Илияс, Сәкен тағы басқаларының ұрпағы қайда дейсің ғой. Жаттың дауы жаман, ағайынның жаулығы жаман деп елде сақтандырғандар болған-ды. Ақыл сөз үреймен жұтылып кетті. Ұлылардың үрім, бұтағын жоюға Ібіліс -зұлымдар кесапаттың небір құпия түрін ойлап тауып өмірін ажалмен алмастырды. Осындай тұтқиыл оқиғаларда пұшайман болғандарды тез түсіндіруді қаперден шығарып төзімдіміз ғой, төземіз дедік. Талай көрген құқаймызды сеземіз дедік, өз кемеңгеріміз болмаса да өзге зымиянға есік аштық, біразымыз ақылдан адастық. Жатпен жанастық, байлыққа итсілікпелеп таластық. Тағдырдың соққысына құлша көніп, сақалды қолдан беріп шықтық. Белсендіге елпілдеп еріп шықтық. Саяси кезаптардың басқыншылығымен ұлттық өнеге азды. Кемеңгерді дүниеге әкелетін ана сезімі ұйтқыды. Махаббат дегенің мазақ болды, сүйгенім дегенің сүлік болды, қанішерлік бүлік болды. Туыс дегеннің көкірегі қуыс болды, жатып атарға жұғыс болды. Тектілікті жоятын қан шеңгелді уыс болды. Дос дегенің қас болды, көкірегі қара тас болды, жүрген жері шу болды, соларды ойласам ішкен асым у болды. Зықымызды шығарған жасасын деген дуболды, қатыгез тағдыр оңдырмады. Ізгілік деуі өтірік, жетіп жатты сұмдығы, түске де енбейтін болды өмірдің сойқан шындығы. Берекетсіз тірлікте көздің жасы, аққан қан әлсіздердің мұңлығы. -Шемен шердің ерімесін білгенмін, кемеңгердің ізін іздеп жүргенім. Әлемде дана аз, шала көп, көсем аз, көсемсымақ баршылық, ұлы тұлғалы кемеңгер де бір-бірден, осылардың қанын соратын, ажалынан бұрын қабірге құлатып тынатын Ібіліс-жауыздары жетерлік. Шалабай інім әлгі Дұтмағамбет деген ақын тағдыры не болды? Тайсалмай айтар сөзім бар, болашақты болжағыш көреген көзім бар деуші еді. -Кемеңгеріміз деуді көпсінсекте, кенен ойына тоқтаушы едік. Майданнан оралмағандардың жарына өлең, жырын жазып жоқтаушы еді. «Қаракөл» ауылынан майданға тоқсан жігіт аттанса, соның оншақтысы жаралы боп оралды ғой. Тарлық қысты, ел жүдеу, нетүрлі індет қырды, талай бала өліп жатты. Кемеңгеріміздей

боған ақын ел күйзелісі, елу шаңырақтың бөрінде қайғы зары күңіrentкендіктің адалын айтты ақын жанымен. Ұрпақ кімдерден аштыққа, зұлымдыққа шарпылмай аман қалды дейсің ғой. Жатып атар, сұм-суайт, жағымпаз, табынымпаз, өсекші, өтірікшіден балалар бар. Мысық иттің құлы болса мияулаған мысық міркенімен өсер, өлі арыстаннан тірі тышқан артық десе, тышқан табылар. Бірақ, Дүтмағамбеттің алдымен ер жетіп қалған баласы аштан өлді, соңынан өзі аштан өлді. Мен өзім алпыс беске келген кісі, зәлімдерді сөзбен түйреп жеңген кісі, жағама қандай жауыз жармасса да, сазайын оқсатып берген кісі, көнбей өтем зұлымдардың көріне, андыздаған жыртқыш аңдай зәлімдер, басынады бөрінде, әлсіздердің зөре-иманын ұшрып, жүргізбеді-ау жөніне. Адам біткен қанішерден торықты, талай дана сұлық түсіп ажалмен жолықты, деп көкірегі ұлып, жүрегі жылап тұрса да кішіреймей тостағандай ауылдың тірілеріне ұлттық өнеге, бабалардың өсиет ақылын айтудан шаршамады.

-Әулие айырықша дара біткендерден де, жұмыр жерге танымал көсемдерден де, ақын, шешендерден де біренсаран ұрпақ қалса басын тасқа ұрып, көзіне көк шыбын үймелеп азып, тозып жоқ болатыны жаратқанның бір құпиясы ма? Маркс, Энглс, Лениннен тұқым қайда? Ондаған қазақ ұлыларының тұқымы қайда, неге әлемге жарқырап шықпайды? Ол ол-ау, мен шыр етіп өмір есігін ашқанда қазақ даналарының бірі Мыржақып Дулатов:» Өз еркі өзінде жоқ бір кісіге құлдық қандай болса, бір тайпа жұрттың еркіндігі болмауы одан мың есе жаман» -деген екен. (Т. Қ) Адам қанына саясаттың араны ашылғанда халық жауысың деп әкемді 1937 жылы түрмеге айдатқан өз туыстарымыз ғой, Сталин келіп қолына кісен салған жоқ. Бұғанасы қатпаған бала қалды, жаудың баласы деп сұқ саусаған шошайтып құлмінезділер қызынып жүрді. Осындай опасыздар ортасында үмітті жоғалтып, үнемі сескенумен қара түнекте басын қорғаудың өзі қандай ауыр десеңші. Сол опасыздар ұрпағы қасіретті білмей өсті, олардан кеменгерлік шығар ма? -Опасыз, сатқындардың тамыры тереңдеп кеткен ғой, сонау патшалы ресейдің отарлық

езгісінің қанды қысымы, оны артығымен жалғастырған қызыл империяның қан құстырған зұлматы, қазақ ұлтына мақсат қойғызбады, үміт еткізбеді, сенімді ұмыттырды, кісілік, ұлттық ерекшелікті жойды, -деп Қонғанбай әулие таң алдында тайып түсетін әлсіз сәуледей өзінің басынан да сүргінде бақытының нұры сөніп, үміті үзілгеніне уын жайған үрейдегі қорқақ туыстардың зөбірін ойлады ма толқып:» Осынша ұзаққа созылған қанқұйлы жылдарда жүдеубастар, қалтырап, дірілдеген қорқақтар өңсөлсіз жүргендей әлсіздерге тас кенеше жабысты. Өзі көлеңкесінен қорыққандай болса да сталиншілмін деп елірді. Бір әйелдің ышқырынан бір уыс бидай тапса есі ауысқандай еліріп жаусын деп шыға келді. Ондайда ауыл мұғалімі Шалабай ғана:» Сталин майдангерлердің жанұясына зорлық, зомбылық көрсеткендер қылмыскер атансын» дегені бар деп тоқтау салып жүрді. Құлдық ұруға қорланумен өкініп, амалсыз үрейге үйренгендер билік алдында үн шығаруға тиісті еместей еді. -Көз алдымда соғыстан оралған Қыздарбайдың бүрісіп махбатынан бір жола айырылып өкініп отырғаны, -дегендей болды әулие. «Тоқсаны кетіп майданға, тоғызы жаралы боп оралған ауылда шүкіршілік бар-тын. Қыздарбай екі қолы, екі көзінен айырылып келді. Бірде «Шоңқайлы» көлінің жағасында қалыңдығы Назгүлмен әңгімелесіп отырды-ау. Жауынгерлік жолын әңгімеледі. Ерлігін айтты. Кенет Назгүлдің жүрегін ібіліс шайқап қалды ма, шошаң етіп Қыздарбайға:

– Қара тереңге итеріп жіберсем малтып шыға алар ма едің? – деп қалды. Сол сәтте Қыздарбайдың миына жау миңасы жарылғандай әсер етті ме, қара тереңге құлап кете барды. Бір батып, бір шығып жүргенін көрген Николай құтқарды. Николай да соғыстан бомба жанына жарылғанда тілі байланып, ақыл, есінен айырылып елге келген-ді. Бұл оқиғаны естіген Қыздарбайдың анасы Жақия төркініне ұлын ертіп барды. Назкен деген сіңілісіне сөз салды. -Еркектің ізіне зар болып отырғанда... көзсізге көз боламын, қолсызға қол боламын деп ерлік танытып тұрмыс құрды. Қойыны құтты болып ұрпақ өсірді. Ерге

бақтың да, қасиеттің де тұрақтауына әйелдің біраз үлесі бар. Данышпанды да, кемеңгерді де, батырды да, ақын, шешенді де тәрбиелейтін бірен-саран көкірегінде жын шайтаны жоқ, төсегі таза, қойыны құтты, тегі асыл аналар болған. Бірақ күні үшін, күйкіде болса күйеуім деп сұм-сұрқиядан да ұрпақ өсіріп биісімілдасын ұмытқандар да, ібілісті кеудесіне қонақтатқандар да жетерлік. Бүгінде жер байлығының жайсаңы аталған» Жетікөл», «Жекенді» аймағы неше алуан тегеуірінге кездесіп, талай-талай ұйтқымалы жылдарды өткізіп көлдерден, өзеннен су тартылып жүдегеніне өкініп қапаланасың. Пенде емеспіз бе, түнде түсіңде де елітесің кейде. Батыр боп жұлқынар едің, түп тамырың алыста қалған, кемеңгер болып жұлдыздай жарқырар едің, тектілігің ғасырдан ғасырдың тасасында қалған. Таңдайы жарылған шешен болғың келер еді, тарихыңды әбден түгендеп болған жоқсың. Ұлттық ұлы тұлғалардың сарқылмайтын теңіздей толқыған ақылы әлемге тарап еді, оны да игеріп болған жоқсың Ақ сақалды абыз түк армансыз елді көргендей таңырқап Ойыл өзенінің суына қолын салып салқындатты да қасындағы ел айтқышынан: -Тарихыңда талай ақын, талай дана, талай тұлғалы кемеңгер шыққан елде кімің бар жалпақ жұртқа танытатын? - деді. - Бар ғой, болмаса болар, тектіліктің оралуына әлі кем дегенде жиырма бес жыл керек. Оған дейін шыдаймыз, толымызды төкпей, ортамызды шайқамай, рынок дауылы қысқанда шаңырағымызды шайқалтпай сақтап қалдық Ойылдан шыққан капиталистік байлар бар, кемеңгер болмаса да барлығымен еленген, - деді де айтқыш көзін жыпылықтатып Қонғанбай әулиеге қарағандай болып: - Жаратқан иемнің құдіреті шығар, әлемдік кемеңгерді ғасырлардан ғасыр өткізіп біріндеп беретін сыңайлы. Содан кемеңгері аз елде көсемсымақ пайда болып жұмыр жерді де өзімдікі, байлығы да менің қазынам деп Ібілісті құшақтап желпінбей ме екен? Ауыл ғана емес, жұмыр жердің қасіретін жеңілдететін кемеңгерде киелі ананың құрсағы аман болса жылдар өте адамзатқа аңыз боп келе жатар. Тыныштықтың ата жауы, қанды ауыздар да көсемсіп жүріп, тас мүсінге айналып өз үрейінен өзі

тұншығып қара жерді жастанғалы қашан. Ұлтымыздың тектілігін жалмауыздай жалмағандар да топырақ қапқалы қашан. Әулием, бүгінгі елімнің жақсылық ажарына сүсініп кеменгер шығар деп үміттен. Айтпақшы, үрейлі қоғамда ана құрсағында қорқып, зәресі қалмай, ішіп асқа, киіп киімге жарымағандардың ұрпағы жағыну, табынуды тез меңгереді екен. Жақсылық пен жамандық арпалысы өмір болғасын жалғаспай тұрмас, сірә. Бірақ, асқақ қиялымды әлем естісін деуіме бүгінде қақым бар. Әулие баба, болашақ кеменгеріңе пана бол, кейбір әйелдер америкаша желігіп жүріп түсік тастайтын зұлымдық әдетті тауып жүр... Кейбір әйелдің шашының әрбір талының арасында шайтан тұрады деуші еді, оны үркіт, түсінен шошыт...

* * *

« Өмірші есірсе-әлеумет сорлайды» деп оқты көзбен сұқтанған билік иелері кісіліктен жаңылып, зұлымдықтан табылып, қорлыққа төздіріп, аштықтың сұрапылдығын қолдан жасап жатты. Жүзге жуық ауылдағы жасөспірімдердің жиырма пайыздайы тірі қалған шығар, аштыққа бұрлыққанда нетүрлі сүзек, қызылша, шешек, безгек сықылды аурудан өліп жатты. Ажалынан бұрын қор өлімге дерек жетерлік. «Степная правда» газетінің (№ 83 (290) 1929 ж.) 15 желтоқсандағы санында Ойыл ауданында 359 адам аштан өлді, 167 адам өлімші деп бірер айдағы қырылыс оқиғасын жазса, жыл бойына жүздеген, мыңдаған адам аштан өлгені белгілі. (1900 жылы Ойыл қаласында жиырма мыңнан астам адам болған дерек бар, арада жүз жылдан астам уақыт өтсе де сол адам саны көрсеткішінен асқан жоқ Т.Қ.). Бұл кезде «Хлебный фронт» революциялық әскери кеңес басшысы Ворошиловқа арнаған хатта: «Ақтөбеден Москваға әрбір бес күн сайын 67 мың 395 пұт астық жөнелтілді. Күн сайын 7 мың 463 вагон толы астық Мәскеуге кетіп отырды. 1929 жылғы» союзхлебөтің» жоғарыдағы газетке берген дерегі. Халық аш, сүйектері саудырап өліп

жатқанда есерлердің көңілі көншімей аласұрып елдің малын да талап, үрерге ит, тігерге тұяқ қпалдырмады. Азып, тозып өлім құшып жатқандардан болашақтың кемеңгері қайтіп шықсын, ашта туған баланың көзі астан кетпейді деп үрмеймен түңіліп өскендердің мінез, құлқы құлдықты қанына сіңіреді. Билік алдында жүрегі суылдап мысы басып тұрады. Оныңыз бірнеше ұрпақтың ауысуына дейін көз көргенін, көсеу түрткенін істеп, зұлым бол десе зұлым болады, сұм-сұрқия бол десе, сұм-сұрқия болып биліктің айтқанын екі етпеуге дағдыланып, ұлттық өнеге, ұлы қасиетті тыңдауға да құлақ аспайды. Үстемдік алдында мойынын үзуге дайын тұратын жағымпаздардан кемеңгерлік қайтіп шығады. Ойсыз тірі өліктер тарихи даналар мен кемеңгерлердің де ізін өшіріп барады. Қызыл империяның ұлтымызға ғасырлар бойына оңалмайтындай етіп езіп салған қасіреті әрбір ошақтан басталып елдік, еркіндік құнын жойып тастағаны аян еді... Кемеңгерлерің көппе деп бүгінде де кейібреулер кекетіп күлгендей болады... Құйындатып жүрген жат не демейді

ҮЗІЛМЕГЕН ҮМІТ

– Жаратқанның жарығында адамынан тірідей айырылғаннан ауыр қасірет болмас, – деп Қымыр ентігін басып Орск қаласындағы туысы Дүздыбай Кәрібековтың қартайған шағында туысы Ұзақбай Құлымбетовтың ұрпағын бір көрсем деп тәтті жұтып, ащы түкіргендей оймен теңселеді. Оқиғаның бәрін тәптештеп айта алмайды, көкірегінде орныққан үрей көбін ұмыттырған. «Туған жеріміз Ақтөбенің Бесқұдық аталатын жері еді. Отызекінші жылғы қырғын аштықта өндірісі бар Орскіге қайраты барлар көшіп, ежелгі қазақ жері ғой, әйтіп, бүйтіп талшық таптық. Аман, есен еңбек етіп жүргенімізді көпсінген НКВД іздеп тауып:» Халық жауы» Құлымбетовтың туыс, туғандары екенсіңдер, қоғамға жаулық әрекеттерің болса кешірілмейді, есепте тұрасыңдар!» деп бақылауға алып, тынысымызды тарылтып, басқан ізіміз аңдуда болғасын елдегі Таңатар, Кәрім, Мәметек, Мұздыбай, Зер, Сәкен,

Гүлминұр сықылды туыстарды көрмек түгелі есімін ауызға алудан қалдық. Қызыл жағалылар сұрағанда Орал облысы, Жымпиты ауданынан 1932 жылы 28 үй көшіп келдік. Ет комбинатына жұмысқа орналастық, деп жалтарамыз. Екі адамның бірі тыңшы, өз жанын сақтауға бола сатқындық жасайды. Жалған куә бола кетеді.

– Бірге келген елдестерің кімдер еді? деп сұрақ қояды.

– Бірге жұмыс істеп жүрген Демеуов, Төлеуішов, Аршынов, Досмайылов, Таспаев, Таңатаров бәріміздің отбасымызда 205 адам бар, балалар оқиды, ересектері еңбек етеді.

– Қылмыс жасап қашып, пысқандар емес пе?

– Тәртіп бойынша өндірісті өркендету мақсатында жер аударылдық. Қылмыс дегенді білмейміз.

– Қоғамға ісқимылы жат деп ешкімнен күдіктенбейсіңдер ме?

– Болашаққа сенетін еңбек адамында күдік болмайды ғой..

– Біреудің қоғам жұмысына зияны байқалса шұғыл хабарлайсың, адал сөзіңе байрақ аласың, деп тергеуші бастырмалатып сұрақ қояды, тезтез сөйлеп талап етеді. Өзіңнен өзің қысылып, терге малшынып қорқып өліп кете жаздайсың. Сондай зобалаңнан аман шыққанымызға тәубе етеміз. Пенденің жүзі салқын, үрейге тұншығып сөл нәрседен шошынып тыныш ұйқы таппаған кез ұмытылар ма? Төңіректеп жүретін қызыл жағалыны көрсе ертеңге деген үміт үстірт, біреумен ашық сөйлесуге де ешкімнің батылы жете бермейді. «Пәленше солай деді, пікірі жаман, түібінде бүлдіреді» дей салатын қорқақтар жетерлік.

Дүздібайдың көзінен өткізген аштық, қуғын, сүргіннің қанды оқиғасы да қалың көптің тағдыры Орскінің мұрағат құжаттарында да сақтаулы тұр, кімнің жазықты, жазықсызына көз жеткізу қиын, қаланың аға соты Стрельниковтың жазбасында 324 қылмыс, 243 шағым, 630 сот үкімі орындалмағаны дей келіп, 1936 жылы 1350 азаматтық қылмыс қаралған, жариялануға жатпайтын 670 іс сот сүзгісінен өтіп, үкім кесілген (ф. р1, оп1 «а», хр 84 Орск нарсуд 3. дек. 1936 ж) Осы тұста Мәскеудің

тапсырысы бойынша, лимитте көрсетілген қоғамға жат пиғылдыларды жариялауға жатпайды деуі де мүмкін. Сондайақ Мәскеуден түскен түрлі қаулылар, оның ішінде халықтан, шаруашылық, өндіріс орындарынан қоқыс, қалдық жинау тапсырысы белгіленген екен. Совхоз, өнідіс орындары 9850 килограмм ескі шүберек, 5700 ескі қалдық 2050 килограмма ризина, 7920 килограмма қағаз, сондайақ мал тұяғы, жүн, жылқының құйрық, жал қылы барлығы 116921 килограмма түрлі қалдықты дайындық орнына тапсыру міндеттеледі. Мұндай жоспарды орындамағандар жауапқа тартылады.


Ал, Қазақстанда ше? Жағымпаздарының бірінен» қазақ тышқан жесе де өлмес» дегенін Голощекин естіп қазақтарды жер бетінен жою үшін тышқан аулатқан, қатаң тапсырыс берген. Қазақ жерінде бірде-бір тышқан тірі қалмасын деген болуы керек. Және аштан өліп қырылып жатқандардың аты, жөнін, есебін қағазға жазып көрсетуге қатаң тыйым салған. Ертеңіне сенгіштікпен қамсыз жүретін қазақтардың үрім, бұтағы қалмай қырылуының біз біле бермейтін нендей зұлымдық құпиялары өлі ашылып болған жоқ.

– Үрей күшейіп қуғын, сүргін ажалы өршіп тұрғанда ағайын, туыстан айырылсақта бір кезеңкелер, табысармыз, деп Дүздібай өле өлгенінше туысын жоқтаумен көкірегі күпті болып қабырғасы қайысып келеді. Бірақ өмірден безінбеді, ағайын арасындағы ащыны сезінсе де кектенуге жоқ. Онысы бас сауғалап түн жамылып көшіп кеткенді. Барар бағытын қызыл жағалылар сұрағанда ағайын үндемей қалған жоқ, дәлелдеректі мөлдіретіп айтып берді. Бір ауыл, туыс, туған болып отырып сатқындық, жатып атарлық талайдың обалына қалды. Байларды төркілеу кезінде де кімнің қанша малы барын, оны қайда жасырып жүргенін айтып, тышқақ лағына дейін қалдырмауға туыс, туғандары куәлік етті. Қызыл жағалыға елдің небір құпиясын айтып берді. Міне, көре алмаушылық, қорқақтық, күндестік, сатқындық, құлдық мінезі қырғын өлімге себепші болды. Содан ақылдылар аузында «Табалдырықтан асқан тау жоқ, ағайыннан асқан


жау жоқ» деген қасірет шеккендердің жүрегінен шыққан сөзін сақтандыруға арнап қалдырды. Дүздібай көзінен үзіліп түскен тамшыны сүртіп:» Қайтейін, үзілмеген үмітім бар, өлерімнің шағында... Бұл бірлердің қайғы, мұңы емес, мыңдар, миллиондардың жаралы жүрегінде жүрген шер еді. Халықтың тарихындағы осындай қанды оқиғаларды түсінбей, халық дәулетін ұрлау қандай қиянат, – деді Қымыр.

Біздің жыл санауымызға дейінгі 4-3 ғасырға, энеолит дәуіріндегі Қызыл таудың өңірінде бабаларымыз мал өсірген. Тау, тас бейнесіне көзінді суарып тереңде қалған тарихыңды зерделейсің, көрінген сонадайдан Қызыл тауым, азық еткен адамдар бақша-бауын, батырлар ат үстінен түспей жүріп, ұтқыр сөзбен шешкен-ау жердің дауын. Тарих дерегінде түрік тектес халықтар, көшпелілер 13-14 ғасырда осы өңірді жаппай мекендеген. Оған дәлел – картадағы жер атаулары. Тоқтамыс хан дәуіріндегі Тана батыр көлі, жағалбайлы жайлауы, одан бергі Әбілхайыр ханнан бөйбішесі Ботай ханымның әкесі Сүйіндік көлі, тағы толып жатқан қазақ руларының ата қоныстары. Әбілхайыр хан Ресей императоры Анна Иоанновнаның ауызша келісім бойынша Ор өзенінің бойынан әскери бекініс салуға кіріседі. Азия мен Еуропаның шекаралық нүктесі, яғни Ресей мен Қазақ елінің сауда керуеншілерінің қауіпсіздігін сақтауға тиісті болады. Өйткені сауда қатынасында Ташкент маңынан қарақшылар керуенді тонау, өлім-жітім көп болғанына байланысты мемлекеттік тиімді мәселе еді. Қазақ даласындағы осындай маңызды жұмыстың құжаттық картасын Ресей патшалығының кеңесшісі И. Кириллов жасаса, оның жер атауларын қатесізжазуын Әбілхайыр хан өзі қарап отырған. Сөйтіп, 1734 жылдың наурыз айынан бастап Орск әскери бекінісі екі елдің мүддесі үшін қызмет істеуді жүзеге асыруда түрлі шаралар істеуге кіріседі.

Мына суретте Еуропадан тауар таситын қазақтардың керуені бейнеленген. Марқұмдар талай жылдар өте Ор өңіріндегі байтақ дала патшалық басқыншылығымен Ресей территориясында қалып қояды деп ойлайды деймісің?



Өкінішпен өлгендерді еске алғанда жаның жүдейді...
Болашақты нақты болжай алмағанда байлығыңды жалмап-жұтап, қоятын зәлімдер табыла кетеді. Бүгіндегі әңгүдік шовинистер тарихтың шындық дерегіне көз салса денесі тітіркеніп, басы қаңғырып кетер.



АСТАМШЫЛЫҚ АҚЫРЫ

« Жапалаққа жайдақ міндім», деп тілін безеп, айтқыштық ойын көзеп шыбыннан үріккен түйелерін түгендеп жинай алмай, шындықты айтып өзін қинай алмай Тазшаның ана жылы баға босатылысымен аңыздар елінің патшасымен контракт жасауға бекінгені бартын. Сорлы Тазша зауыттың ауаға шөгіп жататын қапқара түтін бұлттарына жетпіс жыл жер тістелеп отырып қармақ салса да киетін киімге, ішетін асқа жарымапты. Кеңес үкіметі құлағасын сол түтіннің құны өтіп тұр-ау, бірақ. Өмірінің қадірін жаны кете бастағанда білейін деді ме, жаназасына жететін қаражаты болмай, қалтасы толайым тесіліп қалғасын Шыбынға мініп жер-көкті кезді де кете барды. Мыңсан уға қырылмай, «Байқоңыр» маңындағы гиптелдің кесапатына ұрынбай жүрген, сауыры астаудай арғымақ ту шыбын айлық жолды бір аттап «Азғырдан» атылған оқтұмсықтай зулап келеді. Сол екі ортада қырдың қыл мойын жыланы қытайдың өндіріс орнына қарай жорғалап бара жатады. Жыланның сиқырлайтыны есіне түсті де, астындағы көлігін бір талмап жұтар деп сескеніп он сегіз өрме, бұзау тіс қамшысымен тіліп кеп жіберген еді, өлмеді. Ұрған сайын ісініп, миллион долларлық шет ел автокөлігіне айырбастамаған шыбынының бауырынан асып, үзеңгі қайыарға жетіп қалды. Өзінің өңі қашып, жүдеу көзі бұлдырап бара жатты. Қол аяғы суып тілі байланғандай болған кезде суы тартыла бастаған көлден сұңқылдап ұшқан қос аққуға тіл бітіп:» Жыланның сауырынан біссімлдә деп сипамасаң тіл тарттырмай шағып өлтіреді!» демесі бар ма? Тазшаның құмырсқадай құжынаған миллиондаған жаны жоқ, сірәда. Жалмажан біссімлдәлап сипап-сипап жыланды өз қалпына түсірді. Уһ, деп күрсініп, төубасын айтып тездетіп «қашпақ болсаң зымыра, көз жетпейтін жаққа зытқан ұрылардай құлдыра» деп шыбынына қайта қамшы салды. Күңіренген көңілі» апыр-ай, текеге шарап берсең, қасқырмен төбелеске шығады» деп жаңағы жылан

ішіп алған ба? И-и, оның құпия сырын бір илеудің құмырсқасындай болған көріпкел білмесе, менің миым жетпес, деді. Сөйтіп, қорыққанға қос көрінетіндей күбірледі. Сосын желді уыстап ұстап, алды-артына бір уыс топырақ, деп жан-жағын қарманғандай болды. Пай, кісі суға кеткенде жыланды да жатсынбайды, дей бергені сол еді, алдынан қаптаған қара құрым қарғалар арадай дуылдап кеспелтек тұмсықтарынан будақтаған түтіндерін қап-қара бұлттай етіп тұс-тұсқа тырағайлап ұшып жатты. Удан үрейленбейтін шыбын, түтінді жарып өтіп, кәдімгі радиоактивті самолеттей зулап барады. Дегенмен, көкірегі» қарғалардың түтін түкіріп бара жатқаны несі? Аштықта қырылып қалған адамдардың өлігіне тойынған құзғын құстардың тұқымы емес пе? Бір ғана Орал губерниясының өзінен 1917-1922 жылдар аралығындағы аштықта халқының 48,8 пайызы қырылып, 1917 жылы мал саны 2571770 болса, 1922 жылы малдың 307535-і ғана қалған. 1921 жылы көкек айында ашыққан адамдар саны 2305591-ге жеткеніне қарамастан, қазақ жеріне 400 мың жер аударылған орыс тілділер қоныстанып, өлгендердің есебін толықтырыпты. (« Авангард Красного Востока» журналы, №1, 3. 1922.). Сол аштықта бұта сайынғы өлікке құзғын құстар тарихта бұрын, соңды болмағандай тойынған шығар» деп жаны ышқына күбірлейді. Сөйтсе де дәті берік, ол-пұлды түгендеуге қанағатсыздығы жоқ. Бір сәтте Тазша сағымы жоғалып тартылған таудың кең қолтығына тап болды. Алдында бір-бірісі бөренедей маңыраған қара ала саулықтарды көзі шалды, шамасы бір мыңнан көп емес. Осыншама отарды жалғыз қозы желінін тандыр ғып еміп жүрсе де шыр жұқпаған, құйрығы бір уыс бірдеңе екеніне таң қалды. Алмисақтан бері мұндай жалмауыз қозыны кім көріпті? Мынадай жасырын құпияға таңырқады да, шыбынның тізгінін босатып шалғынға шалдырып оттатқысы келіп еді. Көл жағалай өсетін нетүрлі шөбінен шық кетіп, тау қойнауынан сағым қашқасын ба, «мынадай нейтратты жеп өлгеннен аштан қатайын, удың қандай түрінен

де қауіптіні сездім деп шыбыны тіл қатты» . Ау, қой байғұс жайылып жүр ғой, деп еді шыбын:» ақымақ мал не жемейді» деп қара ала қойларды жер-жебіріне жете сөгіп тастады. Апыр-ай, Тазшаның құстан ұшқыр көлігінің ақылгөйсiгенiн қайтерсiң... Тiршiлiктiң қадiрiн бiлмейтiндерге қатты ренжiгенi шығар.

Соданiркiлместентауасып, әрi жыртылған аңызқтың шетiне аңқасы кеуiп әзер жеттi. Бiр шөкiм бұлтты сауып су iшпесе өлiп те кететiн едi. Масқарасы бұлттың суы да қымбаттаған, қожайындары мейлiнше асқақтап кетiптi. Құлқынына қажеттiң бәрiн табиғаттан табуға бейiм Тазшаға мұның бәрi ауыр тигенiн бiлсеңiз. Тазша аламан аймақтан уһ деп шыға бергенде алдында жыртық тақиясын жамап, алба-жұлба шапанын сырыққа жауып көлеңкелеп жол үстiнде малдас құрып бiр қария отыр екен. Жанындағы қамыс қобызы тасқын ба, түрлi апат па. өлiм-жiтiмге толы қантөгiстiң қайғысын, жұмыр жердiң зар-мұңын сарнайды. Қарияның қасына келiп түйедей Шыбынының үстiнде шiренiп тұрып бейшараны менсiнбегендей Тазша:

– Ассау... – деп едi.

– Уағалайқумсәлем, жолың болсын Тазша, – деп атын да көрiпкелдей жатқа айтты.

– Рыноктiң бағасын тоқтататын күш таппай ел қыдырып бара жатқаным, өзiңiздiң сапарыңыз оң болсын?

– Әлей болсын, тегiн бағып, тегiн киiндiретiн Қызыр iздеп... Халқыңның бiразы тегiндiкке үйренiп, еңбектен жиренiп, жетпегiрлер қолы ойнағанның аузы ойнайды, дегендi керi түсiнiп қыршаңқы боп бара жатқан едi.

Олай деуге дәлел таппайсыз, тауарлардың бағасы өскен сайын қораздардың өзi жұмыртқасында шақырып, тiптi темiр қанаттанып ұшып кетпек ойы бар. Мал дегенiң шет елден самолетпен тасылғасын алтын астаудан азықтанып, қойдың өзi пiл болуды көксеп жүр. Сұғанақ қарын тойынды, мал сойылу қойылды. Андамында жол жүру басталды, есiк ашып тасталды. Жаяулап келiп намыссыз әйелдерге үйленiп жерсiнiп жатыр. Құдайдан безгендер әлсiздiң тiрi жүруiн көпсiнiп

жатыр. Езіп, жаншуды епсініп жатыр. Бірақ, қалың халқым батыр...

– Жә, шырағым азабы мол тірліктің әртүрлі қиындығы да табылар. Жә, одан да жолдан қалмалық, мына дорбамды иығыма салып жібер? – деді қария орнынан киімінің шаңын қағынып тұрып.

– Жұмыртқадай дорбаны көтере алмайсыз ба? – деп Тазша шыбын үстінен еңкейіп әуп деп көтере бастайды. Құдіреті жетпей, қанша күштенсе де орнынан қозғалтпақ түгелі шыбынның төрт аяғы жерге сіңіп бара жатады. Осы кезде сақалы құдай, бет сүйегінің еті тартылған, арса-арса болған аруақтай қария:

– Ой, Тазша шырағым-ай, өзім көтерейін, – деп дорбасын иығына зып еткізе салып Алдардың алабажалақ таяғына сүйенгендей жөніне сылқылдап күліп, шапағы сөнген күн астына қарай кете барады.

Әрі айтып, бері айтқанда Тазша контракт жасауға аңыздар елінің патшасының есігінен төріне дейін төрт күн ұшып өзер жетті. Патша алтын төжін киіп, екі иығындағы екі періштесімен шүйіркелесіп отыр екен. Оқыс бұрылып Тазшаға қарады да:

– Жол бойынан нендей қызықтарды көрдің? – деді сауал алғандай. Оған Тазша жуасып:

– Кедір-бұдыр жолдан жылан көрдім, жыланның жүрген жері ылаң, – деп өлтірейін деп едім, өлтіре алмадым.

– Өтіріктен басқаға ақылық жетпейтін сорлы, ол жылан емес ақыр заманның азуы алты қарыс долы әйелі еді. Бетіне кемшілігін айтып ұрып-соққан сайын семіре береді, қысқа өмірінді ажал боп кеміре береді, кейбір шет елдің еркегі десе қойынын ашып еліре береді. «Сенікі дұрыс деп сауырынан сипамасаң оқта, отта ала алмайтын ажалсыздар да болады, – деді де тағы не көргендерін сұрағандай көз қарасын аңғартты.

– Аузынан түтіні бұрқылдаған қара қарғаларды аңғара алмай жүйкем жұқарды.

– Күңірсек иіс. Ақырзаманның шылымшылары, жеріңе төгіліп жатқан улар емес пе!

– Одан соң мың қойды бір қозы еміп, сонда да шыр жұқпайтын сұмдықты көрдім. Баяғыда бір ағамыз» Америка түйесінің өркеші төртеу көрінеді» дегені үшін» шпион» аталып атылып кетіп еді, содан бері» көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз» деп сұрастырғанды айта берудің өзі қиын деп Тазша қолын езілмей қысып еді, аяғы алты метрдей тау масасы алақанында езіліп өлді. Теңіз жағасына келіп өлетін итбалықтай өлігі біртүрлі... Сол сәтте Патшаның сол иығында отырған періште» масамды шейіт етті, итбалықты өлтірді, малғұн» деп еді, әмірші сұқ саусағын шошайтып аузын жапты да:

– Ақыр заманның биі қара халықты қанша сүлікше сорса да тоймайды, ештеңеден торықпайды, ажалдан да қорықпайды, көкірегіне қонақтаған арам дауыл желін құдайлар мемлекеті де тия алмай келеді, -деді күйген бауырсақтай қоңыр жүзін суытып, тағы не көрдің деген сұрағын ыммен тастап.

– Одан кейін бір мүсәпір шалды көрдім. Тауықтың жұмыртқасындай дорбасын көтеріп иығына сала алмадым.

– Одан қандай тәубаға келдің?

– Дұрысын айтсам бұл хикметке де миым жетпеді.

– Алаңғасар Тазшам-ай, қой, түйе, жылқы, ешкі, ірі қара жер қайыса жайылып жүрсе, бағасын жүз мың есе қымбаттатып сатып жер бетінің тұтқасын өзім ұстаредім деген астамшылық қиялыңды ұмыттың ба? Пенде, құдайдың бергенін білмей, оның қадіріне түсінбей, өзің сияқты қор болады. Әлгі жұмыртқадай дорбаның ішіндегі жердің төрт бұрышынан алынған төрт шөкім топырақ. Соны да көтере алмадың. Әлемді байлығыммен билеймін, жұмыр жерге әмірімді жүргіземін, деген астамшылығыңды құдай хош көрмеді. Бұдан былай асқақтап асылдық етпей, біреудің елін ойрандауға ылығып кетпей маңдайыңа жазған өтіріктің базар бағасын арттырып бұйырған ырыздықты шекілдеуікше шағып жеп жүре бер, – деп кешірім еткендей болған кезде сол иығындағы періштесі жұтынған тауық жұмыртқа таппайтындай шабынып:

– Тазшаның күнәсі көп, кілең жәндік, аңды ұстап мініп

арытып құртып барады, онсызда аң, құс, жәндік, шөп, шөңгенің түр-түрі жыл сайын азайып, жойылуға қалды. Адамның зұлымдық пиғылынан табиғат апаты күшейді, – деді. Сол кезде оң иығындағы періште:

– Халықтың Тазшасы самолет мініп сайрандап әр елдің банкісіне қаржысын тығып жүрген жоқ. Енді елді әзілінен айырсаң жер бетінде тірі пенде қалмас. Тазшаның өтірігі де әзіл, өтірігі де шындық, оны түсінбейтін ойсыз адамдар қияметтің қыл көпірінде тұр, ұрлағандары желкесінен шығып қармаққа ілінген, ондай зәлімді Тазша айтпағанда кім айтады, – деп быж-тыж боп арашаға түсті. Тәңір жарылқағыр аңыз елінің патшасы оң жағындағы періштесінің сөзін қуаттап, енді астамшылығыңның ақыры осы болсын деп ескертіп, Тазшаның астына тайбуырылдан да жүйрік, үйдей қара шыбынды көзі қиып мінгізді де жіберді. Апыр-ай, қымбатшылық заманда, бір елді екінші бір ел ойрандап табыс табатын ғаламда, имансыздың сақалы күймей тұрғанда, ададықты ескеріп шыбын сыйлаған да теңдесі жоқ жомарттық екен, ә?. Шыбыны таза, шпион емес және...

Астамшылықтың ақырын өздерің түсінерсіңдер. Базарға барып шыбын ұшып жүрген жерден азық алсам деп едім. Бір айтқыш улы өсімдіктердің маңына шыбын қонбайды, сенен шыбын ақылды деді. Апыр-ай, ә? Ақылым айран, ойым шалап болғаны ма, сонда?

* * *

Ауылдың бір айтқышы күректей тісін қояның шидей қабырғасымен шұқып жабырқап отырып күркешігінде қыңсылаған итіне қарап:» Байдың итіне жарымсақтанып ашуымды келтірді де жатқанша таяқпен ұрдым, бөлемді. Мұнымды біреу ақымақтық дер, дей берсін. Ә, иттің де ақылдысы, ақымағы бар деп ойландым», – деді де термелеп:

Ақылды мен ақымақ білісе алмас,
Атан түйе текемен сүзісе алмас.

Ақылдының жолымен жүру қиын,
Ақымақтарда құрады ұйым, жиын, –

деген сөзін іліп әкеткен Тазша қабарғасы шидей жіп-жіңішке болса қоян да радиакциямен шаруасы біткен екен. Ондай қоян менің шыбынымның бір тепкенінен қалмайтын шығар.

– Зықысы шықпаған табиғат бар ма? Астамшылықтың ақыры таянғанын Семей жерінде баяғыда үсті-үстіне бомба жарып жатқанда білгенбіз. Жан сақтауға қуыс таппай саңқылдап жынды адамша күлгенбіз, – деп Қымыр Астана көшесінің тазалық сәніне күнде қуанатынын білдірді.

АЙТАСЫҢ ДА ҚОЯСЫҢ...

Қоғам болғасын, халықта әртүрлі тірлік, әртүрлі мінез құлық болғасын, өмірінде қатарынан алға озып шыққаны бар, арқа сүйейтін мықтыны тауып ұтқаны бар. Мағнасыз масығып аларын ала алмай, көрер қызығын көре алмай кедейге берсең бізге бер деп шалжиып жатқаны бар. Былпып жүретін момын бар, ылпылдап жүретін айлакер бар. Үстемдіктен өлімші боп өгейлік көрген бар, кектенуімен өлген бар. Коммунизм келіп жарылқайды дегенге иманындай сенген бар. Сорлы басыма бұл дүниеде жақсылықты жазбады деп екі қолын төбесіне қойып қаңғып кеткен бар. Қансорғыштықпен ойлағанына жеткен бар. Жұртты үрейлендіріп шарықтап ұшқан бар, төрт құбыласы тең болды билік тізгінін ұстанған. Жалпы алтын кенінде жұмыс істеушілердің мінезі өзгермелі күйде тұрады, кең даладағы диқанға, не малшыға тіпті де ұқсамайды. Кәмәлиден Құсайынов шахтаға бір түссең сиқырлығы бар ма, улы шаң, тозаңы жаныңа жағып тұрғандай сезінесің деп жәй езу тартты да ойын жалғады:» Біздің өңірдегі алтын кенін өндіру қола дәуірінен басталған ғой. «Каззолото» тау-кен байыту комбинатының басшылары болған А. Қабылденов пен Ш. Сүлейменовтардың зерттеу еңбегерінде, бісімілдәсін айтып, шайтанның басын қырқып, 1836 жылы ресей копесі Болтников пен Зенков Көкшетау уездік басқармасына Сетен

Итқинов дегеннің шабындықтарында алтын кені барлығын, сол жерді қазуды бұйыра сұраған екен. Ресейдің отары болғасын» Майлы-балта» болсындағылар ыңқ ете алар ма? Өзімдікі деп тіл қатпайды, бере салады. Тағысын тағы сұраған жері Сейтенбұлақты, Сарыбұлақты Зенковтардың билігіне беріп, бұл жерлерді» Мариновск» деп атауға айналдырып алтын кенішіні орната бастайды. Жер қазақтыкі, байлық қазақтыкі, алтын қазынасын игеретін, оның игілігін көретін ресейдің басқыншылары. «Жерді иеленіп құжаттап алғанша қазақтарды жарылқаймыз, игілік ортақ деп иландырады. Қазақтар купестердің өзімшіл, үстемшілдігін біледі де:» Е, сендер айтасыңдар да, қоясыңдар, жалған айту өздеріңе қатты жарасады» деп кекетеді. Әйтпегендеше, 1888 жылғы Суданов деген кепес» Мыңшұңқыр» деген жерде алтын қоры барлығын анықтап тағы да жер сұрайды, берсең қолыңнан, бермесең жолыңан деп өктемдік үрейін тақап қояды. Ол сұраныс махұрыптағы машыртағыға бұйырады дегендей 1896 жылы Коузов дегенге бұйырып, ол көп ұзатпай Шпринбахқа сатып барлауды 12-15 метрге дейін жеткізіп алтынның бай қорын табады. Әрине, кен қазу жұмыстарына көбіне қол еңбегі пайдаланылады. Жер қазақтыкі, өндірілген алтынның орасан мол пайдасы ресейлік немістікі. Сөйтіп жүргенде отарлық езгі құлады, революция ырқына көндірді. Теңдік келді ұйқыңнан оян қазақ даласы дегендей кезең туын жоғары тігіп тастады. Сонымен 1928 жылы Шпринбахтың шахталары мен фабрикасын жаңартып «Степнияк» алтын кәсіпшілігі болып құрылады. «Союззолото» атағы бар айбарлы қоғам, оған он төрт кәсіпшілік қарайды, тағыда қазақ жері, қазақ елінің алтын байлығы, оны басқаратын Мәскеуге сенімді өзгені де өзіндей көретін, социализмнің көзіндей көретін Д.Д. Михелбман бастық болып тағайындалады. Қазаққа күрек, қайла, арба, шанамен жүк тасу, арқа еті арша, борбай еті борша болып жүріп:» Бізді қашан жарылқайсыңдар?-десе, келімсек басшылар ырқ-ырқ күліп:» Төбелеріңнен төмен қарай алтын құямыз, ай бар, жыл бар, шыдаңдар, саспа!?» деп уәде береді. Қазақ шаруасы:» Айтасыңдар да қоясыңдар, өтірікті тыңдауға патша дәуірінен үйренгенбіз»

дей салады. 1932 жылы Ауыр өнеркәсіп комиссары С. Ордженикидзең қолымен» Каззолото» тресі атанып, тағыда Ресейге танымал Александр Иванович Тимме таққа отырады. Бұл кезде Ақсу, Бестөбе, Жолымбет кен орындарында алтын қоры молдығы анықтала бастайды. 1932 жылы қазақ халқы аштан қырылып жатқанда «Каззолото» тресі Кеңес Одағы бойынша өндіріліген алтынның 7, 2 пайызын өндіріп бесжылдық жоспарды асыра орындайды. Бүкіл қазақ елін асырауға жететін алтын қоры грамына дейін тықырлатып қапталып, қатталып Мәскеуге жөнелтіледі. Ашыққан қазақтар:» Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деп бір үзім нанға көзін сүзіп өмірден өтіп жатады. Сталиндік концлагерлеріне алтын кенін өндірушілер керек болды ма, әйтеуір біраз мамандары» халық жауы» атанып жер тартқандай ғайып болды, өлі, тірісін ешкім білмейді, сұрауға да болмайды. Одан кейін Екінші дүниежүзілік соғыста» жеңіс жолына», «майдан үшін» ұранымен жұмысшылардың біразы соғысқа кетті. Олардың орынын әйелдер жоқтатпай он үш әйелдер бригадасы алтын өндіруде Одақта алдыңғы орындардан көріне білді, Мабдуна Ыбыраева артель ашып алтын байыту фабрикасын рудамен қамтамасыз етсе, Анна Бердник, Ұмсындық Жанаева, Полина Гувеская, Клавдия Редрова тағы басқалары Одаққа танымал кеншілер атанды. Алтын қазынаны арам қолдан сақтады, тойынып ас ішпесе де, жылтырап киінбесе де, майдандағы жеңіске жетсек деп армандады. -Менің әкем 1945 жылы соғыстан оралысымен алтын кенінде күн, түн қатып еңбек етті, апайым Баян шахтада машинист жұмысын атқарды, өзім электрмен темір пісірушілер бригадасын басқарамын, механикпін «Қазақалтын» кәсіпшілігінің тарихында әкеміз, оның әкелерінің еңбек еткен қол таңбасы бар. Кен өндіруде аһ ұрып, тер төгіп, көзіңнен жас парлап, үнемі бейнет, қорқыныш үстінде жүресің, басқа өндіріс орнынан ауырлығы солай.

– Әкең қанша жыл өмір сүрді? – дедім Кәмәлединге.

– Қырық тоғыз жыл ғана өмір сүрді, рак дертінен қайтыс болды. Рудниктегілердің қан қысымы, рак аурулары басым. Өйткені, шахтада шаң, тозаң, лас су. Өзімнің біраздан бері

асқазаным ауырады. Дәрігерлерге қаралсам қазақтар етті көп жейді, сосын ауыру табасындар, оның пәлесін кен орнына жабасындар, дейді. Ауыр жұмыс атқарып жүргенде ас ішпей қалай шыдайсың. Халықта табыс аз, күніне бес-алты килогрммалтыншығарсықеңбек ақыөседі. Зайыбым Жамал фабрикада жұмыс атқарады, біздің шығарған алтынымызды қорытады. Алтын қанша қымбаттасада біздің айлығымыз өсіп жарытпайды. Басшылық қайдағы-жайдағыны айтып сылтау табады. Шыдау керек деп күлімсіреп шығарып салады. Тұрмысымыз да оңып тұрған жоқ, қырық-елу жыл бұрынғы салынған жер үйде тұрамыз, пәтер кезегіне қол жетуі қиын. Алтын өндірісі жұмысшысын жарылқамаса да, фабрика болсын, комбинат болсын басшы қызметкерлер төрт құбыласын тегістеп байлыққа күрп ете түседі. Ойымша осылардың жанұялық қаражатын, қосымша табыстарын, оның жұмсалудың еңбегі адал ма, қылмыстық табыс па, зерттеп жұмысшылардың еңбегімен теңестірмесе іс түптің түбінде шаруа оңғарыла бермейді. Мінбелерден шіреніп тұрып:» Ең алдымен жұмысшыларды жарылқаймыз, тұрмыс, тірлігін жақсартып, айлық табысын өсіре түсеміз» деп сайрағанда ұялғаннан бетіміздің оты шығады. Өтірікті ұғуды да, шындықтан жиреніп шығуды да үйрендік, билік үрейіне көндігуді де меңгердік. Төрге отырғызып төредей көріп сыйлаған орыс тілділер қазақтарды қорыққанынан жағынып, табынып құрметтейді деп түсінгенін көріп, білгенбіз. Сұмдық-ай... Айтқыштарымыз мырс етіп күліп:» Алтын кені табылғаннан бері орынтақта отыратын бедел иесі, өтірік иесі, үрей иесі өңештері үзілгенше құлдарын, жұмысшыларын жарылқап, алтын таққа өздері отырмай кеншілерді отырғызып келеді. Өтіріктері жұтамайды. Айтуға ауыздары ауырмайды, ақша шығындалмайды. Айттып қалындар, бөлем, алдап қалындар, о дүниеге барғанда өтірік сөздеріңе жазаны төндірем, – дейтінінің жөні бар екен. «Жолымбет» руднигін алағашқы қоныстанғанның бірі 84 жастағы Гүлбарам Аманжолова күйеуі Еңбек Қызыл ту орденді осында мұғалім болған, көзінің тірісінде де, өмірден өткеннен кейінгі жанұясы қуықтай тар, құлағалы тұрған жер үйде тірлік етеді. Келіні Күләш:» Күйеуім он

сегіз жыл шахтада тау-кен мастери болды, 1985 жылы дүние салды. Пәтер кезегінде тұрмыз, бірақ біз сықылды жетім-жесірге кезек келмейді. Фабрика Совет үкіметі құлағанша жылына 260 тоннаға дейін алтын өндіріп отырса, Совет Одағында алтын кен өндіруден үшінші орында болсақта жұмысшылардың жағдайы оңып көрген жоқ еді... Біз бір суықторғаймыз деп күрсінеді. Оу, өткен жиырма жылда кемінде алты мың тонна алтын өндірсе бай елміз десекте кеншілер жарылқана қойды ма? Оны өздері біледі деп езу тартып күліп қой. «Алтын сырыққа қонақтайтын ала қарға болады, ала қарғада ақым кетпесін» деуші еді. Оны кеншілердің жүзінен көріп оқырсыз... Қазір де тәуелсіздікті түсінетіндер өзімшілденіп жұртқа жексұрын атана қоймас деп ештеп ақылға көндіресің. «Айтасың да, қоясың» деп күбірлеудің соңында үрейлі құбылыстар да жүрді, оның кезеңі де келмеске кетті білем, – дейсің-ау Қымыр.

– Дей бер, – деп Тымыр кекете күледі. Қол қолды жуатынды біледі деді:

Тонаушы да бар,
Оған ұнаушы да бар.
Алтынды сатушы да бар,
Байлыққа батушы да бар.
Қақы желінген бар,
Маңдай тері төгілген бар.
Өтірікпен өрлеген бар
Алтын рахатын көрмеген бар.

КӨКСЕЙДІ ЕКЕНСІҢ

Күн сайын көше тазалауда жүргенде нетүрлі мінезді адамдарды көресің. Ондайларға көзің үйренсе де миың үйренбейді. Туа біткен қисықты да көресің, шет елше желіккен бұзықты да көресің, алып қашпа сөзді сапырып жүретін суайтты да көресің. Құрқылтайдың ұясындай үйі жоқ болса да кең сарайды аңсайтынды да көресің. Сөйлескісі келетіндерге көңіл бөліп үнсіз тыңдайсың. Жұрт әйтеуір бейқам емес, көше-көшеде кездескендер

шүйіркелесе кетеді. Көңіл күйді жабығудан құтқаратын сөйлескенде тазалық пікір айтылса талайды жамандықтан құтқарады деп түсінесің. Өйткені, қоғамда ақ көңіл, адал ниетіні құшақатап жылы-жылы сөйлеп миын айналдырып бұзықтық жолға түсіріп жатқандар аз ба? Біреу қызым бұзылды, үйден безіп кетті, жынойнақты кезіп кетті деп қамығады. Екіншісі ұлым ұл болмады жын болды, сақалын сүйретіп соғыс өртін іздеп Серияға қаңғып кетті деп қан түкіріп жабығады. Үшінші біреулері ұл өсірдім, қыз өсірдім, ұлттық тәртіп, тәрбиеден безіп бетімен лағып жүр деп жұқарады. Сұм-сұрқияларды жын еліктіріп әкетті, бейне Гогольдың кейіпкерлерінен де өңгі-өлегі асып кетті деп мұнайып жүретіндерді көше тазалаушылар Қымыр мен Тымырдың естігелі қашан. Екеуі де тарихи толғамдарды, орайлы ойларды жиып, теріп Тазшаның қағаз қайығына орналастырады, «сөз-өткір жебе тау тескен» деп ұлт қазынасына теңейді.

Бүгінде күн аспан кеңістігіне көтеріле бергенде аялдамаға келген Қымыр автокөлігін тоқтатып кабинадан сөйлеп түсті.

– Бетімен кеткен бозөкпе машинама соғыла жаздады, – деп күйіп-пісіп Тымырмен амандасты.

– Жүк машинасы ма?

– Шет елдің қымбат көлігі. Ролінде жап-жас бала...

– Байдың баласы шығар.

– Кедейге ондай көлік қайдан келіпті.

– Бірақ кедей адамның түсі ғаламат қой, – деді Тымыр.

– Қысқасы тыныш ұйқы, қос қарашығың жұмылулы. Алақаныңды ашып жатасың. Оның мәнісі ғаламат байлықты алақаныңа салғанда тездетіп жұма қоюды ойлайсың. Өйткені, көбіне-көп адамдар түсінде тапқанын өңінде жоғалтып орнасы толмас өкінішпен басын қатырады. Күндіз кей-кейде жаның құлазып, ісің оңбаса да түсінде түрлі сәулемен құмарыңды қандыратын сән-салтанат, ұшан-теңіз байлыққа малынып жүргенге не жетсін. Керемет күйге түсіп, рахат сезіммен шалқыған кезінде байлықтың айналасында шулап жүрген қорықсыз пенделер де бейнебір барыңды жойып кетердей қорқынышты

қимылды көрсетіп қалады. Сол ұсқынсыздардан сытылып шыққан екенмін. Кенет ғажайып қызықты көріністі көріп қалмаймын ба?

– Жаман, зәлімдерден түсінде құтылғаның жақсы болған екен? – деп Қымыр оның сөзін ұйып тыңдай бергісі келді. Тымыр оның жүзіне бір қарады да күртешесінің түймесін салып, қоңқақ мұрынын дарбиған саусағымен сипап: «Иығымды зілдей бірдеме басып қалғасын ба, алдымдағы адамға тізе бүгіп, иіліп тұр екенмін. Қазіргі жастар ондай құрмет көрсетпек түгелі өзіңді апатқа итере салмай ма? Мен адамды сыйлағыштық ниетімнен аумағаным шығар, әлгі адам маған риза болғандай қауіп, қатерді ұмытып шашын түзеп: «Танымай тұрсың ба, Гогольмын ғой, шайтан қуып тіріліп кеткеніме өкінуім қалың. Ретін тауып өлтіре салатындарды күтіп тұрғаным еді», – дейді. Әлгі сөзіне басымды шайқап:» Жұрт өлгенді тірілте алмай жүргенде, адамзат тарихын оларсыз түгендей алмай зарығып жүргенде тіріліп тұрып өлгіңіз келетіні ақылға қонымсыз екен демеймін бе? Е, шайтанның құлақкесті құлындай болып, тірлікті бүлдіріп, ойрандап, өртеп, өлтіріп, зұлымдықтың билеп-төстегенінен басқа жақсылық тапқыларың келмейді, ә? Жауыз, қанішердің алдында дірілдеп тұрғанды керемет көресіңдер ме? Зығырың сонша қайнаса да өзіңді қорлағанға төзіп, ең болмаса кіжініп кектенуді ұмыту қайбір жақсылық дейсің. Көзқарасының сестілігіне қарап тұрып, оның айтқандарын мақұлдағым келмесе де:» Қазақтардың көресіні көрмей көрге түспейсің» дегеніне тоқтайтын әдетімді қайда қоямын дедім.

– Соған өкінесің бе?

– Сұм-сұрқия ұятты ұмытты, өкінбегенде қайтесің. Атамзаманғы кісіліктің толып жатқан нұсқасы ұмытылып барады. Ашкөздік жайпап тұр.

– Тыныштығың өзіңе олжа, елің тыныш болса өлем таңырқайды. Кезінде сатиралық кейіпкерлерімнің есебінен жаңылушы едім. Сондай сәтте тарихты ақтардым. Жер бетіндегі халықтың қанша пайызы зәлім екенін, ордалы озбырды зерттедім. Бірде француздың мемлекет қайраткері, тарихшы А. Тьер 1797-1877 жылдар да

адамдардың қоғамдағы жақсы, жаман тірлігін нақты есеппен статистикалық мәлім ете көрсетіп еді. Оның да құпия саясаты күшті мемлекет әлсіз халықты отарлап қанын теспей сорудың айла амалы. Күшті патшалық табындыруды, өзгенің үрейленіп тұруын қалайды. Сол кезеңдегі сатиралық кейіпкерім, – деп бастады сөзін Гоголь. «... Село бастығының сөзі екі болмайды... бастық көрер көзге қатыгез, суық адам... Бұдан көп жылдар бұрын, иманды болғыр ұлы патша Екатерина Қырымға сапар шеге шыққанда, мұны қосшылыққа алған екен: сонда бұл екі күн ұдайымен осы қызметте болып, тіпті патшаның атшысымен қатар көшірде отыру дәрежесіне жеткен... Содан бері бастық... қабағының астынан түйіле қарауды әдет еткен. Түркиядан тартып алған Қырым алтынмен апталып, күміспен күптелгендей Ресейдің арқасында тезінен гүлденіп шықты, оны патшамыз көзімен көріп ұқты, өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай ғып бастық айтпады дейсіз бе? Үстемдікке жағыну мен табыну тіршілік кілті, -дегенде о замандағы жағымпазға Екатерина патша: – Гректер, түріктер, татар байлары салық төлеуге келісті ме? – дегенде шығар. Сонда Қырымды билемек болған бастық мүдірместен:» Орыс армиясының құдіретті күшінен аман қалғандары қара орманымыз садақа, жанымыз тірі болса жетеді дейді. Халықтың көбі түріктер мен татарлар ғой. Аздап армиян, еврейлер бар, олар параходпен келіп, кетіп сауда жұмысын жүргізеді. Саудагерлердің дүкендері бар, бірақ тұз алтыннан қымбат болып тұр, Сіздің ресей қамқорлықты үйіп, төгіп береді дегенге жүрек тебіренеді. Азық, түлік, әсіресе тұз жетіспесе халық бүлік шығарама деп сезіктеніп едім. Айтпақшы темекі, вино жеткілікті. Бұл Қырым халқы өмірбақи тұзға қардар болып келгендігін құдіретті патшам есіңізде болса екен, -деп патшаның жүзіндегі аздаған ызбар байқалғанын айыра алмаса да жік-жапар болады. Әлдеқалай артық сөз айттым ба деп сасып тұрғанда патша билік иесіне көз жанарын тіке қадап:» Ресей қамқорлығын аямайды салық төлеу жөніндегі шартты дайындап бересің», – деді. Ондай құжаттар әзір екенін басшы мәлімдеді бірақ патша да, елді

басқарушы да:» жаулап алынған жер түпкілікті ресейдің меншігі болады деген сөйлем құжаттарда көрінбейтінін әлемдік заңдылықтарда жаулап алған, қалың халықты қоныстандыру арқылы тартып алынған жер тұрғылықты халықтан жалға алынатындығы, оны екінші, үшінші адамға сатуға болмайтындығын түсінгендік болар. Басқыншылар өзге елден келіп алтыннан сарай салсын, жерді гүлдендірсін, бірақ оны мәңгілік мекені етуге құқылы еместігі, тек қана салық төлеумен шектелетіні әлемдік заңда көрсетілген ғой. Сол себептен заңнан аттауға дәрменсіздігін танытып:» Бағыныштылардың салық төлеуге кідірісі де, қарсылығы да жоқ, құдіретті патшам, қара теңіз арқылы Италиядан астық тасылып жатыр, түркияның шайы мен темекісі, мата-шатасы дүкендерде тіреліп тұр. Кеден қызметі қалыпты. Бәрі де салықты артығымен төлейді, тұз, темекі өте қымбат қайтарымы мол қазынаға, көпестер әбден байып болды, – деп болашақтан күтер үмітін жеткізіп патшаның жүзіне қарады да:» Құрметті, патшам Қырымның әлем танымастай гүлденуі өзіңіздің арқаңызда, Сіздің керемет мұраңыз ғой бұл өңір!-деп жағынды. Патша жылы сөзге өлердей қуанған да болар, көп ұзамай ресейден Қырымды игеруге халық тұрақты қоныстану мақсатында мыңдаған адамдар артынып, тартыным келіп жатты. Тұзға, басқа да азық – түлікке, киім-кешекке қардарлық жойылып, саудагерлердің тауарларының бағасы да реттелсе керек. Патшаға жағынудың, болмағанды болды деп мақтанудың, пайдасы көрінді. «Менің арқамда молшылық орнады, ғаламат тірлік басталды!-деп жағымпаз басшылар айтқандарын емін – еркін орындатып, тіпті үреймен басқаруға көшіп, жандарына зұлымдарын, жағымпаздарын топтастырмады деймісің... деп Тымыр көшеде ыбырсып жатқан қоқысты қол арбасына салды. Осы кезде оған Қымыр:

– Е, о кездегі жағымпаздың деңгейі бүгінде де биігіне жетіп орынтаққа отырғандар әлсізге түйіле қарамақ түгелі, адам есебіне санамақ түгелі есігінен де сығалатпайды. Опасыз дүние, байлыққа алданып масыққандардың көзқарасы қай заманда да өзгеріссіз жылжып, кейде зұлымдығы

молайып дамып қара тереңге батып бара жатқанын да аңғартпайтын шығар. Аталарымыз сасық байлық тамұхқа барар тура жолды ібіліс көрсетіп күнәсі мен кінәсін ақтай алмай өртеніп жатқанда тамұғың жайлы болсын! – деп сықылықтап күлетін шығар. Қай заманда да пендені ібілс ақылынан адастырмай тұрмайды. Адасқандар сансыз, ақырында қылмысқа ұрынып бітеді. Қоғамдағы түрлі қылмыскер зәлімдердің санын аңғару қиын, жұмыр жерде солай. Байлыққа көкісіп үйренгендер әлсіздерді қылмысқа итереді, қалың халықты үреймен алаңдатқысы келеді. Қиындықтың ең ауыры, жер бетінің кейбір жауызы адамдарды ақ, қара, қызыл, көк деген сықылды нәсілге бөліп, түрге бөліп, тілге бөліп, әлсіздерді кемсініп, қара адаммен ақ адам қатар отырмай, отыра қалса ақ адам қараны ата салатын зұлымдық әлемге демократия үйретемін дейтін Америкада белең алып отыр. Жылқы жылының 25 желтоқсанында Мартен деген он сегіз жастағы қара нәсілдіні Гарни деген ақ нәсілді полицей атып өлтірді, қара нәсілділер тағыда дүр етіп құқын қорғауды талап етіп көшеге шықты. Неде болса адал ниеттілер демократияны мазақтайтын болды. Әлем халқы масқаралықтарға аң-таң... Әлсізді пенде екен деп, кісі қатарына санау жоқ, халықтың дәулетін тонау көп, жақсылық кешікті, зұлымдықпен қабырғанды бұрау көп, жетім, жесір тыныс алуға зар болып, ағыл-тегіл жылау көп. Бомбадан қираған қала, төңірегі толған өлік, ызың еткен дыбыс жоқ. Шашылып жатқан адамдардың қып-қызыл қаны, мейлің жыла, мейлің күл, ұшы-қиырсыз жұмыр жерде үрей толқыны қара дауылдай үріп тұр, лаңкес, терроршының тасадан шығып талқандай салуды біліп тұр. Қырғынның есебі жоқ, әлемдік статистика үлгере алмас. Қазақи демократияда бір адамды жазықсыз өлтірген де бір, бір елді өлтіргенде бір, о дүниеде тамұх отына түседі деуші еді. Мұны демократия мінбесінде тұрған Америка билеушілерінің бірде-біреулері түсінер ме екен? Әлде нәсілі келіспегеннің бары-жоғының бәрі-бір деліне ме екен? Қайткенде де үстемдіктің үрейіне төрелік айту міндетіміз емес те шығар. Тілегіміз әлемнің тыныштығы ғана... Үрейдің қасіреті, үрейдің тәлкегі

жұмыр жер халқын шаршататын түрі бар. Зұлымдықтың зардабын аз тартпаған, биік мінбеден ағыл-тегіл қан шашылғанын, әлсіздердің қырылғанын көрген халықпыз.

– «Күштінің құйрығы дирмен тартады» деп қарулы, әлді мемлекет әлсіздің байлығын, жерін тартып алуды адамзат тарихы басталғаннан бері жүзеге асырған шығар. Екатерина патша қазақ елі отары болғасын сұрау жоқ, суәл жоқ халқын құнарлы жерге жүздеп, мыңдап қоныстандыра бастады. Алдады, арбады қадалған жерінен қан алып басынды, казактары тасынды, өлім, жітім аз болған жоқ, -деп Қымыр әлсіздер қанша өкінсе де шыдап бақты.

– Гоголь қазақтың. «бос жатқан жер жау шақырады» деп қан жұтып, қайғырғанын естіген болар, – деп Тымыр түсіндегі ойларын жалғады:» Е, адам түсінде қатесіз ойланады, – деді де Гоголь:» Атақты ағылшын жазушысы Т. Карлейль 1795-1881 жылдардағы өз еңбегінде статистикалық есеп қандай жағдайда да шындықты көрсетуден тынбайды депті. Терең ойды мүлт жібермей түсіне білгенге не жетсін. Жер басып жүрген қаншама адам, оларды қоршаған табиғат тау, өзен, көл, аң-құстардың бәрінің де есебін білмесең, ішіп отырған асың, жұтатын ауаң, көретін жарығың, бүкіл тірлігің, мал, мүлкің, маңдайыңа біткен байлығыңның сұрауы бар ма, жоқ па, есебін білмесең кісілігің болжамсыз болар еді. Құдайға күнәлі болсам да барлықты да, жоқтықты да мөлшерлеп санай алмаған адам өтірікпен әлектенеді. Сосын жұрт келістіріп айтқан өтірікті желдетіп әкетеңді. Алмағайып шатақты да сұхитқан жалған сөздің кесірі өртей бастайды. Жаратқанның кешіргісіз қатесі зәлімдердің көкірегін шайтанға билеттіріп қойғаны. Содан зерек ойлылар шеттеп қағыс қалады, есепсіз өмір сүретіндер арадай гулеп алға шығады...

– Түсің түс-ақ екен, Гоголь өмірінде небір жақсылықтар мен қатар пәле-жаласыз аяқ басып жүре алмайтын оңбағандарды да көріп, олардың зұлымдығын әшкереледі ғой, бірақ ұлтқа, қалың халыққа тіл тигізген жоқ, – деп Қымыр:» Гоголь өмір сүрген қоғамда ойлыларда болды, мисыздары да жетіп жатты. Тамағын таба алмаған әлсіздер,

қансорғыш дүлейлер аз болмаған шығар. Арақ ішіп азған тобырға да жазушы кіжініп өлтіре сынады да. Сол сынға, күлкі, мазаққа түсініп, арланып, қорланып адам қалпына түсейін деушілер табылды деймісің. Жазушы украина аспанын таза қалпында суреттей келіп:» иесіз көшелердің бойында, әлі де үйін таба алмай сенделіп мас Каленик жүр» -десе, бүгінде ақылға келе алмай ағайын, туыс бірін-бірі атысып, ақыл, естен айырылып жүрген мастар да табылады. Халқын аяусыз қырған Бендеревшілерді аңсаушы жауыз ойлы да кездесіп қалады. Қарапайым халық неден жазықты болды...

– Тіршілік арпалыс, таласқа толы болғасын арғы, бергі тарихта сөз таласына толы. Орыстың бір дүмбілез тарихшысы адамзат пайда болғасын, Ғұн, Ун деп аталыпты. Ғұннан бергісі қазақтар тарадық деп жүрсе, Аттила патшаның тегі ун екен, яғни славяндар. У дегені – уақыт, Н дегені – нағыз болса керек. Сонда Ғұн дегені ғұламаның ұстанымы нағыз деген шешім бе? Тарихшының да ауызы жеткенінше айтады» Ура» деген қазақтың ұр, ө деген сөзінен шыққан деп жүрміз. Гоголь заманында да шатасқандар аз болмаған шығар. Бірде:» Оның сөзінде бір тиындық шындық жоқ!» деп бір-ақ түйіпті. Шындықты өлтіретін сорлылар да нан жеп, су ішіп жер басып жүр. Бір ғалым адам миының үш пайызы ғана жұмыс істейді десе, миын жақсылыққа бұра алмайтындар жұмыр жердің тыныш тұрғанында көпсінеді. Өзгенікі өзімде болса деп өлерменденеді. Су тапшылығы, су тапшылығы деп толғанса Тешлер Байқал теңізіне көзінің сұғын тастамай ма? Әлем ғалымдары жұмыр жердің магниттік тартылысы өзгере бастады, мөңгілік мұз еріп жатыр, аспан жыртылды үлкен апат болуы ғажап емес деп сақтандыра бастағалы қашан. Әлемнің қай жерінде тірлік қалады, сол жерге қаржыны төгуге бет алды. Гогольша айтқанда:» Бір ғажабы мұның топан суынан қалай аман қалғанына қайранбыз. Сірә, Нұхтың кемесінде ол үшін ерекше бір сарай болған ба деп ойлаймын» ... Үстемдіктің, үрейдің қиянат көпірі аузында тұрмыз ба? Жаратқан сазайымызды қайтіп тарттырады? Әйтеуір, әлемде абыржу бар, сасу

бар. Тегін емес. Сонау XV-XVI ғасырларда:» Уа, Құдай тағала, жын-шайтаннан, аспан қауіпінен және түріктен сақта!» деп зарықанды Еуропа халқы есінен шығармаған болар. Өйткені, рим империясының, Осман империясының да мәңгілік еместігінің есебі масыққандардың күйреуге асыққандары, көкейін тескен байлық, зымияндық мінез, зөредей ұяттың қалмауы, ұят жоғалса шайтан семіреді де ойранды бастайды, – деп Гоголь толғанды ма екен. Қырым ханы Жәнібек Гирей 1477-1478 жылдары өмірім өзгенікі еді, өлімімді өзіме бұйыртқай деп қысқа тілек тіледі ме екен? Гоголь осындай тарихи деректерді толғана отырып, пенде уақытын есептей алмай ұтылатынын сезбей сорлайды деді ме екен? Гоголь ғаламды есіне алса» біз өтірік өлгенше өмір сүрдік!» деп жанталасып тоқтады ма? Сұрықсыз кейіпкерлерінің көздері шайтанының отындай үздіксіз өрт боп тұрғанынан шошыды ма? Дүние неге топалаң... зұлмат зілінің ауырлығынан жер қайысты ма? Тегін емес бәрі де... еңсе басқан апат жетерлік...

« Жұмақтағы жаттан, дозақтағы туысың артық» дегенді есіне алған Қымыр мен Тымыр көңілдерін бірлеп Тазшаның қағаз қайығының маңындағы аялдамаға бет алды. Шүкір, Астана кшелері таза, халықтың ұйқысы маза... Оған ештеңе теңгерілмес...

ШӨЛМЕГІ ТОЛҒАН

Адам ылғида қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтындай ғаламат жақсылықты күтеді де жүреді. Өмір қол алысып амандасқандай сәттілікте зулап өте шығатынын да біледі. Жүректен шыққан ащы сөзде кейде айтылмай торығумен тынады. Үлкен үміттенген сенімімі қалай жұлқынсанда орындалмайтынын да сезетіндер де болар. Мұңсыз пенде жоқ, дүниеден көргенім осы ма деп жүрек зарлайды. Қайтеді, бой бермейтін әлділер мен әлсіздердің тартысы, жалпы халықтың аузындағы ырыздығын да бұйыртпай тартып әкететін қоғам бар, қоғамда сұм-сұрқия адам бар. Өткеннің де біраз ісі оңды-ау, деймін, жақсылықтарын ұмытайын десеңде есіңе түсе береді, бүгіндері

ұятсыздардың шөлмегі толды-ау деймін, жыртқыш аңдай тістесіп, таласып жатқан бір пәле. Шописың ба, шописың. Ұлттық ұлылығын түсінбей ар-намыстың шашылуы, байлықтың қадірін білмей тасынуы, әлсіз, кедейлердің зар-мұңының үстінде бақытты боламын деудің қара түнек пікірі ғасырымызда өршіп тұрған қорқынышты әлемдік қасірет, -деп Қымыр толғанды да:» Біздің әрбіріміз үйлі, күйлі кедейсіз, жан дүниесі мөлдір таза ұлт атанып әлемде бірінші атануға мүмкіндігіміз жетеді. Оның ақиқатын айтып, төрелігін талдап беруге не кедергі. Ата, ананың адалдықпен негізделген арын, намысын сақтап, рухани күшті жинап байлықтың тұтқасында қомағай обырды жолатпай, ананың ақ сүтіндей тазалықпен байлықты халықтардың бақытына ғана игерілсе дейсің. Сонда біздің алдымызға ешбір мемлекет шыға алмайды. Тәуекелшіл әулие тірлік жаппай халыққа жақсылықтың есігін айқара ашар еді. Жан азабын тартқандар масаттанып төбесі көкке жетіп қалар еді. Ақ тілегімді ақтауға мүмкіндік қандай дерсің.

– Торқалы топырағыңнан айналайын қазақтың қайырлы даласының байлығы тең бөліссе кімге жетпейді. Тойымсыз көзге топырақ, дұрысын айтқанда бәрі халық қазынасы деп түсінсеңші. Олжа менікі дейтіндердің мысын басып ісіндірмесең болар еді, – деді Қымырдың қасындағы көше қоқысын тазалаушы Тымыр:

– Бабаларымыздың ерлік даңқының мұрагерлері қазақтың байтақ даласы қазынаға толы. Басқасын айтпағанда қазақ хромы әлемдегі біріншіліктің қатарында тұрса Ақтөбе облысы, Кемпірсай кенішіндегі хром қоры 310-320 миллион тоннаға жетеді деседі. «Қазхром» зауытына салынған инвестиция көлемі 457 миллион долларға жетсе, алдағы бес жылда кәсіпорындары өнеркәсіп саласы бойынша жалпы құны 210 миллиард теңгеден асатын он бес жобаны іске асырмақ екенбіз. Шекеміз шылқыған байлық па, байлық. Қант маңында шыбын үймелейді, тек қана ұрлық жолын бітеп тастау керек. Обырлардың шатырын құйын дауылы көтеріп басқа әлемге әкетіп заласыздандыруға тиіспіз. Демек, дүниежүзілік нарықты

қамтамасыз етін хром мен маргенецтен түсетін қаржының өзі халқымыздың кедейін орташаға, орташасын әділетті байлар қатарына теңестіріп ауру, сырқау, әлсіздерді жарылқап тастар еді. Сонда жарты құртты жарып жеп, бүтін құртты бөліп жеп, жылтырап киінбей, кекірек атып тойынбай, өзіл, қалжың мазаққада көніп, белшеден басқан азапқада шыдап, өрісті малға толтырып, қамбаны астыққа толтырып, қазынаның қара сандығын қаржыға толтырып етегі елпі, жеңі желпі болып өмірден өтерде ұрпағына:» Тарықпай тірлік етіңдер!» деген әкелер мен аналардың соңғы аманатын адалдықпен орындар едік.

– Ол ойың дұрыс-ау, – деп Қымыр: – Өткенді бүгінгімен салыстыра бастасақ ұтымды нәрседен ұтылып жатсақ, жұртты ығыр қылған жемқорлықтан құтылмай жатсақта, екі қадам алға басқанда бір қадам кейін тартады. Ақкөңіл, адал тобыр Жаратқан ием арам ас ішуден сақтасын деп қоғам құбылысының парқына зейін қойып бас қатырмайды. Пенде әбден жетіскен кезде, әлсіздің тірілігі ойыншық, оның шынайы үні естілмей жатады. Ұлттық өнеге қандай еді, әке, ананың тәрбиесі қандай еді, деп талдауды ұмытады. Ар-намысымызды жемқорлық, әлем түңілетін ұрлық кірлетіп, түнерген қап-қара ниетті зұлымдық ойды тазарту оңайға соқпай тұр. Қалай десеңде сыбайлас жемқорлардың өздерін құдайсынып, аруахтан қорықпай, ұяттан безіп адам шошырлықтай Ібіліс бейне заң ырқына көнер түрі жоқ, – деп Қымыр қоқыс толы қол арбаның қасына автокөлігін жақындатты да: – Әлемдегі дағдарыстардың авторлары, халықты үмітсіздікке бастап отырғандар да жемқорлардан басталатын тәрізді. Жұрттың бәрі сырттай қарағанда мұның жай-жапсарын түсінбейді, тіпті түсінгісі де келмейді. Ұрлай алмайтын адамдар ұйқымның тыныштығынан артық бақытты, байлықты қайтемін. Байлықты ұстауға да бас керек, үнемі олжадан ұтып отыратын есеп керек деп періште пиғылмен жұбанады. Екі қолға бір жұмыс деп алқанына түкіреді. Кедейдің көкірегіне жақсылықтың бәрін сыйғыз, денімнің саулығын бер деп тынады. Ұры өз жанын өзі жеп өлімші боп шығады деп мысқылдайды.

Жоғарыда айтқан әкелеріміз Ешкібас тағысын тағы сайқымазаққа ұшыраса да қақымды жедің деп ешкімнің қарғамағанына қуанады. Ақ кебініме ешкім жабыспайды деп мәз болады. Адал арымды сақтадым, тазалық жолында еңбек сіңірдім, бүгінгі ұрыларда шаруам жоқ, ұрпағымды ешкімге қылдай қиянат жасамауға тәрбиеледім дейді. О дүниеге аттанар алдында да ұрпағым коммунизмде өмір сүргей деп соңғы сөзін аманттап кеткені аз болмаған-ды. Жаңа өмір бүгінде баяндылықпен дамып келеді, бірақ өткенді еске алмасқа тағы болмайды. Жетікөл совхозында батыс аймаққа есімі жайылған айтқыш Керей: «Қоғам алдында кісілік қадіріңді сақтау үшін адамды адамның сыйлағаны дұрыс. Бірақ қорқып сыйлағанға ештеңе тең келмейді деп Ешкібастың ісіне көңілі толмаса да күлімдеп қарап отырады екен. Жақсының жақсылығын көре алмау өте жаман», – деді. «Ойымды жалғап отырғаным есіміңді сайқымазақ еткеніне кектенбегенің үлкен кісілік, сол адамгершілігіңді сақтап ұжымшардан қыл шайнап, тал жұтпай, сабақты инесінде талан, таражға салмай, табысын өсіріп жаңа басшылыққа тапсырыпсың. Бұрынғы басшысы ақ байпақ киемін деп сотталып кеткен ағаң түрмеден хат жазды. «Бұйырса үкімімді өтеп еңбегімді еселеп атқарып елге барармын-ау. Бірақ ұяттан күнде өлемін ғой. Балаларыма әкесі сотталған екен деп ант бұзған албастыдай қарап атар таң, шығар күн көрсетпейді. Сонда ұрпағым, туыс-туғаным қарабет болып қалай тірі жүреді. Өзіме де ел айтқыштары:» Түрмеден күжіктей болып семіріп, киіміңді жаңартып, өмір жасыңды ұзартып келісің. Өзіміз түрмеге барып киініп, ішіп келейік десек жібермейді. Бұтымыздан тері шалбар, үстімізден тері тон түспей қойды. Түрмеде ақ байпақ жеткілікті шығар, базарлыққа әкелгенің бар ма? Қоймадан алғыш едің, әлде қоймадан ақ байпақ алып бересің бе деп кекетеді-ау деп қатты қорқам. Тірідей өлтіретін сөз үкіметтің жазасынан да ауыр болар. Қорқамын, – деп жазыпты деді Керей:

– Уақыттың ізін ізгілікпен таза ұстағың келеді. Бірақ адамның дегені үнемі бола бере ме? – дегенді Тымыр кейде көшедегі қоқыс берекетсіз шашылып жататынын кейбіреудің түсінігі кемдігінен көріп.

– «Уақыт көбіне белгісіздікке қарай сүйрей береді. Ондайда ырқына көнбейтін ерлік керек қой» депті Керей. Жақсылықтың алтынданған арқауын асыл, тапқыр сөзбен тоқи білетін, кімнің-кім екенін сөз саптауы, жүзінен оқи білетіндік әдетімен. Бабалардың тірлік құпиясын ақтаруға сөз шақ келмес, – деп Қымыр кеңістіктегі бұлтқа батқан күннің ертең жарқырап шығатынына сеніп өлгендердің дуалы ой-пікірі есімін ұмыттырмаса екен дегендей болды да:» Тарихтың азапты күндері пенденің үмітін үзгендей кезеңі де бастарына түскен шығар. Бірақ жыр ғып айтатындай аңызға айналған ерліктері қайталана бермеді. Жалпы жұрт тұншығып бас бағып зұлымдықтың мәңгілікке жойылатын кезеңі келер, бір аштықтың бір тоқтығы болар деп үміттенді. Бір уыс бидайды ұрлады деп Берияның түрмесінен бір-ақ шығып сотталып жатқанда кім араша түсе алды, әркімнің жаны өзіне қымбат. Үреймен таңын атырып, күнін батырып дән себетін Бейсен қарт егіс алқабында қайтыс болады. Ондайда әйелдер ұлттық тәртіп бойынша жоқтау зарымен үйден шығарады. Ақынға жоқтау жаздырып алады. Дұтбай ақын ашыққанда қақпанға тышқанда түспей өлімсіреп жүріп Бейсеннің бәйбішесіне ұзақ толғаулы өлең жазып өлеңнің аяғын:

Балпаң, балпаң басқаның,
Тұқымды еппен шашқаның.
Коммунист болам деп,
Өліп жатқанын қара қасқаның, –

дегені қоғамның бір түйір дөнін ұрлауға болмайды. Отан байлығы, халықтың азығына қол сұқпай, адалдықпен сақтамасаң халықтың жауысың делінетін-ді. Ешкібас-Сәке аса қорқынышты түсін Керейге айтып:

– Басшылықтан түсер алдында Дұтбай есік алдында жалаңаш теріс қарап отыр екен. Ұлы мен қызы қазанға бір-екі күн қайнатқан тулақты жеп тістерін ақситып әкесіне бірдеме дегендей болады. Сол сәтте Дұтбай кебінге оранғандай еді, басы денесінен бөлініп аузынан қан төгіліп жатыр екен. Екі көзі жарқанаттай қанат қағып бауырсақты

бастықтар жесін, біз о дүниеде тойынамыз дегенде шошып ояндым.

– Ей, інім елдің де, табиғаттың да Жаратқан ием дарытқан киесі бар. Көзге көрінбейді, жаңсақ бассаң оңдырмайды. Әлі талай жұмыстар атқарасын көкірегіңе нан пісіргендей тасын ба, жұртты басын ба? Аруақтан, киеден сақтан! – депті Керей. (Бүгінде аруақты есіне алмайтын, киеден қорықпайтындар элеваторларда сақталған астықты ұрлап сатып жіберген қылмыскер айыпталып жатыр. Үкімет те қызық элеваторларды менлекеттік меншігінен шығарып жекешелендіріп жібергені қателік қой. Қалың жұрттың ырыздығы бақылаудан шықса оңдырмайды. Суық қол сұғынды. Элеваторда астық жоқ, тышқаннан басқа деп өтірік айта салады да, сатып жібереді. Құлағын кесе алмайсың ұрының. Атбасар ауданының әкімі Пашко ана жылы тұқым астығын түйірін қалдырмай саттырып жіберіп, өзі Мәскеуге көпті де кетті. Қазірде де кейбір шаруашылықтарда тұқым қоры жетіспейді деген дабыл білінді. Ауыл шаруашылығы министрлігінде ұйымдасқан ұрлықтың белең алғанын Бас прокоротура анықтап 35 қылмыскерді соттаса, тағы да 45 қызметкерге қылмыстық іс қозғалып, ұрылардың көбі басшы болса заңнан қорықпау былай тұрсын ұялып беттері бүлк етпейтінін қайтерсің дейсің де нанның киесіне тапсырасың).

– Біздің еліміз әлемде алдына ешкімді сала бермейтін білімді ел. Ұрылардың оқу, тоқуы жетерлік. Олар шын сөзін айта алмай аузына құм құйылғандай әкелері, аналары тұншығып үреймен өлгенін де біледі. Тіпті тарих пәнінің оқулығында: «Казakhstan – отсталная колония царской России» деген сөзді де оқыды. Оған намыстанды ма, есалаң оймен мүжіліп жүрді ме, өздері біледі. Енді еркіндік алып елін, жұртын өзіміз басқарғанда халық дәулетін ұрлауымыз нендей қарғысқа тап болғанымыз, – деп Тымыр адал еңбекпен тапқан нан бойға сіңімді, ұрпағыңа жұғысты екеніне ештеңе жетер ме, деп қалды.

– Бір уыс дөнді ұрлады деп сотталғандардың аруағы тебіренер. Нанға қиянат жасағандардың жазасын Алла кешірмес. Өткен тарихи жылдардың қалың қасіретінен

әкелеріміз бен аналарымыздың көз жасы төгіліп, таба-нын шөңге, маңдайын күн тесіп, қан кешуде ажалынан бұрын өліп еді. Одан тірі қалғандары жер шұқып, мұңға батып отырып:» Шыдаңдар, өлмейтінге өлі балық кездесер деген сөз қалған. Бір жақсылығы болар деп шерленіп аштан өлген халық қайғысын ауыл министріндегі бүгінгі белсенді түсінсе, бір сәт әр парағы қанға толы тарихтан тәлім алса, бір үзім нан... аузыма су тамыз деп аштан өлгендердің үнін түсінде естіп шошыса бір түйір дәнді де ұрламас еді. Аштық тарихында айтыла бермейтін, революция жылдары ғой, соғыс ауыртпалығы жалпыға ортақ қой деп ескере бермейтін құпия деректе 1918-1919 жылдың қақаған қысында аштықтың ауыр салдарынан халықтың 25-тен 50 пайызына дейін аштан, суықтан өлген (« Известия Цик туркеспублики» 23.1918). Осы дерек бойынша тасқа басылып анық жазылғанвы Қазақстанның бес губерниясы бойынша, атап айтқанда Ақтөбе, Орал, Бөкей, Қостанай губерниялары және Адай уезінде 2, 5 миллион халық аштыққа ұрынған. 1900 жылғы ресей сенатының есебіндегі 8 миллон 200 мың қазақ болғаны айтылса, 1922 жылғы аштықта да талай қазақ қырылды. Сталин өндірісті дамытамыз деп халықтан тартып алынған астықты шет елге шығарып жатқаны 1922 жылы Америкадан Жерорта теңізі арқылы 12 мың трактор алдырып, оны Ресей мен Украинаға бергені де белгілі. Қазақ даласының әр бұтасы аштан өлгендерге толып құзғын құстарға жем болып жатқанын Мәскеу білседе қайғыра қойған жоқ. Революцияның адам шығынына есептеді. Қазақта кешірмейтін зәбір көрсе» нан ұрсын, нанның киесіне тапсырдым!» деген қарғысқа қалғандардың оңғаны да болмаған шығар. Бүгінде заң құрығынан құтылып, шет елге сытылып, халық қазынасын тонап, әлсіз, кедейлердің көз жасынан қорықпай кеткен зұлымдарға да нанның киесі тозақ отына салмас дейсің бе?

– Қымыр, – деді қоқыс толы қол арбасын автокөлікке жақындатып, маңдайының терін сұрткен Тымыр. – Бәрінен бұрын желіккен ұрылардың шет елге қаржы шыңаруына лұқсат болса да, белгілі мөлшерден асыр-

май шектеу қойылмаған кінә өзімізден. Әлгі Кипрге әлемдік байлар банкілеріне тыққан қаржыларды тәркілеп тастағаны дұрыс болды. Қазақта оңай олжаны боран шашады деген сөз дәл келді. Соны түсінбейтін ұсқыннан кісі жиіркенетіндей әлемдік ұрылар тым тайрандап кеткені-ау сонша елден безіп жұмыр жерді құдпайдан қорықпай кезіп жүр..

– Шортанның да тұмсығы тасқа тисе қайтады демей ме?

– Бәрібір тығын тығылмас араны ашылған көмейге.

– Жұқарма, әр нәрсенің ақыры бар. Байлықтың да шаңша шашылған кезі болған.

– Арсыздық айырады әділ жолдан дейсің ғой. Ұлтық өнеге, тәртіп, тәрбиені ұрпақтың санасынан бесіктен сіңірмесе, әлі талай сүрінетіндер табылар.

– Жарық дүниенің қадірін білмейтіндер қағынғысы келсе қағынар. Оларды да жіптіктей ететін ұлттық тез, әулиенің үкімі табылар. -Бөріне шыдам керек, – деп сары күртешелі жұмысшылар бірінің сөзін бірі іліп әкетіп ояларын білдіреді. Өмір құлықтыны күлдіреді, қылмыскерді қармағына ілдіреді. Шүкір, көше тазалаушылардың жұмыс орыны қысқармай алқанымыз ойылғанша ойнап, күліп, еңбек ете берсек ішкен асымыз адал, ұрпағымызға арам тамақ ішкізбей, небір жамандық жолдан аулақ жүруге тәрбиеміз жұғысты болсын, дегенді айтып тұжырады. Одан артықты кім тілепті.

– Байлар ғана миллиондарымыз өсе түссін деп дағдарсыты қай тұстан туғызамыз деп жүдепті, – деп кекете күледі.

АҚ БҰЛТТАРҒА ҚАРАП...

Көршісіндегі егде әйел аулада дызақтап:» Аузына арақ тисе күн-түн қатып ұйқыдан басын көтермейді. Балаларын ішіндіріп, киіндіруді ойлаудан қалды...» деп зарығып үн қатады. Ел бетіне қарағысыздан түңілгендер аз ба? Қоғамның сатиралық көрінісін ешкім ақтап, жуып-шай алмас еді. Әбдімәлік ондайдың талайын көзімен көріп жүр. Сосын да болар, ол төтті өмірді, бейнетсіз тірлікті сүймеді. Қоғамда бетімен кеткен бар, өсек-аяң бар,

көрәлмәушылықтың түр-түрі гулеп түр. Жақсылықты білу аз, жөн-жосықсыз ләйлу бар. Маңдайға жазған осындай ортада адамның құрметке ие болып, беделге жетуінің жолы тым бұралаң, есімінді жаңғыртып жарып шығу қиынның қиыны екенін де ұғады. Кейде солай сезінсе де, талайлар арманына жете алмай азып-тозып кетсе де, өзінің де әлсіздігі байқалса да, жанын тербейтін жүрегіне орныққан суретшілік өнерін ерекше құрметтеп, онсыз өмір сүре алмаймын, шамам жетеді, бәрін жеңемін деген тоқтамға келді. Арпалыс басталды, іздену әуресі, оқудың инемен құдық қазғандай бейнетіне шыдас бере бастады. Бейнеттенудің жолынан тапқаны жанына жаға бастады. Қанаттандырды. Текте өнер өнегесі бар дейді. Әбдімәлік Бұқарбаевтың әкесінің әкесі зергер, ағаштан түйін түйетін шебер болды деп білетіндер аңыз етеді. Бірақ, атасын көзі көріп тәрбиесін алған жоқ. Қанмен тараған қасиет болмаса. Біреулер картинаға шұқынып отырғанда:» Көз майын тауысып, шаршап-шалдыққандық түкке тұрмас, одан да өзбектер айтатын есектің артын жу да мал тап» дегенді түсінбейсің бе? – деп жанына тиіп кекете күліп кете барады. Ондайлардың да бейнесі қарындашпен ақ қағазға сызылып түсіп жатады. Расында, тарықпай өмір сүргісі келсе Ташкент қаласында сауда-саттықпен-ақ айналысуына болар еді. Бір базардағы өтімді тауарларды екінші базарға апарып сатса да үстіндегі қосымша қаржы жетіп артылар еді. Сауда бір күн қуантқанымен, кейде» арсыз» деген сөзді тұтынушыдан естіртіп мұңайтатыны да болмай тұрмайды. Жә, өнерді таңдады, отбасылық қажетті азық-түлік, киім-кешектік қаржыдан қытып суртке қажетті бояу, қағаз, түрлі құралдарды сатып алады. «Басыңа тартсаң аяғыңа, аяғыңа тартсаң басыңа жетпейтін» қоғамдағы жұрт қатарлы кедейлікті өзі қалаған тәрізді. Қайтеді, арман, қиял тағат таптырмайды. Қағазға түсірген тәуір бейнелерді өзі көріп ерекше әсерге бөленіп, ынтыға түседі.

Ташкент қаласының сыртындағы, Сарыағаш маңындағы тау, жыра, жықпылдарды аралап ақ бұлттарға қарап ойға батып тұрса көз алдынан» Қазақ ұлыларының бейне галереясы» қаз-қатар тізіліп еліктетеді де тұрады.

Өнер адамының ой самғауы осылай кейде ерікті баурамай қоймайды. Құлшынады, өнерлінің мінезі өзгеге тіпті де ұқсамайды. Киенің иесі деген сол. Бірде ұйықтап жатқанда: «Ұл-ау, менің бейнемді сен салмағанда кім салады? Тұр, көне, қолыңа қылқаламыңды ал!» деп ақ шашты өзиз ана әміреткендей аян береді. Шошып оянғандай әсерде қалады. Бірақ, жүрегінде қорқыныш емес, қуаныш пайда болған тәрізді. Ташкенттегі театр және өнер институтының бейнелеу факультетін бітіру үшін диплом жұмысына нені орындауды қиялдап жүрген кезі еді. Ол сол түнгі түсін еш пендеге тіс жарып айтпады. Аян берген» әміршісі» де солай тапсырды ма екен? Ол өзіне аян. Сөйтіп, асып-саспай іштей иманын үйіріп, төубасына келіп, қазақтың аңызға айналған Айша Бибінің оқиғаларына қатысты әңгіме деректерді іздестірді. Қаншама қариялармен сөйлесті, қаншама тарихи кітаптарды ақтарды. Сөйтіп, күндердің күнінде Айша Бибі аталатын әулие ананың бейне-мүсіні қағазға түсті. Жанұшырып жүріп талай қарияларға көрсетіп пікірлесті. Айшаның бет-бейнесіндегі ұсақ-түйек делінетін өзгерістерді қайта-қайта өңдеді. Және әркім әр түрлі болжам, әр түрлі ойлар айтады. Ең қиыны, солардың болжам пікірлерімен өзінің қиялындағы бейнені дәлмедәл келтіріп орындап шығудың бейнетін суретшіден басқа пенде біле бермейді. Ақырында оның бұл жұмысы сәтті шығып макеттері КСРО Суретшілер одағының комиссия мүшелерінің ең жоғары бағалауымен аталып, Әбдімәлік Бұқарбаев дипломын сирек кездесетін шығарма қатарында танылып КСРО Суретшілер одағына мүшелікке қабылданды. Міне, оның талант тасқынының бағасы осылай басталды.

Оның шығармашылық дағдысында өмірде кездесіп жататын келеңсіз көріністерді де уақ-түйегіне қарамай қарындашпен қағазға түсіреді. Бірде көршісіндегі арақ ішуден аузы босамайтын жігіттің ауылда тұратын анасы келіп келініне:» Алтын басты әйелден, бақа басты еркек артық», деген бар. Еркектің миын ашытып қиқуды сала берсең арақ ішіп азуына соқтырасың. Соны түсінбеген бәріне өзің кінәлі!» – деп ана толқыды. Қарт ана, аду-

ын келін, маскүнем еркек – сатиралық бейнелер деген сол. Өнер адамына тіршілікке бойлай енсе тақырып жетерлік. Бірақ сол шығарманың шындыққа сәйкес болуы маңызды. Әбдімәлік жасандылыққа ентелеген жоқ, тақырыпты өмір бояуына лайқаттай білді. Бұл жолда өзін жеке-дара дағараламапты да. Қиялының басшысы желеп-жебейтін аруақтарға сенді, онсыз тосын іске бет бұрмады. Еңбектенді, талмай ізденді. Маңызды деген шығармаларын талай жылдарға жүйелей білді. Рас, жас кезінде әркім әр нәрсеге елігеді, замандасымнан оздым деп кейбірі желігеді. Шолақ ойлап бір күнгі тірлігіне мәздік те табылады. Бірге оқыған кейбір жолдастары:

– Отбасыңа шығыннан басқа пайдасы жоқ өнерді несіне дәріптейсің. Одан да қаражатың мол болып, онды-солды шашып рахат көретін жағын ойламайсың ба, – деп аяныш білдіргендей болатыны да кездесті.

Ондайда Әбдімәлік:

– Өмір пендеге қысқа берілген, ал өзін өлсең де өнерің ұрпақ жадында сақталып есіміңді атаған сайын аруақ риза болмас па? – дейтін де қоятын. Еттен өтіп, сүйекке жетіп, жүрекке шаншу боп қадалатын ащы сөз қызғаныштан да өріп шығатынын түсінеді. Оған несіне өкпелейді? Кімнің кім жанына тимей жатыр, оны-мұны тексере берсе, кеуде қаққандарды тыңдаса суға кетер. Одан да құлағын мақтамен тығындағандай болып жеті түсті бояудың орнын тауып, қолға алған бейнесін құлпырта түскені жөн.

– «Біреудің тірлігін көрсе оны қайткенде де жолдан тайдыруға шеберлер көп, ондайға ылығып шалабыңды шайқама» дейтін ақыл иесі, ұстаздары бар. Ондай жылы сөзді қуана-қуана қабылдап, сурет өнеріндегі бояудың құпиясын зерттесе жетеу емес, сансыз түске жеткізуге боларын сезді. Соны аңғарып, ажыратқанда ғана жұмысың жемісті, ойындағы бейне келісті көрінеді. Өнер иесі алғыр ой, ұшқыр қиял, дуалы ауыз, өткір пікірді меншіктеуде аса сабырлылық сақтауы керек. Суретші санасында адамның ақылды-ақылсызы, мұлы-мұсызы, пасығы мен жасығы, асылы мен ардағы бөлініп-бөлініп дараланып бірі біріне ұқсамай шығады. Пенденің беті – шежіре кітап,

көзі – терезе, соны зертеп үлгерсең, дегеніңе жеткенің. Өмір сүру арпалысында біреу шаттанып отырғанда, екінші біреу қайғымен езіліп жүреді. Біреу май іпсе, екіншісі у ішкендей күйге түседі. Біреу той тойлап мәз болса, екінші біреу кісіден көрген зөбірін кешіре алмай делбе боп сенделіп кетеді. Адам жанында қуаныш бар, азап бар, жүрегінде мейірім бар, шемен боп қатқан мұң-шер бар. Бұлар суретші білетін үлкен жұмбақ әлем. Қажетінде аңыздың да ақиқатын таба біл. Ол үшін қазақ ғұмырындағы екі жүз жылды алмай-ақ, бертіндегі Абайды оқы. Бес саусағыңдай білетін тұнып тұрған тарих бар, пенденің парасаттылығы немесе сұмпайлығы көрініс табады. Өзі де Абай шығармаларын басына жастанып, аруағына сиынып, киесіне құлдық ұрып бір емес, бірнеше мәрте оқып шықты. Оқыған сайын дамылсыз ойлап даналықтың патшалығына енді. Одан соң Мұхтарды оқыды. Кітаптарды дуаланғандай қолынан тастамады. Ғаламатты қараңыз, сансыз мінез-құлық, қанша жыл өтсе де жанымызда жүргендердің басынан өтетін оқиғалар. Сосын да:» Ғұлама... неткен құдірет! Осы Абай адамнан туды деуден гөрі Алланың перзенті деуге сияды. Тарыққан, зарыққан қазақ халқын желеп-жебеп бақытына берген Алланың ұлы болар ма? Дәл солай. Орыстың әр мінезіне орай Пушкинді берген құдай, қазақтың имандылығын ескеріп, мүсіркеп Абайды берген шығар. Әйтпесе, мыңдаған жылдар өтсе де санадан өшпейтін ақындықтың дариясы, теңіздей кені Абай емес пе?! Соның қадірін жұмыр жерге жария еткен Мұхтар емес пе! Қазған сайын байлығы тасқындап жататын кеніш осы. Оқыған сайын мисызға ми құяды, ойсызға ой салады, жасықты жанып, пасықты қаузап тәубасына түсіреді. Қансыздың қанын қыздырып, ойлының ойын оздырады. Неткен құдірет! Бірақ пенденің кейбір кеспірсіздігі кінә өзімнен, ақылым жетпеді дейтіні жоқ. Бәрі ақылды, бәрі саналы, имансызбын дейтіні жоқ, бәрі иманды. Неге? Шайтан араласқан ойсыздық. Тіршіліктің жақсылығы мен жамандығының мәңгілік шайқасуы. Біле-білгенге о да қызық. Өмір арпалысы деп түсінесің де тынасың.

Қызық демекші, балалық бал кезеңін сұрапыл соғыс

жылдарында қалдырған Әбдімәлік Бұқарбаев Ташкент қаласында туып-өсті. Білім ала білді. Жоқтықтың тауқыметін, азаптың, бейнеттің нендей залалы барлығын сезіп өсті. Қалың жұрт кедей, біреуден біреудің артықтығы жоқ. Аш адам ұрысқақ, кедейлер тырысқақ, өмірге келгендердің, о дүниеге кеткендердің көрген күні осындай. Бірақ ар-ұятты жоғалтпағайсың дейді жасы үлкендер. Оны ұғынады. Шындықты бұрмаламады, кейіпкерлерінің бейнесіне жасандылықты жолатпады. Ұлттық өнеге, әдет-ғұрып, намысты ту еткен кейіпкерлерінің галереясымен қатар үстемдік алдында құрша жорғалаған жағымпаз, сұм-сұрқия, не түрлі зиянкестер бейнесі де кезең қайғысын әшкерелеп тұратындай еді. Қай заманнан бері болып келе жатқан жан сезімі жайнап тұратын адалдық бар. Керісінше, түндей түнеріп ызғар шашып тұратын қара ниетті бар. Есті адам ойланса, ақтан қараны айыра біледі. Пенделік тартысты түсіне біледі.

«Өнер адамдарының арман-мақсаттары бір-біріне ұқсамас. Менің де жанымдағы замандастарымнан өмірге көзқарасым тіптен бөлек, – дейді Әбдімәлік. – Жер тұрғанша, күн сөнгенше өлмейтін, өшпейтін Қазақ халқының тарихи ірі тұлғаларын картинада тірі қалпында, Даналық қалпында бояу құдіретімен ұрпақтан ұрпаққа жеткізсем деймін. Дос ұғынып сүсінсін, дұшпан көпсініп күйінсін...»

Қазақ халқының рухани, саяси өмірінде жарық жұлдыздай мәңгілікке із қалдырғандардың портреттерін түрлі түсті майлы бояулармен салып әлемге таныстырған өзінен басқа кім бар? Асырып айттыңыз деуіңіз мүмкін. Дәлеліміз болғасын солай деп отырмыз. Мәселен, жер көлемі бүгінгі жұмыр жерге танылған Қазақстан және Дешті Қыпшақ территориясында ұлылықтары мен данышпандығын әлем мойындаған, төбеге көтеріп дәріптегендер жетіп жатыр. Сондықтан Әбдімәліктің ірі тұлғалар галереясында 1500 жылды қамтитын Күлтегін, әл-Фараби, Асанқайғы, бүгінгі еркіндік пен бостандығымыздың тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Роза Бағыланова, Ермек Серкебаев, Бибігүл

Телегенова, Тоқтар Әубәкіровтерге дейін протреттері бар екен. Ал қазақ тарихында 1500 жылдық өмірді көз алдына әкеліп, ертеңгі ұрпағына өлмес, өшпес мұра қалдырған кім бар дейсің? Кең полотнодағы тарихи тұтастық ұлылықтың бейнесін салған суретші болды деп ешкімде айта алмасы хақ. Сан жылдардағы тұлғаларды біртіндеп роман жазса, ондаған тарихи томдарға кете берер еді. Елуден астам мүсін галереясында бір-біріне ұқсамайтын ұлылықпен көз тартса, кемінде жүз тарихи роман деген сөз.

– Үлкен ерлік еңбек, әлем қызығарлық шығарма, – деп едім, ол күн шұғыласы түскен маңдайын сипап, терең әжім астарында небір қиындықтың, сарғая, сарсыла күткен жемісті жұмыстарын өзімдікі дей алмайтындай жұмсақ тіл қатып:

– Қажыр, қайрат менің денемдікі болғанымен, рух берген жігер, тұла бойымдағы ұлттық қан, аруақтар берген шабыт, Құдай берген қуаттың арқасы, – деді де үнсіз қалды. Осы кезде Түркиядан келген қандасымыз:

– Ананың ақ сүтін, әкеңнің еңбегін ақтаған екенсің. Халқымыздың ұлы тұлғаларының бірі Сәкен Сейфуллин атындағы кітапханаға қолтаңбаңды қойып сыйлаған көркем шығармаңның теңдесі жоқ, баға жетпес, өте құнды дүние екен, дүние тұрғанша тұр, – деп тебіренді.

Осы арада тұрғандардың бәрі де ақ алғыс жаудырып жақсы лебіздерін білдіріп жатты. Әбдімәлік біраз ойланып тұрып:

– Мені қазағыммен қайта табыстырған Әуезов дер едім. Жер ортасы жасқа келіп қалғанда осындай қуанышты күй кештірткен Мұқаң рухына мың да бір рахмет, – деді.

Оның осы ой-толғанысы ақ бұлттар арасынан ақ құстай боп қалықтап, бірде Жамбылдың жолбарысындай киелі боп көрініп, бірде Жиёмбеттің ақ сұңқарындай шаңыраққа қонақтап, қазақ ұлыларының қай-қайсысының да адам баласы біле бермейтін киелі қорғаушысы, періштесі, аруағы ғасырларға талмай жетіп қанат қағып тұрғандай сезінді ме?

Әбдімәлік Бұқарбаев Өзбекстан мемлекеттік сыйлығының лауераты, сегіз қырлы, бір сырлы суретші-монумент-

талист екенін айтсақ, шығармашылығының даралығына түсінетін шығарсыз. Оның құпия құдіреті ұлтын ерекше сүйгендігімен терең тамыр тартып жатқаны айырықша қасиеті дер едік. Сол кездесуде кітапханадағы әр түрлі ұлттардың адамдары да мінсіз бейнелердің ерекшелігіне көзін суарып, қуанышты ойға қалды. Әлем халықтары алдында шоқтығымыз биік, жұлдыздарымыз жоғары тұрғандайды сездірді. Басқа ұлттарды қайдам, қазақта жанды сөз, жансыз сөз деген бар. Осының түп-төркіні суретші, мүсіншіге қатысты болса керек. Өйткені, көрерменнің көңілінен шығып, жоғары талғамына қанағат таптыруы үшін бейненің жандысы-жансызы болатынға ұқсайды. Демек, жансыз бейнеге жан бітіріп ұлылықты бет-бейне арқылы жеткізе білу, оның ғұмырын ғасырларға әкету шебер мүсіншінің ғана қолынан келеді. Ондай іскерлік екінің бірінің емес, бірегейінің ғасырлық өлмес мұрасына еншіленеді. Ондай еңбек, айталық, Абай мен Мұхтардың он төрт түрлі бояуы айшықты келбет мүсінін бұрынғы суретшілердің бірде-біреуіне ұқсата алмайсыз. Әбдімәлік шығармаларының құндылығы да осында. Төккен тер, мігірсіз ізденіс, шеккен бейнеттің тәтті жемісі екенін түсінесің. Мұхтардың «Абай жолы» кітабы туралы Бержерон: «Шіркін, осындай ұлылықпен әрі сүйіспеншілікпен және Әуезов тәрізді кемеңгердің үнімен әлемге паш етілген халық – нағыз бақытты халық қой», – деп тамсана жазғанын оқып отырып ұлылықтың мүсін-бейнесін қылқаламмен әлем биіктігінен көрсетпесіне қақы жоқ еді. Айта берсе, Әбдімәліктің құдіреттілігі сол – ғасыр топтамалары арқылы портреттері талай жұлдеге де тегіннен-тегін ие болмаған. Топтама портреттерін жасауға суретшілердің көбі тәуекел ете бермейтіні және бар. Таңдап алынған көркем мүсіндердің қай-қайсысы да ұлылық қалпымен үн қататын тәрізді деп көптің бағалауы сондықтан еді. Мұның өзі ақылдың кені Фарабише айтқанда, «адамның сезім айнасының артында ақыл айнасы бар... Бұл күрделі, ғажап дүние... Ол нәзік жан сезіміне барып соғады...»

Оның көкірегі тіл қататын тәрізді. Пенденің тіршіліктегі жолаушылық тағдырында өршіл жігері бір

жақсылыққа жетсем деп ынтығады. Болғанына мастан-бас, қоғамдық орта мен жанұясына масылдыққа ұрынбас, талабы бар, талғамы бар, өзгеден қалыс қалып жолынан жаңылмас. Мәлімсіздікті де жеңіп шығар, мақтау алар, жылы лебізге жылынар.

«Туған халқыңа еңбегіңді арнап, олардың жақсы лебізін естуден артық бақыт бар ма? Мен сондай бақыттымын деп айта аламын, – дейді Әбдімәлік. – Қанатым болса құсша самғап ұшар едім, сол сезім шалқуымен өнерімді құшырлана істей бергім келеді. Көз алдымда, қиялымда Астана сериясы... Өйткені, бүкіл жақсылығымен, таңғажайып өрелі өркенімен әлемді мойындатқан қазақ ұлтының құрсағынан шыққан перзентімін. Бұл өмірге келіп береріңді бермей, көрер қызығын көрмей, ұлтым деп түн ұйқыңды бөлмей құрдан құр кету пендеге жара-спас. Бұл ойымды алғыр ойлы ұрпақ құптар. Алла қазақ ұлтына бірлігі мықты, тірлігі мықты, өзге халықтардан өресі аласармасын, ойшылдығы асып тұрсын, жаман-жәутіктерді сөзінің пысы басып тұрсын деп Абайды берді. Шығармаларын бүгінгі ұрпақ құнығып оқып, бірен-саран жын ұрғандарын тезге түсірсін. Халқының құр көкірегі болмай, шетінен жыр көкіректісі болсын деді ме екен, ақынжанды ұлтымызды даналарының бейнесіндегі құпия-сырды да ашуға құлшынбасам сәтті туынды болмас еді.

«Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымды,
Шиыршық атар толғана», –

деген Абай жырындағы сурет ғасырлық мәнін жояр ма? Надан, зұлымсыз қоғамды жер бетінен таппассың. Осы өлеңнің төрт жолының өзінен кемінде үш сатиралық сурет салуға болар еді. Әрбір сұрықсыз кескін көршісін де ойландыруға жарап қалар еді. Бірде маскүнемді анасы дуақорға оқытты. Арақты татып алмайтын болды, қалың қасіреті үйінен, елінен безіп қаңғып кетіп айдалада өлді. Қоғамды іштен шіріткісі келетін діни ағымдар, салафит-

тер, құраниттер дейсің бе, зымияндығын өршітіп барады. Дәстүрлі емес ағымдар заң талабының әлсіздігін пайдаланып сойқанды салып, тайраңдап жүр. Жасөспірімдердің өзін-өзі өлтіруге баруына да дінімізге жат пиғылдының дуасы, сиқырлығы деп түсінетін кім бар? Суретшінің қарындашпен салған бейнесінде дуақордың оқтай көзі, оның алдында маскүнемнің аузынан суы ағып мөлііп қалуы сықылды сатира ғана дінбұзарларды тәубасына келтірер ме еді, кім білсін. Біреудің өлімін қызықтап, ата-анасы бауырларына қайғы жамылдыруға әрекеттенген зұлым ойлылардың қатыгез қимылы мұсылмандықтың қадірін кетіріп жүрмесін. Қамсыз, көзжұмбайлықтан жер соғып жатқандарды қорғауға заңдылықты қайта ширату қажет» .

Ұлтымызда қанға сіңген ізгі ниет, ізеттік, мол мейір бола тұра сенгіштіктен кейде зиянға қалып та жатамыз. Ал ұлыларымыздың бәрі де ұлтын жамандықтан сақтануға өнегесі, ой толғамы, ақыл-парасатқа толы шешен сөзін қалдырды. Бұл өз халқын, мұсылмандық дінін, ділін, тілін сүйе білуден тараған құбылыс. Сонау бүкіл өзбек жұртына танымал болған Бұқарбай зергер атасының шөберелері Әбдімәліктің үш баласы Нұрлан, Ержан, Гүлдана да замандастары арасында сурет өнерінің шеберлері болып танылып келеді. Медицина қызметкері балалардың анасы Несібелі суретшілердің қара шаңырағының абыройын сақтап, өнер адамының басына қат-қабат кездесетін қиын тірлігіне қабақ шытпайды. Сосын да ойшылдардың қиял қанаты талмай ақ бұлттарға қанатын сүйгізген қырандай қалықтай береді...

Тіл-көзден аман болғай! Ғасырлық еңбекті мақтауға тіл жетпейді...

ҚАСІРЕТ ІЗІ

– Адамның жан сұлулығына ештеңе жетпес дейсің. Жұрттың бәрі адалдығымен танылған ба? Ақылсыздықпен алдыратын бар, надандықпен ұятқа қалдыратын бар, тірлік жақсылық пен жамандықтың бітіспес арпалысы. Сөйтіп, пенде бәрі бірдей бола алмайды. Өмір аумалы-

төкпелі, көреалмаушылық қырсығы қаскөйлікке бастап, ақыр аяғында қасіретке соқтырады, – деп мұнайшы Мұрат Тайпанов әкеден балаға жалғасып, жүректе сақталған бір оқиғаны баяндады: – Ешмұрадан алты бала болған. Соның бірі Жұмағазы атбегі атаныпты. Тайсойған өңірінде өмір сүрген. Жаны жайсаң бар, заманынан озған, пейілі жаман бар пәле іздеп табаны тозған. Тірлік солай. Атақ еңбекпен келеді, оның ішінде тұлпарды баптау оңай емес. Аманша әжем әлі күнге айтып отырады. Атамыз ұлдарын бес жасынан аттың еріне таңып бейгеге қосуға үйретеді екен. Майдан құла деген ат көрші елдердегі аламан бәйгеде талай рет бас бәйгені алыпты. Бірде Түрікменстанда бір байдың асында бірінші бәйгеге күмістен жасалған ер-тұрман, күмістен істелген қамшы тігіпті. Соны майдан құлаға бұйыртыпты. Сол күміс ерді атқа салғанда бәйге аты ерекше сілкініп тұрады екен. Нағым деген ағамыз бала кезінде сол ерді шана ғып сүйреп жүріп жоғалтады. Қамшы да қорада ілулі тұрған жерінен қолды болады. Содан Нағым қатты ауырады. Дәрігерлерден көмек болмағасын Ташкенттегі атақты емшіге, көріпкелге апарады. Аты-жөнін айтып таныспай жатып көріпкел:» Күмістелген ерді айтпай-ақ қояйын, қамшыны табыңдар, сол емдейді», – деп шығарып салады. Ауыл, елді кезіп қанша сұрастырса да қамшы да, ер де табылмайды. Нағым ауру азабын аз тартпады...

« Кейін өмір өтті, мұнайшылардың еңбегі ақталып, жетілгені жетісті. Уақыт бәріне емші. Тірлікте не жоғалмайды, не ұмытылмайды?» – деп Мұрат Тайпановтың балапан басына, тұрымтай тұсына деген сықылды тірлікті меңзегені ойыма ой түсірді.

Бірде әкем Бекқазы түсініксіз ойқанып отырып:» Ат тәуірі де, ер-тұрман жақсысы да Ысықта болар, қара бураны да ысық руынан әкеліп едім, – деп толғанды да:

Ысық жігіттері,
Пысық келеді.
Қаскөй кездесе,
Алқымынан қысып береді.
Ел шетіне жау келсе,
Құстай ұшып келеді.

Қаратауда таудай,
Қайрат бар.
Бәйтерек батырда,
Арыстандай айбат бар.
Ысық жігіттері
Асып тұрады.
Дұшпанын сұсымен басып тұрады, –

деп жүйрік ойын кісіліктің биіктігіне теңейтіндей көрінетін-ді.

Осы кезде ауыр пікірден арылғандай Мұрат Тайпанов тереңнен сыр тартты:

– Мұңсыз кім бар дейсің, пенде де арман да аз болмас. Биікке ұмтылғанды сүріндіруші бар, күндестіктің көкірегі сонша тар, қылмаңдап, жылмаңдап жүріп қылмысын жасырады, байлығы, бағы асқаны ақылсыз болса әлсізін басынады. Құлашы кең данышпан бар, оны да жар басынан құлатпақ боп алысқан бар. Қалың көпке жақсаң да туысыңа жақпайсың, сыртыңнан сынайтын сұм бар. Шабыты шалқып ұтқан бар, төңірегін жалмауыздай жалмап құртқан бар. Қазандық басында отырған қазымыр бар, қайтесің ақылсыз жазғандар. Айтайын дегенім, Жұмағазы атамыз Түркістандағы халықтың бау-бақша өсіретін тәжірибесімен топырағы құнарсыз Тайсойған өңіріндегі жерді баптап, қауын, қарбыз, көкөніс өсіреді. Ауылдастары түгіне түсінбей:» Түкке тұрғысыз еңбек», – дейді. «Бірдеме-сірдемемен әуре болғанына күлкің келеді. Арам тер», – деп қарсылық ой айтқандар, мазақ пікір таратқандар өсімдіктің жапырақ жайып өскенін көргенде таңданғаны да болған. Көзін суарып тұрып қызғанғаны да болған. «Ат баптаса бәйгенің алдын бермейді, жерді баптаса бау-бақшасы жайқалады. Мұның жұлынын қырқамын, бадел-бағы менен асқандай кім еді сонша?» – деуші қаскөй бақша алқабына түннің бейуағында жылқыларды қамшылап иіріп өсімдіктерді таптап тастайды. Бір емес, екі емес, бұл неткен жауыздық? Қызғаныш өрті лау ете түскен. Бәйгеден аты озып келеді. Оны көреалмайды. Жеміс-жидек, көкөніс өсірді, елді жарылқады. Атағы шықты, алғыс алды. Көреалмады.

Ішіне пышақ айналмайтындай қатты қызғанды. Өзінің кемдігіне күйінді. Өш алуы керек. Қуыс кеуде де ыза бар, кектену бар. Шайтаны айтақтады. Қызғаныштың қызыл итін қосып талатып тастауға бекінді. Айтыс-тартыста жеңіп қабырғасын қайыстырмақ. Кім өзі? Замандасы. Жұмағазы аңдыды. Жылқы көкөніс өсіп тұрған алқапқа өз еркімен аяғын баспайтынын байқады. Демек күштеп иірді. Өштік, қаскөйлік кенет түннің ортасынан ауа бере бір үйір жылқыны бау-бақшаға иіре бастаған ауылдасы, өзі сықылды бөйгеге ат жаратып жүрген Мәдікті көрді де Жұмағазы айқайды салып қуа жөнелді.

Кенет Мәдіктің аты інге аяғын тығып омақаса құлады. Мәдік ат астында жаншылды. Аузы-мұрнынан қан кетіп о дүниелік болды. Арамза, қаскөйлігі ажалын тездетті...

Адам өлді. Ел дүрлікті, рушылдық кектендірді. Ағайын арасына қатыгез жік түсті. Өліні кінәлау жоқ. Оқиғаның басы-қасында тұрғандай Жұмағазы ұрып өлтірді деп» қанға – қан!» деген сықылды үкім айтыла бастады. Жұмағазы туыстарында зөре қалмады. Ақ ниеттік пен қара ниеттікті айырмау қандайлық ауыр? Жұмағазы онша саспады да кек алушылардың келетін күні он үш ақ боз үй тіктіріп, он екі келінін ақ киіммен киіндіріп, қазан көтертіп қарсы алмақ. Желіге меңсіз екі ақ құлын да байлатып қойды. Онысы көк өскінді алқапқа үйірлі жылқы түгіл, құлын да тұяғын тигізбейтінін түсінсін дегені еді. Өйткені, кек аламын деп дауырығушыларды ақылды аға не өке бастап келетінін білді. Кекшіл топ келді. Қабақтарына мұз қатқан, қару-жарақтарын кезенген. Осы кезде ақыл иесі:» Оу, аналар он екі ақ боз үйде ақ жайма тастап қарсы алуы қалай?» – дейді.

Осы кезде бір дүлей ақ киімді келіншекке сұстана қарап:» Жұмағазы қай қоста, шықсын бері?» – деп еді, ақыл иесі тоқтау салды. «Басын кесеміз», – дейді бірі жағаласып. «Тоқтат сөзді, баталыға бақ қонған. Адалдық ауытқымаған ақ жолдан. Он үш қос киелікті білдіреді, мүшел сан, меңсіз ақ құлын» жылықыдай ақылы жоқ, қызғаншақ, біреуге ор қазғаның өзіңе көр қазғаның» дегенді айтып тұр. Тағдырдың мейірі мен сақтандыруына тірлікті баяндайды. Енді Мәдіктің кінәсін көз алдарыңа

елестетіп көріңдер», – деді де билік айтқан төреші Жұмағазыға назарын аударып:» Түк кінәсізбін деп айта алмассың, ұрып өлтірмесең де азаматтың ажалына себепші болдың. Мына тобыр» қанға – қан!» деп өршіп тұр. Сөзге тоқтаңдар, келіндерің балаларым жетім қалмасын деп басын иді. Мәдіктің де баласы жетім қалды, туысымның құнын төлеп құтыл. Ерсің ғой, осы елдің атын басқа елге шығарып жүрген майдан құладан басқа жылқыны құнға төле. Айғыры асыл болса, үйірдегі биелер талай тұлпарды құлындар. Кек сақтамай тек сақталық, пейілі жаман пәлеге жолығады деп пейілдеріңе қасқыр шаппасын. Онсыз да тар көкіректі тарылтпай, қайғыны ұмыту үшін қоныстарыңды өзгертіңдер», – деп тоқтады.

– Пенделік тағдыр, – деп Мұрат сөзін жалғады: – Көркөкіректің көре алмайтын, қызғаныш, пасықтығынан арғы аталары бір болса да ірге айырылып өле-өлгенше өштігін сақтаған бар. Адалдықты Жаратқанның сақтағаны бар. Шүкір, он бір айғайындымыз. Бәрі мұнай шаруасында, әкелеріміз де Новельден бастап мұнай өндіру кәсібіне қызмет еткен. Аталарымыздың ыза-кегі, мұң-шері, қаста қиянаты ұмытылды.

Тайпан шаңырағында құт-береке дарытып сүттей ұйытып отырған ана Күлөнда Қасқырбай қызы немерелерінің қызығына тояр емес. Әкесі Атырау өңірінің біраз жерін бұрғылап мұнай көзін ашқан. Балмағамбет, Жолмағамбет, Бимағамбеттің кіндігінен тараған Қалихан, Қасқырбай, Ғалымжан, Еркеқара есімдері мұнай көзін зертеушілердің алдыңғы қатарында аталады. Құрылғанына жүз жыл болған Доссор, Мақат қаларында қызмет еткен бабалар Новельдің қазақ мұнайын өндіру жұмысына да араласып, одан кейінгі Кеңес өкіметінде де маңдай терлерін төгіп Отанға мұнай беруде алдыңғы қатардан көрінгенін тарих шындығы айтады. Дүниежүзілік екінші соғыста Орал өңіріне фашистер бомба тастап жатқанда әрбір скважинаның түнде жарығын көрсетпеу үшін зәнтүк ойлап тапқандар да Мұрат пен Күлөнданың әкелері және замандастары еді.

Иә, бүгінгі көргенді ұрпақ әкелерінің басынан өткен талай қасіреттің ізін адалдықтарымен ақтамақ...

ЕРЛЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Бірінші әңгіме

«Қазақтың Ленинграды атанған Торғай даласында халық батыры Амангелді Иманов бастаған ұлтазаттық көтерілістің 100 жылдығы алдында туған дала көне тарих сырын шерткендей. Кең байтақ өңір сырлы сазға бөленгендей. Батырды көзі көрген көне көз қариялар сарбаздар айтар еді. «Бұл жұмыр жерде Париж барикадасында көтерілген қызыл ту, Аврора крейсерінде көтерілген Қызыл ту, одан кейін Торғай даласында Аманкелді Имановтың сарбаздары көтерген Қызыл туды адамзат тарихы ешуақытта ұмытпас деп» .

Бүгінгі бақытты өмір нұрлы болашақ жолында толарсақтан саз кешіп қу толағай жастанған ерлер есімі Торғай аспанында мәңгілік шырақандай маздайды. Ол есімдердің мәртебесі биік. Өйткені, қасиетті бабалар:» адам – жаратқанның перзенті емес, жаратылыс перзенті екенін, зұлымдықты жеңбесе қуаныш та көрмейтінін танытты. Адамның өмірге жәбір-жапа көруге емес, таудай қасіретке де қарсы тұрып оны жеңуге келгенін дәнелдеді. Сол құдыреттілердің бірі – Аманкелді Иманов. Ол халық батыры, ол ел деп туған халық перзенті. Аманкелді 1916 жылы патша үкіметіне қарсы шығып халық көтерілісін бастағаны мәлім. Бірдің мыңға татитыны бар емес пе, Аманкелді әділетті аңсаған қара халықты күреске жұмылдырған ердің ері. Көтерілісшілер армиясы азаттық үшін ата жауымен арпалысқа түсті. Олар қандайда берік қамал ішінен қирайтынын ұқты. Сосын қынына қарай қылыш суырды.

Дәл бұл шақта патшаның июнь жарлығы бойынша қазақтан әскер құрастыру басталған кез еді. «Халықты патша қырды не, табиғат дүлейі қырды не, өлімнің аты өлім» деген Құрманғазы. Дүниеге еркелей келіп босқа кетпеу үшін, келер ұрпақ өсер төл бақытты болашақ жолында салиқалы өмірін сарп етпеген адам адам ба?» дескен сарбаздар 1916 жылдың сентябрінен бастап иығына қару іліп атқа

қонды. Халық батыры Аманкелдінің туы астына жиналып Қаратоғай, Сарытоғай, Көртоғай, Қайдауыл болыстарында мыңбастылар, жүзбастылар сайланып, патша әскерімен соғысуға әзірлік өте-мөте қызу жүргізілді. Ажалдан да тайынбауға бекінді. Сарбаздардың болашаққа деген шыннайы сезімі шытынаған жоқ. Соғысқа лағанат айтылды. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды. Жақсылық пен ар намыс ердің көркі, ерлік өлмейді деп ұран салды. «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, ерлердің ісі бітер ме?» деп ерлік туын жоғары көтерушілердің қатарын да Сарытоғай болысында мыңбасы Оспен Құтыбаев, жүзбасы Батырбас Садырбайұлы бар еді. Ал Қайдауыл болысында мың басы Әлжан Қорабаев, Көртоғай болысында Дәуіт Ержанов деген жігіттер еңіреген ерлерін соңына ертіп сапқа тұрды. Әулие, әмбиелер мен қырықшілтен қайберенге сыйынып тірі тұрғанда ешбір азаға көнбейтінін білдірді. Көргені жақсы көш бастап, әр болыста атты әскермен соғысқа әзірлік ұйымшылдықпен өтіп жатты. Аз уақыттың ішінде аталған болыстардан мыңдаған сарбаздар ар-намысты ту етіп бірікті, өре түрегеліп қарына қару ілді. Ғасырына қалай асылы қаулап өсіп келе жатқан мезгіл осылай көрінді. Енді жалыннан лаулап өрт жанар шақ туды. Опасыздықты ойрандауға найза кезелді, қылыш жалаңдады.

Аманкелді сарбаздары екі бірдей жаумен алысуға тура келді. Екі бірдей жаумен бетпе-бет кездесті. Ел ішінде патша үкіметімен ауыз жаласқан бай шонжарлар қианқысын, жасырын түрде қатерін аяған жоқ. Олардың арасында жік тудыруға сарбаздардың бағытынан барлық әрекетін істеп бақты. Бірақ оның бөрі ұлы жігерді ұлы күресті тудыратынын ұққан сарбаздардың сағын тындырып, жігерін мұқата алмады, қайта жауға кек қайнады. Ашу-ызаға булыққан халық толқынын ешқандай күш бөгей алмайтынын көрсетті. Өйткені ер егесте шынығып, сесті батырлар болаттай суырылып жатты. Торғай өңірін сілкіндіріп ел қорғаудың дауылы басталды.

Жарлы-жақыбайлар өзінің қолбасшысы Аманкелді Имановтың соңынан осылай ерді. Бұл жолда әділет үшін

айқаста қандай қиындықтан да тартынбасқа серт етті. Жауыздықты жазасыз жібермеуге берік байлам жасады сарбаздар. Адам мың жасамайды ерлік он сан мың жылдар жасайтынына сенді. Ертенгі келер күнге үміт артты.

1916 жылдың ноябрі Торғай даласы осы күнді әлі ұмыта қойған жоқ. Қазақ даласында бірінші рет еркіндікті аңсаған әділетті оқ атылды. Бірінші рет атылған оқ. Сарбаздар патша әскерімен бірінші рет соғыста айқасты. Қара халықтың сондағы тау жыққандай екпіні-ай шіркін. Осынау тасқын күшті дүниеде ешнәрсе тоқтата алмайтынын дөнелдеді. Азаттық соғысы Күйік қопасында Құмкешуде, Сарықопа, кейін Аманкелді бастаған қалың қол Доғал жерінде патша әскерлерімен кескілесе күресті. Ерлер белдескен жауды белден басты. Осынау ұрыстың қай-қайсында да екі жақтан да шығын аз болған жоқ. Әсіресе, Күйік соғысында сарбаздар жаудың басым күшін тас-талқан етіп өздерінің ерлігін таныта білді. Сол алғашқы уақыттарда – ақ Аманкелдінің жауды жеңуге айласы алтау, ақылы жетеудей алғыр қолбасшылығын таныды елі де, ері де. Ерлік даңқы жер жарған, бірлігі ел жарған Аманкелді қай ұрыста да жауды айламен алуға үйретті. Қандай да соғыс қиындығын айлалы ғана жеңетінін сол қиындықты отты жүректі қайратты ғана жеңетініне сендірді. Әйтпесе сарбаздар саны көп болғаны мен олардың алғашқы айқастарында қолындағы қару-жарағы әлсіз еді. Әсіресе алыстан көздеп ататын зеңбірек сияқты қарулары болған жоқ. Иә Доғал соғысында екі жақтан да адам шығыны көп еді.. Бірақ бұл сарбаздар өмірдегі ең күшті ең елеулі оқиға. Осынау шайқаста халық батыры Аманкелді Торғай өзенінің бойын өрлей, әр жерден күшті тосқауыл қойып, жауды алға бастырмады, қылт еткенін қиып түсірді. Мерген сарбаздар өте-мөте шеберлік көрсетіп, жау қатарын сирете берді. Әйтсе де оқ-дәрінің жеткіліксіздігі мылтықтың санаулылығы қол күрмеу жасады. Ал сарбаздардың басым көпшілігі қылыш, найза, айбалта сияқты қарулармен ғана жасақтанған еді. Олар жаумен қолма-қол араласқанда болмаса патша әскерлерінің зеңбірек пулеметі қолданып алыстан қимыл көрсетуіне төтеп беруі қиынға түсті.

Сондықтан да олар жауды айламен жеңіп, қарулануды көздеді. Ерліктің көзін тауып, жеңістің жолын табуда осы еді.

Міне, Доғалдағы қатты соғысты қазіргі тірі сарбаздар есінен шығарған жоқ. Ол ұмытылмайды. Қанды қырғын еді ғой ол. Сарбаздардың біразы оққа ұшты. Ер боп туып ел қорғаны болып өлді олар. Сондықтан да мәңгі тірі бабалар. Көптеген адамдардың аты оққа ұшып, әр тұста жаяушылықпен қиындық кешті. Ер белгісі қынында болған, қапияда жау қолында қалған сарбаздар Тыныбай көлін паналайды. Патша солдаттары бар жаулығын аямай өзеннің екі бетіне өрт қояды. Пулемет, зеңбірекпен атқылап, бораған оқтың астына алады. Осындай өрттің ішінде сарбаздар жаумен қолма қол шайқасқа кіріседі. Елінің жақыннан қорған, алыстан айбары болатын ерлері тайсалмады қаскей жаудан. Айбалта, найза қылышпен сарбаздар жаудың біразын шығынға ұшыратты. Езгіге көнбейтін ежелден қалыптасқан өшпенділік маңызы тереңде еді. Туған жерін қорғауға деген сүйіспеншілік күші нағыз ерлік еді. Өліспей беріскен жоқ олар. Бірақ күші басым жау қолынан біраз сарбаз жарық дүниемен қоштасты. Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылған елдер рухы бәрібір төмен түскен жоқ. Қайта мәңгілікке жарқырап аспандай берді. Мәңгілік сөнбес жұлдыздай жымыңдап еркіндік жарығына құлшынды..

Осынау тұста Аманкелдінің мыңбасылары Батырбас Сандырбайұлы, Әмірбек Орынбекұлы, Мырзабек Арысұлы тағы басқа сарбаздар ерлікпен көз жұмды. Келесі күні сарбаздар жауын қайта шегіндіреді. Жеңіске ие болады. Соғыс құмар жаудың біразы құрып тынады. Осы азаттық тынысы кезінде қаза тапқан сарбаздарды ел боп Үрпек басындағы зиратқа арулап жерледі.

Олар нағыз ер еді ғой. Олар біздің көз алдымызда мына бүгінгі ұрпақтың көз алдында тірі рух. Өйткені ер есімін ер ұмытпайды ешқашан. – дейді мыңбасы Батырбасқа аспазшы болған Шойбас Тәйкин қария. Сарбаздар Үмбет Досымбетов, Мұхаметжан Күнәділов, Измағамбет Баймағамбетовтер осынау алғашқы айқасты сарбаздардың

нағыз ерлігін бүгінгі ұрпаққа жыр етіп айтады, сыр етіп шертеді. Тірі тарих деген осылар. Ерлердің өлмес даңқын ел көкірегінде сақтатқан да осылар. Сарбаздардың айтуына қарағанда Батырбастың 42 жерден жараланғанын жаумен арпалыста бір өзі үлкен ерлік көрсеткенін дәнелдеді. Қар үсті қып-қызыл жосадай қанға бөккен деседі. Бір жерде сынған найза, құндағынан үзілген ондаған мылтық жойқын соғыстың куәсі боп жатқан деседі. Осы шайқаста патша солдаттарының оннан астамы ерлер қолынан өлген. Қоршауда қалған Батырбас тобы алғашқы шайқаста жауды үлкен жеңіліске ұшыратқан. Бірақ соңынан солдаттарға үстеме күш қосылып, жау күші басымдап кеткен деседі.

Ия, Аманкелдінің Батырбас секілді сенімді серіктері, сүйеніш тірегі он сан болған. Олардың бірқатары азаттық жолында отқа түсті, шыбын жанын арнады. Бірақ ел есінде Сарбаздар ауылында жыр болып ерлік данқымен ел жадында жатталып қала білді. Солардың бірі Батырбас Садырбайұлының ерлігі белгілі деректер болмағандықтан әлі күнге тарихта өз орнын ала алмай кенжелеп келеді екен. Ал Сәт сыяқты сарбаз ақын:

Әскер басы Батырбас,
Жағаласты жаумен шойынбай.
Жауыз патша дұшпанға
Кім күш қылады осындай, –

деген өлеңі ел ауызында әлі күнге сақталып қалған. Ендеше ердің атын өлтірмейтін ақынның осынау хаты болса керек. Сарбаздардың қара шаңырағы құлаған жоқ.

Бізде Аманкелді сарбаздары атанған тірі қарттар көп дейді Көшекбай Оспанов. Расында Доғал соғысында ерлік көрсеткен сарбаздар Сейдалы Тоқсанов, Ахымет Дүйсенев, Мұхамеджан Күнәділов, Айтбай Жүсіпов, Үмбет Досымбетовтей абзал ерлер бүгінгі ұрпаққа тарихтың тірі куәлары іспеттес.

Патша жөндеттерімен жанқиярлықпен күрескен сарбаз батырдың көбінің қара шаңырағы құлаған жоқ. Қандай қатыгез жау да қазақтың қара шаңырағын құлата алма-

ды. Халық күші қаһарлы екенін танытты. Мұндай ерлік бабалардан жалғасып ешқашанда жоғалып кетпейтінін дәлелдеді. Ерлердің ошақ оты әлі маздаулы. Ол от мәңгі сөнбейді. Оған дәлел Батырбастың әйелі Бошай алты бала өсірді. Бәрін де ел қатарына теңестірді. Алты үй алты өмір жалғасып жатыр шат заманда. Әмірбектің әйелі Ажаргүл үш бала өсіріп, терезесі теңеліп кетті. Тұлпарлар тұяқсыз емес. Орны бар оңалып өсті. Бүгінгі бақытты өмірге әкелері әперген еркіндік теңдікке ие болды. Ерлік ерлік эстафетасын жалғастырып ғарыштарға қол созып барады.

Жаста болса атжалын тартып мінген, Аманкелді сарбазы атанып ең соңғы Сарықопа төңірегіндегі соғысқа қатысқан Социалистік Еңбек Ері Қошан Есболов былай деп сыр шертеді:» Аманкелді Иманов халқымыздың қадырлы батыры еді. Торғай соғысына мен қатысқан жоқпын. Бірақ Сарықопа соғысына қатыстым. Алғашқы көргенім Қарасай деген жерден солдаттары келді патшаның. Сарықопа, Қалыңқопа біздің қалың сарбаздардың етек-жеңін жинақтап тосыннан шабуылға шығуға дайындаған Аманкелді сол қалың қопаға қамады, тығылып тұрдық. Ар жағынан патша әскері қаптап келе жатты. Солдаттардың алдында үш атты оқшау көзге түсті. Соның бірін Аманкелді көздеп атты да оққа ұшырды. Осы кезде солдаттардың біразы иіріліп, тұйыққа тірелгендей болып кейін шегіне бастады. Содан барып өздері соғысуға бата алмай біраз тұрды. Мылтық атып еді қопаның арасындағы сарбаздарға тигізе алмады. Сарбаздардың бәрі де аман болды. Содан түстен кейін олар Қарасайға кетіп отырды. Сарбаздар жаудың бетін қайырды. Сол менің Аманкелді сарбаздардың патша әскерлерімен қақтығысын өз көзіммен көргенім.

Ауылдың абзал қарты Қошан қазір де ұлын ұяға, қызын қыяға қондырды. Еңбекпен бақыт тапты. Батырлар салтын ерлік еңбекпен жалғастыруда. Ұзақ жыл» Коммунизм жолы» совхозында жылқышы болып, елеулі қызмет етті. Ол өзінің еңбек жолынан қысқаша әңгіме қозғады.

-Әуелі серіктік болдық, мен екі жыл сиыр фермасын басқардым. Одан бергі жерде жылқышы, әрі ферманы басқардым. Алғашында 66 жылқы алып едім, соны 1949

жылға дейін 800-900-ге жеткіздім. 1948 жылы еңбегім бағаланып Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Иә, халық батыры Аманкелді Имановтың осындай он сан сарбаздары ел есінде өздерінің ерлік тұлғасымен сақталған. Ер жігіт өлер жеріне дейін күліп барды, ерлік туын қолдан түсірген жоқ. Сонда олар бүгінгі бақытты тірлікке сенген екен-ау. Жалпақ еліміздің даңқын шығарған сол батырлар рухына бас иеді бүгінгі ұрпақ. Өйткені олар елін өрге сүйреп, даңқын асырып кетті. Ерлер қайратын ел қалай ғана ұмытады. Сондықтан да мәңгі тірі есімдер олар. Көздеген мақсаттары еркіндік, туған жерін жауға таптатау қасиетті парыз еді.

Екінші әңгіме

Адамның жүрген жері абат дейді халық даналығы. Жақсы жігіт жүрген жеріне кент салмаушы ма еді. Халық батыры Аманкелдінің сарбаздарының негізгі мақсаты бақытты өмірді аңсау, соған қара халықтың қолын жеткізу еді. Ресей патшалығының өңкей зұлымдығы, отарымыз деп қыспаққа салып, қазақ жерін тұтас иеленуге жанталасуы өшпенділік туғызбай ма? Ұлтазаттық көтерілісінің етек алуы басқыншылыққа төзбеуі еді. Сол Аманкелдінің қалың сарбаздарының бірі Құрмет Белгісі орденді Әбдрахман Ыбыраев қарт сарбаз қыран тұлғасын елестетеді. Оның өткір қос қарашығынан өткен жолы сырлы саз шерткендей. «Жолын тапқан жолбарысты да ерттеп мінеді» сенің шебер қолың мың жауға да төтеп береді, дейді екен сардар. Әбекеңнің балалық жастық шағы Сужарғанда өтеді. Торғай селосының жанында Әбдрахмен ес білгенде жоқшылық, аштық шырмауына түсті. Әкесі Ыбырай кедей адам болған. Ал жасынан зерек Әбдрахман зергер ұсталыққа бейімделіп өседі. Елдің дуалы аузында: шебер жігіт, он саусағынан өнер тамған атанады. Үйренсе біліктіден үйренген ол өнерді өбектеп, талмай үйреніп, ұғымы артық, түсінуі зерек болған.

Бұл өңірде Аманкелді бастаған халық көтерілісі дүр сілкіндіріп, ауыздан-ауызға тез тарап, байтақ ел құлақтанған кезде әкесі Ыбырай:

Ұлым, елінде есімі озған ер, түбінде озады, Аманкелді сарбаздарының қатарына қосыл, басқыншылыққа төзбе, -дейді. Он тоғыз жасар Әбдрахман оған қарсылық білдірген жоқ. Өмір деген күрес, адам баласының алғыр келетініне сенді. Көзін ащар көпшілікпен бірге болуды дiттеді.

Міне, барлық ұста дүкендерінде ондаған шеберлер күндіз түні қару-жарақ соғып жатады. Солардың қатарында Әбдрахман да іске кіріседі. Шебердің қолы ортақ атанған ұсталар тез арада сарбаздарды қару-жарақпен қамтамасыз етеді. Ізгі істің бәрі еңбекпен істеліп жатады.

Бір күні Аманкелді ұсталарға:

Алуан жол алда. Соның алдамайтын, адастырмайтынын таңдадық – дейді де: жаудан қолға түсірген пулемет бар. Соны кім іске қосып түзей алады – деген сауал қояды. Мұндай жауапты істі міндетке алу әрине оңай емес еді. Біраз үнсіздіктен кейін Әбдрахман:

Лұқсат болса қай жері бұзылғанын байқап көрейік, өзін-өзі сенімділік сынай танытып. Сардардың меңзеген ойы іске асыруға дайынмын деген адал ойын білдіреді.

Көне қараңдар!

Осынау сынған пулементті іске қосқаннан бастап Әбдрахманның есімі сарбаздармен шеберлер арасында ілтипатқа бөленді. Бұрын жас қой деп ойлаушы еді, енді кейбірі іскерлігіне көзі жетті. Оның шеберлігін енді байқап ден қояды бәрі де. Бір өзі көтеріліске қатысқандарға 150 найза соғып береді. Қаншама сынған мылтықты қалпына келтірді десеңші.

Батырдың үлкен сеніміне ие болған Әбдрахманға бірде:

Сен пулеметші бол. Істеуін білгенде атуында білесің. Әрі оқ-дәрі сақтайтын қойманың кілтін ал! – дейді сардар. Сенімді ақтау үшін он тоғыз жастағы Әбдрахмен ерлік істер атқаруға омыраулай кірісті. Айтқанды ілтипатпен тыңдады Еркіндік жолында ерінбеді. Барынта – ықыласын аяған жоқ. Барлық соғыста батырдың сенімді серігі болған ол талай рет жаумен қымқуыт шайқаста ерліктің үлгісін көрсетеді. Оның өзі бір үлкен хикая. Игі істер өлген жоқ. Ізгі ойлар өшкен жоқ. Соның куәсі болды ол.

Ал Әбдрахмен күнмен талас тұрған алтын дәурен құрған заманды көппен бірге аңсады. Совет өкіметін орнатуға

да елеулі еңбегін сіңірді. 1920 жылдан 1929 жылға дейін Торғай әскери соғыс комисариатында қызмет істейді. Жігерленген ерлер жауын жеңді, совет үкіметін орнатты. Отызыншы жылдары ол Алматы қаласында транспорт Одағының министрлігіне жұмысқа шақыртылады. 1932 жылдан 1936 жылға дейін Қазақ АССР-і Транспорт одағы министрлігі басқармасын басқарады. Әбдрахман бірінші Қазақстан шоферлер одағының съезіне делегат болып қатысады. Иә оның қуанышты күні құс әнімен басталатындай революция көктемінде салған сарбаздар әні Совет өкіметі жылдарында жұмыр жерге құлақ жара асқақтады.

Абзал қарт сарғыш тартқан қағаздар арасынан еңбек кітапшасын тауып алды. Сонау 1920 жылдан 1958 жылға дейін үздіксіз Отанымыздың өсіп – өрлеуіне қызмет еткен сарбаздың еңбектегі өмір жолында жазылмаған жыр, айтылмаған сыр іспеттес. Өйткені ол ескіні өз қолымен қиратысты, жаңалық атаулыны өз қолымен жинатысты.

Сол еңбек жолының кейбір қазақ кинофикациясына арнаған 1940 жылы Алатау кинотеатрының негізін қалаушылардың бірі. Ол осында директор болып біраз уақыт еңбек сіңірген.

– 1942 жылға дейін, – деді ол әңгіме арасында, Қазақстанда кино көрсету баяу жүргізілді. Осыған сәйкес туысқан республикалар үлкен қамқорлыққа алды. Дыбыс арқылы кино көрсететін аппарат жетіспейтін еді. 1942 жылы Ленинград қаласынан 45 жаңа аппарат әкеліп Алматы және басқа облыстардың кино театрларына орналастырдық. Қалың халық кино көруге құмар, тым ынтық кез еді ғой.

Әбдрахман Түркістан, Алматы, Талдықорған облыстық кинофикация бөлімдерін ұзақ жыл басқарып, халыққа қызмет етті. Содан 1958 жылы осы мамандығы бойынша заңды пенсияға шықты. Ия жасынан жұмысқа ширақ, оның қолындағы игілікті ісі құмары қанбайтындай жақсылықтармен осылай жалғасады. Ерлік жолы шынықтырғанын жадынан шығармайды.

Аманкелді сарбазы оның ерлік дәстүрін жалғастырушы, 1929 жылдан КПСС мүшесі, Әбдрахман Ыбыраевты сөзге тарттық.

1916 жылдың 7 декабрінен бастап Аманкелді көтерілісіне қатыстым. Содан 17 декабрь күні Аманкелді Бетпақараға кетті. Оған қарсы Орынбордан патшаның жендент әскері келді соғысқа. Қырып салуды ойлады. Соны түгел жеңіп шықты сарбаздар.

Аманкелді реввоенкомның председателі болды. Қарауында 350 – дей әскері бар соны үйретеді. Аманкелді Торғайда үлкен қалалық әскери мектепті казарма қылып тұрады.

Әбдрахман отбасы бақытын көрген адам. Үлкен ұлы Тасболат Москва қаласында биохимия институтында ғылыми қызметкер, Болат Аманкелді ауданындағы байланыс бөлімін басқарады. Біз әңгімелесіп отырғанда тұлымшағы желбіреген ақ сары бала: -ата мені Бибігүл ұрады деп аузын томпайтып алдына отырды. Абзал қарт оның маңдайынан аялы алақанымен сипап. Қос қарлығашы Ерсұлтан, Бибігүл немересі өз балаларынан ыстық қартқа. Осы балаларының есімін де өзі қойған. Бірін Бибігүлдей әнші болсын десе, екіншісін Динадай күйші болсын деп атаңдырды. Болар бала бесікте бұлқынады деген бар. Бибігүл жетіге толмай жатып ән салуға құмар-ақ.

Ал Әбекеңнің Сайлаубайы Қазақтың мемлекеттік университетінде, Серігі ауыл шаруашылығы институтында оқып жүр. Әбекеңнің мен атқара алмаған істі осылар атқарсын, бүгінгі ұрпақтың аспаны ашық болсын деп райсыз ойын білдіретіні бар.

-Сарбаздар нағыз ер ғой. Еменнің иілгені сынғаны, Аманкелдінің сарбаздары иілген жоқ. Ендеше бүгінгі ұрпақ бабасы бас имеген жерде, тізісін бүгуге қақысы жоқ. Елін сүйе білгендер ештеңеден тайынбайды.

Үшінші әңгіме

Арқаның аршын түсі, қырмызыдай гүл даласы бұл күндері мереке құшағына бөленгендей. Өмірге орай өлеңі шырқалып, жеріне қарай желегі жайқалған көне Торғай қайта жайнаған кезі-тін. Сонда бабалардың еңбегінің ғасырларға кеткенін ұғасың, ұғасың да батыр бабаларды

ұлы адам, тау сияқты екен – ау дейсің. Арқаның ақ иық ақындарының бірі Ғафу Қайырбеков:

« Алдымда аппақ шырақ жанған маздап,
Барады шымырлатып қанды қозғап.
Естимін дауыстарын, ат дүбірін
Ұлдары бастандықтың илғи боздақ.
Соңында Аманкелді дабыл қаққан,
Солардың даңқтары қалай тозбақ», –

дегім келеді.

Рас Торғайда әлі де қаймағы ашылмаған сырлар көп. Шежіре тарих көп. Ол шежірелердің қайнар басы сарбаздардың әңгімесінен өрімдей өрледі. Небір күңгірт сәулелері де жарқырап ашылады.

Зерттеулер мен тарихтардың ішінде Шошқалыдағы қақтығыс өнжулы көрсетілмеген-деді қарт сарбаздың бірі Сабыржан Ыбыраев.

Қазіргі тірі сарбаздардың айтуымен қарағанда Шошқалыдағы Аманкелді сарбаздардың патша әскерлерімен алғашқы қақтығысы расында да мәні бар оқиға екен. Торғай өңіріндегі көтерілісшілердің бірінші рет патшаның жазалаушы отрядымен айқас алаңында кездесуі де осы жерде болған. Ендеше мұның маңызы осал еместігі мәлім. Ал Сабыржан Ыбыраев 1937 жылы комсомолдар жорығын ұйымдастырып Аманкелді сарбаздарының соғыс болған жерлерінен деректер жинауға қатысқан адам. Олар онда біраз қажетті материалдар жинаған екен.

Патшаның июнь жарлығына қарсы Торғай даласының кедейлерімен қатар Наурызым бойындағы жарлы-жақыбайларда бірлесе көтеріліске шықты. Атбасардан Майкотов бастаған сарбаздар да қарап қалған жоқ. Олар өздеріне шақ қару, жарақтарын сайлады. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жауға қарсы әділеттік оғын жаудыруға қатысты. Дәмді өзенінің бойында сарбаз ұйымдастырып, патшаға әскер беруге үзілді кесілді қарсылық білдіреді. Бұл сарбаздардың құрамы күн сайын көбейе түсті. Олардың саны аз уақыттың ішінде 2

мыңнан асады. Сарбаздар Дәмді өзені, Күйік қопасы, Сулымен Шоқалыдағы елдің басын құрап, патша әскеріне қарсы шығуға үн тастағандар Жапалақ Құлабаев, Оспан Өтеулин, Тәкей Өтековтердің есімдері ұлт азаттық тарихында ұмытылмақ емес. Олардың елеулі қайраты, сіңірген еңбегі мол еді. Сарбаздар Бетпаққара маңында қарулы көтеріліске қызу дайындалып жатқан Аманкелдімен үзбей байланыс жасап, халық батыры оларға ақыл кеңесін беріп тұрды. Аманкелді Иманов Наурызым бойындағы сарбаздарға елеулі екі міндет тапсырады. Оның біріншісі қару жарақ дайындау, ол үшін ұсталардың басын бір орталыққа біріктіру болса, екіншісі Орынбор-Атбасар арқылы Ақмоламен байланыстыратын телеграф байланыстарын дереу істен шығару еді. Осындай үлкен екі міндетті де Дәмді бойының сарбаздары мүлтіксіз орындады. Сонымен қатар олар ауыл-ауылды аралап, қолда бар мылтықтарды жинастыруда елеулі қызмет атқарды. Ұсталар жүздеген қылыш, найза айбалта дайындап үлгерді. Сарбаздар Аманкелдінің тапсырмасына үн қоса отырып Қостанай-Торғай аралығында патшаның жазалаушы отрядының жолын қырағылықпен күзетеді.

Декабрь айының ызғырық бір күнінде сарбаздар Қостанайдан 150-ге жуық жазалаушы патша әскерінің келе келе жатқан хабарын алды. Дәл осы уақытта сарбаздар Шошқалы маңында соғыс әдісін үйренуге жаттығу жасап жатқан кезі екен. Бұл хабар дереу Аманкелдіге жеткізіледі. Сарбаздардың басым көпшілігі Торғайға баратын үлкен жолдың бойына топтасқан болатын. Ал патша әскерлерінің бағыты Ақсуат вокзалына, содан Шошқалы кемеріне бет алып жүрген жерін шаңытып, ойрандап қиратпақ, қырып, жоймақ еді. Олардың құзғындық ойын сарбаз қарауылшылары тез аңғарады. Осыдан кейін біртоп сарбаздар Қарашіліктегі жазалаушы әскердің солдаттарын қоршауға алады. Осы жерде екі жақтың алғашқы ұрысы басталады. Патша әскерлері алысқа ататын қару-жарақпен толық қамтылған. Демек, ұрыстың өзінде олардың күші басымдығына көз жеткен сарбаздар барлық қопыға өрт қоюға мәжбүр болады. Бұл кезде Аманкелді

Иманов өзінің бір топ мергендерімен Шошқалыға келіп үлгереді. Дереу қолбасшы барлық сарбазбен кеңесіп Сулы көлінің қалың қамысын жағалап өтетін Торғай жолын тосып кенеттен шұғыл шабуыл жасаудың ең тиімділігін тауып шаппа-шап айқаста патша жендеттерін талқандап үлкен нәтижеге жетті. Сабыржан Ыбыраев толғаныспен жеңіс оңайға түспегенін айтты:

-Осы жағдайға сай Аманкелді шұғыл соғыс советін шақырып, жазалау отрядына батыл тойтарыс беру мәселесін талқылайды. Көтерілісшілерді екі, үш жерге бөліп қораны қалың қарды бекініс етіп, сарбаздарын жау келетін жолға бөліп қойып қояды. Бастапқы халықты қырғынға ұшыратпас үшін ұрыс ауданынан көшіреді. Сөйтіп зеңбірек, племет, винтовкамен қаруланған патша әскеріне қарсы соғысқа дайын тұрады. Көтерілісшілерді азаттық жолындағы күрес сезімі, жауды мейлінше жек көрушілік сезімі жігерлендіргені соншалық барлауда жүріп қоршауда қалған екі сарбаз жекпе-жек ұрыста бірнеше дұшпанын өлтіріп, тірі қолға түспес үшін аяғында өздерін атып өлтіреді, тағы бір сүйсінерлік нәрсе 12 жастағы екі бала Шайділда мен Досымбек өлімнен сескенбестен Бетпаққараға келіп орналасқан патша әскерін және оның қару жарақтары жөнінде Үрпектегі көтерілісшілер штабына түнде мәлімет әкеліп табыс етеді» . (1943 жылы Аманкелді экспедициясы материалынан, 2 папка 9-11 бет).

Бүгінгі ұрпақ ерліктің, елдіктің үлгісінің тамыры тереңде екенін түсінсе, ері ел даңқын, елі ер даңқын шығарып алдыңғы шептен көрінуді қызбелдіктер де ежелгі салтымыз деп есептейді. Аманкелді бастаған азаттық көтерілісінің құрамында ерліктің үлгісін көрсеткен. Қызбелдік Хамидолла Байқамалов, Әлібидің әскери адютанты болса, Нұртаза Самыратов пулеметші қызметін атқарды. Ал, Совет өкіметін орнату жолында қаза тапқан 17 партизанның сегізі қызбелдік екен. «Әкелеріміз туған жерімізді қорғады, бізге ерліктің үлгісін қалдырды. Біздің» Қызбел» өңірінің тарихын Сәбит Мұқановтың» Мөлдір махаббат» романына да негіз болды, - дейді байырғы тұрғын Жақсылық Ыбыраев.

Тарих дегеннен шығады. Халық батыры Амангелді Имановтың сарбаздарының теңдесі жоқ ерлігін дәлелдеп, дәйектейтін деректер 1976 жылы пайдалауға берілген музейде жеткілікті. Музей директоры Жаңбыршы Жанғабылов:» Батыр Амангелді мен дала комиссары Әліби және жүздеген сарбаздардың ерлік жолдарын баяндайтын құнды құжаттардың түпнұсақалы сақталуда. Бірінші залда азаттық аңсаған көтерілісшілердің оқиғалары толық баяндалады, кейбір фотодерктер де осында. Көтерілістің қазақсатан қалаларымен ұштасуы жаппай халықтыққа айналуының картасы көрсетілсе, империалистік соғыс уақытындағы қазақ ауылдарының өмірі осы кезде халық батыры Амангелді Имановтың Торғай уезі халқын патша жеңдеттеріне қарсы көтеріске шақыруы туралы фотодокументтердің түпнұсқасы орын алған. Бұл көтеріліс Атбасар, Есіл, Көкшетау, Қостанай, Қарсақбай, Байқоңыр, Ақтөбе, Ырғыз жерлерінде етек алып қалың халықтың қаһарлы күші жетісу өңірімен ұштасады. Патша өкіметінің 25-июньдегі жарлығына қарсы көтерісін ұйымдастырушылардың қатарында Амангелді Имановтың серіктері ағайынды Алексей, Николай Токаревтер, Иван Денисов, ақын Омар Шипин Исмайл Көпжасаров, Алжан Қарабаев, Есет Сералин, Әділбек Майкөтов, тағы басқалары туралы тарихи дерктер бірінші көзге ұрып, тарих тұнығынан хабар береді.

Музейдегі екінші залдың да өзіндік еркшеліктері жеткілікті. Онда Амангелді Иманов бастаған көтерілістің Ұлы Октябрь революциясымен ұштасуы және көтеріліске Қоңырақ руднигі, Орынбор, Ташкент темір жолына, Ақмола, Сырдария облыстарынан жасақталған сарбаздардың деректері қамтылған. Бұл туралы Әліби Жанкелдин:» Қарулы көтерілістің кең көлемде дамуына Торғай соғысы үлкен әсер етті» деп жазса, патша әскерлерінің басым күшіне қарамастан Амангелді сарбаздары үлкен жеңіске жеткенін білген 11 Николай патшаның қауіптенгені соншалық, Торғай соғыс жағдайында деп жа-

риялайды. Өйткені, 1916 жылғы халық көтерілісі 1917 жылы да тоқтамаған еді. Қалың елдің азаттығын ойлаған сарбаздар патша үстемдігін тығырыққа тіреді. Осы кезде ақын Нұрхан Ахметбековтың:

« Көтерсем қос айқаймен Қостанайды,
Қандай жан шындық сөзін қостамайды
Төсіне сар даланың желбіретіп,,
Жеңімпаз большевиктің туын тіккен,
Қуантып қуанышқа туған елін,
Бақыт пен бостандықты баянды еткен», –

деген өлең жолдары ерлерге арналған еді. Міне, Амангелді ауданының ортаплығындағы халық батыры Амангелді Имановқа арналған музейде талай тарихи құнды деректер мен дәйектер ұрпақтан ұрпаққа қанша ғасырлар өтседе халқымыздың құжатындай сақталуда...

ҚАРА КӨРІК

-Өй, әлекпе тигір-ай, сындыра ма, қайтеді, өк, арам қатқыр, -деп қапсағай денелі шал жүгіріп келеді. Сүрініп құлай жаздады. Сарайдың ашық есігінен кірген қара ала сиыр жем іздеді ме, тілін сумаңдатып, мүйізімен әр нәрсені шайқап тіміскілеп жүр. (Аштық, қуғын, сүргін жылдарында белсенділер үйінді қопарып тінтуші еді). -Әк, қараң қалғыр! (Үрейлі кезде малға әк деуденде қорқатын-ды)-деп қария дегбірсізденді, күйзеліс танытты. Мүйізінен ұстап аман-сау шығармаққа әлектенді. Ошақ болғыр көрікті сындыра ма, деп дәйек таппай жүріп сиырды ұстады – ау... Осы қара көрік атамзаманнан байтақ даланы ерлердің сақтауына қызмет етті. Киелі көрік.

Көзінің қарашығындай сақтаған осы көріктің маңына мал түгелі, адам баласын да жуытқысы жоқ. «Зер қадірін зерігер білер», демекші ме, қазіргі кейбір жастарға сол көрікті босқа берсең де алмас еді. Қарт шаң басқан көрікті сүрткіштеп тазартып жатыр. Көрікті көрсе, жұмысқа қосса жүрегіндегі шемен-шерді де сәттік болса да

ұмытқандай сезінеді. «Ей, дүние-ай... Бауыры бүтін пенде, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» деген деп мұңданады. Біраздан бері ұстаханасын бүгін ашқан еді. Кеңшар басшыларына қақсап соңынан қалмай жүріп көмір түсірткен-ді. «Кейбір басшыға, осы ауылдағы деймін, түсінсем бұйырмасын, әлде адамның құлқы бұзылып бар ма? Амангелдінің музейіне қылыш, найза, айбалта соқ деген соң шыдамай жүргеніммен істері жоқ. Жетпістен асқанда мені қарақан басымның бұйымдарын соғады дей ме? Әлде жасаулап ұзататын қызым толып тұр ма? Аяулы ұлымның қазасы қанішер тажалдан болды... деп ойқана ойлады. Қайғымен қанша қажыса да Омар Шипиннің бір ауыз өлеңін есіне оралтты:

«Амангелді батырдың арғы атасы Қобыланды,
Таңдандырған тарихты.

Өз атасы Иман да,
Атақты болған дәріпті.

«Бү дүниеде есімдері өлмей қалған сабаздарым-ай!» –

деп қария көнетоз құндыз бөркін маңдайынан жоғары ысырды. Салалы саусақтарымен, қарттыққа мойын ұсынбаған шар болат қайратпен көріктің о жер, бұ жерін зерттеп қарады. Көріктің жел үретін оңаза түтігін әбден тазартты. Ағаш құлағын басып көрді. Жел үрлеуі ойынан шықпады да оқыс оқшия қарады. «Шынымен тозғаны ма?-деп екіұдай көңілде ептілікпен тағы да қарап шықты. Саналы өмірінде жолдас болған көрік әзір істен шығуы неғайбіл. Осы сөзі есінде, ұлыңды кім өлтіргені неғайбіл, іздеп жатырмыз деді милиция білгіштері. Неге, директордың сойылын соғып отыр. Әйтпесе, ауылдан бірге жолға шығады, ауыл қарасынан көп ұзамай, директор әлгі түстенген үйде тonymды ұмытып кетіпін алып кел! деп бұйырады. Үйден тонды әкеткенін үй иесі айтады. Сонда директордың автокөлігіне жеткенше кім күтіп тұрып өлтірді? Директор автокөлігімен ауылға қайтып барып неге тонын алмай, ұлымды жаяу жұмсағаны қалай? Демек, неғайбіл емес, директордың қатысы бар. Себебі, бой-

жеткен қызымен бірге оқып, сөйлесіп жүріп, ұлым басқа қызға үйленді. Басшы деген басынан сөз асырмайтын кекшіл болады, кеудемді басты бұл сұмырай деп кектенді. Өзінің баскесерлеріне өлтіртті. Неғайбіл болатын ба еді, әлді жеңеді, әлсіз жылап-жылап көнеді.

Шындығы шықса көрші кеңшардың қанішерінің кеңірегін өз қолымен мыжғылар еді. Амал жоқ, неғайбілдің сөзі жүріп тұр...

Сәдуақас Көгентаевты ой тербейді. «Батырларға қару соққан бұл көрік, жиһанкезге кездік соққан бұл көрік. Сұлуларға жасау соққан бұл көрік, асауларға таға соққан бұл көрік» ... Асанқайғы есіне түсті. Торғай өзенін көрген Асан ата:» Ақ шабағы май татыған, қара суы бал татыған қайран Торғай!, -деп қимай аттаныпты деседі. Торғай топырағының қасиетін қалай ғана болжаған.

Қарт қазақ халқының басына түскен ауыр күн:» Ақтабан шұбырынды, алқакөл суалма» деген атпен тарихта мәңгі қалған 1723 жылды да естіген. Туған жерінен ауған қазақ халқы жоңғарларға қарсы елінің азаттығы үшін атқа қонып, иығына қару ілді. Осындай соғыстарда Бөгенбай, Қабанбай, Тайпақ, Жақсыкелді, Қарасай, Жиембет, ал Торғай топырағынан Жәнібек батырлар ерлігімен ел аузында ғасырларға кететін аңыз болып қалды. Талайы өлді. Адам шыр етіп жерге түскенде көрер тірлігі, перзенті, байлығы, тіпті ажалы неден боларына дейін маңдайына жазылады деседі. «Біреудің ажалы судан, біреудің ажалы оттан» деу содан ба? Ұлымның ажалы сұм жауыздан болды, қайғысы қабырға қайыстырды, қан түкіртті. Анасы күйікпен көз жұмды. Тұяқ немерем бақытты болғай... Қара көрікті басты. Байтақ жерімізді қорғаған батырларға да қару-жарақ соққанда да қара көрік орасан мол қызмет көрсетпеді ме?

« Ер қаруы – бес қаруды» талай зерігер, талай шебер шарболаттан дайындады. Бәрі күні кешегідей, ойлап қараса. Сәдуақас ол кезде он алтыда екен-ау. Халық батыры Амангелді Иманов бастаған табанды көтерілістің ортасында болып, он алтысында от кешті. Бір күні аты аңызға айналған қаһарман халық батыры барлық ұсталардың

соққан қару-жарағын өзі байқап көрді. Содан жылы жүзбен:

-Мына қылышты кім соқты?-деп тіл қатқан еді. Қапелімде оның нендей оймен сұрап тұрғанын аңғару қиын-ды. Біраз үнсіздіктен соң Сәдуақас:

-Мен соқтым, -деп жасқана тіл қатқан-ды.

-Өзің шебер екенсің, Шын шеберлік, -деп батыр арқасынан қағып, үлкен ілтипат көрсеткендегі семірген көңілін Сәдуақас әлі ұмытқан жоқ. «Болат қайнауада шынығады, айбалта, қылыш, найзаны қайнатуды қате жібермендер. Батыр майданда шынығады, дегендей сендердің бәрің де батысыңдар, !-дейтін. Амангелді үні құлағымда қоңыраулап тұрғандай осы сөт: Бүкіл сарбаздарға қару соққан бұл қасиетті қара көрік!» -деп күбірледі.

Қария сипалап жүріп көріктің қажетті мүлігін тапты да қалыпқа келтірді. Сырттан ағаш жарып әкелді, от тұтатты. От қоздап қып-қызыл шоқтана бастады. Қара көрікті бабымен қозғаған сайын жарықтық кейбір шарболатынды балқытып жіберер еді.

Ұста дүкенінің сөні келе бастады. Жетім көкірегі өмірге құлшынды. Ұлы көмекші еді, енді немересін шеберлікке үйретер. Әрбір шебер өзінің сүйікті мамандығын қолға алса жаны жадырап, көңілі шалқып қайғы мұңын сәттік болсада ұмытады. Талай нәрсе ойға оралады. Заулап өткен жастығы келеді көз алдына. Әсіресе, зерігерлер сөйтеді. Түтін иісі мен сом-сом темірдің қорғасындай балқуын сағынып қалған екен. Қария шымыр да ширақ қимылдап қылыш, айбалта соғуға әзірлеп жүрген темірлерін отқа салды. Оттан алып – қайта-қайта байқап көрді. Онысы төзімділігін, суарылған кезде қандай сапада болатынын байқауы еді. Одан кейін қара төстің үстіндегі қиқым, шаңды сыпырғышпен сүртіп тазалады. Ауыр балғаны ыңғайлап қойды. Осы кезде қараборбай немерелерінің бірі мұрынын бір тартып:

-Ата, не істеп жатырсыз?-деді. Бұл інісінің немересі.

-Әй, жүгірмек, әкең үйде ме?-деді Сәдуақас ашық жүзбен.

-Неге?

-Патшағардың негесі несі, балғашы керек, пұттық балғаны қартайғанда мен соғам ба?-деп қария күбірледі. «Тез келсін! Бар, жылдам», -деді әмір ете.

Қария бұл өмірінде Амангелді музейнің директоры Жаңғабыл Жаңбыршинды қатты сыйлайтын. Өнеукүні ол әдемі келді. Музейге керекті сарбаздардың қару, жарағы, құрал-саймандар, қазақтың ұлттық өнерімен өшекейленген сырға, сақина, білезік, белбеу, ер-тұрман, тағы басқа да заттарды істеп беруді өтінген. Халық батыры десе несін аяиды. «Ер-елдің ық жағының қаласы, жел жағының панасы», -деп тегін айтылған ба? Халық батыры Амангелді елдің қаласы да, панасы да болып еді. Амангелді сарбаздарының көтерілісі бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндіріп еді, солардың бірі өзі. Азаттық жолына адалмыз!-деп сарбаздар ант еткен еді. Сәкең Торғайдағы сол үлкен толқынның қазақстандық көтеріліске ұласқанын да біледі. Торғайдағы жеңіс, азаттық туын тігушілердің сапында жастық шағы өтті.

Одан кейін серіктік ұйымдасты. Сәкең серіктікке мүше болып қара көрікпен талай істі бітірді. Кеңшардың шаруашылығында да осы ұсталық кәсіптен аулақ кеткен жоқ. Қара көрік ауылдың өсіп, өркендеуіне аз қызмет етпеді. Бозала таңнан түннің бейуағына дейін ұста дүкенінен балғаның тықылы үзілмейтін. Ол кезде Сәкеңнің қайраты қайтпаған-ды. Шаруашылыққа шана, арба, шөп машинасы, егін құралдарының түр-түрін өзі жасап, өзі оңдап іске қоса беретін-ді. Бүгінде денесі ауыр тартып, көкірегіндегі күптілік қайғы серпілдірмейді. Адам көріліктен өлмейді, қайғыдан өлетін болар деп күрсінді.

Қайран, жастығы-ай. Түнде жер май шамның жарығымен білезік құятын, сақина соғатын. Сәкең соққан тамаша зерігерлік бұйымдар, асыл заттар талай қыздардың ұзатылу тойында құнды жасаулардың бірі болған-ды. Есімі ел арасына кең тараған ат аяғы жетер жерден оны іздеп келушілер де көп еді. Ондайда біреулер еңбегің бар, деп ақша ұсынатын. Оған Сәкең ашуланып үйден қуып шығуға дейін баратын.

-Қазақ өнерін сатпайды, елге берген елде кетпейді, пенденің алғыспен ғана көсегесі көктейді, -деп айтып са-

латын еді. Міне, әр күннің жүгі ауыр өткен жылдарда жан серік болған қара көріктің аты, маңызы қазірде де өшкен жоқ. «Өнерлінің өрісі ұзақ» дегендей Сәдуақас Көгентаев дайындаған зергерлік бұйымдар, ерлердің қару-жарағы Арқалық қаласының өлкекетану музейінде тұр. Сәкеңнің өз сүгіреті де сарбаздардың бірі болып орын алған-ды.

Торғай өңіріндегі халықтың әлі күнге сарбаздардың ат тұяғының дүбірі жадқа оралады. Ақынша айтқанда:

Дауылдарда дүбірлеген бұл Торғай,
Ғасыр сырын күбірлеген бұл Торғай.
Айдыны асып, алқалы топ алдында,
Бауыр жазып көсілетін тұлпардай, –

деп бүгінгі дәуірде еске түседі. Сонда Сәдуақас сияқты қарттардың атқарған орасан мол ғасырлық еңбегіне ризасың.

Сәкең қара көріктің құлағын басып тұрып:» Мен енді жүз жасар деймісің, бойымдағы білген өнерімді қара жерге арқалап кетер деймісің. Ауылдағы бірер зерделі жастарға, немереме үйретемін. Ауданда зерігерлік бұйымдар жасайтын цех ашылса, тіпті жөн болар еді. Ұлым кісі қолынан қаза таппағанда оны ұйымдастыру ойымызда еді. Ертұрман, үй жиһаздары, домбыра шабатын қарттардаың өнерін жастарға үйретсе тамаша болар еді. Амал не қолға алынбай жүр, -деп қынжылады.

Қара көрікті жібере тартып қозғаған сайын сом темірлер балқып жатыр. Қанішердің тас жүрегін осылай балқытып ажал алдында ышқынса обал болмас еді. Темір балқыды, оны қазір балға мен төстің арасына салып нанша илеп, ойлаған бұйымдары мен аспаптарын істейді. Қара көріктің» жүрегі» соғып тұр. Амангелдінің ұстасы Сәкеңнің алғыр өнері, шебер қолы қып-қызыл темірді бабына түсіріп жатыр. Көрік үні» азаттық, азаттық» дейтін тәрізді...

Қарт жүрегіндегі шерді көрік үні арашалап ма? Түстен кейін келіні төркініне кетеді. Жас адамның бағын байлауды ауыр күнө санады. Келіні жылап тұрып:» Ата

немереңнен айырмаймын, өміріңнің аяғына дейін ұлыңды көргендей, ұлың тірі қасыңда жүргендей сезін!-деп жаны езілгендей болды.

Немересі де ақылы кірген ғой:» Ата қойыныңда жатамын» деп қатал тағдырға қайыспастық танытты... Қария қанішердің баланы әкесінен, әйелін ерінен айырған зұлымды қара көріктің киесіне тапсырып, іштен мүжілумен ғана тынды... Немересі көкірегіндегі кекті қалай шешерін тағдыр көрсетеді...

ҚОС ҚАРАШЫҚ

Ол бүгінгі, ертеңгі, одан арғы жылдардың тыныштығы, бақытты өмір сүруіне қасық қанында арнағандардың бірі. Соны ойласа жаны жадырап бастан өткен сүргін күндерімен күліп хоштасады. Сән-салтанаты бүгінгі тіршілікке қуанышы қойнына сыймайтындай болса да, өксік өкініш те есіне оралмай қалмайды. Қанды қырғында талай достарынан айырылды. Қос қарашықтан қшпес оқиғалар жетерлік еді...

Кереқарыс маңдайдағы әжім тереңдеді, жылдар өтті, шаш ағарды, қарттық күшіне енді. Бірақ көкірегі кеңшілікте жастық шағын еске түсіре береді. Әкесі сәбилері шетіней бергесін Алладан көз жасын төгіріп қара шаңырағыма иелік етсін деп есімін Төлентай атандырыпты. Кіндік қаны тамған жер, шыр етіп өмірге келген жері» Терісаққан» өңірі. Өзен биіккк тыртысып ағатын болғасын солай атаған. Осынау қойыны құт, жағасы жайлауда талай ата, бабаларының ізі жатыр, өмір қалған. Төлентайдың да туған жері осы Көкадыр. Мақөтов атындағы совхозы кезінде ызғындай мал өсіріп, егін шаруасын өркендеткен. Бүгінде жекешеленуге байланысты жүдеген сыңай да байқалады. Көкадырдан әрірек алыстан көз тартатын, көңіл аударып қызықтыра түсетін Қызылкөл жатыр айнадай жарқырап. Суы да, шөп-шөңгесі де қып-қызыл болғандықтайн солай атанған. Одан әріректе адырлы, ой-шұңқырлы Сарышөп атанған жайлау бар. Көкадырдың бетегелі белмен бозы қашаннан құйқалы өңір Қарақойын

жазығымен ұласып қысы, жазы малға жайлы болған. Бір кезде Қарақойын болысы атанған. Солбір сәтті шақта қара қосқа нәресте келеді. Бұл шаңырақ Бекмырзаның Майкөтінікі еді. Шаттығы жарасқан шағын ауыл:

-Сүйінші ұл келді өмірге!

-Ғасырлар бойы әділдікті, еркіндікті аңсаған халықпызғ. Ұл есімі Әділбек!-қара домбырасын сарнатқан қара шал сәбидің құлағына үш қабат:» Әділбек, Әділбек, Әділбек!-деп үн тастады. Бұл кез – 1869 жыл еді. Бұлыңғыр аспанда құстар қиқулап қайтып бара жатқан, қоңыр күз болатын-ды. Мезгілді шығарып салған пенде үміті жаңа уақытта еді. Уақыт шаңша ұшып жатады. Ойланып үлгертпейді кейде. Әділбекті әкесі Ақмоладағы бастауыш училищеге оқуға түсірді. Оны үздің бітіріп, Атбасардағы орыс гимназиясын да тамамдады. Осы жерде 1896 жылы саяси қылмыскер деп Ресейден жер ауып келген жұмысшы Ушаковпен танысып, ашық сырласуы Әділбектің саяси өмірін түбірімен өзгертті.

-Тірлік көлбеу сызық па, түзі сызық па, -деп алыстан ойлайтын еді, -деген бірге оқып, бірге өскен Төлентай қадірлі достық кезеңін есіне алды. Патшаның азулы тобына жем болғанымыз жетеді, қанын сордырған әлсіз халқымызға қорған, сүйеніш болу міндетіміз. Мойнымыздағы отарлыз езгінің қыл шылбырын қиып тастап, айдай әлемге еркін елміз деп жар салудың жолындағы күреске шығамыз. Маркстік үйірмеден талай тағлым алдық. Орыс достарымыз 1905 жылы Әділбек Майкөтовты Омбы қаласындағы фельшерлік оқуға түсіреді. Осы жерде орыс социал-демократтарымен танысып, РСДРП-ның астыртын ұйымдарының жиналыстарына қатысады. Саяси алғырлығын және медициналық білімін замандастарынан артық меңгеріп елге оралғанда:» Буржуазияшылардың күні қараң болады әлі. Жалдама еңбекті қанап капиталистік қоғамның билеп төстеушілерінің күлі көкке ұшады, қара да тұр, ылғида әңгімесінде қуанышпен еркін ел боламыз, -дейтін-ді.

Әділбек Қызылкөл болысындағы елге оралысымен елдегі ауру, сырқауларды емдеді және халықтың

арыз, шағымдарын ұйымдастырып ресей патшалығына қарсылығын ұйымдастырды. Өңірдегі ауыл, елді күн, түн демей аралап мігірсіз еңбек етті. Медицина орындары жоқ, дәрі, дәрмекке де тапшы, қазақтардың ден саулығын патшаның қол шоқпарлары ойлаудан қалған-ды. Сөйтіп жүргенде 1916 жыл келді. Осы кезде Әділбек Майкөтов ауыл, елді мігірсіз аралап большевиктің партияның орнайтынын жастар арасында үгіттеп идея тарата бастайды. Бірде Терісаққан бойындағы ауыл, елге шыққан» қара пристоп» атанған Комолла халықтан сұрау салып ат жинауға кірскен-ді. Әділбек жұртшылық алдында сөз сөйлеп:» Аттарыңды бермеңдер, патшаға қарсы көтеріліске шығасыңдар!-деп жариялағанда» Қара пристоп» Әділбекті ұстап түрмеге әкетпек болады. Ауылдастар Әділбекті құтқару амалын ойластырып, Ыбырай Шорманов бастаған төрт, бес бала асық ойнап жүрген болып патша жөндеттерінің сөзін тыңдап әкелеріне жеткізді. Бес-алты жігіт дайындалып келіп киіз үйді күзетіп тұрған жандарымның ұйқыға берілген кезінде киіз үйдің артқы жағын тіліп жіберіп Әділбекті босатып әкетеді. Бостандық жолындағы идеясын жанқиярлықпен жүзеге асыруға бел байлаған Әділбек аяқ жетер жердегі ер азаматтарды өзінің жағына тартып үлгерді. Үгітін жанығып жүріп жүргізді. Содан июльдің 15-де Комолла қаһарына мініп келіп патша жарлығы бойынша қазақтан солдат аламыз деп қарулы топ боп келе қалды. Әділбек бастаған қалың қол қазақтан солдат алуға құқыларың жоқ деп көтерілс жасады. Сонда Байдың Қуанышбайы осы бас көтеруді төмендегіше жырлады, деп Телентай Ысмайылов ойын толғап еді:

Июльдің он бесінде орыс келді,
Шақырды сайлауына тамам елді.
Қазақтан қара малай аламын деп,
Қырық үш пен он сегізге бұйрық берді.
Қолыма қалам алып жаздым сызық.
Және бар бұл арада талай қызық.
Болысты Бормолада сайлағанда,
Үлкен контр сол кезде болды қызық.

Ал, сонда қамшы тілді Матвейді,
Сойыл ғып алды уығын тіккен үйдің.
Көп наряд өлтіремін деп ұмтылғанда,
Келмеді өлтіргісі болыс, бидің.
Ей, халқым кетеді ғой, енді күйің,
Бас қосып бір арнаға болды жиын.
Патшаның құзырына бармаймыз деп,
Үй басы бір ауыздан жиды тиын.
Ақша алып өз бойына сіңірген соң,
Баруың патшаға да болды қиын, -

дей келіп ақырында жұрт тілмаштың басын жарды. Бас көтерушілердің біразын патша жендеттері Атбасарға апарып түрмеге жабады. Оларды Әділбек Майкөтов бір түнде құтқарып жібереді. Бұл кезде Естай көлі мен Қыпшақ өзені бойында Әділбектің алты мыңдай сарбаздары өліспей, беріспеуге бекемденіп тұрған-ды. Осындай елдің тегеуірінді қақтығысы ресей патшалығына жеткен, олар суыт әскер шығармақ екені де ел құлағына шалынды. «Қарсақбайға патшаның 200 әскері келіпті» деген сыбыстың анығын білуге Төлентай Ысмайлов аттанады. Сол қалың әскер жолындағы қазақ ауылдарын ойрандап, үйлерін өртеп, жігіттерін атып, әйелдерін зорлап жатқанын Төлентай көзімен көреді. Аз уақытта жарлы, жақыбайлар атқа қонады, иыққа қару іледі, Майкөтов басқарған сарбаздар Құлыбек Әубәкіров, Қалдыбай Бектұрғанов, Ерубек Байжанов, Әбілқайыр Малкелдидер шайқаста жендеттерге қапысын жібермейді.

Патша жендеттері Сүтемген деген ауылдың 22 жігітін қапыда атып өлтірген, Алпыс үйлі Қойлыбай ауылын түп-түгел бесіктегі баласына дейін қырып кеткен. Сөйтіп, Терісаққан бойында бекетте тұрған Майкөтов сарбаздарымен шайқасып екі жақтан да қырылыс болған деседі.

Осылай туған жерін, халқын қорғауда Әділбек бастаған сарбаздар совет өкіметін орнатуға белсене ат салысты. Атбасардағы большевиктер Әділбекті 1918 жылы 16 қаңтарында Омбы қаласында өткен Ақмола облысы бойынша Советтердің 1-съезіне делегат етіп сайлай-

ды. Онда уездік халықтың ден саулығы бойынша құнды пікірлерін айтады. Елге оралысымен жастық шақтан бірге жүрген досы Тқлентай екеуі ауыл, елді аралап халыққа медициналық көмек көрсетеді. Дәл осы уақытта ақтар құтырынып жас Совет өкіметін құлатуға ынтығып тұс-тұстан бүлік, ойран шығара бастайды. Мойнақ, Донской деген елді мекендерде Төлентай ақтардың қақтығысына тап болған кезде Әділбек ажалдан құтқарады. Тағы бірде Совдеп мәжілісінен түннің бейуағында шыққанда Әділбек пен Төлентайға қапыда ақтардың бірі қылыш сілтейді, оны шапшаңдықпен Төлентай қағып түсіреді. Әділбек бастаған сарбаздар Мойнақ, Мариновка селоларындағы ақтарды тазартуда асқан ерлік көрсетеді. Өкшелей қуған ақтар Қызылкөлдегі ауылды ойрандайды, «Әділбекті тауып беріңдер!»-деп атады, үйлерді өртейді. Ақырында қапысын тапқан жау Әділбекті тұтқындап 1919 жылы азаптап өлтіреді. Айта кету керек, Әділбек Майкөтов сарбаздары Аманкелді Имановтың сарбаздарымен қоян-қолтық байланыста болған.

Әділбекпен бүтін құртты бөліп, жарты құртты жарып жеп қиян-кескі отты жылдарда бір болған Төлентай Ысмайлов ұзақ жылдар ауылдық Совет төрағасы, колхоз председателі болып халқына қалулы, еліне елеулі қызмет атқарды. Төлентайдың өмір жолындағы ерліктері қақында» Қазақ ССР-ның тарихында да ықыласты сөздер айтылған. Бұл елге бергеннің елде кетпейтіндігі десек, Әділбек Макөтов атындағы Атбасар қалысында көше бар, ескерткіш мүсіні қойылған. Мұрағатта:» Атбасарда 1918 ж. Майкөтов пен С. Н. Царевтің басшылығымен Кеңес өкіметі орнады. Майкөтов Атбасар Кеңесі төрағасының орынбасары, 1918-19 ж. Колчак тылындағы партизан қозғалысының ұйымдастырушысы, Атбасар уезінде көтеріліс басшыларының бірі, (Астана кітабы, 403 бет) Өзінің туған жерінде Майкөтов атындағы совхоз да болғанды. Бүгінде жерлестері еліміздің еркіндігі жолындағы күрескерлерін ауызға алғанда ұлт тарихының ақтаңдақ парақтарын еске алуы орайлы іс екені түсінікті.

ҒАЙЫПТАН ШЫҚҚАН ҮН

– Біле-білгенге, тірі жүріп көзі көргенге, ақыл-ойы жеткенге жұмыр жердің науқасталғаны қашан. Дертті емдеуге кеңес сұраудың орнына демократия деп желкесінен алып, құлақ асқысы келмеген елге бомбаны жаңбырша жаудырып талқандап тастау белең алды. Қайғының қара терең иірімі атар таң, шығар күнді көпсіну неткен зұлымдық. Жұмыр жердің діңгегін селкілдетіп жұлынын үзгелі тұрғанын АҚШ көсемдері сезбей ме? Нені көздейді, домалаған қара жердің билігі қолымда болсын дей ме? Алланың тәубаға шақырып ескертуі жетерлік, бірақ оны түсіну жоқ, – деп Тазша қағаз қайығындағы халықаралық деректердің шындығын дұрыстыққа шығара бастап еді.

Жанына келген айтқыш бала магнит таспаларының дыбысына ұйып, миына ерекшеліктің себебін құйып тұрып:

– Тазша көке, мәңгілік мұз жыл сайын километрлеп еріп кетсе, әлемде неше түрлі тасқыннан халық арылмас азап шегіп, өлім-жітімді көріп жатса сұмдық емес пе? Себебі, қан құйлылықтың қалың қасіреті демес пе? Сондықтан қағаз қайығындағы ғылымды шаттыққа негіздеп, ізгілік жолына түбегейлі орнауға мүмкіндігіміздің амалы бар деп әлемге жар салмайсыз ба? – деді.

– Амал жетерлік іс түйінін шешу оңай болмас.

– Қарапайым пенделер жамандыққа бас ұрмас, ыза буғандар қан төкпесе тұра алмас. Түнеріп түндей кейбір билік иесі әлсізді тұншықтырмай жүре алмас. Жұмыр жер зұлымдықтан ауыр жаралы.

– Дертті сәтінде емдемесе асқынады, ондайда ажал қас қылады. Басынғанға бас кетеді, фашистік қанқұйлылық Украинада төбе көрсетіп қалды емес пе? Жын-шайтан ойран кезінде дегеніне жетеді, жұмыр жердің дерті қалыңдаған сайын пенде пиғылы өзгеріп, өмір сүру түкке тұрғысыз деп мың жылғысын ойлауды ұмытады. Іштен тынып сәттігін, бүгінгісін еске түсіріп, ауыр күрсініп, ойын-күлкіден тиылып, қандай азап күтіп тұр деп Аллаға сыйынып жүрегін басқан ауырлықпен тұншығады. Тірі денелерді үрей буып, қалт-құлт етіп тірлік етудің, өмірден

безінудің салдарынан біржола құтылу үшін әлемдегі қырып-жоятын қаруды құртып, оның қуатын мәңгілік мұздың еріген көлемді аймағын қайтадан қалыпқа келтіруге бүкіл ғылымды жұмсамаса болмайды. Жұмыр жерді миллиардтаған халық болып арашаламаса, нетүрлі зұлымдық қыспағынан шығармаса тірлік тұл. Мәңгілік мұз құрсауы сөгіле берсе жер бетіне топан су қаптайтын апат жақындай түседі. Теледидардан көріп жүрміз, төбе шашың тік тұратын зілзала, Америка дейсің бе, Словакия дейсің бе, түрлі-түрлі елдердің су астында қалып жатқан қалың қайғысына қалай тебіренбейсің?

– Жұмыр жер қасіретін түсінбеу есуастық дейсің ғой. Шындық іздеп, ғылым іздеп, жас жаны ауыратын жастар қаншама көп болса да ой түйіні биліктің күңгірт тұйығына тіреледі. Бүгінгі күнін ойлап өмір сүретіндер адамзат тағдырын ойлап бас қатыра бермес. Құс екеш құс та шықылықтап ғайыптан ой жеткізіп қайғы жұтқан пенделерді сақтауға үн тастайтындай. Тасқын судың көбігінің өзінде де қан жұтпа елес талай қауіпті көзге ұрып көрсеткендей екен. Елес іші қуыс пендені, тас жүректі, зәлімдерді қарғағандай сезінеді екенсің. Бір өлім мыңмың өлімді анықтап көрсетіп сақтандырады әлемді.

– Мәңгілік мұздан айырылмауды қатты ойланамын, – деді айтқыш бала. – Миллиардтаған халықтың әрбір үйінде тоңазытқыш бар емес пе? Сол сықылды мәңгілік мұздың жыл сайын километрлеп еріп жатқан алабына жер серігіндей мұздатқыш қояр ма еді. Мұндай идеямды әлі талай жаңартып, толықтыра түсемін. Өзірге осындай жобаларымды қағаз қайықтың» Қазақ ғылымы» бөліміне салып қойсаңыз, көке. Жұмыр жерді аман сақтаудың түрлі-түрлі амалын қазақ ғалымдары табатынына сенемін. Бабалардың данышпандық жолының негізі амандық...

– Жөн екен, ұлым, таудай талабың оң болсын. Табиғаттың қалың дертін түсінгісі келмейтін ақылынан ауысқандарға ажалмен ойнамаңдар дерміз. Биік-биік таулардың бауырында тұратын, сәндік құратын сағым қайта оралса, өзен, көлдердің жағасындағы түрлі шөпте тұнып тұратын шық оралса, ауыл, елде ұшып, қонып

жүретін ақ тамақ қарылғаштар жыртылып, айырылып қайта оралса, ондаған шыбын-шіркей, әсіресе тұқымы жойылған дәуіт қайта оралса, ат шаптырып той жасар едік. Пенденің мөлдір ұғымы, ақ тілегі қайғы, мұңсыздық қана. Саф таза ауамыз болса, жерімізге» Протон» құламаса, ана құрсағынан мүгедек сәби туылмаса, мұра тұтқан қасиеттілігіміздің құдіреті дер едік. Сонда ғана кеткенді келтіріп, өлгенді тірілтіп, әлем таныған елімізден құшақ-құшақ қуанышты сыйлар едік. Мөлдір тұнық таза ауа дегенде, айтпақшы мамыр айының ортасында жерімізден ұшқан «Протон» құлап, ауаны бүлдірді ме деп опынып қалдық. Тағы да іштен туған сәби мүгедек болмаса екен деп тілек тіледік. Сол «Протон – М» космос аппараты ұшқанына он минут өтпей жатып 150 километрлік биіктікте, атмосфера қабатына жетер-жетпесте өртенгені несі? Көзіне қарамаған ба жасаған ғалым иесі. Ресейдің шашып жатқан ақшасы көп пе, аппараттың құны 150 миллион евро дейді. Шығыны бар болсын, ауаға тигізетін залалы қаншама? Сол тұста Шымкент қаласында соққан дауыл талай үйлер мен ғимараттардың шатырын жұлып әкеліпті. Осындай қауіп, қатерден қорыққанда ұсқының бұзылып, ұйқың қашып, гиптелдің ауасын сіміре жұтқандай, ажал бүркітше бүргендей әбден сасып абыржиды екенсің.

– Пенде қызық, – деді айтқыш бала мұрынын бір тартып. – Бір жақсылықты күтемін деп, жүз жамандыққа ұрынып қалады кейде. Өмірін қорғауды түсінбейтін алаңғасар аңсыздық. Ондайдың зардабы өзгеге тиеді. Тазша көке, жұмыр жерде талай ғасырлар бойы жазықсыз қырылған халықтың үні келеді құлағыма! «Тыныш тұра алмасаңдар қанымыз көтеріліп, телегей теңіз апатына ұрына бересіңдер. Әлемді сақтағыларың келсе жаугершілік зұлымдықты тоқтатыңдар. Жердегі қырып, жоятын қаруларды залалсыздандырыңдар, әйтпесе жақсылық жолы тарыла береді, – деген ащы, зарлы үнді естігендей боламын. Сонда көзімнің жасы көлдеп кетеді.

– Ұлым пікірің әлемдік, бірақ асыл ой, киелі сөз, жылы көз, көбіне желдеп кетіп, жүйесін таппай жатады. Жұмыр жердің билігі өзімде дейтіндей тепсініп тұратын дүлейлік

күштің екпіні қатты. Зұлымдықтан бас тартуы неғайбіл. Жер жаратын даңқымнан тынбаймын, деп өзінше үрейдің рахатын көруші, сұм-сұрқия ғайыптың үнін тыңдар ма? Жә, жұқармалық, қазақ ұлтының ұлылығынан даритын қайырымды жұмыр жердің адал ойлылары түсінер әлі...

Тазша сөзін аяқтай бергенде, көшелерін, алаңдарын тазартып, жанары ашылып, көңілі көтеріліп келген Қымыр жеті қырдың астындағы оқиғаларды қағаз қайықтан оқып көргісі келгенін білдірді де термелеп:

« Қайғысыз қара суға семіреді » .
Пендеге Алла берген өмір еді.
Зұлымдықтың құлақ шалса қайғысын
Қабырғам қақырайды, сөгіледі.
Сын үстінде тұрған тағдыр бүгінгі,
Қайғылы хабарлардан түңілдім.
Неге суып бара жатыр жұмыр жер,
Сыры жұмбақ, қара дауыл құйынның » .

– Тірлік құпия дерсің, өктемдік, зорлық бар жерде кектілік болды, өлім бар жерде өксігін баса алмаған жетіп жатты, әлем түгелі бір ауыл, бір бауыр болып отырғандардың түс шайысқан өкпе-сақпасы таусылды ма? Билік, үстемдіктің иесі өкімет бар. Социализмның өкшесін басып коммунизм келеді деп кеңірдек үзілгенше қақсадық, өлшеулі күні атағы өшті, – деп Қымыр бәрібір өмірі зая өтпегеніне риза екенін білдірді.

ЗЫЛИҚАНЫҢ ЗАРЫ

– Басқа қонған бақыт құсы екенау. Ұшады да кетеді, бір кетсе алды, артына қайырылмайды. Неге тұрағы жоқ, неге мені бөтенсіді. Неге өгейсітіп өкіндірді. Көзімді жұмғанша сәл бөгіліп тұра алмағаны ма? Астамшылық жасадым ба? О, жалғанай! Хан тірі болғанда, мынадай сасық бөлмеде қорланып жатпас едім. Үстемшілдің кезіндегі жағынулары бопса екенау, өтірік күліп алдауды білгіштер... – деп Зылиқа сасық иістен лоқси берді.

Ұлы өлді осында. Ілгектей дәріні ішті де жанарының оты жалп етіп сөніп, жанталаса алысты да о дүниелік болды. Емдейтін емес, өлтіретін дәрі ме? Осылай ауыр күрсініп көкірегі қопарыла бастағанда жанына келген ақ халаттысы жаман көзімен қарап: «Ну что?» деп ежіреді. Бірбіріне орысша айтқан сөздерін Зылиқа шала түсінеді. «Жұқпалы ауру шығар, қазақтарда аурудың түрі көп, жаны шығып болмауын» деген сықылды. Ас берді, ботқа, көгеріп борсыған тамақты аузына да алған жоқ. Таза тамақ ішіп дағдыланған Зылиқа дәмі қайтқан, ескірген асты ішуге қорықты, ұшынып өліп кетердей сезінді. Онсыз да дерті шыдатар емес, қызуы жоғары. Дәрігерлер кекесін танытып күбірлейді. Онысы ханның дәуірлеп тұрғандағы ішкен асының дәмі таңдайынан кетпегесін қолын сілтелеп су сұрағаннан басқа нәр татпады. Қазақтар шошқаның ыдысынан әзірлеген тамақты өлсе де ас деп ішпейтінін дәрігерлер біледі. «Ажалдың дәмін татсын. Өлсе өрем қапсын. Тезірек өлетін дәріні бер» десті ме, әйтеуір Зылиқаның шыбын жаны тырнағының ұшына ілігулі. Тоқалын жоқтайтын хан о дүниелік болған. «Емдедік, дәрі, дәрмек шығындадық» деп біраз байлығын тездетіп сыпырып алалық» дегендей дәрігерлер оңаша сыбыр, күбірлесіп жатты. Бірі:

– Фатима ханымның бриллиантпен өрнектелген бас киімінің өзі 3000 рубль, екінші бас киімі алтын, күміс және 98 дана қымбат тастармен әшекейленген бас киімі 10 000 рубль болса, тоқалының да дүниемүлкі аз емес қой, біртіндеп жинап аламыз. Мал, мүлкінің есебінің құндылығы миллиондап саналса, Жәңгір ханның тоқалдарының бірі Зылиқаға не бұйырыпты? – дейтіндей.

– Кедей емес қой, аламыз байлығын жинап, – деп дәрігерлері де, басшылары да амал, айланы жоспарлап жатты (ЦГА. РК. Ф. и. 4. оп. 1, д. 2350. л. 316319 об. под-линик).

Фатиманың жеке мүлкін тізімдеген – генералмайор Ладыженский, кеңесшісі – Ванаев.

– Естеріңде болсын, – деді мұрты сертиген біреуі. – Хан тұқымының бірдебірі дауласпайды. Өздері бізден қатты

қорқады. Оларды өшіктіріп бірбіріне айдап салып итше таластырып құрту керек. Түрлі салықты төлесе де төлемеді деп дау шығару керек.

– Дұрыс екен. Әбілқайыр ханның үш жүзге тарта тұқымы бар екен. Жәңгір ханның да ұрпағы жетіп жатыр. Бәрі бірдей дана емес қой, дана болсын деп оқытқан 33 ұрпағы бар. (Әділ Бөкейханов мөр соққан, ЦГА РК. ф., и 4, оп. 1. д. 2350, л. 341344). Орынбор әскери губернаторының Оралдағы казактар армиясының басшысы Бородиннің №634 мәлімдемесінде хан тәртібі бойынша түрлі салықтың дұрыс түспеуі сұлтандардың талап етуінің әлсірегенінен. Ішкі Орданың жұмысын қатаң бақылауға алуға тиістіміз деп Орынбор губернаторы В. А. Обручевке хабарлап жатса отарлық езгінің зілі хан тұқымына оңай еместігін көрсетеді. Оның бәрін талмаусырап жатқан Зылықа түсіне бермейді. Ханның ұлдарының Фатимадан туған Сақыпкерей мен Ибрагим Пажескі корпусында қызмет атқарса, қалған балаларын Александрия атындағы жетімдер институтына оқуға тапсырса, қыздары жергілікті сұлтандардың ұлдарына тұрмысқа шығар, деген сықылды №631 қаулымен Мемлекеттік мүлік министрі, генераладъютант граф Киселевтің қамқорсыған дерегінің (ЦГА РК. Ф. и. 4. оп. 1. д. 2360. л. 218220, подлинник) астарында қандай қулық жатқанын біліп болмассың. Ресейдің отарлық езгісін түсінген ойлылар «Кісі есігі сом темір, ерітуге ер керек» деп сөз қалдырған. Өлер алдында дұғасын оқып Зылықа тілеп жатты: «Байтақ жер аман болсын, оны қорғар батырлар аман болсын. Жерді басып алуға жаулық істегендерге қарсы тұрар ерлердің желекті найзасы мұқалмасын, қиғыр қылышының жүзі жұқармасын, айбалта жүзі майырылмасын, жеңіліс тапқан жауы екіншілей жерімізге қайырылмасын. Сонда ғана ұлымыз құл, қызымыз күң болмас еді» деп дерттенген жүрегі күңіренді ме екен. Әбілқайыр хандық құрған жылдарда да көршілердің қырғын соғыстарында жерін қорғауда ерлермен бірге қыздары да ерлікпен шайқасты. Ел аузында, тарихында батырлығымен аңыз болып қалған Бөкенбай, Есет, Жәнібек, Жомарт және басқалары қалмақтар дейсің

бе, жоңғарлар дейсің бе, түрлі қақтығыс, соғыстарда қазақ жерінің ұлтарақтайын да жауға қалдырмады. «Бос жатқан жер жау шақырады» деп қазақтың байтақ даласын иесіз ұстаған жоқ. Зұлымдықтың жойқын күшіне әл бермеді, жеңіске жетіп отырды. Бәрібір жаланған қара ниеттілер не түрлі қулығын тоқтатпады. Хан тұқымын билікке таластырып әлек салды, түрлі жанжал халықтың жанына батса да әлсіздік танытқан жоқ. Жалға алған жерлерге қоныстанған көршілерге сенді. Ресей мен қазақ елінің сауда қатынасы үшін Ор қаласына 30 пушкі қойылып, 2500 орыстар қоныстана бастады. Бұл 1735 жылдың 6 тамызы еді. Ғалым Х. Л. Эйлер Орскіге 1769 жылы М. В. Ломоносовтың тапсырмасымен келіп біраз ғылыми зерттеулер жүргізсе, 1734 жылы Әбілқайырдың өтінішімен шекаралық сауда қатынасына бекініс орнатылған болатынды. Орыс ғалымы И. К. Кирилов: «В земли и народы азиатские для интересов Ее Величества», – деп жазады. (Рычков П. И. История Оренбургская, 1730-1750. 1896. с. 14). – Зылиқаның жаны үзілгенше ауыр күрсініп, ойын тереңнен тартқысы келуі, тарихын есіне түсіруі келер ұрпақтың қиянатсыз өміріне күмәндануы да болар. Қас қаққанша өтетін өмірді қимай, қазақша білетін кейбір емшілермен сөйлескісі келеді. Бірақ, «ой ойласаң тең ойла, тең ойласаң кең ойла» деген қазақтың даналық сөзін үстемсігендер түсінер ме? Ұрт мінезділердің әуселесі белгілі – пайдакүнемдік қана. Зылиқа жан арпалысында көзінің жасы домалап көкірегіне құйылып жатты. Құлағына қыршын кеткен ұлы Ертілеудің әні келеді. Көкірегі күбірлеп қайталады.

Түс ауғанда болады ұлы бесін,
Бесіннің кім біледі ерте, кешін.
Әлеумет құлақ салып тыңдасаңыз,
Айтайын Ертілеудің әңгімесін.
Келемін Орынбордан арып, ашып,
Үстінде көк арбаның түсім қашып.
Осыдан аман-есен елге жетсем,
Анашым қарасы алады есік ашып.
Зылиқа: «Арманда кеттіау, жарығым.

Көз жасыңды кім ойлады,
ешкім де... қыршын өмір», –

деп арманда кетті. Тарихшы, өлкетанушы А. В. Поповтың 1829-1833 жылдардағы Орынбор өлкесіндегі деректерінде халықтың біразын тырысқақ ауруы (оның көбі қазақтар) қырып салғандығы айтылады. Шекаралық әскери госпитальдың Н.Г. Смирнов сияқты дәрігерлерінің халық арасында аңызға айналғанын тарихи дерегін көзі көріп, оқымаса да Зылиқа естіген еді. Өйткені, 1844 жылы шекара комитеті жанынан қазақ балаларын оқытуға мектеп ашылды. Сол оқу орнында Зылиқа да оқығаны барды. Қалай ойласаң да, арлы, адал адам сирек. Қатыгез, зұлым шектен тыс көп. Адам өлер алдында зұлымдықты кешіре алмай жаны қатты қиналады екен. Қос қарашығы жаутаңдап жақсылыққа толы күндерін іздейді. Сағым арасында оралмайды рахаты мол кезеңі. Қазір қатыгездіктің құрбаны. Аузына қара су тамызуды да қимайтын зұлымдар жанжағы. Отарлық езгі бүкіл қазақты титықтатқанды. Итқұсқа талайлар жемтік болған қайырсыз өмір жалмажан жан алып жатыр. «Ажал астан төтті» деп мәңгілік мекеніне жетіп орналасқанынша рухын жасытқан жоқ. Талай аналар, талай боздақтар патшалы Ресейдің отарлық езгісі, шынжыр бұғауынан өліп құтылса да олардың көз жасы мен жазықсыз төгілген киелі қаны қантөгісті ғана ойлайтын жауыздардың елді мекеніне өзен, көлдерінің суы көтеріліп, дүлей боран құтырынып, табиғаттың түрлі апаты тоқтау таппай Алланың көріне ұрындырып жалмап жатты. Жауыз ойлылар киелілердің қарғысына ұшырап құм қапты. Құтырынған казактар, өркөкірек шованистер табиғат апатынан ажал тапқанының құпиясын қаншама жылдар өтсе де түсінген жоқ, қазақ батырларының рухы орыс даласын кезіп жүргенін аңғарған жоқ. Көршінің байлығы үшін, жері үшін сұқ көзденіп арпалысуын тоқтатқан жоқ. Арсыздықтың жан дүниесі тазарған жоқ. Соғысты, қырғынды саясат бастаса, оның рахатын содырлар көреді деген құнсыз, жалмауыз қағида жұмыр жердің астанкестенін шығаруы тоқтау тапқан жоқ. Әлемде

әлсіз халықты киіз қазықтай жерге сіңіремін деп еліріп кесірліктің қырсығы тарқаған жоқ... Бүгінде де талай әлсіздер, талай Зылиқалар зарлап жүр... көзден аққан қанды жасты бір Алла мүсіркемесе атысшабыс, қырып-жою белең алып барады... Аусарлардың адамның қанын ішуге құмартуына шайтан еліктіріп тірлікті ойрандауы төбе шашыңды тік тұрғызады. Зәлімдердің аузына қашан құм құйылып, бүлікшілдіктің торы қашан тарқар екен? Халық киелі, ендеше киелі адамдар тұрғанда ешбір ұлт киіз қазықтай жерге опоңай сіңіп кетпейді. Он сегізінші ғасырда Көтеш ақынша:» Батырлар, арды сақта, еліңді сүй, ел үшін аязға тоң, жалынға күй. Жіберме ердің арын, ел намысын, елің үшін қаның төк, жаныңды қи...» деген асқақ үні рухсызға да рух береді деп түсінесің.

* * *

Ежелгі Римнің тағы бір ақыны Овидий Публий Назон (б. д. д. 43) жұмыр жер халқы тыныш тұрар ма екен, қақтығыс, түрлі соғыстар қайталанып әлсіз халықтың қанын шашып есіріктер есіре берер ме екен деп толғанған да шығар. Адамды адам өлтіргенін көргенде жаны жылап:Алланың құдіретімен жаралдық,

Адамға жарасатын адалдық.
Шайтан кеулеп кейбіреудің жүрегін,
Зұлымдықтар кетіп жатыр таралып, –

деп тіршілік ақиқатына күмәнмен қарап зарлап та кеткен болар. Ғұндар дейсің бе, сақ, сарматтар дейсің бе, кезеңді жылдарында талай қақтығысқа, талай соғысқа кезіккені кәдіксіз. Қиянатсыз қоғам болмаған шығар. Македония патшасы Александр Македонский ерте замандағы әлемдік империяның негізін қаласа қақтығыссыз, тыштыныш мемлекет бола қалды дейсіз бе? Ойран, бүлік адамдар өмірімен бірге жүріп отырғанда қалың көп бақытқа қолымыз жетті дей алмаған да шығар. Пенденің шемен шері жер бітіп, су аққалы ұлғайып, қалың қайғы адам-

зат тарихын қалыңдатумен бірге жасап келеді. Өйткені, шайтанға өлім жоқ, адамдардың қаны шашылып, қырғын өршіген сайын шайтан семіріп жасын ұзарта беретін де болар. Қан шашуға асыққан бар, жер байлығын иеленіп, шайтанмен серіктесіп, өлмейміз деп масыққан бар. Триллиондардың иесіне:» Қыбырлап жүрген жер бетіндегі адамдардың көптігі керек емес. Қырып таста, жойып таста біразын, Сары теңіздегі Жаратқанның жасырған бағдарламасын тауып алып жұмыр жерді бір өзің басқар!» деп шайтан ұйтқытқанда ұйқысы шайдай ашылып оқ тұмсықтарын кезеніп көрші елдерді ойрандауға кірісіп жатыр. «Киіз қазықты да оқ тұмсықпен жерге сіңіріп жіберемін дейтіндердің соғысы, түрлі қақтығысы өлілердің рухына тыныштық берер түрі жоқ. Жер киелі, адамдар киелі, табиғаттағы әрбір жанды, жансыздың да киесі зұлым ойлыны оңдырмайды. Тыныштық сүйгіш халық киіз қазық емес, біржола жойылып кетпейтінін тарих айтады. Зұлымдық атаулы иттеніп жүріп топырақты қабады, шайтан өздері қазған көрге өздерін салып, сақсақ күліп зытып отырады. Жұмыр жер жолдары батпақ, саясат әбден ластанды. Тау тасын ауыр балғамен соққылап жатқан есалаң шайтан берген күшіне еліріп ғасырдан ғасырларға жалғасып, әлемдік даналардың жағасына жармасып, жеңіске жете алмай арбасып келеді. «Өмірде жарылмайтын тас жоқ, суалмайтын құдық жоқ, бөрінің де ақыры бар» деген қазақ. «Дүлейлердің ақыры – ажал...» деп Зылиқаның жаны үзіліпті деседі. Рухы бетсіздердің бетіне қан түкіріп елестесе, қандай қорқынышты.

ҚАЛАМҚАС

Қай заманда да қазақ ұлтының өсіп, өнуіне, ел-жұрттың амандығына алдымен әйелдер жан ашыр, қауіп-қатер болса басын тігуге дайын болған-ау деп қаласың. Мұнайшылар дастархан басында әңгіме-дүкен құра қалса тарихи даңқты аналарды мысалдап, ерлігін сөз етіп отырады. Барды, жоқты, өмірді, тірлікті алдын ала айқын түсінетін жаугершілік жылдарында да қазақ қыздары атқа мінді,

қолдарына қару ұстады. Ел мұнданса бірге мұнданды, ер налыса бірге налыды. Қорлыққа көнбеді, өздерін өзгеден жүз, мың есе күштімін деп түсінді.

– Шырағым, Қаламқас, бүкіл адамды аштық құрбан етіп жатыр. Көзің ашық, оқығаның бар еді, үкіметтен хабарың бар ма? Белсенділер үнсіз. Қарыны тоқ. Аштан өліп жатқандарды ойлауы жоқ.

– Олардың азығы бар. Қызыл крест қоғамының қалбырдағы тамағын үйлеріне әкесі аштан өлгендей тығып алған. Ал үкімет қамқоршы бола алмас, Голощекин деген жалмауыз қазақты қыруға Мәскеуден тапсырма алып келген шығар.

– Оның қасында қазақ басшылары отырған жоқ па, қастандығын көріп қалай шыдайды жұлынын үзбей.

– Қорқақ, су жүрек, дәрменсіз. Бар тапқаны қазақты жарылқағаны ауыл, елге шыққан сайын әке-шешесі аштан өліп жетім қалып ашығып жүрген балаларды бес-ондап үйлеріне апарып тойындырып, жуындырып, киіндіріп үкіметтің балалар үйіне тапсырады дейді.

– Жә, өзімен кетсін. Үйінде қанша күнге жететін азығың бар?

– Бітті ғой, адал шөп те таусылды, шақпақ тұзбен қарынымызды алдап жүр едік. Тұз да жоқ. Белсендіге айтсақ, «шыда» дейді. Аштан өлген атаққа жаман, қалай шыдаймыз. Өздерің көріп жүрсіңдер елдегі жеті жүздей адамның үш жүздейі аштан өлген шығар. Өлгенді көмуден қолымыз босамады. Мұнайшыларға берілетін нан келмегелі қашан. Біреудің қазанына ас түсіп түгін шықса әлі барлар аңдып тартып жейді. Адам ашыққанда жыртқыштан да жаман екен, қаншасы кісі қолынан өлді, кейбір жалмауыз өлген адамды да сойып жепті деген өсек пе, шындық па, жаман сөз бар. Қайда бұл елдің Махамбеті. Атқа қонар еді, үкімет ат түгелі тышқақ лағына дейін қалдырмай тартып алды. Патша жендеттері, аузымен құс тістеген хан, сұлтандары кедейдің жалғыз ешкісінің сүті, түбітіне дейін тартып алғасын, ер баласын 76 рублге орысқа сатқасын шыдамай Махамбеттер иығына қару іліп, атқа қонып еді.

– Кешірімсіз қорлық болды, әлсіз халық түңілді, өзіңіз айтқан жалғыз ұлын сатып ауру өкеммен менің жанымды сақтаған марқұм анам өлгенінше үстемдікке кектеніп тісін қайраумен өтіп еді. Енді біз кімге кектенерімізді білмей қалдық, жан-жағымыз толған алдау, шындығын тірі жан білер емес Қазақтың басынан қайғы – қасірет арылмады, аға. Хош бол, ертең ағыл, тегіл киік келе бастайды. Бұйырғанын қолға түсіреміз. Ең болмаса оншақты үйдің қазанына киік етін салсақ өмір жалғасар бәлкім.

– Киік киелі деген, абай болыңдар, қызым.

– От басында қимылсыз арам өлгенше, жан ұшырып арпалысқа жарап өлерміз.

– Өмірден торыққанда да сарқылып сөйлеме, қызым. Жассың ғой, көрерің алда. Жаңа заманның саясатын кім түсініп жатыр. Бай тажал деп атарын атты, түрмеге жапты. Тартып алған малды қырып үкіметке етке тапсырды, нендей сандырақ, түсінсем бұйырмасын.

Қаламқас Орскі қаласындағы Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептен білім алғасын газет оқиды, хабары бар. 1928 жылы 27 тамызда ҚАССР ОАҚ» жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық қатынастарды сақтай отырып, өздерінің мал-мүлкімен ықпал жасау арқылы ауылды советтендіруге кедергі келтіруші байлардың шаруашылықтарын конфескелеу» туралы қаулы алды.

– Ірі-ірі 700 бай-феодалдың 145 мыңдай малы (ірі қараға шаққанда) конфескеленіп, 25 мыңдай қазақ кедейлері мен батырақтарына мал бөліп берілді. Оны жарылы, жақыбай үкіметтің сұранысына сойып, малдан тұяқ қалдырмай тапсырды. Міне, аштық аса құпия жымысқы құлықпен қазақтарды қыру мақсатында осылай басталды, – деп Қаламқас қасындағы жігіттеріне өзінше түсіндіргендей болды да: – Киік аулауға үшінші жорығымыз. 1921 жылы ақбөкенді аулауға тыйым салынғанын білесіздер, аса сақ болуымыз керек. Тағы да айтам, қасқырдың киік аулаудағы тәсілін қолданамыз. Кей адамнан қасқыр ақылды, төртеу, бесеуі киіктің жортатын ық жағында жасырынып жатады, өйткені киік иісшіл, бір, екеуі киіктің жел жағына шығып үркітеді. Осындай түсінікті тәсілмен Қаламқас киіктің

үріккен кезіндегі тобырға екі-үш жігітпен бұғалық та-стауы, садақпен атып алуы, әйтеуір жан дәрмен арпалы-са кетеді. Текелердің тобырына аты сүрініп құлағанда ат астында қалған киіктің мүйізі Қаламқастың кеудесін тесіп өтіп тілге келмей жан тапсырады. Аштықтан ауылдаста-рын құтқаруға өмірін арнаған, өзін еркін ұстап ерлігін танытқан Қаламқас жайлы бұдан басқа да аңыз көп.

– Он алты жасында замандастарын соңына ертіп Новель мұнайшыларының қазақтарды құл есебіне санап, еңбегіне ақы төлемей, жағдай жасамағына шыдамай айқасып, талайының басын жарып, итсілікпесін шығарып, «Жер қазақтікі, бастарың аман тұрғанда қараларыңды көрсетпеңдер!» деген ерлігі неге тұрады, – деді Ақнияз геологиялық-барлау экспедициясының бастығы Қалихан Жолмағамбетовке.

– Елдестерінің Қаламқас есімін дәріптеп, сол жер асты мұнай қоры мол өңірді Қаламқас атандырғаны қуантады, – деді де бұрғышы Қасқырбай қара мұртын бір сипап өтті. – Қалихан бұрғы салғанда атқылаған мұнайдың сапасы да жақсы деседі.

– Сол жердің мұнайын да зерттеуіміз керек қой, – деді Ғалымжан қабаттасып.

– Лұқсат берсе зерттейміз, біз зерттемеген Атырау, Маңғыстау өңірінде жер бар ма? – деді Қалихан өздерінің жұмысына көңілі көншіп

– Батыр қыз есімімен аталған жерде мұнай аз бола ма, сапасыз бола ма? Анау Өзен мұнай кәсіпшілігінің төңірегіндегі елге аштық үріп тұрғанда, халықты қырып тұрғанда азық жеткіземін деп жүріп теңізден соғатын қара дауыл апатына ұрынып қыршын кеткен Теңгенің кесенесін мұнайшылар тұрғызып, елін Теңге ауылы атандырды. Өздерің білесіңдер, анамыз Ырысты ауысқан азықты аштардың аузына тосқанын көзіміз көрді. Қазақ әйелдері ел басына төнген жаугершілік пе, аштық қырғыны ма, бәріне де тайсалмай жанын салып күресіп ұлтты сақтауға түн ұйқысын төрт бөліп арпалысты ғой. О дүниелік болғандарының жаны жәннатта болғай, – деді Қалихан. – Кейде көзім ілінсе Қаламқастың қалың киікпен арпалысы,

Новель мұнайшыларын басындырмаған ерлігі елес береді. Ал Атырау өңірінен Астарханға дейін темір жол бойымен жарысып шұбырып жүретін киіктер көзден ғайып болды. Кей жылдары екі миллионға дейін жететін киіктің соры еті мен мүйізі болып соңғы киіктерді көріп қалмасақ. Адам кінәсін біле тұра шындықтан қашып өтірік айта салады, әділеттімін деп әділетсіздігін жасырады. Сұм-сұрқияларда табиғатқа деген аяныш бола бермейді.

– «Шайтани залымдар тұрғанда әлемдегі тірі жан қауіп, қатерден құтылар деймісің», – деп Қаламқас қатты өкінетін деседі. Өмірде қуаныш аз, қайғы-мұңы жетіп жататын кезеңдер кімнің басынан өтпеді дейсің... Аруақ үні ме?» Тірлік – алтын, тірлік ету – арман» дей ме? Баянсыз жалған, талайдан қалған. Үрейлі заман, жазықсыздың жанын алған. Көзсіз ерлік ажалға барған. Тірлікті көпсінген қоғам болды, арманда кеткен талай адам болды. Амал не, бұлтартпайтын ақиқат та кешең айтылады. Мұң-зарды тыңдау да оңай емес, – дейтін Дүзелбай Атырауда қалған өмірін күйінішпен есіне алып.

МАХАМБЕТТІҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Үштаған

Үйіп-үйіріп құйындата соғатын жел құмды өңірді қабырғалата, айғыздап тастаған: аттың шашасынан келеді, кей-кейде құм көшіп тұрады, бел-белеңі, төбе-қырқасы жаңарып жатады. Бірде қатқылға тартатын қасқа жол біраздан соң құмдауытпен еміс-еміс көрінеді, бусанған із құмды жауып жатады. Құмды өңірде әр бұтаның бағытына ой-жобаң жетпесе, мәңгіріп қаласың. Қауіп-қатерден сүрінбей өтуің алғыр ақылыңа, көрегендігіңе байланысты. Өмірде де солай.

Бекетай құмы ішінде Махамбет аз-кем өткенді есіне алған пішінде. Ыза-кек қайнауы ішінде. Не бітіреді, құм далада күрсінгеннен? Пендесін ақылынан адастырмайтын еркіндіктің айдау жолы тіптен жоқ болғаны ма тереңге түсердей шешінгенмен? Қараны айтпағанда хан неге ада-сады, өзінің жөнсізін білмегенсіп әдейі жөн деп неге тала-

сады? Тұйықтан шығаратын дала Даналарының ақылы қайда, ілгеріні кейін тартатындай сұмдықты түсінбегені өкінішті, сабыр сақтауға миы жетпегені несі?» Бас көтергендерді су түбіне батырам, өлімші етуге езгенің түр-түрімен есі-түсін шығарып, тәж-тағымның жарық таңын атырам, бәрі де жүзеге оңай асады, қорқақтары бас сауғалап қашады», – деп ел-жұртының, туыс-туғанының қанды қырғынға баруына жол бергені неліктен? Көп жақсылығын бір жамандық жуып, шайып кететіндігін ескермеді ме? Ей, ғасырдан асыл туса да, еркіндікке белін буса да көксегеніне қол жетпеді. Жер дауының қантөгіссіз болмайтынын хан білмеді, отарлау жұтпасына жұтылып кететінін алдын-ала аңғармады дей алмайсың. Ақылға құлақ аспауында құпия зымияндық бар. Еркіндіктің қолын байлады, қан ішуге де тоймады. Қара жердің топырағы түбінде бөрінің де бетін жасырады, бірақ өрмекшінің торындай қулық-сұмдықтың да арты ашылады. Келер күн, атар таң бар, келер ұрпақ зұлымдық пен ұлылықты, ақ пен қараны аңғарар деп Махамбет ауыл, ел арасында жүргендей ойларын жатарда тағы да есіне алды.

Мазасыз ойдан қажып барып мызғып кеткен батыр соңғы жылдары басқан қадамы аңдуға түскесін сақ ұйықтайды, бейсауат адамды жанына жуытпайды, хан-сұлтандардың қаһарының халық, көтерілісінен кейінгі бұрынғыдан бетер ушыққанына да араласпайды, у-шу, айттыс-тартыс, жылаған-сықтағанды жұбатуға да селқостығы байқалады. Үстемдік иелері теңдікті аяқасты тапап, талап, езгіні күшейткеніне, елді тоз-тоз еткеніне сезімі ғана шайқалады. Бірақ, бармағын тістеп кіжінумен, тағдыры қара домбырадан төгілетін күймен өрнектейді, асқақ жырларымен бейнелейді. Басқаға қайран жоқ, адалдық жолдан тайған көп. Сатқындыққа бас иіп, алақанын жайған көп. Сұлтан елірді, хан халқынан жерінді, туыс-туғаннан мүжық жақын көрінді. Халық көтерілісіндегі сұрапыл қырғын талай-талай асылдардан айырды. Тектіден жақсы туатын қағиданың қанатын қайырды. Ата-бабаның сүйегі жатқан киелі жерлерде мүжықтардың шошқасы сайран салды. «Жер мемлекеттікі» деп қаскөйлер ойран салды.

Құйқалы өңірді ойып алды. Қарсыласқанның көзін жойып алды.

Дыраусыған, ісініп кепкен сұлтан Баймағамбет Айшуақов:

– Қимылдасаңдар, қиып түсемін, Сібірге қойша шұбыртып айдатам, қолыңды шынжырмен байлатам, шаңырағыңды қиратамын, – деп тасынды. Бірде ақ сақалды Абыз күңіреніп тұрып:» Дұшпанды алыстан іздеме, өзі келеді, қасыңнан да табылып араша талап жабылады, жамандыққа қарғыс та дарымас. Дұшпандық туыстуғанын да танымас», – деп еді. «Даусыз екен айтқаны, құрылған екен-ау зұлымдықтың қасқыр қақпаны. Есіріп, есекше өкіріп дүлейленіп жатқаны, сатқындық болар қорқақтардың баққаны, зұлымдық болар тапқаны», – деп еді. Бірақ батыр оңайлықпен сынғысы жоқ. Махамбет үйде омалып отыра да алмайды, Баймағамбеттің елді олжалаған байлығына тым оңазалығын өткір өлеңмен толғайды.

Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
... Қайраңнан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем, –

деп аяқталатын ұзақ толғауын жазды. Дұшпандықтың көрін сөзбен қазды. Бір Алла қолдағай деді, мезгілге жолдама деді, өткір үнім жетсе ұрпаққа, ақылға сап толғанар деді. Жәңгір ханға отарлаудың астарлы түйінін айтпай ма? Айтты. Қандай көрге түсіретінін аңғартатындай етіп дәлелдеп жеткізді. Мұжықтардың жерді алғаны – қызыңа, қатыныңа қолды салғаны. Отарлау аждаһасының екі жұтып, бір талмары, ұрпағыңды құл, күң етіп жалмалары анық. Зұлымдықтың дауылы, халыққа ауыр салмағы, хош көрмейді ісінді, ата-баба аруағы. Көзінен қанды жас аққан әлсіз кедейлер, білсеңші, желкең қиылсын, деп қарғайды. Айтқанға елең етпесең, қаруға жүгінер халқың бар, еркек емес ертеңгі ұлы істен тартынған десе де үстемдіктің буына еліріп, байлықты көтере алмай

желіккен жат бірмойын пікірінен қайтты ма? Жоқ. Сонда Махамбет күңірене толғанып, «Нұралыдан қалған көп тентек, бүлдірмегей еді елімді», – деп асыл ойын жырмен терді. Үстемдік пен әлсіздік, езуші мен езілуші, төж, тақ, құлдықтың ара жігі біржола ашылды. Адамдық қасиет билеушінің табанына басылды. Соны жүрегімен түйген, жазықсыз қантөгісті кешіре алмаған ақын:» Алтын тақты хандардың хандығынан не пайда? Қаріп пенен қасірет туралы ісі болмаса», – деп келер ұрпаққа аманат та қойған-ды.

Бірде батыр, ақын, күйші Махамбеттің әкесі Өтеміс жұпыны киіммен жүзі сынық, өкініші қалың күйде түсіне енеді:» Мен елімнің жетім-жесірінің қабағын шытқызбай, еңбегінің қанын ұйытқызбай, тамағын тоқ, киімін бүтін етіп едім. Алғыс алып, арманыма жетіп едім. Халықтан қарғыс алмай, алғыс алдым. Елдің дұшпаны, халқын күйзелтуші іштен шыққаны – Құдайдан қорықпағандық, – дейді де: – Көрінген сондайдан Сары ат тауы, қазақтың маңдайында жанат тауы, көзі шыққыр Жәңгір хан көрмей ме, мұжықтары өз жерінің маңына жолатпауын, жер құнарынан айырылған көп, жұпынылардың күні қараңға айналған ба?» – дейді екен. Сонда Махамбет аруақ үніне:» Мені елден айырған хан Жәңгірдің екпіні, Айтып-айтпай немене? Құсалықпен өтті ғой, Махамбеттің көп күні» демеді деймісің. Ұлт-азаттық көтерілісінің жеңілісінен кейін патшаға ант беріп, шапанның шалғайынан» шапағат» алған Жәңгір елдегі ер-азаматтарды қойша көгендеп, Орынбор түрмесіне айдатып жатты. 1836 жылы 14 қаңтарда Орынбор басшыларына Жәңгір:» Исатай түзелмейтін зұлым Махамбеттің ықпалында жүр», – деп жазған. Хан мен патша қысымы үрейлендірді. Ботадай боздаған халық зары ғасырлар қойнауында атадан балаға жазылмас жара, айықпас дерттей мұң-шер болып сақталып қалды.

Ақын түні бойы көз ілмей шықты. Ұлы Нұрсұлтанның ашық қалған жамылғысын жөндейді. Арманы-қайғының қалың бұлты ұрпақ басына төнбеуін тілейді.

« Көтерілістің оңбай жеңілуі – оқу-білімнің тапшылығынан» деп ой түйеді. Білімді болса, қарудың неше

түрін жасар еді, қорғаныс тәсілін меңгеріп, жеңіске қадам басар еді, – деп күбірлейді кейде. Толып жатқан түсініксіз әрі мазасыз ойлармен жатып, қайта мызғиды. Түс көреді, буалдыр перде, жайық дария бетінде кілкілдеп ұйыған қан, өзен жағасында аш-арық жетім-жесірлер, «егізде екі болмағыр, Жәңгір, қан ішерсің, барымташысың, желкең қиылсын, тамұқтың отына күй!» деп жағасына жармасып қарғыстарын тегіп жатады екен, оған хан елең етпейді. Қылышын олай бір, бұлай бір сілтеп, шабылған бастарды тепкілеп, мұжықтардың қайқы бас қайығына жармасады екен.

Қанды суды қақ жарып кетіп бара жатыр, қолымен қанның дәмін татып:» тұщы екен, тұщы» деп ырқ-ырқ күледі, зар-наламен тірлігінен түңілгенде ертеңгі келер күнге ақыл жіберіп, шындыққа үңілгендер:» жеріңді жатқа бердің, ажалың жаттан болсын, қара шаңырағыңды қайғы бұлты торласын», – деп күңіренгені төбе-құйқаны шымырлатады. Кенет өзен беті кібіртіктеп, шөлмекше шытынай жарылып кетіп, соның дәл орта тұсында өзінің сенімді мұжығына шашын алдырып отырған Жәңгір көрінді. Бір сәтте мұжық өткір ұстарамен оның желке тамырын қиып жіберіп, пышаққа жұққан қанын жалап:» ханның қаны тәтті екен» десе, анадай жерде жатқан бас шыңғырып, «мені жұмаққа жібер, алданып, арандап қалдым», – дейді. Дәл сол тұста Махамбет:» Халқына қайырсыз ханға обал жоқ, тірлігің тынар зауал боп», – дей келіп:» Тайманның ұлы Исатай ағайынның басы еді, алтын ердің қасы еді, Исатайды өлтіріп, қырсық та шалған біздің ел», – деп ойға шомып, қорқынышты көріністен құтылғысы келеді

Бір сәт жаратқаннан мейірім тілеп, елдіктің тірегі болар сөз өнері мен күй өнеріне өзін жұбатып еді. Тілегі қабыл болып, сақылдаған өршіл үні биік-биіктерге пырлап ұшып барады екен. «Еркіндік елдің қайырлы қонысына жұғысты болғай!» – деп күбірлейді. Оң жағына аударылып, ұйқысын жалғады. Кенет манағы түсінде қылышымен қиылып домалаған бас өзінікі болып шықты. Тізесінің үстінде, мойнына қарап жай езу тартты. Ер жігіт өлер жеріне күліп

барады дегені ме? Ерні күбірлеп сөйлеуге батылы бармай-тындай күйде. Қан ағып жатыр...

Махамбет ұйқысынан тағы да шошып оянды. «Тіфә, пәлекет, түсім екен, қырғын соғыста айдалада шашылып қалған адам бастары ма? Санада қалғаны қайталана береді екен-ау» – деп өзінің түсін өзі көңілі әртарапқа кетсе де жамандыққа жорымай, жұбатқан болды. Сыртта жел ызындайды:» Жерінді, күнкерісінді кепсінген ханға ердің құны не, тәйірі. Патша екіметі Исатайдың басын кескен Кәпен, Жапар, Сәтбайға 125 сомды тең бөліп бергенін естімеген шығарсың. Баймағамбеттің қарғыс арқалаған жансызы тірі ғой, сенің басыңа 2000 сом ақша жариялап Қарауыл қожа мен Баймағамбет сұлтанға мықтап тапсырды, сақ бол!» дейтін тәрізді. Ақын ойға шомды. «Сүйініштің ұлы Қазтуған туған жерін қия алмай, Еділ менен Жайықтың арасына сыя алмай, қонысын жаспен жуған жер» – деген қасірет жалынды сөз жанын жеді ме? Үстемдік иесі хан-сұлтандар шетінен: адамдар неғұрлым қорлық көрген сайын өзін бақыттымын деп сезіне ме? Жә, ібілістің айтағы да құрып тынар, түсінетін күн туар. Өзірге ошағының үш бұты аман, от жанып жатыр, отын салмаса, сөнеді, демек, оттың да ажалы бар деп кешегі түсін, ой желісін жүйелеп отырғанда сырттан дүбірлеген ат тұяғының дыбысы естілді. Батыр қара қостағы қаруына жармасып:

– Бұл кім, ей? – деп дауыстады. Іңір қараңғысындағы үш-төрт салт аттының бірі:

– Оу, жиен, нағашыңды танымайсың ба? Мен ғой.

– Тәңір атқыр, түнде жортуылдап, не жүріс? – дейді. Түсі қашқандардың екеуі үйге кіріп, бірқатар ойлар айтып, бірінің сөзін бірі қағып алып, өзілге де жеңдіріп отырды.

Адамдармен әңгімені сағынған ақын жүрегі секемсіз еді.

Содан бір сәтте өзінің басы алдына түсіп, мойнымен сөйлесіп тұрғандай болған түсін айтып еді. Сол сәт нағашысы:» Ой, жиен, түс – түлкінің боғы» – дей беріп, Махамбеттің мойнын бұрғызбай үстіне қонжия

кетті. Сөйтіп үшеулеп алыса-жұлыса далаға шықты. Сырттағы біреуі тағы жабылып, жылқының желісіне таман сүйреп барды да, қылышпен басын шапты... «Батыр аңқау келеді» дегендей, бала кезімде Махамбеттің қапыда дүниеден озғанын қариялар аңыз етіп:» Ой, Алла, қасірет бала-шағамнан аулақ!» деп ақынның зар үні ауада қалқып, біраз жерге естіліп жатыпты», – десетін. Кейбір аңызда Махамбеттің басын Жүсіп Өтеулиев шапты десе, екіншілері Ықылас Төлеев Махамбетпен дос, туысқан болып жүріп, өлтірді деседі. Ал Бөкей Ордасының ең шұрайлы жерін князь Юсупов пен граф Безбородоктарға сыйлаған халықты феодалдар от ауыз, тұйяқ ақы төрізді салықтармен тонағанға шыдамаған шаруалар көтерілісінде жеңіске жеткен жоқ, Отарлық езгі бұрынғыданда күшті жанши түсті. Жәңгір өлгенде Николай патша» шын берілген, өте берілген адам еді, аянышты» деуі тегін емес. Сөйтіп, халқымыздың азаттығы үшін алысқан батыры, ақ иық ақыны, асқан күйшісі Махамбеттің басы да іштен шыққан қандыауыз дұшпандардың, сатқындардың кесірінен құнсыз кетіпті.

– Жоқ, Махамбет қаншама жылдар өтсе де, ұрпаққа өлмейтін есімін қалдырды.

Оның өршіл үнді жаны-тірі, заманнан озған өнерлі салтын біреу болмаса, біреу қайталап тірілтер деуші еді. Махамбет хақында талай қаламгерлер шығарма жазды. Поэзия алыптарының бірі Ілияс Жансүгіров» Исатай – Махамбет» пьесасын жазып, үлкен шығармаға жоспар құрғанын, көптеген зерттеу дерегінің қолжазбасын тарихшы Кәмила ертеректе баспасөз беттерінде жариялады. Онда еркіндікті аңсаған жарық жұлдыздардың бірі Махамбеттің арманы хақында замандас ақын-жыраулардың бірі бала Ораздың:» Исатай мен Махамбет он таңбалы Оралға, қырық таңбалы Қырымға, атағы кеткен ер еді, хан Жәңгірдің қорлығына көнбеген» дегені бар. Ал ақын-жыршылар Шәңгерей Бөкеев, Шынияз Шынайұлы, Қашқынбай Қожамбетұлы, Шернияз Жарылғасұлының құнды деректері Махамбет бейнесін биіктете түседі. Атақты күйшілердің біразы Махамбет күйлерін халық жадын-

да қалдырды. Тағы да шегіністі ойды сабақтасақ, сұрапыл соғыс жылдарында күйші, жыршы, әнші келсе, біздің Қаракөл ауылындағы туыстарымыз бір үйге жиналып таңды таңға ұрып, әңгімелерін ұйып тыңдайтын еді. Сондай бір отырыс Жұмабай Кіржағалов ағамыздың үйінде болды. Бүйрек құмындағы елден келген өнер үздігі Сираж адамның сайсүйегін сырқырататын күйлерді бірінен соң бірін тартып болып: – Қайран Махамбет-ай! – деп тоқтаушы еді. Отырғандар кейде Өтемістен он ағайынды бола тұра» Махамбет қалай қорғаусыз қалды?» дейтін-ді. «Аңдыған жау алмай қоймайды» дегендей, ұлт-азаттық шаруалар көтерілісіне қатысқан Есмайыл Өтемісұлын Гекке деген қанішер аяқ-қолын кісендеп, Сібірге айдайды, Қожахмет, Сүлеймен және тағы басқаларын түрмеге тығады. Махамбеттің анасы Құспан өте ақылды, батыр тұлғалы, ер жүрек, көтеріліске тікелей қатысып, азық-түлік жеткізіп жүргенінде екі-үш қарсыласын қылышпен қағып түсіре беретін батыр еді дейді айтушылар. Демек, бұл көтеріліс патша басқыншыларының иманын ұшырып, орасан мол шығынға батырған. Оның қайтадан бас көтеруінен қатты қорыққан. Осы тұста Махамбет отбасын аман сақтау мақсатында өзі қара қос тігіп, сыбай-сылтаң жүрсе керек, – деген аңыз-әңгімелердің де жаны бар сықылды. «Қансорғыш Баймағамбет, Жәңгірлер елін тонап, талауымен мың жасаған жоқ шығар. Қай қазақтың қолына бақыт құсын қондырды дейсің. Жәңгір де өлді байлығы ажалына араша болған жоқ. «Қой, ешкісі 17 мың 97 бас, ірі қара 719, түйе 232, жылқы 4274, ақша 13404 (2350-қ., 92-93-б. көшірме). Демек, Исатай, Махамбеттің көтерілісінің шығу себебі ханның өзінен бастап қолшоқпарлары қара халықты тонап аштыққа ұрындырып, Дальдың жазбасында ашыққандар ер балаларын 76 рубльге сатып жатқаны айтылса, одан артық зұлымдық, қастандық болар ма? Елін зар қақсатып олжалаған байлық қай үстемдік иесінің қолына бақыт құсын қондырды дейсің. «Балықшы байымайды көлден алған, етікші байымайды елден алған, маңдай тер, табан етің болмаған соң, желменен кетеді екен желден алған» депті аталарымыз. – Ал, ақын есімі —

мәңгілік, оның асыл сөздерін мәңгілік кір шалмас, – деп Жұмабай ағамыз Махамбет туралы аңыздарға жүрегі жылап отырушы еді. Сонда Сираж ауыр толғанып:» Халқымыз аман тұрса, Махамбет сынды батырын, ұлы өнерлерін төбеге көтереді. «Ұрпақ аман болсын!» деген Махамбеттің ақтық тілегі, ақырғы сөзі жер тұрғанша тұрар», – деп домбыра шанағына Махамбеттің» Қайран Нарын», «Өкініш» күйлерін төгілтер еді.

« БАСЫМДЫ АЛАР БОЛСАҢ, ШАПШАҢ АЛШЫ...»

Ел тірлігінің қара өзек шағы еді, сүйек тамыр сүйенісіп қана күн көретін халде. Жаратушының сыйлаған қайырлы жерінен де айырыла бастады, ажарлы өңірді хан ақырындап таратып адыра дүниеге айналдырды. Мұжықтардың әжуа-мазағы сүйекті мүжіп барады. Қара халықтың күйі төмендеген сайын Баймағамбет сұлтанның билік күші дүлейленіп, әлсізді қырып-жоятындай құрыштай қайрат, ерекше айбат тапқан тәрізді. Бұл – Шернияз ойы, езілуші әлсіздердің ойы. Өзін даралап, өзгені кемсіткен көр көкірекке кемел ақш қонбайды, ондайға жөн айтам десең, оңбайсың. Оның күлбеттеніп кекірейіп тұрғанын көрген қазақ:» Кекейіп қал, кекейгір!» деп зұлымдыққа зығырданы қайнап жатады. Біреуді-біреудің қомсынуын, зөбірлеуін ауыр күнәға балайды қара халық. Бірақ олардың сөзі жылға-жылғамен аққан судай құмға сіңеді. Барлығына, байлығына, тәж-тағына еліргендерге ем қонар емес. Сөзге тоқтау қиын, өмір – құйын. Әлсіздің тірлігі көк тиын, құнсыз. Батыр Исатай ма – оны да сұлтанның жылан уынан да қуатты зұлым күші құртып тынды. Енді кімге бет қаратады. Едіреңдейді. Әлсіздің алдында дірдектеп тұрғанын жаны қалайды. Сәл нәрсеге бола ежірейіп, қарсыласын езгілеуді, есін шығаруды мақсат еткелі қашан. Орыс патшасының қолтабағына жиіркенбей кіргелі азуы алты қарыс, айқай-сүреңін салып, есінді шығарады. Ақырайып, не болса соған айып-кінә тағады, ақыл тыңдаса, бағасы төмендейтінге жориды.

Баймағамбет Исатай бастаған азаттық көтерілісшілерін талқандады, патша әскерін өзі басқарып, қан шашқан қаражүректігі бет қаратар ма? Одан соң ұйқы беріп, қайғы алып, дала данасының бірі – Махамбеттің басын алдырды. «Көріңде өкіргір, бұл өңірде дананың емес, шаланың бағы жанарын, ақылдың емес, есуастың жолы боларын, кісіліктің емес, үстемдіктің сойылын соғатын қанды қолдың үкімі, үрейі қаттылығын ойлады. Асылдардың тұқымын құртты, тұяқ қалдырмады, халықтың зар-мұңын ғасырларға ақын жеткізуші еді, енді Исатай – Махамбеттің үзеңгілесі Шернияздың соңына шырақ алып түстің», – деп зарыққан ел адамдары көптеп-көлемдеп ақынын қорғауға шақырулы еді.

Заман ауытқымалы, алыс-жұлыс, күштілер үстемдігінің дауылымен біресе ықтап, біресе іргені нықтап, қалың топты алдарқатады. Ақылдыларын алалау арқылы іріткі салуды біледі. Әлдебіреулерін ақылдыны ақымақ етуге дайындайды. Сөйтіп, дүйім жұрттың әлек-шәлегін шығарып, ақырында төж-тағының беріктігін танытады. Махамбеттің де:

Хан емессің, қасқырсың, Қара албасты басқырсың, –

деуі төж-тақ зұлымдығының қара халыққа қасіреті қалыңдығын дөп басып айтуы еді. «Халық – терең су, оны ешкімнің лайлауға хақы жоқтығын жасанды айбар жасыра ала ма?» Қайта айбалтаны жарқылдататынын меңзеу емес пе? Айсыз түннің найзағайындай үстемдікке қарсы дабыл қағылса қайтеді? Өш-қастықтың өршуі оңайлықпен тынбас...

Исатай – Махамбет басқарған халықтың дауыл көтерілісі еркіндікке қол жеткізе алмай, жеңіліс тапқаннан кейін, хан-сұлтандар дардиып шыға келді де, елдің мал-мүлкін талап, қарсыласқандарын Сібірге айдатып, төбесінде әңгіртаяқ ойнатып, ойрандап жатты. Қалың халықтың басынан Бақ құсы ұшты, дәулет тайды, тіршілік қылыштың қырына ілікті. Дөндеген дәлдулер кеудесін үрлеген ібілістің желігімен елдің іргесіне тақап,

ақыл-ойы барлардың тамырын қырқып тынды. Гүжілдеген есіріктер:

– Енді Исатай тумайды. Тегін тамырынан кесіп жойдық.

– Халық» жұлдызымыз жарқырады» дейтін Махамбет дүниеге келмейді. Және әлсізді, жетім-жесір, жоқ-жұпыныны, ақылсыздарды басқару қиынға соқпайды, құл бол десең, құл болады, күң бол десең, күң болады, тырп етпейді, – деп былшылдасқандар қашып-пысып жүрген Шерниязды қолға түсірмей қоймайтынына білгірлік керек емес еді. Оны ақын бірден-ақ түсініп» Исатай мен Махамбеттен, оның мың сарбазынан жаным артық емес, қашып өлгеннен де, Баймағамбеттің артын ашып, абыройын шашып өлейін, улы сөзімді жүрегіне төгіп өлейін, ақындық пысыммен басып өлейін», – десе керек. Өзірейілдей алас ұрған сұлтанның оңашалық, ізін аңдып амандасады. Қабасынан қан жауа қараған қалпында Баймағамбет бетпе-бет амандасқан бейтанысына:

– Тілің мен жағыңа сүйенген кімсің, ей! – дейді.

– Өлсе де, «Исатай – Махамбет» деп өлетін Байұлы Шерниязбын. Қарақшыларыңның айдауында келгенше, алдыңа айтар сөзімді сайланып, үлестірген ажалдың қалған-құтқанын алайын деп іздеп келдім. Қылышыңды қанға малайын деп келдім, – дейді де ақын.

Жалаң аяқ, жалаң бас зарлап тұрмын, Көзінің қырын салар бар ма заман? –

деп өлеңін төгеді.

– Бөгелмей келіп бетіме, сарнап тұрған кім еді десем, Шерниязбысың, ей?! Босаңсымаған тегеурін, болаттай мықтыны да майыстырып беремін, түрсіз түріңе қарасам, жоқ шығар сірә сенерің қылыш үйде, кір тездетіп, шын ба айтқаның? — деген кезде Шернияз божырамай, сұлтанның күмәнді ойын байқап өлең сөзін боздатты дейсің.

Ар жақта дүмбірлеген Арғынғазы,
Жайлаған Арғын, Найман, Өтен сазы.
Ен қоныс, тоқты қоздап, тай құлындап,
Мың-мың боп еді лықып қысы-жазы.
Сол жаздың дәулетінде сыңқылдаған

Бейбақ ем, ел еркесі, қоңыр қазы.
Байеке, танымасаң танытайын,
Мен едім Исатайдың Шерниязы, –

дейді.

Ажалдан тайсалмай белін бекем буған ақынға
Баймағамбет қатпар-қатпар қулық-сұмдығын іште бүгіп:

– «Өлетін бала молаға қарай қашады» деген, басыңды қолға түсіре алмай жүргенде, құнына қаржы тігіп шаршағанда өзің келдің, иманыңды үйіре бер, үйдегі қылышым бабында, басыңды қағып алам, бірақ Шернияз екенінді айғақтап үй-ішіме арнап өлеңді табан аузында шығарасың, – деп ақырып-жекiргенде Шернияз үсіндi алау-далау киiмi жан шошырлық екенiн айтып, тайсақтаған сыңай бiлдiрсе керек. Байлық жүрген жерде баспашылдық, асып-тасу, талғампаздық, жоқ-жұпыныға кісісінбей қарау, босағасынан аттатпау қай заманда да болған. «Адам көркі – шүберек» деген байламмен сөйлесу, құрметтеу бар. Содан Баймағамбет отбасылық беделі қақында үстіндегі ішігін шешіп берсе де, бірақ қайтып бересің деп дүние-қоңыздығын білдіреді. Ақын өлсе, ішігін арқалап кетпейтініне миы жетпегені ақынның ызасын қайнатып:» Алдияр, бергеніңе төрем құлдық, Айырылған Исатайдан мен бір мұңлық», – деп төгілдіріп келіп:» Терісін он тышқанның бере салып, сұраған төрем қайтып неткен сұмдық» деп сөз найзасымен шаншып-шаншып үйге кіреді Үлде мен бұлдеге оранған уайым-қайғысыз алты қыз, жұтынған тауық жұмыртқа таппайтындай танауларын көтеріп, оқты көздерімен атқылап тұрғанын байқаған ақын оларды шетінен мақтай жөнеледі. Сосын Баймағамбет қыздарының асыр-тасырлығын өзі де кешіре алмай ма, әйтеуір, «Мақтауын келістірдің, енді жамандай аласың ба, нағыз ақын екенінді білейін», – дейді. Сұлтанның есерсоқ ерсілігін әр сөзінен байқаған ақын:

« Байеке, сіздің қызда жаман бар ма,
Жамандар біз байғұста заман бар ма?
Шот желке, шолақ айдар күң дер едім,

Бармайды, ауыз шіркін, жамандарға.
Қызыңның бес тиындық біреуі жоқ,
Қылған соң құдай ханша, амал бар ма», –

деп Шернияз өзекті жанға бір өлімді мойындап, ақ алмастай қиып түседі. Ақырында тәж-таққа есірген сұлтан есі шығып, әйелін, өзін біресе мақтатып, біресе жамандайды. Ессіздің де жон етінен таспа тілгендей сөзбен найзалап, қылышпен қиып түскендей әжуалап, тірідей көрге көміп жатқандай өлең жолдарын төгілдіре береді.

« Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас,
Қас итсің – қасыңа да адам жуымас.
Ел ұстап, жұрт билейтін қылығың жоқ,
Хан емес, қас қатынсың мұндар қу бас», –

деген Шернияз сөзіне зіркілдеген Баймағамбет қынабынан қылышын суырып, «шабамын басыңды» деп оқталады. Оған ақын именбейді, сөздің қылыштан өткірлігін ақырына дейін айғақтайды. Сол сәтте сұлтан: «Басың домалап түспей тұрғанда өлеңмен мақтап қылышты қынабына түсір», – десе керек. Сөз астарын жұмсақ әзілге құрып, мақтап отырып мақтамен бауыздағандай болады да, ақын асқақтығын танытып міз бақпастан:

« Қолында хан иенің, қасқа қылыш,
Түсерсің қаһарлансаң, тасқа қылыш.
Сабының хан ұстаған тұтамы алтын,
Жарқылдап хан ойланбай аспа, қылыш», –

дей келіп:

– Мақтаған жақсы, ә? Мені де біреу мақтаса, балаша мәз болар едім, бірақ бұза-жара айтатын ойлыны ешкім мақтамайды, – дейді де:

« Ажалым жетіп тұрса, бар ма шара,
Өлімді ойлатпайды тіл бейшара.
« Қара қайта сөйлесе, қатын» деген,
Хан қайта сөйлесе болды қара», –

деп екісөзділіктің өлім екеніне тіреп, үстем сұлтанның алдын кесіп тастайды. «Ет пен сүйектен жаралған адамсың. Тәж-таққа астамсысаң, өзіңді иттей етеді», – дейді. Екіжүзділіктің де қылмыс екенін меңзейді, беделді» бақ» деп сезінудің жолдан тайдыратынын, қан төгу – тіршілік заңын бұзу, қаңқұйлылықпен тәртіп орнамайтынын, өш-қастылық екі дүниеде де абырой бермейтінін өлеңнің әр алуан түрін құбылтып отырып айтады. Елдің ығырын шығарған ессіз үстемдікті масқаралайды. Баймағамбет ара-тұра ақын сөзінің жүрегіне жылы тиетін тұсына масығып, Исатайдың қазасын өзіне зор бедел санап:

– Егер осы бойда Исатай кіріп келсе, қалай амандасар едің? – деп кергиді.

– Байеке, буынсыз жерге пышақ ұрасыз ба? Өмірі күшті бір Алла жарылқап Исатайды көруге жазса, іркілместен

« Бармысың жауға түскен, алтыным-ай,
Самалым, саз қонысым, салқыным-ай.
Көуірдің қоржынына түсіп едің,
Шықтың ба аман-есен, жарқыным-ай.
Ақ алмас алтын сапты қылышым-ай,
Қорып ең алты Алаштың ырысын-ай.
Жатпайды алтын пышақ қап түбінде,
Шықтың ба қабын жарып, ырысым-ай», –

деп құшақтай алар едім», – десе керек.

Жәңгірмен іштей бәсекелес Баймағамбет құлығын асырып Шерниязға бостандық береді. Онысы» қанша үстем болсам да, халықтан безе алмаймын, сен Жәңгір хан Жайық бойындағы құйқалы өңірді орыс мұжықтарына үлестіріп беріп, тіпті Еділбай сықылды ірі руларды қойша шұбыртып, шөл-шөлейт жерге қуып қарғыс алдың, байлығын бір таладың, онымен қоймай Исатай – Махамбет сынды халық алдыларының қанын шаштың» деп иіні келгенде бетіне басып, «мен Шернияз сынды ел тұлғаларын қорғап, беделімді нығайтам» дер ме еді. Қайтсе де оқтай борап, найзадай қадалған, жан-дүниесінің астан-кестенін шығарып кескілеген Шернияздың сөзін Баймағамбет

кешіріп, босаңсып қалуы тегін емес-тін. Әйтеуір, бас кесуге арналған сұлтан қылышының қынабына түсуінің сыры тереңде. Кінәмшіл үстемдіктің кешіріммен қанағат тапқаны – заман құпиясы. Бәлкім, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген бабалардың заңының жүзеге асуы ма? Бүгінгі кейбіреулердің сөзге мәулет бермейтінін, ақылсыздардың көбейетінін алыстан болжағандық па? Іште өлген пікір жер қойнауына кете барды...

* * *

« Мінімді бетке айттың деп,
Кесе алмассың тілімді!» –

деп Исатай мен Махамбеттің серігі, қаруласы, қаламдасы – Шернияз да дүниеден өткен. Қилы бір кезеңнің куәсі, керемет қазақ даласының әр бұтасының түбі қанға боялғанын көріп, «Басымды алар болсаң, шапшаң алшы... «– деп ажалдан да тайсалмаған ақын өр тұлғасын ғасырлар бойы халқының есінде қалдырып кетті. Көсемсөздің киесі осындай-ақ болар, әлсіздің қорғанына жараған асыл ой атом қуатынан да құдіретті екенін ұғасындар ма бүгінгі ұрпақ?

ОН БЕСІНДЕ ОТ КЕШКЕН

Тылсым табиғат құдіретіне табындырғысы келе ме, әлде жаратушыға жалындырғысы келе ме, – әйтеуір дүлей аптап құм жиегінде отырған елді табаға салған бидайдай қуырып күйдіріп барады. Сол жылғы алапат ыстық қара жерді де тілім-тілім етіп жарып жіберген, осыдан жүз алпыс тоғыз жыл бұрын қып-қызыл отты жел біразға дейін ұрып та тұрған-ды. Жайық жақтан кешкі самал емес, өрт шарпығандай, біртүрлі күйік иісі шығатын тәрізді. Сұрқай тірлікке атойлап қым-ғуыт қосылған орыс әлділері жер шұрайынан қазақтарды біртіндеп ығыстырып, әлдінің әлсізді басынуы, ажал құштырып тасынуы белең алған кезі-тін. Әумесер тобырлары құдық суына бола,

жер жағдайына бола, бас жарып, көз шығару ғана емес, қанды қырғындарды да салып әбден мезі етулі. Өншейін жіпке тізіп, отбасында күңкілмен тынатын алақөздік емес, халықтың ертеңін көп қылатындай қасірет белгі берді. Үрей үдеді, өлім көбейді. Төбе-төбе молалар қарамы ұлғайды. Тайталасқа белді бекем буып, ер қаруы – бес қаруды сайлаған тұста таң қылаң бере, күн көкжиекке өрлей түсіп бұлтқа сіңген кезде ақ боз үйде сәби дүниеге келді.

– Қыз ғой, қыз, ырыс алды қыз деген.

– Мейлі кім болса да, анасының жаны аман қалсын.

– Қыз деп кемсітпе, талай қырғын жорықта Жиёмбет батырдың дем берушісі болған Есенқыз анамыз кімнен кем болыпты?! – дескен туыс-туғандар киіз үйдің іргесін түріп ақ таңды оятып жатқандай еді. Бұл кезде жындана соққан жел басылайын деген.

– Азамат, сүйінші!

– Қалағаныңды ал, — деген әкесі қуанышты еді.

– Қызың, «әке, атқа мінемін», — деп жатыр.

– «Батыр болсын, батыл болсын, іштен шыққан перзентім ғой» .

– Батыр болсын, — деген сөзді әкесінің аузына құдай салды ма, Алмажан туған жерімді, халқымды ерлерше қорғасам арман бар ма, — деп ой түйетін еді.

Расында Азамат қызын ер балаларша тәрбиеледі, сымбатты келбет-көрік пен өмір кеңістігінде жоғалғанын табатындай көзқарае қалыптастырды. Әкенің бір ауыз сөзін анасынан естігені ме, әйтеуір, ерке мінез, ақындық жүрекпен:

Туған жердің қызы едім,

Қадірім бастан кетпеген.

Тепкісін көріп көуірдің,

Атқа қондым сертпенен, —

деген жүрек шымырлатар асқақ үн бірте-бірте қалыптасып, замандасынан алға шыға берді. Түсінде шошшыса анасы қылышпен ұшықтап емдеді, басына қанжар

жастады, босағадағы болат тағаға тағзым етіп, дұғасын оқыды. Ауырса туған жердің жеті түрлі шөбінің қоспасына шомылдырды. Қыз ғой деп үстіне қызыл-жасылды киім, әшекейлерді жолата қоймады, бір түсті киімді бойына жарастырды. Пендені тіміскілейтін тіл-көзді жебенің ұшымен жасқап жүрді.

Ана мейірі қабағына кірбің түсірген жоқ, өмір есігін өкінішсіз ашып, бақытты болуын жатса-тұрса тіледі. Ақын қыздың балаң кездің өзінде жүрек үні қараңғылықты жарты шығып:

Жамандықты күтпеп ем,
Жастықтың албырт шағында.
Атқа қондым сертпенен,
Үстемдікке бағынбай.
Бұл дүниеде тірі өлім,
Кісіге кісі табынған
Ісі түсіп наданға,
Көзін сатып жалынған, –

деген өлең жолдары бойын билеп, ойын асқақтатып, қиялын көкке көтергендей болды ма екен? Өршіл ақын Махамбет қасиетіне еліктеді ме?

Алмажан жасынан бәйгеге түсті, қыз қуу, көкпар тарту ұлттық өнерлерде де ерекше алғырлығымен танылды. Он беске жетпей-ақ ел қорғаны болар ерлерше тастүйін боп, қыран келбетті таныта бастады. Дамыл көрмей, жан ұшырған езілгендер Еділ, Жайық бойына орыстардың жаппай қоныстана бастағанына өліспей, беріспеуге бекінулі. Тағаты таусылған қалың топтың жүрек үні:

Үстемдікті талқандау –
Халықтың болды арманы.
Қып-қысқа мына жалғанда,
Еркіндік еді алмағы.
Зіл-батпандай ауырлық,
Патшаның езгі салмағы.
Күнкөрістен айырып,
Байлықты түгел жалмады.

Жоғалғандай құндылық,
Хан билігі аумалы.
Алакөздік жындылық,
Өзөзіл ойлы жауыздар,
Жігерді тұрды құм қылып.
Атқа қонған қалың қол,
Кек алуды үн қылып.
Исатай бастап барады,
Еркіндікті жыр қылып, –

деген алмас қылыштай өткір сөздер халық күйін шертті. 1836-37 жылдардағы Исатай Тайманов басқарған қазақ халқының ұлан-байтақ жері үшін азаттық соғысына Алмажанның әкесі Азамат та қызымен бірге қатысты. Алмажанын ертіп, шикі жас ұлы Төрежанның маңдайынан сүйіп, шиыршық атып, ақ тілекпен аттанды. Хан өзінің қолшоқпары болған би төрелерге мүлік есебінен жерді бөлшектеп үлестіргенге қалай көнсін.. Хан сарайындағы Балқы сықылды ұлт сатқындары Еділ бойына орыстардың қала салуын қуанышпен қабылдап, қара халықты орыстың армиялық күшімен езіп-жаншуға от тұтатып, Жәңгірдің қолтығына су бүркіп, қоздырып отырды. Тарихи есепте отыз мыңдай үйдің ;жүз сексен мыңдай халқы болғанға ұқсайды. Солардың көбі – жер-суымен ғана күнкөріс еткен қаратабан шаруалар. Исатай-Махамбет бастаған көтерілісшілердің қылышы қынабынан суырылғанша таудың тасындай бір мың қолы болыпты. Ал, хан Жәңгір мен орыс әскерінің саны төрт мыңнан асып жығылыпты. Патшаның керегесін шайқалтқан көтеріліс қырғынында төгілген қанға ханның ақылы жетпеді ме, әлде сұс көрсетіп тәж-тақтың беделін арттырғысы келді ме, әлде құзғын көмейге түсетін пайда ма, немесе жанындағы жексұрындардың айтақтауы ма, оған төрелік беру – біздің шаруамыз емес. Әйтеуір, қан қақсатып кедей-кепшіктің жерін тартып алғандар да, қанға қолын малғандар да қабірінде тек жатты деймісің. «Көріңде өкіргір» деген халық қарғысы тұқым-тұқиянын оңдырды деймісің. Жазықсыздардың киелі қаны көтерілмей тұрмайды,

зұлымдықты оңдырмайды. Пенденің адал жолмен өсіп-өнуіне қастандықты Жаратқан кешірмейді. Кінәліні тамұқ отына итере салады. Оны шел басқан көз түсіне ме? Миында Ібілістің айтағы тұрады...

Байлыққа, қанауға, талауға, қырып-жоюға қымсынбайтын, айылын жимайтын албасты билер Исатай көтерілісінде қаза тапқан Азаматтың да отбасын ойрандайды. Ерін жоқтап езілген Азаматтың жары өзегіне түскен қайғыдан көз жұмады. Жеті жасар Төрежан мен он бес жасар Алмажанның мал-мүлкін билер талап алады. Оны Алмажан» Жетім қыз» поэмасында былайша суреттейді. «Бұлбұлым ұшып кеткен соң, жарықтан шығып тап болдым, қараңғы тұман түндерге, қас ақымақ болмасаң, өлімге неге күлесің, қайдан білдің, тоғыз би, боларын неден қазаңның? Қадірсіз қызың мен болсам, алдына келсін балаңның. Қызыл тілім сау болса, асықпай жүр, тоғыз би, басыңды бір тығармын, артына өлген анаңның» деген өлең жолдары қараңғы түнді жарып өткен найзағайдай болса керек. Батырлық, өжеттік, кектілік, қатігездікке кешірімсіздік поэманың өн бойында жібектің тініндей берік қиюласқан. Адуын күшке мойынсұнбай, Исатайдың жорығынан тәлім алып, Махамбеттің алмас қылыш жүзіндей өлеңінің мән-мағынасымен суарылып, болаттай қайнап піскен жолдар» Алтын зер салсам жарасар, қара мауыт жағаға, арғымақ жексем жарасар, күймелі күміс шанаға, әке, өзің кеткен соң, атаңа нәлет тоғыз би, қызылы сөнбей сәуленің, жетімге келіп қол салып, дұшпанға қойды табаға», – деп төгіліп тұрған ыза-кек, батырлық туын сөнбейтін жарық жұлдыздай көтерер еді. Кейбір жасық жандай сағы сынып, бүгежектеп тірліктен түңілу поэмада мүлдем жоқ. Аңсаған асқақ ғасырларға кететін арман бар, ел қорғанына әлі жарармын деген ұшқыр қиял бар, сарыла сағынған еркіндікке қол жеткіземін деген болаттай берік үміт бар, қантөгістен титықтап, қалжырағандықты әрбір өлең жолы байқатпайды. «Дегеніме келгенше, мекен етіп тұрмадым адыра қалған Нарында» мен» деген қазақ баласы, келешегі артық деуші едім кешегі әкем барында» деп ақ жауындай ерлік жолын өлеңмен төгіп-төгіп өтсе, он бес

жасының өзінде аса таланттың Қазақ аспанында тағы бір айы туғанын сипаттайды.

Қайғымен басы дал болған Алмажан суға кеткен тал қармайтындай, «зұлымдықты тоқтатар Жәңгір хан» деп жеті жастағы інісі Төрежанды ертіп жаяу-жалпы жолға шығады. Азапты сапар әрбір минуты қауіп-қатерлі ауырлықпен арпалысып хан сарайына келсе, билері» Ханға кірем десең, пара бер!» – деп жетімді алқымынан алады. Оны ақын тілімен былайша жеткізеді. «Келіп едім даңқымен, Жәңгір ханның құзырына, күндіз-түні барсаң да, есігім бар кең деген. Қалай еді билері, арызға келген жетімді, жібермей жолдан тоқтатып» параң болса, бер дегені!» – қоя бер, билер жөніме, қалжыңдасып тұратын, үйіңдегі жеңге емен» дегені жүрегіңді тырнап өтеді. Сонау тарих койнауындағы Жәңгір заманындағы әлсізге деген зұлымдық, қысастық, бүгінгі нарық жендеттері қимылында қайталанып отыр (кейбір әкім не басшыға кіру үшін жетім-жесірлер мұң-шерін айтып тілек етейін десе қаншама оққағарлар, өңменінен итеріп түсін суытып, ызғар шашады. Темір сандықтың ішінде отырғандай сымақтарына тегін жолатпайды – Т. Қ.). Жәңгір хан, мыңдаған адамның қаны төгілуіне себепші болуының қасіреті өз алдына, жетім-жесір, әлсіздердің көз жасын арқалады. Бұл қылмысы ол дүниеде алдынан шықпады деймісің? Қарғыс алғанның тұқымы жуадай солмады деймісің? Жетімдерін жұбатудың орнына зар қақсатқан билер қайбір бүйірі шығып, мұратына жетті дейсің. Ажал жеткенде шыңғырғанын естігендер» жан дауысы шықты» деген сөз қалдырған болар.

« Ханға жақындама қарасы жұғады, биге жақындама пәлесі жұғады» деген ащы сөз сол сұрапыл жылдардағы түңілуден қалды ма екен? Ханнан әділдік күтемін деген Алмажанның бір зұлымнан құтыла алмай басына қара төнгендей кезде, хан сарайындағы билердің қара жүректігі түңілдірмей қайтеді. Асқақ ақын қыз:» Қараша құс мекендер, қарағай-қайың тал басын, әкекем, өзің кеткесін, атаңа нәлет тоғыз би, ұмытып кетті-ау, Алласын» деуі адам тағдырын шыбын құрлы көрмейтін қанішер жауыздықты

Жаратушының жазасына тапсырады. Торыққан жүректің жұбануына демеуші болайық демеяді, керісінше қаскөй, зұлымдық иелері әлсіздің тағдырын ойыншық етеді. Соны түсінген Төрежан қарап тұрмай:

Апатай, өне, күн шықты,
Үреймен сонша түншықтым.
Мына жерде қансорғыш,
Пара сұрар жын шықты, тез кетелік,
Ел қарасына жетелік, –

деп тақылдап еді. Онысы Алмажанның өлеңдері Күн сөнгенше тұрарын меңзеген Алла аузына салғаны ма еді. Әйтеуір, қара түнекті серпіп күн шығарына пенденің үміті үзілмейді. Үміт, сенім дегенің ажалдан кейін өлсе керек.

Алмажан Азаматқызы Исатай – Махамбет көтерілісінің жеңіліске ұшырып, одан тірі қалғандарының азапты өмірін осылай баяндаған екен.

– Алмажанның «Жетім қыз» поэмасынан басқа да көптеген шығармалары болыпты. Ел аузында да, жазбаша сақталған өлең-жырлары күні кешеге дейін келіпті деседі. Бірақ, Орынбор мұрағаттарын ақтарып еркіндік аңсаған күрескер қыздың еңбегін іздеп жарыққа шығарып жанашырлық көрсету жағы жоқтың қасы, – деп Орынбор қаласындағы «Айқап» газетінің редакторы акын Аяған Нұрман: «Оян, қазақ, ойлан, қазақ, аз емес кой көрген азап, жан-жағыңнан жаулар қамап, тартыс өтті қаншама ұзақ», – деп тақпақтата жөнелген еді.

«Қазақ поэзиясының қайталанбас ақ алмасы» делінетін Махамбеттің ізбасарларының бірі – Алмажан Азаматқызының он бесінде от кешіп жүріп айтқан, жазған мұң-шері, төгілген өлең-жырлары бүгінгі ұрпаққа қазақ ұлтым дегізетін, қанатты да, қайратты жігер беретін, жаныңды ұйытатын өшпес өнеге. Ерліктің құйма шындығы. Ол шындық Әлия, Мәншүктердің Екінші дүниежүзілік соғыстағы ерлігімен жалғасып, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінде де қазақ қыздары еркіндік жолындағы көтерілісте талайы өмірін қиды, күллі әлемді ұлтымыздың намысы таңғалдырды...

ТҮСІНЕН ШОШЫП...

Дүзелбайдың көзі ілініп кеткен екен. Бір есалаң қызараңдап» дәуренің өтті, енді құрисиың, сүйегіңнің қайда қалғанын білмессің» деп әкіреңдегенде бөлмедегі тарғыл мысықтың оған тесірейе қарап, тырнағын жа-зып мияулағаны бұзды ма, қамшысын қонышына соғып, тырш деп есіктен сүйретіліп шыққанына қатты ойланып еді. Ой жобасы тарғыл мысық жүрегінде әбден орныққан жынпері болды ма? Түсіп қалған күрек тісінің арасынан тілі жылмыңжылмың етті, мысық тілін жұлып жынын қаққысы келді ме, әлде оның көкірегіндегі қара мысықпен таласқысы келді ме, бәрі жұмбақ. Болжауынша, зәлім адамның ататегінен ұрпақтанұрпаққа жалғасып, жаны-на даритын жыншайтан жамандық жолға бастайтыны кәдіксізау деп толғанған еді. Өмір – түрме, лагерьдің кіре берісі дейсің бе, түрлі нысандарында Ленин мен Сталиннің бейнелері, тас мүсіндері. Оның маңында да мысық жүрді. Түрме азабы, өліп жатқандар, маңында тырнағын жайған мысықтар. Дүзелбай үрейлі көріністі қаперсіз ұйқысын жалғастырғысы келді. Не түрі түс миына орала береді. Бір сәтте қалың қара мұртты, ірі денелі, екі иығына екі сұңқар қондырған, қылышын қынға салған адамнан: «Дүзелбай, өлімді ойлауды есіңнен шығар, мен 22 буындағы бабаңмын. Бойыңда рухым бар, тірлігіңе қорған бола-тын әділетті періште иығыңа қонған. Бақ, дәулетті де сол періште ұйымдастырып еді. Менің иығымдағы бір сұңқар адалдықтың жаны қай ананың бойына бітеді деп әбден шаршап тұмсығы келтеленіп тірлігі қатайғаны білінсе де ақылы өтімді, екінші жас сұңқар текті ананың жатыры-на текті әкенің ұрығы түсіп, ұлттың асыл азаматы болу-ын күтіп жүр. Рух тірі... Білеміз айнала өрт, қара тұман. Жұмыр жерде тыныштық бұзылған. Жиырма екі буынға жетегін дүрбелеңде қазақ хандығы да қырғын, қан кешуді аз көрмеген. Сол жауыздықтардың жаны да ит, мысық, нетүрлі аң, жәндік боп көрініп зәлім Ібіліс жортып жүр. Өлденеден қорыққаныңды сездірсең жынпері оқсатпайды. Ұрпағың адалдығын сақтап, тірлігіне мұқият болсын» де-

гендей үнді естіп Дүзелбай:

– Аа, – деп оянып кетті... Көрген түсін өзі жақсылыққа жорыды. – Жауыздар қыл көпірден амансау өте алмас, – деп күбірледі...

Қырғынды көрген адам көбіне түсінен шошиды. Қызыл империя 700 байдың мал, мүлкін тәркіледі, байларды атты, түрмеге жапты, ауыр азаппен өлді. Сол қырғыннан тірі қалған Дүзелбай Ойыл, Темір өңірін аралағанда Әмір Темірдің сөзін есіне алушы еді:» Шын патшаның құзырына уақыт қана бағынбас. Өйткені, ол Адамның ұлы, құдайдың құлы. Жаратушы ием маған да сондай тағдыр сыйлаған. Қарамағымдағы халық қармағымдағы балық емес. Қарызым да, парызым да, өмірін де, сол пенделердің пешенесіне жазылған. Қиямет қайым күні солардың тым болмаса біреуі етегіме жармасып, қайыр тілеп, қарғыс айтып қалмай қойғанын қаламас едім», – депті.

Қанішерлер қанға шомылып өзінің өлерін ойлады ма? Таққа үймелеген жынпері оңдысолды бет қаратпай қырып салды. Менің де дұшпандарым өлтіремін деді, ұрпағым, немере, шөберем тұрғанда денем өлсе де жаным, қаным өлмейтінін опасыздар білді ме? Толарсақтан қан кешкенде, азап, бейнет көргенде ұрпағымның амандығын тіледім... Тілегім қабыл болды, Аллаға ризамын... Сол ризалықпен шалқығанда Мұхиттың «Айнамақозын» шырқаушы едім. Ән қуаты азаптан құтқарғандай сілкінуші едім.

* * *

Таңмен оянып, дененің құрыс, тұрысын таратып, миды таза ойға жаңартып, көңілді жақсылық жолға қаратып, ұрпақтың тірлігін саралап Шамиль толғанады. Құрыш дене бұрынғыдай емес, бірақ ынтықтық басылған, күш, қуат босай бастаған, қимыл, қозғалыс есепте. Аяқты аттап басқан сайын сақтыққа көшкен. – Ауылда қатарымыз біраз еді, – деп мен де өткенге ойымды қыздырып

қоямын. Қойшыбай, Білім, Мереке, Бегімсал, Нығымет, Өтеген, Қожа, Жұмабай, Оқас, Тұрсын, Қырықбай тағы басқаларының ұрпақтары не күйде екен? Бізді көрсе де

танымайтын шығар, небір қымбатымыз, жастығымыз елде қалғанын түсінер деймісің. Қазақтың «көзден кетсе, көңілден кетеді» деуі бар емес пе?

– Е, біз қатарлының тірілері де сыны қатал кәріліктің тізіміне ілінді, – дер еді Шамиль.

– Бәрібір жастық оралмас. Ауылда Артық ағамыз:» Бұл сексен көрем деген жасым ба ебі, быламық ішем деген асым ба еді» дегенде жанында тұрып күлгенімізде:» Ой, төбеңді көрмегір, менің жасым басыңа келсін!» деуші еді. Жастыққа масығып, көңіліміз көлкіп, өмірге құштарлық көсіліп көтеріліп тұрғанда елей біріппіз бе? Бүгінде қарттықтың айқындығын, дененің салқындығын, айбардың қайтқанын, баламінездікті тапқанымызды байқап күлкіміз келеді. Солай ма, Шамиль достым? Жан тың сықылды. Тән өлсе де жан мәңгілік сықылды.

Шамильдің мәңгілік дегенінен шығады, қазақ тәртібінде, ғылымында адам дүниеден өтерде жанталасып жатқанда үйдің терезесін ашады, айнаны жабады. Мұның құпиясы адамның жаны ажалды жеңе алмай арпалысып, ақырында терезеден шығып кететіні. Жан дауысы шықты дейді, ол мыңдардан бір киелі адамдар адамның ажалмен арпалысындағы шыңғырғанын естуі болса керек. Ал осы көрініс айнаға да түсіп қалады екен. Жартқанға пенденің өкпесі жоқ, дене мүшелеріңнің бәрі өмір сүруіңе қалтқысыз қызмет етті және денедегі химиялық құрлымдардың керексізін таппайсың. Бұл өзіңнің бір тамшы ұрақтан пайда болған денең Алла оған жан салды. Қазақ» Алла өзі берген жанын өзі алады» деген сөзге ессіз тоқтамас, есті тоқтары анық. Өлемдік физика, химия ғалымдары басы қатып адам денесіндегі түрлі қоспаларды тізбелеп айтар, өлгеннен кейін топыраққа сіңеді деуден аса алмас. Басқадай дәлелі жоқ. Өлемдік ойшыл Абай адам жынының мәңгілік екенін қолмен қойғандай дәлелдеп берді. Оған Абайдың төмендегідей өлең жолдары күй.

« Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес.
« Мені» мен «менікінің» айырылғанын,
« Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес, –

дегенінен артық қандай сипаттама керек. Адам түс көрмей ме, әкең, анаң, бабаларың түске енбей ме, солардың жаны шаршап, шалдығып қолдап жүрмей ме? Жақсының жаны текті ананың жатырына ұрық түскенше тыншу таппай жүреді деседі. Қазақтың елге сыйлыларын тегіне тартқан деуі содан емес пе!? Өмірдің қиындығынан шайлығып бетіміз қайтқанда да бір мүмкіндіктің пайда болуы аруақтың себебі болар. Қазақ» күнәң мен кінәңді Алла кешер бәлкім, бірақ аруақ кешпес» деген сөзді тегін айтпаған болар.

– Шамиль, «Сарбие» шаруашылығын нарық дауылында аман сақтап, қайырлы жұмысымыз ғасырларға кететіндей іс атқарамын, – деген Сәрсенғали Балапашов» өзім өлсем де жақсылығым елге қайырлы болса» деуші еді. Ойылда талай тұлғалар ізгілікті ісін қалдырып өмірден өтті, олардың есімін ұрпақ алдында тірілту азаматтарына міндет. Тірлікте сынасу бар, мінеу бар.

– Ырқына көндіруден басқаны білмейтін сыңар езу бір бет бар, ақылдыны мақтауды көп ретте көпсініп аузымыз бармайды, оның менен несі артық деген пасық пиғыл кеудеде ұлып тұрады, – дер еді Шамиль.

Қазақ ұлылығы:

« Төбеде тұрсаң да танауыңды шүйірме,
Төменде тұрсаң да тізе бүгіп, иілме» .
Орынтақтың қызуы өрттей болып,
Танауын шүйіргендер жетерлік.
Адалдық ауылына жетпей қонып,
Жүретін бар желкеудені көтеріп.
Жағынып биік, биіктерге,
Иі түсіп, иілетін жағымпазды,
Кісі деп аяғаның бекерлік.
Қызғаншақтық шайтанның ісі,
Біссімілда деп басын қиып өтелік», –

дегендей ме?

« Біздің елдің адамдары шетінен өнерпаз, ойшыл, осылар тұрғанда қазақ ұлтының әдебиеті де өнері де өлмейді»

деуші еді. Расында, Ойылда қандай басқосуларда, жиын, тойларда Мұхиттың «Айнамкөз» әнімен ашық аспанның ауасын дірілдетіп тұрушы еді. Мұхит «Қаратөбеден» ән салғанда «Сарбиеге» үні естілетін деп үлкендер аңыз ететін. Міне, Мұхит та өтірік өлді, денесі о дүниелік болғанымен өнері, жаны ел арасында тірі жүр. Шын өлу мен өтірік өлудің ара жігін кеңінен тану жамандықты қоздырып жүретін, өлім келмейтін шайтанның зұлымдық кесірінен құтылудың амалы болса, көне!? Ол үшін жан шындығына жүгіну керек, кейбір саппастан түңілу керек.

« Сапас саспайды»,
Тірлігін оқсатуды білмей,
Тарихын түгендеп жүрмей,
Өзінің кім екенін де білмей,
Жөн-жосықсыз қақсайды.
Қайыр көрмей күшінен,
Береке таппай ісінен
Әлдекім аталып
Өтірікке маталып,
Адам қор боларында
Ақылға қадам баспайды.
Тасқа соғып басын,
Өлі түскен шаршайды», –

деген Қымырдың толғанысын тыңдар құлақ болса, көне? Ұлт өмірі қуанышқа ғана толып тұрса кеуденді ерекше сезім керенеп кетер еді. Халық шындықты көреді, шындықты тыңдайды, өмірдің рахаты деген сол деп түсінесің. Осы сөзден Шамиль аталы сөз айтқалы тұрғанын аңғартқандай болды да: «Дүзелбай нағашым өз мұңын жұрттан жасырса да көрген түсіне сеніңкіреп қолға ұстатқандай оқиға» деп айтып отыратынды. Көзі ілініп кеткен. Кешегі есалаң қызараңдап:» Дәуренің өтті, енді құрисиың, ай далада сүйегің қаңсып қалады. Байлық түбі ажал екенін енді білдің бе?» депті.

Өкіреңдеп жағасына жармасқысы келгенде бөлмедегі тарғыл мысықтың оған тесірейе қарап тырнағын жазып

мияулағаны әлгінің ойын бұзды ма, қамшысын қонышына соғып тырш деп есіктен сүйретіліп шыққанына терең толғаныспен қатты ойланған екем. «Ой жобасы сүргін салуы тарғыл мысық жынпері болды ма? Алаңсыз тірлікті көпсініп, қанкешуді ұнататын құзғындық дүниені шайқай бастады. Түптеп келгенде, қолшоқпар зұлымдық күш алды, дегеніне жетер ме екен», – деп толқыған екем. Кейде сықсиган терезеден күн батса бір шашы жалбыраған албасты сақсақ күліп тұрғандай елес те береді. Иманын үйіріп құтыламын әйтеуір.

Енді сол үрейлі көріністерді ұмытқысы келіп қаперсіз ұйқыны жалғастырғысы келіп аңсады. Адам қатты толқып, қатты уайымға батқанда нетүрлі түс көретіні болады. Оның кейбірі өңінде аумай, төкпей келіп жатады. Шырт ұйқы жалғасты... Айналада толған өлік. Адамды адамның аяушылығын қара мысық боп көрініп жүрген жын шайтан жарыса қимылдап барды. Байқа, көзіңе маса болып та көрінетін зәлім ібіліс әлденеден қорыққан сыңайыңды байқаса оңдырмайды. Құдайдан безген шайтандарға өлім жоқ, көз жаздырмай омақастыра салады. Дүзелбайдың кейде көрген түсі өңіндегідей аумай келетіні барды. Содан өмірге деген сенімі нығаяды.

Көкірегі термелейді.

« Өгіздің мүйізіне шығып алып,
Құмырсқа таудаймын дер, қыбы қанып» .

Құмырсқадай қыбырлағандар,

Жағынып жыбырлағандар,

Байды сүріндірдім деп,

Тірлігін бүлдірдім деп,

Қалжың төлкегін үдетті.

Байды түрмеге үңілдірдім деп,

Құмырсқа тобыр гулепті.

Құдіретке теңелеміз деп,

Бақытқа бөленеміз деп,

Социализмді ұғамыз деп,

Бақытты боп шығамыз деп,

Анығына жеттік деп,

Көкке өрлеп кеттік деп,
Бірін-бірі көтере сөйлеп,
Көкіректен қоңқиып апты.
Түсініксіз қожаңдағандар,
Қозқоламтаны үрлеп жақты.
Өртті жалындатты,
Қайғыны қалыңдатты.
Тонаумен семіргендер
Ақырында бірін-бірі соттатып,
Өлермен өздері де,
Түрмеден орын тапты.
Өз көрін өздері қазып,
Ажалдың ізін бақты, –

деп күнәһарлар мен кінәлілардың қиянаты бұ дүниеде қайтып жататынына Дүзелбайдың көзі жетті. Кім біледі байлыққа таласқан, антұрған зәлім тобырды шайтан ұйтқытып отқа салғаны, олардың ұрпағы да адалдықтан безіп шығатынын біреу көріп, біреу көрмес. Біреу біліп, біреу білмес. Бостан бос даңғырып жүретіндерге ештеңе белгісіз боп кете барады. Жалған дүниеде адам айтқысыз шаттыққа бөлендім, менен асқан бақтыты адам жоқ деп ешкім айта алмас. Адам уақыттың азабын да көреді, мазағын да көреді, күнелткеннің күні артық деуді де сезеді. Аяғын алшаңдап басқандардан безеді. Саясаттың ұйтқи соғып тұрған боранында үстемдігін жүргізгендер адалдықты, жан тазалығын пендеге көпсінді ме? Көпсінді. Үреймен түншықтырды.

АҒЫП ТҮСКЕН ЖҰЛДЫЗДАРҒА ҚАРАП

Әкем Бекқазы ашық аспандағы жұлдыздар ағып түскенде дұғасын оқып:» Өне, бір адам о дүниелік болды» деп жаны күңіренгендей болатын еді.

– Өттең, дүние-ай, бір тойынып өлсем арман болмас, – деді ме? Жанындағы қорбаңдаған жұпыны киімді жүдеулер оның сөзіне жауап қатпайды. Жауаңдап кең далаға қарайды да ой толғайды:

Қазыналы кең дала,
Көңіл күйі, сен ғана.
Құшсам, өттең сыймайсың,
Құшағыма, жырға да.
Жазылмаған жырымсың,
Айтылмаған сырымсың.
Бесігім болып тербеттің,
Сенде еді өмір тынысым,
Тынысыңды тарылтсаң,
Тірлік еткенің құрысын.
Туған жерің қашанда,
Байлығың, бағың, ырысың, –

деді де туған жерімнен айырғасын, тірі жүргенім құрысын, – деп қырсыққан жылдарды келістіріп айтқысы келседе пікірін бүгіп қалды. Жыртық көйлек, жыртық шалбарлы әбден жүдеген адамның сөзін кім тыңдайды. Екіншісі есін шақырып күбірлеп:

– Жаратушы Адамның қай тілегін орындапты, – деп іштей толғанған да болар. Кейде пенде қызық, жақсылық көрсе ұмытады, жамандық көрсе өзімен демей Құдайды қарғайды. Не деген ессіздік, кей адам не деген күлкілі, иланатынға иланбайды, ақихатқа жүгінбей, қыбыр-қыбыр, күйтің-күйтің тірлікке мөз-тін. Оның да ақыры барын алдын-ала түсінсе ғой. Үрейден басқаны сезбейді. Байлық бар, жер құнарлы, пендесін асырауға жетеді, бірақ құр қол күрмеулі, байларда асып, төкпе дәулет болса да жоқ, ақымақ емес, неге кедейлерге тегін береді. Адам өмірде жолаушы емес пе, бар тамақты, ол-пұл керек-жарақты бірімен-бірі бөліспес пе? Әлді әлсізге қараспаса иттік демейсің бе? Байлыққа масыққан залым аз ба, сұмпайы иттен сорпасын да қызғанады дейсің бе? Дей бер, баршылық жоқшылықты мүсіркей бермейді, неліктен? Өзі тамаққа ыңқая тойған Адам өзгенің аш жүргенін білер ме? Іштен шыққан баласы болса да өзін-өзі асырай алмаса, тірлігіне жетер азығын үнемдей білмесе обалы өзіне! Не қара көрініпті көзіне. Жалғаншының сеніп жүрсе сылдыр-

сұйық сөзіне. Байлардың мақсаты да, қалың қайғысы да өзгелерден асып тұру, дәулетіне масығып күржиіп әлсіздің пысын басып тұру. Жолаушы дедік-ау о да бар мен жоқты біліп, тірлікті терең ойлап, маңындағыға көзін түсіре бермес. Қай заманның да, зар, мұңын дала қаншалық білсе де, төгілген қанның иісімен тұншықса да суық қалпында жасырып, үнсіз жатады. Ағып түскен жұлдыз көлге құласа, көлде үнсіз... Бәлкім, жел ызыңдар. Аштықта қырылғандардың соңғы үнін жеткізер.

Сол Орынбор даласын шарлап, тірі жүруді армандап еңсесі түсіп келе жатқандар. Алдарынан күн шыға ма, түн шығаға ма, ас ішіп өздеріне өзі келе ме, әлде қабағы айқасып, қарыны қабысып, жанын бере алмай арпалысып өле ме, бәрі белгісіз. Жұбанғысы келіп кейбірі әндететеді:

« Болады түс қайтқанда ұлы бесін,
Ажалдың кім біледі ерте, кешін.
Әлеумет құлақ салып тыңдасаңдар,
Айтайын Ертілеудің өңгімесін.
Келемін Орынборға арып, ашып,
Үстінде көк арбаның түсім қашып.
Осыдан аман, есен елге барсам,
Анашым қарсы алады есік ашып.
Қазақтың мен өлгенде несі құлар,
Қансұлу қарындасым, шешем жылар.
Ертең де оралар-ау ұлы бесін,
Кім білген адамзатқа ажал өшін.
Үдей түскен аштықтың әлегінен,
Үгіліп тұр бойдағы қайрат, күшім... » –

деген оқу іздеп, ашқұрсақ жүріп, өкпе ауруымен қан құсып дүниеден өткен Ертілеудің зарын еске алып, айта-тындар да жоқ.

– Жас шағымда көргенім, көкірекке түйгенім ашыққан көпшілік ажал алдында тым жуасып қалатындай екен, – деп орынборлық Зәйт Мерғалиұлы сексеннің сеңгіріне шықса да өзінен гөрі өзгені бақытты ететіндердің аздығына қынжылыс білдіріп:» Қазақитәлім, тәрбиенің негізі әлсізге

мейірім, жарты құртты жарып жеу, деген татулық неге азайды. Бәрін құртқан қоғамның үрейі ме? Кеңес үкіметі құлады, жаңа қоғам екпіні қайратты, бірақ, қарапайым халыққа зияны тимеуі керек қой. Оқыған, тоқығаны мол көзі қарақты билеушілер халқы үшін қиянаттыққа ұрынбауы керек емес пе? Аталарымыздың аштыққа, қуғын-сүргінге ұрынуы, басқыншылықтан, ұлтын қорғай алмайтын намыссыздықтан, надандық, білімсіздіктен дедік. Бүгінгі оқығандарға не көрінді? – деп өткенге де көңілі көншімейді, бүгінгіге де көңілі олқыланады.

– Жұрттың біразы неге мазасыз, әлемнің тынышы кетулі. Дүлей күшті бар, оның маңында бұғып жүретін аянышты әлсіз бар. Теңсіздік...

– Біз өткен қоғамда билеушінің үлкені болсын, кішісі болсын, алдына ісіміз түсіп барғанда дауылда қалтыраған ағаш жапырағындай сескеніп тұрдық. Айтқанын орындадық, жөнсізін жөн көрдік. Ақыры неге кеп соқты, қоғам құлады. Сол әлсіздікті жекешелену тұсында дерегі барлар пайдаланды, биліктің іші кеппейді, оның оң, терісіне ақылың жетпейді, – деді дастархан басында қараторы, жігіт ағасы, өткір көзді Алтай:» Сол Ертілеудің зарын анамыз айтушы еді. Бақсақ елін сағынады екен. Жайық өңіріндегі жастығын сағынады екен. Туған жерін қадірлеу, жоқтау ұрпақтың қанында қалсын дейді екен. «Өлсем рухым ата, баба зиратына қосылар-ау, бірақ аруақ о дүниеде денесі жат жерде қалғанына өкініп тыныштық таппас. Қазақтың сүйегін далаға тастамас дегені тегін емес» – деуші еді. Қайтеді, төркілеудің зұлымдығында Орынборға қашып, бетегеден биік, жусаннан аласа боп, үреймен күн өткізіп, қорқыныштан жаны тырнағының ұшына іліккен аналар, әкелер, ағалардың біразы о дүниелік. Орынбор топырағында, негізі қазақ жері, алғашқы астамыз ғой» .

Алтайдың да Зәйіттің де ойларын байқап отырмын. Ажал жетті, туыс, туғандар топырақ бұйырған жерді мәңгілік мекен етті, саясаттың зұлымдық құйыны айдады, желге ұшқан қаңбақтай тірілері туған жерден аулақта дәм, тұз татты. Сақтанып сақ жүрді, өгейлік көргендей өкінішін ішінде тұншықтырды. Зарықтырулы мұң

көкіректе жатты. Ауыр тірлік, рахымсыз тағдыр. Сенім, үміт теріс айналған үрейлі уақыт.

Дәм дегеннен шығады, байларды тәркілеу кезінде аш құрсақ, жетім қалған балаларға тамақ жоқтықтан қойдың құйрығын жіңішкелеп турап, шиге түйреп еміздік есебінде сорғызатыны, кейбір аналар, қозы, лақты көрпе астына тығып, жасырып қалғанын, түрлі зұлмат оқиғаны Зәйт Мерғалиев білсе де Алтайдың есінде жоқ. Алтайдың албырт жастығы Орынборда өтті, оқыды, алғыр маман атанды. Орыс тілді адамдермен тең сөйлеседі. Ешкімді жатырқамайды, қазақи қанында мейірім, инабаттылық нәтижесінде қатар, құрбысының құрметіне бөленді. Қанаты күйген шыбындай тыпыршып зарлаумен өткізген үлкендер өмірін жастардың көбі ұмытқан. Саясат қалай құбылса пенде солай тез икемделеді. Замандасы жақсы десе кәдімгідей серпіледі. Өрннің ыңғайын күтіп, ой жіберіп, жан-жағына көз салмаса бола ма?

Осындай ойымызды есіктен кірген Ақбілектің жұмсақ жүзі назар аудартты. Қолында-ғы хатты әкесі Зәйт Мерғалиұлына Ресей Президенті Путиннің Ұлы жеңіс күнімен құттықтаған сөзін оқыды.

– Рахмет, қызым, ақшасы жоқ па?

– Зейнетақы да жетеді ғой.

– Көп ақшаны қайтесің?

– Е, Сарықтас ауданы, бесінші бөлімшедегі туыс, туғандарымыз жатқан қорымды қоршап, сосын ауыл молдасына қайырым жасасақ артық па? – деді Зәйт. Қайтеді, алты баласы осы жерде дүниеге келді. Алтауын да анасы Зылипа бауырына басып, өсіріп, тәрбиеледі. Інсі Сақыш екеуі мал бақты. Жері қандай құнарлы еді, отыз мыңға тарта егістігі бар-тын. Үш мыңдай ірі қара өсірілді. Малды рынок басталысымен күйедей сыпырды. Бүгінде шаруашылықты Черномординнің үлкен ұлы жекешеленді. Қазір егін шаруасында немістердің техникалары, баптау, күту технологиясы да жаңарған. Егін шықпады деген әр жылдың өзінде гектарынан он центнерден өнім алынады. Былтыр Найл Гибадуллин басқаратын шаруа қожалығы бір жарым мың гектар алқаптың он жеті центнерден өнім алыпты.

Ал» Орынборг-Иволга» агроөнеркәсіп бірлестігі бір жылда егіншіліктен үш жүз миллион рубль табыс тауыпты, – деді Алтай Жоламанов өзінің астық шаруашылығындағы қызметін айта отырып.

– Аһ ұрып, көз жасымызды тия алмай, қайғы кешіп жүріп армандаған еркіндікті көруге зар болып өткен кезеңді ойласақ, қабырға қайысады, – деді Зәйт. «Талайдың жарығы күнінен бұрын өшті, көлге құлаған жұлдыздай ағып түскені қанша ма? Бүгінгі қиындықтың бәрі түк емес қой... Дастахан толы тамақ, бір үзім нанға зар болған үрейлі жылдарды ұмытпаймын. Орынбор өлкесі өлілердің ашылмай жатқан тарихы», – деді. Оның ойын тірілтіп Орынбор мұрағатын зерделедік...

Төбе шашың тік тұратындай оқиғаларды тарих бетін ақтара берсең, іздей берсең бүкпейді. Совет үкіметі жарылқайды, дедік, құба-құп. Өйткені, қара халық отарлық езгі, байлар мен кулактардың зұлымдығынан көзі ағарды. Кедейдің көңілін табамын, бақыт шырағын жағамын, деген үкіметтің кірісі әлсіздің ойынан шығып жарасса да, үстемдік иелері бай, кулаққа жараса қоймасы анық-тын. «Степная правда» газетінің сарғайған беттерін парақтап көріңіз. 1922 жылғы аштыққа үкімет кінәлі емес дей аласыз ба? Қаз ССР бойынша 53 уезд 1127 болыс, 8136 елді мекенде 5 миллион 212 мың 651 адам болса, (1918 жылғы аштықта 2, 5 млн адам аштыққа ұрынды деген деректі қосыңыз) аштық зобалаңынан өке-шешесінен айырылып жетім қалған 219 мың 326 бала және 1 миллион соғыс мүгедегі өлім халінде деп есептеліпті. Осы газеттің 82 санында КЦИК басқармасы С. Меңдешов пен КЦИК хатшысы С. Садуақасов жетімдер мен мүгедектерді қамқорлыққа алуға үндеу тастапты. Губерниялық комитетте қызмет істейтін 94 басшы жетімдерді тікілей бақылуға алады, өздері жүрген жеріндегі аш балаларды үйлеріне паналатады. Демек, 1922 жылғы аштықта 1 миллионға жуық қазақ қырылды деген дерек шындыққа саятыны жетім балалардың есебі анықтағандай. Өйткені, түрлі құжаттарда Ресей патшалығының ХУІІІ ғасырдың 30 жылдарындағы кіші жүздің өзін отарлауды жымысқы

саясатпен жүргізуіндегі санақта байұлы 500-550 мың, оның ішінде адай 80-90 мың, ал әлімұлы 300-350 мың делінсе, Семейде 604564, Сырдарияда 741811, Жетісуда 515001, Ақмолада 389204, Маңғышлақ уезінде 63795, Астархан губенрниясында 207299, Омск уезінде 38185, Томскіде 26643, Тобыл облысында 5148, Ташкент уезінде 163105 осынша қазақтардың өмір сүргені руларын атап-атап, олардың ері, әйелі қаншалығы есепке алынған. Бұл Ресейдің отар халқынан салық алуы үшін нақты есеп екені даусыз. Осыншалық жіктеп, тәптештеп санау отарлық езгіге, тіпті бір руды бір руға айдап салып, бас көтертпей ойрандап отыруға әбден қажетті тәсіл. Әлдіні әлсізге езгілету қырылдырып, құртудың алыстан ойланған зәлімдік амалы. Мұның бүгінгі ел тарихы үшін қажеттілігі қызыл коммунистік басқыншылықта аштық, соғыс, халық жауы делінген зобалаңында қаншама адамның жазықсыз қырылуын сипаттайтын дерек. Өткенді ұмытпау, сақтануға мезгеуді ұрпақ жадына сіңіру үшін қажет. Ауыр да, ащы кезең өреліні арам қатырған, кісідегінің кілті аспанда, деп өзгеге емес, өзіңе сену, бұлтылдап тұратын саясатқа алданбау. Қилы-қилы тірлікті түсіністікпен қабылдау, жатқа жалбарынбауды есіңе алдырса құбақұп. Осыны дала даналары, Қазақ аспанының жұлдыздар шоғыры атанғандардың бәрі де ойлады. Рас, ата-бабаларымыз ғылым, білімді аңсады, қолы жеткені ашқарақтана ойға түйді, өзгені де соңына ерітті.

Орынбордағы оқу орындарында 1850-1869 жылдарда отыз қазақ жастары оқыса, кейіннен оның саны 57-ге жетеді. Үш ағайындылар Айшуақов, Арғынғазиев, екі ағайындылар Алдияров, Бірімжанов, Сүйіншқалиевтер және Жансұлтан Шумақов 1877-1891 жылдардың білімді түлектері екен. Айта кетелік А. Бірімжанов мемлекеттік думаның 1-2 шақырылуының депутаты болған. Ал Орынбор гимназиясын бітірген 18 қазақ жастары Қазан университетінің заң факультетіне түседі. Осында ұстаздық білім алған Балғынбаев, Тақтабаев, Залиевтер Ақтөбе, Қостанайда мектеп ашып жастарға білім береді.

– Олардың қай-қайсысы да Қазақ ұлтының оқу, білімге

ұрпақты алғашқа ұйытқан жарық жұлдыздары еді, – дейді орынборлық қарт Имаш Исағалиұлы:» Орынборға әкем, ағаларым 1928 жылы байды жаппай төркілеуде бассауғалап қашып көшіп келген. Ата, бабаларымыз Ойыл өңірінен еді. Төрт ағайынды Есенғожиндер де төркілеудің қанды тепкісімен Сібірге жер аударылса, Дәукен ағамыз тұтқыннан қашып шығып Орынбор елінің халқының арасына сіңген. Бұлар аты, жөндерін өзгертіп үреймен өмір сүрді. А. В. Федорованың мұрағат қорындағы құжаттарда Қания Исахметованың жанұясы отызыншы жылғы аштықта қырылып қалған. Қания 5 жасар інісімен екеуі балалар үйіне алынған. Ал, Орынбордың елді мекендеріне алғашқы қазақтардың қоныстануы 30 жылы советтің қуғын, сүргін зобалаңынан жер ауған Сатаев, Атаев, Есенбаевтар өздерінің аты, жөндерін жасырып итшілеп тірлік еткен... «

Міне, бесінші ауылдың бүгінгі тірлігі қақында Маржан Дәрітова былайша ой қозғады:» Жас кезімізде осында мыңға тарта ағалар мен апалар бар еді. Үлкендер тіл мен ділді, дінді үйретті. Орысша оқысақ та қазақи қалыптан жаңылған жоқпыз. Қазір кеңшарымызда қариялар аз» деп ойға шомды.

Қазір Орынбор облысында 111 477 қазақ, яғни облыс халқының үштен бірін құрайды. Орынбор қазақтары Мұқтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Беймбет Майлин, Сәби Мұқанов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Сәкен Сефуллин сықылды ұлт жұлдыздарының білім алып, алғашқы астанаға қызмет еткеніне мақтанады. Ал, қалада» Кәрімов, Хұсайынов К» баспаханасынан 1900-1915 жылдың өзінде 117 қазақша кітап шықса, бүгінде» Айқап» газеті, және 12 қазақ мәдени-ағарту орталығы ұлттық рухты насихаттап келеді. Олардың бәрі де Қазақстанның өсіп, өрлеуін біліп көңілдерін көтеріңкі ұстайды. Әйтпеске, шарасы жоқ, бабаларының көз жасын көрді, ажалынан бұрын өлгендердің қайран өмір-ай деген соңғы сөзін тыңдады. Қазақ ұлты данышпандығымен әлемге танылғанын біледі, қабілеті жоғары бола тұра қатал зұлымдыққа жаншылғанын ұрпақтан аулақ болғай

деп күңіреніп кетеді. Ұлылық жаңарар, даналық оралар деген үміттерін пасықтық пен сұрқиялық қастандықпен үзгеніне өкініші о дүниелік болғандардың қайсысы айта алды дейсің. «Өзіңнен зорлар шықса жаның сонда шығар» деген сөз қалды.

Өткен ғасырдағы алып тұлғалардың ағып түскен жұлдыздай аруағы бүгінгі еркіндік-ке риза болғандай түсінеді. Қайтеді тағдырдың бұйырған дәмін татып қандастардың шат жүзінен ақжарқын күлкі, көңілінен қуаныш сезім арылмасын деп аттандық. Олардың қай-қайсысы да атқаратын қызметтерінде жұртқа күлкі болмай, кісіліктерін көкке көтеріп абыройлы атанса аруақтардың жебеген, Алланың көзі түзу болғаны шығар деп түсінесің...

МЕДИЦИНАНЫҢ ЫБЫРАЙЫ



Сіресіп жатқан сіре қардың көбесі сөгіліпті. Сай-сала, арық, жылғаларға сылдырап аға бастаған су, жыра-жықпыл, төбе-төбелер қарайып қапты, ертеңгіліктегі күн сәулесі өзендегі су бетіне нұрлы жарығын шашып, әртүрлі ойнақ салады. Көкгемнің өз бояуы құдіретті суретшіден кем емес. Өзеннің арғы бетіндегі жалғыз теректің бұтақтары буазып, оның биік басынан ұзақ қарғалар ұшады, тірлік әрекеті. Адам да өмір сүруге осылай құлшынады.

Өзеннің екі қапталында құс тұмсығы өтпестей ұйыса шыққан жабайы талдар, теректің арасындағы күрткі қар ортая түсіп, әр жерден су омырып-омырып жыра

жықпылға қарай ағып жатыр. Дала көрінісі, қуаныш, мұң, түгел тірлікті сыйғызып, жұмбақ құбылыспен өтіп жатады. Жаңарады, түлейді, тозады. Өзеннің өткел беретін тұсы-кең қолтығындағы қара жол үстінде қылаң ат басын шұлғиды. Көктемнің жан тұшынтар мамыражай қасиетін сағынып қалғандай дерсің. Жан-жануар рахат табар көктем айындағы күн қызуына қыздырылған жердің иісі әсем-ақ. Тоң астынан тепсініп, теуіп шыққан көк қылтанақ шөптерге жан бітіп тамыр дәрідей хош иісін шаша бастаған. Күйіготі, сары бас жусан, изен, алабота шайыр шөптері күн қызуынан қуат алып дүркірей көктеп шыққан. Жаратылыстың құдірет-күші, жаңару емшісі, өлімнен құтқару түрткісі, жұмсақ желі, қуаныш күлкісі, бәрі жарастықты болса да табиғаттың өсімі, өлімі бар. «Адам да табиғаттың өсімдігі, ауырса емдейтін де, өмір сүруге бейімдейтін де, жаратушының меңзеген мезгіліне жеткізетін де дала құдыреті» деген өн бойын билеген сезім бар. Бірақ, Қарабаев көптеген ойшыл пікірін сыртқа шығара алмайды. Әлі жас.

Бір топ үйректер су бетін қанатымен сызып өтті де, қайта жоғары көтерілді. Ніл түстес ашық аспанда біраз ұшты да сиректеу қоға өскен жерден берірек қара тұңғиыққа қонды. Қара иірімінде толқыны баяу желмен қабырғаланып жатыр. Табиғатқа құмарлығы бала жастан басталғанын Мұхаметжан есіне алды. Несімен қызықты? Жоқтық азап па? Бәрібір өз өмірі.

Қылаң атының қасына күпілі бала келді. Қолында шыбығы бар еді. Басындағы көнетоз түлкі құлақшынның күнқағары жыртылған-ды. Жұпыны бала жеңімен мұрнын бір сүртті де көк иірім толқынға қарады. Өмір осы толқын ба? Жартқанның өмірі, оны да кім түсініп, кім ұғар.

Есепсіз толқында ойнақ салған күннің сәулесі. Оның көлеңке бетінде бала, қылаң аттың да, жағадағы балдыры, төкашпар теректердің суреттері зорайып түсіп тұр. Осындай балбыраған табиғатқа да пенде опасыздық жасайды, адамдарда ар-ожданнның тазасы неге аздық етеді?

Бала сол суреттерге қарап тұрып қолын ербеңдетеді. Қолтығы сәгілген күпісінің де суреті ап-айқын.

Осы кезде қыжым күртеше киген, қайыстай қара әйел шаптығып:

– Әй, жүгірмек, ербиіп неғып тұрсың?

– Малды өріске шығар! – деп әмір етті. Бала көңілі күрт түсті, қорлықтың азапты үніне тұнжырап жас өмірі жараланды. Ол-ол-ау, бала аяғының астынан жылан шаққандай шошып кетті. Еріксіздік зарын тартқан жаралы жүрегі сыздап қоя берді. Адам екен дел, елжірейтіндер болар ма екен? Табанымды шөнге, маңдайымды күн тессе де зая кеткен балалығымды ешкім де аямас па? Әркім бір дікеңдейді, бөлкім өзінен өтіп, маған жеткен жастығымды қызғана ма? Пенденің бір-бірінен сонша артықшылығы неде? Жастық қана емес, ақыл мен ой бірінен бірі артық. Менің тірлігім кісіге қарап тұрмас, – деп Мұхаметжан алысқа көз тастады. Тым-тырыс мүлгіген дүниеден арманын іздеді. Сиқырлы тірлік жылт етеді де, жоғалады. «Адам мәңгілік өмір сүре алмайды, ауырады, өледі, жанын қинайды. Дертіне ем іздейді. Таппайды. Қорланады. Бөлкім мен табармын. Қиялға беріледі. Дала сүгіреті, батыр күннің нұры көкшіл аспан етегіне қызғылт сәулелі бояуын жаққан. Жел тынды. Көп ұзамай жұлдыз шығады. Өзі де жұлдыз боп жанғысы келді. Қалың тұман басқандай көрінетін елден кеткісі келеді. Жұлдыз сәулесін іздейді. Қиялға шомып, үйінің алдына келді. Өмірге құштар көз жанары өткір-тін.

Ақ бауыр титімдей құс шыр көбелек айналып ұшып жүр. Әсіресе, осынау күпті балаға қарлығаш жақындаса жұғыса кеткендей ұшады. Оның ұясын да біледі. Үй қабырғасының биік қуысында. Оны бала үркітпейді, қайта оған мейіріммен қарайды. Өйткені, балаға пана да, ақылшы да, қамқоршы да осы титімдей құс секілді. Қарлығашым менің, көктем сайын келесің. Маған әкелетін қандай қуанышың бар? Бақытсыздық зарын шеккен пендеге жақсылығың бар ма? Қарлығашым менің, келе бер?

Бұл – Қарабай шалдың баласы Мұхаметжан еді. Мына ақ тамақ құс та бейкүнә. Бала да бейкүнә. Жұпыны ауылдағы пенделердің көбі мейірлі, бірен-сараны қатыгездері де баршылық, . Жұртты тасаяқтай қағыстыратын байы бар, биі бар. Ақымағын түзейтін қазақи тәртібі де берік.

– Ей, қарлығашым, сенде еркіндік бар, сен еркіндік өмірдесің. Қанатың талғанша ұшасың. Менде еркіндік те, теңдік те жоқ. Бейнетті өмірдің әр күні жылға татитын азап қасірет. Менің шерлі жүрегімді ұқпайсың-ау, қарлығашым, – деп Мұхаметжан тағы да әкесіне мұңын шақты, жылады. Қайтеді, әкесі құл.

– Жассың ғой, оқи аласың ба?

– Оқимын. Естіп жүрсің ғой, оқығандар өмір де озып тұр. Әкесі ойланды. Малын сатты, қаржы жинады. Ұлын шыттай киіндірді. Троицк гимназиясына түсірді. Николаев уезі, Торғай облысынан оқуға аттанған алғашқы қарлығаш деп әке жаны ұлының болашағынан жақсылықты асыға күткендей еді. Мұхаметжан жол үстінде келе жатып, балалығының осындай бір сәтін есіне алды. Аяулы да, шаңша шалынып қалған балалығы діңкесін құртты ма, әлде қазақ халқының қайғылы әр күні жоқтық, індетке толы өміріне қайғырып:

« Қара түнек заманның ақыр соңы болар ма екен? Ел басына төнген ауыр азаптан құтылар кез бар ма? Қайда барсақ та, індет, өлім, қан жұтқан азалы өмір. Төбе құйқанды шымырлатады», – деп күңіренді. Денесі де, дел еал, сол азап шеккендерге азғантай болса да қызмет етуді дегбірі қаша ойлайды. Онысы іске аса ма, жоқ па, әзірге дүдәмал. Троицк гимназиясын бітірген Мұхаметжан дүйім елінің кәдесіне жарауды шындап діттеген еді. Қазан университетіне түсуге өтініш беруі де сондықтан.

Бұл туралы Николаев уезінің бастығы Сипалков Торғай соғыс губернаторының атына жазған хатында:» Маған» Кеңарал болысының 4 ауыл тұрғыны Мұхаметжан Қарабаев биыл Троицк гимназиясын бітіріп, 1881 жылдың 14 маусымында алған №315 кәмелеттік аттестатын өтінішімен қоса беріп, менен Қазан университетінің медицина факультетіне түсіруге көмек сұрайды. Аттестат бойынша барлық сабағы» қанағаттарлық», ал тәртібі» өте жақсы» деген бағамен бітіріп шыққан» (Қазақ мемлекеттік мұрағаты. 25-қ. 1-т., 5-б.).

Ақырында оның екіұшты ойы, екіұдай көңілі көншігендей болады. Мұхаметжан 1881 жылдың күзінде

Қазан университеті медицина факультетіне оқуға түседі. Бірақ, елінен емірене көмектесіп, қол ұшын беретін ешкімі болмайды, әке-шеше дүние салған-ды. Жетім көкірек шерлігінен ер жетсе де арылмайды. Қаражаттың тапшылығы, тұрмыстың ауырлығы қыр соңынан қалмайды. «Қайырсыз байдан безсе де, елін, қара халқын ойлап ондайда көкірегі қарс айрылады» .

Көзімді тырнап ашқаннан бері көргенім зәбір, жапа. Пенде азап үшін өмірге келе ме деп бармағын тістеп кіжінүші еді. Сонда да жігерін шыңдап, болаттай суырылып, «Бәрібір қандай қажығандықты да жеңіп шығам!» деп серт ететін.

Бірақ, аштық, жалаңаштық қалайда тіршілік қиындығын көрсетеді. Оқудың екінші жылында ауыр сырқаттанып, курстас жолдастарынан қалыс қалып қояды.

Дегенмен, Қарабаевтың білімге деген құштарлығын, талабын ескеріп, университеттің ғылыми кеңесі Мұхаметжанның университетте; одан әрі оқуына мүмкіндік жасайды.

1883 жылы қыркүйек айында Қарабаевтың Торғай губерниялық соғыс губернаторына жазған хатында былай делінген: «Денсаулығыма байланысты (дәрігер Панорамов қол қойған куәлігім бар) емтихан тапсыруға мүмкіншілігім болмай, екінші курста екінші жыл қалуға мәжбүр болдым. Ал, Қазан университетінде бір курсты екі жыл оқығандарға стипендия берілмейді. Сондықтан тұрмыс жағдайымды ескеріп, стипендиямды тоқтатпай алып тұруыма көмек етсеңіз екен» .

Осы хаттың негізінде сол жылдың он сегізінші желтоқсанында университет ректоры Қарабаевқа екінші рет стипендия тағайындайды, Мұхаметжан осындай кептеген тауқыметті тарта жүріп, 1887 жылдың көктемінде Қазан университетін бітіріп шығады. Бірақ, оны өзінің теориялық білімі қанағаттандырмайды да, білімін толықтыра түсу мақсатында Қазан қаласындағы ірі клиникаларда бір жылдай тәжірибелік жұмысқа қалуды ойлайды. Оған оның мына хаты дәлел болады.

« Университетте теориялық жағынан ғана білім алдым. Тәжірибем аз. Ал, дәрігерге адам өмірі мен денсаулығына

жауап беруге тура келеді, – дей келіп, хатының соңында, губернаторға сіздің бұл көмегіңіз біліксіз байтақ өлкеге істеген қамқорлығыңыз болар еді», – дейді.

Зарыға да, аңсай да күткен білімді меңгерген Қарабаев әуелі Орынбор қаласында қызметте болады. Бұл жерде де ол біраз тәжірибе жинақтайды, адам жанын ұғады. Содан өз мамандығын жақсы меңгергеннен кейін 1888жылдың бас кезінде еліне қайта оралады. Келісімен Қостанайда қалалық дәрігер болып қызметке орналасады. Ол кезде әлденеше он мыңдаған халқы бар Қостанай қаласында небәрі төрт орындық кішкентай ғана емхана қызмет істейді. Басқа жерде емдеу орны жоқ. Бұл жерге жалғыз Қостанайдан ғана емес, бүкіл Николаев уезі халықтары қаптап келіп қаралатын көрінеді.

Шынын айтқанда, Қарабаев бұл кезде уақытпен санаспай, еңбек етуіне тура келеді. Адамдарға дәрігерлік көмек көрсету қарызын ойласа кей түндері де мігір тапқысы келмеген. Қаншалық қиындықтар оның алдында кесекөлденең тартылады. Қостанайда қайткен күнде де 15-20 орындық емхана ашуды қажет етеді. Бірақ, қанша сөз қозғалса да, уезд басшылары бұған көңіл аударып, қаржы бөлуді қаперіне алмайды. Тым бей-берекет, аяушылық жоқ, халық жағдайын айтса, уезд басшылары тыжырынады. Себеп жаны ашымайды, ауырса өлер деу.

Ал, Мұхаметжанның жеке басының жағдайы, оның жалақысын өсіру туралы олардың ойына кіріп те шықпайды. Өйткені, қалалық дәрігердің айлығы мемлекет қорынан емес, үй басы сайын тыйындап жинаған аз ғана қаржыдан тұрған. Ал, уездік дәрігердің мемлекет тарапынан алатын нақтылы айлығы болған екен. Сондықтан Қарабаев 1888 жылдың сегізінші маусымында облыстың дәрігерлер басқармасына:» Мені уездік дәрігерлік қызметке тағайындауыңызды сұраймын. Өйткені, мен жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрыптарын жақсы білемін» деп жазады. Жергілікті уезд бастықтары Қарабаев Қостанай қаласындағы емес, бүкіл Николаев уезіндегі ауру адамдарды қарап, күні-түні мігірсіз жұмыс істеп жүргенде керек десеңіз, астына мінетін көлік те бер-

мей, оның тұрмыстық жағдайына немқұрайлы қарайды. Сол тұста Николаев уезінің бастығына жазған бір хатында» Қостанайдағы халықты емдеу және оларға жедел жәрдем көрсету үшін жаяу жүріп, қызмет жасау қиын, сондықтан қаржы беруіңізді өтінем!» делінген. Хатты тағы жазады. Бірақ, бәрі аяқсыз қалады. Отарлық езгі, үстемдік желі түпкілікті орын теуіп орныққасын қазақ дәрігеріне салқын қарап, ешқандай жағдай жасалмайды. Бұл ел ішінде сүзек жұқпалы ауруларды жаяулап жүріп емдеуге қол байлау еді. Ақырында 1890 жылы Қазақстанға кеңінен тараған оба, сүзек сияқты жұқпалы аурулардан бір жылда 20 мың 722 адам ауырып, оның 13 мың 127-сі қайтыс болған екен.

Осындай қиын-қыстау кезде алғашқы дәрігер Мұхаметжан Қарабаев күндіз-түні демей, жұқпалы аурулармен күресіп, ерен қызмет еткенін тарих ұмытпайды. Қарабаевтың Торғай облыстық басқармасына жазған мына бір хатында» Себетін де, жуатын да, құйятын да дәрі жоқ. Ал сырқаттың өз жарасын байлау үшін қажетті дөкелерді сатып алу түгілі, бес тиындық сода алуға да жағдайым жоқ» делінген. Сонау жылдары профессор Ишанбай Қарағұловпен сөйлескенде:

– Мен Қарабаевтың сол қиын уақыттағы жанкешті еңбегін жоғары бағалаймын. Мен де Октябрь революциясының жеңісін, одан кейінгі өсіп-өркендеу жылдарын жақсы білемін. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарының өзінде де республикамызда бірлі-жарымды оқу орындары ғана болды. Оларда да медициналық әдебиеттер мен теорияны практикада ұштастыру жағдайы жетіспей жататын еді. Бүгінде медициналық институттарда болашақ дәрігерлердің ғылым-білім жолын терең білуіне арналған лабораториялар мен қазіргі заманғы препараттар бар. Қазақстан ғалымдары дерттің қандай түрімен де емін-еркін күресу дәрежесіне көтерілді. Қатерлі ісік ауруларын емдеу мәселесі бұл жөнінде арнаулы институт ғалымдарының жетістіктері бізді қатты қуантады.

Сондықтан да, бір кездегі Қарабаев сияқты медицина ғылымының алғашқы қар-лығаштары армандаған бүгінгі дәуірғарыштапбиікке көтерілді. Мұхаметжан Қарабаев сол

жылдарда түрлі жұқпалы аурулармен күресу үшін Ырғыз, Шалқар, Ақтөбе, Түркістан, тіпті Якутия, Қолымаға барып, алапес ауруларымен күрес жасаса, яғни барлық жерді араласа, бүгінгі дәрігерлердің қолында лайықты самолет, жедел жврдем машиналарының түр-түрлері бар. Ажал арашасы бүгін де өздерінің мақсаттарына жетіп отыр деп толық айтуға хақымыз бар. 1

1895 жылдары Қазақ даласында бірінші рет Ырғызда жаңа аурухана салуға бастама көтеріп, соны іске асырған Қарабаев екен және оның ауыр уақыттағы еңбегін ескерсек, медицина ғылымының Ыбырайы дел айтуға хақымыз бар.

– Қазірде республикамыздың елді мекендерінің бәрінде де аурухана, емхана бар. Олар барлық дәрі-дәрмек, барлық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, – деді Ишанбай Қарақұлов тарихтан сыр қозғап.

1898 жылы Торғай облысында 12 дәргерлік пункт ұйымдастырылыпты Осыны ұйымдастыруда Қарабаевтың еңбегі аз болмаған. Қазақ энциклопедиясында» 1911-1916 жылдары Якут обпысына жіберіліп, онда ел арасында көп тараған алапес ауруын емдеді. 1916 жылы Петроградқа шақырылып» Қызыл крест» ұйымын ұйымдастыруға қатысты. 1919-21 жылдары Қостанай аймағында сүзек, безгек, оба, шешек сияқты індет көп тараған кезде Қарабаев медициналық көмек ұйымдастырды, . Торғай облысының Александровка, Арал, Новосемиозер, Шалқар аудандарында учаскелік дәрігер болды» дел жазады. Мен Қарабаев жөніндегі деректі іздеп Қостанайдағы інісі Дәулет Қарабаевтың лебізін магнит таспасына жазған едім.

– Мен Қарабаевты Якутиядан оралғасын Орынбордан арбамен алып келдім. Ол өзінің мамандығына сұмдық берілген адам еді. Ұлы мен қызын Қостанай қаласында апасының үйіне қалдырып, үйде бір түнеді де, ел арасына шығып, түрлі жұқпалы ауруларды емдеуге жүріп кетті. Одан кейін Ұлы Октябрь революциясы жылдарында большевик Әліби Жанкелдиннің отрядында еңбек етті. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін өмірінің соңғы уақытына дейін

медицина жұмысынан қол үзген жоқ. Қарабаев ұрпақсыз емес, оның ұлы Исмайыл 1968 жылы дүние салды. Бірақ, Тамара, Қалыбай, тағы басқа немере, шөберелері Қостанайда тұрады. 1920 жылдан КПСС мүшесі, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген дәрігер. Сондай-ақ, Петр Баландин, фельдшер Игриценко тағы басқа да ондаған медицина қызметкерлері Қарабаевтың таңдаулы шәкірттері болғанын мақтан етеді. Ол өмірінің соңғы жылдарында Бұрабай курортында қызмет еткен. Ұлтын сүйген адамдардың аمانдығына еңбегін арнаған заманында білгірлігімен талай дәрігерлерге ұстаздық еткен, кәдімгі медицинаның Ыбырайы атанған ұлы тұлғалардың бірі, ұлт тарихының ғасырларға үлгі белгісіндей болды.

Қазақ халқының тұңғыш дәрігерлерінің бірі Мұхаметжан Қарабаев есімі бүгінде ұрпақ алдында қандай құрметпен аталса да артықтығы жоқ. Өз басының аمانдығын ойлаған жоқ, халықты сақтауды, ажалдан арашалауды мақсат етті. Сол жолда ешбір қиындықтан қаймықпады, жеңді, ерлік істер атқарды. Өлмейтін, өшпейтін адамгершілік үлгі қалдырды, жаңалықтарға жол ашып берді. Бүгінгі сәл нәрсеге қабақ қағысатындар Қарабаевтың өмірін аздап еске алса, артық болмас еді.

Кезінде қазақтың білгір дәрігерлерінің бірі Марат Сейсененов Қарабаев жөнінде деректі кітапша шығарды. Содан бері ондаған жылдар өтсе де Қарабаев өмірі, ерлігі зерттеусіз қалып барады. Бүгінгі тірілерге аманат еткен» Ақ халатқа кіршіксіз бол!» деген Қарабаев сөзі де тарих қойнауына сіңіп, үнсіздікпен тынамыз. Бүлінген қоғамда бұғып жүріп, шындық айтса ажал табатын кезеңде зор ынтасымен халқына еңбек етсе де өзгенің көлденең қиянаттарын да бастан кешіріп еркіндікті армандаумен ғұмырын өткізген Қарабаев заманынан озған тұлғалардың бірі еді. Заманында іскерлігін, беделін, ғаламат білгірлігін бекітіп алған атақты дәрігер. Оның есімі жарық жұлдыздай жарқырап сөнбеге тиістілігін бүгінгі ұрпақ, Денсаулық сақтау министрлігі ойлануға тиісті.

ОРАЛДАН ӘН ОЗДЫРҒАН ӘНШІ МҰХИТ

Үштаған

Айнамақоз

Кешеден бергі жүріске шыдамады ма, Мұхиттың астындағы аты шабансып келеді. Соған ызасы келген әнші атты бір тебініп сегіз өрме қамшымен бауырлата осып-осып жіберді. Торы әудім жерге дейін текіректеді де жүрісін қайта баяулатты. Ақыры аяңмен ауылға иек артты. Шетке таман отырған қоңыр үй әншінің көзіне өз үйі, өз тірлігіндей боп оттай басылды. Әнші сол үйдің сыртына келіп аттан түсті. Торыны қыл шылбырынан белдеуге байлады. Ердің қасындағы серігі киіз қапты домбьраны қолына ұстап үйге енді. Үйде отырған жігіт: – Төрге шығыңыз. Қысылмаңыз, – деді. Бидай өңді, орта бойлы әдеміше келіншегі көрпе салды. Қара мақпалмен тысталған көпшікті әншіге ыңғайлап қойды. Мұхиттың өткір де, өжет жас шағы. Қылыштың қырындай кезі. Ешнәрседен жасқанып-тайсалмай жүрген отты да алаулы мезгілі болатын. Ол қонаққа тән сыпайыгершілікпен домбырасын оң жақтағы керегеге сүйей салды. Сырт киімін шешті. Оны қағылез үй иесі қағып алып, кереге басын ілді. Сонсоң: – Жол болсын, замандас!» Мыңның жүзін танығанша, бірдің атын біл» деген бар. Жөн сұрасып, таныса отыралық? – деді. Жігіт жәй жымыып күлді де: – Кісі жатырқап көргеніміз жоқ. Мал-дәлет жарлылығын берсе де, көңіл тарлығын бермесін деген тілегіміз бар. Ердің ерге еркінсуінің несі айып. Салқын суға жуынып, өз үйіңіздей рахаттанып алыңыз. Өмірде» Қонақтың дауысы зор» деген бар ғой. Меймансыз.

Жігіт сөзін жиғанша Құралай қыз шіләпшін мен құманды дайындап та үлгерді. Сызы-ла әнші қолына су құйды. Киіз үйдің іргесі түрулі еді. Кешкі самал гулей еніп, үй ішін кезіп жүрді. Келіншек ыз еткен желден абыржып:

– Еркежан іргені түсірші! – деді ұяң тілмен ымдап. Іле қыз сыртқа, ұмтылды. Осы кезде далада жаңбырдың

сіркіреп өткен дыбысы сезілді. Бұлтсыз аспандағы өткінші жауынға таңғалған жігіт:

– Жаңбыр сіркірей ме, қайтады. Бұлт жоқ еді, – деді.

– Е, бұлт жауа ма, бұйрық жауа ма деген емес пе. Бұлтсыз күнгі нөсер де. Әнші есіктен биязылықпен еніп келе жатқан сұлу мүсінге көз салды.

– Даламыз жауын сағынып тұр еді. Шөптің шаңын баса да жақсы болды. «Құтты қонақ келсе қой егіз табады» деген. «Үй иесі ақтарыла сөйледі. Ақ пейілінің бір қырын танытып тастады.

– Құтсыз қонақ болудан сақтасын, – деді әнші күлімсірей. Келіншек күрең шайға қаймағын молдау қатып бабына келтіріп құйып отыр. Қонақ күтудегі ілтипаттары үйдегілердің бөрінің де жүзінен ап-айқын байқалады. Ыстық ықыласты жандар екеніне әнші іштей риза. Ат соқтылық пен шаршауды ұмытып қызу әңгімеге беріліп отыр. Шай үстінде әнші:

– Есімім Мұхит, – деп таныстырып та қойды.

– Е, әнші Мұхит па?, – деп жігіт үн қатты. – Атыңызға сырттай қанықпыз. Ел мақтаған жігітті бір көрсек деп армандаушының бірі едік. Құдай айдап өзіңіз келіп қалдыңыз. Бұдан артық жақсы болар ма? Енді тіпті ұлықсатымыз жоқ. Осында қанша күн жатсаңыз да мапана табылар. Жақсы жүрген жеріне кент салмаушы ма еді. Соны күтеміз.

– Ол дұрыс қой. Қазақта әнші де, ақын да, күйші де аз емес. Атымыз оза шаппағанымен, даңқымыз жер жармағанымен ептеп ән шырқап, көңіл көтерер ермегіміз бар. Мұхит ауыр ойланып қалды. Жігіт оның жанарынан ұшқын теуіп келе жатқан жалынға тесіле қарады да:

– Екі сиыр, екі баспақтан артық малыңыз жоқ болса да осынау һәни жалғанда сізден бай болып кім өтер дейсіз. Кейінгі ұрпақ пәлен ақын, әнші болыпты, ол былай деген екен деп мәртебеңізді биіктетіп, жиын тойда өніңізді шырқап сәндендіріп отырар-ау, деді жайраң қағып. Сөйтті де оюлы кебежеге сүйеулі тұрған қара домбыраны алып, Мұхиттың әні» Айдайды» шырқай жөнелді. Әнші жігіттің өнеріне риза кейіп танытып, көңілі толса да:

– Өнді әсерлеп салуға көп әуестенбе. Домбыра үнін дауысыңнан басым шығармасаңшы? Домбыра дауысқа де-меу, сүйеу ретінде болғаны дұрыс қой, – деп кеңес берді Мұхит.

– Өңгіме-дүкен құрған соң іркілмей отырғанды ұнатамын, бүкпесіз еркін сөйлесейік, – деді жігіт. – Байқауымша, жасымызда кереғарлық жоқ сықылды.

– Атай отыздамын.

– Оты-з... Ене, түйедей құрдас болдық. Құрдаста елдік жоқ, деген. Өзіл-қалжыңымыз болса көңілге дық санамалық

– Құрдас болар адам табылса Мұхит жатырқамайды. Жатырқап та көрген емес. Халыққа қарап бой түзеп жүрген жай бар. Халықсыз тірлігім қанатсыз өмір болар еді.

Осылай тіл қатқанк езде дастархан жанында отырған қыз әншіге көз қиығын тастады. Мұхит та қыз жүзін толық көріп, ерекше келбет сұлу мүсінге қайран қалды. Іштей:» Адам баласына бітпеген сұлулық десе де болады-ау» деп қыз көркіне мән беріп отыр. Қара көзі қандай мөп-мөлдір. Отты қос қарашық. Қасы ақ тамақ қарлығаштың қанаты сықылды. Кіршіксіз ақ сүт өңінен қан тамғандай. Оймақтай ауызға сәндендіріп жұп-жұқа биязы боп ерін біткен. Сұңғақ бойлы сұлудың өн бойында еш мін жоқ. Білектей жұп-жұмыр қос өрім ту сыртынан құлай түсіп, тақым қағады. Мінсіз табиғи сұлулық жарқ еткен қара көзді төңкере тастаған кезде әнші:

– «Қазақта сенен асқан айнамкөз тумас, сірә», – деп көкірегіне келген ойды қатудай қатырып ықыласын аударды. – Шіркін-ай, осыншама сұлу мүсін бақытын таба алар ма еді. Ай, қайдам. Мына зар заманда, үрейлі тар кезеңде әйел затының маңдайының соры төрт елі боп жүрген жоқ па?

Ой сабасына түсті. Есіл-дерті қыз тағдыры болып үнсіз қалған еді. Үй иесі жігіт Жаңабержен әңгіме бастады.

– Келіншегім Айғанша – өзім сияқты кедейдің қызы. Қалай, маған тең болуға жарай ма. Ел аралаған сыншы болады. Үйішіміздің бары осы үшеуіміз. Әкем әріректе, анам өткен жылы дүние салған-ды. Айналымға келмейтін қысқа өмірін екеуі де кісі есігінед-байдың отымен кіріп, күлімен шығып өткізді. Енді менде...

Жігіт жастық шағының аяулы күндерін айтып, күнкөріс қамынан басқаға лажы жоқтығына наразылық кейіп танытты. Өнші үй иесінің ойын түсіне қойды.

– Бір аштың бір тоқтығы болмас дейсің бе. Дүниедегі бар байлық та, мұрат та сүйгеніңе қолың жетіп, сонымен қоса ғарғанан артық деймісің.

– Айғанша тыңдап отырсың ба? Құрдастың сөз-лөміне түсіндің бе? Маған сенен артық, саған менен артық еш байлық жоқ екен ғой, – деді де сөзін сабақтап:

– Ал замандастар, біраз сырластық. Ауылдың алты ауызын айтып, міндеттен де құтылдым. Енді қонақтың өнеріне қанықсақ.

– Иә, ол дұрыс Өн айтайын. Менің сіздерге бар бөліп берерім де, байлығым да өнім ғана.

– Мақұл.

Жаңаберген жайраң қаға өншінің керегеге ілген домбырасын алып, өзіне ұсынды. Қыз Құралай тағы да Мұхитқа нұрлы жүзбен байқаусыз шоли қарады. Тап сол бойда өншінің оқтан өткір көзі қыз жүрегіне жебедей қадалып, жан дүниесін шымырлатып жібергендей еді. Құралай жігіт көзіне тұңғыш ілінуінен бе, әлде аға, жеңгесінен қысылды ма, екі далаптай қызарып кеткенін жасырғысы кеп, дастархан жинауды сылтауратып орнынан ұшып тұрды. Көз неұрдың ұясы, көңіл сырдың ұясы боларын Мұхит та аңғарып қалды. Өншінің келгенін есьтіген тостағандай ауыл адамдары қараша үйді кернеп кетті.

Мұхит домбырасын қол орамалмен сүртті де күйге келтірді. Отырғандарды баппен көз сүзе қарап, жылы жүзбен өзіне баурай тартып:

– Бұл «Панкөйлек» өнім еді, – деп қысқа айтты да шырқай жөнелді.

Өнді аяқтап болысымен маңдайының терін сүртіп, кішкене демалды да сабырмен: – Иә, кімнің панкөйлегі қайда қалмай жатыр дейсің. Жүрек пен тағдырдың бөлек-бөлек жүретініне ызаң келеді. Түсінде үрей енеді. Үстемдік кісілікті білем демейді. Адал жолың кісенделеді.

Зарлы жүрек сұм заманда туғанына назаланып өкініш дерті өн толы кең көкірегін пәршалап өткендей болды. Сөйтті де: – Еңіреп Мұхит бабам өтіпті-ау деп кейінгі ұр-

пақтарым есіне алар» деген ақ жүрегінен ақ қанат құстай жарып ұшқан ән жолдарын еске түсірді. Болашаққа сенімін қалдырған сыңай танытты.

– Пай-пай, ән-ай. Міне, әнші деп осыны айт, – деді дөңгелек құндыз бөрік киген қария малдасын құрып отырып: – Е, балам, өмірлі бол, өнерлі екенсің тірлігіңе сенімді бол. Жасың ұзақтыққа жетсін, абройың үстем боп өтсін.

– Тағы бір ән.

– Бүгін де, ертең де жібермейміз.

– Бәріміздің үйімізде меман боласыз? 197

Көздері жаудырай қараған ауыл адамдары анталап Мұхиттың әр әнін, ыстық лебізін естіген сайын елітіп естері кетті.

– Ей, шырағым, елінде озған түбінде озар, көкке қолын созар. Ел алғысын алып жүр екенсің, елеусіз қалмассың. Көңілі сұлудің өңі сұлу, жаны жарқын жаз болушы еді. Кішіпейіл екенсің. Одан бәсің төмендеп кішіреймессің, – деді сақалы ақ құдай манағы қария. Ол осы ауылдың жібі түзу, бас көтерер ақсақалы екен.

Мұхит домбырасын қолына қайта ұстады. Ойында Құралай. Көкейіне белгісіз саз оралды. Жүрегін қытықтап, еріксіз бойды билеп алысқа әкеткен сезім шалқары әнсіз басылмайтынын сезінді. Содан Құралайға арналған «Айнамкөз» қара домбыраның пер-несінде құйқылжи жылжыған саусақтан кейін балкөмейден ән болып төгіліп, осынау кедей жатақ ауылының ашық аспанындағы жұлдызды түнін дірілдетіп әкетті. Қызыл мақпал пешпент, қос етектегі шыт көйлек, шымқай қызыл жібек шарқатты басына әсемдеп тарта салған қыз Құралай десе дегендей еді. Пісіп тұрған алмадай сұлу қыздың құлағына тиген осынау асқақ ән өзіне арналғанын тап сол бойда ұға алмаса да, ой түбінде ұйқысын аша қоймаған уыз отты сезім бұлқынды.

Салмасам Айнамкөзге ән болмайды,
Кимесем екі пешпент сән болмайды.
Ойнасаң өзің теңдес жаспен ойна,
Ол дағы алғаныңнан кем болмайды, –

деп әнші көтере шырқай түскенде жұрт:

– Бәрежелді, бәрежелді!
– Тамаша екен, әннің төресі, ұзақ жылдарға жол тарт-
сын!

Қас қағым уақыттағы осындай әңгімені әннің екінші
шумағы бөліп әкетті.

Айнамкөз сен қайдағы, мен қайдағы,
Біреудің мен де өзіңдей боз жайнағы.
Есіме, беу, Айнамкөз сен түскенде,
Қайнайды зығырданым қай-қайдағы...

Атағы аңызға айналған әнші Мұхиттың «Айнамкөз»
әні осылай туды. Қоштасарда Құралай Мұхитты атқа
қолтығынан көтеріп мінгізді. Әнші ой үстінде қызға соңғы
рет құмарлана қарап, өзінің басы бос еместігін кінәлап,
қыздың жастығын сыйлап, бойын тежегенін еске алып
аттанды. Қыздың нұр ажарында балалық пәктік арылап
қоймаған кезі еді. Әнші уылжыған қыздың маңдайынан
иіскеп:

– Құралай қарындасым, «Айнамкөз» әнімді саған
қалдырдым. Айтып жүрерсің, – деді де жүріп кетті. Ауыл-
дастар әнші кеткен жолға сүйсіне қарап, әсіресе Жұмахан,
Құралай, Айғаншалар ең асыл адамы алысқа кеткендей
қимай тұрды. Ауыл қарасынан ұзаған соң Мұхит сары
дала, жалпақ жонды төбесіне көтеріп от боп жанған жүрек
шерін басқысы келіп ән шырқады. Ол ән ауылға талып-
талып естілді де алыстап кетті... Ауа толқынында тербел-
ген Мұхит әндері үстемдіктің сұрқиялығын тіліп түсетін,
зұлымдықты қиып түсетініндей екеніне Ақшолақ сұлтан
көзі жетіп өкінседе сүріндіру қақпанын алыстан құрады.
Қайғының отын білдірмей жағады әлі...

Ботагөз

Көптен қаңтарулы тұрған қара домбыра иесінің бапкер
саусағын сағынып шерменде болғандай. Анда-санда шегіне
шыбын қонып дың еткізеді. Одан басқа үн жоқ. Әркез шаң
жуытпай жібек орамалмен шанағын, пернесін, шегін сүртіп

тұратын еді. Мұхиттың де домбыра десе дімкес көңілі ауыр тартып, жабау жүрегі сыздап, иығынан күрсіне дем алады. Отты қоңыр көзінің ағынан сарысы молайып, маңдайдағы әжім іздері тереңдей түскен-ді. Ажар көріктен күдер үзген Мұхит жетпіс жетінші көктемнің қалай өтіп кеткенін де аңғармайтын сықылды. Айнадан жүзін көрсе басқа Мұхит елестейді. «Дым көрмеген ақ бас шал... «Осы жасындағы зіл батпан жүктіде көтерген қара домбыра өміріне куә. Өнердегі аңсаулы арманы, от жүректі ғашығымен де қара домбыра жүздестірген еді. Домбыра десе көкірегі қарс айырылады. Бүгінде шаңша ұшқан күндер шежіресіне жарағандай о да үнсіз бұйығулы. Өбден қажыған тәрізді. «Кім тартады Мұхиттың саусағымен асқақ үніне іңкәр боп, арманда қаламын ба?», деп домбыра шанағы беймарал сырын тілі болса мұңдана айтар еді. Мұхит ой арпалысымен оң жамбасын ыңғайлап төсекке қырындай жатты. Көкейде үстемдіктің жанын жеген өксігі. «Қайран қара домбырам, Мұхиттың арқасында талай жерді шарлап едің, талай сырды барлап едің. Енді сенен де айырыламын. Тілге келмес тағдырға өкпеле. Өмірің жетсе Мұхиттың жанына араша түсіп, алыста қалған жастығымен қайта жүздестір? Арман құған болат қанатты қыранымдай көруші ем. Бұлттан күн шықты, тасты жарып гүл шықты. Бәлкім, жаңа өмірді жатсынбай жайраңдаған жастың қолынан күй төгілдірерсің. Сонда Мұхитты да елі ұмытпас еді... Ашық мезгіл жебеу еткей өнерге.

« Денім сауында сарылып сары тап болып үйде отырмашы едім. Енді меңдеткен ауру жіпсіз байлап көрер таңда тірі болам ба, өлі боламын ба дегізді. Кәрілікке қажымас ем, ырқымды алған дауасыз дерт меңдетті, деп бір сәт төсектен басын көтеріп далаға шықты. Сілкінгісі келді. Науырыз айында ұйысқақ қоңырқай бұл бар екен. О да ертеңгі аязбен мұздақтанған. «Түске дейін мейіз, түстен кейін киіз дейтін үзілмелі шақ. Көзін алысқа қадады. Сонау адырдан басталып аяғы тегіс жазыққа ұласатын Жақсыбай өзенінің құйқалы аңғары. Одан әріректе» Ботагөз» жайлауы. Бұл өңірде Мұхит баспаған жер бар ма? Есімі алты алашқа мәлім болған асқақ үнді әнші жүрегі

өткен күндерді ойласа ауыр тартады. Аспанда буылдыр бұлт лықсып көшіп жатыр. Адам өмірі де солай. Көктем шығады, құс келеді, Өзен құс базарына айналады. Дала гүлдері жер бетін сөнге бөлейді. Көктем бәрін түрлентеді, жан бітіреді жансызға да. Бұл көктемді де көрмей кететін, керуен көшінде мәңгілік мекеніне біржола кететіндер баршылық. Жұмыр басты пенде өмірі солай.

Мұхиттың есіне түсіп ойына ағытыла оралған Ботагөз тарихы бар-тын. Көкірегін жарып шыққан ең дәмді, әйгілік тыңдармандарының құлағында қалған» Жылқышы» әніне тағыда бір салар ма еді. Қызулы шақ қайдасың? Ол салалы саусағымен дөңгелек құндыз бөркін шалқайта түзей киді. Түлкі ішігінің түймесін ағытып көккірегін кере дем алды да кербездей көлбедеп ағатын өзенге көз салды. Өмірі де өзен бетіндегі толқындардай өтіп кеткен-ді. Тылсым тыныштық, тілсіз өзен. Мұхиттың көкірегіндегі кернеген күйінішті үнсіз табиғат сезер ме? Қардан аршылып, бой көрсете бастаған жусан түрлері, балқұрақ ызыңы құлағына жағымды естілді. Өнші ойында осы сөтте көкшулан бұлттар арасынан қаумалаған қара мұртты қазақтар домбырасын шалқыта тартып, үрейлі төңіректі серпілтіп:

Саламын бала Ораздың «Айдайына»,
Бақ бергей ер жігіттің маңдайына.
Талабың тай жегендей бір бала едің,
Заманның тап боласың қпандайына, –

деп онсан жүректерді әнмен сиқырлап, талай жүректерді талмай әнмен баурап, бар сезімді тұтқындап тастағандай. Ол дүние, тірліктің өткінші жауындай екенін осы ән туған тұста еркін ұққан-ды. Іштегі дертпен, үстемдікке деген ызлы күйікпен тұншығып шығып, асау арна құрап, ән аспанымен жамырай амандасқан жарық жұлдыздай» Жылқышы» әнінің орыны бір бөлек еді-ау, – деп Мұхит толғанды. Расында осы ән тұсында алты ай кезік болғандай дертке ұшырап, екі жастың мұң-шерінің жүгін сыпа басы арқалағандай жан азабы көзіне көрінген кезі болатын-ды. Ұлттық өнеге-тәлімді адыра етіп, үстемдік

үрейі талқандаған қайғы еді. Байлық дауы, жесір дауы. Мұхит тірлігінде байлықтан безген, халқын ойлаудан тынбаған-ды. Қолдың кірі мал-дәулетке көзін салмаған Мұхиттың қарақан басы не көрмеді. Әнші, композитор жанын әлдилеген оқиғаға ғана ән шығарды. Одан басқаға алаң болған жоқ. Көкірегін қытықтап, санасын билемеген сезімге асыл да ардақты ойын шығындамаған еді. Асқақ қиял шыңына шығып алғанша әнші қолындағы домбыраны шертіп отырып жан тебіреніс, аласапыран сезім арпалысымен дыбыс биігіне қалай шыққанында сезбей қалушы еді. Құдіретті осы әнді ойласа шалқар көл бетіндегі жаралы аққу зар илегендей болар ма еді. Арманда кеткен қос ару да ақ бұлттардың арғы жағынан:» Біз басқа дүниеде бақытымызбен кездестік. Біз басқа өмірде арманымызбен жүздестік. Басқа дүниеден сүйіспендік қызығын көрдік» – деп самбырлап сөйлеп жатқандай сезініп Мұхит аспанға қарап, өзінің дертін бір сәтке ұмытқандай болды ма? Жатаған үйінің көлеңке бетіне отырып, күркілдеп жөтеліп алды да:» Дүние жалған. Кімдерден кейін қалмаған. Жылқышы хикаясын есіне түсірді. Жылқышы Дүйсенбі мен байдың қызы Ботағоз трагедиясы бұл. Бірінбірі шын ұғысып ғашық болған екеуінің тағдыры қыл үстіне шығады. Азулы бай әкесі құлға қыз беріп, арымды қорлағанша өлім келсін, бір жарылған жұмыртқа деп үкім етіп тынды.

Ақшолақтың қанталаған көзінен мейірім білінбейтін, тозақ оты лапылдап тұрғандай сезілетін еді. Екі жастың тағдырына арша түспекші болған Мұхитта оның рахымсыздығының қасіретін шекті. Сол сапарда серініні асыраушыдай болған қара қаншығына у беріп өлтіртті. Қарақан басы зорлық пен зомбылықтың талайына көніп еді. Бұл жолы да көнді. Жауыздықтың залымымен күресуге дәрменсіз. Бірақ көкірегін ыза кернеді. Қайғы басқан жүрегі тыншу таппады. Қайтып шыдайды қайғысына қайғы ұласып жатты. Жаппай езгі сорлатты. Ондайда ол ыза сыртқа шықпай тынар емес. Қолындағы домбыра шанағы белгісіз сазды тартты. Біраздан соң өлең жолдары көмейден төгілді.

Қоянды шалмай алар қара қаншық,
Сұңқарға жем тілеген болар талшық.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Сыртым сау, болып жүрмін бауырым балшық.
Дүние өтер шығар құдай парлап,
Кетпейді өтерінде сірә жарлап.
Кешегі қара қаншық бар шағында,
Уайымсыз жүруші едім аңымды аулап!
Ой, айым-ай,
Осылай болды жайым-ай, –

деген әнді тыңдаушы жұрт жүрегі езіле, аяр сезіммен тыңдады. Дүлей күшке бас иеген Мұхиттың аузынан ытқып шыққан ән сөздері зұлымдық толы өмір арасында тұншығып дем алдырмай, көкіректерді пәршалап ғасырларға кететін кекті өкініш тәрізді мәңгілікке жол тартты. Пенденің үміті бекер, зәлімдер де о дүниеге кетер, әлсіздің жанына ән сазы қуат етер... Алдамшы үмітке амалсыз алданғаныңды кешең сезіп өкінерсің. Өмір солай жолаушы пендем. Тек қана өлгенінше кісілігіне дақ түсірмей, адалдық өрісінен көріне білсең денең өлсе де даңқың ел жадында қалар деп үміттенді Мұхит.

Алуаш

– Ақылыңа ақыл қосатын, жансезіміңді ерекше құлпыртатын, ұлттық қасиетіңді ұқтыратын өнер ғой, – деп қария жеңілденіп. – Қай жердің деңгейіне келдік екен?

– Ақтөбе жақын.

– Бүгін заузаның жиырма бірі ме? Өтіп бара жатқан уақыт-ай. Туған ай тураған етпен бірдей деген қазақ, – деді жауырыны қақпақтай, өсіңкіреген сақал-мұртын ақ шалған, бүркіт тұмсық, қалың қасты, шүңірек көзді адам. Ол жастықтан басын көтерді де екі аяғын сарт еткізді. Терезеге көз салды. Жайлана отырып дархан далаға қараған сайын жайдарлы ойы байқалады. «Осы жазира далада небәрі жиырма екі жыл аяқпен жүрдім. Тағдырды даттап жазғырмаймын... Кенет жүзінде зардап шегу-

ден қалжырағандай кейіп пайда болды. Ауыр оймен қос тақымындағы ағаш аяқты бүгілдіретін тетігін басып сарт еткізді. Қарама-қарсы отырған жігітке:

– Інім, домбыраға әуестігің қалай? – деді сөзге шақырып.

– Жоқтың қасы.

– Біздің қазақ қасиетті домбырасыз ас іше ала ма? Өзіме солай. Осыдан айырылсам өмір сүруге де зауқым болмас еді. Зәуде сен шарсаң да, қамықсаң да қос ішекпен сырласасың. Дерт меңдесе де домбыра жаныңа араша түседі. Өзің әнге қалай едің?

– Әнді сүйемін.

– Жөн екен. Көңіліңдегі небір наланың емі қайран өнер десем артықтығы жоқ. Ол сүйекпен ою өрнектеп, қолдан жасаған қара домбыраны киіз қабынан шығарды. Өлгіндегі жүзінде білінген мұң тарап, мүлде көңілі шайдай ашылды. – Мына жұт вагон ішінде домбыра тартып мазамызды алды дер ме екен. Домбыра тартсам рұқсат па ағайын?

– Тартыңыз.

– Жол қысқарсын, орыстар гитарасын тартып вагон ішінде салтанатын құрып еркінсіп жатпай ма? Мынау менің далам, пойыз менің жерімде жүріп келеді. Осы жерді қорғаймын деп екі аяғымды бердім. Қырғын соғыста да домбырамды серік еттім. Қалтасынан орамалын алып домбыраның қос шегін сұртті. Бабына келтіріп ән сазын шертті. Оның жанында отырған екінші қараия: – Інім, мына шертісің ұнап отыр. Өрі құлағыма «Алуаш» сазы келгендей. Бала кезімде Мұхиттың өз аузынан естіп едім. Тағдыр екінші рет тыңдатуға жазбады. Өнер өлмейді, қазақ барда өнерді төбесіне көтеріп әлемге жариялап өтеді.

Өнші қыран көзін төңкере қарап, жөткерініп алды. Жәй екпін, бабымен ғана:

Беліме асынғаным бұйда пышақ,
Көрдім де ақ жүзіңді жайдым құшақ.
Ақ Алуаш отырмысың, жатырмысың,
Айдында жалғыз жүзген аққуға ұқсап, –

деп мойнын бұрды да: Біреулер мазалады дер ме екен? Даусын барынша шығармай іркіп қалды. Бірақ осы кез-

де купедегі өнерге құмарлары ұйып тыңдап қалды. Өлгі қарияның делебесі қозып:

– Пәлі, шырқа! – деп дем берді де: – Бұл әннің туу сырын білетін шығарсың?

– Есімім Базар дедің бе, інім?

– Ептеп естуім бар.

– Бәрекемді. Мұхит ақынның сөзі, әлі талай ғасырлармен бірге жасайды есімі, – деп қария:» Менің есімім Қадірәлі, біздің ауыл» Томареткел» деген жерде еді. Шомбыр деген әнші досын іздеп Мұхит келген екен. Содан екі әнші Ойшыбайдың Сейітінің аулына барады. Іргесі қозғалмаған Байұлы батырдың тұқымы. Қонақжайлылықтары да басым. Өнерді дәріптегіш, ежелден сауққой ел. Ата заңымен қанаттаса қатар қоныстанған киіз үйлер. Үй сыртында төрт-бес қария әңгіме шертіп, бас шұғысып қояды. Жолаушы екі атты аттан түсіп қарияларға амандасады. Жөн сұрасады.

– Е, бәрекемді, құдай қонақ екенсіңдер, – деп дөңгелек құндызбөрік киген, түрікпен шапанын желбегей жамылған Сейіт екеуін алты қанат киіз үйге кіргізеді. Мұхиттың алаштан ән оздырып, есімі тарлаған кезі. Ән айтқан сайын тыңдаушысын еліктіреді. Артына Мұхит сөз тастап кетер деп Сейіт бар құрметін аямайды. Ән, думан дүркіреп жалғасады. Мұхит осы үйде Алуаш деген сұлу қыздың барлығын жолшыбай ұзынқұлақтан естіп келсе керек. Сол Алуашты көргенше дал болып, іштей сезім құшағында отырады. Байұлының салты бойынша сыйлы қонаққа шайды бойжеткен қыз, немесе жас келіншек құяды. Шай келер кезде үй ішінде сәттік үнсіздік орнайды.

– Бар ғизатымызға риза болыңдар.

– Әңгіме қозғаңдар, – деседі төрден төменірек отырған қос қария.

– Иә, Мұхит «Көкжар» жәрмеңкесінде Балаоразбен кездесті деп естідік.

– Балаораз сөз тапқыр, өткір тілді, алдағысын болжағыш аңыз адам ғой. Атадан балаға жалғасытын қасиеттілігі жетерлік, ондай әңгіме бір таңға да таусылмас. Мұхит сөзін аяқтағанша шай дайын болды. Самауы-

рын жанына бойжеткен сұлу қыз кеп отырды. Айдын көлге қонған аққудай сымбатты мүсін. Қазаққа тән ибалы мінезі мінсіз. Ақ қағаздай өңі, қарақаттай көздің астымен ұрлана Мұхитқа көз тастап үлгерді. Зерлі көк доқабала пешпент киген. Таза жібек ақ көйлегі қыздың шырайлы келбетін аша түскен. Өзін толқынтып тебіrentпегенге өн арнамайтын Мұхит жүрегі сөйлеп кеткендей болды. «Апыр-ай, не-ткен сұлу бейне. Құралай сұлуға ұқсастығы да басым екен. Нағыз айнамақоз. Осы сұлу тұлға кімге тап болады. Өттең, дүние-ай» . Мұхиттың сезім арпалысы көкейіне өн болып құйылды. Дастархан жиылысымен Сейіт:» Інім өнерің елден асқан деп естиміз, өн айта отыр, – деп қолқалады.

Мұхит домбырасын бабына келтіріп, пернесін шайы орамалмен сүртіп отырғандарға шоли көз тастады.

– Мұхит, «Айнамақозге» сал, – деді жанындағы досы Шомбар.

Қазақы пешпентін шешіп жеңілденіп алды да Алуашқа елеусіздеу көзін тастады. Домбырасын екпіндетіп:

– Өн сұрағанда іркілмейтін әдетім бар, – деп «Айнамақозді» төгілдіріп жөнелді. Өн ауыл емес, қазақтың байтақ даласына ауа арқылы тарап кеткендей асқақ естілді. Өншінің алабұртқан көңілі, қыз жүзіне оқтын-оқтын көзі түскен сайын, домбырда белгісіз жаңа сазды тарттырады. Көкейде шашыраған өн жолдары бір жүйеге келіп, бір сәтте төгіле жөнелді.

Сәулелі сенен сұлу көкте ай жоқ,
Сағынып іздемеске менде жай жоқ.
Барғанда әдейі іздеп елемесен,
Болғаның махаббатқа атқандай оқ.

Қыз жаңа өн аяқталысымен Мұхитқа жүзін аударды. Өнші жүрегіне өшпес сыр қалдырса керек. Даланың меңіреу тыныштығын өнмен тербеп, ұйқылы-ою енжар жүректерге өнімен жарық түсірген Мұхит даңқы заманынан асып тұрды... Купедегі екінші қарияның қысқаша айтқан» Алуаш» өні туралы оқиғасын тыңдаған қара мұртты жас жігіт ылпың етіп:

– Кімнің Алуашы қайда қалмады дейсің, ер жігіттің арманы таусылмас, – деп күрсінді. Осы кезде Базар әнші, ағаш аяғын қозғап көз алдынан кинолентадай 1945 жылдың 1 Мамыр күнін елестетті. Берлинде Жеңіс туы желбірейтін сәт жақындаған сайын жауынгерлер қуанышында жек жоқ еді. Сондай бір сәтте домбырасын шертіп-шертіп Берлин аспанына қазақтық күйін төгілдіріп барып» Алуаш» әнін шырқаған сәтінде жаңбырша жауған жау оғы сегізкөздігіне қадалды. Жандәрмен ұмытыла түскенде снряд жарылысы екі аяғын мыжғылап тастады. Қорғасын бұлт жамылған көк аспанда басына көмшат бөрік киген, кең етек жібек көйлегі көлбеңдеп бір сұлу қыз сұңқылдап ұшып бара жатқан тәрізді. Көзі қарауытып есінен жаңыла бастағанда Құрманғазының әннен бұрын орындаған» Көбік шашқан» күйі арындай төгіліп, қырғын атыстың жаңғырығымен араласып Берлин аспанына тарап жатты. Содан арғысы Базарға жұмбақ. Госпиталда есін жиып, елге оралу қуанышын күтеді.

Міне, жиырма екі жыл аяқпен жер басып, Алла берген екі аяғымды Берлинде қалдырып, жарты денем ағашқа да үйренді. Әлі күнге жамбасыма қадалған жау оғын Алматыдағы әскерлер госпиталындағы дәрігерлер алып тауыса алмай келеді. «Алуаш» әнін айтса ойына өзі ғашық болған Дәмелі оралады, ағаш аяққа дәм, тұзы жараспады.

Тербей соққан жұмсақ вагон терезесінен ағаш аяғын жылжытып басып Базар алысқа көз тастады. Бәлкім, соғыс сұрапылынан жоғалтқан жастық махаббатты есіне алғысы келе ме? Қиялына Мұхиттың өлмес әндеріне шақыра ма? Жол сапарда жолаушының ойына әртүрлі тірлік оралып жатады... Өмір кімнен қалмайды. Базар Ленинград қырғынында да болып еді... Бес жүз мың адамды жауынгерлер қан кешіп отырып фашистердің қоршауынан құтқаруға қатысты, қырғында елу үш мың адамның аштан өлгенін де естіп, жадынан шығармайды... жазықсыз жандардың қырылуы... Қиялданады, бүгінгі тыныштықты тірі көремін деп ойлағанда жоқ еді. Өнер киесі шығар Алланың көзі түзу болып қанды қырғындардан елге аман келуі, еңбек етіп ұрпақ өсіруі... Жауынгер көкірегі текке

толқымайды... Тыныштық бақыты толқытады. Осындай соғыс мүгедектерінің ішпей, жемей, жарқырап киімбей елдің тынштығы мен гүлденуіне деп жинаған байлығын, ортақ игілік, ұлттық табысын сұм-сұрқия тажалдар иеленіп әлсіз ел жұртын қан қақсатып қойды. Тексіз жексұрындар деп жиркенумен тынасың... Ел байлығында адамның киелі қаны барынанда сұм-сұрқия үрейленген жоқ.

– Тынба, тірлікте талай бөлду-батпақ, жан-жақтан ызғырық жел боп ұлып тұрған, жақсылық ылғида түске ғана енетін де, жаманшылық тісін қайрап, бөтелкіге сыйған арақ қарынға сыймай жаныңды тіліп тұрған кездердің оқиғасын ұмытпалық, – деп Қымыр төмендегі оқиғаны баяндады.

– Өлімнен де құтқаратын өнерлі бабалардың асқақ рухын айтуға тілің күрмеліп соңғы сөзіндей бола ма? – деп Тымыр таңдағы жұлдыздай жарқыраған Мұхит әндерін зерттеуге барғанда тірлік дәмі таусылғанына бір жеті болғанын естіп қатты өкініпті деседі. Бәрібір ел жадындағы ұмытылмас әндері Мұхитты ғасырлар асырып тірілтті. Бықсық үстемдік иелерінің есімі топыраққа көмулі күйінде елеусіз қалды. Мінекей, өнердің өлмейтіндігі. Басқаның бәрі баянсыз екені. Үстемдік тірлігі сес пен бүлікке қаншама толы болса да, жамандық пен жақсылық қанша арпалысса да, өнер арқылы көрінген ерлік кезеңдердің бет пердесін сыпырып шындығын жарқыратып халықтың аялауынан бағасын асырып жүректерді ыстық сезіммен әлдилеп мәңгілік маздақтай жарқырай түседі.

ҚАРА ҚАНШЫҚ

Мұхит Қалдығайтының таза ауасымен кеуде керіп оңаша еркін тыныстағысы келді. Бәлкім бұл өмірінің соңғы сәттері болар. Жанына батқан дерті үмітін үздіре бастағалы қашан. Бала кезінен денесінен сіңген табиғатты мәңгілік мекенінен табар деймісің. Асықпай көзін суарып қажыған денесіне сіңіріп, бәлкім жанына шипа тапқысы келе ме, қайтеді. Өзеннен атын жүздіріп өтті, қабырғаланған толқындар ғұмырын тілемей хоштасқандай

сыңай танытады. Неге? Адамзатқа арналған Алланың жақсылығын қара тереңге жасырыпып жатқан қолтырауын жұтып жатқандай көріне ме? Жүрегі селқос үн қатады. Зұлымдықтан жерінбейтіндердің толып жүргенін көзіңмен көрмедің бе? Жаныңның азапталғаны аз болды ма?-дей ме жел ызыңы. Көз алдындағы атырап аптап ыстықпен қуқыл тарта бастаған-ды. Соның бәрін көз алдынан өткізіп ойға шомды. Адам өмірінде де жайма шуақ көктемі бар, аңқа кептірер ыстығы, қоңыр күзі, қатал қысы бар. Жылдың төрт мезгілі кімге таныс емес. Өткен-кеткендер көрерін көрді, өкініштерін арқалап көріне түсіп жайғасты. Нендей шаруа тындырды, нендей қорлық көрді, уақытпен бірге алмасты. Тісқаққан зұлымдар да өмірден өткен-ді. Мұхит жанының тыртық боп біткен жарасын одан әрі тырнағысы келмеді. Дауылпазы әні еді бәріне араша болған. Осы өңірден ән салғанда асқақ үні Қараойдағы елге елтіледі деуші еді. Сол дәріптеуге сілікініп:» Қараойдың қалды қамшым қабағында, бояудың бір білгісі сабағында, еркемді бір көргеннен таныр едім, ақша ілгек жарқырайды тамағында» деп төгілдіріп еді. Үш жүзге есімін танытқан ән өнерім Алланың берген сыйы, одан артық бақытты тілемедім деп көңілі күңіренді. Өзеннің қамысы қоғасына дейін желмен шуылдап қазақтың мұң, зарын шертеді. Оны білу бар, жанымен түсіну бар. «Хош бол өзен, хош бол табиғат енді айналып келіп жағанда жүруді маңдайыма жазбаған шығар», деп Мұхит атар таңнан жақсылық күткендей кезін аңсады. Ойылға барған бір сапарында ақын Бала Оразбен сырласып еді. Ол Махамбетті термелеп:» Біріндеп жауды қашырмай, білтеліге доп салмай, ерлердің ісі бітер ме?-деп еді. -Ақынның оқтан өткір сөзі мен өшпес үні қалады, ұрпақ жалғастырады.

-Ол ұрпаққа байланысты, -деп Мұхит күмілжіп еді. Басасаулық билікке бұғатындар көптігін түсінгені еді. Сонда да» еңіреп Мұхит бабам өтіпті-ау деп ұрпақ есіне алар деген үмітін үзген жоқ-тын. Жүген, құрыққа тоқтамайтын үрейлі билік десе Ақшолақ сұлтаннан көрген қиянаты аз болды ма? Жазығы әлсіз халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, көпе-көрінеу құлдарын қорлаған зұлымдыққа

қарсы арашаға түсуі еді. Қысқа ғұмырында талай сілімтікті көріп безінгенін енді несіне еске алады. Ажал жақын, үміт шырағы сөне бастағанын дерт қажытқалы түсінді.

Бүгінде төсектен басын көтеруі мұң болған Мұхит елін, жерін, ондағы жаны жайсаң адамдарын шетпұшпақтап қана ойына оралтады. Адам өмірден өтерде тірлігінде ең жақсы көргенін соңғы демі біткенше есіне түсіреді деуші еді. Сол пиғылы шығар. Жанзасын ойлағанда:» Мұхитта мал дегенде екі-ау сиыр, болады баспағымен төртеу биыл» деген малын да патшаның салығына төлеп құтылды. Халы бірте-бірте нашарлай бастады, оймен жанын шаршатты ма? Ажал алдында пенде жасқаншақтап жан арпалысына түседі екен. Осындай сәтте есіктен кірген Ақшолақ сұлтанның атқосшысы: --Мұхит өлген шығар деп еді, тірі екенсің ғой, деп ерсі сөйледі. -Сұлтан жіберді, жағдайын біл!-деді

-Мәңгілік мекенге баратын адамның жағдайы жаман бола ма? Тірідей өліп жүруден құтылады. Сен өзің... тұз, дәмнің таусылмаған шығар. -Маған өкпең бар-ау, жұрттың аузында итімді атқосшы өлтірді деген сөз бар. Бір итті жоқтап Мұхит басыңа... кешір.

-Иттен ақылсыздар бар, менің итім» ақылды» еді... өзімді асырады. Қалай ұмытамын. Одан да жаным қиналып жатыр итке берген уыңды бер, жалған дүниені саған тастап кетейін, -деп зұлымдықтың жүзіне көзін айырмай қарады ад Қара қаншық өнін еріні жыбырлап айтып жатты. Қоянды шалмай алады-ай, қара қаншық, Сұңқарға жем тілеген уа, дүние-ай болар талшық. Есіме сен түскендей, беу қарағым-ай. Сыртым су, болып жүрмін уа дүние-ай бауырым балшық.

Дүние өте шығар құдай парлап-ай,
Кетпейді өтерінде уа дүние-ай, сірә жарлап.
Кешегі қара қаншық – ай бар шағында,
Қайғысыз жүруші едім уа дүние-ай, аңымды аулап...

Көрдіңіз бе, ақын, өнер адам өлмейді, оның жаны мәңгілікке тірі жандармен бірге жүреді. Мұхиттың денесі

жер қойнына тапсырылып жетісін қара халық беріп жатқан кезде алаш қайраткерлерінен есіміне қаныққан музыка зертеушісі Затаевич келген. Ел халқымен танысып асқан өнер иесінің өмір жолынан біраз деректер жинаған деседі. Қараңғылық басқан заман зарын өнердің ақ құсы Қазақ аспанының шоқ жұлдыздарының қатарына ілестіріп тасқа басылып таңбаланды. Зұлымдық қанша әккі болса да жұлдыз жарығын сөндіре алмады...

* * *

Тірліктің түсінігін ұғынарлық сезім әркімде өртүрлі. Өмірге қажеттіліктің құтын да, немесе құтсызын біреу биік оймен түсінеді, екіншісі мәндемей жатады. Мұхиттың бойынан берік орын тапқаны қара қаншықтың құттылығы болса керек. Аңға шықса қанжығасы құр қайтпайтын алғыр итті Ақшолақ сұлтан у беріп өлтірткелі Мұхиттың тіршілік құсы қырын ұшып, нетүрлі кесірге, қайғы, қасіретке тап бола берді. Соның ең ауыры аштыққа ұрынды. Өмірімнің құты қара қаншықта екен деп өкінді.

Тап болған маңдайыма мешін, тауық,
Осы жыл Мұхитыңа болар қауіп.
Алаштан ән оздырған әнші Мұхит,
Ашықты іше алмай көже тауып.
Үйіне Ақшолақтың барып едім,
Әйелі жібермеді иттей қауып, -

деп шырқаған үнін естіген көрші үйдегі кейуана келінін шақырып:» Асқақ дауыс Мұхиттың үні болар, үйге кірсін, әуелі тойыңдыр, сосын бір шелек тары бар» деп Мұхиттың ажалынан бұрын аштан өлуінен қорғап қалыпты деседі. Ұлылардың басынан не өтпейді, Бүгін тірі екен, ертеңісін ұқпаған нәрселер тап болуы қажап емес қой. Ақырында адам алданып жүріп сақтығын ұмытады. Тағдырға төбіл жоқ, қулық жасап құтыла алмайсың. Оны қалай түсінуіңізге де болады.

ӨЛІП КӨРДІНДЕР МЕ?

Өлгені бекер шығар, түсінбеймін, неге өледі? – деп Тымыр ойланды ма, белгісіз күй кешті.

- Шашы ағарып па еді?
- Ағарған.
- Бетіне әжім түсіп пе еді?
- Түскен.
- Тісі қаладай еді? Бар ма?
- Сау тісі қалмаған.

– Бұл белгілер ажалдың хабаршысы деуші еді. Онда өлгені шын шығар, – деп Тымыр бөкене бойлы, қара мұрттының айтқанына иланғандай болды да таңғы таза ауаны көкірегін кере жұтып алды. – Бүгінгі ауа оған бұйырмаған екен-ау, – деп күбірлеп Қымырға қарады. Қымыр автокөлігінің кілтін қалтасына салып күннің бұлттанып тұрғанына ойын жүгіртіп, бөлкім жаңбыр жауатынын күткендей пиғыл танытты. Ойында қынжылу бар. Жұрт шөбересін, шөпшегін ойлайды, қолына түскен олжасын шетке сатуды қоймайды. Құлық қалың деген пікірін ішінде сақтап:

– Тымыр, көше тазартқан жұмысың құрметті. Небір қызықты көшеден көресің. Лас-қоқымның ажалы» – жаңбыр, табиғатты тазартушы... Өрсеновтің о дүниелік болғанына нанбай тұрсың ба? – деп езу тартып күліп алды да, – Әпенді қатты сырқаттанып, төсек тартып жатып қалады. Оның көңілін сұрай келген замандастары сөз арасында ауылындағы бір кісінің дүние салғанын хабарлайды. Сонда әпенді:» Апырым-ай, ә, оның қалай өлгені?» – деп таңданады. «Қалай өлді деуге бола ма? Ажал жеткесін... «Оның ауруы менің ауруымнан күшті емес еді ғой!» – дегеніндей Өрсеновтің қалай өлгеніне таңданып қайтеміз? Арманы жоқ шығар, өмірін дүрілдетіп өткізді. Әлсізді, бағыныштыны дірілдетіп төбесімен жүргізді. Қасқыр жүректі атанды, түлкі құлықты атанды. Ештеңеден қаймықпаған» ерлігін айтсаңшы? Талайды қақсатты, үстемдікке көрінді жақсы атты. Пайда табу жолына қанықты, байып шығуға айла-амалмен жанықты.

Берер жерінде беріп қалды, «мырзалығын» ісі түсетін тұста танытты. «Қазсаудаодағы» Кеңес үкіметі құлағанда қалыпты жұмысын атқара алмай қалды. «Қыры кеткеннің иті қырын кетеді» деп, үкіметтің құлайтынын жұрт білген, қыңырая қарап байығыштар алыстан ойлап жүрген, тонау жолын көздеп, – деді Қымыр екі жарым миллион жарнашылардың бірі болғасын қара күңгірт оқиғаны есіне алып тұрды. – Ісің түссе, итті де» бауырым» дерсің.

Тірлік жолы тайғанақ,
Кімдер қалай ойламақ.
Лауазым мен тақ барда,
«Еке-екелеп» сыйламақ.
Қарық болар қағанақ,
Жүретіндер көп еді,
Бедел-бақты сағалап.
Қабылдаса қабақпен,
Бауырым деп бағалап.
Иттік мінезді кешіріп,
Мақтаушы еді өсіріп,
Жағымпаз жүрер жағалап, –

деді де Қымыр сөзін ары қарай жалғады. – Қағылған-соғылғандар Бөрізақтың қабақ қағысынан пайда тапты. Жүлгелі жерден жүзіп өтетін, жықпыл-жықпылды байқап көзін сүзіп өтетін, қара тасты да тесіп шығатын, құлығын асырып жылмиып жүріп, олжа жолын шешіп шығатындар жан-жағымызда өлім жоқ, жосып жүреді. Қалта қалың, орынтақты да тосып жүреді. Баянды бақты аңсайды-ақ. Үстемдіктің оң көзіне ілігеді. Талай сұм-сұрқия берер жерін де, алар жерін де біліп еді. Бірақ, солар қанша жалаңдаса да, жатар жерім жалғыз деген жоқ. Ел алдына шығамын деп алаңдаса да, Бөрізақтай тірідей өліп көрген жоқ. Ей, ұяттан да өле ме екен? Сыпсың шығар. Байып кетсең көре алмаушы тыныш жүргізбейді. Күншілдік дерті қалың. Өйткені, бұдан он бес жыл бұрын» Қазсаудаодағында» жиырма мың дүкен, төрт мың қоғамдық тамақтану орындары, бір мың төрт жүз өндірістік кәсіпорны және басқа да

толып жатқан байлық Кеңес үкіметі тыраң ете түскенде мұралыққа қалып еді. Тонаушының жолын ашқан жиырма пайыз басшының иелігіне деген сықпытсыз заң бойынша Бөрізақтың қолын балға батырғандай еді. Е, екі жүз мыңдай жұмыскерге үлесті тегіннен-тегін бере қоюға көзі құрғыр қайтіп қияды? Аз пайдаға місе тұтатын ақымақ жоқ. Қағаз жарықтық нендей қылмысты көтермейді. Алар жолды алыстан аңдай білетін Бөрізақ жеке талау тұсында» Игілік» банкі, жекешелену қорын ашып қылмыстық жолға берік қалқан тұрғызды. Уақыт өте оның бәрін құмға сіңген судай етіп аңқау жұрттың санын ұрғызды. Ым мен дым келіссе қыбын тауып құмырсқаны да тағалайды, алым алар жерді сағалайды, ақырында сыбайластар арасында дыңғырсыз жым-жылас боп тынды. Бөрізақ дыбыссыз, дәтке қуат деп аңдысын аңдып жатып алды. Көзге түспеді, сөзге ілінбеді. Дау-дабыраның басылуын сағына күтті. Өттеген-ай, уақыт неғұрлым өткен сайын түс көруі әр түрліге айналды. Көкіректе бітеу жара жарылып о дүниеге кете қалатындай үрейлі кез аз болған жоқ. «Қиянаткер ажалы кенеттен» деген сөзді естіп еді. Соны кейде есіне алатыны несі? О дүниеге біржола кеткенін өзге тілесе де өзіне не көрініпті?» Қорыққанға қос көрінеді» дегендейді елейтін бос емес еді. Қарыспа мінез қайда? Жағымпаздары есігіне жорғалап кіріп жорғалап шығушы еді, кейін олар кездесе қалса амандасуды да ұмытқан. Танымайтын адамдай қабағын түйіп өте шығады. Өлім деген осы. Жоқ, ө? Кім өлгісі келеді? Ажал қалай арбаса, олай арбасын, бай адам өлімнен құтылудың айласын біледі... Туған жиені Сипықты есіне алды. «Жексұрын неме, жердің жарығы болса тірідей кіруі керек еді» – деп кіжінді. Неге? Алтын дүкендеріндегі байлықты жамбасына басып, депутат болам деп берім беріп шашылды. Байлыққа қолын жеткізген маған жапондық алтын сағатты көзі қимай азар беріп еді. Ессіз неме, сайлаушылардың көңілін таба алмай депутаттыққа қолы жетпеді. Ақыры жүрегі шыдамай о дүниеге кете барды. Мисыз неме байлықты игеруге, оны сақтауға, бедел алуға, бәрін заңдастыруға айласы жетпесе томашадай жүрек қайтіп шыдайды?» Маған тартпаған

бос неме», – деп мырс етіп күлді. Е, өзі ойлағандай Бөрізақ жаңылыс қадам баспайды. Қажет десе көлденең көк аттының да көңілін таба біледі. Желікпейді. Өсек-аяңға елікпейді. Қылмыскермен де татуласып-табысып кететін сиқырлығы және бар. Жұрттың көзінше игі адамға ұқсап жұмсақ тіл қатып тұрады. Жылы-жылы сөйлеп жыланды да іннен шығаратын қабілет өзінде бар, өзгеде бола бермейді. Ылғи да ойына алған шаруаның сәтін күтіп, пәлесінен қашудың мың бір амалын біледі. Ығай мен сығайға жағынып, өзі де, сыйлаттыра алады. Қоғамға да, адамға да титтей жазығым болған емес деп сөз реті келгенде жариялап, оң қабақ танытып қояды. Ендеше Бөрізақ неге өледі? Ол үшін оққағары басын бәйгеге тігеді. Бірақ, кейде түсінен шошиды. «Түс – түлкінің қиы» десе де, сезік кетпейді. Біреулердің:» Жекешенің тонаушысы өлмей әлі жүр екен-ау», – дейтіні қытығына тиеді. Олардың да көкейін олжа теспеді деймісің? Тиесіңді ала қой десе сыпырып әкететіндер жетеді ғой. Кім періште? Бәрін сынға түсірсе қайсысы ақталып шығар дейсің? Қолында дерегі бардың қолының адалы болғаны жоқ, «Жетеді енді», – десе де тоқтар ма? Бөрі де байлықты опырып қалады. Социализм байларды қалай тәркілесе, социализмнің ортақ игілікке жинаған байлығын үстемдік иелері солай тәркіледі. Капиталистік тәртіп-тәрбие солай. «Қоғам құлады, байлықты қасқырша тала, опырып ойранда», – дегенде қайтіп қарап қалады? Ондайда:» Адал болам, әлсіздермен біргемін. Халқыммен бөлісем», – десе жұрт күлереді. «Есі дұрыс емес шығар», – деп ерінін сылп еткізіп мазақтар еді. Бөрізақ ондай түйсіксіздей түрткіне алмай, екіге екі қосқанда бес болатын сауда тәртібімен айласын асырды. Тұтынушыларын басынып, емін-еркін тонады. Ығай мен сығайларды иландырып, олардың да бабын тауып, жанын жайландырып, заңсыздықты заңдылыққа айналдыра білді. Бәлкім сол тонаушылық іскерлігі жақпай, қиянатын Аллаһ хош көрмей о дүниеге әкетпек пе? Түсінде өліп жүреді, серейіп сеспей қатып қалатыны бар... Ажал төтеннен келе бере ме екен?

И-и, түсіне түрткі болған Сипықтың өлімі шығар. Бөрізақ тірі ғой, Сипықты көз алдына елестетті-ау деймін.

Немесе басқа бір байдың өліміндегі оқиғаларды жадына түсірген болар. Ажалды ойлайтын жасқа келгесін бе, кейде суық қабірді елестетіп үрейленетіні де бар. Жұрт ар-ұят, күнә, кінә дейді. Өзі оны аузына да алмапты. Ел дәулетін тонаған жалғыз өзі ме екен? Алмай тұрмайтын, олжаға құнықпайтын пенде бола ма? Ақ қардай тазалық кімде бар дейсің. Өлі адам ғана түкті қажетсінбейді. Ізгілік дейді, ол көптің қолынан келе бере ме? Зұлымдық дейді, біреулер қақым кетті деп жаны түршіге айтады. Оны кім тыңдайды, біреудің жоғын біреу өлең айтып жүріп жоқтайды демей ме? Кімге кімнің жаны ашып жатыр? Өтірік көлгірсиді аяғансып. Одан өлі тіріле ме? Өзі өле кеткен екен делік. Жиырма метр кебінге қақым кетті деп, алашағым бар деп біреулер жабысып жатса қайтесің. Неге қырық метр шүберекке орамайды? Сонда артығын берер еді. Кебінге жабысып жібермейді. Туыс-туғанынан ұят болды-ау. Өлі денеге ұят керек емес. Тірісінде сондай қасиетті сөз аузына түспесе, матаға оралып жатқан жалаңаш денеге бәрбір емес пе? Парақор, жемқор, алаяқ, суайт, сұм, сұмырай десін, оны айқайлып ешкім айтпайды, іштен тынып тұрады. Пенде өлгенге күле бермейді, тірісіне күледі, дұрыстап о дүниеге жөнелте алмаған туыс-туғанына күледі. Оны да білдірмейді. Кейбірі адал, қадірлі, елге елеулі азамат еді деп сайрайды. Жұмақта жаны болсын деп қояды. Өздері барып, жұмақта орын бар ма, жоқ па біліп келген кісіше айтады. «Тесік ауыз тек тұрмайды» -ның кебі. Оңтайлы ойын митингі құрып айтып жатады. Оған де ешкім қарсылық білдірмейді. Тірліктің сиқы солай. Өлгеннің жаманы жоқ, тірінің жамандықтан аманы жоқ деп қояды. Ей, қабірде тыныш жатқан да рахат шығар. Көмді де жұрт тым-тырақай қашып шыққандай болады да, мейрамханаға барып қараға сойылған жылқының етіне қолды салады. Онда да қайғыға ортақтасып кім тыныш отырады? Жыбырлаған ауыз жыбырлап:

– Пәленшенің қарасына сойған жылқының қазысы сіре болды. Мына қазы қалай? – деп сөз қуалай бастайды.

– Сипықтың қарасына сойған малдың еті онша болмады. Кейде жылқының сырты алдайды.

– «Өлі – тірінің азығы» деген, алып отырыңдар. Әй, тураушы жігіт, үйіңе әкететінді дәмді жерінен алып дорбаңа сала бер.

– «Тураушыдан туғаның болсын» деген ана қазының тәуір жерін бері бер, менен жасы үлкені жоқ шығар.

– Бәрекелді, жаяның етін дорбаға салдың ба? – деп көктұқыл міндетсиді. Жасын пұлдайды. Дастархан басында гулесіп жатады. Өйткені олар тірі, өлген жоқ қой, жер басып жүргесін ыңды бар, бұйырғанды таласып-тармасып жеу керек. Оны ешкім ерсі көріп, сөз қыла бермейді. Қайта өлім жөнелту – бәсеке. «Ажал бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деп жатады. Түсінсін деп түйіндеп айтады. Демек, «Қазтұтынушылародағының» иеленіп қалған дәулетін қалай шашса да жарасады. Оған кейбірі сыбыр-күбірмен езуінен ғана күліп қояды. Табалаудың түрі. Өліп көрмеген пенденің қайсысының аузына рух қақпақ болар дейсің. Тонау басталып халық қатты күйзелген тұста әр шаңырақта рух жөн сілтеп, амандығын сақтауда қатты қиналды. Кейбір елдер соғысып қырылып жатқанда қазақ жұрты амандықты сақтады. Оныңыз рухтың, аруақтың құдіреті екенін кім білер дейсің.

Әне, Сипықтың ұлы шегір көз, бұжыр бет, қоңқақ танауы делдіп Қипан келді. Жан-жағына әдейі көз салды да, төр беттегі бос орынға жайғасты. Өзгелерден қай жері кем, отырсын, ептеп жұтып алған ба? Ненің қуанышы? Арақ ішетін адамға күнде той. Кейбіреу арсыз дер, дей берсін. Оған Қипаң қиналайын деп жатқан жоқ. Отыра сала:» Өліктің қарасына адам көп жиналған екен», – деп дүрілдеп сөйледі. Оның сөзіне құлақ қойған ешкім жоқ, басына пәле тілеп қайтеді. Көзіне тіке қарауға қорқатындай болғасын жанындағылар жағын ашпайды. Сырын білетіндер әкесінің «Ювилирный магазинін» тонап он жыл түрмеде отырғаны, қаны қарайған оған соқтыққысы келмейді. Біле-білгенге Сипықты алтын сататын дүкендерге билік жүргізу құқына қолын жеткізген Бөрізақ еді, жарымес ұлы оны түсіне ме? Ақылдының қайғысы көп, есуас, қорықсыз бақытты. Оған көңілі суып, бетіне түкіретін адам болмайды. Кісі екен деп ешкімнің ісі тірелмейді. Оған мақтағаның

да, боқтағаның да бөрібір, «Черт с ним!» деп тарта береді. Бірақ, жарыместің де жақсы көретін ісі бар. Қидан қазірде азарт ойыншылардың басы-қасында, оққағары да болады, ойынға да құмары қанады, ордалы жыланның мұңын мұңдай біледі. Қоғамнан тонаған Сипықтың байлығын аясын ба? Сақтық банкісінің, қарттардың қаралы күнге жинағаны, халықтың маңдай тері, табан еті қаржысын сыпырып шетелге қашып кеткен Смағұлов емес қой. Сипық марқұм жемқорлыққа аса зерек еді. Енді соның күйедей сыпырып алған байлығын Қипан шашпағанда кім шашады? Өмір екі айналып келмейді, игілікке жаратып, балаларыма мұра болсын, жанұям тарықпасын дейтін Қипанда соқа басынан басқа ешкім жоқ. Бір жағынан соған күйінетін де шығар. Е, біреудің тірлігіне төрелік айтып ұшпаққа ешкім шықпас. Түңлістен де ұтарын тауып ұтпас па екен?» Сиықсыз, сұмырай неме, ат атандырып, сүйек сындырды», – деп Бөрізақ күйінеді. Істеген жақсылықтарым суға езілген қанттай болғаны дейтіні де жөн. Адалын айтқанда, Қипаңның талай қылмысынан да қорғап еді. Сипық:» Түрмені көріп түзелсін!» – дегесін ара түсе алмады. Түйсіксіз неме түрмеден қаныпезер болып келді. Ең болмаса түлкі тірлікті меңгерсе ғой... Өйтпеді. Обал жоқ.

Біреулер озбырдың шаңырағы ортасына түспей қоймас деген сөзді көкірегіне түйіп отыр. Мына бүкір қара шал Сипықты ақ жуып жөнелтуге бастан-аяқ қатысты. Кезінде жүргізуші болып әмпей-жәмпей еді. Қипанды да бағып-қағып тәрбиелесіп еді. Қазір аралары суыды. Жат адамдай көзқарас қалыптасты. «Өкеме қызмет етіп едің», – деп Қипаң айтпайды. «Сипық біраз жақсылық істеп еді», – деп қара шал айтпайды. Бұнысы қалай дей көрмеңіз, біреу біреуге пайдасы тимесе қайтеді. Адамдардың қылығына түсініп көр, әулие екеніңді білейін. Бүгінде Сипықтың өмір сүргенін, үстемдік иелерімен майлы қасықтай байланысып азуын айға білегенін ешкім айтпайды. Оны жоқтайтын, өлінің де абыройын көтеретін жалғыз ұлы Қипанның түрі әлгіндей. Қара шалдың да Сипық деуге көңілі шаппаса да, есіне алып, елестетіп қояды. Тірлігіне біраз

жақсылық істеді. Содан шығар. Айтпақшы, Сипықтың әкесі Сынтайды да көзі көріп дәмдес болып еді. Жұрт Сынтайдың жеті жалмауызы атанған ұрпағына көңілі бірде толып, бірде жаны құлазып, ұқсатымсыздар деп налып қоятын-ды. Өзі аудандық дайындық мекемесінде ұзақ жыл қызмет істеп ұрпағын, туыс-туғанын аштықтан аман алып шықты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жұмыр жер халқының бестен бірі аштыққа ұрынып, жыл сайын он төрт миллион бала өліп жатса, неше түрлі індет, ауру Қазақ даласын да күйретіп, аштық зұлматында әр бұтаның жанында өлгендер аз болған жоқ. Кеңес үкіметі сүйекті неге жинатқанын ешкім түсінбейді. Аштан өлгендердің дерегін тарихтан жасыру ма? Сөздің шыны, тәртіпке бағыну, сүйек, жүн, тері-терсек дайындауға қандай тапсырыс берілсе жұмысты дүрілдетіп атқарып талай байрақ алған. Оның үстіне, қант-шай, азық-түлік қолында, киліккен жоқтықтан Сынтай жанұясы зардап шеккен жоқ. Тарықпады, ішпесті ішіп, киместі киді. Берекелі дастарханы жиылмады. Билік иелерімен араласа білді. Олардың да пенделік жетімсіз шаруасын, керек-жарағын тауып беріп отырды. Сырлы Сынтай атанды, жек көрушілері қу бастан қуырдақ ет алатын қу Сынтай деп келемеждеп те қоятын-ды. Жұрттың аузына кім қақпақ болған, не десе де ықтияры білсін. Әйтеуір балаларын Мәскеуде, Алматыда сауда саласына оқытып оң қол, сол қолын танытты. Нағашылы-жиенді Бөрізақ Сипықпен қатар өсті, қатар оқыды. Сынтайдан алалық көрген жоқ. Іштерің сезіп отырған болар, Сипықтың бір ағасы Орталық партия комитетінде өндіріс бөлімін басқарса, екінші бір ағасы облыста хатшы болды. Сөйтіп, Бөрізақтың қорғаны осал емес еді. Тәж-тағына көз алартып зиян салудан аулақ, «Орнымнан мұрттай ұшамын-ау», – деп үрейлену ойына кіріп-шықпады... Бөрізақты енді түсіндің бе? Мық шеге. Мүддесін орындаудағы мүмкіндікті мүлт жібермейді. Сипықтың өлер алдында кірпігі неге қимылдап жатты? Аузы ашылып қалыпты. Бөрізақ жанына жаңа барғанда өлінің жүзі салқын болатынын байқады ма? Жүрегін бірдеме тырнағандай ауыр сезінді.

Бүгежектеп жүгіріп жүргендердің бірде-бірі өліп көрген жоқ. Сосын о дүниедегі жағдайды болжай алмай, болымды-болымсыз тірлікте бопсалап күн көргеніне мез екен-ау. Кейбірінің біразға дейін кірпігі қимылдап, аузы ашық жатуы содан ба екен? Әрбір ауыспалы уақытты бұйдалап, көкір-шүкірді қизалап, кейде бұйырмайтынды да бесті асауды үйреткендей бұғалықтап бұйыртқызып, болжалды мезгілді де білмей бөденедей бүлкілдеп жүреміз-ау. Кейбірің теріңе сыймай, жетім-жесірдің көз жасын тыймай, байлығыңды өзге түгелі өзіңе де қимай, дым жоқ, жетпейді деген сөзді теп-тегін сыйлай салып, қырқадан қырқа, беткейден беткей асып, жұмыр жерді шарлап, қылмысты судай сіміріп бара жатырсыздар. Сөзге дес бермей, оқтай қадалған ащы сөзден өлдім демей, қара тасты тескендей, көкіректі көнектей, танауды шелектей етіп астамшылықпен кеуіп кеткендер де қаншама? Ал осындай жылпостарды айтып шаршама? Оныңыз иненің жасауынан өтетін масқара. Сөйтіп, Аллаһтың бұйрығынсыз өле алмай, барлыққа да, жоқтыққа да көне алмай, ескексіз қайықтай қалтылдап, жаттың артында жалпылдап тірлік кешесіңдер. «Менді» білмейтіндер нешеусіңдер? Айта алмайды, тілін жұтқан өзгенің сойылын соққан мың соққан. Естеріңде болсын, демің бітіп, татар дәмің таусылған күні тірілерге аманат қалдырып, кейбіреудің жүрегін жандырып, жамандығың болса өз кеудеңе салдырып қара жер қайдасың деп кете барасың. Сені жоқтап санды ұрып қалатындар да болар. Құтылғанына, «Барғанынан келмесін, елдің бетін көрмесін, түсімізге жың болып енбесін» деп, қуанатындар да табылар. Орныңды басытын ұры-қары сілкініп, қағынар. Тәж-таққа отырғанша биіктегілерге жатып жастық, төселіп төсек болып жалынар, пара беріп табынар. Рас, кінәні өліге жабатын әдет те кездесер. Мейлі, құлағыңды қалай шулатса да елдің аузына қақпақ қоя алмайсың, қабірің терең болса шыға алмайсың. Тірі жүргенде қаскөйлігіңмен қанша рет өлгеніңді періште өзі есептеп табар. Бәрінен бұрын

жұрттың о дүниедегілерге дұғай-дұғай сөлемін ала алмай қалады екенсің. Ол жақта пара жоқ. Кінәң да, күнәң да таразыға тартылады. Сүрінбей өтуің неғайбіл. Өзірейіл жұтып жіберердей жұтынғанда қабіріңе сыймай ісіп кетесің, аңдаусыз тұрып, тамұғына өзің-ақ түсіп кетесің. Өйткені, сен» Ажал астан тәтті» дегенге сенбегенсің. Бұйырғаны осы деп өз еркіңмен ажалды күтіп, адал жолда тыныш өлуге көнбегенсің. Оның үстіне бай байдан асамын, әлемнің алдына шығамын деп құнығып, АҚШ-тың елу миллиард долларын жоқ қылып, әлгінің өзіне қол салып өлгісі келгенін теледидардан көріп, сөзді естісең де елемей құныға түскенде ажалды қалай еске алсың. Діннің айтуында шайтан ғана өлмейді. Миллиард қаржы да ажалға араша түсіп жаныңды сақтай алмайды. «Бөрінің де ақыры бар» деген сол. Ажалдың болаттан да берік тақымы бар, түстің екен босатпайды. Бірақ адалдық жолына тас атпайды. Ажалды әуірім күшпен ала алмайсың, пара-пайда беріп жансауғалап құтылып, біреудің қанын шашып сасытып қала алмайсың. Ақырында дәрменсіз басыңмен ажалдың алдына түсіп» Әумин!» деп тарта бересің. Кейде ататегіңе тіл тигізіп, аруақты мазалап, ащы, уытты сөзден өлесің. Оны түсінетін басыңда ми болса. Ғылымгерлігі әлемді таңғалдыратын мұны бастың біразы шет елде жүр, ойын сатып озып шығатынына бізде кейде орынтақ, атақ, қолдау бұйырмайды. Әрі айтып, бері айтқанда көресіні көрмей көрге түспейсің. Байлығыңа масығып ұшқан құстың құйрығын кейде тістейсің, кеудеге нан піскен төкашпарлық-ай!

Айтқаным көздеріңді аунақшытып сенгілерің келмейді. Оларың – аңғырттық. Пенде жарықтық ажалдан қорқады, ә? Сосын аңқаусып, мүсәпірсіп еске алғысы жоқ. Қарапайым халық тезірек күн өтіп айлық алсам деп аптығады. Қаржысын швед еліне аман жеткізіп, сол елдің бірінші байы атанса жаман ба? Соған асығады. Барар-ау, сол жақта сүйегі қалады. «Қылмысы жоқ, мінсіз», – деп қоя сал. Кім қайда кетпей жатыр? Ақылдылар арыстанды да ерттеп мінеді. Ей, кейбіреу кісі қақын жесе күн көрісі үшін шапшып, шаптығады. Оныңыз – дәрменсіз әлсіздің

тірлігі. Адалдық жолы соларда. Мемлекеттің тірегі де солар. Байдың даңқын шығаратын, қаржысына үстемелеп маңдай терін құя алатын да солар. Арқа еті арша, борбай еті борша боп, көзінің сорасын да сүрте алмай қу тірлік кешсе де, ешкімнің ала жібін аттамайды. Біреумен алакөз боп, кек сақтамайды. Бір төбеде күн кешіп, бір шұқырда қаламыз дейтін де тапқаны қапқанына бірде жетіп, бірде жетпейтіндер. Бай оларға шекесінен қарайды. Еркіне салсаң мың жыл өмір сүруді де көпсінбейді. Ондай кеңшілікке ой жіберсе араз-құраздықты да кексінбейді. Бөрізақ бір ағайынының баласын жұмысқа орналастырмап еді. Ескі шапанын сүйретіп әкесі келді. Дастархан басында:» Алма бұтағынан алысқа түспейді. Сенің әкең менің әкеммен аталас болса да алуға бар да, беруге қолы қытымырлау еді. «Немере етін жеп сүйегін береді» деп... тірліктің еті саған бұйырды, итке тастайтындай сүйегіне алданармыз. Құлығың бар, кісілігіңді әкең көрге әкеткен екен», – деген сөзі етімнен өтіп, сүйегіме жетіп тірі өлтіріп еді. Қарияға қарсы сөз айту жараспайды, іштей мүжілді. Аруаққа тіл тигізгенше буынып өлер ме еді? Бірақ, оған Аллаһтан бұйрық жоқ. Тудың екен маңдайыңа жазылған күні өлесің. Жә, қара жерге қара жылан кірсін деп сүрініп-қабынып, байлыққа белшеден малынып шырып жүреді екенсің. Өтірік күледі екенсің. Күлмей қайтесің, кейбіреу шөп басын сындырмай, адамдық істі тындырмай, арақ ішіп тырып жатқысы келеді. Өлі ұйқыда болса да оңай олжа тапқысы келеді. Адамдықтың арлылығына кіретін шайтанның арбауымен түрлі қылмыс жасайтындар қаншама? Олар да өлі төсекте, өлі ұйқыда жатып түс көреді. Байып жүреді, түсінде тауып өңінде жоғалтатынымен шаруасы жоқ. Ал тірліктің арғы-бергі құпиясына ой жіберіп, арагідік пақырларды жебейтін кім бар дейсің. Арбаң-құрбаңдап байлардың өзінің қайғысы шыққан тауым биік болсыннан басқаны біле ме? Әлем дүрлігіп дағдарыс деп жатса, ішіне пышақ айналмай қызғаныштың отын үрлеп амалын асыруды ойлайды. Айналыстағы қаражаты пайдаға шықса ғана күледі, әйтпесе қабағынан мұз жауып жүреді. Тіпті алдаушы мен алданушының арасына түсетін

арбитраждық соттың үкімі біресе олай, біресе бұлай ауытқып жатады. Сонымен ажал бар екен-ау, имансыз кетпейін деп әлсіздердің тірлігін септейін деп, дағдарыстан тынысты кеңітіп шығайын, бар мен жоқты, бай мен кедейді сынаған тұсын ұғайын деп Жаратқанға жалбарынып бәйектеуден гөрі, әлсіз, кедей алдында бөлденіп, өзінен жоғары тұрған әлдіге құлдық ұрып пақырсыған халге түсіп қалатынымыз және бар. Екіжүзділік деген ажал сол. Жемқордың да іші сонша тар. «Жаратқаннан жасырмаған иттігіңді адамнан неге жасырдың?» – деп жаныңа батырып Өзірейіл айтқанда батпансығандай балпылдап:» Менің кісілігім жетіп жатыр, қол қайырым әлсіздерге кетіп жатыр. Сипық өктем үнін төске ұрған балғаша соқты білем. Ондай арындап айтуына себеп бар. Өздеріңе мәлім атақты Сынтаевтар әулетіндегі, яғни Дүбірге телес Сипық өледі деп ойлаған жоқсыңдар. Алтын сататын дүкендер жабылғаннан кейін» Аттан түскен, есекке мінбейді» деп жекеше серіктестік құра салды. Байлық бар, орынтақ осал емес. Нарық басталған кезде қиналған әлсіздерді жел айдаған қаңбақтай ықтырды, қаталдықпен дәніккен мінезі ешкімді бетіне қаратпады. Бөрізақтың байқа дегенін тындау қайда, өз ақылыңмен өзің бай бол деп қайыра салды. Сосын ығына көнбегенін бу бұлау, тас бұлауға түскендей терін сығып алып, қанын теспей сорып, миын айналдырып, басымен қайғы етіп жіберетінді тірі пенденің кейбірі көрмесе де, аруақтар хабардар болыпты. Туыстары: «Жалғыз баласы түрмеде отырғасын күйінетін шығар», – деп жұмсақ ойды меншіктейтін еді... Бірте-бірте тынысы тарыла берді... Сонымен өлу деген көз аларту болып кеудесіндегі шыбын жан көбелектей қанат қағып ұшып кетті білем. Біреулер кенет кетуін:» Өті жарылған», – деді. Екіншілері «Шытыр мінезінен бе, автокөлік апатынан ба, жүрегінің қабы айырылған», – деді. Дей берсін жұрттың бәрі өліп көрген жоқ қой. Аруақ шыр-пыр боп үй ішінде кезіп жүр. Әр нәрсені тырнай тартады. Қайтеді, дүниесін қимағаны. «Шүкір, бедел-бақтың, байлықтың арқасында ғой, денемді үйге үш күн түнетті. Рухым

ажал алдында әдеп сақтаса да бес гектар жердегі жиырма бөлмелі коттедждің әр бөлмесін аралап дүние-мүлікті, шетелдік иттер мен мысықтарды қимай арпалысып бақты. Ақан деген қария жиналғандардың әрбірінің көкірегіне қонатын, әрлі-нәрлі сөз айтты:

– Қалың жұрт Кеңес үкіметі тыраң етіп құлағасын, тоналғасын, жоқтыққа езіліп жаңа қоғам қашан жарылқарын күтіп сарылып отырғаны белгілі. Кеңестік тәркілеу байлықты ортаға жинап еді, байлардың жанын қинап еді. Бүгінгі тәркілеуде ұрылар қаржы ғып қалтаға жинады. Көпшілік қақым кетті деп соған алаң. Айтар едің, жетпейді шамаң. Ел-елмен қатынас та қиындаған. Елді мекендерде автокөлік қатынамақ түгелі электр қуаты тоқтаған, жегжат-жұрағаттардың бас-аяғы жиналуы оңай емес. Құтыла алмағандай жер қойнына жіберуге асықпайық. Мұндайда әркім әрқалай ойлайды, той мен өлікке қазақта өкпе аз болмайды. Сипық енді дүниеге қайта келе қоймас, келсе де оған деген буырқанған жұрт дегеніне көне қоймас. Әсемдеп күтелік, соңғы сапарына байлығына қарай, бағалап жөнелтелік, – деді.

Оның бұйрықтай сөзіне жұрт ұйып қалды. Қаншама олай емеспіз, бұлай емеспіз, бүйтіп оңбаспыз деп бажылдасақ та жасы үлкеннің сөзін тыңдаған жөн екен. Содан шыбын жаным бұлай бір, олай бір бөлмелерді кезіп шарқ ұрып жүрді де қойды. Өлген дене қабіріне жеткенше асығады деуші еді. Сонысы шын болғаны ма? Әйтеуір, жанның байыз табар түрі жоқ. Бұқпантайлап коммунист үстемдік иелеріне жағынып, өлімімді салып жинаған дәулетімді, байлықты тастап кетуге қимай шыр-пыр етті. Түрмедегі жалғыз ұл қашан келеді? Соның қайғысын көтере алмай әйелім бұдан бес жыл бұрын о дүниеге кетіп еді. «Қайырсыз байлығың құрысын», – деп көзін жұмып еді. Байлық ұстауға да бас керек. Қимайсың. Өзің болсаң қайтер ең? Тірлігімде жұрттың бәрін өзімдей көретін байсалды ақыл бұйырмаса қайтесің? Ал бай болуға ақылдан гөрі айла-құлық болса, сыбайласпен тіл табыссаң жетіп жатады... Ей, мына бөлмеде Чуваш жүр ғой. Біздің құлымыздай болған, үй тірлігінің қара жұмысын атқарған,

он саусағынан өнері тамған, әсіресе алтын-күмістен неше түрлі бұйымдар жасайтын шебер. Жас кезінде түрмеде де отырып шығыпты. Жиырма жылдан асты Сынтаевтардың жанұясына сіңісіп кетті. Арақ ішпейді, шылым шекпейді, одағай мінезі жоқ. Оу, ана-у тұрған жылан төрізді етіп ағаштан жасалған бұйымның іші толы алтын еді. Оның ішінде жақында дүкенге түскен жапондардың алтын сағаты да бар еді. Екі-үшеуі заң орнының заржақтарына, обкомдағыларға сыйға тартылып еді. Ой, сыйлық алудың жөні бөлек екен. Көздері жайнап, қуанғанын көрсең. Оны пара демейді. Сыйлық деп сыдыртып өте шығады. Ыдыста тұрған миллиондаған қаржылық алтын бұйымдарды көріп күйіп-пістім-ай. Чуваш неге соны төңіректеп тінтіп жүр? О, пәле! Жә, кіріп-шығып, әр түрлі ой ойлап жатқан халыққа кім сенген? Алмағайып баукеспе ұры қағып кетсе, о дүниеде жаныма тыныштық болмас еді. Осы кезде төр алдындағы алаңқай жердегі парсы кілемінің үстінде әр нәрсеге алданып отырған алпамсадай Қапи:

– Сипықтың жаны қиналып шықты. Келсек, аузы, көзі ашық жатыр. Мұрнынан қан кеткен. Жан-жағындағы жамылғыны тырналап жұлқылаумен болды. Құлағының да қаны тыйылмады. Содан Ақан бір шүберекті қайшылап қиып еді, соңғы демін шығарып, ықылық атып, иегін қағып жүріп кетті, – деп финдік шифоньер үстіндегі жылан бейнесіне көзін тастады. Албасты басқыр Қапи жеңгемнің сөзін көрдің бе? Менің жанымның қалай шығуында шаруасы қанша? И-и, жылан ішінде қимайтын байлық бар ма деп сұқтанған суық көзін көрдің бе? Байып шыққанның үйіне туыс-туғаны да келе бермейді. Өйткені, байдың қабағы ашылмай, жаныңа жылы сөзі айтылмай, күлмей, безеріп жүрісінен шошиды да екі туып, бірі қалса да босағасына екіншілей аяқ салмайтыны аз ба? Оның уақасы жоқ, байлықты қызғанып жүрегін ауыртып қайтеді. Қапи еркінсіп әр бөлмедегі көздің жауын алатын дүние-мүлікке таңырқап:» Қара халықтың дәулеті қайда шашылмаған? – деп күбірлейді. Мұнша байлыққа қолын жеткізген Бөрізақ екенін кейінгі кезде ұмытып еді. – Неге құнықты, мұнша байлық тақияңа тар келді ме?» – деп Қапи іштей

күбірлейді-ау. Қайным еді деп жанымды сыйлап жүрсе ғой. Өткен өмірінде аласұрып, басын тауға-тасқа соғып, алау-жалау ит талағандай боп, «Сипық байыды, сен далада қалдың», – деп Сыбыр ағасының құлағын жеген еді. Былтыр Сыбыр арақтан күйіп өлді. «Енді қу тізеңді құшақтап соқа басың қалған саған саған байлық не теңің? Өкшең қанамаған, бедеу неме», – деп Сипықтың жаны дір-дір етті ме екен? Ел дәулетін алапай-талапайға салғанда молынан қармағанымды көре алмайды. Шаңырағымдағы жалғыз баланың мұралығына жинаған қазынаға Қапи суық көзін тастайды. Тіршілікте ненің қызығын көрдің миғұла неме?

– Сипық ұзақ жасай алмады. Иманды болсын! – деп қояды Қапи. Уайым жеген түрі. Шыбын тайып жығылғандай майлы беті былш етпейді. Сыбыр дүние салғанда көзіне жас алмап еді. Менің қанша жасағанымның Қапига қандай керегі бар. Көпір басында көрісетін жеңгенің жаны ашып отыр дейсің бе? Байлығымды таламаққа көңілі түсіп отыр. «Бірге тусаң да, өлгеннің артынан өлмек жоқ», – деп қояды. Жорта қынжылыс білдіріп, қайғы-мұңға қабырға қайысады дейтінін қарайғөр. Орағытып, о заманда, бұ заманда кімнің қабіріне кім бірге түскен дейсің деуін қара. Жаным шошыды, оған қабіріме бірге түс деппін бе? Тіріде сыйласпағандар, о дүниеде тыныштық берер деймісің. Әкем марқұм:» Өлсем қабірімнің жанына жаман адам түспегей», – деуші еді. Мына Қапидың сөзінің түрі жақсы емес. Жә, біреулері жұмақ, тамұқ деп ойды бөле береді. Өздері барып, көріп келгендей айтады.

Әне, дене өлді, оны ұғып қойыңдар. Медицина мықты, бөлкім тірілтіп алар. Оған дейін аруақ тірі, жан кезіп жүр. Алакөбеден жақын-жуық, жегжат-жұрағаттардың кімдері келіп, қайсысы шын ниетімен жылап-сықтап жатқанын жанның сезетінін жасыра алмайсың. Қайдағы-жайдағылар да апың кіріп, күпің шығып жүр. Біреулері қараға соятын жылқының семізі болсын деп қояды. «Сипық жақсы жылқы мініп кетуі керек қой», – дейді. Мені бір жұмақ пен тамұқтың екі ортасында құйрық-жалы төгілген жылқыға мініп жортып жүретіндей көре ме? Қайран, пенде өздерінің қарнының қамы дағы. Қанша

халық жиналған екен, Сынтаев әулетінің мықтылығын білсін. Адамды адам сыйлаған жақсы шығар, бірақ сұстан, байлықтан қорқып сыйлағанға не жетеді? Үстемдікке құлдық ұруда алдымызға ешкімді сала қоймаспыз. Облыс басшысы Дүбір Сынтаевтың жүргеніне қарақұрым жұрт қайғыға ортақпыз деп мүлөімсімей тұра ма?» Жалмауыз екі дүниеде оңбай қаларсың», – дейтіндер іштен тынады. Кім жалмауыз болмай жатыр, кім елдің мүлкін ұрлап залымдық жолға түспей жатыр? Капитализмнің заңы солай, жайлап жалмамасаң бай бола алмайсың. Етегіне намаз оқитындар аштан қырылып қалған, оны жел ызындап жеткізер еді, қаланың көп қатарлы үйлерінің ығы естіртер ме? Анда-санда Дүбірдің көзінен жас шыққанын жағымпаздары аңдып тұр, лыпып орамалмен сүртуге дайын. Оның қасындағы Шапкен, ол да осы шаңыраққа сүйек сырқырайтын жегжаттығы бар. Қамшыдай қатып қара тастай қайыспай-ақ бақса да, ұрпағына Дүбірдің көлеңкесі түсер деп қан қысымы көтерілсе де келіп еді. Адамды жер қойнына тапсыру оңай ма, өзіне де ажал жақындағандай жетпістен асқан өмірін түкке тұрғысыз, рәсуа еңбекпен өткенін есіне ала беріп еді, сүрініп құлап талып түсті, дереу ауруханаға жөнелтті. Мынадай шылқыған байлық әлсіздердің көзінің жасы деп жанын жеді ме екен? Ұпай кеткен де қиын. Өзі жарымаған адам өзгенің байлығын көргенде есінен танатыны болады екен. Көріп тұрсың ба, үш атадан қосылатын апасы Мәнім дауыс етіп жатыр. Ол да Дүбірдің үстемдігіне көрсеткен қисынды қимыл ғой. Әйтпесе, құстың көлеңкесіндей көлеңкең түспеді деп босағасын тепкілеп кеткені қайда? Зарының түрі жаман екен», – деді Сипықтың жаны.

Алаулап жанып едің,
Биіктікке барып едің.
Танымасты танып едің.
Алдыңа талай барғанымда,
Тура жолым деп қалып едің.
Табысқор жүрегіңнен-ай,
Атыңды елің біледі-ай.

Қарғысқа қақалмап ең,
Жақсы деп аталмап ең.
«Сипықжан» деп жүр едім-ай.
О дүниеге кеткенінде,
Қан жұтып жүдедім-ай.
Ажалынан бұрын өлді деп,
Қайдан қатер төнді деп,
Шаңырағы шытынап,
Сипықтың оты сөнеді деп,
Кім ойлаған, бауырым-ай.
Ажал құрық салды ғой
Жиған дүние қалды ғой.
Әурелеген қу тірлік,
Артында бөрі қалды ғой.
Жүрегім сонша жанды ғой,
Өлмеймін деген Сипықжан,
Қара жер жұтып алды ғой, –

деп боздағанын біреу түсініп, біреу түсінбейді. Бірде баяу күбірлеп, бірде зарлы дауыспен айтады. Тірлігінде көп қайырым көріп ем, ықтасының тиіп, жақсылығыңды сезіп едім демейді. Дерегі болғанда, үстемдікке керегі болды да, байлықты кешіп жүргенде сорлы апаңа қарасып көрмеп едің демейді. «Арқалаған арығым-ай, тілейді апаң қабіріңнің жарығын-ай», – деп үн салып жоқтайтынын білсем қатқан баспана бергізіп, әлгі боқмұрын екі баласына жоғарғы білім әперіп, астарына машина мінгізбес пе едім. «Қайырылмай кеттің қарағым-ай, тау жұтқандай еді талабың-ай, болып-толып тұрғанда қоғамды да таладың-ай, білмедің-ау, боқ дүние артыңда босқа қаларын-ай», – деп зарлағанда жаным тебіреніп, қабірге сыймайтындай күйге түстім. Жаным түгілі қан тамырларым ұйып, қызметін тоқтатқан сүйек-саяғым сырқырады. Анамның айтуына қарағанда, мен дүниеге келгесін өзі қатты ауырыпты да, бағып-күткен, отқа, суға түсірмей баққан осы Мәнім апайым екен. Соны біле тұра жақсылық істемегенім қасқыр жүректілігім шығар. Қош, ана жерде тұрған Дүбір ағам ойында алшақтық бардай аламыш сөзді қозғап:

– Абыройы бар еді... Әрине, беделді қорғауды түсінуіміз керек. Бәріміз адал болғамыз келеді... Адамдарға қызмет еткіміз келеді... Кейде қол қысқа, жеткізбейді. Жолдастар, қазір Сипықпен қоштасамыз. Енді онымен ойнап-күліп жаңа қоғамның бағыт-бағдарына ой бөлісетін жағдайымыз жоқ... Көп пікір ішінде кете барды. Жан сарайымыз оны жоқтар... Ажалын өзі жақындатты ма, кім білсін? – деп ақылгөйситініне жаным кірпідей жиырылды. Кешегі қызыл ұраншыл неме. Халықты қанаушы неме, нені саттырмай жатырсың... Купон-супонға жұрт алданып аузын аңырайтып ашып қалды... Әрбір министрліктегі, облыстағы социализмнің ортақ игілікке жинаған өндіріс орындары, құрылыс, автокөліктерін тиын-сиынға таратуға арың қалай жетті? Жұртқа үлестеріңді аласыңдар деп алдадың... Менің де кішілігімді пайдаланып, алтын өндірістерін өзіме бұйыртпай қағып алып, қанымды сордың. Әй, жылан ішіндегі құйма алтынды, түрлі бұйымдарды берсем, «Айналайын қанатым, қандасым, жандасым, бауырым!» – дер едің-ау. Өзіңнің жекеге шығарып алған байлығың аз көрініп, әкел-әкел, бәрі маған дегенге дағдыланған неме. «Қазақалтынның» (Кеңес үкіметі бойынша алтын өндіру Ресей, Өзбекстаннан кейінгі үшінші елміз) бүкіл өнімін үйіңе кіргізіп алсаң да көптік көрмессің. Елде жоқ байлықты жинап отырғаныңды мен жақсы білем. «Қазақсельмаш», «Целинсельмаш» зауыттарының қаржысы қайда? Ол шаруаны басқарған Баутино сыбайласың не болып, не қойғанын өлсе де айтпайды. Партияның қаражатына салынған коттеждерді де ебін тауып сатып жібердің. Шынтуайттап келгенде, бәрі халықтың дәулеті, мұрасы еді. Енді елге сыйғыза алмаған дәулетіңді шет елге зытырып жатырсың, отыз миллион қойдың қаншасы ұшақпен тасылып сатылды. И-и, қонақ үйіндегі алтын жиһаздар, алтын ыдыстардан тамақ ішкенде шыққан мүйізін қайсы? Диванымның асты тола доллар деп бірде өзімсініп мақтанып едің... Сенің байлығыңа облыс түгілі республикада ешкім тең келмес, мафияның көсемсымағы, партияның қызыл жендеті... Партияның беделін сендер түсірдіңдер. Шетелдегі банктер-

де қаражатың қаншама? Сонда да бір жерден табыс көзі қылт етсе оңтайлап, жеделдетіп қағып түсесің. Ақырында өзіңнен қалмайын деп Швецариядағы банктен есепшот ашып дүрлетіп едім, табысты гүрлетіп едім. Соны естіп қызғаныштан буынып өле жаздадың. Енді Сипық қалай өлді, ажалы ма, өзі өлгісі келді ме деп о дүниеге барғандағы абыройымды шашқың келеді. Е, жамандықты күйелеп жағып жармасып қал... «Қазаны басқаның қайғысы басқа» деген. «Табалдықтан биік тау жоқ, ағайыннан артық жау жоқ» деген сөз есіме жаңа түсті. Өттең, денем өлі, әйтпесе қылмысыңның ішек қарынын ақтарар ем. Өлгеннің сөзі іске тігілмейді дейсің, түсіңе еніп шошытам өлі... Айтпақшы, әлем ғалымдары өлген адамның жанымен телефон арқылы сөйлесіп жатыр... Мені о дүниеде тегін жатады деме, аяғыңды аспаннан келтірермін өлі... Оның да ұтары, сәтті кезегі келер. Саспа. Осыдан қайта тіріліп кетсем. Көрсетемін қызықты.

Сонымен, туыс-туғанның кейбірінің сөзіне жаным тітіркеніп, тыншу таппай-ақ қойды. Ей, тірі пенде-ай, шығарда жаны бөлек болғасын болымды-болымсыз ойды шашатынын қайтерсің? Тірі кездегі бастан өткен ой арпалысына әркім әрқалай қараушы еді. Әр түрлі сыпсың сөз тараушы еді. Енді мыналардың кейбірі балпылдап сөйлеп емеуірінінен бір сәттілік ішіп-жемнің бабын тілейді. Өлі денені де дәреже-даңқына қарай жөнелткісі келеді. Білгішсініп ұсыныс айтады. Тірліктің ақырғы сапары. Оған сын жоқ болуға тиіс. Ана отырған бір көзінің ағы бар қария:» Пәленшенің өлігін үйден шығарарда алтын ақша шашты, намазын оқыған үш молдаға үш аттың құнындай қалталарына қаржы салды», – деп еді. Жанында отырған екінші қария парсылық әдемі кілемнің түгін сипап ыңылдай сөйлеп:

– Бай адам байлығын өлгенде шашпағанда қайда шашады? Бірталай өлікті көрдік, қолы ұзын, беделі мықты, олжасы қомақты алып қалғандар төгіп жатса жарастықты екен. Өлік жөнелтуде де бәсеке бар, бірінен-бірі асып түсіп жатады. Бәсеке лайықты, бір түрлі сәнді ғой, тірліктегі жиған-тергенді аямағаны айтып жүруге, тіпті аңыз етуге

баяғы Сағынай байдың асындағыдай ел аузында қалуға не жетсін, – деп көне шапанының етегін желпіді. Оу, тіршілігіндегі кем-кетігін өлім жолымен толтырғысы келе ме? Күнә дейтіні қайда? Көзінің сорасын сүртті де:

– Дүние-мүлік қартайғанда адамның көзіне бітеді деуші еді. Бүгінде кейбір жастар қартайып туып жатырма, байлыққа құмарланып, оқу, білім-ғылымды ұмытып барады, – деп жанындағы жіпсік көз, кемиек қартқа қарап іштей:» Сипықтың әкесі марқұм, сөзіміз ауыр болмасын, алаша дорбасын тастамай далада жатқан сүйек болса теріп жүретін, сонда жанынан қалмайтын қара домалақ еді. Үкіметке өкпесі жоқ, сұмдық байып шыққан тұқым... «– дейді. Жанды жаралайтын сөзді, ойды неге қозғайды? Кім бай болғысы келмейді? Кедей қолындағысын ұқсатуды, сірә да, білмейді. Әкесі айтатын:» Кеңестік кезде байларды төркілеп малын кедейге бөліп берген де, айналасы екі-үш айда сойып жеп қойды. Ақыры аптыққа тірелді... «Сол сөз Сынтай әулетінің жадында қалмады дей ме екен? Әлгі қария өзінше ақылды сөйлеп отырып бірдеме берсе алмаймын, еңбегім сіңген жоқ, күнә дер дейсің бе? Демейді. Көмейі белгілі, алуды ойлайды.

Осы кезде алтын өндіретін зауыттың коммерциялық фирмасындағы андыздаған арыстандай айбатты, қалталы да қайратты жігіттер дұға оқуға арнаған қаржыларды төгіп тастап жатты. Мәре-сәре боп бірге іскерлік жолын бастап, алтынды жеке цехта ұқсатып есепке кіргізбей, ешкімге білгізбей түрлі бұйымдар жасатып дүкен арқылы таратып жатуды заңдастырып жүргізген еңбегімді біледі. Мол ақшаға есі шыққан Қапи апамыз әлгілердің дәптерге аты-жөнін жазғанда жерден тауып алған олжадай кірпігіне күлкі үйіргені несі? Сұм неме, дұғаға түскен қаржыны жымқырудан сау ма? Түрмеде жүрсе де» Шаңырағыма ие болады-ау» деген ұлым бар емес пе? Өзі өлмейтіндей көре ме? Ажал кімнің басына келмес дейсің. Е, оның Құдайдан қорқып, адамнан ұялмайтынын білетін шығарсыздар. Күйеуінің бетін топырақпен жасырмай жатып бір күйеуден біреуіне, ол да жақпай екінші, үшіншісіне тиіп елге күлкі-мазақ болып еді. Соған қарамай күйеуге тие

берсең, ондардың ішінен бір тәуір еркек тап болады, табысы да мықты, төсекке де қажырлы дегенім ғой. Сайқал неменің сөзін көрдің бе? Біраздан соң оның жанына Дүбір келді. Екеуі сыбырласып, күбірлеседі. Не айтып тұр. Өз пайдалары шығар, үстемдіктің көлеңкесіне тығылу жайы шығар. Дүбірден де биіктегілер бар, бедел, бақ темір шымылдықтың арғы бетінде тұрады. Оның қылмысы болса да жанашырлары басымен көтеруі тиісті. Қапи әлсіз, кедей. Оны кейбір сәтінде Дүбір мақсатына, өз пайдасына пайдаланбайды деймісің. Сосын пайда бөліске түседі, қылмыс білінсе қорғансыз Қапи түрмеге кете барады. Кінәлау оңай жүріске түсті, ақыры қылмысқа барды деп сендіру оңай. Қапи сыр шашпай, Дүбірге келістім дегендей басын изеді де қойды. Бір-біріне жылмаңдап, біреу арыстай боп өліп жатқанда несіне жетісіп туыс-туғаны қылымсиды? Пайда жолында жылымсиды. Көрдің бе, Дүбір желетімнің қалтасындағы алтын сағатымды бетімді топырақпен жасырмай жатып тағып алыпты. Өзіндегі он-он бес алтын сағат аз болды ма? Ұят-ай, бай адам ұсақтала ма екен? Сипықтың жаны тыншу табар емес. Неге? Қызғаныш. Оу, қайран ғашығым Зымзияны қара. Лағынет атқыр неме, бриллиант заттар тұрған бөлмеге еркінсіп кіріп барады. Ол бөлмені тірі пенде білмеуші еді, есігінің ашқышын қайдан тапты. Жанып-күйіп бойым балқып, құшып-сүйіп есім шығып жатқанда алып көшірмесін істеткен-ау?» Сұм әйелдің қулығы қырық есекке жүк болады» деуші еді. Жұлдыздай ағып кіріп бірдемені қалтасына салып алды. Білезік-ау. «Орнына қой!» – деп ақырсам жүрегі жарылып өлер еді. Оған дыбыс шығар ма? Денем жатқанда тонау деген сұмдық қой. Әйелім Маралдың тырнағына да тұрмайсың деуші едім. Бірінші бақ бақ, екінші бақ кері бақ дейтінмін. «Олай деме, бірінші – бекер, екінші – шекер десейші, жұрт солай айтады ғой», – дейтін-ді. Заңды некеге тұралық дегеніне көнбесем де, екі баласын институтқа түсіртіп, өзіне екі бөлмелі үй әперіп, ішіп-жемінен, киімінен тарықтырмап едім. «Ойнас оттан ыстық, қалды боқтан сасық» деген рас болғаны ма? Зып беріп бриллиант бөлмесінен шығып басқа бөлмеге кіргенде Чуваш кезде-

се кетті. Аузын ашып, қолын қысысып жабыса қалғаны несі-ей! Төсекте маған қанағат таппай онымен де көңілдес болып жүргені ме?» Еркектерден әйелдің құмары артық, бүйірі бір қиырға тұрар тартып», – деген ақынның сөзі рас па? Чувашты көрсе тіл қатпай безе жөнелуші еді ғой. Жаным қатты азаптанып, әлденелер ойға түсіп бай өлсе жиған-тергені шашылып кетеді дегеннің шындығы осы ма? Сол екі ортада Зымзиям менің бетіме келіп үңілгені несі? Француз өтірінің иісі бұрқ ете түсті. Өтірдің ең қымбатын әперуші едім... Басын бұрып жұрттың көзін ала бере қайта үңілді... Беті өрттей жанып тұр-ау. Байғұстың ұяты өртеніп тұрғанын өзі ұқты деймісің. Үш күйеуден шыққан оған тағы да бай еркек табылар, қара торының сұлуына кім қызықпайды?

Майра дүние салғаннан кейін жалғыз ұлдың қасы мен қабағына қарап дені дұрыс әйелді іздемеп едім. Әлпештеп өсірген сол тентек ұлды милициялар алып келді. «Айналып кетейін Қипан-ай, түсің бұзылып кетіпті ғой. Түрмеде не жөнді тамақ береді дейсің. Ернің жырылған, құлағыңның біреуі жоқ, төбелескенде жеңілмеуші едің. Кешір, әке, деге тілің келмей қалды ма? О дүниеге барғанда» Анаңның ақ сүтін, әкеңнің еңбегін ақтадың ба?» – деп сұрайды деп талай құлағыңа құйып едім. Ұмытқан екенсің... Осы кезде Дүбірдің жанына келісті келген, әлемде сирек кездесетін киім киген, былайша сықиған Тықыр Шиданов келіп көңіл айтты. Менен аспағанмен қалыспаған жеке пайданың, яғни жұмыртқадан жүн қырыққан, миллиондаған гектар жерді иеленіп, миллиондаған қаржыны қара сандығына салып ел алдына шыққандардың бірегейі. Оның табысының ішінде Дүбірдің де үлесі болуы әбден мүмкін. Мұншалық сән түзеп, әлсіздерге мұрнын шүйіріп менсінбей қарайтынына ешкім наразылық білдіріп, бетіне жел боп тие алмайды. Дәуірлеп тұрған табыскер, қаржымен кімді болса да табындыра алатын қудың қуы, сұмның сұмы. «Мықты еді, ажалға төтеп бере алмағаны ма?!» – деп қояды. Сөзі мірдің оғындай. Өзі фин жерінен аңдар паркін жекешеге алды деп еді. Көкірегін көтеруіне қарағанда нанымды сықылды. Шет елге табан тірегені дұрыс та шығар...

Иә, одан әрі ойлауға болар еді, қырсыққанда Жебірейіл дей ме, сұсты біреулер кәдімгі қанжарынан қан таматын қарақшыдай кеңірдегімді суырып алып, тоқтаған жүрегімді, ішек-қарнымды қопарып жатты. Ындын жолы бітелген. Біреулер ажалмен арпалысқанда жан даусы шығып түрегеліп тұрып о дүниеге аттанады деп еді. Жан даусы мыңдардың бірі, киелі адамға естілсе керек. Менің жан даусым шығып арпалысуымды ешкім естімеген де шығар. Өйткені, жиналғандардың ішінде ақ жұмыртқа, сары уыз, ақ қардай тап-таза пенде тым аз шығар. Оны жаным сезіп-ақ тұр. Бірақ, жаналғыштың қимылы менің оққағарларымнан да айбарлы, кеудемді тұншықтырып ырық берер емес. Тоқта дегеніме көнер емес. Сол ажал арпалысымды ұлыма ауызба-ауыз жеткізе алмағаным өкінішті, түсіне еніп білдірсем деген үмітке жан алғыш жол берер ме? Жаратқанның жазасы осал емес екен, ана жатқан денемнің кеуде тұсына зілдей қара таспен бастырып қойыпты. Менің тоқтаған жүрегім қайта соғып кетеді дейді ме, жоқ, ішім кеппесін деуі шығар. Ындын бітелгесін іш несіне кебеді. Келер адамдары келіп болған сықылды, қабіріме жеткенше асыққан денеме сұқтана қараймын, жаным тәнімнен бөлінбей тұрғанда біреуге құл болмаймын, өзгені құл етемін деп көтерілген көкірек қара таспен бастырылып қорланып тұр. Тірі байлар үкіметке де, басқаға да сөзін өткізіп әлемдегі байлармен теңессем деп дүрдиіп жүр. Соны ойлағанда жаным жабығып қалды. Оны тірілер түсінбейді, олар өліп көрген жоқ қой. Кедейлікке кіжініп жиіркене қарайтын кержік танаудың қанын жуыпты. Аздап қан біліне ме? Біреу орны толмас ажал дейді. Кекеткені ғой. Кей пенде өлгенді де мысқылдайды екен. Кемпір мен шалды сынаудан басқаға дәрмені жетпейтін теледидарда көрінетін әзіл-оспақ сияқты сықақ. Өлгенге мақта, датта бөрібір екенін қайдан білсін. Бірдеме алғысы келетін шығар. Біреуі Сипық елден ерек еді деп қояды. Мә, саған безгелдек, байлығымды меңзегені шығар, Сергей Серповичтей мыңдаған гектар жерге иелік ету арманыма жете алмағанды ойламайды. Өттең, мезгілсіз ажалды межелесем мүлт кетпес едім өлер

күнімді білсем. Шіркін, қайтадан жарық дүниеге жарқ ете түссем ғой. Миллиордер атанар едім. Менің айла-амалым ешкімнің миына кіріп шықпайтын еді. Байлықты қалқан ғып талай қауіп-қатерден аман сау өтіп едім. Байлардың кейбірін қарақшы атып жатқанда маған оқ өтпеді. Сөйтіп мұратыма жеткендей болып едім. Осы кезде үш молда мені тіріліп кетті демейтін шығар, ауық-ауық денемді қарайды. Кейде өлгеннің өзін қызық көретіндер бола ма екен? Біреулер» Ауру-сырқаудан аман еді. Қалай өліпті?» – деп қыңырланып, қисық сұрақ қояды. «Е, жол апатынан өліп жатқан адам аз ба?» – деп өліктің құлағын шулатпағанды ақылдысы қайырып тастайды. Өлгі молдалардың бірі пысықсып сұрақ қойғанды жақтырмаған күйі:

– Мысық жоқ па? – деп әміретті. Оған екіншісі күбірлеп:

– Үйінде екі-үш қасқыр ит бар екен, қамаулы тұр. Мысық тұрған бөлме де кілттеулі, – деп ернін жыбыр-жыбыр еткізіп қойды. «Ит пен мысық ұстамаса дүние қараң қалады дей ме екен?» Ит ырыстың жолын байлайды» деуші еді. Бекер болғаны ма? Байлығы ағыл-тегіл ғой. Әмірші атаулыны жұрт жек көретіні тонаушыға жорып, тістеніп, кіжініп жүретіні арамдық зұлымдықпен байығанын білетіні ме?» – деді де ойын тежеді.

– Апатқа қатты ұрынған екен. Басының қаны әлі тыйылмаған ба? Өлікті қанымен жіберуге болмайды, – деді үшінші молда. Бөлмеде әрлі-берлі жүріп дұғасын іштей оқығандай болады. Шамасы, о дүниеге пәктеп, тәрбиелеп жіберетін осылар. Мұсылман дінінің тазалығына Кеңес заманында кім мән беріпті?» Қызыл жендеттердің» уысынан шығып дініміз оралғанына шүкір. И-и, коммунизм келіп қалды, дүние жүзіне билігін жүргізуге саясаты жұлдыздай жарқырап төбеге төніп қалды деп сайрап тұрып күнәға батыратынға иланған шаруалар нені көріпті? Саясатшы сары теңіздегі әлімді бір адам басқаратын Аллаһтың құпия бағдарламасын тапқандай сайраушы аз болды ма? Кедейлері ішіп асқа, киіп киімге жарып па? Оны басшы ойлап қайтеді? Өне, өлікті тәрбиелеушінің бірі күміспен жабылған орындық үстіндегі әлемде сирек кездесетін сабынды дым көрмегендей қолына ұстап иіскелейді. Француз әтірін үстеріне шашып, одан соң лақылдатып бөлмеге

шашыратты. Шіркін, иісі қандай! Тірі адам құшырлана иіскей бергісі келеді. Жетпіс жыл өмір сүрген Кеңес үкіметі талайды қырып-жоюды білсе де осындай өтір шығара алмай кетіп еді. Француз сықылды ақылды халықтың қашан да жұлдызы жанып тұр-ау. Біздің шіренген байларымыз Бәйтеректің суретін салып сіреңке жасауды да қаперіне алмайды. Түрлі елдерден келіп-кеткендерге қазақты танытатын үгіт емес пе? Ал осынша байлықты жинаған айтар ойы бар, халқын кедейлікпен қинаған бұрынғы обкомның өндіріс жөніндегі хатшысы, қазіргі ірі фирма президенті, мына дене де тегін емес еді. Өлігінің өзіне жұрт аяғының ұшынан басып, зыр-зыр қағып жүргендері қаншама? Әлсіз, кедейлердің осыны көргенінің өзі – бір ғанибет. Жан ойқанып барып, көрсін бәрі де байлығымды шашсын. Тірлігінде сүйек, тері-терсек жинаумен өкініп өткен Сынтайдан не қалды?» Барыңды бағалай біл. Таспа, саспа», – деген сөз қалды. Оны ұрпағы бірде тыңдап, бірде есінен шығарды. Қайран, кедейлерім-ай. И-и, дүниенің көзіне қарамайтының жаман екен. Өне, жұтынып тұрған қаба сақал қара:

– Ажал байдың малын шашам, жоқтың артын ашам деген, ә? Ертең денесін анау парсылық әдемі кілеммен оралық, бөлкім бірімізге арнайы атар, – деп күбірледі. – Өліктің көзі шынымен жұмулы ма? Атақты адамды о дүниеге жіберуге сақ болыңдар!

– Нені жұмбақтап тұрсыз? Көзін дұрыстап жұмдырып, денесін оңғартып орналастырдым. Мені партиялық қызметте болды деп әлі күдік келтіресің бе? Діни шаруаны ешкімнен кем білмеймін, – деді қалмақ мұрынды, қақалып-шашалып сөйлейтін үшінші молда. Партияның ұйымдастыру бөлімінде алынбаған алымы қалғандай аяғын алшаңдап басады. Әлі күнге біссімлдесін сыбырлап айтатыны және бар. Өйткені, коммунистік идеяның құрбанымын деп аяғының ұшымен жүріп Сынтаевтардың кабинетінің есігін қағып құрша жорғалап кіруші еді. Енді» Өлі арыстаннан тірі мысық» деп діни жолдың бір білгірі бола қапты... Оның оқасы жоқ, пенде күні үшін не істемейді? Шайтан адалдық жолдан адас десе, адаса береді. Әурелікпен өтетін тірлік...

Сипықтың үлкен коттеджінің бөлмелері әр түрлі бағытқа арналған. Екінші қабатта ең бай деген адамдардың түрлі шаруасы, іскерлік келісім, одан соң той-томалақ, ойын-сауыққа келгендерді қабылдайтын бөлме бар. Сипық жанының осы бөлмеге көбірек бара беретіні барлық мүлік алтын-күмістермен істелген. Қазір мұнда өлікті жөнелтуге арналған үш топ құрылып, түрлі-түрлі шаруаларды атқаратын адамдар, оларға қызмет ететін автокөлік бәрі-бәрі белгіленген. Қабір қазу, түрлі шапқынға баяғыда партком хатшысы болған Сынтаевтарға құдандалы, жегжат Қыспан (Зымзияның немере ағасы), өлі денені жуындырып, киіндіретін діни жұмыстар мен жаназа шығаруды әзірлеуге қулық-сұмдығы жоқ Төркен кірісіпті. Ал ас дайындау, бес жүз адамға мейрамханада дастархан тартысуға тағайындалған адамдарды басқаратын Қапи көрінеді. Оның жанында жалақтап Зымзия жүр.

Е, мың жылдық құда дескен Қыспанның да өкпесі қара қазандай болса да кешіреді. Сырт көзге білдірмейді. «Марқұмның кісілігі аз еді», – деп ойлауы жөн. Алдымен жоқ-жұпыны тірлігіне Сынтаевтардың бірде-бірі қараспады. Өйткені, олардың да қадамы аңдулы, туыстуғанына сөйтіпті деп шыға келсе партбилетпен жауап береді. Отбасындағы он баланың ең болмаса біреуінің қолтығынан демеп өмірден өз орнын табуға жол сілтеуге жараған жоқ. «Шопандар бригадасында жұмыс істесін, қой бағып, сосын оқуға түсер», – деп шығарып салды. Басқасы басқа, елмен бірге дастарханға шақырғанда Қыспанның құрметін қомсынып, кекетіп-мұқатып, досқа күлкі, дұшпанға таба етіп кететін-ді. Сол Қыспан іштегі ренішін ұмытып, өз қолын өзі кесе алмай ең ауыр өлік жөнелту шаруасын атқармақ. Ол орнынан тұрып түртініп жүріп шифоньердің үстіндегі тасада тұрған алтыатар мылтықты ұстағаны, несі-ей! Мылтық көрмей жүр ме?» Жақсы-жаман болса да тартпай тұрмас тегіне», – деп тегінде жарымаған сорлы. Мен адал коммунистін деп төске ұрушы еді. Сол төсін мылтықпен атып салайын деп тұр

ма? Бүгінде шірік идеялы төсі кімге керек. Стоп! Ерте ме, кеш пе, капитализмнің социализмге ой бауырымдап қайта айналып соғып жүрмей ме? Капитализмнің дағдарыс деген қауіпті дерті бар-ау. Сонда бүгінгі байлар қайтер екен, ә? Жә, идея бір шірісе оңбайды. Май шірісе тұз сеуіп іске жаратар, басқаға ем қонбас. Ей, оңбағыр мылтықты ұстап қызығады. Дәмесінің зорын көрдің бе? Өлгенде де пенде жұмақтан дәмелі. Тірлігінде таудай күнәні арқаласа да мәңгілік өмірінен жақсылық күтетіні қызық. И-и, Қыспан байқа, осыған қарсы бөлмеде тығулы автоматтар сықап тұр. Қолың көтере алмайтын шоқпарды беліңе қыстырма деп оны көрмей-ақ қой. Жұлын-жүйкең бұзылар. Әйелім біздің мүлкімізге көз алартып тергеп-тексеруге келсе, автоматпен бәрін өзім-ақ жайратам деуші еді. Студент кезінде мылтық атудан Одақтық чемпион болғанына сенетін-ді. Енді менің қабіріме қару да, мүлік те, туыстуған да түсер деймісің. Ана бөлмедегі молдалардың дырылдатып жыртып жатқан ақ матасы – о дүниелік еншім. Соны бұйыртсын, қақым кетті деп біреулері тартқыламай. Жан күйзеліп тұрып:

– Әй, Қыспан, байқа мылтықты ұстама. Түрмеден қаны қарайып келген ұлдың көзіне мылтық түспесін. Айтпақшы, баяғыда итсің деген сөзіңді кешірмей алғыатармен төбеңнен атқанда ішің өтіп, өлі түске ұрынып, жұлын-жүйкең шатасып еді. Бірақ, арызданбадың, мінің шатақ екен дедің де кеңшілік білдірдің, оның азаматтық еді. Әйтпесе, партиялық жаза мұрттай ұшыратын еді, онда мұнша байлыққа қолым жетпес еді, – дей бергенде Әзірейіл аттанға шыққандай кіжініп:

– Өзің бұрын өліп көрген кісіше сөйлейсің, – деді. Кәпірдің бет-аузы сұсты. Ерні алпы-салпы, аузын арандай ашқанда тісі күректей, анда-санда көзінен от бүркетін үрейліні кім көріпті. Өлгі шетелдің зымияндыққа толы бейнефильмдерінен шошитын-ды. «Өліп көрдің бе?» – дейді. Дос-жаранның сөзі талай сүйектен өтіп тірідей өлтіргенін меңзеп тұр ма? Ауыр, ащы сөзді кім естімей жатыр? Сөз тиетін жерден қашып құтылуға тырысасың, бәрібір арамзалығыңды ел білсе одан масқара не бар?

Әлгінің атойлаған үстем үні үзіле бергенде ағарандаған ақ өңді біреу:

– Бұл адам, біле-білсең, күнде өліп, күнде қайта тірілген. Түсінігінде ақау көп. Дін, тіл, ділі ақсаған, кейде қаңсыған күбідей керексіздікпен не болғанын білмей қалады да, құдыққа құлағандай күй кешеді. Сондықтан тіріліп кетсе қолға қайта түсіру қиындайды, медицинаның жұлын-жүйкені алтындап, адам денесін жаңасымен алмастырып жатқан құдіретті ісі және бар. Аллаһтың ажалынан қашатын айла-амал жетерлік. Тіріліп кетсе өлгенін ұмытып қылмысы құйындап, талайдың берекетін алады, – деп Әзірейілге сыбырлады да, жаныма келіп жұмсақ үнімен сыбырлады. – Тіліңді кәлимаға келтір, жан-жағыңда шайтан толып кетіп жүрмесін десең.

Осыны естісімен асығыс-үсігіс бісімілләға әзер тілім келді. И-и, тірлікте асып-тасып, Аллаһты ұмытып жүргенде айтатын сөзім бе еді. Бұлар менің марқұм әйелімнен басқаны тыңдамайтынымды біледі деймісің. Атақты байлар қатарына да әйелімнің арқасында ілігіп едім. Бабын таба білдім не түрлі жүліктің. Әйелім ренжісе ренжіп, сол күлсе күліпші. Зымзиямен ойнап-күлгенім болмаса, некеге отырмағаным да сол сүйіктімді жадымнан шығармағаным еді. Жұмақтамысың, жарым, жаныңа бұйырса барамын. Қара жамылып мені күттің бе? Зымзияның қасында Мәнім апам әлі өлеңдетіп зарлап отыр. Өйткені, өлікті шығаратын уақыт жақындады деген хабар келді ме екен? Мәнімнің жоқтауының түрі сойқан. Тірілерді ажал бар екенін есіне алсын дей ме? Сөзі тым ащы, бірақ жұрт абыр-сабырда нені ұғады? Нені аңғарады? Ақыл-ойға пайымдысы да бірен-саран шығар. Мәнім зарлайды, залалы жоқ, айта берсін. Сөз тыңдайтын ондардың бірінің құлағында қалар.

– Түбіңе байлық жетті ғой,
Жалғыз ұл азап шекті ғой.
Қарасын тұтып жүруші ем,
Қара үзіп-ақ кеттің ғой.
Бұйрығы Аллаһ епті ғой,

Жаныма түсті салмақ та,
Ажал деген қармақтан.
Жер басып жүрген тірі жан,
Бір күні бәрі бармақ та.
Нарық жоқ дейді ол жақта
Өзі бергенін қара жер.
Қайтарып бір күн алмақ та.
Жақсылығың жоқ еді.
Соған көңіл тоқ еді.
Апа дейтін құлыным,
Жаның жүрсін жәннатта!
Байлық, дәулет бәрі де,
Иесіз боп бір күн қалмақ та,
Өлім жолы ауыр-ау,
Тіріге түсер салмақта, –

деп сыңсып жоқтайды. Налиды, мұңды ойды жеткізеді. Бірақ көзіне жас алмайды. Апыр-ай, өлген адамды тірілтетін азалы, зарлы, көкіректі қанжардай тіліп түсетін ащы үн. Мен бір тірілсем осы жоқтаудан тірілем. Өмірге қайта келсем бүкіл байлығымды кедей-әлсіз, жетім-жесірге үлестіріп берем. Жетім балалардың қалашығын салып жатқан байлар бар ғой, солардан қалыспасын. Байлыққа көзім тойған. Қарғыстан қорқатын болам. Өйткені, аңқау, адал, қара табан шаруалардың ортаға жинаған байлығын мұнай өнімдеріне айырбастап, иелендім емес пе? Егер сол алданғандар ақ кебініме жармасып дырылдатып айырып жатса Жаратқан алдында масқарам шығып, манағы Өзірейіл тірідей екі талмап, бір жұта салар еді. Дегенмен Дүбірдің жанында жүрген қызыл жағалылар қорғайды-ау. Ей, олар баламның түрмеде жазасын өтеуінің екі жылы қалып еді, соны босатып жіберсе, мұрама ие болса? Жанымнан бала қымбат екен, соны неге кеш білдім?.. «О дүниеде адам жаны бәрінен қымбат, мәңгілік мекенің тазалықты күтеді, адалдықты қадірлейді, ұят иманның қабы екенін білгенді құрметтейді», – деп молдалар тегін айтпайтын шығар. Өне, жоқтау салып тұрған апамның сөзін жиналғандардың бірі түсініп, бірі түсінбейді. Одан

да әркім өзін көрсетіп митингіге ұқсатып сөйлеп қалғанды қалайды. Орысша оқып, соның тәртіп-тәрбиесін құдіретке балағандар нені ұғыпты? Ал менің аруағыма періште әркімнің айтқанын сөзбе-сөз аударып тұрғанын бірі білмейді. Қариялар намаз оқығанда оң иығымда періште, сол иығымда періште деуші еді. Айналайын періште қорғаның екен... Солардың көзі түзу боп жұмағына тездетіп жеткізсе.

Ой-дөйт, тірлік-ай, бәрі қызық. Жұрт бай адамды қалай жөнелтер екен деп қызықтағандай қаптап тұр. Бір жыбырлақ мұрнын бір тартып:

– «Джип» машинасы көшеде қатты жүреді ғой, бұрылыста КамАЗдың астына өзі кіріп кетіпті. Апаттан адамның өлімі қашан тоқтар екен, мылтықсыз майдан, жол апаты соғыстан кем бе? – деп еді. Жанындағы оған жаратпай қарап:

– Сипықтың апатқа ұрынуын көзіңмен көргендей айтасың-ау, – деді. – Қызыл жағалылардың нақты сөзін тыңдадым.

– Ұят қайда? Кісінің сөзін тыңдап, өзгеше айтып өсектеу...

– Білгеннің несі айып? Тыңдамасаң құлақ өзіңдікі, көрейін бөлем, кедей болсаң осылардың қайсысы жиналар екен? Молданың өзі түрлі сылтау табуы мүмкін. Сөйтіп бай адамның о дүниеде жаны жайлы орналасуына дедектеп жүгіріп келмей қайтеді. Оның жанындағы әлгінің сөзін тыңдағысы келмей бұрылып анадай жердегі халықтың қасына барып тұрды. Туысы дейсің бе, жолдасы дейсің бе, әйтеуір Сипықты мақтап сөйлеушілердің райына қарасаң байлық қадірі айқын байқалатынын сезген шығарсыздар. Бірақ бай адамдар қай заманан бері шашпалыққа қарсы, сараң келеді. «Кессе де қан шықпайтын» дейтіндей шығынсыз. Майра әйелім тиын-сиынды да несие шығармайтын. «Еңбек, маңдай тер», – деп бағалайтын еді. Бөрізақтың әйелі өлікке жиналғандарға тарататын орамалдың тәуірін тауып, оған ақшаны да малынан түйіпті. Мырзалық танытқысы келгені шығар. Тығып қайтеді, байлық жинап еді, кедейден пиғылы тар

болған сорлы демесін деген ойы болар. Тапқан дәулетті, тірнектеп жинағанды қазақ тойдан, өлік жөнелтуден аяған ба? Қызғанған қай кезде де қызыл итке жем болатынын талай көрген. Жүрегің тар болса, табысқа зар боласың. Оны Бөрізақтың жанұясы түсінеді. Жұрттың бәрі Зымзия емес қой, жетер-жетпес дүниемді көре алмай:» Келсең бірдеме сұрайсың, асқа да тоймайсың!» – деп әкесін айдап шығып, он шақты жылдан бері көрмей қойды деседі. Шіркін, желеп-жебеусіз қалған сол қарияның қарғысы ма, қу тізесін құшақтап байсыз қалды. Бірде Майра да жездекелеп жүрген балдызымды да тырқыратып қуып шығып, босағада көрісуге тіреп еді. Қапи апамызға сірә да есік ашып, өз қолынан дәм бермеді. Әйел жүрегінде жасырынып жататын зымияндыққа о дүниеде жауап берем бе? Қарашы әне, ел-жұрттан ұялмай денемді жуып тәрбиелеген жеті адамға орамалға түйіп салған мол ақшаны жымқырып жаттыр. Мына Зымзияға не көрінген, пакеттегі жеті шапанды бермей сілейіп тұрысы не? Қасына келіп Бөрізақ айтпаса берілмей қалар түрі бар. Едірендеп жүрісін... Біраз жыл төсімді басып некеге отырмады деп кектенуі ме? Онысыз да жұрт қатынасымызды білді ғой. Өтірік күлкімен дымыңды құртушы еді. Қаралы күнде қақшаңдап жүрген бұл кімі деушілер де бар. Ешкім қансорғышы демес. Менің бойымдағы жамандық батпақ болуы Зымзияның қойны құтсыздығынан емес пе? Апыр-ай, мына жаназа шығаратын молда алдымен неге аңырайып күбір-күбірге көшті.

– Денесінен арақ иісі шығады, бұған шаригатта жаназа бұйырмайды, – деді үлкен молда күбірлеп.

– Ей, байқа көзіңді анықтап аш. Мықтылардың біразы тұрған жоқ па? Аңғырттықтың не керегі бар... Алдынан жарылқасын!

– Бар күнәсін мен көтеріп алып, Аллаһ алдында қалайша ант-су ішіп ақтала аламын? Ар-иман пәктікке негізделеді. Күнә... Апыр-ай, көздерімен не болар екен деп арбасып тұрған халыққа қалай жеткіземіз. Олар қалай ойлайды? Осы кезде жаным қатты жәбірленді. Партияның бюросында атойлатып кінәліні сілікпеге салатын, тіпті талайдың

қан қысымын көтеріп, жүрек ауруын тауып беретін, тақа болмаса өздерінің есебіндегі емханаға жасырын тапсырыс беріп о дүниеге аттандыратын немесе жындыханаға жатқызатын қатыгездіктен де асып түсті. Арақ ішіп өлгенге қырық күнге дейін жаназа бұйырмайды дегені қаншалық қатал еді. Ақырында әкімшіліктің үстемдігінен ығысып, обал-сауабымды қарасы өшкен коммунистік қоғамға тапсырып намазымды сарната жөнелді. Жасыратыны жоқ, намаз кезінде жаным жеңілдеп, бір түрлі о дүниенің рахаттығына қанағат тұтқандай сезіндім. Кеңес заманында тақтайға шегелеп көме салынғандар мұндай рахаттан құр кетті-ау.

Оны айтасың, оташы Қ. Сыздықов сүндетке отырмаған жігіттерді армия қатарына жарақсыз дегені, одан кейін милиция майоры қырық жасында оташыға сүндетке отырғанын естігенде бюро мүшелерінің қабақтарынан қар жауып, оташыны да, милицияны да қатаң жазалу керек деп шешкен-ді. Оташы тексеру кезінде партия, не комсомол қатарында болмағандығы, оның әйелдердің жатыр рагы сүндеттелмегеннен болатынын ғылыми дәлелдегісі келгенін есіне түсіріп, «Коммунистік қоғамның қатыгездігі еркектердің сиетін жеріне дейін қарауыл қойғаны ма?» – деп ерсілікке күлетіні бар-ды. Өзінің де өкініші қалың-тын. «Дін – қараңғы ін» деп зарлаған хатшылардың тірісінің бірі тіл-аузы байланып төсекте жатыр деседі. Қоғамның жендеттік қырсығы, қалың қайғысы. Олар өліп көрмегесін ештеңеге нанбайтын еді. Намазға ұйығанда Аллаһтың нұры жаныңды жай таптырады екенін білсем ғой... Шынымды айтсам, тірілердің күнде он сан басынан өткізетін қорлық, зәбір-жапасын Құран аяттары ұмыттырып, мәңгілік өміріңе ақ қардай тазалық жолмен баруға сендіреді екен. Әсіресе, байлығым артса екен деп ұйқы беріп, қайғы алып өз жаныңды өзің зәбірлегенің қаншалық әнтектік болған. Бәлкім тамұққа жіберсе ондағы шегетін азапты қайдам, әзірге дөңкиген денем қара жерге тиіп, жан-жағымда періштелер шыр-пыр боп қызмет етіп жүргенде сезім дегенің шырайланып тұрды. Шүкір, қабір кең етіп қазылыпты. Қабір қазуда Чуваш

ерен еңбек етсе керек. Оның жыбырлап не ойлап жүргенін кім біледі. Оққағарым болғасын жұрт сенеді тағы. Бірақ ұлым оқты көзімен атып қыжағы бардай сездіреді. Сосын да қабір басында:» Халықтардың көбі адамның тірлігіндегі тұтынған алтын сақина, тағы басқаларды алып қалады деседі. Сипықтың қолындағы сақиналар сол қалпында», – деп күбірледі. Бірақ мұсылман заңын ол біліп тұрған жоқ. Өйткені саусақтары толған алтын, тісінің барлығы алтын, ондай байлықты бірге әкететіні ме? Қызық деп шеттеу тұрған бір орысқа сыбырлады. Осылар қабірімді қайта ашып, бір пәле шығара ма деп жаным жүдеп қалды. Сөйткенше жұрт шұқырды топырақпен үйіп жатты. Жаным шыдамсызданып топырақты молырақ салса деп тірліктегіден жаман құнығып еді. Жәбірейел жанымды тұншықтырып тастады. Періштелер араша түспегенде тіріде ұяттан өлгенім аздай, өлгенде қайта-қайта өлтіру қиямет-қайым болар еді.

– Мұсылмандарда әйелді қабір басына әкелмей ме, онысы қалай? – деп Чуваш егде қазаққа жақындап барып сұрақ қойды.

– Әйел – ұлттың болашағы, өмірге ұрпақ әкеледі. Олардың жүрегі жұмсақ. Ал өлген адамды қара жер қойнына тапсырғанда әйел түгілі ер адам көзіне жас алып, көкірегі күңіреніп тұрады. Егер әйел мұндай қайғыны көрсе, суға түскен қанттай езіліп, жасып, тіпті өмір сүрудің алдамшы екенін шындап ұғып өз-өзінен безе бастайды. Сондықтан әйелдің денсаулығын, тіршілігін сақтау мақсатында кісіні жерлеуге қатыстырмайды. Мұсылман дінінің бір жақсылығы осыдан басталады, – деп әр сөзін түсінікті етіп ежіктей айтты.

Рухы мықты ұлтпыз ғой. Қабір басында едіреңдеп еліріп тұрған ешкім жоқ. Бәрінің қабағы сылыңқы. Бірақ, көздеріне жас алып, елдің сыйлысы еді, қапыда айырылдық-ау деп ажалға қимай тұрғандар көрінбейді. Мейлі, осылардың біразы, әсіресе елден келгендер тоналып зәбір шеккенін іште бүгіп тұруы да мүмкін. Әйтеуір, төбе көрсетіп бір уыс топырақ салуына қарағанда кешірген тәрізді. Расында да елім, мына қауым еміренетіндей не

жақсылық істеспін? Ентігіп жүріп, алдап-арбай жүріп өзімді ғана ойладым. «Өркімнің шыққан тауы биік болсын» деп айтқан мен емес қой. Тауға шығуға да бас керек, амал керек, сүрінбеудің жолын таба білу керек. Оның несі айып? Ептілік жасап қалың кедей жинаған, коммунизмге жетеміз деп сары майдай сақтаған байлығын, аузындағы ырыздығын еншіледім. Жалғыз мен бе, алпауыт атанғасы келгендер өлген-тірілгеніне қарамай еншілеп алды. Қиқаңдап, қарсылық көрсетіп ерегескендерді есін аудардым, тірлігін көп еттім. Онда тұрған не бар? Берсе қолынан, бермесе жолынан, тартып алу қиын ба екен. Майлы ішектей айналдыра білмесең, қазынаның қара сандығының қақпағы оңайлықпен ашыла ма? Құлдырау мен қылбұрауға түскен халық бір күн ашыққаннан қырық күнге дейін ақыл сұрама деген аянышты жағдайға жетсе, оған жалғыз мен кінәлі емеспін ғой. Қолында дерегі бар, мөрі бар, оққағары бар, құзырлы шаруасы бар топ мықтанғандарды да мықшита алады. Тыңдамай көрсін шыңыраудың түбінен бір-ақ шықсын. Түсінсін, күштілікті ұқсын. «Есіл елім-ай, жүдеп кеттің, тонаушылық үдеп кетті», – дейтіндер табанын жалтыратқан. Сол тоналуды көргендердің қайсысы есіркер дейсің. Әлі баяғы отарлық езгінің қанын денесіне сіңіріп билікке табынып, үстемдікке жағынып жүргендердің кісі күлерлік көрінісі. Тілге келмей, апаттан өлерімді білсем ақ таяқты қолға ұстап, айдалада қаңғып өлер едім. Сонда жұрт:» Әділетті еді, өзі ішпесе де, жемесе де шаруалардың қақын жемей, байлығын қылдай етіп бөліп беріп еді», – деп аңыз етер еді. Партиялық жүйеде қызмет істеп жүрген кезде байқағаным, коммунистердің көпшілігі қылмысты қырықтан асқасын жасайтын еді. Оған дейін мафия мүшелерінің сенімділігі болаттай беріктікке жетуі тиісті. Әрине, олар жек көретінін де алдап бетінен шопылдағып сүйісті. Ерсі, ө! Неге қырықтан асқасын қылмысқа барды, жемқорлық істеді дейсің-ау. Зейнеткерлікке шыққанда тарығып қалатынын ойлады. Орынтағы жоқ, көрі-құртаңды кім сыйлаған? Соны ойлады, үрейленді. Оның үстін, е биіктегіге жақпасаң құпия ажал дайын, қан

тамырыңнан қан алған боп ауа тастаса да тіл тартпай кете барасың. Неден өлгеніңді ғаламат ғылым да анықтай алмайды. Қоғам сенімсіз, бірақ сенбеймін деген сөз айтылмайды. Зейнетке шыққасын қырқа астында ажал күтіп тұрады, жұлын-жүйке үстемдіктің итсілікпесімен тозған. Осыны білгесін дерегі барлар жайпап жей бастайды. Мен болсам ертерек сұғынып кеттім. Ағамыз аудан, одан соң облыстың бір басшысы болғасын босқа жүрмей қоғам дәулетіне жалаңдай кірістім. Бірақ, мен аларымды алмас бұрын, оған қажетті құжаттарды заңдастырып, екі шұқып, бір қарап тиісті орынға өткізіп, сосын керек қаржыны суырып алдым. Сырттай тап-тазалықпен ойнап-күліп жүре бересің, маңдайыңа шаң тимейді.

Сірә, дүние-мүлік, байлыққа құмарлықта әйелдің ындыны бұрынырақ ашылады-ау деймін. Өндіріс орындарын басқару қолымда болған кезде зауыттардың табысының жартысын әкелсем де аз көрініп:

– Біз қатарлының бәрі озып кетті, шаңына да ілестіреп түрі жоқ. Бәйгеден қалғасын той-томалақта төрден орын тимейді, – деп безереді де отырады. Кәне, үйіңе тасымай көр байлықты. «Мынау адал еңбегің емес. Кісі қақын жегеннің қайғысы ауыр, айлығың жетеді, алған паранды апарып таста», – десе, қиянат жолына түспес едің. Ондай әйелдер өзі ішпей-жемей балаларын сақтап, аштық жылдарында өліп қалған. Статистикалық есепте ерлерден әйелдер көптігі, аз-кем азықты балалардың амандығына есептеп әйелге аманат етіп, ерлер аштық зұлматында ажалды қабылдаған-ау деп ойлаушы едім. Ұрпағын, ұлтын ойлау солардың амандығы жолында өлімге басын тігу қазақтан басқа қай ұлтта бар екен? Соны біле тұра байып шығуға, оңай олжаға неге құмарттық? Бірде Қапи апаймен Чуваш екеуі үп-үлкен аю ойыншықты алтын бриллиантармен көздің жауын алатындай етіп жарқыратып қойыпты. Чуваштың он саусағынан өнері тамғаны жайлы айттық қой. Жанұямыздың бір мүшесі боп кеткесін о да адал еңбек сіңіреді. Қапимен ымы-жымы да бір. Оңаша қалады, іс тындырады. Басқадай қарым-қатынасында шаруам қанша. Өз биліктері өзінде, екеуінің де басы бос бойдақ. «Заты – орыс,

бұрын түрмеден шыққан», – деп арсынып жатқан жоқ. Ойнас та ұрлық, оны кім айыптайды. Сол аю ойыншықтағы алтын-бриллиантты көзім жұмылысымен Қапи сөмкесіне салып алды-ау. Оны түрмеден құтыла алмай жүрген жалғыз ұл жоқтар деймісің. Қабірге түсер алдында жаным дірілдеп, қалтырап кеткені үйде қалған әйелдер тағы нені тонап жатқанын көз алдымнан өткізе алмағаным еді. Оңай олжа шашылады, ә?! Қапидың алғаны жалғыз аю дейсің бе, іші алтынға толы жыланды да үлкен қара сөмкесіне салып, оның үстіне ыдыс-аяқ орналастырып Чуваш екеуі жасырып қойды. Абыр-сабырды пайдаланып үйіне әкетеді. Халықтан қызғанып жинаған байлықтың қызыл итке жем болғандай талануы қандай аянышты? Жаның көрінде өкіргір деген қарғысқа тап болғандай азап шегеді. Жан кудеден кеткенімен қырық күнге дейін үйде жүреді деседі. Қапи жасанды махаббатым Зымзиямен де ауыз жаласа қалыпты, оның да құпиясын кейін біле жатарсың. Өзірге дұға оқылып бітісімен, Жасаған-ау, неше молда оқып жатыр, жә, жаным үшін қажет, оқи берсін, дұға оқылып бітті десімен жұрт тым-тырақай кетер алдында оң иығымдағы қызғыштай қорғап жүрген періштем сұрағын бағыттап:

– Елден асқан байлықтан қасірет шеккен екенсің. Тірліктегі де, о дүниедегі де тағдырың аянышты, қыл үстінде. Айтарым, жазғырушы алдында жәпектемесең қыл көпірден аман өтуің қиын, тамұқ жағына құласаң өртенесің, – деп жуаси үн қатты. Сол үннен кейін» Өр азабын берсең де, көр азабын берме» дейтін ақылды қариялардың сөзі есіме түсіп зәрем ұшты. Жаным зеңгіп иман шақыратын инабаттылықты іздеп шарқ ұрды... Алда байқауымша қасіреттің талай кедір-бұдыр жолы бар. Оңы бар, солы бар. Жан талауға түсіп, қан жоса болып жатыр. Оған шыдар пәрмен күш қайда? Қыл көпір түгелі жалпақ асфальт жолда масығып, төртіпті бұзып жүк автокөлігіне барып соқтықтым емес пе? Қасымдағы Типық бірден жан тапсырды. Мен тірі қалған сықылды едім ғой. Нені ойлап көзім қарауытты. Тәнін сататын сайқалмен жатып, бір жарты ішкен коньяқтың қызуы ма? Әлде ішімдікке есірткі араласты ма? Жұмақты қайдам, тамұқта да халім

не оңар дейсің. Қиянатым да, қаскөйлігім де бір басыма жетерлік... Алты мың тал шашымнан да көп шығар. Қара жерге рахмет, жүргеніне аурсынбай көтеріп. Оның айыбы жоқ шығар, бай болғасын көргенінен көз ақы алып, жарысқа түскенде қалыс қалғаныңды келеке ететініне қалай шыдайсың. «Құрынып отыр, банкрот болыпты, құрыпты. Киім киісі де, автокөлігі де аянышты, қорлық, ақырына таялыпты», – деген сықылды ащы сөздер тірідей өлтіреді. Манағы қара шал бірде:

– Монғол мақалында» Өгіздің мүйізіне шығып алып, құмырсқа таудамын дер, қыбы қанып» деуші еді. Орынтақтың халыққа сыры қанық, жұмысыңды жүрмісің біліп алып, өтірікпен өрге озу бар демессің, біреулердің ығында жүріп алып, байқа, иттігіңді білмесін халқың танып» дегені жұлынымды үзгендей болып еді. Енді о дүниеде өтірік айтып, жалтарып, сөзбұйдаға салып құтылу жоқ екен. Рухым мықты қазақ болсам да, жаным әбден титықтап қараңдаған тобырдан құтылғасын жұмағынан сонда да үміт ете беріп еді. Манағы Әзірейіл дейтін ұсқынсыз пәле тісін ақситып жанындағы шайтанның қолтығына су бүркіп бұйырғандай белгімен:

– Шайтанның жеткізуі бойынша күнәң жетерлік, – деді де оң иығыңдағы сол иығыңдағы періштелердің саған қанша болысқысы келіп саралағаны да күнәңнің басыңдағы әр тал шашыңнан көп екенін көрсетіп тұр. Өзі де мойындар, шайтан гүрзімен мықтап үр!

Жан ышқынды.

– Қара халықты алдап тонадың ба?

– Заңдастырып алғаным бар.

– Заңың заң емес, кедейлердің мұң-мұқтажын ойламай алаяқтардың сойылын соққан заңды қалай ұялмай, бетің бүлк етпей айтасың?!

– Өтірік айтып иманыңды күйдірдің бе?

– Кеңес үкіметі дінді, имандылықты ұмыттырып, қуғын-сүргінге салып, адалдық жолындағы арыстарды қырып салды. Сосын жан тәтті, қорықтық.

– Қорыққан жоқсың, ұры, баскесер, бандыларды қарауында ұстаған қорқа ма? Соқ гүрзіні.

Жан жаншылды, жер солқ еткендей болды.

– Денесін аздырмай-тоздырмай пәлен ғасырға куә есебінде сақтайтын орынға апар. Әсіресе бір тал шашы жоғалмасын. Елін әулие басқарғанша жаны қып-қызыл шоқтың үстінде тұрсын. Қансорғыш ел адамдарын тақыршаққа отырғызып қансыратқанының жазасы қалың. Алтын және басқа зауыттарды да иеленіп алышты.

– Жөнсіз байыған жалғыз Сипық емес қой. Кінәлі Кеңес үкіметі. Капиталистік қоғамның мақсаты жеке-жеке баю болса, мұның да жазығы жоқ, – деп періште араша түсіп еді.

– Шайтанның айтуынша кісі қанын жүктеуге де қатысы бар дейді.

– Шайтан пендені азғырудан басқа, отқа түсіріп арбаудан басқа нені біледі. Сәл күдіктенсе жамандыққа бұра салады, – деп екінші періште бүйірін таянып сабырлы қалыпта сөз айтып еді.

– Шайтанға тіл тигізбе, ол адамды болаттай беріктікке, азғырғанға ермеуге, діңкесі құрығанша тәрбиелейді. Рухы мықты адам оған ермейді, азғырғанына сенбейді. Күштесе де көнбейді. Сосын әрі әурелеп, бері әурелеп қаскөйлік жолға түспейтін мықтылықты танып өз бетімен кете барады. Сипығың шайтанға мықтап ерген, оны қалай қорғасаң да ақтай алмайсың. Күнәсі шашынан көп дедік, әлгі адамдар мақтанып жүрген компьютер де сұрқиялықтың есебін нақты айта алмас. Компьютерді жасатып отырған Аллаһтың құдіреті. Сен болсаң тырбиған тасбақаның суретісің.

– Өйтіп жанымды қорлама, кінәм жоқ сықылды. Қолымды қанға малған жоқпын, пендеге ауыр жаза кісі өлімі деседі. Ал қанішердің жанымда жүрсе ішінде нендей жамандық жатқанын біліппін бе?

– Әй, жалған айтпа. Телсараның күйеуін неге өлтірттің? Себебі, оған ғашық болдың. Әйел дегеніңе көнбеді. Құдіретпін дедің. Әйел іші қуыс пендесің, ешкімнен артықтығың жоқ, бақ пен тағың алдамшы, оныға өз махаббатымды айырбастамаймын деді. Екі балама арам сүт емізе алмаймын деді. Шамдандың. Оның үстіне ақын,

әнші әйел: » Сипық деген атың бар, о да ғашық қатынға, өзі пасық болғасын, бір тиынға татыр ма? Билігі бар қолында, білмейді екен кісіліктің зорын да. Сорлыларды азаптап, барып жүрген қойнына, қыл арқанды тастар ма еді, зорлықшылдың мойнына, – деп оқтан өткір сөзбен түйреп өлмегенмен өлімші етіп еді. Соған қабырғаң күйреді, басшылық намысың жамандыққа сүйреді. Өміршімін деп есептегесін мұндай қорлануды кешіріп, ақылға тоқтай алмадың. Өлгі Чувашты пайдаланып мал бағып ай далада қамсыз жүрген күйеуін өлтіртің. Осы жол апатында да төнін сататын қызбен қойындасып есіңнен айырылып ажал таптың. Кәне, рас па?

Жан томсарып қалың тұманда адасқандай сенделіп қалды. Періштенің бірі:

– Телсараға шайтан қызықтырды, қызулы жас шағы, қоғамдағы үстемдік иелері қайсысы сұлу әйелге қызықпады? Облыс басшыларының кейбірі басы бос, көрікті әйелді депутаттыққа қолын жеткізіп, Алматы, Мәскеуге барғанда төн қызығына берілгені, күнәға батқаны аз ба? Оларды да жолдан тайдырған, иектеген шайтан. Екінші періште үнсіз мүлгіді. Үкім тосқандай тосырқаулы. Төпелеп айтқан шындықты жоққа шығаратын себеп таба алмай, төбеден төнетін гүрзінің тоқпағын күтіп тұр ма? Тірлікте қандай қылмыстың да қыбын тауып, төзімділікпен өз пайдасына шешкен рухы мықты жан төнген қатаң қатерді білді де:

– Адам бойындағы жақсылық пен жамандықты жаратпайды емес пе? Оның үстіне шайтан деген пәлені көкірекке орналастырғанға қандай кінәм бар? Аллаһтың ісіне не шара? Адам өлсе де шайтан өлмейтіні шындық емес пе?! Адамды жаратуды білген өзі тумаса да, туғандай өсіріп-өндіруді білген Жаратқан Ием неге жұрттың бәрін жақсы етпеді? Біреуді бай, көбін сорлы кедей ететінде өзінің ісі. Менің өз қолымнан бөліп берерім жоқ, біреудікін біреуге ауыстырам, онда да таза тілегі бойынша депті деседі. Бұл жерде де шайтан іске кірісіп алдап-арбауға, ұрлап-тонауға ойды бағыттайды. Аранды ашады. Пенде ұйқылы-оюу жүріп жолынан адасады, ындынды құнықтырып

лаңдататын шайтан дегенін істеп тынады. Сосын күледі, жұртты мазақтап күлдіреді. Келемеж-келекені, мазақты түсінетін миға ақылды да жарытпай аз өлшеммен берген. Соғысшыл, қарақшы, өзін-өзі өлімге қиятын терроршының жұмыр жерді дүрліктіріп тұрған қалың қасіреті де шайтанның шектен тыс ұйтқытуы. Төрт жарым миллиондай қазақтарды аштық жылдарында қырды, бұ да қызыл жендеттердің шайтандық саясаты емей немене!? Төрелігін сол құдіретті күштің өзі берсін деп қалды. Осы кезде Қазақ жерінің әр бұтасы сыңсып:» Біз жазықсыз арам өлдік, бірақ о дүниеден тыныштық, бақыт таптық. Жер бетіндегі арамзаларға лағынет!» – деп дауыл соққанда көлдің қамысы шулайтындай үн шықты. Жер бетіндегі бүкіл төмпешіктер теңселгендей болды. Періштелер де қозғалақтап сөз төркінін құптағандай жүздері жылып еді. Кенет жүз батпан күрзіні қолына алған сұсты Мүңкір-Нәңкір:

– Ондай тұжырымың қисынсыз, түп-түгел қате ой. Сені Аллаһтың жаратқанына, өмір бергеніне, тіршіліктің дәмін жегізгеніне рахмет айт. Пенде жақсылыққа да үлкен еңбек сіңіріп қол жеткізеді. Шайтанның азғыруына ермейді. Қырсық шалған әйелдің немесе үстемдіктің орынсыз қолшоқпары болмайды. Миың бар емес пе? Ми ішінде ой-ақыл бар емес пе? Сол арқылы мінез қалыптаспай ма? Тәндік қызығушылық жолында қан жүктеу кешірілмейді. Керек десең, Телсараға ғашық болғаныңды шайтан әйеліңнің құлағына сыбырлап, тұлан тұтқан жарың неше түрлі қиянат істеді. Жоққа килігіп өзіңді шатастырады, миыңды шағып тастайды. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» дейсіңдер, бүгінде қырқып тастаған бұрымның орнына шайтан орналасқанын әйелдің бірде-бірі білмейді. Сұлулығына сенеді, кемді күнгі ажар-көрік алдайды. Шар тартқанда ғана алданғанын біледі. Өкінеді. Жастыққа масықты, бет жыртысты, не тапты?» Сен әйелмен жүріс жүрсең менде қалыспаймын», – деген жарымның арам ойы, өз күнәсына өзі отқа күйді. Мәңгілік мекенде қалай қатар жатасыңдар?.. Сондықтан алдымен сенің жүрегіңді отқа қақтауға өмір етемін, – деді гүрзімен жерді сілкіндіре бір соғып.

– Кеңес үкіметі партияның құлы болғасын Аллаһты ұмыттырды, діннен бездірді, кешіруге болмас па еді? – деп періште араша түсіп еді. Анау қайтадан сайрап:

– «Жаркөлде» кешірімсіз қылмыс жасалды. Көл жағасынан облыстық атқару комитетінің басшысы Герецкий жер асты түрме дайындап, онда түрлі цех ашып, оған жұмысшыларды вокзалда ауылына жете алмай, арақ ішіп ләйліп жүргендерді апарып жұмыс істетті. Қарумен, қасқыр иттермен бірде-бірін қамаудан шығармай, адамдық құқын қорлады. Қашқандарын итке талатып өлтіріп, қара тереңге батырды. Ауданның бір бастығының жалғыз ағасы осында тұтқынға түсіп, соны естіген қарындасы асылып өлді. Сен осындай жауыздық қылмысты Герецкийдің орынбасары болғаннан кейін білдің, оларға жасырын барып шаруасын байқап жүрдің. Жазықсыз өлген адамдардың қанын жоқтап, неге қылмысты іс көтертпедің? Ана үйіндегі қасқыр иттер куә, сен ым білдірсең кез-келген адамды жарып салады. Бұл қылмысыңды да мойындамайсың ба? Пиғылың да нақақ тонадым, біреулердің ажалына себепші болдым, кісілік құқын қорладым, өтірік айттым, жағындым, үстемдікке жөнсіз табындым деген сықылды қасиетсіздігіңді ойлап өкінбейді екенсің.

– Қалай өкінеді қоғам солай, кез-келген ауыр қылмысты қара сандықта құпия сақтайтын саясат болса, оның бөріне шайтан қызмет етсе, қан теңізі үстінде құрылған үкіметтің уысынан шыға ала ма? Шарасыз, шектен асқан зұлымдық тұрды, – деп періште қорғағысы келіп еді.

– Жауыз саясаттың құлы боп өмір сүрген пенденің күні құрысын, қазір қоғам өзгерді қалың жұрт ептеп тыныс ала бастады. Көзқарас өзгеріп опасыз дүниеге алданудың қажетсіздігін біле бастады. Аллаһты ауызға алып, әулие-әнбие мен қырықшілтен қайбереннің құрметі, күнәм болса кешір деп жалбарына бастады. Құдайды әркім қолынан жасағандай астамшылық саябыр тартты. Қолына құран ұстағандар жын-шайтан атаулымен бітіспей күресуде... Жеңісі де, жемісі де бар, – деді орайлас ойды сездіріп. Кейде пенде ой түсінбесе опық жеп жатады. Өзі білсін...

Періштенің осындай сөзі ұнаса да, менің қасқыр иттерім сықылды тұс-тұстан анталап келген отқа оранған бір топ

ит кеудемдегі жүрегімді таласа жұлып алып тамұқ отына қақтап жатты. Қазақ рухының құдіретін, ұлтымның амандығына жаныашыр сезінген періштелер, мүмкін кінәмнің ауырлығын біліп медеу ете алмайды ма, томсарып тырп етпегеніне түсінбедім Мұңкір-Нәңкірдің ызғар төккен жүзіне тесіле қарап, енді осы жазамен қанағаттанса жарар еді дей ме? Әлде тірліктегі әмірші Дүбір ағамыздың ешкімнің ырқына көнбейтін менмендігі тәрізді көре ме? Ең болмаса пікір таластырып, қаласа дұрыс, қаламаса бұрыс дегісі жоқ. Ал Мұңкір-Нәңкірге дәлел айтып ұғындыра алмағасын жүректен айырылып жұлған торғайдай болғанда:

– Бір әкеден нешеусіздер? – деді сұсты неме.

– Жетеуіміз.

– Үшеуі неге мұсылмандыққа өтіп сүндетке отырмаған? Сенің жалғыз ұлың да оңып тұрған жоқ. Бұл не?

– Рас, әкемнің өлгенше қолында Құраны жүрді. Ол қайтыс болғасын анам сүндетке отырғызсам сотталып кетем деп қорықты. Бәрі – коммунистік қоғамның кінәсі. Оны да орнатқан, адамдарын зарлатқан шайтанының ісі емей немене?

– Пәлені қоғамға жаба берме. Сені оқытып, денсаулығыңды сақтаған, басқа да толып жатқан жақсылығын көргеніңді неге ұмытасың? Екіжүзділік.

– Ендеше сол кезде ел басқарған үстемдіктің қолшоқпарлары кінәлі.

– Оның жөн. Айтпақшы, әкеңнің ақылынан құлағыңда қалғаны бар ма? Сынтайдың бір тұқымы сенің апатқа ұрынғаныңды көзімен көріп жүрек талмасы ұстап өлі мен тірінің арасында сандырақтап жатыр. Ол күнәсі болса ауыр-жеңіліне қарай өзі жауап береді. Әкеңнің жанына түскенде аруаққа не деп жауап бересің? Қалай түсіндіресің?

Жан толқыды, тебіренді. Әкесінің: » Мен әділдік жолға түсіп, адал бола алмадым. Тілегім – өз иманымды өзіме бұйыртсын. Аштан жұрт қырылып жатқанда бір жас өспірім бір дорба сүйек әкеп тапсырды. Бағалап аз-кем қант беріп едім, соны құныға жеп, өз-өзінен сақылдап

күлгенде қатты аяп кеттім. Обалы белсенділерге... Ұлдарым, әділ болыңдар. Тазалық – кісілігің... «– деуші еді. Қызыл жендеттердің құйыршықтарының қырғынын одан басқа сөзбен айтуға жүрексінетін-ді. Әке тілегі не болды? Сынтайдың» жеті жалмауызы» атандырған халық сөзі қатесіз боп, жетеуі жеті жегіге айналды. Үстемдік біреудің қолымен от көсеудің амал-айласының қолшоқпарына айналды. Сонда мұнысы қорқақтық па? Пікірсіз, ойсыз, өзінің ұлтының мақсат-мүдесін сату ма?

– Араларыңдағы жалғыз ұлды неге мұсылмандық жолға салмадыңдар? Сендермен бірге моншаға бармаймын деп баланың талай шыңғырып жылағанын періштелер әлдеқашан жазып қойған. Ақырында көшедегі басбұзарлардың ортасына түсіп, ұлттық тәртіп-тәрбиеден безіп шығып неше түрлі қылмыс жасап түрмеге түсті. Әкеңнің аруағына осыны қалай айтып, ақталасың? Аты-жөнім мұсылман, затым не болса о болсын деген ойы да төте ме? Мұның бәрін Аллаһ кешіретінін айттық, аруақ қалай кешіреді?

Жаным шошынып күнге күйген шүберектей қуарып тұрды да:

– Апыр-ау, жәбірлеудің жөні осы екен деп айыптай бересіз бе? Адамның көкірегіне кіріп мекендеп талай әзәзіл жолға салатын шайтанды неге жазғырмайсыздар. Оны кім жаратты? Қайда пәле? Егер шайтан болмаса балалық сөби кезімдегідей адалдықпен өмір сүріп, адамдық ар-ожданды сақтап өлетін едім. Бәлкім менің денем, миым, қабілетім, мінез-құлқым, балалық асыл ойларым біреулерге жұғысып қалса, яғни өзім қайта тірілсем бүкіл байлығымды Қазақ еліндегі тоқсан мың жетім балаларды бағуға арнап едім. Небір сұмдық қорқынышты қылмыстарымды қалай есімнен шығарғаным, періштелер қалай ине-жіпке тізіп жазып отырған? Жұрттың мені неліктен жек көріп, түрлі мазақ сөздерді сыртымнан айта-тынына дейін қаз қалпында сақталған. Елдегі бірге оқыған Быдық құрбысын қой бағып жыл аяғында қосымша ақыға шыққан табысын араққа тойғызып, кеңшардың кассасына апарып қол қойдырып алдырып, өзінің қалтасына салып кеткенде қорланған Быдық мынадай өлең шығарыпты:

Сипық деген албасты,
Табысыма жармасты.
Албастылар көп екен,
Коммунизмге бармаспын.
Сипық деген дүлейің
Өзіне мықтап күлейін.
Ындыны толмас жалмауыз
Жұлынын қайтіп үзейін.
Туа біткен құзғынды,
Тезге салып түзейін, –

дегенді тірі кезімде естісем оның тілін кесетін едім. Қағытатын әзіл емес, өлтіретін ащы сөзге шыдамас едім. Орынтағымда отырғанда басымнан сөз асырыппын ба? Небір жамандықты жуан желкем көтерген екен, қолыммен істедім, отына өзім күйемін. Оу, шайтандарыңды тыймасандар менен де биіктегі лауазым иелерінің талайының тас-талқаны шығады, тамұқтарыңның оты шақ келмес, жұмыр жерде мұнай өнімдері, көгілдір отын қоры таусылатын кез қашық болмас. Сонда қалың жұрттың тағдыры жегі құрттың аузына да ілікпес, ауа, су жетпей тірісінің тірлігі сіңірін қиып тынбас па екен? Сондықтан шайтандықтың көзін жойып періштелердің шырағын жақпайсыздар ма деп жекпе-жек шайқасқа түсетіндей болғаным сол еді, тағы бір гүрзі қабырғамды қақ айырып өкпе-бауыр, ішек-қарнымды суырып алып Семейдегі атом сынағының алаңына лақтырып тастағандай болды. Май ауданы өңіріне әлі күнге күйік иісі шығып тұратынын білетін едім, сондай жұғымсыз иіс кеңсірігімді жарып бара жатты. Дәрігерлердің дәрі саситын бөлмесіне ұқсамайтын тәрізді. Қарсы алдымда бір ұсқынсыз пері шашын жайып сақсиып қарап тұрған сықылды. Ақша төлеп жанына жатқан сайқалға ұқсамайды, көзі біресе екеу, біресе қақ маңдайында біреу боп көрінеді. Қас-қабағы да адамға ұқсамайды. Не пәле? Осы кезде оң иықтағы періште Мүңкір-Нәңкірге жақынарақ барып, жалына ма, шағына ма, бірдеме деп сыбыр-күбірлескендей болды да:

– Дегенмен рухы мықты екен. Жаны ақылынан адаспай тұрғанда денесін сақтай көріңізші. Енді аз жылдан кейін

бұл халықты әулиелік ұлы жолдағылар басқарады да, жемқор, қылмыскер, арамза, алаяқ небір жұғымсыз адамдардан түп-түгел тазарады. Өйткені, бұлар имандылыққа бет алып, бісімілласыз іс атқармайды, өлі төсеке жатқанда да иманын үйріп, әйеліне жақындағанда да дінін ойлап, яғни өмірге адал ұрпақты көптеп әкеле бастады. Олар басынан қалған:» Ешкімнің ала жібін аттама!» – деген ниетін гүлдендіріп, дамытып келеді. Көгілдір отынның жарығымен қоқыс толы аспанды тазартып, Абайдың бейнесін салып, кеуде тұсынан әлемге даритын:» Итініп жүріп өлмей ме, өлсе бәрі қалмай ма?» – деген сөзін қазақ, орыс, ағылшынша жазып жұмыр жердегілерге ұлылықтың ұлағатын ұран ғып тастайды. Демек, мына дене жиырмасыншы ғасырдың қалың қасіретінің куәсі есебінде сақталсын. Бұлар жаманшылықты ішкі құрылысы, жұтқын-ындынына бола жасады ғой. Оның үстіне қызыл жеңдеттерден көрмеген қорлығы жоқ, әлемдегі ең кедей ұлттың тізімінде тұрды. Егемендік алғасын қолдарына бақыт құсы қонғасын, байлыққа иелік етемін, ақшалы болсам аспаннан да жол тауып кетемін деп есі шыға ойлап кейбірі қатты адасты. Алжасқандары да, табысқа таласып бірін-бірі атқандары да, түрмеде жатқандары да жетерлік. Ғасыр қайғысының дерегі үшін мұның денесін сақтамасақ болмайды. Сүйек-саяғын тамұқ алдындағы отқа салып өртей көрмеңіз. Азан шақырып ат қоятын мұсылман баласы ғой. Күнә, кінә сенімен санаспайды, онымен өзі санасуы, өзі ойлауы керек еді, білместікті көп жіберді. Мұсылмандық кемеліне келгенде мұның кешірімсіз қателіктерін, лас-қоқымға толы мінез-құлқын басқаларды теріс жолдан сақтандыруға, ұлт рухының азып-тозбауына жол сілтеуге пайдаланар едік, – деп жік-жапар болды. Осы кезде сол иықтағы періште көзі алайып, қаны қарайып, ызғар шашып, ашуы манағыдай емес күшейіп:

– Арақ иісі мұңкіп тұрған жанын қайтып қорғайсың? Иісі тамұқтағыларды да шошытатын түрі бар. Мұның Әзірейіл жанын алғанда ештеңесіне қарамай бірден орыны тамұқ екенін білгілеп дайындап қойған. Ол ол ма, қарауына қылмыскер ұстап сендер айтқаннан басқа да

кедейлердің жылқысын ұрлаттырып Күншалған тауының қуысында мал соятын цех аштырып арамдық жолмен қаражат жасаған. Адамдардың күнкөрісінен айырып, жүдеген елді жүдеткен. Қарақшылары қанша кісіні өлтірді, онысы тексерусіз қалған. Өне, өлгенде де қаны тыйылмай жатқанын көрмейсің бе? Осыдан қайта тіріліп кетсе – адал адамдардың маңдайының соры. Кедейге, әлсізге көз қырын салмай мазақ ететіннің бұдан да зорын шығарады. Қып-қызыл қаныпезерді қорғау жараспайды. Өне бойында адамдық қасиеттің сәл нышаны да жоқ, сөйте тұра еріседі. Мына әріптес періштенің нағыз зұлымды өртей көрме деуіне қарсымын.

– Шайтанға амалсыз ерген... Маңдайына соққы да тиіп көресіні көрген... – деп оң иықтағы періште күмілжіді. Екіншісі бетбақтырмай:

– Қорқақ, дәрменсіз, ақымақ, нәрсіз, сөзінде тұрақ жоқ, өтірікті суша сіміреді. Әлсіз адамдар шайтанды тыңдайды. Дүниенің бәрін бүлдіретін де солар. Жұмыр жердегі соғыс, неше түрлі жауыздық, дағдарыстың авторлары – қорқақтар. Қарапайым халықты алаңдатып өздерінің пайдасын шығарып, орынтағын сақтаудың мың бір түрлі амалын қолданады. Сипықтың жексұрындық істері жеткілікті, әлі айтылмағанын айта беріп ауыз ауыртпай, сүйек-саяғы өртеніп, күлі де қалмауға тиісті.

Өлгі өртті ауызға алғанда қан тамырларымда ыстық дәрі күйдіріп жүріп жатқандай болды. Біртүрлі жүрегім жыбырлаған тәрізді. Содан жаным:

– Аллаһ кінәмді кешіретін болса, дәрігерлердің іскерлігімен қайта тірілсем тек қана имандылықты сақтап, «Халықты жеген қақалмайды» деген қағиданы ұмытып, елге берген елде кетпейді дейтін ақ жолға түсемін. Иелігімдегі зауыттар, жабық базарлардан және басқа да пара-пайдан түскен байлық мемлекеттікі. Өзімнің тіршілігіме жетерлік айлық берілсе болды. Үкімет заңына кіргізісін, мен сықылды миллиондаған қаржысы, түрлі өндіріс орындары бар байларға президенттің айлығынан да артығырақ айлық беріп мемлекет өз меншігіне алуына болады ғой. Сонда халық та қарық, кедейлер қатары да

азаяр еді. Тірілтіндер, уәде уәде. Өзім ұсыныс жасап үн таратамын, үкімет алдына мәселе қоямын. Жұмыр жерде кедейсіз ел атанудың даңғыл жолы осы болмақ, – дегенде мұрным жыбырлағаны несі? Түшкіргім келгендей... Жаным тірілейін деп тұрған жоқ па? Дәрі-дәрмек иісі сықылды тамұқтың алды сасып кетті.

– Түсіну керек, мұның көптеген жағымсыз істеріне қоғам да кінәлі ғой. Әлемдік заң кедейлерді қорғауға емес, қорлауға кейде икемделіп жатады. Өйткені, заң жасауға қатысатындар әмірші немесе қылмыскер, сұм-сұрқия ойлы болса жақсылық жолы алыстай бермей ме? Кеңес үкіметінде қым-қиғаш заң қорлықтың көкесін көрсетті, құқыңды қорласа ескерту, кеңсенің сыпырғышын ұрласаң үш жыл үкім, қазірде де лауазымды адам пара алса немесе мемлекет қаржысын жесе ескертумен құтылып жататыны қаншама? Кеңес үкіметінің занынан жаңарып алысқа ұзап халықтың мұң-мүдесіне демократиялық әлемдік үлгі болар шаруа әлі нақты пісіп-жетіле қойған жоқ-ау, – деп қорғаушы періште ойын жүйелеп айтады-ақ.

– Мұның жанын өзгелерге жақындатып тірілтуге қарсымын. Шайтанның сапалығы, үстемдіктің қолжаулығы, мені жоқ бейшара, «шатырдың» көлеңкесі, сол арқылы байып шыққан. Төккен тері, адал еңбегі жоқ. Өз обалы өзіне, байлық біткен көзіне, көз тойымсыз, шайтанның қарауылы. «Көзің күліп кімді алдайсың» деген қазақ көзден сақтанған. Мәнім апасы неге зарлады? Оқтай-оқтай қадалатын ыза-кекті өлеңмен өрнектегені тегін емес. Мәнімнің күйеу жағынан құдашасы Телсараның әкесіз өскен баласының көз жасы қабірін толтырар еді. Түсінбеймін, осындай қаскөйді қорғап ақ тер, көк тер болу ыңғайсыз, – деп Мұңкір-Нәңкірге қаралушы періште қорқынышты ой тастады.

– Қызыл коммунистер неше түрлі террор, неше түрлі бүлік, ұсақ ұлттарды жоюдың қанашама амалын ойлап таппады. Қырғыздар айтқандай:» Өзің биікте тұрсаң, ытқытқан тасың алысқа түседі», – деп кертәқыс, қисық ойлылар биік мінбеден әмір етіп имандылықты, дұғанамазды ұмыттырды. Сол зарлы заманның о дүниелік

болғандарын кешіріп, рухын жетімсіреткен жоқ едік қой, – деп оң иықтағы періше қанша мәрте жалынышты үн қатты. Соғысты да саясат бастайды, игілігін сұм-сұрқия көріп жататынын мысалдады. Көзі қарауытқандардың үстемдік сойылын соғудан басқаға амалы жоқ. Осыдан кейін қаралаушылар шындық шайқасының себептеріне үңіліп көргісі келді ме, мүмкін барлық кінәнің негізі тағдырдан тысқары күшінен деп есептесе жөнге жуықтар деп шамалады ма, әйтеуір біраз тоқырап қалды. Сол қас қағымдық сәтте жанның есіне Арқалықта бұдан отыз жыл бұрынғы оқиға оралды. Оташы ауыр науқастының ішін жарған кезде жүрегі тоқтайды. Өлді дейді де мәйітханаға зытырады. Оңбағырлар қарнын қайта тікпейді де. Таң алдына таман науқастың жаны кіріп, жан-жағына көз салса кілең жалаңаш жатқан өлік. Сүйретіліп есіктің алдына барып төпелейді. Есікті ашып ақ халаттылар жиналып өз көздеріне сенбейді. Ақырында айқау-шу, дүрлігуге ұласады. Айдың күнінің аманында адам тағдырына салқын қарағандарды дереу жазалап тынады. Сол сықылды мәйітханада үш күн бойы жатқан денем тіріліп кетсе жұрт үрейленіп жүрегі жарылар ма еді. Бәлем тісімді қайрап жүргендерден тездетіп өшімді алар едім... Ойымды жиғанша болған жоқ, Мұңкір-Нәңкір бір пікірге ортақтасқандай ниетпен:

– Денесін тамұқ алдындағы мың градустық жалынға өртемей қақтап, рухын жетісі, қырқын бергенше еркіндікке қоя берелік. Сонда өзі тірі қалған жақын-жуықтарының қасиетсіздіктерін байқап қандай қорытынды шығаратынын білелік, бай адамның өлімін, шаңырағы ортасына түскендегі қайғы, дүние-мүлікті талапайлаудың шайқасуынан жүрегі ұшсын. Сүйекке таласқан иттей көрінісін кедейлер көзімен көріп түңілсін, – деді. Және сөзін жалғап: – Осының денесінде ата-анаға, үлкенге, жалпы адамға деген мейірбандылық иіс жоқ. Ертедегілердің имандылығы, ата-анасынан өн бойына қанмен сіңетін қасиеттілік иістің орнына сасық, үрейлі, жүректі қарадай күпті ететін қанның қарайып күйіп барып қолқаны атар жаман иісі шығады. Пенденің үлкен

қасиеті ананың ақ сүтімен бойға сіңетін асыл ар-ожданын сақтау еді, оны ұрпағына қалдыру еді. Ал мынауың өзін кінәлімін деп есептемей қателігіне қорлануды білмей, ащы сөзден өлдім деуді ұқпай, орысша бірдеме деп былдырлайды. Бұған жеңіл-желпі қарауға болмас, мұныңыз жалпыға бірдей боп кетсе, оның аяғы неге апарып соғарын шайтан да білмес. Молла қысылып-қымтырылмай жаназасын қалай шығарған. Демек, үстемдіктің ығына түскен, молданың жалтақтығы жараспайды, – деп үлкен сұрақ қойып тастады.

– Туыс-туғандары, алым-беріммен ауыз жаласқандары билік басында болғасын таласудың керегі жоқ шығар. Қазір бұрынғы Одақтағы бір миллион қызыл жеңдеттің саны балаларымен үш-төрт миллионға жетсе, олар шетінен қан сорудың фирмаларын басқарса не шара?» Қарға қарғаның көзін шұқымайды» деген үрдіс ұзаққа созылар ма екен? Өздерін кінәсіз ететін делдалдық сықылды заңдары қалтасында жүр, сосын аспайды, саспайды. Талайды, тонайды, қолын кім қағады? Ел теңселді, жер теңселді, социализмнің байлығын бөліп алғандар басып тастады еңсенді. Үркердей топ бүрсеңдетіп тұр. Олар жұмаққа барса бірде-бірі сенімді ақтай қоймас. Бұлардың өмірінің өрі де, төрі де, бүкіл өрнегі қылмыспен құрылған, біраз жыл өткесін таза еңбегім деп төсін ұрып шыға келеді, – деп Мүңкір-Нәңкір жүзін суытқан күйі рухымның қырық күнге бостандық алғанын көпсінгендей ойқанып тұрды. Қайтеді, өзі қатарлы байлар өліп көрмегесін ешкім де сенбейтінін ойлады ма екен? Бәлкім қабірде де дене тіріліп қасқыр жүрек соғып тұрса» Көрден шыққан Көрғұлы» жырындай капитализм байлары Сипық есімін аңызға айналдырып жіберер ме еді? Тірлік те, ажал да сұраққа толы...

* * *

Жаным қалтырап қарамды беріп жатқан жерге сүйретіліп мана барған-ды. Бұрын көріп жүрген, біліп жүрген ас беру, бәсеке, тәуір беделді адамдар төрде төбедей боп отырады. Сөзбен қамыққан көңілді жұбатқан бо-

лады:» Жарық дүние кімге жолдас болған? Бәріміз де мәңгілік мекенге барамыз», – дей салады. Бірақ өлгісі келмейді, мың күнгі жұмақтан бір күнгі жарық дүние артық деп қояды. Байлығы да, орынтағы да сайлы адамдар бабаларымыздың» Кештік өмірің болса, түске дейін байлық жи» дегенін және қыстырып кімнің қанша байлығы барлығын, Қазақ еліндегі миллиордерлердің қатары өсе бастағанын мақтанға айналдырған сықылды ернінің ұшымен айта салады. Іштей біреулердің байлығы өзінде болса да артық көрмейтіндікті бүгіп отырады. Сосын Сипық нарықты шебер меңгеріп еді, алдына қара салған жоқ, ақырын жүріп, анық басып, ісіне қызыл жағаның мазалауына жол бермеді. Естуімізше, көп тексерушілер қылмысын таба алмай діңкесі құрышты. Қайтыс болды, жер қойнына қимадық, топырағы торқа болсын... Сипықтың азып-тозған жаны сонда әркімнің ауызына бір қарайды. Тірлік арпалыс, қым-қуыт ұрыс-керіс, жанжал, бірінің бетінен бірі кейде тырнап, көрместей боп жататын сұрықсыз көрініс ындын үшін, байлық үшін қара басын да пида етеді. Табиғат солай ма, жаратылыс солай ма? Бала кезінде кесіртке мен жылан қанжоса боп төбелесіп жатқанын қызықтап көрген-ді. Содан кесіртке жеңіліп қансыраса сайдың ішіндегі киікоты шөбіне барып аунап-аунап алады да қайтадан жыланмен төбелеске шығады. Ойыма ой түсіп әлгі киікотыны тамырымен жұлып тастағанымда қансыраған кесіртке сол шөптің орнына келіп жанын тапсырды. Мына отырғандардың ішіндегі кейбір жымысқы сұм-сұрқиялар өліп көрсе, мейірімсіз, қаскөй, әділетсіз, жемқор, зорлықшыл бола тұрып, менен өткен адал адам жоқ деген сөзді ауызына алуға қорқар еді. Киікоты шөбі сықылды байдың байлығын мемлекет қайтып алса кесірткеге ұқсап қылжиып өле қалар ма еді. И-и, өлмесін, бай адамның өлгенінің ақыры мен болайын. Халқына қарыздар екенін түсініп, кедейлерді дүрілдегіп алға шығарып әлемдегі бірінші елге қол жеткізуге өздері өзін ұғып ұмтылыс жасар. Бoryш, қарыз, алдау-арбау, біреудің қақын жеу о дүниеде жазасыз қалмайтынын мына отырғандардың бірі білсе де, көбі білмеуі, тіпті жарық

дүниенің рахатын бер, о дүниеде не болсам, о болайын дейтін өркөкіректер де жетіп жатпай ма? Е, ана жерде адам тағдырын ермек етіп, қызметіне кедейді құл есебіне пайдаланатын жымысқы неме жан-жағына күле қарайды. Несіне мәз? Бәлем қорлықтың көкесін о дүниеде көрерсің. Қарама жиналғандардың жайы белгілі, бірі жорта мақтаса, кейбірі ішінен боқтап отыр. Оны түсінбейтін милау емеспін ғой. Дағды бойынша тамаққа тойынып, қалған азық-түлікті дорбаларына салып әкеткенше сөйлейді. Ешбірі мұнымыз тым тұрпайылық емес пе демейді. Байдың асын байғұс сірә де қызғанбайды. Зымзия мен Қапидың жүріс-тұрысы, ауызы-аузына жұқпай сөйлеуін көріп, теріме сыймай ашуланғым келді. Бірақ, дене өлген, дыбыс сөнген, ашу да тарқаған. Жаным тынышсыз, қарама жиналғандардың не айтып, не қойғанын естігім де келмейді, дұға тигізгенде серпіліп жадырап қалатынды сарсыла күтіп тұрмын. Сол дұғадан ғана жеңілдік, кешірім, рахат тарайды екен. Соны тірі кезімде ұқсам ғой. Онда бәлкім өлмей тірі жүрер ме едім...

Бұл жерде адамдардың қарым-қатынасындағы белгілі бір салқындықты да дұға жеңілдетпей ме? Өзімшілдіктің түпсіз тұңғығына кейбірі құлап бара жатқанын сезбес, бірақ дұғаға елтиді екен. Бір сәттік болса да Аллаһ ойына түсе ме? Пенде ойлылықтан гөрі, іпсем, жесем деген мәнсіз бос кеңістікте қалбалақтап жүріп ажал барын ұмытатынға ұқсайды. Өмірдің мәніне үңілмейтіні қалай? Өлердей қорқатыны үстемдік деп түсінуі титығына жетіп тынатынын көбі біле бере ме? Пенде бақытсыздықты өзі тілеп алады екен-ау... Етті аузына толтырып шайнаңдап отырған шоқша сақалды:

– Қазысы үш елі болды. Екі жылқы да семіз, іш майы ақтарылып жатты, – деп жанындағыға қыли көзін тастады. Дым көрмегендей онысы несі?» Бір тойған тамақ кешке жетпес, ықылас естен кетпес» деген баба сөзін қаперіне алмайды. Орысша оқып, орысша тәрбие көрген қылиың қазақшаға оралғанына шүкір де. Бабалардың басып кеткен ізіне тұрмайтындығын өзі сезбесе де, «Өлі арыстаннан тірі мысық артық» деп осындай жиынға келгенін

жұртқа жыр ғып айтады әлі. Қандай қорлық сөз. Кейбіреу сандырақтай береді, ә? Орта табақта отырған ауылдасым тамсана берді де:» Өлгесін жөнімен ақ жуылып ардақтап көмілгенге не жетсін? Жақында ауылымыздағы Кәжкен деген зейнеткердің өлі денесі ұрланып кетті. Милициялар іздеп жатқан көрінеді, табылса жөн болар еді. Туыс-туғаны көз жастарын көл егулі. Табылмайтын шығар, марқұм қай шұқырда қалды екен?» Адам айдаса барман, Аллаһ айдаса қалман» деп ажалға дауа жоқ. И-и, жанұя қамына бола, зейнетақысы басына тартса аяғына, аяғына тартса басына жетпейді, ауылдың күйзелгенін мына Сипық марқұм да білмей кетті ғой. «Ебін тапқан екі асайды» деп қолдары жақсылыққа жетті ғой.

– Е, қалай ұрланған? Денесі толған алтын ба екен? Өлде қарнына есірткі толтырып алып па? Алтынның шикізатын Ресейге ұрлап сатады деп, оны заңгерлер ұстапты деп естіп едік, өлген адамды ұрлады дегенді де естідік пе? – деп тақыр бас, шикіл сары қарт жалған сөзге жорып шұқшия қалды.

– Қайдағы ақырзаманды төндіріп айтпасаңыз болмай ма? Бала ұрлап, қызды ұрлап сатады деп жатады. Заңсыздықты қорғайтын заң бар ма деп ішіміз удай ашиды. Ал өлген дене кімге керек болыпты? Айтпақшы, адамның денесін запчастіше сатады деседі ғой, – деді де оның жанында отырған қайыстай қара сақалын сипады. Сосын аузына қазының бір кесегін апарып:

– Нанбай отырсыздар ма, оның өлігін екі жігіт жоғалтып келді, бірі – менің інім. Ауыл жүдеп, жоқшылық еңсені басқасын, үйде қараптан-қарап жатып өлгенше, екі қол, екі аяқ барда базар жағалап пайда түссе тартып өлейін дегендер Қырғыз елінде тауар арзан дегесін жөңкіле жөнелді ғой. Адамға ұқсап киінуі керек, көтеріп сатып алушыны тапса олжа құйылуы керек. Кәжкен:» Ең болмаса өле кетсем көметін қаржы табайын, әйтпесе көмусіз қалатын түрім бар», – деп жартусыз зейнетақысын, бұрыннан сақтаған қаржысын қалтасына басып, жанұясындағы жеті-сегіз жанға қандай киім керек екенін қағазға жазып алып тартып отырмай ма? Марқұмның мінезі қызық

еді. Кеңшар директорына біраз жыл жүргізуші болды. «Басшының қасында жүрсің, ептеп жейтін шығарсың, ұрлықтарың бір ғой, байып шығарсың», – десе:» Директор қопарып жейді, жоғарыдағы басшыларына да төгіп тастайды, маған бірдеме ауыспай ма, десем кедейге қара су да ас деп сөгіп тастайды. Сосын оның аузын жалаймын», – деп әзіл-шынын айтатын. Нарық келісімен Қопарғали қазынаның қара сандығында қаржы қалдырмай, қорада тұяқ қалдырмай, әйтеуір күнкөріске қажетті байлықты жұтып жіберді. Тұрмыс-тірлік ауырлады, халықтың пиғылы тым тарылып, қазақилық кеңдікті қаржымен есептеуге айналды, топтанып жүрген тонаушыдан қайыр күтпей ауылдас екі жігітпен Қырғыз еліне тауар әкелуге тартып отырды. Базар базарлады, сауда жасады, қара шыбындай қаптаған халықтың арасынан сыналап өтіп, тіпті жұтатын ауа жетпейтіндей алқынып жүргенде жүрегі тоқтап қалыпты. Жанындағы ауылдас, жегжат-жұрағат екі жігітке тауар алу қайғысынан бұрын Кәжкенді елге жеткізу жұмысы бастан асады. Дәрігерлік қағаз керек. Бәрі қымбат, оның үстіне біраз күн күту пәлесі бар. Уақыт тығыз, әрі ойлап, бері ойлап екі жігіт базардан сатып алған бір кілемге өлі денені жақсылап орап қол жүктерін арқалап пойызбен қайта қайтпай ма? Шаруаларыныңғайлап шаршап-шалдығуын, өкінішін, кісі өлімінің азабын тартқасын ептеп ішпей ме? Қытайдың арзан арағы аш қарында есін алып, вагонға кірісімен заттарын орналастырғасын екеуі тұяқ серіппей ұйықтамай ма? Не басыңды ауыртайын ертеңіне ұйқыдан тұрса сөмкелері де, кілемге оралаған өлік те жоқ. Жоқтық қысқанда ұрының жолы болатын кез емес пе? Дереву темір жол милициясына хабарлайды. Олар ішіпсіңдер деп өздерін жазғырады... Содан бері бірсыпара уақыт өтті, әлі сыбыс жоқ. Артында қалған ұрпағы, қалың қайғы тартты. Ұлдары тірлік етер-ау, мүгедек қызы бар еді, күндіз-түні шашын жұлып жылап отыр. Марқұм сол қызын емедетуге қаржы тапсам деп қатты қайғыратын-ды. Кәжкен тірі болса Сипықтың қазасында мынадай байлықты көріп, көңілі толып отырар еді. Сынтайдың әйелінің нағашылары еді, «Ауылдастың

аты озғанша, аталастың тайы озсын», түбінде бай ел боламыз деп сенуші еді. Ей, Кеңес үкіметі кезінде әр ауылда төрт-бес дүкен сыңғырлап тұрды, жаныңа не керек аласың, қарным аш, киіміміз жыртық болған жоқ. «Саудаодақты» еліміз бойынша Бөрізақ басқарып тұрды. Көрдің бе, төрде отыр ғой. Құрметті орында, аттан түскен, есекке мінер ме? Бөрі есімізде нарық басталысымен араға төрт-бес жыл салды ма, салмады ма дүкендер де жылан жалағандай қаңырап қалды. Кәдімгі бір жайын шабақтарды талғамай жұтып жатқандай зұлым күш жоқ етті. Сол дүкендер орнында болса, тауарын жұрт алып жатса Кәжкен қырғыз еліне асып не жын ұрыпты, бүгінде қасымызда отыратын еді. И-и, жалғыз Кәжкен дейсің бе, езіліп-жаншылып, қара тереңге кеткендей тұншығып талмаусырағанда талай әлсіз жарық дүниеден өкініп кете барды. «Мұны Аллаһтың ісі дейді, қайдағы адамның ажалы адамнан, белгілі реті-жөнімен ажалың жеткенде жанұяңның, еліңнің алдында о дүниеге бақиласып барған да бақыт шығар бұ заманда», – деп Тыпыр бет құбылысы түйіліп, естір құлаққа салқын, жүрекке оқтай қадалар шындықты айтты. Сосын көзінің астымен Бөрізаққа қарап еді, езуінен күліп отыр екен. Өзінше ақпейіл, ізгілікті адамша іші-бауыры елжірей қалатындай сыңай танытады. Бөрі бекер күлімсіреуі, жүзіндегі жылылық сықылдысы мазақ тәрізді. Сипықтың қазасына ортақ боп жұбатайын деп отырған жоқ, беделділердің жанынан жылу алмақ, бедел таппақ.

Сипықтың жаны кейбіреулердің мәре-сәре ерсілігіне күйінді. Әлгі сайрап отырған Тыпыр да лақтырған таяғымды әкеле алмай бүгежектеп жүретін сорлы еді. Енді ақылгөйсін о дүниені рахатқа теңеуін қарашы. Осы кезде Қожбан деген бел немере ағамыз төрдегі қонақтардың алдыңғы столында отырып:» Дәм таусылды, енді Сипық арамызға қайта келмейді», – деп рухыммен сөйлесіп қойғандай сөзін нықтап айтады, алдынан жарылқасын дегені алжасқаны ма? Аз өмір сүрді дегені жөн. Сонысы өкінішті дейді, өкінсе көзін суламас па еді. Сипықтан жалғыз бала қалды дейді, Жаратқанның бермеген перзентін тартып алам ба екем? Шапкен әкем Сынтайдың

көзі деп маңдайына шаң тигізбегісі келетін еді. Ел бар, біз бармыз, қоры бар, жиырмасыншы ғасырдың соңғы жылдарындағыдай тарыққанды, жоқтықты ұмыттық, байлық жетеді. Так что, баласы түрмеден шығысымен тарықпай өседі. Түрме деген атағы ыңғайсыз көрінсе де ұмыталады, пенденің томашадай басы нені көріп, нені жеңбес дейсің? Қылмыскерді санасаң саусағың жетпес, қоғам да тазарар, оған дейін тірі жүрелік. Мен тұрғанда туыс-туғанды біреудің босағасына телміртіп, құл ғып тентіретіп қажыта қоймаспын. Сипық біраз тірі жүргенде жанында болып біраз шаруасына қаныққан мен де бір жерден жарып шығатын едім. Тәңір оны көпсінді ме? Сипық қорғап-қолпаштайтын лауазым иелерінің бірде-бірін ұятқа қалдырған жоқ. Түсінігі, адалдығы мол еді дейді. О дүниеде жанымды шыжғырып қасақана, пасықтығымды мойындатқанын қайдан білсін. Өліп көрген жоқ. Мына нарықты жеңіп баюдың жолын әлемдік деңгейде ұғатын еді. Оның ғаламаттығы жасқанбайтын, қорықпайтын еді дейді. О дүниеде қорқақ адам қылмыскер дегенін білмейді ғой. Ол нарықтың жөнін білетін біліктілігімен көптеген замандасынан асып түсіп еді. Оған сүйек тамырдай сүйенісе білген Бөрізақ қорған болды, яғни мықты» шатырына» айналды. Қаладағы зауыттардың өнімдерін қай жерде пұлды екенін тез біліп қуалап жүріп таратушы еді. «Саудаодақтың» талай кәсіпорнын жекеше иеленіп, іскерлік танытқасын кім оның қолын қағады? Қандай жаңа істің де өзі басы-қасында жүргенді ұнатушы еді. Тірі кезінде алдына шығып иненің жасуындай қиянат жасаған жоқ едім. Нарықтың қара дауылында кейбір тасжүрек туыстар бірін-бірі өлтіріп жұртқа күлкі болғанын білеміз. Оу, не дейді, мені өлтірмек ниетің де болғаны ма? Туыс-туғаныңа қатал, қол қайырың болмаған деп о дүниеде есімді тандырғанын білген жоқсың. «Ырыс қашса да, туыс қашпайды» деген адал ойын ұмытпаспын дейді. Онысы жөн деді рух. Туыс-туғаны, жолдас-жоралары алым-шалымдылығын ұнататын, оны Бөрізақ та айтып өтті. Енді Шапкен әкеміздің жаны қалса деп тілеймін, қазақта қарғыс атқанда қос өлім болады деуші еді. Содан

сақтасын. Мана дәрігерлермен сөйлестім, денсаулығының беті бері қарады дейді. Сөйтіп Сипықтың о дүниеге аттану салтанатын ойдағыдай өткізуге қатысқандарға рахмет, – деп сөзін бітіріп иығынан дем алғандай күрсініп қойды. Жаны басқа адам қабіріме түсер деймісің. Адамзат пайда болғанда жан алғыш көзге көрініп келіп жанын алады екен. Сонда әл үстінде жатқан бала, оның қасы мен қабағына қарап дем салып отырған әжесіне ажал келіп жан аламын дегенде әжесі:» Кімнің ауру екенін, сау екенін өзің білесің ғой», – депті дегендей дене бөлек болғасын әркім өмір сүргісі келеді. Бірге туған дейді-ау осыны деп жан мүжіле қоймайды. Байқап қараса, рухқа кей сөзі жақпайды, мән-мағынасы құтыла алмай жүрген тәрізді. Неге? Бүкіл өндіріс орнына Бөрізақтың қабағы түзу болса Қожбан отырмағанда ит отыра ма? Кей сөзін астарлап қағытып қоятыны содан. Қожбан туғаны болса да Дүбірмен тетелесті. Кіндіктес те алакөз болмай жатыр ма? Заманға кінә артпай, адам пиғылы тарылса не жорық? Оу, ана ас әзірлеу бөлмесінде жүрген Зымзияның бөксесінен Чуваштың салып қалғаны несі, ей! Өзі менің ұлыммен қатты төбелескен екен, беті көнектей. Адамның ақымақ болуы аяқ астында екен. Бір-біріне ғашық жандай еркінсі жымындасып қалған десеңші! Өліп бара жатыр ма? Маған да қымбаттым, бақытым дедің-ау, Зымзия. Енді жұрттың көзінше не масқаралық істегеніңді аңғармайсың ба? Жылы құшақтың сәттік адамы, құшақ суыды үмітіңді үзеді екен кейбір әйел. Сазға өсетін тікенек болармысың... сатқын. Әлде бірдемеге кіріптар ма? Табынушым, тағдырым өзіңе арналған дейтінің қайда? О дүниеге жөнелткесін құлпырып құбылып шыға келдің бе? Қапи келді қасына ырғала басып. И-и, бір-біріне көзқарасы, келісімі бардай сүйсіністі байқатып қалады. Қуыс кеуделер ештеңеден ұялып, қорқып-қымсынуды білмейді. Көзіңді бағатын сатқындық түрі қаншалық жиркенішті. Ішеді, жейді, атақ-даңқты, байлықты көлеңкелейді. Көзіңді ала бере көңілін басқаға аударады. Сырттай Қапимен көңілдес делінетін Чуваштың ыңғайына қарағанда Зымзиямен де жымдасып жүрмесін. Ойларын көз жанарымен ұқтырып,

бір-біріне алғашқы махаббатындай беріле қарайды. Оны туыстардың бірінің көзі шалмайды. Зымзия қайғырып қайтеді, Чувашпен кездесу сәтін асыға күтіп тұрғанға ұқсайды. Оған себеп коттедждің кілті Чувашта қалу керек. Сипықтың ұлын милициялар түрмесіне әкетті. Босатқанның өзінде түрлі құжаттарды дайындауға біраз уақыт кетеді. Күдік қандай өкінішті! Дүбір аңқау емес Чувашты бақылауға алады. Бірақ, қуып шыға алмайды, одан айырылса қолы үзіледі. «Үй-жай беремін, жағдай жасап жарылқаймын», – деп аңқау халықтан жинап алған алтын жүзік, сақина, түрлі бұйымдар, бриллианттан істелген түрлі сәндік заттарды зауыттағыдай қалыпқа келтіріп ломбарттарда осы Чуваш арқылы саттырып жүр. Сипықтың, өзінің коттеджінің маңындағы видеокамераларды да магниттің күшті өрісіне де сөнбей тұратын амалын ойластыратын да Чуваш. Тірліктерінің барлық шаруасына, түрлі оқиғаларға қатысты болғасын оны тектен-тек қуып шыға алмайды. Ал Чуваштың күдігі қалың, Сипықтың түрмедегі баласы босанып келетінін біледі, онда ажалы содан болады. Сондықтан Сынтаевтар әулетімен байлынысып өмір сүрудің қызығы жоқ. Еңбегін бірнеше еселеп алады, сосын еркінше өмір сүруді бастап қарасын батырады. Аяғына жығылып Сипықтың байлығын бірігіп тонауды ойлап жүрген Зымзия мен Қапиды мықтап пайдаланады. Дүбірдің құрығы да, қулығы да олардың жаман ойына ырық бере қойса. Дүбір туыс болғасын Қапиға аздап сенеді. Елуге таяған жасы бар, ақыл-есі дұрыс, дүниемүлікті орынсыз шаша қоймас, жетісі өткенше аңлысын аңлып көруді ойлайды. Соған тоқтам жасайды да, азық-түлік, жылқы етін ұқсатып жетісіне дайындықты жасай беруді Қапиға сеніп тапсырады.

– Дүбіржан, алаң болмай-ақ қой, бәрін ұқсатамыз, – деп Қапи сендіріп тастады. Әйелдің адам ұғып болмайтын құпиялыққа толы әрекетін аңғарып, ақиқатына кім жетті дейсің. Жаным соншалық ауырлыққа душар болып тұрғанда шай мәзірі аяқталып дұға оқыла бастады. Иmandылыққа шақыратын жанға жайлы уағызға қиянат жасаудың өзі өлім екенін тірлігінде жұрттың бәрі біле

беріп пе?! Қалың жұрт бейбастық ойдан бір сәтке арылып, аяты ұйып тындағанда қасіреттің бәрінен құтылатындай сезінеді екен. Өйткені шайтан тұяқ серіппей қалады, мың соққан да, жын соққан да тәубеге келеді. Құйқа тамырыңды елжіреткенде албасты аяғын тартады. Қап-қараңғы көрге сүйрей жөнелуге алқынып тұрған ажал да тоқтайды. Құдірет деген осы екен. Пенде, таста бойыңдағы жамандығыңды. Жасаған-ау, «Аллаһ деген алысқа барады» дегені рас екен. «Адамға сенбе мұрттай ұшасың, Аллаһқа сенсең құстай ұшасың» деуші еді. Кешегі оңбаған қоғам саясаты сана-сезімнің билігін шайтанға беріп пендені қуыршақ еткені, ә?! Обалым жоқ, сұрқия сұмпай болғанмын. Төрт құбыламыз тегіс деп есептейтін байлар да дүниенің жалғандығына сол сәтте иланған төрізденіп, таңғаларлық күш-қуат алса керек. Бірақ олар жаның о дүниеде тірі кезіндегіден де қымбат екенін қайдан білсін. Өйткені өліп көрген жоқ. Қаны қарайғандар көк мұз үстінде тұрса қалтырап, аяғыңды аттап басу мұң болған сәтте аят айтылып, үні құлағыңа келсе шыбын жаның жай тауып, Жаратушы құдіретке жалбарынып көк мұзға құламауды сұрар едің. Тірліктегі кінәң мен күнәңді ақтай ма, жоқ па, аят-дұға арқылы аңғарғандай болады екенсің. О дүниенің мәңгілік болашағына ой тастағандай тірліктегі босқа өткен күндеріңді қарғағандай сезінер ме едің? Аруақ тірлігі қыл көпір үстінде тұрса да тірілерді де күйзеле ойлайды.

Оған дәлел, естеріңде шығар, ана отырған үстінгі екі тісі алтын жалатқан, жыңғыл реңдес жүзі жылылыққа толы Тілек бірде Атбасардың сауда қоймасынан кеңшар дүкендеріне түнделетіп тауар әкеле жатады. Ауылдың электр шамдарының жарығы көзге түрткісіз қараңғыда самаладай жарқырап тұратына мән боп, Лениннің:» Коммунизм – Кеңес одағын түп-түгел электрлендіру» деген сөзі есіңе түсетін. Сонымен кеңшар орталығына жақындай бере ауыл сыртындағы моладан жүгіріп шыққан ақ киімді әйел жүргізушінің алдына түсіп зулайды. Қорымның тұсына келгенде жаңадан жерленген қабірдің жанында жөргөктегі сәби шыңғырып жылап жатады. Жүргізуші жалма-жан кабинасына алып, өзінің қонаға түсетін досының үйіне

тоқтайды. Сәбиді көрген үйдегілер жағасын ұстап бір сәтке үнсіз қалады. Өз көздеріне өздері сенбегендей сыңай еді. Кімнің перзенті? Партком хатшысы Қисықтың әйелі бала туған-ды. Қан тоқтамай бір ай шамасында сәбиіне ақ сүтін беріп қайтыс болғандығын айтады. Сәбиді неге молаға апарып тастады? Осы сұрақ жүргізушіні мазалап отырғанда дастархан жайып жатқан қара торы келіншек көзіне жас іркіп:

– Бүйірің шықпағыр, ернің жібіп бала сүймегір, көкбет, жүзіқара неме, парторгтың ғашығының қылмысты ісі ғой, – деді.

Қисық әйелі дүние салғасын Тұргүлге:» Тұрмыс-тірлігім шаршататын түрі бар. Сүйгенің рас болса басымызды қосалық», – депті. Тұргүл беттиіп:» Сенің әйеліңнің сәбиін бағатын жайым жоқ, шешесінің қасына молаға апарып таста? Өлігін ит-құс жеп қояды», – дейді. Қанды оқиғаның қысқаша мазмұны осы. Қылмысқа кешірім бола ма? Қисық та, Тұргүл де сотталып жазасын алады. Бұл әңгіме газеттерде жарияланып, жұрт түңіліп еді. Осы оқиғадан кейін аруақ жоқ деп көрші, денемен бірге жан өледі деп сеніп көрші. Дін жолында жалғандық жоқ екеніне көзің жетпесе, өліп көр. Міне, бет сипалып болғасын жұрт орындарынан тұрып, жалған өмірдің санаулы сағаттарын өткізуге кете барды. Бірде-бірі қай күні өлетінін білмейді. Тірлікке мәздік өз алдына, бірін-бірі өсектеуді, өштесуді жалғастырып әкетеді. Дүниеқоңыздық кісіліктің бәрін ұмыттырады... Көбі Гогольдың өлі жандары сықылды.

Сабыр етіңіз, ендігі әңгіме кімдер қақында екенін түсінбей қалған шығарсыздар. Бұйырса, рухым қырық күн бойы өзімнің үйімде және туған-туысқандардың пендешілігін бақылап жүретін болады. Өттеген-ай, өзімнің үйімді бұйыртпай үш күн бойы мәйітханада сақтағанына жаным қынжылды. Күнәсі ауыр қылмыскері бар, қыршын кеткен пәк адалы бар, әр түрлі жанның азабына шыдай алмайды екенсің. Қазақтың өлген денені өз шаңырағынан шығаратын тәртібін бүгінде кім түсініп, кім ойланып жатыр? Ырықтан тыс сезім болатынын да әр түрлі оймен, әр түрлі дал-дақпыртпен кезінде ұқпай, кімнің дос, кімнің қас екенін, кімнің адал жары бар,

кімнің етегіне ие болмайтын әйелі барлығын біліпсіз бе? Менің маңдайыма жазған әйелім өлгесін, некелеспесем де некелідей өмір сүрген Зымзия ештеңеден сескенбейтін, аруақтан қорықпайтын жаужүректігін байқамаппын. Онысын алаңғасарлыққа жорыды. Кінә өзімнен кеткен болар деді. Адал жардай көрінді, нанды. Кейде ар-ожданын қорлап маңдайынан соқтым ба екен? Содан ыза-кегін кешірмей кетті ме екен? Өне, төсекте көзі қарауытқан әйелдің жыртқыштық сезімнен, бәлкім тәндік қанағат таппағаннан, осы жолда қандай да айлакерлікті жүзеге асыратынын бәрің бірдей біле бермейді екенсіңдер. Әншейінде еркекпін деп дүрдиген дәкейсіндер. Менің осы қақындағы жанымның байқағаны талай жорамалымды шындыққа айналдыруға тиісті. Бәлкім, маған аяушылықпен ой жіберуіңіз де мүмкін, бір еркек бір әйелді төсекте қанағаттандыра алмағаны қисынсыз деуіңіз де мүмкін. Оған сезім кінәлі. Өйткені, баюдың жолында азабына төзіп, адалдықпен қызмет ететін адамды таба алмай, неше түрлі жексұрындардың алдауын кешіре алмай, арпалыспен жұлын-жүйкені тоздырып тіршілік кешсем, сүйіп-құшуда салқындығымды түсінетін шығарсыздар. Төсек қабілетіне де сезім қуаттылығы керек екенін кейін білдім. Қорқақтығым ба, адал жүректі адамдарды жаным түршіге жек көрді. Өлгінде қарама жиналғандардың да кейбірі іштей неге ұнатпай отырғанына өкпем жоқ екенін біліп қойыңыздар. «Өлгенге өкпе жүрмейді» деген сөз ойыңызда да бар шығар. Ендеше солардың көбінің жүрегін жаралап лаң салғаным да аз емес екен. Оны періштелердің жазбасында айтылып тұрғанын жоғарыда айттым ғой. Енді жыламаңдар, жандарың күйзелмеді деуімнің өзі ұят. Зымзия мен Қапиға да ренжи қоймаспын. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ», пенде ғой... Әңгіменің тұқ етері баюдың жолындағы қулықты қаншама байқағыш болсам да жанұя тірлігінен қатты қателескенімді кешіре алмаймын... Миым неге жыбырлайды, тануымның қышығаны несі? Жан... Осы тірі шығармын-ау... Самғармын әлі... талай салпаң құлақтың миын шағармын... Сезім мүшелерім аман сықылды. Жан...

Таң атады, күн батады. Адам туады, дүние есігін жылап ашады, адам өледі, көрген жақсылығын ғана қимас, басқадай несіне қызығады. Дүние тірлігі қалыпты қозғалыс күйінен жаңылмайды. Сен өлдің екен деп күн шықпай қояр деймісің, сен өлді екен деп таң атпай қояр деймісің. Жұмыр жер қозғалысының құдіретті күші Жаратқанның билігінде. Қай жерде жауыздық күшейсе, сол жерде апат. Сол жерде қырғын. Оны кім түсініпті? Саясат бәрін құпия сақтағысы келеді... О да шайтанның ісі. Жұмыр жер дүрбелеңнен арылып тыншу тапқан кезі аз шығар. Кедейлер мен әлсіздерді алаңдату мақсатында үстемдік миына титан қойған терроршыны, жан кештіні, сионистер мен неше түрлі қаскөйді, зұлым тобырды дайындайды. Кісіліктен жұрдай сол тобырлар үстемдік уысынан шыға да алмайды. Өзінің адам екенін қан кешіп жүріп ұмытады. Біреудің қаны ағып жатса да қасында тұрып селт етпейді, жадында қиналу, аяу сезімі титанмен алмасқан. Ғылым миды аударып-төңкеріп неше түрлі құпияны қолданып жатқаны жұмбақ, оны өліп қайта тірілсе ғана білер еді. Демек, біреу өзі үшін, үстемдіктің құлы боп күнкөруі үшін өмір сүрсе, некен-саяқ алғыр ойлы халқының қамына бола өмір кешеді. Оның маңында да кеудесіне шайтан жел беретіндер толып жүреді. Киелі адам ғана азғыруға ере қоймайды, ойрандап, бүлік салып бүлдіргісі келгендер бетегеден биік, жусанан аласа боп бүлкіл қағады. Ақыл ғана арашаға түспесе дананы да, көсемді, шешенді де адастырып көпке мазақ етуі оп-оңай. Тірі пенденің бәрі де жанұясына оралады. Өлілердің аруағы да жанұяның, от басы ошақ қасында шыр-пыр боп жүгіріп жүретіні, тақа болмаса түсіне белгі беретіні сондықтан. Оған тірілердің сенуі қиын, көрген күні, тірлігі есін шығаратын алақұйын. Аруақ әрқашанда тыншу таппай желеп-жебейді, барынша көмектеседі, қорғайды, қолдайды. Адассаң жолға салуға әрекет етеді, тыңдамасаң, тасқын су теріс ақса да мейлі деп мойынсұнбай күпірлік етсең мерт етеді дегенге нанбайсыздар. Өліп көрмеген, ажал бар екеніне сеніп көрмеген

тәйтiк немелер, тiрлiгiне астамшылдар оның бәрiн қайдан бiледi? Астамшылық, өркөкiректiк, масығу, тасыну, неше түрлi зұлымдықты, жұмыр жердегi қайғы-қасiреттi елеп нәзiк сезiммен мейiрдi аңсауды ұмыттырады. Жарық дүниенiң қадiрiн бiлмеуге апарады. Бұл аянышты ма, тым аянышты. О дүниеден хабары жоқтықтың ауыр азабы. Жә, жұқармай жан-жағымдағы тiрiлерге көз салайын:

– Сөйтiп, менiң сәулеттi үйiмде Қапи мен Зымзия қожалық етiп қала бердi. Бiлемiн, Дүбiр иесiз қалдырмай, ауық-ауық адамдарын жiберiп бақылайды. Балатүрмеде, ол шығып келсе де Дүбiрге бағынып, айтқанын тыңдамайды. Чуваш сыртқы шаруаны тындырып, өзiнiң шөкiртiмен алтын-күмiс бұйымдарын қалыпқа келтiру, балқымадан бұйымдар жасауды шұғыл үйретiп жатыр. Онысы басын сағаттап кету, кеткенде де бiраз жыл дәмдес-түздас болған Сынтаев әулетiне жамандық жасамай, адал пиғылымен iрге айырылысарына қамдануы екенiн аңғару қиын емес едi. Адалдығы таң қылаңындай айқын көрiнiп-ақ тұр. Айта кетелiк, Зымзия жылан iшiндегi алтынның жоғалғанынан хабарсыз. Оны ендi Қапи мәңгiлiк бiлдiрместiң айласын қарастырып қойған. Бiрақ, Чуваш тiнткiлеп жүрiп оның бәрiн тауып алды да өзiнiң цехына жасырды. Байлық бiр қолдан бiр қолға көше бастады. Құрып кеткiр жыланның құр қабығы орнында тұр. Зымзия соны көргенiне мән. Жә, дүние шашылды, «Оңай олжа оңалтпайды» деген аумай-төкпей келдi. Босағаның берекетi, байлығы, жиған-тергенi бiр адамда тұрады деген де бар-ды. Қыздай қосылған жары Майра о дүниелiк болғалы сiрескен қиындықпен бетпе-бет тiрестi. Жеңдi, жеңлдi, тыныштық азайды, дауыл соғып тұрды. Тiрлiк дауылын кiм күтедi? Оған кiм қажымайды? Бiрақ рухының мықтылығы есiнен жаңылмап едi... Оны қалай ойласаңыз да өзiнiз бiлiнiз. Ал шындығында өмiр түс көрiп үлгермейтiндей мезгiлде өтедi де кетедi. Осы кезде кiм қашан болса да ақиқатты аттап өткенiн де аңғармайды. Ойлатып үлгертпейдi, ақиқатын сездiрмейдi. Пенде ұғымы тiршiлiк заңы тәрiздi аласыны алып, көретiндi көрiп, қызыққа бөленудi ғана дiттейдi. Осы тұста белгiсiз күш ақыл-есiндi матап қажеттi-қажетсiзге ұрындырады. Оның

үстіне ерсі болса да кейбір әйелдің ындыны тоймайды, қара терең, ми батпақ. Байлық, дәулет өз алдына, қандай жағдай да жылы құшақтан жиіркенбейді, қандай өркөкірек сұлуың он жігіттің арбауынан құтылса да, он біріншінің төсегіне топ ете түскенін өзі де сезбейді. Аналарымыздың:» Еркектің көзіне тура қарама, кейбірінің сиқырлы қуаты арбап тастайды», – дейтінін ұлттық өнеге, тәртіп-тәрбиені ұмытқандар тән қызығын ұятқа санамайтын көргенсіздікті бойына сіңірді. Әйелдің аңсары, құмары – құпия майдан, шайтанның жетегіне түсетін өкініші қалың тірлік. Абыройын сақтаған, босаға аттағанша арын ойлағандарды естісең мың болғыр деп алғысты ақ қардай жаудырар едің. Ол бозбалаға айықпас арманға айналды. Жасты айтамыз, алдыңғы ақыл тоқтатты деген тобыр Қапи, Зымзия, Чуваш үшеуі сүйісіп-күйісіп бір бөлмеде ұйықтады. Қайдағы ұйқы, еркек қарап жата ма, алдымен Қапидың төсін айналып еркектік міндетін атқарды. Мейірі қанып, бетінде көлегейлеп тұратын ұят пердесі ашылғасын Қапи:

– Әйелге жалғыз қалғаннан артық қасірет жоқ. Бала болмады, ерімнен айырылдым, төсекте кейде жылап жатам, – деп қамықты. Оны өтірік ұйықтаған боп жатқан Зымзия:» Ой, адырам қалғыр, елуге келгенше төсек құмарлығың тарқамаған екен», – деп денесінің қызуын баса алмай Чуваштың арқасын сипалап өзіне тарта бастады. Оның да жөні бар, бұрын да екеуі ретін тауып төсекте бас қосып жүрген-ді. Мына Қапидың өсегінен сескеніп кезекті соған берген сыңайлы. Чуваш әйел құшағын сағынды ма, қайратының барында сілтеп қалғысы келді ме, Қапидың мойнының астындағы қолын суырып алып Зымзияның құшағына аунап түсті. Екі әйелдің ортасында ғажап, рахат сезім... Зымзия төсекке қайбір жарып жүрді дейсің. «Көңілсізден көтсіз бала туады», – деп Сипық жарылқай қойды деп айтпайды, қайта ләззат ала алмадым дейтін-ді. «Нансаң жаныма өзің ғана жайлысың, жаным, рахатым... «– деп Зымзияның сыбыр-күбірін естіген Қапи:» О, сайқал неме, арыстай азаматымыз Сипықтың басын жұтып, сайқал неме, оңбассың», – деп қарғап-сілеп жатты. Бірақ өзі де жадырап, көңілі құлпырып,

қанаттанып, бір сілкініп қалды емес пе?! Қажырлы еркек екеуіне де жетіп жатыр. Тастүнек түннің ләззатын кім күнө дер дейсің деп те өзін ақтап алғысы келеді, ақтайды. – Сырымызды қара жер қойнына кіргенше іште сақтармыз, әйел құпиясына берік қой, нәпсің қаласа Қапифа тағы жақында, – деді Зымзия. – Жан нұрым жарқырады маған енді осы да жетеді, біразға дейін еркекті жоқтамаймын, үшеуіміздің жасырын сырымыз, қаладық, ойдағыны орындадық. Қызғаныш жоқ... – дегесін Чуваш қайтадан Қапиды құшағына алды. Денесі күйіп-жанып, лапылдаған өртей екенін Чуваш байқап біраз сүйісті. Сосын уақыт өткізіп таң алдына таман ойқастап іске кірісті. Зымзия шыдамы таусылды ма, тағы да қажетсінді ме, екінші бөлмеге шығып кетті.

Міне, адам дегенің кейде аң тәрізді, өзін құрметтеп, алуан жағымсыздықты ақылмен шеше алмай қалады екен. Жаратқан Ием бірін ер, бірін әйел етіп жаратып, жапырағы жайқалып ұрпақ өсірсін, бір-бірінен ләззат алысын десе қандай кінәні пенденің мойнына артуға болады. Көз құмары, көңіл құмарына байланысты әркім бақытты болғысы келеді. Бақыт құсы кез-келген адамның қолына қона берсе не қадірі қалады. Сондықтан бақытсыздар да өмір сүруі керек. Шайтанның азғыруына өзі ерді, жүрекпен ойлап үшінші көзбен қарап, алтыншы сезімде шалалық жоқ па деп толғанбаса, басынан сөз асырмай жанұяны быт-шыт етіп жатса оған не шара? Қапи да, Зымзия да солай адасты. Оны жан қалай кінәлай алады? Кешіргісі келсе де кектенеді, кешіргісі келмейді. Ертеде ащы сөзбен талайдың жанын іскектеген Торғайда Жолдас деген қу тілдінің қызы тұрмыс құрып келістіре алмай, мінез-құлқы үйлеспей әкенің үйіне қайтып келіпті. «Қайта шапқан жау жаман, қайтып келге қыз жаман», – дегенді ұғып, бір-екі қатары бұрын өткен сөзін қайтарғысы кеп Жолдастың үйіне келеді. Дастархан үстінде бірі: – Үйде жүрген келіншек кімің еді? – деп жорта бүйірден тиетін шаншудай сұрақ қояды. Жолдас оның бетіне таңырқай күле қарап:

– Е, ол менің қызым ғой. Өмірлікке сотталып еді, етінің тірілігінің арқасында ісін бұздырып қара шаңырағына

қайтып келді, – дегенде ажуалағысы келген сорлы текеметтің түрін шұқылап жұмған аузын аша алмапты. Сол сықылды Қапи да, Зымзия да өмірлік сотталып, оны келістіре алмағанына бармағыңды тістеп іштен тынасың. Жанұядағы түкке тұрмайтын нәрседен шу шығарып, ерісіп, еліріп қадірін кетіріп, қара басына қасірет тілеп алып, енді еркек көрсе есі шықса несі айып? Тірі дене бәрін қажетсінеді. Нәпсіні тыя алмай бей-берекетсіз кетсе пәлекет сол, кісіліктен ауытқыған албасты көрініс сол, сірә осындайда адам өзінің арсызданып ұяттан өлгенін білмейтін шығар. Хайуандық төсек тартысы қалың қасірет, кей пенде соған өзі икемделеді. Енді осындай хайуандыққа ортақ болғасын үйдегі қымбат мүлікті кім ұрлады, кім үштеп сыпырып кетті, қалай ұрланды, қайда тығылды, үшеуі де жұмған аузын аша алмайды. Бірін-бірі сатып жүзіқара ете алмайды. Түрмеден келген ұл не бар, не жоқ, түгін де айырмайды. Басбұзарлардың соққысынан ауысқан ақыл-есі орнына келгенше қашан? Тек сотталғанын Чуваштан көрген қыжағы күшейіп кісі өлімі болмасын деп тіле...

Жұрттың көзқарасы, кейбір туысқанымен босағада көріселік деп шығысқаны, үйдегі сайқалдық оқиғаларды Мүңкір-Нәңкірге мөлдіретіп айтса бұрынғы күнәң аз емес еді, ендігі қоқысың оған қосылды деп өрттің қақ ортасына бірден тастайтын шығар. «Сұмдық!» – деген кезде түрлі дәрі-дәрмектің иісі ептеп келе бастағандай сезіліп, қайтадан талықсып дене өліп кетті. Жанның есінде бірінші күні дәрігерлердің айтысып-тартысып:

– Ми қабығында сүйектің қиқымы қалған жоқ па? Дұрыстап тіктік пе? Кеңсірігі қақ айырылыпты, тыныс жолдарын қараңқыра, өне жүрегі соғатын түрі бар. Наркоздың уақыты өтіп барады, сынған иықты тездетіп бітір, – деген сықылды сөздің Сипық бірін естіп, бірін естіген жоқ. Жол апатына мықтап ұрынған оның тірі қалатыны әлі жұмбақ күйде еді... Жанында кіріп-шығып жүрген дәкейлер үнсіз... «Медицина құдіретті. Тірі қалсын, керек адам... «– деген сөз айтылап та қалады. Осыдан тірі қалсам Мәнім апама қарыздармын. Опера-

ция кезінде анадай жерде отырып кірпік қақпай сарнап, жыр жолдарын төгіп ұйқымнан оятқандай, ажалды да алдарқатқандай еді. «Шаршадың, шалдықтың-ау», – деп жанындағылардың бірі айтпайды. Пенденің тұрмыс-тірлігі жақсарып байыған сайын аяушылық сезім азайып кетпес пе екен? Жұрттың бәрі қабағын түйіп кейіп жүргендей, ашық жүзі, жылы сөзі саудаға түсіп кетті ме? Енді Мәнімнің өлеңін тыңдай бергейсіз. Орысша оқып, қазақшаға шала сауатты болғасын, ішім ұлып:» Тұра тұр, бәлем, осыдан тірілсем, қазақша сөздікті басыма жастанып жатар ем», – деп өзіме-өзім тістеніп кіжінем:

Адамдығың бар ма еді,
Көкірегің айла-шарғы еді.
Барып қайттың о жаққа,
Шүкірлікпен жалға енді.
Үзілген бір үмітті,
Сипықжан өлді деп,
Туыстарың дүрлікті.
Адам деген ойласа,
Тірлігінде бірлікті.
Көп тілегі көл болып,
Өлгенді де тірілткен.
Құтыла алмай жүрміз-ау,
Өзіңе ұқсас жүліктен, –

деп ағынан жарылатын ақын тұрғанда қалай өлесің. Шындық деген өліге де, тіріге де сатылмайды деген сол. Денеме аздап кірген қимыл, жан қайта тоқтады. Ажал да алдайды екен. Ол да бір қорлық десейші, өлсең адамға ұқсап өлгенге не жетсін. Біресе өліп, біресе тірілу масқара емес пе? Ел артын ашып күлетін оқиға емес пе? Иә, кейде ауыр сөзді жаның түршіге жек көрсең де, ең алдымен шындығына тоқтаған жөн екен. Қалжыңдап отыр ғой деп ойламай, жанымды алып қалғысы келетін құдіреттен де тысқары шындыққа қара орманым садақа! Егер жер басып қайта жүрсем, ең болмаса қабірімнен топырақты ысырып тастап қайта шықсам, мүсәпір жаныма аяушылық

ет, Жаратқан Ием. Мен таза шындықпен өмір сүруге, байлығымды әлсіздерге бөліп беруге ант етем. Бәлкім өздеріңіз өліп көрмегесін әзілге жоруыңыз да мүмкін. Әзіл-келемеж, шындықсыз айтылмайтын шығар. Рахым ет Жаратқан Ием! Кешір...

Дәрі-дәрмектің иісі мұрынымды жарып бара жатқанын ай. Мына дәрігер қызық:» Бір құлағы жоқ», – дейді. Құлағымды таппасаңдар өлмеймін, тіріліп кетем. «Көзі де ағып кеткен, әйнек көз саламыз», – дейді. Қытайдың көзілдірігі, әйнегі болмасын, Қытайдікі болса көзім желкемнен ақиып шығып, масқара болғаннан өлген күйімде тұяқ серіппей жата бергенім жақсы. Шыбын жан денеде аман қалса, бір басқа бір көзбен де, дүниені әлі шырқ үйіріп, ерегескендерімді төбесімен жүргізіп, маған қастық ойлағанды оққағарыммен бүркіртше бүргізіп, өлтірсе жер кең. Елсіз далада көмгізіп, өтірік күліп алданғыштарды сенгізіп ойлағаным жетер едім... Бұдан да жоғары орынтақты армандағаным қашан... Жә, бұдан үш күн бұрынғы қабірге түспей тұрғандағы жанның аласұрған үміті еді. Рухымның тебіренісі еді. Үйілген топырақты аршып қабірден шыға қояр ма екем? Кім біледі, қабірімді қазына бар деп қазса, содан шошып тіріліп кетсем... Қызыл жендеттердің қазақтарды қыру мақсатында қолдан жасаған аштық жылдарында қабір қазып өлген адамды жепті дегенді естігені бар-ды. О дүниенің рахатын көріп, жаным көншісе, тірлігімде өзімді-өзім қор қылғанымды ұмытсам. И-и, сүйретіліп әбден шаршаған аруағыма бәрібір сықылды. Жексұрынға біткен денені қалай арашалайды? Жан төзімі таусылып түңілетін түрі бар, мейлі... тамұқта да біраз халық бар шығар... Үйренгесін оларда жұмақпен шаруасы болмас... Сипық жаны жол апатынан қабірге түскенше түрлі оқиғаны түсінгендей ойлады ма екен? Өлім ауыр... Басқа бермесін.

* * *

Мұны үмітсіздік, заманға сеніп, өзінің кім екенін ұмытқандық, ақырында өкінуді, қуануды, қайғыруды

білмейтін, есінен айырылып біреудің айтқанымен жүріп, берген тамағын ішіп, берген киімін киіп, қожасынан басқа адал адам жоқ деп ұғынып, соның кісілігіне сіңірген еңбегі қарызын өтеу деген түсінікті миына сіңіргендіктен басқа дерті жоқ. Дәрігерлер жұлын-жүйке бұзылған деуі де әбден мүмкін. Неге бұзылады? Тіршіліктің ауырлығын сезінген жоқ. Сынтаев әулеті тарығып көрген жоқ. Ағыл-тегіл барлықты, дастарханы жиылмаған, азық-түлік молдығы денсаулықты бұзбайтыны анық. Бұл шаңырақта тарықпай тұрсаң өмір әдемі деген қағида қалыптасты. Сондықтан Чуваштың да жұлын-жүйкесінен мін табылмайды. Сипық дүние салғасын, әлгі түрмедегі дәй ұлы келмей тұрғанда Чуваш қарасын батырып, кетіп қалған. Ақмола қаласынан шалғай жатқан кеңсарға келіп бір жесір әйелмен тірілікті бастады. Жеке үйде өмір сүргесін қора-қопсысы, төрт-бес шошқасы, қаз-үйрегі, әйтеуір тұрмыс тірлігіне жетерлік әл-ауқаты бар әйел. Күйеуі маскүнемдіктен айыға алмағасын өзі-өзі атып өлтіріпті. Баласы жоқ. Чуваш та үлбіреп тұрған жоқ, жастары шамалас. Әйел кеңсарда азық-түлік қоймасын басқарады. Екеуі жарастықты өмір сүріп, бір-біріне сүйеніш болды. Чуваш кеңсарға жұмысқа кіре қоймады, ауылдағылардың ақаулы» Москвич», «Жигули» сықылды автокөліктерін жөндеп еңбегің бар деп бергеніне риза боп жүріп жатты. Оның үстіне бағымдағы төрт-бес шошқаны күту жұмысы және бар. Белорус тұқымды шошқа дегенің азық-түлікті де шыдатпайды. Оны ұқсатып беру керек. Бірақ, осы шошқаны көрсе ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарындағы қасіретті оқиға миына сап ете түседі. Алғашқы әйелі Нина есіне түседі. Ойлап қараса, бәріне өзі кінәлі. Қала сыртындағы жер үйде тұрғасын тұрмыс-тірлік мақсатында шошқа асырады. Нина сасық иісінен ауырам деп қарсылық етіп еді, «Аула кең, өзім бағып, таза ұстаймын, сауда одағында жүргізушімін. Жемін өзім табамын», – деп керісіп бақты. Бірде ересек баласы шошқаның торайын суға тұншықтырып өлтіріп тастады. Жанұяда содан шатақ басталды. Баланы қатты сабады. Оны көрген әйелі шыдап тұра ма?» Сенің қара жүрек екеніңді жаңа білдім. Тасбауыр, балаға пышақ

ұмтылғаның не масқара?! Жасөспірім кезінде замандасыңа пышақ салып Свердловскінің түрмесінде отырғаның есіңе түсті ме? Соны біле тұра саған тұрмысқа шығып, адамша тәрбиелеймін деген ақымақпын», – деп ашуын кешіре алмай ақырында айырылысып тынды. Свердловскідегі әке-шешесіне кетіп қалды. Сұлу әйел байсыз бола ма, барған жерінде тағы да тұрмыс құрыпты. Чуваштың одан кейінгі өмірі жалғыздық еді. Ерлі-зайыпты болып тату-тәтті тірлікті маңдайына жазбаса амалы қанша? Мінез күрт өзгерді, дөйлік, кектену, күш көрсетуге дағды, қаскөйлік дегендей жұғымсыз әдеттен арылды. Оныңыз қашанға дейін қалыптасар деп ойлай беріңіз. Ақымақтар ғана күшін, қайратын, айбатына сеніп кісіліктен айырылатынын ұқты. Оның үстіне «Саудаодақты» басқаратын Сынтаевқа жүргізуші болды. Бастығын жұрт:» Ақылды, алғыр, іскер, өзім деген адамына көмекті аямайды», – дегесін сенді. Беріле қызмет етті, шеберханадағы іске алғысыз автокөліктерді зауыттан шыққандай етіп істейтін іскерлігі, кең мінезі Сынтаевқа қатты ұнады. Қанша сағат жұмыс істесе де шаршамайды, маңдайы тершіп көрмеген-ді. Тамағы тойса болды, нені тапсырса да сапалы орындайды. Ішкі жан дүниесі қоян жүрек қорқақтардың қатарында саналмайды. Аузы берік, сыр шашпайды. Сосын да Сынтаевтың жанұясының бір мүшесіне айналды. Ол кезде Дүбір Сынтаев облыстық атқару комитетінің орынбасары қызметін атқарды... Бірде музыка мектебінің директоры Әбдір дегенді Алматыға музыкалық аспаптарға тапсырыс бересің деген себеппен жолсапарға жұмсады. Дүбір кабинетіне Әбдірді шақырып:» Аэропорттан қара» Волга» күтіп алады, ол сені» Алматы» қонақ үйінің жиырма жетінші қабатына орналастырады. Мына кілттеулі сөмкені соған бересің, ол сенің есіміңді біледі, сен оның кім екенін сұрап немесе сөз айтып жүрме. Сосын екінші күні сол жігіт саған келіп, сөмкемен зат беріп самолетке мінгізіп жібереді. Соны өзіме қолма-қол тапсырасың. Аузыңнан бір сөз шықса жақсылықты күтпе. Бос уақытыңда домбыра жасайтын цехқа соғып, әр домбыраның бағасын біліп есепшотына аударуға счет аласың. Түсінікті ме?» – деп

қатты ескертті. Сөмкенің нендей жұмбағы барын Әбдір де, Чуваш та білмейді. Біліп те қажеті жоқ, алтын болса да мейлі. Айтпақшы, осындай сөмкені» Жаркөлде» бригадамыз дейтін Маргеннің бергені бар. Оны да Дүбірге тапсырды. «Ішінде не бар екен, ашып көрген жоқсың ба?» – деді. Талай сынағынан өтсе де сенбестік білдіргеніне қайран қалған Чуваш:» Бала кезімнен кісінің аманатына қиянат жасап көрген жоқпын», – деді де шығып кетті. Облыстық атқару комитетінде автокөлік жетерлік, Дүбірге бекітілгені де бар. Бірақ, Сипықтың жүргізушісі Чувашты бір тосын шарауаларға жұмсайтыны сенеді, қазақ жүргізушілерінің сыбыр-күбірінен тайсақтайтынын түсініп отырған шығарсыз. Айтпақшы Маргеннің бригадасында жұмыс істеп жүрген, Свердловск қаласынан бірге келген Витяны көрді. Екеуі біраз әңгімелесті. Крисаны сұрап еді Витя ауыр ойланып:

– Оның қалай сотталғанын білесің бе? Саған айтты ма, айтпады ма, атылып кететін адам еді. Куә болмапты немесе заңгер әлсіздік танытқан, жастығын ойлаған. Лев деген ересек зұлымның қорқытуымен көмілген қабірдегі адамдардың алтын-күміс сақиналарын тонап масқаралық жасаған. Адамның өлі денесін аударып-төңкеріп аларын алып, қайтадан топырағын білдірмей қалпына келтіріп қоюға қаншалық жұлын-жүйкесі төзіп, темірдей сезімді меншіктеп, тіршілік етуі – бұл жалғанда пендеде бола бермейтін зұлымдық. Тіпті кейде қабірді қазып, өлікті қайта шығаруға ыңғайлап жатып жүз грамм арағын ішеді, нанмен тісін басады. Өлі дененің киім-кешегі, ораулы мата-шатасы немесе шегелеп қаққан ағаштарынан босатып, осындай толып жатқан жұмыстарды жүрексіңбей атқарады. Крисаны көмекке қорқытып тартады. Лев аты шыққалы қанша адамды өлтірді, оған несіне үрейленсің? Қабір ішіне өзі түседі, қара жұмысын Криса атқарады. Жаңадан жерленген өлік болса кейде бөлшектеп қапқа салып үйіне әкетеді. Крисаның алғашқы кезде жүрегі өрепкіп, жаны түршігетін тәрізді еді. Кейін үйреншікті кәсіптей Лев шақырса жетіп барады, айтқанын қалт етпейді. Өйткені ақша береді. Ал Крисаның әке-шешесі

өлген, әжесінің зейнетақысы жетпейді, күнкөрісі қиын. Левтің табысы мол, шошқа асырайды. Оны сойып сатады, әлгі кейде қапқа салып әкететін өлікті шошқаға берсе керек. Шошқасының әрқайсысы өгіздей ірі және семіз. Бәрі құрып кетсін, зұлым, жауыз, қанішер... Солардың тобынан аман шыққаным, көрер жарығымның таусылмағаны шығар... – деп Витя шылымын құшырлана сорып:

– Дөкейлермен байланысың бар сықылды. Әйелің бар ма?

– Болған, айырылысып кеттік. Ұлымды көбірек ойлаймын. Адал болып, кісілігімді сақтаймын деп тартыссаң да қиындық өкшелеп қуады екен. Өз замандасыңдай өмір сүре алмаудың азабын кейде көтере алмай, өмірбаяндағы қара күйені өшіре алмай сорлаймын. Алдымда тағы қандай соқпақ тұр, күтіп алайын деп біреудің балағат сөзі өтсе де үнсіз құтылам. Мұным жұртқа ұнайды... Менің жұмысыма қазір көбінің қолы жетпейді. Көмек жеткілікті, баспана да бар. Көбіне бастығымның үйінде жүрем. Олар жұмыстарын тындырғасын жақсы көреді. Бірақ ішімде аласапыран ой, неге мастанам деп түңілу бар. Көз алдыма тым суық зілді кескін келбет елестейді. Үрей, қорқасың, сескенесің. Тіршілік – құпия, шақшадай басыңды шарадай етеді. Бақыттылық емін-еркіндікте ғой. Оныңыз сағым сыртында ма деп қаласыз. Кесірге килікпеуге тырысасың... – деді Чуваш.

– Мен де Маргеннің бригадасына ойламаған жерден тап болдым, арақ ішіп, мас болып вокзалда жүрген жерімнен ұстап әкетті. Мұндағылардың бәрі де маскүнем, түрмеден шыққан, азып-тозып қаңғып кеткендер. Кейбірі соған қарамай қашқысы келеді, қасқыр иттер талап тастайды... Соны көріп тұрып кинодағы фашистердің қанды қырғыны есіңе түседі. Жер астында үш цех бар, үшеуі де құрылыс материалдарын дайындайды. Шеберлігімнің нәтижесінде бір цехта бригадирмін, – деп Витя одан әрі шешіліп әңгіме айтпады. Чувашқа тәптіштеп сұраудың керегі де жоқ. Маргеннің беретін сөмкесін әкеліп Дүбірге тапсырса жетеді. Дүбір тәптіштеп көп сұрамайды, үнсіз қабылдайды. Алғашқыда:» Ішінде не бар екен?» – деп сұрағанын кейін

қайталаған жоқ. Демек, сенеді. Ал Әбдірдің Алматыдан әкелген сөмкесін қара сандығына салып жатып:» Әбдір тағы не айтты? Жолшыбай әңгімелескен жоқсыздар ма?» – дегенінде Чуваш:» Сөмкесі зілдей бірдеме, қара тас сықылды», – дегенде Дүбір аңтарыла қарап, жүзі суып:» О не дегені мисыздың? Ауырлық ештеңесі жоқ, құрылысқа қажетті қағаз ғой... Қағаз жеңіл болмайды ғой», – дей салды. «Әбдірді неге сұрайды? Не айтты деп неге тексере берді?» – деп Чуваш іштей ойлаған да қойған-ды. Арада біраз уақыт өткенде Сипық:

– Дүбірге соқшы, – деді. Барса кабинетінде Марген отыр екен. Орынтақтағы адам салмақты, ештеңе болмағандай нық отырады ғой. Дүбір сенімділік қалпымен:

– Кеше Витяны қасындағы адамымен музыка мектебінің жанына тастап кетіпсің. Өздері мас емес пе еді?

– Қызулау-тын.

– Сол иттер мектеп директоры Әбдірді сойылға жығып кетіпті. Витяны сен танитын ба едің? Таныстық жөнін айттам...

– Ештеп.

– Милиция тексергенде қандай машинаға міндіңдер дегенде танымайтын бір жүргізуші, машинасының номері де есімізде жоқ депті.

– Әбдір емханада жан тапсырған. Кісі өлімі – ауыр қылмыс. Музыка мектебіне апарып тастағаныңды Витя айтса қылмысқа қатысты болып шығасың. Шама келгенше Витя мен қасындағының аузын жабамын. Байқа, өмір қымбат. Оған немқұрайды қарауға болмайды, кейін бірдемені былықтырып жүрмейтін боласың, – деп Марген өзінің ұпайын түгендеп жатты.

– Бара бер, – деді Дүбір.

Чуваштың ойына анасының:» Ет пен сүйектен жаралған пенденің қулық-сұмдығы да болады. Жаман ортаға түспе. «Бал тамған тілден у тамады» деген бар. Сөзге ерме. Ашу бұрын жүреді, ақыл кейін келеді, әр нәрсеге асықпай ой таста», – дегені миында қайталап есіне орала кетті. Чуваштың өткен өмірінің бір парағын ақтаруы Аннаның шошқасын күтуінен шығып кетіп еді. Аннамен

танысқанда:» Өмірімнің ақырғы асуы, шығар шыңы – өзіңсін. Мен қажыған әбден шаршаған адаммын», – деп еді.

Әйел жүрегі жылылықты, адалдықты ұнатады. Тән ләззатынан гөрі кейбірі ойлылықты, жанына шуақ болуды қалайды. Бірақ осынша жасына дейін жүрген жолын, жақсы-жамандық ісін пенде жоққа шығарып, ойынан сызып тастай алмайды. Адалдығын да, қателігін де таразыға салады. Кейбір оқиғаларға айран-асыр боп түйіннің шешімін таба алмайды. Чуваш есіне алса Сынтаевқа сіңірген өлшеусіз еңбегінің қайтарымы болмады, сұраусыз кетті дей алмайды. Ішпесті ішіп, киместі киді. Жатырқаған жоқ, дастарханынан шеттетпеді. Оның үстіне Майра көркі қандай ажарлы болса, жаны да сұлу еді. Нәркес көзі, жұп-жұқа ерні, құбақан жүзі, күміс ақшаның сыңғырындай жұмсақ үні, бөрі-бөрі қанша жыл өтсе де кейде есіне оралады. Әйел қабағын шытып, кірпіше жиырылып сәл нәрсеге бола ұрыс шығарып отыратын болса маңына ешкім жоламас еді. Сынтаев тұйық, ара-тұра дүңк етпе мінезін байқатады, бірақ табысқор. Жеті бөлмедегі адам түсіне кіретін жиһаздарды етегіне намаз оқып алған жоқ. Қылмыстарының шет-жағасы маған белгілі, бірақ не істеп, не қойғанын ешкімге тіс жарып айтып көрген жоқпын. Бастықтың менен құтылғысы келмейтіні содан. Оның үстіне қорқақпын, қалай илеуіне де көне кетем. Кейде әйелі оңаша да өз адамындай сырласады. Ілтипат көрсетеді. Ізгілік, ілтипат, жылылықты кім жек көреді? Бірде әйелі күлімсіреп:

– Бастығың ренжіп ұрысса, сен оған күле бер. Сосын діңкесі құрып қоя салады. Бір жерге жұмсаса немесе қоймадан бірдемені апарып таста десе, анау жақсы көретін адамның үйіне ме дерсің. Сосын аузына құм құйылады, – деп айтқанын түсінуге болады. Қай әйел еркегінің суық жүрісін жақсы көреді? Білсем де өсек тасып әйелдің құрметіне бөленгім келмейді. Менен сатқындық, сұм-сұрқиялық, шығады деп Сынтаев әуеті ойламайды.

Шошқаны азықтандырып, қораны тап-таза етіп жүріп жоғарыдағыдай неше түрлі өткен күндерін ойына түсіреді.

Жақсыдан жанын аяп көрмеген екен. Жасөспірім кезінде жақ-жақ болып төбелескенде бір досы қарсыласына пышақ салды. Оның мұндай «ерлікке» баруы әкесі милиционер еді, әкенің мансабына елірді. Ақылсыздық-ай. Ақырында кім кінәлі? Чуваш... Әке-шешесі соғыстан кейінгі жұмыр жерді жайпаған испан тұмауынан өлген. Әжесінен басқа ешкімі жоқ, қорғансыз. Ызалы. Тірлікке кекті.

– Пышақты сен салдың ба?

– Мен.

– Шын ба?

– Комсомолский шын, – деп тұрып алды. Біреудің қылмысын мойнына алған неткен қайсарлық, неткен өжеттік. Әйтеуір адвокат түрмеде бір жыл отырғызбай ақтап алды. Бірақ жүректе қара дақ өшпестей із тастады. Қайсарлығын мұқады. Жігерін жасытты. Тамаша адам, ақкөңіл жан боламын деген мағыналы арман қайда? Жетті бәрі, өтті, кетті бәрі. Біреу үстемдігін көрсетсе алды-артыңа қарама басыңды иіп тарта бер деген кезең басталды. Оған кім кінәлі? Қоғам. Сол қоғамның саясатын қолына ұстап, топ-тобырымен ойына келгенін істейтін үстемдік иелері. Нағыз қылмыскер – сол адамдар.

Қылмыскер дегеннен шығады. Күндердің бір күнінде Аманкелді ауданының қоймасынан миллиондаған қаржының талан-таражын ревизорлар анықтайды. Облыстық қоймадан аудандық қоймаға тауар барады, қабылдап алынған құжат жоқ, тауар түрлі дүкендерден сатылып кетеді. Ақша жемқорлардың қалтасына түседі. Бұл оқиға біреуге айту түгілі еске алуға қорқынышты еді. Сипықтың бірінші орынбасары, саудаға тікелей жауап беретін Қыдырбайға және қойма меңгерушілеріне айып тағылып, қылмысты іс қозғалады. Қыдырбай адалдығын айтып жапқан кінәні мойындамайды. «Жоқ, мойындайсың. Заң бойынша үкім атылуға шығады», – дегенге шыдай алмай, үйіне келіп өзін-өзі өлтіреді. Әбдірдің өлімі сықылды жұмбақ. Неге ажалды Қыдырбай тілеп алды, өйткені мафия оның ақталуына жол бермейді, мойнына қиып салады. Түрмеде ұрады, соғады. Миынан шата-сатын дәрі қолданады. Бәрібір екі өлім жоқ, бір күн тудым,

бір күн өлдімге жанын қиды. Бұл өзгенің де қылмысын жасыруға мүмкіндік еді. Бөрінен бұрын жан түршігерлігі оның қабірін қазып, алтын сағаты, жүзіктерін алуға бір маскілі адам түрмеде отырған Витяны түн ортасында тапаншасымен қорқытып апарады. Үні Марген мен Бебельдің бригадасына маскүнем, аннан-мынан қашқан қаңғырмаларды апарып жүрген майор тәрізді. Витяның денесі дірілдеп-қалтырап, түн ішінде өлі адамды қайта қазып саусақтарындағы сақинаны кесіп алып, оны әлгіге беріп, өлікті қайта көмгені масқара еді. Содан үрейлі, жынды адамша түрмені басына көтеріп шыңғырып жылап, басын қабырғаға соғып есінен айырылғасын жындыханаға түсіреді. Онда біраз болғасын бір түнде екі адам қолтықтап шығып автокөлікке отырғызып белгісіз жаққа әкетеді. Жер астындағы қараңғы бөлме, тамақ береді. Жарықты көру жоқ, адам еңбектеп кіретін тесік те темір есік. Витя бұл бөлменің облыстық атқару комитетінің төрағасы Герещкийдің сауық-сайран құрып, құс атып, түрлі аң аулайтын құпия орны екенін қайдан білсін. Витя ауыр күрсініп сол оқиғаны да есіне алып еді.

– Мен өліп көрген жоқпын, одан басқа қасірет-зұлымдықтың бөріні көрдім, – деді Чувашпен бір кездесуде. – Ақырында Марген мен Бебельдің жалған құжатпен құрылыс материалдарын дайындаған қылмысы және фашистік концлагері сияқты тұтқындарды қорлап итке талатып өлтіруін КГБ анықтап, сотқа куә ретінде қатыстырды. Республика түгілі Одақта мұндай қылмыс бұрын-соңды болмаса керек. Не басыңды ауыртайын Марген мен Бебельге жиырма жылдан үкім кесіліп, Көкшетау қаласындағы түрмеге әкетті. Әкете барды. Менің жазам бұрынғыдан жеңілдесе де табаны күректей бес жыл бойы түрменің азабын шегіп, дәмін таттым...

– Басың жас әлі бөріні ұмытып қатар-құрбының құрметіне ілігерсің.

– Қайдам... Түрменің есігін көріп шыққан адамның тірі жүргені кімге керек. Біреу біреуді өлтіріп немесе өлімші етіп сойылға жығып жатқанын анадай жерде көріп қалсаң қызыл жаға алдымен сені ұстап алады. Азапқа са-

лады. Қинайды. Тірідей өлім деген сол. Басқан ізің өртеніп жатқандай жұрт сескене қарайтыны қандай қиын. Ал мафия бір-біріне борышкерлігін өлсе де ұмытпайды...

– Оның рас, Сипық сол қалың қылмысты оқиғалардан кейін көп ұзамай Алматыға жұмысын ауыстырып кете барды. Биіктегі адам аспаннан да жол табады, – деп Чуваш күздің жер бауырлап төне түскен сұп-суық бұлтқа қарады. Бұлт жөңкіледі, бір орнында тұрмайды. Түнгі көзге түрткізсіз қараңғылықпен қымталады. Қорқынышты, үрейлі. Ызғары қариды. Өткен өмірі де осы сүреңсіз табиғаттың құбылысына ұқсай ма, қайтеді? Қазіргі қорқынышы – Витя мен Криса тауып ала ма деу. Түрмеге бір түсіп, дәмін татқанның, яғни бір қазаннан дәм ішіп, өлсе бір шұқырда қалатыны, тірі жүрсең бірін-бірі табатыны – жазылмаған заң. Түрмеде орынсыз қиянат жасасаң, шектен шығып әлсізіне зөбір көрсетсең немесе бала мен қартты өлтірсең жер басып жүруің қиын. Кек қан шашумен тынады. Оған сот жүрмейді... «Мағынасыз өмірім ескірді, көкірегімде торығу мен әлдекімге наразы болу, өкпе-наз қалды», – деп күбірлеп үйге кірді. Жұынып-шайынып, түрлі ойдан арылып Чуваш төрдегі теледидарды қосты. Одан көретіні мақтану, күпіну, киносы, бандылық, қырғын, кісі өлтіру, толып жатқан көргенсіздік. Жүрегіне зілдей салмақ салады. Осыларды тоқтататын бас жоқ па? Бассыз үйді қонағы билейді деп... Теледидарды сөндірді де диванға жатып тағы ойға кетті. Витя сол кездесуде:» Марген бастығым қылмысты істерін білсем де жаны ашыған болып отырып біртүрлі сұрақтар қоятын-ды. Түрмеде де біраз халық бар, ондағылар шетінен ісіне алғыр, таланттылар деп қояды. Сосын жақсы костюм кигізем, ақшасын сұрамаймын. Арнаулы құжаттарды апар деген жерге апарып, оны тап-тұянақтай орындатып әкеліп жүрсің, ол – маған жасаған үлкен жақсылық. Содырларды жөнге саламын деп басың жарылды, соққыға жығылдың, міне тегін костюмдік еңбек деген сол», – дегеніне күлкім келіп бетіне таңырқай қарайтынмын. Мен амалсыз жүрген байлаулы құлымын, сотталғансың деп еш жер жұмысқа алмаса, арам өлем бе? Оны жақсы біледі, сөйте тұра әлгіндей

жаны ашығансиды. Арада біраз айлар өткесін Витяны тағы көрді. Қалтасындағы буда-буда ақшасын көрсетіп мақтанғандай болды.

– Оу-у, өлген кісіні тонаудан саумысың? Мұнша қаржы сенің бойыңа сіңбейді. Криса естісе шайтаныңды қағады, – дегенде ол күлімсіреп:

– Бұл ХХ ғасырдың соңғы айлары тіріні жеп тауысып, өліні жеуге ауысып, байлық жолын базарлы етіп жатырмыз. Екі қолың алдыңа сыймай жұмыссыз жүрсең біздің цехқа жұмысқа кір. Айтпақшы, сен алтын-күмісті ұқсатудың шеберісің, жер астында құпия цех ашып үстемдік иелері боксит құрамынан алтын айырып, өндіріп жатыр, – деді. Мына цехтың жұмысы оның қасында сыбырлап қалады, бар болғаны мрамордан ескерткіш жасайсың. Сұраныс көп.

– Оу, шикізатты қайдан, қалай табасыңдар? – деді Витя.

– Рынок талайдың ажалын тездетті. Молалар жеткілікті, жекеше талап үлгергендері, басқа да қоры барлары мраморды табады. Ұрлықты қоғам тыямын дейді. Далбаса, қарны ашқан, тірліктен құты қашқандар нені тыңдайды? Ұрлап цехқа әкеледі. Әспеттеп, жаңартып тапсырыс бергеннің аты-жөнін суретін салып қайта сатамыз. «Шатырымыздың» тамыры тереңде, – дер еді Чуваш. Өнерлі, өрісті еді. Бұл ана жылғы Арқалықтағы өмір еді.

– Тозақ отына өртенесің ғой, – дер Витя.

– Мен емес, ұрылар өртенсін. Мен амалсыздан, қорыққаннан орындаушымын. Тесік тамағым үшін. Арам өлем бе?

– Екі аяқтыда жексұрындар көп екен-ау.

Осы кезде цех бастығы келеді. Сөзді ұнатпаған сарынмен:

– Адамзат қоғамы жексұрынсыз болып па? Соғыс та, қырғын да бәрі – зұлымдықтың жемісі. Екі таудың арасында шыбын өледі деп азабын, түрлі жазасын тартатын – біз, қарапайым халық. Кәне, кімді аяйсың? Үстемдікті ме?

Сол сәтте бір жұмысшысы ап-ауыр мраморды төстеп көтеріп станокқа қойып жатты. Чувашқа ала көзімен қарап:

– Мынауың милицияның тыңшысы емес пе?

– Өзіміздей сорлының бірі.

«Үстемдікке тұншығып, торықпай көр, кереметекенінді білейін. Зұлымдықтан, арсыз, қаскөйліктен тірідей өлдім деп ешкім айтпайды. Бәрі аузына су ұртағандай ұртын томпайтып сағызын шайнадап тарта береді. Бірі томсарып тағдырына өкпелеп, екіншілері әкәку-сәкәкулеп қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болғанға мәздікпен, үшіншілері титығына жеткен жоқтықпен тірлік ететіндер ХХІ ғасырға қадам басты. Араларында тәйтиген тәйтiк те бар, өрде озған өнерелi де бар, өзге түгiлi өзiн танымайтын тәрбиесiз бар. Бәризақ пен Дүбiрдей табындырушы бар, жағынушы бар, сықсиып жүрiп, барынды сыпырып кететiн алаяғымыз бар, жемесе желкесi қиылғандай болатын алпауытымыз бар, – деген ойларды Чуваш қаперiне алмайды. Қайта тiршiлiгiнде көрген жақсылығы, сыйқұрметiн жоққа шығарып қалған өмiрiнде басын қосқан Аннаның құшағын суытып, қабағынан кiрбiң бiлiнбесiн деген тiлекпен теледидарды қайта қосып елдiң хабарларын бiлгiсi келген-дi. Кенет өз көзiне өзi сенбедi, Дүбiр өзiн-өзi атып өлтiрiптi!» Апыр-ай, ешкiммен өш-қастығы жоқ сықылды, тiптi өктемсiп көрмеген тәрiздi едi. Ей, «Биiкке шыққанның құлауы бар, жоқ-жұпыныға да Жаратқанның құрауы бар, мықтымын деп төске ұратын дөйдiң де жылауы бар» дейтiнi шындық па? Былайша айтқанда, бәрiнiң де ақыры болмай тұрмайтынын ойсыздықпен сезбей қалады екенбiз», – дедi де ойқанып барып:» Өмiрiмнiң ақыры Аннаның жанұясында болғай», – деп тiлек тiледi. Бiрақ ертеңi болжатпайтын көмескi. Бiр жақсысы, қалған өмiрiне жететiн банкте қаржысы бар... Әбдiрдiң қазасына жеткен кiрпiш құйма алтыннан цехында қаншама жүзiк, бiлезiк, неше түрлi бұйымдар жасап Сипықтың сауда нүктелерiне өткiзiп едi. Оны тарататын Типық шын өлдi. Оған сенiңiз. Ал Чуваш бәрiн түсiнедi, сыйласудың да сиқырлы сыры бар. Өлiп көрмеген пендесiң, оны ұғып ал. Обалы не керек, Сипық еңбекақысына қылдай қиянат жасамай банктегi есепшотына түсiрiп отырды. Мафия дегеннiң олжа бөлiсудегi әдiлдiгi теңдесi жоқ екенiн бiледi.

Өзім дегенін ешқашан да бөлексінбейді. Чуваштың бала кезінде асқа, киімге жарымағаны ма, жұрттан оза жалтырап киінуге, мол ақшаны бұрқыратып ұстауға құлқы жоқ. Банкте жеткілікті ақшасы барын, отасып отырса да Аннаға өзірше білдіре қоймады. Құныға кететін пенделік көзден қорқады.

* * *

Қымыр келді де Тымырдың қол арбасындағы толы қоқысты автокөлік қорабына аударып:

– Бүгін бес-алты қылмыскер түрмеге түсіпті. Ұялас жемқорлар ғой. Елден алды, елге бермеді. Ұрлағаным бойға сіңеді, ісім жөн деді. Ұят-иманның қабы десе, ұятым күйді, өмірім жоқ, өлемін дейтіндер азайып барады. Көше қоқысы тазарар, қоғам қоқысы тазарса... Жақсылықтың жанында құжынаған жамандық жүр, қоқыс арасындағы адамдыққа қолыңды созсаң жетер ме екен? Қоқым-соқымның қол бұрауы бар, бірақ өлмегендерден де, өліп көргендерден де Жаратқанның бір қатаң сұрауы бар... – деп Қымыр төңірегін барлап көз тастады. Жаны мазасыз... Сәлден соң Тымырға қарап:

– Автокөлік қорабы толды, жетеді енді, болды. Болдым, – деп тұсау бойы көтерілген күн сәулесіне қимай қарағандай еді... Пенде о дүниеге өтерінде де осы сәулені аңсайтын шығар... Найзағайға нан пісіретін жігіттерді жоқтайды, қайран тектілік-ай!.. Монтансыған сұрқияның күн сәулесін көлеңкесімен жасырғысы келуін қарай гөр. Тоқтат, жетеді, жақсылыққа мойынсұнсаң өліп кетесің бе дейтін Жаратқаннан өмір керек пе?! Басқадай менің сөзім өтпейді... Қоқыс тазартудан қолым да босамайды... Тымыр, болды, қорап толды дедім ғой...

АБАЙДЫ СҮЙІП ӨТКЕН АХТАНОВ

Қазақ әдебиетінің көркейіп, терең тамыр тартуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған, классиктер қатарында аталатын жазушыларымыздың бірі Тахауи Ақтанов еді.

Ана тіліміздің құнарын сақтап, сөз қасиетін ардақтап, шығармасын оқыған сайын ойына тұшынтатын көрнекті жазушы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әдебиет майданында «Қаһарлы күндер» романымен есімін бүкіл одақ әдебиетінде аңызға айналдырды. Романның бірнеше ұлттар тіліне аударылып, қайта-қайта басылуы да жазушыны әлем әдебиеті биігіне көтеріп ұлт ұлылығын паш еткендей еді. Шығармашылық әдісі, жағымды кейіпкерлерін даралап, биіктете көрсетуі, адамның қанында бар батырлықты, ерліктің өлшеусіз қайнар көзін ұлттық психологиялық тұрғыда ашып көрсетуін кезінде қалың оқырман да, әдебиет сыншылары да орынды бағалады. Тахауидың қай шығармасын оқысақ та ұлтымыздың бай рухани қасиеттерімен қанығып, емін-еркін таңдай қаға сусындайтын едік. Менің бұл мақалада айтпағым, еркіндік алған, ата, баба ғасырлар бойы, жан беріп, жан алып зарығып күткен тәуелсіздікке қол жеткен, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасында, бостандық туы қазақ аспанын көріктендірген тұста жазушымен кездесіп пікірлескен сұхбат еді. Оған себеп болған әдебиетіміздің тарихи шежіресіндей Жайық Бектұровтың мерей тойында бас қосып, бос уақытта пікірлесудің сәті түскені жадымнан шыға қоймас. Тахауи сол сапарда Қарағанды университетінің студенттерімен де кездесті. Өңгіме барысы тәуелсіздіктің баянды болуын тілеумен қатар, өткен тарих бағытында да сөз қозғылып еді. Өткен ғасырлардағы патшалы Ресей езгісі, одан кейінгі коммунистік қоғамның тегеуірінді бұғауы аз халықтардың тынысын тарылтып, үрейлендіріп ертеңін бұлдыр еткендігін жазушы күйіне, қалың өкінішпен баяндады. Мен жазушының үнін магнит таспасына түсіріп отырдым.

– Әлемдік ұлылықтың біріншілігінде ойып орын алатын данышпан Абай:» Мен атамның ғана ұлы емеспін. Адамның ұлымын. Менің табынғаным-адамшылық, бі-рақ оның түбін сен ұғып жатқан жоқсың» десе, одыраңдаған үстемдік иелері ресей патшалығы, одан кейінгі Кеңес одағының көсемдері ұғып па? Одаққа ұйысқан басқа республикалар сықылды біздің қазақ елі де коммунистер

бостандық, теңдік әпереді, деп сенгені отарлық езгіден жадап-жүдегендіктің, өлімші еткен соққылардан зәрәзап болғандығының салдары шығар. Дегенмен ойшылдар алысқа ой тастап ертеңіне дәдәмал қарағаны да кездескен шығар. Көбінің көкірегінде қалың мұң-шер жатты. Оған дәлел қазақ даласында Абыз үні:

Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтіп күн көрер.
Бәрінің де нәрің жоқ
Елім қайтіп күн көрер! –

деп күңіренсе, бірдің емес мыңдардың қайғылы тағдырын баяндайтындай Мағжанның» Абақтыда айды, күнді жаңылдым, сарғайдым ғой, сар даламды сағындым» – дегенін ұмытамыз ба? Тәуелсіздік күндерінде еркін айтуға құқылымыз.

– Совет үкіметін қабылдамағандардың әр жерде болған некен-саяқ қарсылық, толқу, көтерілістерден есте қалғанын айтсаңыз? – дегенімде Тахауи аға сөзін былайша өрбіткен еді.

– Сонау өткен қырқыншы жылдардың ойлылар айтқан бірер оқиғасы есімде қалыпты. Қарақұм көтерілісі советшілерге әжептәуір соққы болса керек. Оны басқарған Жүргеновтың ағасы екен. Осы оқиғаға куә болған бір қария айтып еді:» Сол сабаз өлімім абырой», – деп біраз қазақты соңына ертіп еді. Таңқалғаным – денесінде оншақты жарақаты бар екен. Шақарлығы ма, қайраты, айбаты ма, жараланған жерін таңып тастапты. Інің Совет үкіметі езілгенді жебейді, халықты теңейді, деп арпалысып жүргенде сенің Совет үкіметіне қарсы бүлік шығарғаның жөн емес дегенімде ажырайып:

– Темірбек не біледі, мында халқы аштан қырылып жатыр ол әкім, «шамның жарығы түбіне түспейді» деп адамдардың жазықсыз өлімін көріп, біледі деймісің. Мен Совет үкіметін жеңемін деп атқа қондым ба? Қарулы жойқын күшті жеңе алмайтынымды білдім. Бірақ, өліп бара жатқанда, қой екең қой да тұяғын серпеді ғой. Бұл

қатыгездікке, зұлымдыққа, қырып, жоятын езгіге қарсы тұяқ серпуім ғана. Оның ақ-қарасын тарих анықтай жатар, келер ұрпақ бағасын бере жатар, – депті Жүргеновтың ағасы.

Осы әңгімені жүрегіме түйіп, шығарма жазуды ойлап қалсам да советтік дәуірдің уысында, тар шеңберінде қылғынып тұрғанда, тарихи кітапқа арқау ету қайда? Бостандықты, еркіндікті көз жасын көлдетіп жүріп аңсағандардың өршіл ойлары осылай қара көлеңкеленіп алыстап кеткеніне өкініп, бармақ тістейміз. Әр кезеңнің зілбатпан жүгі жақсылығы мен жамандығы жетіп артылады. Еркіндік қай халыққа да түнде түсінен, күндіз ойынан шықпайтын арман, оның жолы оңай емес екенін көрдік қой. Қанқұйлы саясатын қызыл коммунистердің байқаусыз, алдау, арбаумен жаңартып аз халықты езуде ойына келгенін істеді. Содан советтік езгіде көптеген ұсақ ұлттар тілі, діні, ділінен айырылып ұлт есебінен шығып, жойылып кетті.

Бұл бұртана ұлттар деп саясаткерлердің түйгеніне байланысты саналы қасиеттерінен айырылуына мәжбүр етті. Кеудені үрей басты, бұлқынтпады..

– Күркіреп келген жаудан, күлімдеп келген жау жаман деген сөз еске түседі. Патша да жарылқаймын деді, Кеңес үкіметі де жарылқаймын, еркіндік, теңдік, бостандық қолдарыңа тиеді деді. Бірақ қанжоса ғасыр ешбір ұсақ ұлттың қолын бақытқа жеткізген жоқ. Осындай азап, қара түнек, қасіретке қайнаған ыза, кек талай данышпандарды болаттың қайнауада шынығатынындай шыңдап шығарды. Сондықтан өзіңіздің пір тұтатын жазушыңыз қақында айтсаңыз? – дедім Тахауи ағаның еркіндікті аңсаған, соған қолы жеткеніне өзін армансыз санаған пиғылын аңғарып.

– Данышпан қай ұлттан шықса да әлемге ортақ болатыны кездеседі. Соның бірі және бірегейі – ұлы Абай. Ертеректе қырық жастан асқан кезім еді. «Дружба народов» журналы Абай туралы мақала сұрады. Содан Абайды қайтадан бас алмай қарап шықтым. Бұрын Абайды жөндеп оқымаған екенмін. Содан әр өлеңінің астарына үңіліп қарасам ғажайып тұнып тұрған сыр, қазақтың барлық тра-

гедиясы тұр. Сосын Абайды қырық жастан асқасын тағы бір оқу керек екен, – деп ой түйдім.

– Ер жігіт қырыққа шығып қырқасына қарайды, дегені қазақтың асқан ойлылығы десеңізші. Ал, алтынды тану қандай қиын болса, данышпанның асыл ойын түсініп, одан өнеге алу үшін, әр сөзді салмақтап мән-мағынасын айтқындауға ойлылық және шыдам керек. Сөйтіп, Абайды бір емес, бірнеше оқыған сайын тірліктегі жақсылық пен жамандықтың арпалысының сырына қаныға аласыз дейсіз ғой...

– Абай айтпаған қазақтың бір иттігі қалмаған екен. Жылатып айтып отырып, халқын тәрбиелеген екен осылай.

– Абайдың ақыл кені ұлтымыздың қыжылын қайрап, жігерін жанып, талай ойлылардың шығуына ұлы мектеп болды емес пе?

– Абайдан кейін Ахмет Байтұрсынов, Мыржақовтар шықты. Сұлтанмұхмет шықты, қазақ аспанына күн боламын деп. Сен халықсың, өзгеден артық болмасаң, кем емессің деп халықты ояту еді мақсаттары. «Оян қазақ!» деп ұран тастады. Сол кездегі интеллигенцияның барлығы халықтың мәдениетін, тарихын зерттеді. Көшке Кемеңгеров, Смағұл Садуақасов, солардың ішінде бала болып жүрген Мұхтар Әуезов. Ал, Аймауытов, Мағжандарды айтпағанда қазақтың қайраткерлері көп болған еді ғой. Олар шетінен ғалым, білімді жан-жақты меңгерген. Мысалы, Мұхамбетжан Тынышбаев темір жол инженері, бірақ қазақтың тарихын зерттеп, қандай құнды пікірлер айтқан. Демек, сол тұстағы қазақ зиялыларының бәріде қаулап өскен ойлы қауым болған. Ғылым, білімнің қайнар көзін ашты, халықына ұсынды. Оның бастауы Абай әлемі еді. Оған ешкім дауласа алмайды, қанша ғасырлар өтсе де жарқырап тұратын жариялы шындық.

Абай:» Адамның ақылды, білімді болуы, оның тумысынан емес, айналадағы дүниені сезіп, біліп үйренуінен, еңбек етуінен» «деп қарайды. Бұл шындық па, шындық. «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз» – дейді Абай: – Жаралып, жасалып қойған нәрселерді көзбен көріп, ақылмен біліп сезбекпіз.

Асан қайғының» жерұйықты» іздеуі тәрізді Абай қазақ халқының жарқын болашағын еңбекпен байланыстырды. Абай:» Адамның бойындағы асыл қасиеттің бірі еңбек, бұл тек өзінің қара басының қамын ғана күйттеген еңбек емес, пайдасы көпке тиетін еңбек деп есептейді. Әрі өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың немесе әрекет қыл, пайдасы көпке тисін» дейді.

– Бұдан артық тірліктің тетігін дөп басып кім айта алады. Жұрттан безген мисыз да осы сөзге тоқтары анық. Пенденің көбінің шалыс басып адасуы Абайды оқып, шынайы шындықты көкірегіне тоқудағы әлсіздігі, түсінігі кемдігі емес пе? Одан кейінгі төбеден ұрып мәңгірткендей тоқыру қалай пайда болды деп ойлайсыз? – дегенімде Тахауи аға сөзін қайта сабақтады.

– Большевиктер келді мұздай қаруланып үрей шашып. Онсыз да бір-бірімен ұстасуға дайын тұрған сорлы қазақты бай, кедей деп атыстырып, шабыстырып, ұлтшылдарды әшкерелеп, қазақтың ұлттық сезімін таптап тастады. Жаншып езіп, атып, асып, түрмеге тоғытып есінен тандырды. Ахаңдардың аты күні кеше ғана шықты ғой. Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығына Орынборда үлкен той өткізгені мәлім. Әуезовтың Ахаң туралы Ташкентте жүріп жазған» Ақ жол» газетінде ойлы да биік мақаласы бар. Сонда Мұқаң 26 жаста екен. Бойына Абайдың кемел ойын сіңіргенін сол шығармасы айқындап берді.

Абайдың данышпандық пікірімен қанағаттанғандар, биікке қанат қаққандар көп. Ә. Ер-мековтың Қазақстан территориясын белгілеп берудегі еңбегі ұшан-теңіз. Ленин мен Сталиннен қаймықпай территорияны дәлелдеп бүгінгі ұрпаққа сақтап жеткізді. Онда Бөкейханов айтты дейді. Біздің Әлімханмен сонша уақыт айтысуға жараған орыстан да ұл туған екен ғой деп. Айтып отырғаны Ленин ғой. Кейініректе Әлекең еліне барыпты, Тоқырауын өзенінің бас жағында оңаша ойланып жүріпті дейді.

« Осыдан қырық жыл бұрын үшеу болып келіп едік, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақпаев үшеуіміз осы арада дем алып едік. Ол екеуі жоқ, мен жалғыз келіп жүрмін» депті. Бөкейханов қандай адам еді дегенде Ермеков:»

Тоқырауын деген өзен қар көп жауған жылы Балқашқа жетіп құяды, қар аз жауса Балқашқа жетпей құмға сіңіп кетеді. Біз осы Тоқырауын сияқты бірде жетіп, бірде жетпей жатушы едік. Әлекең деген Балқаш сияқты теңіз еді ғой. Міне, аса көрнекті ойшылдардың бірі Ермековтың Бөкехановқа берген бағасы.

– Абай айтқан» Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дегені ағалар өмірінің ұлылығын шырайландырып тұрған жоқ па? Мүсілім Ермеков деген інісі бар еді, зооветтің ректоры, бірде келсем, – деп Тахауи сөзін сабақтады. – Кабинетінде ерлі-зайыпты орыстар отыр екен. Әлекеңді іздепті, әкелерінің жазбаларында есімі жүр екен. «Әкеміз сотталған, содан қалған ұрпақ едік» деді Мүсілім:» Сіздің әкеңіз латынша сөйлеуші ме еді, анау әйел әкесінің жолын қуып латынша сөйлей жөнелді. Содан жігітке сенің әкең грекше сөйлеуші ме еді дегенде жігіт әкесінің жолын қуып грекше сайрап кетеді. Сонда Ермеков Мүсілім:» Әлекең асқар тау болғанда, біз төмпешікпіз ғой» дейді. Бұл да Абай өнегесі:» Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» демей ме?

– Кешегі коммунистік қоғамда қазақ бейшара, сауатсыз, оқуы, тоқуы жоқ халық еді, деді. Сонда оқымаған халықтан соншалық данышпан шығар ма? Ұлыларымыздың бәрінің арманы бостандық еді ғой, кемсінудің азабынан құтылу еді ғой. Бүгінде әлем таныған еркін елміз, – дегенімде Тахауи аға қуанышы қойнына сыймағандай ақ жарқын кейіпін жария етіп:

– Қазір бостандық алдық, енді қазақтың ұйықтап қалған ұлттық намысын ояту керек, әлемдік деңгейде мен деуі керек. Ана жылдары» Ант» деген пьеса жаздым. Төле бидің сөзімен айттым, ол кезде ашық айтуға болмайды. Сондағы сөз: бір-біріңе қотыр тушаңды қиыспаған ағайын, ырғын дәулетің жауда қалды. Жаның шықса да жақыныңа қима, жиған, тергенің жатқа бұйырсын деп құдай тағалла қарғап па еді қазақты» дегенді астарлап жеткіздім көрермендерге. Академик Салық Зиманов әйелі де, өзі де сол пьесамды үш рет көріп, маған пікірлерін ашық жеткізіп, адал ойын айтып жүретін-ді. Орынды бағалай білді. Міне, тарихы-

мызды ашық айтатын заман келгеніне, оны көргеніме, жақсылықтарын көкірегіме түйгеніме қуанышым шексіз. Қазір ұсақ өкпені, түрлі назды, жөнсіз кикілжіңді қою керек қазақ баласына. «Ердің соңы Исатай» демекші, бізден кейінгілер қазақшаны білмес, біз соңы болармыз деуші едік, жұқарып, жүдеу көңілмен. Ол, енді бізден кейінгі Асқар, Әбіштер шықты, екеуі де мықты жазушы, күшті жас жазушылар да жетерлік, озық ойшылдар да баршылық. Сұлтанәлі Балғабаев қызыл кітапқа кіретін жазушы десем, артық емес. Бірақ, халықты Абайша сүю керек, Абайша түн ұйқысын бөліп түсінуі керек. Тек қана бізге қазір жақсы ойлар керек, кәдімгі әлем үлгі алатын, оқып әлем таңғалатын. Бостандыққа масықпау керек. Мен өзім оптимиспін. Замандастарыммен ақылдасамын, ойласамыз болашақ не болады деп. Көп ұрпақ қазақша білмей кетті ғой, қалада орысша оқып, осы қақында әркім өз пікірлерін ашық айтуы керек. Ұлтық мінез, әлемдік ойшылдық, дала даналарының мыңжылдығын ойлаған тәртіп, тәрбиесімен қайта табысып, ғылым, білімнен алдымызға жанды салмауға тиістіміз. Қазақ ұлтының миы алғырлығына сенемін.

Дарынды жазушы Тахауи Ақтанов өзінің «Боран», «Махаббат мұңы», «Дала сыры» шығармаларындағы кейіпкерлерін Абай нұсқаған жолмен жүруге үндейді. 172

Өттең, өттең, тірліктің қысқалығы-ай. Еркіндік алған заманда құлашын кең әлемге сілтеп құлшынып, Абайды сүйген жүрекпен құнарлы талай шығармалар жазатын кезеңін көпсінгендей сұм ажал арамыздан жұлып әкетті. Менің көз алдымда Тахауи ағамен сұхбат құрған сол кезең, еркіндікке құштар жазушының қос қарашығындағы оттылық бүгінде шығармалары арқылы мәңгілік маздақтай елестейді. Тірі жүргенде» Ант» кітабын трилогия етіп жазып, бүгінде 90 жаста арамызда жүрер еді. Тағдырға төбіл жоқ екеніне тоқтап тынасың... Қара жер жұтқанын қайтармайды дегенді есіңе алып жұбанасың...

«ІШІМ ТОЛҒАН У МЕН ДЕРТ»

Үштаған

Әнеукүні Қымыр нағашысы Миланның шөбересінің сүндет тойына барған-ды. Елде құмдағы селеудей селдіреп он шақты қариялар қалыпты. Кеңшар кезінде екі мыңнан аса халық тұратын еді. Әрбірісі тоғышар болған жоқ, өмірге ынтық алып ұшар делінетін-ді. Жекешенің қым-қуытымен байлық қолдан кеткесін күнкөріс кем тарлыққа ұшырап, қайратына сенгендер, жан-жаққа талшық іздеп тарап кеткен. Тәуекелі барлар барған жеріне сіңіп өз тірлігін жалғастырса, бұйырмағанды құйындағаннан таппаспын дегендер түтін түтетіп ата жұртында қалған-ды. Милан солардың бірі, кісілігін еліне танытқасын тапжылмай отыр. «Мен сөз игілігінің, ақыл игілігінің соңы емес шығармын, сөз түйінін ұғатын ұрпақ келер, -деп үмітін үзбесе де термелеп жастығын армандайды Өткенге өкініші жоқ, ойлайды да толғанып қояды. :

Өмірің қиын екен қартайғасын, Омалып бас көтермей жантайғасын. Кемпіріңде иыққа мініп алар, бойдан қуат, денеден әл тайғасын, -деді де Құдіретті жаратқан ием мейірі түсіп қазақ халқына Абайды бергеніне мыңдабір шүкір деймін. Бейнелі сөзі үмітімді ақтап, арман, мақсатты орындауға жігерлендіреді. Өзгеден қалыс қалуға арланасың. Өткір сөзбен емдейсің жан жарасын. Абай құпия, жоғарғы болмыспен сабақтас, ақыл-зердесі бүкіл халыққа мыңдаған жылдарға қызмет етуге арналған. Абайды оқымаған, миына тоқып ғибарат алмағандар сұм-сұрқия болып елге күлкі, дұшпанына таба, Сағызбай сықылды тірі өлік болып жүр. Көкірегіне жың қонып жүр. Жынмен әлсіз пенде тіресе алмайды. Арлылар намысты қолдан бермей арпалысады. Ұрпағым қалада болса бірыңғай орышталнып мәкіру боп, тілін, дінін, ділін ұмытады деп қарысып елден табан аудармаған жай бар. Қоғам ала-құла түсінгі қиын пікірлі, ұлттық қалыпқа құйылып тұтасып, біте қайнасқанша ежелгі ес ауысудан аспай ма деп қорқамын, -дейтін Миланның жүзі жүдеу болса да, алыстан оймен шолатын көңілі көлдей.

-Ұлттықтың бірегей үлгі өлшеуіші данышпан Абайда ғой, - деді Қымыр.

-Өрекетің бар, тілің әлі төрге шығып төрелігін айта алмай жүр? – деп Милан күркілдеп ұзақ жөтелді. Өттең, мезгіл жеңіп тынғанды да бірден сездіреді.

...Өмірдің, дәуірдің пендешіліктер дейсің бе, адам бойындағы мерез дертті қалың көпке көз түрткі етіп сынаған Абай сатирасын әлемдік әдебиетте жоғары орынға қойып, ешкімге ұқсай бермейтінін айтар еді. Милан Абай шығармаларын басына жастанып жатып, қолынан түсірмей оқыған еді. Оны Қымыр жақсы біледі. Бүгінде «ішім толған у мен дерт, сыртым дүрдей» деп торығуын көрдің бе? Былайша айтқанда кімнен кем, алты ұлы алты шаңырақ көтеріп үпірлі, шүпірілі болды. Ішер асы, киер киімдері бар, атқаратын қызметі, алып жатқан айлығы жетерлік қой. Ендеше Милан неге шерленеді, мұңды қозғайды. Замандастары таусылды. Бүгінгілер байлық қуып өлімін салып жатыр. Қуараңдаған қу тірлікте байлығын бірінен-бірі асыруға жұлқынған бәсеке өрттей өршіп тұр. Әкелеріміз, аналарымыз кеше кім болып, қалай тірлік етіп еді?-деп ойланып, шүкіршілік ететіндер тым аз. Құлық күшейгенде зұлымдық та өршиді-ау. Пендеден ұят азайғанда халық тағдыры тараңдана түседі. Абай заманында да, бүгін де, кеше де езілген әлсіздің көз жасы тиылмай келеді. Миланның жүрегін қапқан заман уы сол.

Адамдар тырбынады, биікке өрмелегісі келеді. Мұрттай ұшып құлайды, өзінің өлін білмей пәлесін өзгеге жабады. Пенденің бәрі бірдей байлыққа, орынтаққа қолы жете бере ме екен? Оған да кінәні басқадан іздейді. Пайдаға шыға алмай, залал тапса оны да өзінен демейді. Бай елге де, сорлы елге де ортақ, жүрегінді шаншитын, жаныңды қинайтын қасірет Адамның өзін танымауы...

-Абай заманында әр ауылда жүз ақымақ болса, бүгінде де одан кем қалғаны шамалы, -деп Милан жасанды тісін сүртіп қайта салды да:» Осы» Жеткөлдiң» байлығын кезінде Одаққа танытып, атағын асырып, жұртын жарылқап, таңырқап, тамсанатындай жәрежеге көтерген Отар Қылипанов кеңседе отырғанда облыстан өкіл орыс

жігіті келе қалмай ма? Өкіл бірден үстемсіп, кіжіңдеп, әрпіл, тәрпіл, кеңшар жұмысын білмей бетімен сөйлесе керек. Отар оны тыңдап болғасын, қабылдау бөлмесіндегі қызды шақырып:» Мен орысша түсінбеймін, генераль келіп мынаның сөзін қазақшалып, менің сөзімді орысшаға аударып берсін?-дейді. Әлгі орыс тілді өкілдің» төбесі тесік» боп түсініп қалса керек, «не надо генераль визыбат» деп қипақтап, сипақтап қалады. Көрдің бе, кеңшарда бір орыс тілді жанұя жоқ жерде, Отардың ұлтын, оның тілін сыйлата білудегі намысшылдығын. Абай заманындағы намысты түсінбейтіндер аз-кем болса да кездессе, бүгінде аяқ аттаған сайын намыссызға сүрінесің де жан-жағыңа түйіле қарайсың..

Пайдалыға еліктеуден гөрі, залалды істерді тез қабылдап, сыйықсыз, берекетсіз тобырлар көбейіп барады. Сөйтіп Абай дәуірінде қалың елде бірер ақылды болса, бүгінде одан асып бара жатқанымыз қайсы? Ендеше ақымағы көп ауылда жер байлығын өз бетімен, білімі, қабілетімен игере алмай, баяғы да бай жарылқайды десе, бүгінде үкімет көсегемізді көгертеді деп көздері көкшиді. Тоқмейілсу, бойкүйездік, өз жерім, өз ұлтым дей алмау, жөнсіз жағыну, табыну, бал берсе де ұқсата алмау бар жерде пейіш қалай орнайды. Жетістім, жетілдім деуге қалай аузың барып айта аласың.

-Ақымағы аз ауылдардың да қара үзіп ұшпаққа шығып, биіктен биікке асып кеткені көрінбеген сыңайлы. Жоғарыдан бастап өтіріктің өрісі кеңіп, асыра мақтап, кемшілгімізді жасырудың кесапаты арыла қоймаған шығар, -деп Қымыр онсыз да жанын дерт жеп отырған қарияны қатты аяды. Қайда да кәдімгі басқа тартсаң аяққа жетпейтін, аяққа тартсаң басқа жетпейтін күйкі тірлікті айтпай, былай қойғанда, ғасырдың обасындай опырып жатқан маскүнемдік қасіреті тым ауыр. Қайғысыз шаңырақ аз. Мұндай кезде қулар, жылпос, алаяқтар, сұрқия қаптайды. Пайда табамыз деп есі шыққандарға кейбір ақылды еріп, сөзіне нанып, соңынан төлкекке түсіп, жер соғып қалып жатыр. Дүниеқоңыздық жолына берілгендер халықтың қақын ұмытады. Ол түгелі өзі қай

ұлтың перзенті екенін қаперінен шығарады. Өйткені, жалғыз жүріп жол таппай, көппен бірге сыбайласып тонайтынын тонап алауға жүзжанбайды. «Ешкімге қиянат жаса ма, өзіңнің алдыға келеді, басыңды жұтады» дейтінді қазақша түсінбесе, орысшаға аударып бер, бөрібір миына сіңбейді. Осыдан барып қазақилық кең, дарқан пиғылдың орыны үңірейіп, қабырғасы арса-арса боп, оның ортасын толтырып, кемтігін түзейтін сана, зерде жетпей қалады. Абайша айтқанда:» Бай сейілді, бір бейілді-елде жақсы қалмады» -деп ізгіліктің дәмін білмейтін, жан-жағына арақ сасытып жүрген жын соққандарға ызалана қарайсың. Оны азсынсаң нашақор деген әлемдік жалмауыз індет босағадан аттады, талайдың жаны жұқарып, төзімі таттанды. Бұған шыдамың шытынап өзегінді өкініш өртеп, ертеңгі ұлтым не күйге ұшырайды, қандай зауал күтіп тұр деп түңілесің. Мұндай кесапатты тиятын Абай айтқан елде жақсы бар ма, айтыңдаршы? Сұрақ қойып өзің күңірене күлесің. Неге? Абай сатирасындағы ұлы әрекетке бастаған күлкі қалың қазаққа бүгінде қажет екенін түсінсе, күлкі, ойын, сауық, ду-думан іздеп әлемнің көргенсіз бейнета-спасын тобығы тойтыып жастар іздемес еді. Ауылдағы маскүнемге, нашақорға, есерсоққа, екі қолы алдына сыймай жүрген жұмыссызға ішегің түйілгенше күле бер. Қзақ түптеп келгенде сайқымазақ күлкіге сорлы емес, бірақ досқа күлкі, дұшпанға таба қылудан сақтасын?!-деп күңіренген Милан замандастары, одан арғы бабалардан қалған сөзін ұғына біл. Ауылды жеке талау кезінде қойдың құмалағы, сиырдың жапасы қалмағанына күле біл. «Ұрыға мал көп» деп еңбексіз, толғақсыз байығандарға» байға сорлы ел емеспіз!» деп мысқылдап күле бер. Солар күлкіні түсінбей:» сорлылық жолды өзің таңдадың өз обалың өзіңе, қасқырға қойын қырдырып, қорасын бекіткен өзің кінәлі» десе жаның күймес пе екен? Ол дегенің күйіктің күлкісі, ертеңін сезбеген ойсыздықтың күлкісі. Кім болса соған табынатын құлшылық мінездің күлкісі. Міне, Абай айтқан бір бейілді, адамдығы жоғары, әлемдік үлгідегі жетілген тілін, ділін сақтайтын байларымыз шамасы әлі туа қойған жоқ. Өзінен басқаға қолқайыры ауыспаған

бай да бір, панасыз сайда бір. Осы жерде Абайдың уытты сатирасына тағы да жүгінесің:» Елдегі еркек, босқа селтек, қағып, елін қармады» -десе соны жақсылап ұғынып, түсіну жетіп жатыр деп айта аласың ба? Күмәнің бар. Халқымызда жүз адамға шаққанда алпысы ақылды болса селтектеп, сенделіп жүрсе де елін тонатпас еді, әлсізді арашалар еді.

-Ол күні әлі қашық-ау, деп қалада жүргенде жүрегім қан жылайды, -деді Қымыр. Жәтелін басқан, дәрісін сумен жұтқан Милан ескі тақиясын басынан алып, жанына қойды да жанарын алысқа тастағандай ниетпен:

-Кеңес үкіметі жаппай кедей болсақ коммунизмге тез жетеміз деп, алаөкпе әлекпен жұрттың мал, мүлкін ортаға жинады. Жатыпатар Сағызбайлар күн, түн демей ақылды, алғыр ойлыларды қаралап үкіметтің милициясына тізіп берді. Бүгінде қара сандықтағы халық байлығын бай болындар деп жұртқа үлестірді. Әлгі ауданды басқарған Шардаровтың інісі Өскенмен бірге отыз жыл жылқы бақтым, ырықсыз еңбек, не таптым. Менен басқаларына да не бұйырды, Жекешеге тигені құрқылтайдың ұясындай үй, түбі тесік шелек, кетік тостаған, жыртық күпі тәрізділер. Ана жылғы барлық байлықты қара дауыл көтеріп кетті ме? Таланды, шашылды, әлі таланады, шашылады. Толысы төгіліп, ортасы шайқалған ауылға енді күндеріңді өздерің көр дейді. Несімен күн көреді. Қорадан мал кетті, ортақ кассадан қаржы кетті. Оңай олжаға ие көп, аңқау, бағынудан басқаны білмеген шаруалар қолымен беріп, енді аяғымен жүгіре де алмайды, -деді де Милан:» Абай айтқан:-Жөн-жөнсіз, сөз-теңеусіз, бас пен аяқ бір қысап» десе бүгінгі күнімізді Абай сын семсеріне іліп, болжап, бағдарлап беріп тұрған жоқ па? Өне, ақтарылып шындықты айтқанда, әке тұрып ұл сөйледі, ана тұрып қыз сөйледі, ыюсыз-жиюсыз былдыр-батпаққа асыл сөз батып бара жатыр дейсің. Шет елшілдерден сөздің иі әбден түсті. Құйма құлақ азайды. Қаптап жүрген әрі-сәрілер, бүгінгі ішкеніне, кигеніне, автокөлік таңдап мінгеніне, шет елдің көргенсіз, бандиттік киносын көргеніне мәз. Таласа-тармаса орынтаққа ұмтылды, өзімшіл әлекке түсті. Пара жолы – сара деп құлшынды-ай келіп.

-Абайайтқан:» Ұрыссаорыс, елгеболыс, үйденүргенитке ұқсап» -деп кейбір ессізімізді іремей соятынын мәңгіріп жүрген мәңгүрттерге қалай түсіндіресің, -деп Қымыр:» Абайды оқуды шенеуніктен бастап мәңгірлерге түсіндіріп, жеткізіп көр, құлағына құйып көр, мықтылығыңды білейін. Төрге шыға бастағандардың өзі жоғарыдағы мықтысы «өй» десе, бас изеп сенікі жөн деп Сағызбайша ықтайды. Шындықты айтып топ алдына шықпайды. Қазақ жетпіс пайыз екен, мемлекеттің барлық жұмысының іс-қағаздары жетпіс пайыз қазақ тілінде, ақпарат құралдары жетпіс пайыз қазақ тілінде болсын, деуге баяғыда ел басқарған Пәленшиевтің орысша оқыған ұрпағы шенеунік қой, қазақша сөйле деп қыстағанмыз біртүрлі жөнсіз шығар деп, отбасымыздың жағдайын ойлап басқаға мейлі деп кәйкііп тартып келеміз. Мәңгүрттердің орынтағы бар, басқаны бас қатырып қайтеді. Айбайша айтқанда:» Төре болдым мінекей, бар байлықты шығындап» деушілеріміз қажет болса орынтақты да бағалап сатып аласалады. Сосын еңсесін көтеріп ұлтжандыға жол бермейді. Өйткені, оның үйіндегі ұрпағы қазақшаны татып алмайды. Қазақпын деуге арланатын төрізді. Бар малын шығындаған төре, кеткен шығынын халықтан қайтарса, пара алса, бүгінгілер де солай. Күштілер алдында бас изеймін шыбындап десе, бүгінгілер де ұлтымыздың көкейінен шығатын пікірді айта алар ма екен? Абай айтқан:» Әлсіздің сөзін салғыртсып, шала ұғамын қырындап» деген сатиралық сүгірет бүгінде де сол қалпында. Түр, түсі былайша бояуы аздап өзгеріске ұшырауы мүмкін. Жұмсақ орынтақта шіренуші шенеунік, пікір айтқысы келетін, жағдайына көмек күтетін, шыбын жанын сіңіріне іліктірген, шығаршықпас жанын сүйреткен жүдеу әлсіздің сүгіретін күнде көріп жүрміз. Абай сатирасының құдіреті аңқыған өмір шындығы, ғасырларға кететін әлемдік мұра. Тек қана әр сөздің мағнасына үңіле біл, аңғара біл, мәнін түсініп өзіңнің кім екеніңді мойында. Абайды ұғынған адам небір арамзальққа бармайды. Ыза бойын буып, өзінің жеккөрінішті иттігін өзі аңғаруы да мүмкін. Тура жол қайда, әділет қайда, шындық көзіме көрінші, неге

адастым?-деп арымен арпалысса сыбыйласып ұрлық жа-
самайды. Пара беріп орынтақты сатып алмайды. Абай
сатирасының құдіретті күші осында жатыр. Уытты оқтай
өткір әр сөзбен салған сүгіретінде. Абай:» Өзі ұлыққа, кәдір
жоққа, қарамай өз халқына» -дегенін бүгінгі шенеунік
кең кабинетінің кіребіріс есігінің маңдайшасына жазып,
оқ қағары мен қабылдау бөлмесінің қызметшісіне:» Ша-
руасын айтатын әлсіз, жұмысшы, қария, мүгедектерді
кідіссіз кіргізіп жібер» деуге тілі келіспейді-ау. Кәдімгі
лауазымы төмендеп қалғандай қорлана ма екен? Жоқ,
халқым деудің орнына өзім білемін деп ой түйеді. Жұрттан
бөлінген түбінде жұртта қалады дегенді түсінбегенге
түңіліп жайыңа жүре бер. Жетпіс жылғы әрқалайғы өмір
дағдысы және бар. Санаға сіңген әдеттен арылуды ойласа
Абайды оқыр еді. Оқымайды. Орысша тәрбие, кеңестік
саясаттың тәртібінен қол үзсе өле кететіндей көреді.
Абай айтқан:» Сөз қайырмай, жөнді айырмай, жұртқа ша-
бар талпына» дегенді мыңқылбайлар мен былшылбайлар
ұғып не басына ат теуіпті. «Шатыры сенімді, білгірлігі
өнімді, шет тілше де сайрайды, экономика мен саясат-
та мүдірмейді, бір биікке шықса одан әрі биіктей беруге
сүрінбейді» -деген мінездеме облыстағы Пәленшиевтен
беріліп қойған. Сөйлесе халық атынан сөйлейді, тобыр
топтасып, қалың көптің алғыр ойын жоққа шығарғысы
келсе шығара салды. Қисықтығы қисапсыз зиян болып заң
құрығы іліктірсе кінәні де жұртқа жабады. Өзім қателестім
демейді. Өзімді жұрт өтірік мақтаған екен, ұят болды
демейді. Абайдың асыл қазналы сөзін ұқпаса, өткенге са-
лауат, алдағыға үміт өз халқыммен бірге дей алмаса жұрт
жамандығынан түңілмей қайтеді. Дала ұлыларының
айтқанын көкірекке түймей, ел, жұртын туған анасындай
ардақ тұтпай, ойлылықтың сәулесін ажыратпаған сорлы
шенеунік мұрттай ұшса оған амандасатын адам болмайты-
ны да кездесіп жүр. Сағызбай сықылды тірі өліктер аз ба,
баршылық? Абайдың жөнді айыра білмейтіннің ілік іздеп
жұртқа тарпа салуының нағыз ақылсыз екенін түйреп
өтуін алдын-ала білуді кім ойлап жатыр. «Істің бәрін ақша,
байлық шешеді деп кемді-күнгі тірлікке масығады. Қара

халықтан артықпын, деуге асығады. Еліреді, желігеді. Байлығының буы шыдатпайды, жүрегін тесіп бара жа-тады. Беделінен айырылғанда:» Обал – ай, Абай сынын ұқпаған екенсің?-деп көр. Жүрегі жарылып кетер ме екен? Табалау да жаза. Оны түсінетін де бас керек. Тонаушы ісін әділетті деп түсінеді, әлсіз қиянаткер қақым кетті, ащы еңбектен тәтті қайырым көрмедім, деп күрсінеді.

-Абай заманы бөлек, біз әбден өсіп, жетілдік, -деп төске ұрар. Жағанды ұста, жыртылып кетпесін. Бүгінде де ай далада үкіметтің де, шенеуніктің де қамқорлығынсыз қалған әлсізді қайтесің. Тағыда Абайша:» Танымадық, жарымадық, жақсыға бір іргелі, қолына алып, пәле салып, аңдығаны өз елі» деп семсердей қиып түсер сөз құдіретін әрбір байдың үйінің төріне іліп қойса қайтер еді. Халықты сонша ұғынар ма еді. Қиын шығар. Жоқ, кеудесіне нан пісіргендер өзді-өзінен аң-таң болып, шынында да қалай десіп:

-Абай заманында самолет болған жоқ, автокөлік бол-мады, біз жұмыр жерді самолетпен шарлап қарық болып жатырмыз, -деп шіренгендей шідер үзер еді. Жетім, жесір, қаріп, қасірлерді қанатыңның астына алсайшы, халықтың арқасында байыдың деп көр, жынданғандай шалқасынан құласын, жетпей жатыр деп жыласын. Сонда біздің әлсіз адамдарымызды Америкадан біреу келіп бағып бере ме? Бұрын бір елді, бір ақылды бай асыраса, бүгінде өзінің ал-тын сарайын, қаржысының өсімінен ештеңе өзгеге ауыса бермейді. Пейіл тар.

Абай өлеңдеріндегі сарказымның қылыштан өткірлігі ұйқыдағы адамның төбесінен мұздай су құйғандай болар еді. Адамды адам басқарудағы әділетсіздік, мемлекеттің түр сипаты, бітімі, адамдардың пәлеқор, парақор, өтірік, өсек, мақтаншақ, екіжүзділігін бетіне шыжғырып басып таста, ұялар ма екен? Бүгінде де қоғамның мерез дерті Абай сынаған қалыптан өзгере қоймағанына таңғалмай-ақ қойыңыз. Неге? Кеңес заманында ері қоғам жұмысы, арақ ішу майданынан бос уақыт таппай ұрпақты әйел тәрбиеледі, бала бақшасында әйел тәрбиеші, мектепте мұғалім әйелдер, содан әйел мінезді еркектер өсіп, жетілді

ме екен? Жастардың жанұялық шаңырағын көтере салып, неке бұзу деректері де жетіп жатуы қазақи ерлік қасиеттің әлсіреп, рухтың жүдей бастағаны емес пе? Абайды оқыңыз:» Елде жаман, ер де жаман-аңдығаны өз елі, кетті бірлік, сөнді ерлік, енді кімге беттемек. Елің-ала, отты шала, тайса аяғың кім көмек, бейілі шикі, ақылы күйкі, осы жұрт па тапқаның?» -дейді. Осыны ұға білген адам ішінде иттей өліп, шіріп жатқан бықсықтығын түсінер ме еді? Сағызбайлар жатыпатарлық қап-қара ниетін түземесе де нан жеп өмір сүрулі. Адалдықты аңсаған да жоқ. Аузына да алмады. Солардың бүгінгі кейбір ұрпағы сарказм құдіретін білер ме еді. Сол кездегі сұрықсыз тірлік бүгінде сүгіреті қоюланып бойымыздан табылса кімге өкпелейміз. Тақ таласында бірінен бірі асып бара жатса, тобықтан қағып сүріндіру өз алдына өлтіртіп тастайтын қанішерлік те кездесіп жүр. Кісінің қанын жүктеу о дүниеде тамұх отына күйіп кетеді дегенді ұмытып бара жатырмыз. Қылмыскерлерден түрмеміз бос емес. Абайдың ұлттық кемшілікті жұмсақ ирониямен емес, сарказмге құрып жүрекке найза сұққандай айтуы да заңды еді. Өйткені жаппай індетке айналған» ұйқылы-ою бойкүйез, ыржың-қылжың ит мінезді» жай айтып жарылқап, түсінуге шақыру мүмкін емес те шығар, бүгінгі мәңгүрттерге қазақша үйрен ақша берейін деп жалынған сықылды. Мысалы, «Дүтбайға» өлеңіндегі: «Жылуы жоқ бойының, жылмиғаны не еткені? Құбылуы ойының, кетпей құйтың еткені?» десе, сол Дүтпай бүгінде де арамызда тірі жүр, жаны сірі бір. Ас ішеді, аяқ босатады, өзгерісі қазақшаға олақ, екі жүзді емес, мың-мың жүзді бірақ, минөт сайын құбылып өзгеріп, мың түрлі қаскөйлікті ойлап табады. Сағызбайдың сарқытын ішкен күншіл, өсекқор өзімшілдігі жолында кедергіге қақпанды құра біледі, «шатырының көлеңкесінде рахат өмір құра біледі. Халқым деп қан түкірмейді, елім деп елжіремейді. Елес көлеңке. Тірі өлік. Нанбасаңыз бір әкім, не шенунік тауықтың үйшігіндей шаруаның күркесінде өмір сүріп көрсе жүрегіннің қабы жарылап тіл тартпай кетер еді, әрқайсысында бір-екіден катеж, қос-қостан автокөлік. Әбілазов сықылды жеке

самолетке де иелік етіпті. Ал, депутат болғасы келесе, немесе орынтағын жоғарлатқасы келсе халықтың төбесінен төмен қарай алтын құямын деп сайрап, ант етуге бар. Беті бүлк етпейді. Бүгінгі Дүтпайдың қулығына найза бойламайды, сұм-сұрқиялығын тепловоз тартып жүре алмайды. Абай:» Бас-басына би болған өңкей қиқым, мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын» деп пасықтардың көкірегін қаздай шулатса, бүгінгі Дүтпайлардың кесепаты келер ғасырға да жол тартатын шығар. Пара, пайда іздеп сүмендеп жүргендерді көргенде:» Оу, Дүтпаймысың?» десең ерінін де жыбырлатпас еді. Өйткені, нарық бүйірден қысқан кезде Дүтпайлардың» беделі» іскер атынып абыройы аспандады. Тоқтаңыз, Ақмолада жүз елу кеңшардың, немесе аудан әкімдерінің қайсысы өздері отырған кең сарайдай үйін көп балалы отбасына, жетімге, жесірге тегіннен тегін қалдырыпты. Жоқ, ә? Қалаға көшкендері кеңшардың мал, мүлкін қаржылап қалтаға басып, үйлерін, басқа да құрылыстарын бұзып қалаға әкеліп катеж салды. Бүгінгі Дүтпайлардың қимылы, сыбайласып ұрлық, талан-таражы, халықтың қазынасын қақшуы, Құдай алдында сұраусыздай көріп, обал, сауапты ұмытуына қайран қалмай көр. Ұйқың бұзылады. Ондайлар Абайды неге оқиды, жүрегін ауыртып. Осындай алаяқты, сұрқияны көргенде Абайдың:» Бетті бастым, тұра қаштым, жалма-жан» дегің келеді. Дей алмайсың, өз өміріңе залалы тиеді. Қажет болса қаржы беріп кісі жалдап өлтіре салады. Сондықтан іштей дұғанды оқып, жартушыға жалбарына бер. Оқы, Абай сатирасы теңсіздікті әшкерелейді, езілгеннің мұңын жоқтайды. Пенденің қас дұшпаны қаскөйлікпен күреседі. Оу, өмірдегі жақсылық пен жамандықтың бітіспес күресі Абай сатирасында маңызы асып терең тамыр тартып жатыр...

«ҚУ ТІЛ МЕН ҚУЛЫҚ САУҒАН ЗАҢЫ ҚҰРЫСЫН»

Дастархан үсті. Етке тола жүкті табақ ортаға қойылды. Қазы, қарта, жал, жая, әйтеуір дәмді ет жеп әдетінше тойынатындар да, жемей тоқшылыққа кенелетіндер де

баршылық. Орақ тұмсық, жүдеп, жадаған жігіт ет турауға кірісті. Ет турауда ерекше өнер, деп оның жанындағы жылпостау жігіт сөзін есіп қояды. Алаңкөз, таңқы танау, қырма сақал етқор қарнына ие бола алмай туралып табаққа түскен еттің бір жапырағын жұтқынға сүңгітіп жіберді де, төрде төбедей боп отырған ақ көз, пұщық қарияға қарады. Оның есімі Жәпек еді. Сол екі ортада оның да саусағы жыбырлап, іші бірдеме сезді ме:

-Бұйырсын!-деді де жабығыңқы көңілін жинап қойып табаққа қолын сұғындыра түсті. Қос табақты жағалай отырған он екі адам іштерінен өзінше есеп жасап жеуді жауапкершілік есебінде ұғынуда. Сол минөттерде жеуден басқа ой жоқ. Оған ақыл да шығын емес. Әйтеуір ет жеуге жаттыққан ауыз үлгеріп жатыр, үлгермегенін орап үйлеріне әкетеді. Бұл бұрын, соңды тіпті де болмаған әдет десеңде. осындай заңдылықтың қашан шыққанын адам баласы білмейді, кәбірден түк тартсаң да пайда деген сықылды ма, қалай? Бірісі жақсы, дастархан басында жоқшылықтың ізі білінбейді, аңқып тұрған тоқшылық, аста-төк барлық сезіледі. «Жоқ, жетпей жатыр, аштан өлеміз бе?» деп ешкім, ешқашан да құрынбайды. Жоқ десең жоғаласың деген түсінік бар.

-Бұрынғыдай емес, асқа төбет қайтты, -деді ақ сары, қалмақ мұрынды, көсе қария. Есімі Бектен. Қолын сілкілеп ас іше алмағанына қатты өкінеді. Іштей Абайды оқып:» Қартайдық, қайғы ойладық. ұлғайды арман, шопшым кейінгі жас балалардан» деп күбірлеп айтқандай еді. Оған көзін сығырайта қарап өзін өзгеше даралап көрсеткісі келген пиығылмен сөзін салмақтап Жәпік:

-Е, былтыр менің де асқа төбетім қайтып еді. Ой, шіркін, жалғыз ұл шет елдік автокөлік алып мінгесін қайта серпіліп, асқа құныға түстім, бәрі көңілге байланысты ғой, -деп бір желпініп мақтанып қойды. Оған балаң қарақшы болғанына неменеге шалқақтайсың, деп іліп, қағып ешкім батып айта алмайды. Ертеректе осындай бір отырыста Сталинмен бірге жүргендей көсемді мақтап дандайсый бергесін Бектен шыдай алмай:» Ей, өзіміздің Бауыржанның ерлігін айтсаң аузың қисайып, ішің өтіп

кете ме, дегенде үлкен төбелес шыққанын отырғандардың білетіні ұмыта қойған жоқ. Онымен қоймай Кеңес үкіметі дінсіздер бесжылдығын жариялаған кезде белсендісінің айтағына еріп мешітті құлатамын деп кіріскенде қолының сіңірі тартылып қалыпты деседі. Әйтеуір, партия мен үкімет ағымына ерген шолақ белсенді, «жатып атар» деген зәлімдік атағы бар. Сағызбаймен әмпей-жәмпей. Қарсыласы болса қағып түсетін, үрім-бұтағына дейін қара күйелеп небір пәлені жағып түсетіндігі белгілі... Өткен өтті, кім адаспады, деп жанын азаптамай, соңғы кезде мешітке барғыштап, күнәмді кешіре көр, мына қолым жұмыс істесе арман жоқ, деп іштен тілек тілейді. Кейде соны ойлап қатты жүдейді. Діннен безген едім, күнім үшін, ферма басқардым, әлсізге зәбір көрсеттім, кінәм тірі жүруім үшін, жаным қымбат қайтем, деп жалбарынады. Осы кезде аузына ие болмайтын жылпостау Бәзіл шыдамай:

-Бүгінде дастарханға бата беріп, дұрыс дәм қайтаратындар азайып кетті. Шамасы мәңгүрт қарттар қаптап жүр, Қиқудың туысы Жәпек оған қалай қарайсың?-деп қалсын. Төсеніш көрпеден денелеріне ине қадалғандай отырғандар мазасыз қозғалақтап қойды. Кейбір қария шайнаңдап отырған етіне түйіліп қала жаздады. Апырай, Бәзіл сөзі жыларманға келтіріп, кейбірін тәубасына түсірейін деді ме, ащы күлкісін түлкі құйрығындай бұлаң еткізіп:» Алдағы жақсы артқы жасқа төлім айтпаса ел болғаны қайсы? Аһ, ұрып жүріп орысша білмесеңдер өлесіңдер, қата қалсындар!-деп жарғақ құлағы жастыққа тимеген кешегі белсенділер бүгінде момақан, кәдімгі шыншыл төрізді. «Асыл азаматын түрмеге шығарып салып, тегін ас ішіп, тегін киінесің жолың болсын!-деп кекете күліп, мазақтап айтқанды ұмытып қалған пендешілігіміз ай... Өткенді біржолата ұмытып, естен қышару дегенің де қандай қорқынышты. Бүгінгіге ойланбастан қарап, селт етпеу аянышты. «Міне, бұл жастардан қайтіп шошымайсың. Түпсіз шыңыраудан ішек, қарыныңды тегіс ақтарып, еңсенді көтертпей езіп тастайды, -деді Жәпек. Батыл сөйлейтіні баласы бетіне қарағанды қиып таста десе қиып

тастайды, аузына құм құйып тиып таста десе, ілезде тиып тастайды. Бірақ, Бәзілге бата алмайды...

-Бетімен кеткендер беттен алады. Ашулы, қорқынышты, ыза сөзбен тәсіңді қайырып түбіңе жетеді, улы сөзді тоғытуға шебер келеді. Өздері таза болғасы келеді, оған өресі жете ме, жоқ пе? – деді Бектен. Оған Бәзіл айылын да жимайды. Қайта отты қоздатып:» Абай айтқан: «Терін сатпай, телміріп, көзін сатып, теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман, деген екен. Сонысы өтірік пе? Бірің бригадир, бірің ферма бастығы, бірің кеңшар директорының орынбасары болып қызмет атқарып жүргенде ел дәулетін үйге тасымадым деп айтыңдаршы? Жатар жерлерің жалғыз, бүгінде құдай бір, құран шын, деп отырсыздар, - деді. Зілмауырдай ауыр сөз жанды қинады. Қиып түсер өткір екен, кейбірі жақтырмай терісіне сыймады. Бектен, Жәпек, Ораз, Қораз, Қияқ, Шұнақ есімді қариялар қолдарын табаққа салудан қалды. Жүздері суып у ішкендей мүлгіді дейсің. Обал. Өліп кетер еді, қайраты барында ерегескенін түрмеге жөнелтер еді, өттең дәрмен жоқ және заман басқа. Бәзіл ақылсызды ақылға шақырудың мәнсіздігін білсе де:» Жүсіпбек Аймауытов аштық жылында өлімші боп жатқандарыңда ортаға жинаған малды үлестіріп бергізіп жандарыңды сақтағанын тарихтан ешкім сызып тастай алмайды. Сол ұлы жазушы:» Неронды залым қылған кім? Философ Сенеканың қате тәрбиесі десе, Голощекинді қанішер қылған Сталиннің төртіп, тәрбиесі емес деп айтыңдаршы? Жоқ, айтуға жүрек керек, бетсіздің бетіне қателігін айтып бетін тілетін шыншылдар түрмеден оралған жоқ. Бұл жанұядағы қанға сіңген қорқақтық, өзіңнен басқаны ойла ма?-деген қате тәрбиенің қасіреті. Оны айтуға жүрексінеміз... Қазақтың ұлттық тәрбиесі бесіктен басталып, үш сөзбен кісілігіңді сақтауға жол сілтеген еді: Біріншісі жаман болады, екіншісі ұят болады, үшіншісі обал болады, осы үш сөздің терең мағнасы үш кітапқа тұрарлық, миыңа әбден ұялап қалатын-ды. Кеңес белсенділері мұндай тәрбиенің құдіретін ұлтшылдық деп ауызды жаптырды. Содан-ақ азғын қатыгез, зұлым ұрпақ өсіп жетілді. Әр ауылда топ-тобымен есуаспа еліріп жүр,

мұның жайын жақсы білсекте ешбір бөгет жасай алмау қорлық»

-Бәзіл осынша ащы әзілдеу неге керек, кісінің үйінде кісідей өкпенді айтпа деген, -деп үй иесі Қатқыл қылпылдап, бір шатақ шықпауын тіледі. Әбден шаршаған денеге мисыз басты арқалауды ауырсынғандай көріп Бәзіл тағы қағытып:

-Мен емес Абай ащы айтқан. Сол өлгенді тірілтетін ащы сөзден сабақ алмай, тіпті Абайды оқыса атылып кететіндей болған қорқақ әкелерімізді көрген біз қайтіп оңамыз. Партия тарихын басымызға жастанып жатқанда жамандықтан басқа не таптық. Ұлттық өнегеден айырылдық. Маубастығыма көңілім көтеріліп толып, айдың-күннің амандығында күн жаумай су боп жүрсем кімге ұқсағаным. Абайша:» Бай алады кезінде көп берем деп, жетпей тұрған жерінде тек берем деп, жарлы алады қызметпен өткерем деп, елубасы шар салып леп берем деп, жалаңқая жат мінез жау алады, бермей жүрсең мен сені жек көрем деп». Көне, айтыңдаршы Абайдың мір оғындай сөзінде қателік бар ма? Бүгінгі шенеуніктер қарық қыламын, деп кеңшардың мал, мүлкін алды, қолын кім қақты. Абайдың сөзін көкірегіне ұйытқанда байлық таланбас еді, ешкім ешкімді алдап, арбап тонамас еді. Ұят-ақ Партия тарихын төбеге қойдыңдар, осындайда неге қорған болмады. Содан тапқан пайдамыз қайсы? Аштықта бүкіл ел қырылып жатқанда» жатып атар», милиция, басшылар неліктен аман қалды. Ұят иман болмайды, деді, обал азық емес, деді. Ұрыға мал көп, жаман емес, байыдым деді. Арлы, ұрлық, қаскөлік құдайға күнә дегендер аштан өлді. Пасық, ұры, жалмауыздар тірі қалды, бүгінге дейін ұрпағын жеткізді. Өлгі тонаушыларымыздың тегі оңып тұрған жоқ шығар. Қазақ жақсы, жаман болса да тарпай тұрмас тегіне деп ой түйген. Апыр-ай, жалмауыз, жендет қайдан шықты, қылмыскер толып кетті ғой, деп текке таңданамыз. Үйімізде жын шақыратын арам мүлік, мойнымызда адал адамдардың көз жасы, маңдай тері, табан етінің қақы өтелмей жүрсе, қолға құран ұстап жаратқанға жалбарынғанымыз адамды алдағанымзбен қоймай Алла-

ны алдауды ойладық па? Таза емеспіз, періште жоқ, осындай жағдайды бастан кешіп тұрғанда жақсылықты қайтіп күтеміз, кінәміз, күнәміз еске түскенде бас зеңіп, құлақ шулайды, осынымды өтірік десеңдер иманым күйсін, деп қатты күрсінді. Не үшін, қарақан басына бола ма?

Қарттар жым-жырт. Тірі денеден таспа тілгендей суық сөз шымбайына батып кәрі саусақтары дастарханды түрткілеп, іштей опырылып, өткен-кеткен күнәні ағынан ақтаруға жасқанып отыр. Кейбірі ниетімізді қасқырша тірідей талатқаннан гөрі, қара топыраққа тезірек көмілсе жасырылып қалар ма еді дей ме? Ай, қайдам. Бас шұлғыды, аяқ қателесті. «Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылады» деген сөз алдарынан шығып жүректері шайлықты. Бірбіріне тіке қарауға қаймықты. Үй иесі Қатқыл ғана шыжбыж болып:

-Жылпылдатпай екі елі аузыңа төрт елі қақпақ сал!-деп ежірейіп еді.

-Әй, сенде оңып тұрған жоқсың, білдің бе? Мені қоздыратын сендер, өкең егін бригадирі болып жұрттың аузын нанға жарытып жарылқап еді, ағайындар адалдығын, жақсылығын көре алмай, «халыққа жау» атандырып соттатырып жіберді дейсіңдер. Қоғамның желі өңкей қырын соғып, көресіні мен де көрдім. «Жаудың» ұлы атандым. Есеңгіріп есім ауды. Қараниеттінің жан-сарайын, темірден жаралған жүрегін талқандығым келеді де тұрады. Бәрібір ондай ессіздігіммен зұлымдық жойылмайтынын білемін. Пендеге пәле жабысса шарасыздан маңдайды ұрып қаласыз. Қастық туыс, туғаннан Абай екеуімізге арнағандай:» Дос алады бермесең бұлт берем деп, жауыңа қосылуға сырт берем деп, бұзылған соң мен оңай табылмаспын не қылып оңайлықпен ырқ берем деп, сұм-сұрқия-сұмдықпен еп берем деп, сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп, жүз қараға екі жүз аларман бар, бас қатар бас-аяғын тексерем деп» -дегенді айтқан. Сиықсыз сықпытымызды, келіссіз келбетімізді, ем қонбайтын мінімізді қалай сықақтаған. Жаныңды қып-қызыл өртпен күйдіреді. Жекеше басталғанда екі жүз сұрқия замандасымыз кірпік ілмей мал, мүлікті әкетудің мыңтүрлі амалын тапты емес

пе? Жаныңа қамашау таптырмады, төрінде отырып сайрады. Арам ойын түсініп сырт бердік пе? Жоқ, бірігіп ұрластық. Ұрыны мақтап, депутат болса ел гүлденіп коммунизмге топ ете түседі, деп ел алдында белсеніп артықша бағаладық. Бүгін алданған ісімізге өкініуді де білмей тымтырыс отырмыз. Ұқтың ба, Абай сатирасының астары тереңде жатқанын. Ұққан жоқсың, біреу жарылқаймын деп көлгірсісе әлі де жаның жадырап, рахаттана мәз боламыз. Жақсылық қайсы, жамандық қайдан ажыратуға қабілет жетпейді. «Отыз жеті» зұлматында елдің алғыр ұлдарын түрмеге тығуға бірден-бір себепші болған Сағызбайлар әлі тірі жүр, өлгісі жоқ. Кісі қанын жүктеп нан жейміз. Елдің қанды кегі іште жатыр. Дінін, ділін сатқан басшыларымыз құдай бізбіз деп көкірекке ұрып келді. Енді бүгін жаратқанға жалбарынып баламның шет елдік машинасы, алтын сарайдай катежі бар, соның қайырын беріп, өзі аман жүрсіндеп иман үйіру кімді алдау. Алланың қиянаткермен есебіне асықпайды дегенді ұмытқан жөн емес. Абайды тыңдасақ:» Бұзыларда ойламас бет көрем деп, ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп, қабаған итше өшігіп шыға келер, мен қапсам бір жеріңді бөксерем деп, орыс айтты өзіңе ерік берем деп, кімді сүйіп сыйласаң бек көрем деп, бұзылмаса оған ел түзелген жоқ, ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп» . Көне, Абайдың ұрпаққа аманат еткен осы сөзінің парқын білген кім бар. Құдайын да ұмытқан көр көкіректер балам өзіме ұқсамайды деп зар илейді. Сонда ел үлгі тұтарлық жақсылық қайсыңда бар? Айлығын да жетім жесірге үлестіріп беріп, дүние-мүліктің құлы болмаймын дейтін шенеунігің бар ма? Біріңнің де ұрпағыңда ондай обалды білетін ұл, қызды таппассың. Ұлтымның қасіреті бүгінде де зәредей болса да кеміген жоқ. Адалдық жолв жүз пайызға кеңіген жоқ. Киім бүтін, қарын тоқ, той думан, тірліктің талтүсі дерсің..

-Шырағым тереңдеп кеттің, тірідей бізді көрге түсіргенде саған мүйіз шықпас. Тірлігі түскір кімді аздырмады... Шайтан азғырса кім оңады.

-Орынсыз ойымызға өкінбейді екенбіз. Біреу сөзді тауып айтады, ойы бөлектер сиқырсып қауіп айтады. Сөзді

біреу сүйіп айтады, көкірегіне асыл ойды түйіп айтады. Сөзді біреу жаны күйіп айтады, ашуыңа тиіп айтады. Бетке айтқанның зәрі жоқ, достық деп ұғын, адамды аздырып-тоздыратын сыртынан айтатын ғайбат-өсек. Бәзіл даттап жатқан жоқ, әдептен аттап жатқан жоқ, қолымен істегенді мойнымызбен көтере алмасақ кісілігіміз қайсы? Күнәліміз, өзіміздің күнәмізға, кінәмызға күлуге де дәтіміз бармады, енді Бәзіл күлмегенде қайтеді, -деді ақ сақалды, құбақан жүзді Жүсіп қария. Онысы тоқтау айтқанға ұқсады. Мең-зеңдікті, құлазыған көңілді бөлгісі келді..

-Жүсеке Абайды жаттап өттіңіз. Үйіңізде құран жоқ па деп тінту салғанда Абай шығармаларына да күмән туғызғандар тірі жүр емес пе? Егер Абай тірі болғанда» Отыз жетіде» түрмеге айдап жіберетін еді-ау. Абайша:» Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп, тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп. бар ма екен жәй жүрген жан қанағатпен, Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп. Атаны бала андиды, ағаны-іні, ит қорлық немене екен сөйткен күн. Арын сатқан мал үшін антұрғанның, айтқан сөзі құрысын, шыққан үні» -деп нетүрлі сатқындарды жерлеп, масқаралап өтті емес пе? Әне, ауылымыздан шыққан Қиқу елді тасаяқша қағыстырып, мал, мүлкін тонап кеткенімен қоймай, қарсылық көрсеткен кеңшар директорын қарақшысын жіберіп аттырып кетті. Бала, шағасы еңіреп қалды, ұлттық тәрбиедегі обалды ұқпау осы емес пе? Қаражүректер күні кешеге дейін өзімізбен бірге дастарханда отырып нан жеді. Ақырында нан киесінен де қорықпады. Қанға үймелеген қарғадай қарқылдасып сыбайласып жатыр. Иін-тірескен қиқым-сиқымдар шайтанды мініп шапқылап жүргеніне ырду-дырдулағанға мәз. Оларға бесіктен тәрбие бермегесін тегеуірінді тәртіптеп тоқтау айта аларсың ба? Жалтақпыз, жауыздықты біле тұра жасырып қаламыз. Бетімен кеткен қаскөйлікті тарқапастан шындық әлеміне шығарып түзеу оңайға соқпайды...

-Үміт үзбелік, келер ұрпақ қисықты түзер, -деп Жүсіп дастархан мәзіріне дәм қайырып бата беруді айтты. Бәзілдің есіне түрмеде өлген ақылды қарттың:» Қазіретегалидың

білегін берсін, Әбілқайырдың жүрегін берсін, Яссауидың білімін берсін» деген батасын айтып ұлтшыл, жапон шпионы делініп айдалып кеткеніне жүрегі езіле ойлады да, не істемедік деп қойды.

Қобалжыған, жазықты, жалынышты пішін адам аярлық еді. Жаратушы өшін алу үшін бұлардың да жүректеріне аз қайғы түсірген жоқ. Ажал тілесе де кейбіріне бұйырар емес. Қайтесің, пендешілік түн атасына қиянаттарын есептеп, түстерінен шошитын халге түскені де табылады. Сағызбай үйде омалып, кісі бетіне қараудан қалды. «Балам үйде жоқта өлсем етімді мысық жеп қояды» деп қорқатын көрінеді. Ажал аңдулы. Соны байқаған Бөзіл замандасының жанын мұрнының ұшына тақап:» Абайды оқымасаң күнің күн болмайды, тұл боласың. «Ант ішіп күнде берген жаны құрсын, арын сатып тіленген малы құрсын. Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, қу тілмен қулық сауған заңы құрсын. Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір, өз үйінде шермиген паңы құрсын» деп адамдық қасиеті жоқты сынап отыр. Бүгінде қырық жерге қойма емес, қырық елдің банкісіне ұлтымыздың байлығын ұрлап апарып салып жатқан, миллиондап жеп шет елге қашып кетіп жатқандарды құрықтай алмайтын қу тілді заңымыз бар? Сондықтан үкімет заңынан бұрын қара шаңырақта қалыптасқан баба тәрбиесіне бесіктен бастап ұрпақты тәрбиелеп, Абай сатирасымен дертімізді емдесек жаман болмас еді... Абай жаны тыншу таппай жан-жағымызда ұшып жүр, байқа?!

«БҮЛ ЖҰРТТЫ ҚОЙҒАН ЖОҚ ПА ҚҰДАЙ АТЫП?»

Біреулер қиырға көз жіберіп, көлдей дәулетті қара қарғаның қанатына байласа да отбасы, отанынауып, төгіп жеткізіп жатады, оныңыз елінің кемтігін толтырғысы келгеніне қайран қаласың. Өзі емес, өзгенің бақытын күн сайын ойлайды. Кердеңдеп тәсіріп кетпей, жиі кеңесіп, келсіп отырады. Өзінің туған ұясындағы түкке тұрғысыз өнімін де артық пұлдап өткізіп жатады. Өз қолындағы

алтынынан айырылып, өзгенің мысына таң қалмайды. Мұншама ақылдылық мұңлы-зарлы жүректердің мұзын ерітуге арналады. Басқа елдің іскерлері осылай қарманады. Ал біздің туыстарымыздың кейбірі алтын сырыққа қонақтаған ала қарғадай өз-өзінен мәз болып, тірі жүрсем бақыт іздеп келіп басыма қонады деп тырп етпейді жарықтық. Іске татыр ойы жоқ болса да, есесіне тойшылдығы асып тұр. Өзен жағасында отырып өзегі талады. Көзіне тығылған ұйқысын ойлап көкірегі жанады. Басын жазбаса көзінің сорасы тиылмай ағады. Елде ішіп, ісініп, маскүнемдер күрсініп, бас ауыратын індет көп. Ызың, қиқуы, шыр-шуы тынбайды. Құтыла алмайтын қасірет сүйектен өгіп жатыр. Біреу болса ештеңе емес көнерсің, антұрғандардың ауруы ортақ, бас қатыратын мұндастар жетіп жатыр. Ақиқаты анық осы. Басқа тірлігі түп-түгелдей, бар мұқтажы бас жазу болып отырған мына ініміздің нақұрыстығын білгің келе ме?

-Әй, оңбағыр-ау, құдай үшін қысық көзіңді ашып, адамға ұқсап сақал-мұртыңды ал, -деп Өзгүл өзеуреп еді. Талғат ұйқылы, ояу сенделген күйде:

-Сақал қыратын лезве қымбат! Күн сайын өскен баға құйыны таңымды айырды! Осылай дамылсыз баға өзгере берсе қиын ғой, -деп дүр етті, ұртын томпайтты. Осы кезде домаланған қара бала тоқаш танауын бір тартып қазандыққа жылынып, арқасын тақаған күйі бар ынта-сымен Абайдың өлеңін жаттауда. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың», -деп қайта – қайта дауыстап еді. Орысша ойлап, қазақша қоқыта сөйлейтін Талғат мойнына біреу бұршақ салып қылғындырғандай тынысы тарылып, өз-өзінен қағынып, деспісінен жаңылып, қушиған беті ретсіз жыбырлап:

-Ауыл аман... Қарақшыдан әзірге тынышпыз. Қасқа сиыр қорада. Шөп таусылса газет оқиды, газет таусылса радио тыңдайды, радио таусылса телевизор көреді. Ну что, бәрі жақсы, жүз грам ішсем, тірлік мүлде өзгеріп шығады.

-Ибай-ау, енді жалғыз сиырды төрге шығарып кино көрсетейін деп пе едің. Киноң толып тұрған бұзықтық, жалғыз сиыр азып бұқа іздеп қайқайар. Айтпақшы, өне

телевизорың да сынып тұр ғой, үйің мұздай ұлып тұр. Таңдайға тартқан жалғыз сиырға шөп іздесеңші. Арам өлетін болды?-деп Өзгүл қазанның мың жылғы қаспағын қырып тастады. Отбасының мақсатын ойламаған еріне іштей жыны келді. Ызаланады. Дәрмен жоқ, текке айтылған сөз.

-Өй, шөп өкелінер, жаз бар, қыс бар, асығатын не іс бар, -деді де Талғыт ұлына пәруайсыздана қарап, «Менің сақал, мұртымды жырламасаң ішің местей боп кебе ме, бозөкпе неме, төбеңді көрмегір-ау, ит тебе ме?»

-Папа, ит теппейді, жылқы тебеді. Мен Абайды оқып отырмын... жаттау.

-Кімді? Бала аузын жауып үндемеді. Әйелі қазанға түсіп қайнағандай тызақтады.

-И-и, тап арақтан басқа кімді, ненңі білесің. Сөйте тұра балаға күлесің. Талғат сазарды. Кіріптар қарыны арақты жоқтап, қышқылын шығарып кірпігін кіртитіп, оқтау жұтқандай күйге түсірген. Сонда да кісімсіп, дені дұрыс еркек болар ма, жұмырығын түйіп кіжіңдеп тікірейіп тұрып:

-Сен де маған күлесің. Тұрған жеріңде ит тепкіңді шығарайын ба?

-Менен басқа кімге әлің жетіпті. Жұрттың еркегі үйін шоқтай жайнатады. Болмағанды болдырады, толмағанды толтырады. Көршің Гейстің бір күнгі тірлігін мың күнде де істей алмайсың. Сен болсаң аңдығаның арақ, шарап...

- Оның менен асып бара жатқаны шамалы ғой. Арақты Гейс те ішеді. Айырмасы үйінде әдемі моншасы бар, ішіп-ішіп парға түседі... Бала өлеңін жаттап отыр. «Жақсы менен жаманды айырмадың. Бірі қан, бірі май боп екі ұртың. Бет бергенде шырайың сондай жақсы. Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?» деген жолдардағы Абай сатирасының әкесіне қатысы барлығын бала білмейді. Білсе де өз әкесін жамандыққа қимайды. Бірісі жақсы бала арақ ішпеуге ант етеді. Оның жаман екенін күнбе-күн әкесінің» концертінен» көріп-ақ жүр. Ал, елден асқан жақсы болғысы келеді. Көршісі Гестен де асып кеткісі бар. Барын, малын ұқсатып сатып шет елдің

жақсы машинасын да алды. Бірақ, бала қалай, қандай жолмен жақсы боларына ақылы жетпейді. Өзімен бірге оқитын директордың баласы ұнамайды. Тұрақсыз. Бір күн біреумен, екінші күні басқа біреумен жолдас болады. Біреудің қолында тәуір қалам болса алғысы кеп тұрады. Абай сатирасы тіліп түсіп жатқан бірі қан, бірі май екі ұртың дейтіндер осылай өсіп келе жатқан жоқ па? Өзінің пайдасына бола сатып кетеді. И-и, әп-әдемі киініп, көркі уылжығаны бар болсын. Сатпайтын адал дос керек. Бала аз-кем ойланып отырып:» Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді. Аузымен орақ орған өңкей қыртың. Өзімдікі дей алмай өз малыңды, күндіз күлкің бұзылды, түнде-ұйқың. Көрсеқызар келеді байлауы жоқ. Бір күн тыртың етеді, бір күн-бұртың» . Бала қаламын аузына салып қайта ойға шомды. Онысы баяғы замандағы қазақтардың бойындағы зіл көтерем мін бүгінге дейін шашылып төгіліп қалмай аман жеткен, ә? Әке-шешенің иісін де сезінбей, тіпті орысша тәрбиеленуді асқан дәреже көргендер ана сүтін емгенін де ұмытып кетті жетіскені ме? Бұл не. Сөз түсінбек түгелі орысша ойлап келістіре алмайды, не қазақшаны оңдырып жатқан жоқ. Быламық, былдыр, сөзі сұйық сылдыр. Ыза, кекке бойын алдырады. «Орыстың жаманы қазақ бола алмайды, қазақтың жаманы орыс бола алмайды» депті қу тілді біреу. Екі тілді егіздей еміп, тілін байытып миын сасытып қайтеді? Өркөкірек, өзімшіл келеді. Ызалы, кекті адам ең қауіптісі. Ондайлар өзінің кесер кеңірдегі үшін анасын да аямайды. Мына ұлтты жарылқаймын деп мұнда жалтақтайды, ана ұлтты жарылқаймын деп анда жалтақтайды. Екі кемеңіз құйрығын ұстаған суға кететіндерің сол. Жаныңды жарқыратып тұратын сөзді білмегендіктің сорлылығы ажалмен тең. Тілмен табыспаған ділмен табыспайды. Өйткені, иманы күйгенге ешкім иланбайды. Түңілдіретін түсі бұзықтық та содан басталса керек. Ондай бұртың-тыртыңдарды Абай сатирасы жер-жеміріне жеткізгендігі де, оның уыты мәңгілік екені де, құдіреттілігі де осында. Бала оның бәрін есейгесін түсінеді. Қазір оқып миына тоқиды. Күнсайынғы тірлігімізден Абай сынаған жағымсыз кейіпкерлерді көріп

жыларман боларсыз. Оған мына баланың ақылы бүгін жетпесе де, ертең жетсе шүкір. Өкесіне ұқсап дырылдап кете ме? Әй, қайдам! Өкесі бірдемені ұрлап жатса баласы көмектесетінді көріп жүр. Абайды оқы, ғибрат ал!-деп санасын қамшылап отыратын өкесінің түрі әлгі. Басын жаза алмай, кешегі арақтың уы миға теуіп, қарынынан көтерілген қышқылды баса алмай сенделіп делбе болып сенделіп жүрген кезде: -Талғыт қайда? Әй, неменеге үйде бұғып отырсың, шаруашылықтың малына шөп әкелуге барасың!-деп бригадир келді дігірлеп. «Кеңшарды жекелеген бастық, қырамын, жоямын деп жатыр дегенді және қыстырып қойды. Каптиализмнің мінезі қатал деп ескертті. Басы бір бөлек, кеудесі екінші бөлек боп зеңгіп жүрген Талғыт киіне бастады. Бала Абайды әлі жаттап отыр. «Бас-басына би болған өңкей қиқым. Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын? Өздеріңді түзелер дей алмаймын. Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың. Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың. Оның алған жоқ па құдай құлқын? Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ. Сыпырылды байлығың, баққан жылқың», -деп дауыстап оқып отырған балаға құлағын тосқан бригадир:

-Ей, мына жетпегір не дейді? Тілі удай пәле ғой өлген кісіні тірілтетін сөзді сарнайды, жаныңды қорлайды, ә?-деп дүңк етті. Құбаша әйел Абайды жаттап отыр деп еді арашаға түсіп. Бригадир қыли көзін атыстырып, шабыстырып:

-Абай да қатты айтқан екен. Бірлік жоқ, береке жоқ дейді. Неге? Алар жерде бірігіміз, берер жерде бас сауғалап қашамыз. Қайтеміз, қашпаған қашардың уызына қарап жүре береміз бе? Шүкір, активтердің бірлігі олжа үлесерде бар так что, понимаешь, билік қолда, байлық жолда, понимаец, -деп бригадир тілін тістеп алды.

Осы кезде әйел ауызбен айтып жеткізе алмастай зарын шағып: -Үйімізде тіске шұқыр шөп жоқ, көмір таусылды. Азық, түлік ақша дегенді көрмегелі көп болды. Активтердің жарылқайтын күні қашан?-деді.

-Саспа, мына шаруашылықты жекешелендіріп барлық байлығын бөліп-бөліп алып болайық. Сосын бәрін тол-

тырып тіреп қоямыз, күйеуіңді байытып шіреп қоямыз, қарынымыз шығып бір тоямыз, әзірше тойға торғай соямыз, жекеге алмаған торғайдан басқа не қалды, -деді бригадир ішінен үйіне жоқшылықтың кіре қоймағанына шүкіршілік етіп. Бірақ, талапайда қалыс қалғанына аздап өкпесі бар. Үлестің у-ду үстінде мәселенің төтесі айтқанда өзіне ылғи да азы бұйырады. Эттегенайы сол жанына батады, жүрексізбін деп тынады...

-Ой, ауылда бай көбейсе кедейдің аты жойылады, бәрін де өзінің қатарына тартады, самолетке жүгін артады, әрине, жатып ішер жұмыс істемегендерге шатақ. Олар қатықсыз қара көже ішіп бүк түсіп жатады, -деп бригадир жалған айтатынына ішім кебер демеді. Сөйтіп, сухитып отырып Талғытты ертіп бригадир шығып кетті. Әлгі Қиқым бригадирің үйіне барып Абайды оқыса жақсы ғой. Оқымайды. Одан да шет елдің көргенсіз киносын телевизордан іздеп тауып көріп, диванда шалжиып қарынын сипап жатады. Әй, кемпір біздің үйде бәрі жеткілікті, ал елде шөп, көмір, ет жоқ, деп бүгінгі барлығына мәз боп үн қатады. Директордың да одан асып бара жатқаны жоқ, дегенмен бай болуды аңсап, бұйырсын, бұйырмасын алам дегенін алады. Оның қолын кім қағады. Жұрт үш-төрттен шет елдік автокөлік алса, ол қалыспайды. Екі-екіден катөж салса, ол тағы қалыспайды. Байлықты таңдайды, бай болады. Қалтасында құдіреттейтін мөрі, орынтағы бар адамға бәрі жарасады. Ал кедейлер кедейлікті таңдаған екен, адалдық жолдан айнымаған екен, қолын кім қағады, өздері қалады, кедей болсын. Абай елдің сиқын бұзды деп кіжінгенде, жер-жебіріне жеткізіп сынағанда бүгінгі байды сынаған жоқ. Абай сынады екен деп түзеле қалса ұят емес пе? Жиған терген мүлкін, байлығын кедейлерге көзі қиып үлестіріп бере алар ма? Әділетті болдың деп біреу сонда мақтар деймісің. Өзі тәрізді әкемдерден байлығы кем түссе тірі өлім емес пе? Ілмиген ит бүкіл ит біткеннің мазағындай боп кедей-кешіктік тұрмысын кешіп жүрсе оған кім ел басқартады? Тәрдегі басын есікке сүйреген ақылсыз неме деп орнынан мұрттай ұшырар. Абай сынап берсін, елдің сиқын түбінде түзейміз. Әуелі өзіміз шылқыған бай бо-

лып аламыз. Сосын құлша жүріп жұмыс істейтіндер ауылда жетіп жатыр. Аз-кем еңбегіне бағалап сабын, ұнтақ, көйлек-көншек, шай-суын беріп жарылқаймыз. Қытайдың арзан киімі денемізді қышытып қотыр болдық, дейді кейбірі, қышыған жерін қасып, ұйқысын ашып, аяғын шекіп басып жүре бермей ме? Оу, біреу оның арқасын қасып, бере ме? Жұрт осы қызық... Елде киім бүтін, көжекөкірі бар, бұл Абай сынынан қортынды шықты деген емес пе? Түсіну керек, аспандағы Айды әпер деуге болмайды ғой. Әркім ұятына түсіністікпен қарасын. Байды күндеген оңбайды ғой. Әкім, басшы күледі. Тоқтықтың, уайым, қайғы жоқтың, ойсыздық күлкісі:» Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қалпың. Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың», -дейді Абай. Әкім болар алдында, Абайдан сынақ тапсырса бүйтіп күлмес еді. Ұрлық-қарлық, тонау, талан-тараж, алдау, арбауға ешкім бармас еді. Онда өмірдің сәні қайсы? Елін талап езуін тілсе айызы қанады. Абайдың сатирасынан шошынып сезіктенбес. Бүгінгі басшы біреуді алдаса да күледі. Біреу дейтіні өз туысы, ет жақыны. Оның үйінде үнем жоқ болса да күледі. Ол да өз туысы, бауыры. Күлмей қайтеді. Өзінде асып, төгіліп жатқан байлығы әлі көзіне түк көрінбейтіндей. Тіпті жетпейтін тәрізді. Сондықтан туыстарына да бөліп беретін ештеңесі жоқтығына күледі. Сөйтіп, алдап, сулап шығарып салса да әкімнің білгірлігі. Қайтеді, алдаған рахаттана күледі, алданған жылайды. Бәрі дұрыс. Ол өмір заңдылығы, капитализмнің алғырлығы. Адам сынақ алаңы бәріне шыдайсың, социализм айналып келіп жегіштерді төркілесе күйіктің күлкісін сонда көрер едің. Ұрылар табаны жерге тимей дедектеп жетер еді, төркіленгеннен Сағызбайлар үлесін алып қуанып кетер еді. «Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?» Апыр-ай, Абай сатирасы жүрегіне шаншудай қадалады. Қорқыншыты. Суық. Қатерді төндіреді. Бірақ, Абай заманындағы байлардан біз артықтау шығармыз. Автокөлік, самолет, үй толы әдемі жиһаздар. Асып, тасу. Әлемдік дүние, мүлік. Ат басындай алтыннан да артық болар. Халқым аман болсын, табан еті, маңдай тері қайда шашылып қалмаған. Жиған мүлкімде аққан көздің жасы

жоқ па? Жоқ, ә? Алдай білу де, ала білу де өнер. Оған да еңбек сіңіресің. Жүзім күліп тұрып, байлықты өзіме икем-деп тілеп тұрсам... оның өзі де орасан күш, қуатты тілейді. Абайдың сынаған байлары күлмеген шығар. Күлуді қайтсін. Білімдері жетпеді ғой. Ол уақытта мәздікпен жыртың-жыртың күлсе, біз сыңғыр-сыңғыр, сылдыр-сылдыр сыпайы күлеміз. Сондықтан Абай сатирасының бізге қатысы жоқ. Бізден бұрынғыны сынағын. Біз құдай атпаған, керісінше құдайға жаққандармыз. Шайтанның да қулық, сұмдығын тапқандармыз. Шайтанның иектеуін түгел орындаймыз. Жоқ, ә? Дөкей әкім қателеседі. Абай бүгінгі қырт, сырттарды, ертеңгі мейірімсіз келе жатқан тым қатыгез байларды сынады. (Айтпақшы, Талғыт электр қуаты қымбаттағасын, тоқты үнемдеп пайдаланам, ұрлаймын деп тоққа түсіп о дүниеге кете барды. Ауыл бір маскүнемінен айырылып қалды). Жә, дүкенде арақ сықап тұрса, оны ішетін адам табылатыны бес енеден белгілі. Әңгіме онда тұрған жоқ, біз Абайдың бір өлеңіндегі сатиралық уыттылықтың құдіретіне бас иіп қалам тарттық. Пенденің денесіне сіңген қоқысты тазартып, ар адалдығына жүгіндіретін Абай сатирасы әр өлеңінде де осындай қалың бояумен өшпес ізін тастап отырады. Қыңырды жөнге салып, қисықты түзеуге қызмет ететін сатираны Абайдан үйренген пенде тәубасына келіп адалдық жолына бұрылып, өзін-өзі еңбегімен асырауды үйренуге үндейді. Оған білгір жүрек, ақылды ми, ең бастысы имандылық, обал, сауапты білу, ұят-ар керек, жігерді желпінтетін намыс...

-Абайдан кейіннен түрлі жамандықпен күресетін сатира бар ма?-деді Тымыр.

-Неге болмасын. Қазақтың әзіл, қалжыңы, жеңіл қағытпасы жетеді. Жиенғали сатирасы да Абай айтқан түзулік шеңберінде дамыды. Абайды таза жүрек, адал қолымен ұстады. Өйткені, әлемдегі жеті киенің ең киелісі Абай сатирасында екенін ұққан Жиенғали өзінің Гоголь шығармасын шендестіре отырып аударғаны мың түрлі амалды тапқаны шығар, -деді Қымыр желіккендердің желкесін үзетіндей ащы сынды құрметтеп.

Көзінен жарық дүние бұлбұл ұшып ажалмен арпалысып жатқан Абайдың нағашысы айтқыш Қонтайға әлсін-әлі дем салған молда:» Шешен Қонтай атанып аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермей үш жүзге есімің тарады. Айтқан ақылды сөзіңді жұрт заңға балады, енді жұмақтан үміт етуден басқа арманың қалмаған шығар, -дей беріпті. Өзге тірлігі бітсе де, сезімі сөнбеген Қонтай өшіккен ажалды ақырғы қуатымен тоқтаттысы келіп арпалысып:

– Молдаеке, арманы таусылған пендені көрдің бе, көрген жоқсың. Жер астында тірлігі жетіскенді, бақытқа бөленгенді көрген жоқсың. О дүниеде қыл көпірдің үстінде тұрғандардың мұң-шерін, арман, тілегін өзің айтқандай барып, келіп жүргендей мөлдіретсең де, құлағыңмен естіп, көзіңмен көрген жоқсың. Қыл көпірдің үстінде қалтырап тұрғанымда шыңырауға итеріп жіберетін жын-пері бар ма, жоқ па, оны да білмейсің. Жер мен көктің арасы шексіз болса шыбын жаным қайда барып байыз табады, оның да анығын айтып бере алмайсың. Сөзден жеңіліп көрмеген менің даңқымды құрметтеп қандай періште күтіп алады, босағаға сілейтіп тұрғызбай төріне отырғыза ма? Қор қыздары қасымда бола ма? Ажалдан үрейленбеуім үшін жұмақтағы көрген, білгеніңді, естігеніңді дұрыстап сендіріп айт? Тірлігімде аяғымды шалыс басып, сүрінбеп едім, жан алғыш тілге келмей дүниеде жоқ жауыздығын істегелі күш, қуатымды алып тұр, көз алдымда аштан өлгендердің өлігі бірін бірі талап жеп тұр, міне, ажал албасты соны көзіме көрсетіп енді қалай шошып өлмес екенсің деп көкірегімді езіп, қылғындырып бетіме бетін тақап төніп тұр, байқа молда, демің күшті болса дем сал, -деп жаны үзілгенде молда таңырқап ақылды, есті, айтқыш адам ажалдан да тайсалмайды екен деп дұғасына тұншыққандай естен танып қалыпты деседі. «Дүниенің тартып жүрмін жапаларын» деп Абай айтқандай айтқыш Қонтай туралы ел аузында, шайпау мінездіні шалып түсетін, зұлымдықтың жынын қағып түсетін, алааузыдыны алып түсетін, сұрқияның ізін бағып түсетін, талай мағналы сөз қалғанын ешқашанда ұмытармыз ба?

-Абайдан кейінгі... «Жаныққаннан құныққан жанман деуші еді. Құныққанға қыйлы-қыйлы сын айтсаң да қыңбайды, ойлайтыны айла, ойлайтыны пайда, - деп Тымыр көше тазалайтын күрегіне қарап сабырын сақтаса да:» Қабырғамен кеңесіп, өзің ойлап қарасаң, адал еңбегіңді сіңіріп тер төкпей, борбайсозды боп жұмыс етпей, екіні төрт етем деп шала бүлініп пара беріп орынтақ іздеп кетпей, қайратына сенетін аз ба? Көзің жетіп, ойыңа келмейтін құпиялы қулықты көре-көре көзіміз қарықты...

-Қайтесің шаршап, бұл сенің де менің де айтар сөзіміз емес. Тесік ауыз тек тұрмас, дегенің болмаса. Әділетсіздік өрт, оны пенде өзі тұтатады, оның аяғы еліңді жұтатады. Заңды бағалап, қоғамдық тәртіпті жүз пайыз кім сақтайды. Сайтан желкеден түйіп жарлы байға жетсем, бай құдайға жетсем дегізіп тұр. Әлсіздің қақын үстемдікке жегізіп тұр. Айтарға тіл жетпейді, ащы сөз оларға өтпейді. Беті безеріп мың құбылып біресе қасқырдың терісін жамылады, біресе түлкінің терісін жамылады. Кейде түңіліп ойласаң Мұраттың жырындағы қалмақтың қарғысы есіңе түседі: «Ұлың менен қызыңның біреу көрсін пайдасын» -десе шет елге сатылған 6791 баланың әрбірінің бағасы 35-40 доллардан екен. Бұл қарғыстың қате кетпегені ме? Өзің ойлан? Мен жыларман боламын.

-Бөсекенің дүлей зұлымдығы дейсің ғой. «Парақордан байың болсын, алтын сарайдай жайың болсын!» деген әйелдер арманы, тілегі орындалып қалған түрі бар.

-Сәбидің көз жасынан байлық табу әлемде біздің елде шығар, - деп Қымыр: «Төрелігін айтқанда депутат Тито Сыздықов болашаққа көз жіберіп, ой тастап: «Жетімдер үйі өзіміздің азаматтарға бала бергісі келмей, сіресіп, түрлі сылтау тауып тіресіп қалады. Онысы көкейін пайда тескендігі. Грузия, Украина, Эстония шет елге бала сатпайды, ойлаңызшы адамды саз балшықтан илеп таппайды, біздің ісіміз түңілдіреді, мұның аяғы өкінішпен тынады. Алған пара пайдасы үрей боп шығады...

-Сөз жоқ дейсің бе?-деді Тымыр.

-Парақорды құрықтауға сот, заң орындарын айтасың. Соттың өзі қылмыс жасаса бетің күйіп қалмақ қарғысындағы: «...Екінші айдау келгенде, өзің қолға тұтылып, қатын, балаң шуласың!» дегеніндей сот сотталар дейсің бе? Қарға қарғаның көзін шұқыды дегенді естімеген шығарсың. Қоғамның мән-жайын содан-ақ ұғарсың. Параны сен бермесең басқа біреу береді. Жұқпалы дерттен жаман, игеру бермейтін өрттен жаман. Жемқорлық, пара» бәсекесі» халықтың 64,2 пайызына қатысты делінсе қарғысқа тап болғанымыз емей немене? Қысқасы көн жамаған беттерге сығырая қарап, түк білмегендей жөніңе жүре бер. Түптің-түбінде парақорлықтың да жұлынына қауіп төніп, қаққанда қанын, соққан сөлін алатын заңдылық келер. Оған дейін көшенің көң-қоқырын тазарта тұралық, -деп Қымыр өзінің еңбек ету асыл борышы екенін ұқтырды да, жаратқанға жалынып, жақсылықты іздедің екен, кейде түңілесің. Алаяқ сұмдар көбейіп, үмітінді әуреге салып үзгенің.. Осы кезде қоқыс толы қоларбасын жылжытып Тымыр келді де: -Абай болмасаң, аңқау боп аузыңды ашып жүрсең, жиған, тергенінді, абройыңды бір жын қағып кетеді екен. Өзіңе-өзің мұқият бол деген ақылды тыңдау бүгінгі ағыл-тегіл баршылықта есіңнен шығады екен. Әйтпесе, алпауыт компанияларға не көрініпті?-деді бір қылмыс ізін аңлап. Барды балама, жоқты санама, депті қазақ. Бабамның әр сөзі жөн-ақ.

-Өкіндірер демейтіндер оңай олжадан тартынбайды. Бақыт жер соқтырып кетті деп, өне Болат табаны тозып сотқа жүгіріп жүр. Қымыр жүзіне күлкі үйірді де:» Әпенде жол үстінде келе жатып қол басындай алтын тауып алыпты. (Степногорскінің алтын кенінен ұрланғанның қапшығының түбінен түсіп баайқаусызда қалғандай). Сонда ол қуанғаннан өзіне-өзі күбірлей сөйлеп : -Ей, құдай өзім тауып алсам да, сен» мен бердім» дейсің-ау, -деп алтынды қалтасына асығыс салып жатып, аспанға тесірөйе қарапты. Онысын өзі біледі. Үйге келгесін қалтасын қараса, алтыны түсіп қалыпты. Сонда тағы да аспанға қарап:-Ей, құдай, ойнап айтқанды да көтере алмайды екенсің ғой, -деген екен. Сол әпенденің өкінішіндей шет елден келген» Пар-

кер Дриллинг Компани Интериэшил ЛТД» компаниясы 10 миллиард теңгені жұмыртқа басқан тауықтай бауырына тығып, салық және басқа төлемді төлемей тайқып кетпек болған екен. И-и, ақырында арам ой жүзеге аспай сот арқылы өндіріліпті. «О, құдай-ау, бұйырмаған бұттан кетеді болғаны ма? Жұрттың бөрі жеп жатқасын қызығып едік» деп әпендіге ұқсап аспанға қарапты. Аспан:» Таза болмасаң тақырға отырасың!» дегендей үн қатса керек. Үш айда ел ырысына суық қол жүгірткен 134 қылмыскер де аспанға қарап:» басынып едік, басымыз кетпесе екен?-деп жаратқанға жалбарыныпты. Жалбарынуы да алдау. Ондайды Абай айтқан:» нанасың не айтса да амалың жоқ, түсінде бір кәдік жоқ» алдар» деген. Осылай қандай қылмыскер де алдауды жақсы біледі Сөзіне күмән келтірмей көңіліңді тындырады. Әйтпесе, олжаға кенеле ме? Артынан саныңды соқсаң обалың өзіңе. Қалай көзіме қарамадым деп жатта бозда, бөлем. Түріңнен туыс, туғаның шошып амандасудан да қашар.

ШУМЕРДЕН КЕЙІН

Көзге түрткісіз қараңғылықтың кейде минөтінде жапжарық боп жайнап кететін құпия құбылысына айранасыр болар едіңіз. Ондайда өзіңді өзің игере де алмай қаласыз. Бөрі де заңды нәрсе деп түсінесіз. Сол жарқыраған жарықты қанатына қондырып таратқандай ақ құс алдында шықылық атып тұрса қайтер едіңіз? Қаның салқындай ма, жаның салқындай ма? Әлде ғайыптан кеңес күтесің бе? Көзі ілініп бара жатқанда осындай сиқырлы құбылысқа өзің болсаң да таңырқайсың. Жалғыз ауыз сөз ғажап деп ойға қаласың. Сол сәтінде қуанғандай кейіппен Мұхамбетжан Ағудаұлы Әбди ақ құсқа тесіле қарап:

– Қай ғасырдан хабар, ошар жеткізбексің? – деп сұрақ қойғандай жұқа еріні жыбырлап, қоңыр көзі тым алысты бағдарлап, ойын жүйелей бастады. – Бұл қалай, пейлімнің кеңдігін, бас алмай ізденгенімді ақ құс түсінді ме? Білетінім аз, білмейтінім толып жаты. Адалын айтқанда бүгінгі бас көтермей ізденісім келер ғасырлардың ұрпағына

азда болса мәлімет болса деу ғана. Біз болсақ қазірде кім екенімізді әлі жете түсіне алмай жатырмыз. Сақтанбасаң ақыры қымбатқа түсетін түрі бар. Шетелшілдердің ұнамсыз жағдайы белең алып барады. Өткен ғасырлардан қалған үрейден сары ауруға шалдыққан дене кейбірімізге ешнәрсені байқатар емес. Басымыздан өткен мейірімсіз кезеңдер, пасық орта, толып жүрген алаяқ, қанішер залым, шайтанмінез жексұрындар ақылдыны азаптады, тектіні құртты. Аждаһаның аузынан жаншылып шыққан адам қорқақ, тым әлсіз болады, еркіндіктің мәнін түсіне бермейді. Ақ құс мұның бәрі өзіңе мәлім шығар.

Шумерден кейінгі тарих, құрып қалғыр миллиондаған жылдар бұрын адамдар жерді мекендеді. Солар басында бір әке, бір анадан тарағаны кәдіксіз болар. Оның несі таң? Бірақ біздің дәуірімізге дейінгі тірлікті, тарихты жұрттың бәрі біле бере ме? Біреулер жерді күн айналады десе сене кететін білімсіздігі жетеді ғой. Он екі миллионнан астам бүгінгі қазақтың ішінде де аңқауларымыз, сенгіштеріміз аз емес. Шет елге ұқсаймын деушілердің өнегесі ноль шығар. Жә, сонымен, ақ құс, қандай қатесіз турасын айтарың бар?

– Айтарым көп, – деп ақ құсқа қарап ерте дүние тарихының саңылаулы тұсына ой жүгіртер едің:» Жер бетіне адамдар пайда болғанына ғалымдар жетпіс миллион жыл десін, жеті миллион жыл десін, қалай десе де біздің дәуірімізден 5000 жыл бұрын Вавилон тілі пайда болып, мемлекеті аталған тұста Тигр мен Евфрат өзені бойын мекендеген шумирлер дөңгелікті арбаны іске жаратқан. Содан бастап шумирлер, қытайлар және басқа көршілері жазуды ойластырған, қала тұрғызып өркендеген. Бір қаласы Киш атанған. Бұдан төрт мың жыл бұрын Хараппа және Мохенджо Даро қалалары өркендеп аса үлкен жер сілкірудің зардабынан жойылып кеткен деседі ғалымдар. Демек, қаншама өркениет жер бетінде қарыштап дамып тұрып жойылып кеткен. Греция дәуірінен бұрын да азиялық мәдениеттің дамығанына тасқа жазылған шежірелер айқындап отыр. Халық болғасын сөз болады. Түрлі бағытта дамиды.

– «Сөздің мәні, мағынасы қалай, біздің тілге ұқсай ма?» дерсіз.

– Кіші деген қазақ сөзін білдірсе, көрші венгрлерде Балотон сөзі бар болса, патша Утухенгал деген екі сөзді жіктегенде» утухот, Янғалы» деп жаңғалы, сонда Отжанғалы деген қазақшаға жуықтайды. Шумерлер Умму қаласын құдайдың сүйікті қаласы деп дәріптеген. Ал араб тілінде уммаана, қазақтар Ұмай ана дейді ғой. Сөз білетіндер осылайша түсінсе артық па? Шынымен де қазақтардың ататегі ертеден өзгелермен бірге өмір сүрген деп үміттенесіз.

– Тұспалдап айтқанның өзі шындыққа тұрарлық, – деген сағым тасасында тұрған ақ құс жаны қалағандық танытқандай қанатын қағып, қағып сілкініп қойды.

– Сөзді зерттеу арқылы адамзаттың ең алыста қалған өмірінен азда болса хабардар болатын шығармыз және адамдардың ерте, ертеден туысқандығын да аңғармаймыз ба? Ежелгі әрбір сөзді қадірлегенге не жетсін, Мұхамбетжан, – дегенде ол қоңыр жүзіндегі білгірлікті, ізденгіштікті жылы үнмен айта бастады.

– Заманында перғауындар елінің даңқы жер жарғанға ұқсайды. Судан дейсің бе, Куш елі дейсің бе, біздің жыл санауымызға дейінгі екі жарым мың жыл өмір сүргендері елін де, жерін де гүлдендірген. Куш деген сөз қазақтың күш деген сөзіндей емес пе? Осы мемлекеттердің Мероэ қаласын зерттеген ағылшын тарихшысы Бэзил Дэвидсон: «Мероэ мен оның төңірегіндегі сарайлар, ғибадатханалар осыдан екі мың жылдан астам уақыт бұрын гүлденген көркейген цивилизацияның ізін аңғартады... Кейбір тұстан түнеріп Күн құдайы Амон Раның иесіз қалған гранит мүсіні көрінеді. Ышқына соққан жел бұл жердің үстінен құмның жалқын сары тозаңын дамылсыз боратып тұрады... «деп жазғаны бар ғой. Абайла адамдар, сол тозаң талай сұлулардың денесі, аруақтары бәкім шаң болып көрінер. Абайла адам, топырақты басқан сайын иманыңды үйіріп дұға қыл.

– Айтпағымыз ерте дүние адамдарында сөз болды, іс атқарылды, ғылымы дамыды, табиғатты игерді, төскейде малы, төсекте басы қосылды, ұрпақ өсірді, – дейміз.

– Әрине, Қуш мемлекеті темір өндірісін өркендетіп, темірден түрлі бұйымдар, қару, жарақтар шығарып гүрлегені соншалық, оған ешбір жау қарсы келіп тізе бүктіре алмаған деседі. Ал, шумерлерде» Кокан» деген сөз бар, «кок» аспан, «Ан» жоғарғы құдай деген мағынаны білдірсе керек. Тағы бір қызығы Майәмира өзенін айтсақ Майя кете руының тармағы, «ир» жер, сонда Майя жері деген сөз шықпай ма? Ал «Сакитиграхуда» деген сөз бар, мұның мағнасы сақ елі дегенге ұқсайды. Сондайақ гректерде агейские деген халықты скифтердің аға, үлкен сөзінен шықпай ма? Жер атауы Боспор болса, қазақшаға» басбұр» деген сөз десек, сондайақ ертедегі үнділерде куру деген сөз бар, қазақша кіру деген сөз емес пе екен? Немесе Аниба сөзі түркілерше» анапа» делінбей ме? Айта берсек біздің жыл санауымызға дейінгі мыңдаған, миллиондаған жылдар дейсің бе, жер бетіндегі халықтар арасында қазақтардың да ата, тегі өмір сүргенін әрбір халықтардың сөз қорынан дәлелдеп табуға болады. Демек, ежелгі сөздердің бірбіріне ұқсастығы арқылы қоңсы қонған халықтардың түсінікті тірлігі де, білгірлігі де байқалады.

Мұхамбетжанның «Шумерден кейінгі деген екі томдық кітабындаға әр елдің сөз байланыстарын айтып тауыса алмайсың. Осындай алғыр ой, қайырымды жұмысты еске ала отырып Әбуғалисина Әбілхаристың тарихи дастанындағы:

«Дүние кейде судың сағымындай,
Кей кезде биік құмның шағылындай.
Жыландай иреңдеген кей кездерде,
Кей кезде аққан судың ағынындай.
Дүниенің бір мысалы көрген түстей,
Жоқ болған қапелімде жемейішпей.
Бірде бар, бірде зәһәр нақыштаған,
Жұрсек те қысы, жазы аттан түспей», –

дегені ойға орала береді. Пенде талантты, ақылды, ойшыл, ақпейіл, адал, таза болғысы келеді. Бірақ оны жаратқан барлық адамға сыйлай бере ме? Өкіндіреді,

күйіндіреді, жылатады, елін талауға түсіреді, қырады, ажал құштырады. Адамдардың көзінен таса жүретін шайтандардың ойранды әрекеті тоқтамайды. Оған дәлел жетерлік. АҚШтың қарулы күштері Вьетнамның территориясына 7 миллион тонна бомба тастап қырып, жойды, бұл дегеніңіз екінші дүниежүзілік соғыста жұмсалынған бомбадан үш есе артып, 1965-1973 жылдар аралығында 1 миллион 435 мың адамды қырып салды. Алты индустриялды орталығының үшеуі жер бетінен жойылса, 530 ғибадатхана мен тарихи ескерткіштердің күлі көкке ұшты. Жалғыз Вьетнам ба, АҚШ талай қақтығыс, соғыстарға араласты. Қан төгілгеннің есебін айту қиын. Егер қара дауыл құйын топырақты суырып ұшып жатқанда қанға малынған адамдар соғысшылдың көз алдына елестесе шошынып, ақыл, есінен адасар ма еді. Қайдам. Құйын апаты жүріп жатыр, оның себебін түсінуден қалғандар тірлігі шымшытырық. Ерте заманнан бері басқаның өмірін құртуға, елін, жерін ойрандап, байлығын тартып алуға деген зұлымдық тоқтаған емес. Аяушылық сезімді жексұрындық пиғыл алмастырған. Сонда қайырымды, ақылды, халықты сүйетін мемлекет басшылары сирек кездескен ғой. Бәрібір қандай жағдайда да адамдар санасында сөз сақталып қалды, отқа күйген жоқ, суға батқан жоқ. Айтпақшы, Ақтөбенің «Диапазон» газетінде №34 (813) 2009 жылдың 27 августағы санында британдық ғалымдар: «Адам ата, Хауа ананың бау, бақшасын Ақтөбеден таптық деп әлемге жар салды. Бұл дегенің ежелгі дәуірдің жаңылмаған ізі екен, асқан тапқырлық деп қуанасың. Тарих солай, Шумерден кейін де жұмыр жер өзгерістерге толы, британдық тағы бір ғалым Роберт Смиттің болжамы бойынша жердің өмір сүруіне 7,6 миллиард жыл барлығын айтқанына тоқтап шүкіршілік етелік» . Осы кезде әлгі ақ құс Тазшаның қағаз қайығына барып қонақтай кетті. Тірліктің түрлі шатағынан безгені шығар...

КИІЗ ҚАЗЫҚ

«Шын патшаның құзырына уақыт ғана бағынбас.
Өйткені, ол – Адамның ұлы, құдайдың құлы.
Жаратушы ием маған да сондай тағдыр сыйлаған.
Қарамағымдағы халық қармағымдағы балық емес.
Қарызым да, парызым да, өмірім де,
сол пенделердің пешенесіне жазылған.
Қиямет қайым күні солардың тым болмаса
біреуі етегіме жармасып, қайыр тілеп,
қарғыс айтып қалмай қойғанын қаламас едім...»
Әмір Темір

1

Таң атса болды алып адам таудың тасын жарғандай екі пұттық балғасымен киіз қазықты ұрғылайды да жатады. Жаңғырыққан дыбысқа арыстанның үні қосылады. Ормандағы аң, құс біткен бір сәтке жым болып тыңдап қалады. Түлкі ғана құйрығын былаңдатып жасқануды білмей, аң патшасы арыстан болсаң да алдауыма түсерсің, үрейден қорықпайтын алпыс түрлі айлам бар екенін тірі жан ұмытпайтын шығар деп желігіп бара жатты...

Мың құлпырып, түрлі бояуымен көзді қызықтыратын тыныштық құдіретін ойлап Тазша ежелгі тарихты білмеу құр далбасалық болар еді-ау деп адамзат өміріндегі өшпес ойларды түгендегісі келді. Таза жүрегіне ерік беріп шегініс жасады. Пенденің мұң мен сырын жеткізер дерек әріде... өткен ғасырларға үңіле біл, керегінді табасың.

Біраз көңілі көтерілген Тазша қағаз қайығының ерте дүниеден жеткен деректерге көзін салып, ой жүгіртпекші болып тетікті басып қалды. «Шайтаннан жаралған пенделерге өлім жоқ па?» деп ақын күбір еткендей болды ма? Гораций рим ақынының рухы дейді. Оу, біздің жыл санауымызға дейінгі 59 жыл дейді. Ақын ақ таңды қарсы алмай ма? Далаға шығып сілкініп бой жазбай ма? Аспандағы жүйткі көшкен бұлтқа сүйсіне қарайды екен. Осы кезде ағаш басындағы ойнақ салып жүрген

маймылдардың еркегі ұрғашысын бауырына қысып, құшып шаруасын бітіргесін аяғынан ұстап қарсысындағы ағаштың бұтағына лақтырып жібереді. Байқаусызда жазым болады деп аяушылықты білмейді. Өзгенің өмірі арзан, өз тірлігі қымбат. Оған ұрғашысы да кектенбейді, аралары арылмай ұяластарымен күліп, ойнап тарта береді. Батылсыз, тынысы біткендей үнсіз. Жарық күнді көргеніне мәздікпен көңілі ағарып, жайланған. Аталық әлдінің қандай төмпеші болса да шыдап үйренген. Денесі ауырса да білдіргісі жоқ. Ми қатпа тірліктерінде төрт-бес еркек маймыл бірімен-бірі төбелесіп қанжоса боп жатады, орман ағашы, мол азығы жетпей ме? Әлдісі әлсізді сонша зәбірлейді, соны қызық көріп өзгелері тамашалайды. Араша түсу жоқ, тобырына үстемдік құратын әлгі еркек маймыл ләззатын тапты да, ұрғашысын лақтыра салды. Жазатайым мерт болса да бәрібір. Қорлыққа кектеніп әлсіздер жабылып тірлігіме кесел келтірер демейді. Көкірегін сұғытады, ал ұрпағының тілегін тілеп, татулықты бірігіп сақтамайтыны несі? Әлсіздерді талайды, жүректеріне шер қатырады. Ауру, сырқау әлсірегенді жұбату орнына қорлау табиғаттағы тіршілік арпалысы ма? Ал қасқар бірінің денесінен таласқанда қан шықса бәрі жабылып жеп қояды. Табиғатта күштілер ғана өмір сүре бере ме? – деп ақын оймен арпалысып тұрды да:» Опасыздың ызғарлы бейнесі қандай жиіркенішті. Опасыз тіршіліктің кешірімсіз жаулығы. Осал болдың, қор болдың, тасжүрекке жем болдың... Өмір сүруің қыл үстінде кем болды. Өрқашанғы анығы солай, тірлік етушінің қасиетсіз жағының шопырлығы солай. Жаратылған жанның көзге бадырайып көрініп тұрған зұлымдығы солай. Асыл қасиетім адалдығым деу бекер ме сонда?

– Болмыс, – деп күбір етті.

– Адамдар да қамсыз. Жан жаралы, жексұрындар жетерлік, – деп жел ызың еткендей еді.

– Жер бетінде екі аяқты көп емес қой. Ойға салса әркімнің өлшеулі тағдыры, шыр етіп жерге түскеннен есептеулі өмірі бар. Жұтар ауасы, татар дәмі бар. Жер басып тірі жүруге жан біткеннің бәрі азаптанады, талас,

тартыс, ылғи арпалыс, біреулері даңқты іздейді, өктемдік құрып еліреді, залым болғанын өзіне лайқатты деп түсінеді. Айналасының бәрін жалмап жерін, байлығын тартып алады, қарғыс оңдырмай түрлі апаттан тұқымы жойыларын білмейді, – деп ақын ойын қағазға түртті ме екен?

Қырқысудың зардабы шер, қайғы,
Ажал болып, мазақтайды қорлайды.
Алдайды үміт сенім менен арманды,
Әлсіздердің жолы сірә болмайды, –

деп Гораций жыр жолын төгілдірді ме екен? Аспанға иелік ету үшін Зевспен күрескен Титан болар ма? Бейнесі көз алдында көлеңдеді ме? Әлсізді қорғаймын деп қай заманда да ерлер бұрқана түспеді. Батыр атанды, халқын қорғады, жүректерін шайтан билеген зұлымдардың зәресін алды. Оны кім түсінді. Бәрібір табиғаттағы тірлігі мұңға айналған әлсіз өз өмірін азаптап жүрер жолынан жаңылып басымен қайғы болып жатады. Ері аяғынан ұстап лақтырған ұрғашы маймыл ұрпақ дүниеге келісімен зөбірін ұмытып аналық балғын төсі балбырап көрген, баққаны бақытылық деп түсінетіні кәдіксіз. Ерінің тым қатал суық мінезін, аяусыз қорлауын сүйіспендік деп сезінетіні денесімен бірге жаралған қасиеті ме? Жә, бүкіл маймылға билікті өзім құрамын, уысымда үреймен ұстаймын деп дүлейленген бір еркегі опасыздықтың, зұлымдықтың не түрін жүзеге асырып орман ішін күңіретіп жатты. Осындай қантөгіс жаулықты тоқтатуға Құдайдан көмек сұрағысы келген Прометей Зевстің көмекшісін сөзге тартқысы келсе, анау мұрынын шүйіріп, кекете күліп жұмған аузын ашпапты деседі. Үстемдік алдына келіп жалбарынғанның тілегін қабыл алмайды, көкірегіндегі шайтан даңқтысың иілгенің тірі өлім деп құлағына құйып тұрады. Тәсірудің, масығудың жиркеніштілігінен опасыздық, зұлымдық, қантөгіс жаулық адам жер бетіне келгеннен бері дамып келеді... Тасыған төгілерін білмейді, опасыз жеңілерін білмейді. Қырады қан шашады, байлыққа таласады. Толқыған теңіздердің тереңінде адамдардың ұйыған

қаны жатыр. Адам алғаш жер бетіне пайда болғанда от іздеп әуреге түсті деседі. Өлсіздер тасты-тасқа соғып отты тапқан бойда зәлім ойлылар тартып әкетіп қан қақсатқан деседі. Осы кезде бір есер екі пұттық балғамен таңның атысы, күннің батысына қарамай киіз қазықты соққылап» құртамын, жоямын!» деп әлемді жаңғырықтырып жатса керек. Жанына жақын жын-шайтандары сақ-сақ күліп еліктіріп тұрды деседі. Оған жердің киесінен қорықсаңшы, кие оңдырмайды шаң боп ұшасың, өлім құшасың! – деген естілерге құлақ аспай қан толы көзі түк сезбейтіндей соққылай беріпті. Шайтан дозақтан да қорықпаса, есалаң шайтанға арқа сүйеп қанды қырғынды да елемейді. Бұл нендей жауыздық, – деп ақын:» Жан дүниесі жылылыққа толыларды қорлап, мазақтау киіз қазықты жерге сіңірушіден басталды ма? Мейірімді жанды неге келекелейді. Жауыздың ұрты да қан, ішкі сезімі, сырты да қан. Маймылдың әлсізін талап тастағанынан үлгі алғаны ма? Адамда жыртқыштық мінез асып тұр ма? Киіз қазықты соғып жатқаны маңайындағылардың көңілін суытып, өзін албасты бейнесіне ұқсатады. Есуастар-ай және өздерін жер бетін төртіптейтін қаһарман санайтынын қайтерсің, -деп Гораций ызғарлы бейнеден түңілді. Игілікті іздеуші аз, жойғышысы көп. Құдайдың жан бергеніне місе тұтпай, айдың-күннің амандығына қуанбайтын албастылар барсың-ау дей берді де тарихшы Тациттің (55-120) ой-толғамына ерік берді. «Наным-сеніміңді текке шығында ма, талайдың жанын улар қасірет қалыңдай берер. Мысалы, Шың басына шыққан Арыстан Айды аламын деп қарғып мерт болғанын білесің. Ақылдан жұрдай, құдайын ұмытқан жан, жануар Жартқанның шамына тиіп сорлайды. Құдай біреу, қашанда Құдай жалғыз, мен жалғызбын. Жөнсіз зорлық, зомбылықты кешірмейді Жаратқан Ием... Біреудің жерін, дүние, мүлкін тартып алып кердеңкердендегендердің көзіне көртопырақ құйылады. Айға шапқан арыстандай зұлымдықтың тепкісі кешірілмейтін кекті туғызады. Кектің есесін қайтаратын текті көп.

– Өлгінде өзге тобырдан келіп өз-өзімен жайбырақат жүрген маймылдың үйірін ойрандап, көсемін талаған

сұмдық қырқысты көріп, жаралылардың аянышты үнсіздігін аяп толқыдым, – деп Горацій:

Зұлымның үйір-үйір құрамына,
Ойрандау үстемдіктің құралы ма?
Кектілік әлсіздерді дүр еткізер,
Ерік беріп тұрмайды шыдамына, –

деген оймен толқыды ма екен? Сөйтсе де мүлгіген қалың орманға көз тастап еді, аңдар шулап құлағының жарғағын жарғандай болды. Онысы есер адамның жерді солқылдата ұрып киіз қазықты жерге сіңіре алмай жатқан үрейінен шошуы ма? Қырқысу, жер тыныштық таппас-ау деп ақын күйзелген кезде шегір көзді біреу:

– Тоқтай тұр, жақсылықты жоқтай тұр, күннің қызуын, жердің тегін ырыздығына қанағат етпей қара шошқа өзінің торайын жеп қойды, қарғыс атып жабайы боп кетсін, малғұн. Оның етін жеген адам да нағыз бұзыққа айналып кетпесіне кепілдік жоқ, адал болғың келсе адал азықпен азықтан. Таза тектілік жардан да жығылмайды, оның құдіреті сайтан сезімдінің түсіне енсе де ұғылмайды, – деп күбірледі. Құс тұмсығы өтпейтін орманның анау-у алаңқайында қызыл түлкі құлығына мәз болып жабайы шошқаны мазақтап кетіп бара жатты. Ағаштың тосын сыбдырынан қорқатын қоян түлкіден жасырынып жер бетін үнемі қар басса кеуегімде жауға алдырмай жатар едім деп тілек тілгендей күйде. Татымсыз тілектің түрі.

Ақынның жаны жүдеу, онысы Жаратқанның жан берген рахатын бір-бірінен көпсініп, жер-көкті тарылтып, дәм-тұзын бөліспей қантөгісін таласатынға ренжулі еді. Өзгенің жанын өзіндей көріп неге елжіреп тұрмайды пенде. Туыс емес пе жаны бірлер. Адамда да шошқа, арыстан, түлкі, қоян мінезділері бірге жүретіні ме? Сосын шығар кейбіреу қол жетпейтінге жетемін деп, ойы жетпегенге өпіреммен өтемін деп менменситіні.

– Өкінішті ойларың жөн-ау, – деді Тацит:» Өкеміз Адам, анамыз Хауа Ана... бірі малшы, бірі егінші, не жетпеді ерегеспен бірін-бірі өлтірді Қабыл мен Абыл. Тірі жүргенді неге

бір-бірінен көпсінді. Жабайы шошқаның торайын жеген сұмдығынан үлгі алды ма? Адам мен Хауана жақсылықты аңсаудай аңсаса да ұрпағының қасіретін көргісі келмей, өмірден баз кешкен де болар, – деді Тит Ливий зұлымдықта жұқпалы дерт екенін болжап, айқынын анықтап:» Жұмыр жерде байлық таласы, тақ таласының қантөгісі тоқтамас. Алтынға бай Микен патша да өткен өмірден. О да тірлігінде қанағат еттім деген шығар. Біреудің байлық ыдысына қолыңды сұқпа, күнәсі, кінәсі ауыр, жазым келер жаныңа дегенді кім ескерді дейсің. Зевстың ұлы Гераклдың да жаугершілік жолдары шиыршық атып түп-түгел таза, жеңісті, жемісті болды деймісің. Қандайда тартыс, таласта байлық шашылады, пайда қайырлы делініп ұрпақтан ұрпаққа жұғысты бола бермейді. Тектілігі адалдықтың босағасына тұрақтайды. Айтпақшы есер дүлей ауыр балғасымен киіз қазықты ұрғылап, қапыда балғаның сабы сынып, балға өзінің басын жарып өліпті. «Ұра берсең киіз қазық жерге кіреді» дегенді аузына шайтан салды ма, есерлігінен ажал тауыпты. Ондай аусарлық ғасырлар бойы жалғысып, пенденің жағасына жармасып келеді. Пенде көкірегі тар, қызғаныштың қызыл иті аулақ кетпей үріп тұрады. Оны үрдіретін, іздеп табатын ібіліс.

* * *

Азғырғыш шайтан жер бетін кезіп өле алмай жүргелі қашан. Жұмыр жер хал-қы зұлымдықтан аузы күйіп, қанын төгіп безгені қашан! Адам қанын шашудан жиркенбейтіндер жердің киесін шындап ұғар деймісің, деген ғасырлардан жеткен үнді Тазша есіне алып:» АҚШ әлемге демократия орнатамын деп талай елдің жерін шұрқ тесіп бомбалап жатыр. Сөзге келіп, ақылға жүгіну арқылы жұмыр жерді тыныштыққа бөлейтін кезең келер ме екен? Татулыққа тақсірет жоламайды деген қазақи нағыз демократияны әлем түсінер ме? Түсінбегендіктен ғой, евроодаққа басын сұққан Грекия дағдарыстың таз телпегін киіп баяғы күніне зар болуда. Елге келген ауырлықты грек ойшылдарының рухы сезіп не айтарын білмей қалатын

шығар. Көзі ашық адам болашаққа ұйқылы-оая қарамау керек еді деп өкініш білдірер ме? Оу, бәрінен бұрын киіз қазықты жерге сіңіремін деген әумесер сықылды жерді бомбылай берсе әлемдегі жойқын қарулар лап етіп жұмыр жерді осінен шығарып алмасақ жарар еді. Әлем халқының күпті жүрегі содан сескенетін де болар... Адам өзінің күнәсі мен кінәсін сезінуден қалып барады. Тасқа басқан жазуларға көзін салудан гөрі шикі жасынан жынойнақтың насихатына құлшынуда, нәтижесінде мидағы адалдық сезім тұншығуда. Сайтан сезімнің ағыны қатты, шексіз еркіндеп әлемді жайлап барады. Ойлының қытығына тисе де дәрменсіздік басым өлім үрейінен сескенеді. Өзгені көндіремін деп бүлдіруден тарихымыз да кенде емес, грек тарихы, басқа да ұлттар тарихы ғасырлардан бері жалғасып бір-біріне ұқсастығын көрсетіп келеді», – деп Тазша ерліктердің жатқан орыны қан теңізінің үстінде екенін есіне алды. «Индер тауы, Тана қорғаны. Сырым батырдың екі мың сарбаздары, 1785 жылдың шілдесі деп есептеңіз. Дабыр-дұбыр әңгіме, байтақ даланы қасық қанымыз қалғанша қорғаймыз. Өзіл, қалжың, қылыш, найзалар бір-біріне соғылысып шыңқайрақтың дыбысын береді. Елеке, Барақта үш мың сарбаз, Жантөре, Жанболатта сегіз жүз қарулы топ. Байтақ даланы қорғай алатынына сенімдері нық. «Қазақ жеріне сұғынып, ауыл, елді қапыда ойрандаудан қалмақтар да, орыстар да көршімізге қиянат істегеніміз оңдырмас, төгілген қан, қарғыс қате кетпес деп қапперіне де алмайды. Көбінің кісіліктен қиғаш шытыр мінезі намысқа тиеді, кек қозады. Оның аяғы жаға жыртысу емес, қан төгіске тірейді деп түсінеді сарбаздар.

– Көршісін ойрандамаса ұйқысы қашып, өз ажалынан өлмей, қиғылық салса жаны жай табатын сорақылық, – дейді қара мұртты екі иығында екі сұңқары саңқылдап тұрған батыр. «Давидов деген губернатор Нұралы ханды дұрыс қабылдамай дөрекілік көрсетуі ұлтының абыройын төгіп, халқын жеккөріншіті атаққа қалдырарын түсінбегінін тарих ұмытпас. Қазақ бір қарын майды бір құмалақ шірітеді дегені сол. Ал Неплюев деген Орынборға басшылық еткенде:» Қайсақтарды шетінен бауыздап

тәртіптейсің деп соқты (...что нет другого способа управиться с кайсаками как только резить им» (Архив Гос. совета т. 1. с 815-818, 833, 841). Осыдан бастап қазақтар орыстан досың болса, жаныңда айбалтаң болсын деп сөз қалдырды. Бір адамның зұлымдық пікірі, әбестік ісі бүкіл ұлттың бетіне шіркеу болып сақталды. Басқаларды сақтандырды. Басқыншылықты мақсат еткен Орынбор төңірегінде Ресейдің 5500 әскері, оның 1300 казак, 200 ставрополдың қалмағы және басқалары. Е, жауласа кеткенде әдетте екі жақтан да адамдар қырылады, оның қаны Жайықтың тереңіне барып ұйып қалады. Адамдардың рухы көкпеңкөк аспанда зыр қағып тыншу таппай қанша ғасырлар өтседе зырылдап жүреді. Рух өлмейтіні долбар емес шындық. Жауыздықпен қан төгілген жерде нетүрлі апат тоқтамайды. Қарғыс атады деген сол. Соғыста жеңу бар, жеңілу бар, қантөгісте бәрібір шаттық жоқ, қалың қайғы, ғасырларға кететін кек, шемен шер, қанды қырғын ақталуға жатпайды. Жаулап алған жер де, байлық та құтсыз, қалың қайғы болып оралады. Әлсізге тырнағы батқанның да қуанышы сәттік, қасіреті қауіпті. Мұң, шер сұраусыз емес, жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен деген қазақ содыр сойқандықты жек көрген. Сосын да өзі барып өзгеге ұрынбаған, өзгенің байлығына, жеріне сұғынбаған. Басып кіргеннің басын алуға да құдіреті жетіп, өз обалы өзіне деп түйген-ді.

Тазша қағаз қайығындағы рухтың құдіретіне тоқтап бүгінгі көршілермен тыныштық аспанының қайырлы болуын тілеп дұғасын оқыды... Киіз қазықты есерленіп жерге сіңіргендей қырып, жойып байлығыңды тартып аламын дейтін сүргін қаскөйліктің жолы болып, ісі оңғарылатын ғасыры емес. Жұмыр жер халқы жаулыққа, астан кестен қырғынға жиркенішпен қарап қарсылығын күшейткен, бас көтеру дамыған кезең бұл... Греция ойшылдарның рухы да жамандықпен күресін тоқтата қоймас, сірә... Бүкіл жер зұлымдықтан сілкініп тұр... Адамзат аяғыңды аңлап бас дегендей көктен әлденендей қатал үн естіледі... Киіз қазықты жерге сіңіремін деп бомбалай берудің аяғы не жақсылық болар дейсің, – деп Тазша әркімнің үйі, мекені

берік қорғаны делінсе жоғарыдағы жаугершілік дерегіне сәл үзіліс беріп, қалың қол қасіретінде төгілген қан адамдардың бір-біріне жауығуы кімге пайда, кімге зиян екеніне онша ақыл керек еместе шығар... Зұлымдықпен күресудің амал, тәсілі байқалып, шындығы көрініп, терең ақиқаты анықтала бастаған ғасыр бұл. Оу, манағы ауыр балғамен киіз қазықты қағып қапыда о дүниелік болған есуасты жалғыз екен деп қалған жоқсыңдар ма? Қаланы да өртейтін, даланы да өртейтін, адамдарды да қырып салатын титан жаушыларының біразы ауыр балғамен киіз қазықты әлсін-әлі соққылап жаттығады деседі. Жендеттердің сәл тыныстағандағы күлкісі, езу тартуынан да өзге сескенетіндей болса керек. Осындайда алаңсыз азығын жеп жүрген түйеқұс әлгі сойқанның қара жерді гүрсілдетіп соғып жатқанына таңырқап, қос аяқпен бір теуіп қылжитпақшы боп ұмтылады да, батылы жетпей зыта жөнеледі. Түйеқұс аяқ күшімен соққанда пілдей жыртқышты да жайрата салатын болғандықтан талай жыртқыш маңына жоламайды. Өзі де қайратына сеніп әлсідің азығын тартып алып, белгілі алаңын меншіктеуге зауқы жоқ. Өзге тиіспесе, өзі ешбір аң, құсқа ұрынудан аулақ. Жаратқан жан тазалығын берген киелі құс... ұлттың рухани пішініндей кейде көзге елестеп арнамысыңды шыңдай түседі. Арман құс қанатында ма екен? Қанішерлерде құс қасиетіндей қасиет жоқ па? Әрине, жоқ. Шайтанның жетегіндегі әпербақан есерсоқтан сақтан деген қазақ...

2

Адамзат тарихында талай күн, талай түн өтіп уақыт алмасып, бағытымен өзгеріп жатады. Тірілердің арнамыс шайқасы тоқтау таппайды. Артық ақыл базарда да сатылмайды, түсінік солай, тірлікте біреулерге жақсақта, көбіне жақпаймыз. Өлгеннен кейін біреуді мақтаймыз, тағы біреуді даттаймыз. Ауызға тыным жоқ, шайтан азғырса ардан да аттаймыз. Бас қатырып жоққа еліктейміз, жақсылықтың түйінін шешуге тыры-

спаймыз. Бойкүйездікпен құрыстаймыз. Жаныңдағы жыртқыш жауыздардың да сауық сайраны тарқамайды. Айуандығынан үрейленіп маңынан қашық жүруді сирек ойлаймыз. «Көңілдегі сырды көз білдіреді» дегенді түсіне бермейміз. Сосын ізін білдірмейтін зәлімдік еркінсиді. Бірден бірге өршіп өлімші етеді. Қай заманнан бергі түрлі-түрлі тартыс солай. Рим тарихшысы Тацит толғанып;» Тарихта атын қалдыруды мақсат етіп бір есуас қапысын тауып бір қаланы өртеп жібергеніне не дерсің» -деп дауа жоқтығына тоқтаса керек. Бұл өзгенің қайғысын өз басынан өткізетін қайғыдай түсінбейтін мәжүндік. Шайтандық зұлымдықты қол қусырып мойындау ма? (Бәлкім, қазақтың:» атың шықпаса жер өрте» деген мазақ сөзі содан қалды ма екен? Т.Қ.) Ондай қырғында көрдегі қу сүйекті де суырып алып ойыншық ететіндей жексұрындар талайдың сорын қайнатқанын тарихшылар бір тұтас тізбелеп кеткен. Күтпеген жерден Зевске де, оның нөкерлеріне де ажал келді, тыпыр еткізбей о дүниеге әкете барды. Бұрқыраған күш те, құдіретті делінген билік те жым-жылас боп тынды. Оларды жоқтап аңырап қалғандар да болды, керісінше құдайдан безген зұлымдар да топырақ қапты, десе зәбірленуші, ал жоқтаушысы қара жамылды. Прометей кеткендер тобырынан шығыстап соқа басы қалды, оңашада басынан өткен өмірде көрген жақсылығынан бұрын, басынан өткен қорлығын есептеді. Адамның тірлікте көрген қаншама қуанышы болса да кейбірі ұмытылар, ал шеккен зәбірі ұмытылмайтынын түсінді. Азасын, кегін түгендеп болмас, сірә. Оның түрлі себептерін келер ұрпаққа жел айтар ма, өзен, теңіз, тау тас айтар ма? Титандармен әділдік жолы деп жеңіске жеткенін толқынды теңіз талай ғасырларда оралатан адамзат ұрпағына сабақ болсын деп емеуірін астарын ұқтырып жеткізер ме екен, жамандықтан сақтандырар ма екен? Данышпан жалғыз қалғанда әртүрлі ой басын шырмайды, оны жаныңдағы әйелі Гесиона қалай түсінеді, іштен шыққан ұрпағының құлағына қалай құяды, санасында сақталып өзгелерге тәлім боп жеткізудің жолын таба ма? Жаны басқаның, қайғысы басқа боп құр қиялмен шекте-

ле ме? Адамдардың еркінмін дейтін дауысы да тым тәтті. Данышпан көкірегі соларды қимайды. Ертеңін ойлап жасып қалғанда да табиғаттағы аң, құстардың еркіндігі, адамдардың қиянатсыздықты аңсаған әсем күлкісі, сөзін естісе серпіледі. Бір сенетіні Құдай ғана. Алғашқы дәуірден адамдар Күн, Жер құдайы, Теңіз құдайы дегендерді айтып аңызға айналдырып сыйынып жүрді. Қалың көп осы арқылы жақсылықты сарғая күтті, қолы жеткені бар, азаппен өткені бар. (Бүгінде жойқын қаруы мол титандар құдайсып адамдардың өліп жатқанынан да шошынбайды, ындыны кеуіп бомбалардың астында төгіліп жатқан адам қанынан байлық іздейді, бақыт іздейді. Қаруын са-тады, жер, дүниесі бүлінген елге үстеме өлшеммен қарыз беріп қанын сорады. Жұмыр жерде жауыздыққа лағнат айтқан қарғыс алапат апаттарға ұрындырып жатса да үстемшілдер өрлігін тимай өңмендеумен АҚШ-тың өзі талай елдердің күлін көкке ұшырды. Қанша ғасырлар өтсе де ажал арбасады екен, ө деп Прометей рухы тебіренді ме екен? Толқып тұрып сарматтар тапқан қола айнаны іздеп жауыздықтың бейнелерін айқындап көргісі келді ме? Титаншылардың қастандығы жүрегінде қанды жара болып қалды ма? Титан десе денесі дірілдеп, бойын бұрын, сонды болмағандай қорқыныш билейді. Жұмыр жер жаралысымен адамдардың отты табуы тіршілігі үшін керек-ті. Түптің түбінде осы от ұшқындары қалың халықтың шемен, шеріне айналмаса... айналады да. Ақыл-есінен айырылған ауыр балғамен киіз қазықты жерге кіргіземін деп соққылаған сайын өзі ажалын жақындатуын сезбейтіндер жер бетінің дәміне таласып торайын жеген шошқаның кейпіне енер ме екен? Енді де. Әулиелер аруағы күңіреніп даналық ойларды сарнатып жатқандай ауада қалқыды ма? Жауыз жауызбын деп қаперіне алмайтындарға таң қалған да шығар Прометей замандастары да, бүгінгі ойлылар да...

– Дұрыс пікірлі, таза жанды жеткілікті болар десеңде қанішерлердің аяғы тартылмаса, оның өлі денесі де қарап жүрмей айна арқылы есіңді шығарып, айшығыңды аударады деседі, – деп Тазша: «Титан дегеннен шығады ғалым Икрам физо-титан бомбасының жобасын жасапты. Оның

жұмыр жердің біразын күйдіріп жіберетіндей қуаты бар көрінеді. Американың дүние жүзілік екінші соғыстан кейін Жапонияға тастаған атом бомбасынан әлдеқайда жойқын деседі. Жауыздыққа нысап бермесе, жұмыр жердің билігі менде деп көкірек керетіндердің шайтан қоздыратын қаскөйлігінің басы қырқылмаса қауіп, қатерсіз ұйқы болмас, сірә. Биік-биік обалар, бәрі де молалар. «Бала қалса, мал табар, қатын қалса бай табар, құртақандай шыбын жан, қайда барсаң жай табар» – деп саясат дауылынан қорыққандар қалтырап өтті, бүгінде де қалтырап қайғы жұтып өтуші аз ба? Тірлік шартының бірдейлігі бұзылған. Әлсідің өмірі соқыр тиындық, құнсыз. Соны түсінер ақыл-ой қайда? Байронша айтқанда: «Сократ сөзің әділ: «Тағдыр сырын, Асылы пенде білмес, ол жасырын!» ... Есірген пенде болмас, тірлік кетер, еріксіз мәңгі сені тыныш етер... «Прометей де осылай ой кешіп қола айнаны неге іздеді. Шеке тамыры білеуленген есуастың ауыр балғамен киізді жерге сіңіруге әлектенгендегі шайтандық бейнесін айнаға түсіріп келер ұрпаққа аманаттағысы келді ме? Өмірінің өткен шағы көзіне елестеп жақсылығына қуана көз жіберіп жалғыздығын ұмытқысы келді ме? Атамзаманындағы әлсідердің от тапқаны, от болғасын талай темір-терсектен қару-жарақ, түрлі бұйымдар істегені, тіпті құдайсығандары тұрмыс, тірлігін алтынмен аптап, күміспен күптеп менен асқан бай жоқ деп тәсіргені, қалалар салып көркейткені, болмысы өзгеден озып, құлдарының арқа еті арша, борбай еті борша болып, азып-тозғанына күле қарап мазақ еткені көрші елдерін ызаландырмады деймісің. Ыза-кектен өршіп соғыс, жаугершілік, қырғын ойрандау, құдайсынып тасынғанның басын кесумен тынып жатпады ма? Дефенің:» Қуанышты да, қайғы-қасіретті де бетіне жібермей уысқа алудың қажеттігін жақсы түсіндім» дегенін өзінен басқаға бет бақтырмайтын есуастың миына кіріп те шықпайды. Есірікше халық қойдың жүнін ұйыстырған киіз сықылды оны төмпештей берсең жерге сіңіп тынады деп адам қанын белден кешсе де жендеттігінен қайтар ма? Адам қанын бір көрген жауыз қанды аңсуамай тұрмайды. Көкірегіндегі шайтан

сықылық атып жұмыр жерде өзіңнен күшті еш пенде жоқ деп озбырландыра түседі.

Ақын Гораций да, тарихшы Тацит та адамзаттың алғашқы дәуірінен бастап қаскөйлік-ті ана құрсағынан үйреніп туғандай көріп безінді ме? Өзінің торайын жеген жабайы шошқадай, немесе таласқанда қан шыққанын жабылып жеп қоятын қасқырдай, әлсіз пыштай болса, әлді желігіп кететіні тағы жырқыштардан үйренгендік пе? Сұрағын нақтылап шеше алмайды, шешсе тірліктің басы қуаныш болса соңы өкініш, қалың қайғымен топырақ қаптырып жатадыға сая ма? Адамзат тас дәуірі, темір, қола дәуірі десе, бүгінде жойқын қырғыннан үрейлендіріп тұрған атом дәуірі. Сармат заманындағы қолданылған қола айна тарих сырын бүгеді, шындығын нақтылап ашпайды (Орск мұражайындағы тастан, ағаштан, темірден жасалған аңшылық құралдар мен қола айна, динозаврдың түйедей қаңқасы. Бар дерек осы). Динозавр өткелден әрі өткенде, бері өткенде, күштілер бас алады әлі жеткенге. Ғұндардың уысына түсе қалсаң, қадалады найза дәл өкпеңе. Жалмауыздықты қоймасаң, аяғың келер көкпенде, деп тарихи деректер үн қатар ма? Сол сарматтар тірлік еткен ұшы-қиырсыз мекеніміз қаншама ғасырлардан бері пендесін асырады. Нетүрлі шөбі құлпырып, мәуелі жемістері төгіліп, аспан астының тамаша тірлігі шалқып, пендесін сүйсініске бөлеп еркелеткен де шығар. Кейбір зұлымдар қылышына жұққан адам қанын жалап қан аңсаумен киіз қазықтан бұрын жерге жұтылмады ма? Төбелер, обалар бәрі мола. Айтпақшы археолог ғалымдар Ойыл өңіріндегі бір обадан ерлі, зайыптының сүйегін, өлгенде де қолдарын ұстап жатқанын, олардың бойы екі метрден артықтығын теледидарда көрсетіп қалды. Марқұмдар сарматтар дәуіріндегі алыптар ма? Ауылдағы шежіре қарттар айтушы еді:» Жер бетінде ең ұзын бойлы адам болыпты, теңізді кешіп жүріп балықты ұстап жейді екен. Өлгенде жілігі шағын өзендерге көпір болыпты...

Жұмыр жер жаралғалы жер астында да, аспанда да ел бар, белбеуді белімізден буынуымыз содан, өлгендерден тірілердің біреуі ғана артық. Қола айнада мыңдардан

бір киелісі көріп, болжай алатын тарихымыз бар. Мына тұтынып жүрген киіздің өзі киелі. Сұрапыл қырғындардың біразын байқап көруге болады. Жұмбақ айна. Ал зұлымдық дейсің бе, ана бала көтергенде шайтанмен дәмдес болса пайда болады. Қазақ әйелдің шашын жайып жүруіне тиым салу, үйде жалғыз қалдырмай, далада жалғыз жүргізбей және басқа да төртіп, тәрбиесі Ібілістің ұйытып жаман жолға бастап кетуінен сақтандыруы еді... Қай заманда да кейбіреудің тіршілік біткенге жаман көзбен қарауы, әлгі өзінің торайын жеп қоятын жабайы шошқадай қанішер кездескен. Зәлімді тоғыз рет шошқа деп, ал оныншы рет шошқасың дегенде шошқаша қорсылдайды деген орыс мәтелі тегін шықты деймісің. Айтпақшы, Прометей ойқанып қола айнаны неге іздеді деуіңіз мүмкін. Грецияның қалалары мен ауылдарын қорғап, ғылым, білімге көңіл бөлген құдайы Аплуннің тарихи, тірлігінен сақтар да, сарматтар да хабардар болған шығар деген ойда болуы ма, кім білсін. Пенде бірде ұнатқанын, құтты нәрсе деп шешкенін іздеп ойына тежеу таппайтыны да кездеседі. Тірлікте құттылық та, құтсыздық та кездеседі, қазақ қайырсыз мың теңгеден, қайырлы бір теңге артық деп шешеді, ұғым жөн, талай ғасырғы тәжірибе, ерекше ғылымға татырлық өнегелі сөз. Қанағат өлшемі, қанағатсыздықтың қасіретінен сақтандыру амалы, шайтан ұялаған құзғын құлқын оңдырмайтына көз жеткізіп қанға сіңіріп түсіндіру. Былқ етпейтін ойсыздар болса сөзің шығын...

3. Көктемір

Жаугершілікте ақылға келіп, еркін сөйлесуді құрғақ кеңес нәтиже бермес деуде болмай тұрмайды. Көкірекке қан қатқандай қатыгездік кекті қантөгіспен аяқтап тынады. Дүние, мүлік таланады, тұтқын адамдар құлға айналды, ресей патшалығы құл сатудан да пайда табатыны өткен тарихтан белгілі. Жоғарыда айтқан сірескен екі жақтағы қалың қол бірімен бірі тең сықылды. Бірінші Петр патшасы қалмақтар атпен жүріске берік, қаруды қолдануы да

мықты деп қазақтардың шекарасына топтастырғанынан, олардың тосын шабуылынан қаншама адам өлді, қаншама бала жетім қалды, қаншама әйел жесір атанды. Қалмақтар да өлді, игілігі, тіршілігі ойсырап талқандалды. Соғыста жақсылық жоқ, жеңіс жоқ. Өлер алдындағы құлақты тұндыратын дыбысты түсініп қақтығысты кінәлайтын пенде аз, көзсіз ерлікті олжаға батуды, жерді тартып алуды қанағатсыздана ойлайды. Қазақ батырлары қақтығыстарда екі жақтың жекпе-жекке шығып жеңісті қантөгіссіз бітіммен шешуді, кең отырып ақылмен іс түйінін шешуді айтса да әлсіздік танытты деп масайрайды. От қаруын тапқан қазақтар жаппай қантөгістікті Алла да, қалың халықта кешірім деп түсінген деседі. Содан от қаруы қытайдың, одан кейін ресейдің қолына өткен деседі. Шындығы қайсы десекте қазақтың жаугершілікте жекпе-жекке шақыратыны тарихтан белгілі. Оған киелі батырдың жауға жалғаз шабатыны да аян. Жайық бойындағы иелік жеріне басып кіріп қожалық ете бастаған қалмақтарды Байбақты батыр Астарханға дейін қуғанда:» олда, білде енді қазақ жеріне тиіспейміз» деп ант-су ішкендей болып біраз уақыт тыныштық тапса да жылдар өте қақтығыстар тоқтаған жоқ. Екі жүз жылға тарта қақтығыс, соғыс талайдың қанын төкті. Жоғарыда айтқан екі жақтың миллионға жуық әскерлері соғысқанда қаншасы тірі қалары белгісіз. Бұрқ ете қалатын қырқысу қасіретті қайғымен тынады. Екі жақты талай мемлекеттік дәрежеде келісім болса да тоқтау тапқан кезі аз. Сонау 1280 жылдары Батый ханның орыс жеріне шабуылы тұсындағы су астынан тұтқиылдан шыға келіп қалың қолды жайратып салатын Китеж туралы аңыз (Кете батыр деседі, жаулап алған жері Новгород түбінде қала салды деседі) талай ғасырларға жетсе, одан кейін халық аузында «Көктемір» батыр туралы аңыз тарап, жаугершіліктен байтақ даланы аман сақтап, «жерұйықты аңсау» арманымызға жеттік деушілер де болған. Ресей патшалығының мақсаты өл, тіріл жерінді кеңіт, отарыңа үстемдік құр, қарсыласқанын киіз қазықтай жерге сіңіріп отыр деген мақсаты, көршіні қайғыға ұшырату, қорлауға өздерін кінәлімін деп есептет-

кен жоқ. Шекараның арғы бетінде жай жатқан бос кеңістік емес, қорғайтын батырлары бар елді түсіну қайда? Олжа іздеген арсыздық, ақылынан адасқан қаскөйлік, өзгенің қайғысынан байлық іздейтін опасыздық, үстемсіген берекесіз өр мінезі, ұрыншақ ұтылғанын білмейтін қасиетсіздік, пасық менмендік, түптеп келгенде, құдайдан безгендікті кешірмейтін кекті» Көктемір» қалың қолға жалғыз өзі құйындатып тиеді екен. Жарқылдағын күнге шағылысатын қылыш, жарқылдаған дене, көз қарықтыратын отұшқын сәулелер қалың жаудың қаруын кезенуді естерінен шығарып абдыратып тастайтын деседі. Аңызға айналған Көктемір Ресей бекіністерін ауық-ауық шауып пысын басса, орыс купестерінің керуендерін тонағанына, оған патшалық әскерлерінің қандайда күші төтеп бере алмайтындай болғасын Орынбор губернаторлық кеңесі тыныштық сақтау келісімін жасауға кірісіп, бірақ Көктемір жын ба, пері ме, адам ба, біліңдер деп тыңшы жібереді. Қылыш шаппайтын, найза өтпейтін, оқ дарымайтын, сілтеген қылышынан қырылғандардың тұрған жері ойылып түсіп ілезде жоқ болатын неткен құдіретті күші бар батыр екенін зерттендер деп тыңшыларына тапсырыс беріледі. Оны орындаушы жасауыл Ғұбайдолла Адгамов пен Рақымқұл Ыбыраевқа жүктеледі. Губернатор өзгенің қолымен от көсесе өзінің қолы күймейтінін біледі, қайсақтарды шетінен бауыздап тыныштық орнатамыз, олардың дымын қалдырмай киіз қазықтай жерге тірідей сіңіреміз деген өктемдігі кектілікті қоздырып қауіп, қатер төндіргенін іші сезсе де бас иетін түрін білдірмейді. Сонымен Көктемірдің нағыз шындығын екі тыңшы кешірім өтінгенсіп. «Сендер орыс халқын ыңғыршағы айналған қайыршы еттіңдер, енді бізді де түгімізді қалдырмай тонап алғыларың келеді дей ме?... десе керек. Осылай зарланған тұста дыбыс:» Қылышты қынаптан суырып, Адгамов пен Ыбыраевтың басын бас, қолын қол етіп шауып тастаңдар, біздің жағдайымызды айтып сайрай алмайтын болсын, үстемдігінен запы болғанымыз жетеді», - деген темір мен темірдің үйкелісіндей, адам даусына ұқсамайтын үнмен үй ішінен айтылған үрейлі үкім ғана, үкімнің орында-

луы үшін ордадан әкетілгенде саудыраған ақша мен бастарын азар арашалап алған купестердің ұмытылмастай болып құлақтарында кетті. (С. Бақтыгереев. Ойыл. 80-б.) Губернатордың қатты қауіптенген аңызға айналған Көктемір Қобданың бойында екі мың түтінмен көшіп жүретіндігі қандайда жаудың шекарадан өгіп жеріне аяғын бастырмайтын ерлік аңызы Ресейге қарсы ызалы топтың көптеп ұйымдасуына үлкен себеп болған деседі. Ұлтарақтай жерін жатқа бастырмауда талай батырлар есімі аңыз десек, Көктемір атанған Сапура Мөтен қызы екенін, жауынгер халқымыздың Тұмар, Зарема сияқты елін елдендіріп, жерін жерлендіріп қалың жұртына қорған болып, қол бастаған, қажетті жерінде сөз бастаған арудың даңқына кір келтірмеген Дүниежүзілік екінші соғыста Батыр атанған Әлия, Мәншүктердің Көктемір аңызынан тәлім алғаны көдіксіз. Прометейдің қола айна деп киелідей көргені әрігіректегі сақ, сармат дейсің бе осы халықтардың металь қоспаларынан ерекше киім дайындалды ма деп ойлауы ма екен? Қалың тобыр жауды көргенде бозғыл шаңды құйындата көтеріп, соның арасынан жасылша жайнап қарсыласын қырып салатын рухтың құдыретті күші, киенің қанша дәуір өтсе де ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын құдіреті деп түсінуге әбден болады. Әр үйдің аруағы болса, әр елдің, әр халықтың да аруағы, киелісі тыныштықтың қорғанына айналып жүреді. Соғыс, қақтығыспен бүкіл елдің үрейін алатындардың өздері топырақ қабатынына Алланың көзі түзулігі мен аруақтың киесінің құдіретті күші. Гректердің жер мен көкті құдайдай көретіні, табиғаттың мейірін медеу тұтатыны рухтың мықтылығын қалыптастыратына әбден көз жеткізгендігі болар. Қазақтың «Рухы мықтының үнжұрғасы түспейді» деп ой түйгені тегін емес. Кейбір жыртқыш аң тәрізді зұлымды рухы мықтылар пысымен басады. Жаугершілікте бір адамның кеудесінен қан ақса, мыңдардың, миллиондардың, жазықсыз жандардың кеудесінен ағып тұрған қан деп есептеп соғыста жақсылық болмайды деп байсалдылық танытып кісілігін сақтайтын да рухтың мықтылығынан, ар-намыстың тазалығынан,

пенденің киелі екенін ерекше түсінуден. Оған тарих көз жеткізеді... Зылиқаның зары еске түседі.

4

Қиядағы әулиенің қабірінің басына барып дұға тигізуді кеңес заманында кім ойлапты. Қанша тырыссаң да батылың жете бермейді. Қызыл империяның қытымыр саясаты кісілігінді тонап, жақсылығыңды жалмап, өлі боласың ба, тірі боласың ба, ештеңемен санастырмай, тіпті адам екенінді ұмыттырды. Саясаттың тоқпағымен жерге сіңгелі тұрған киіз қазықсың. Үстемдік иесінің аяғына жығыласың, ас ішіп, аяқ босатып тірі жүруіңнен басқаны ойламайсың. Тірі екенсің үстемдік иесі түрлі жағдайлар бойынша қарақан басыңа, дұрысыңды бұрыс деп сын тағуы да әбден мүмкін. Өлдеқандай шындықты айтып қалсаң жазаң дайын, ақылынан алжасты деп жұлын, жүйке дипанцеріне жаптыра салады, немесе біреуді жалдап өлтіртеді. Шындық үстемдіктің құлағына жақпайды, әйтеуір. Қылмыстық іс қара сандықта құпия сақталады. Билік иелері әбден жетіліп алған, саясаты адамдарды тең көріп, қамқорси қалады. Аузынан бұра тартар сөз шықпайды, аңдаусызда қиғаш пікірі болса өзі де мұрттай ұшады. Осындай кезде Аманкелді ауданының қожасы, бірінші хатшы алдына жан баласын шығармайтын, айтқанын орындататын шайпау шытыр мінезді, бағыныштылары алдында қалшылдап тұрғанын қалайтын ызғарлы еді. Партияға адал, ар-ожданы таза, шаруашылықты іскер ұйымдастырушы делініп облысқа, тіпті республикаға танымал беделі жеткілікті. Жыл сайын орден берілсе қалаған орденін омырауына тағады.

– Алдымен нені ойлайсыз?

– Халықты.

– Шын жүрегіңізбен бе?

– Мойнымдағы коммунистік борышым, оған адалмын.

Адамдарға мейірімді болмасам, шаруашылықтың жай-жапсарын жетік білмесем, халықтың қасы мен қабағына қарап жағдай жсамасам жазушы шығармасының басты

кейіпкері болмас едім. Тың игеру жылдарында тынығуды ұмыттым, дала қосында түнеп ардақты еңбекті сіңіргенге не жетсін, оныңыз алдамшы сезім емес қой, бағалы іс боп танылады, – деп ордендерін саусағымен атын атап санай бастар еді. Елге елеулі болғасын, бар күшін шындыққа арнағасын, үстемдіктің орынтағы алдында прокурор да қымсынып, айтқанын бас изеп мақұлдағандай болмасына лажы қайсы. Құсайынов та облысқа таны-мал іскер прокурор еді, кабинетіне шақырған хатшы Қоңғаров салқын амандасты да:

– Осы заңгерлер бекер айтылатын сөздің құпия астарын табуды білесіңдер ме? Түкке тұрғысыз дегенді де анықтай аласыңдар ма?

– Неге білмейміз, біреу елігіп айтады, біреу желігіп айтады, біреу ызаға булығып айтады, біреу жоқтан өзгені айқай-шулы қылып айтады, – деп еді. Хатшы бірдемеге ызалы болғандай пішінмен:» Мына Родник совхозының бас зоотехнигі мемлекетке ет тапсыруға мал айдатып келе жатқанда беті жүзін көре алмаған құйындатқан біреу ту сыртынан шоқпармен ұрып құлатып есінен тандырған екен. Ауруханада жатыр. Бұрын да совхоздан ауданға келе жатқан адамдарды құйындатып ұрып құлатып кететін көрінеді. Оны сөзуарлар жын-шайтан бар, өңірде жын құйын боп жүреді, кінәлі, күнәлі адамды қылжитып кетеді деп сөз таратыпты. «Сарыторғай» совхозының бас жылқышысын да жын ұрып өлтіріпті деген сыпсың бар. Бірақ оны милициялар тексеруден өткізіп, тасып жатқан суға мас болып батып кеткен деген шешімді шығарғаны қисынға келетін болар. Өзіңе жүктелетін басты мәселе Родник совхозында жұрт айтып жүрген жын ба, шайтан ба, пері ме, әлде қылмыскер адам ба, қайдан шықты, қандай жерде пайда болады, жүріс-тұрысын, мекенін қапұл-құпыл тексермей нақтылап тергеп, ізіне түсіп тауып әкеліп жынды түрмеге отырғыз. Облыс бұл оқиғаны естімесін, тіпті республикалық, Одақтық жиындарға барғанда әріптестерім;» Ауданыңда бесеубет жүрген шайтан бар көрінеді, өзі еркек пе, ұрғашы ма, шаруа жұмысына қалай екен, тәжрибесін таратпайсың ба? – деп сайқымазаққа ай-

налдырып бетіме, абырой, атағыма шіркеу етуде. Давайте, жын ба, шайтан ба, тауып әкеліп түрмеге отырғызғасын өзім көзіммен көріп киіз қазықтай жерге жұтқызайын бөлемді..

– Әзіл үшін біреулер айтты ма, барып көрейін, – деп прокурор Құсайынов екеуіміз жолға шықтық. Аспан айналып жерге түскен күннің ыстықтығы күйдіріп барады. «Нива» автокөлігі жер апшысын қуырып шаңытып келеді. Құсайыновпен әзіл-қалжыңымыз жарастықты болғасын; «Қожаның есегінің басынан әдемі жүгенін біреу ұрлап алып қояды. Қожа есегін құлағынан жетектеп үйіне келеді. Арада бірнеше күн өткен соң, Қожа өзінің жүгенін дәу мысыр есегінің басынан көреді де, қайран қалып, есектің алды-артына шығып қарап:

– Басы-аумаған менің есегімнің басы, ал денесі қалай өзгеріп кеткен, – депті. Сол айтқандай поркурорлық киімнді көргесін шайтан бізге тиісе қоймас.

– Түгіне түсінбеймін. Сандырақ па, шындық па, бәрі белгісіз.

– Сіздің бірінші хатшының сөзіне сенетініңіз дұрыс-ау. Биліктің үрейі кім-кімді де ықтырады, аузыңды аштырмайды, жұлымыңды қырыққандай күйге түсіреді. Ақымақты қайғырады екен деп жазаға тартпайды, ақылдыны жазаға тартқанда тәсіріп кетпесін деп бұқтырады. Жеке басшының көзіне қараған төртіп, тәрбие солай. Жәке, бірақ бір түсінбейтінім Сарыторғай совхозында бас жылқысы елу жылқының кемдігін, санақ бойынша анықталғанына облыстың лауазым иелеріне тегін аудан бсшысының лұқсат қағазымен кеткенін айтыпты. Арада бірер күн өткесін жылқышы ұшты-күйлі жоғалады. Бұл істі тәжрибелі тергеуші емес, аудандық паспорт столының сержанты жүргізеді. Ол үш атты ойпаңда біраз отырғанын, одан соң екі атты Арқалық бағытына шауып кеткенін көрген шопанның әйелінен сұрамайды. Бас жылқышы мінген ат үйіне қалай бос келді, әйелі, балаларынан да жауап алынбайды. Турасын айтқанда шикілік көп. Арқалық дегеннен шығады, облыстық советтің төрағасы Державиндегі әскерилердің тікұшағымен Орынборға

жылқы тасиды, одан әрі Мәскеуге кететіні белгілі. Мұндай күрделі істі, жазықсыз кісі өлімін ашуға ешкім құштар бола қоймаған шығар. Үстемдіктің қылмыстық ізіне түсу, олармен жанжалдасуға кімнің тәуекелі жетеді. Державин ауданында алтын сату операциясына бірінші хатшысы қатысты деп республикаға дейін дабыл қаққан прокурорды Есіл өзеніне батырып өлтіртті. Тергеуші милицияны банкіге күзетке жіберіп, түннің бейуағында милиция басшысы келіп сенің мылтығыңда оқ барма, жоқ па, кәне әкел деп мылтығын алды да атып кетті. Ақырында ауыр қылмыс жабылды, кісі қолынан өлген прокурордың әкесі Мәскеуге дейін жазды түк нәтиже шығара алмады. Жұрт аузында алтынның салмағы ауыр, жазасы жоқ, қорғасын одан да ауыр, қой құмалағындайы басыңды жұтады деген мысқыл сөз қалды. Шындықты ашуға ықылас қойып, батыл қимылдай алмаймыз, үстемдік бәрін аңғарып шешіп қадамыңды қия бастырмайды. Жұрт бәріне үнсіз... Ең тынышы бас баққан, сонда құр қалмайсың жақсы аттан деген ойыма қалай қарайсыз?

– Айтуға оңай-ау, прокурор үмітсіз қалыппен қолын бір сілтеп, өздерің біл деп кете алмайды, заң талабын орындағың келеді, – деп ойға шомды. Қандайда бір өзгерістер болатынын сезе ме, түрлі жаманшылықты өзі де көріп жанын қинай ма? Қайтеді, қоғамды тазарту ешкімнің қолынан келе қоймайды. Империялық басқыншылықтың қызыл жеңдеттерінің қулық, сұмдығын ашамын деп әлектену мемлекеттің машинасына езіліп жаныңның пида болуымен теңдесіп жатады.

– Коммунистік партия жасасын!

– Партиядан шығарда жынымыз бірге!

– Адал басшымыз дұрыс айтады! – деп ду қол шапалақты дүрілдетіп жатқан кезеңнің құпиялығы қара сандығынан талай жазықсыздың қаны судай ағып жатты. Осылай халық қолдаған саясатта да, үстемдікте сырттай қарағанда ешбір мін жоқ, айтылатын сын жоқ, тергеуші қандайда ауыр қылмысты ашып тұрып, оның аяғы үстемдіктен шешім таппаса өкініші ішінде жүреді. Дабыра ғып таратуға тиісті емес, бәрі құпия қалады.

Прокурордың түрлі оқиғаларды білетіні, оның еңсесін басса да тіс жармайтыны түсінікті. Сонымен жол бойғы әңгімеміз болсын, Родник совхозындағы ай далада белгісіз шайтан құйындатып жүріп соғып кетеді де талдырып тастайды деген оқиғаларды зерттеу болсын, жын ұрса кімнің аузы, мұрыны қисаймайды, жаны таза адамда жынның шаруасы жоқ, күнәлі, кінәлілерге ұрынатын шығар, өзінің қатарына еріткісі келіп, имансыз көп, діннен безген жетерлік деген ақылгөй қарттардың сөзі болсын, ақкөңіл халықтан қолға ұстатқандай дерек табылмады. Тиянақты пікір мардымсыз. Үстемдікке тегіс бағынғандар несие сөз айтудан да сескенеді. «Жын болсын, шайтан болсын дереу ұстап әкеліп түрмеге жап!» деген әміршінің бұйрығы орындалмайтын түрі байқалды. Айтушылардың кінәліні түстеп көрсетіп, бәрі осының лаңы дейтін дерек жоқ. Көкейге қонбайтын желсөз ғана. Бір қарт:» Оқиға жол бойындағы шағын көлдің маңында болып тұр ғой, тосыннан оңдырмай ұрып сілейтіп кетеді және ұрушының бет, бейнесін ешкім түстеп айта алмайды. Табиғаттың құпиясы шығар, жер киесі ме, су киесі ме, түсінбейміз» – деді сабырлы түрде. Ал есінен танып құлағандары өтірік емес, кейбірі майып болып қисалаңдап жүр. Прокурордың ой қорытындысы» бәрі өтірік, түк болмаған деп бірінші хатшыға мәлімдесе қылмысты жасырып келдің деп шап береді. Жалма-жан облысқа телефон шалып:» Прокурорымыз қылмысты жасырады, тездетіп өзгерт!» деуі әбден мүмкін-ді.

– Шытырман оқиғаның аяғы насырға шаппас үшін былай істеу керек, әлгі жын соққан адамдардан мас болып құладым, есімді білмеймін, неге соғылғанымды мастықпен түсінбедім, – деген қол хат жаздырып алу керек. Сосын ауруханада жатқан мал маманынан да осындай жауап хат алып және емдеуші дәрігер ем беретін кітапшасына мас болып аттан құлаған, жарақаты қауіпті емес деп заңдандыруды ойластырмасаң басыңа түсетін қиқудан жазасыз құтылмайсың, – дегеніме прокурор келіскендіктен қуанып кетті. Арада сырғып күндер өтті. Шілденің аптабы күйдіріп тұр. Саясат қалай құбылса шындықтың белгісіздікке лағып кетуіне елді жайлаған

арақ» соғысы» себеп болып, кісі қолынан өлген жылқышы да, белгісіз құпия құйындатып соққыға жығып ден саулығының азабын тартатындар да құпия қалып жатты. Адамдарда сезім де құпия, үміт, тілекте жалғандықтың жайлауында, өркім жанына жайлы аузын ашпай тыныш өмір сүруге дағдыланған, ондай да құлдық мінезге ештеңе тең келмейді. Қария: «Ұруын тапсаң киіз қазықта жерге кіреді» дегені дұрыс қой. Өкіметтімізді бағалап тірлік рахатын көргеннен бас тартуымызға қақымыз жоқ. Шүкір, жамандықтан іргеміз аулақ, сөз құнсыз жайдақ, маскүнемдерімізде жұмысын жүреді ойлап. Халықта атқаратын іс бар, өкімет тауды қопар десе қопара салатын күш бар дегені көп нәрсені аңғартса да түріне қарап езу тартқаннан басқа ләм демейміз. «Нива» автокөлігі ішіндегі жүргізуші, прокурор үшеуіміз іштей түрлі-түрлі ойда келеміз. Түсінікте түрлі, ұғым да түрлі, сендіре айтқанды тыңдау да түрлі болған кезең. Шалшық судан балық аулағандай болып, жын, шайтанның қайда жүріп, қалай кімге кездесетін ойлап келе жатқанда ай даладағы көлдің жағасынан өтетін айдау жолдың жүргізуші жақ қапталында гүл жапырақ түсті көйлек киген әйел тұр. Прокурор Құсайынов жүргізушіге тоқта деп бұйырды да:

– Әй, келіншек мынадай ыстықта ай далада арам қатасың, отыр автокөлікке! – деп әмір етті. Әйел сілейіп тұрған күйі үнсіз. Прокурор тағы да бір, екі, үш, төрт қайтара автокөлікке отыр деп қаттырақ айтты. Әйел үнсіз, әрі қимылсыз.

– Кеттік, арам өлсеңде өз обалың өзіңе. Жақын жердегі шопан ауылының әйелі болар, – деп прокурорым күбір етіп еді. Соның арасынша төрт-бес шақырым жолды өткен шамада манағы әйел жолдың жиегінде қаздыып тұр. Ап-ашық аспанда жап-жақын тұрған әйелдің анықтап жүзін көруге, не дыбысын естуге мүмкін болмады. Бет әлпеті қарауытып, денесі селтиіп тұрғанынан басқа есімізде ештеңе жоқ. Іштей дұғамызды айтқанда бейне көзден ғайып болғанын сездік. Бұл құпияға прокурор қандай ойда, өзіне белгілі. Аудан орталығында қарттардан сұрастырғанымда:» Ол маңда Хасен қазіреттің мешіті, мекені болған. Сол маңда

революция жылдарында қызылдар қызынып, молданы, жазақсыз жандарды атты ғой. Қан төгілді. Күнәлі адам қанды басса киелі әулиелердің рухы кешірмей жаза-сын береді. «Алланың шайтанынан, адамның шайтаны зұлым» деуші еді. Рух қандай күйде көзге түсетінін байқап білмессің... дұғанды оқығаның жөн болған дегеннен басқа дәнеңе айтқысы келмеді. Лажсыз ойланып тура айтқанға іштей иленіп дес берсеңде аузың жыбырлап жариялауға қақың жоқ. Түрлі болжалдардың өзіне сын көзбен қарап қатал тағдырды басынан кешірген қария ақиқаттың ауылы алыс, шындықтың өзіне жете алмай пенде өмірден өтеді. Маңдай терін төгіп еңбек етсе де қайыры бұйырмайтындар аз ба? Әлсізді еріксіз аңыратып, жамандыққа мәжбүрлеу де жетіп жатпай ма? – деп қария өрескелдіктің түр-түрін көріп қажығандығын байқатады. Көздария ойын нақтылап дәлелдеуге тырыспайтыны да түсінікті. Үстемдікпен байланысудан түк шықпайтынын әбден білген. Расында басың екеу емес қой бірінші хатшы Тоңғаровтың айтқанынан зөрең зәр түбіне кетпей тұрмайды. Іштей толқып:» Үрейлі кезең үріп тұр, дүлейлік жолы жүріп тұр. Рухтың жүдеп қалғанын, ел естісі біліп тұр» деп тынасың. Адам биліктің ойыншығы, ниетіңнің ақтығына да күмәнмен қарайды, шыншылдық, турашылдық үстемдікке жараспайды. Мұны түсінгендіктен прокурор мырза қылмысты істі әділдікпен шешкеніңіз бағалауға тұрарлық, коммунистік игі ниетіңді таныттың деп өмірші заңгерді құрметтей қояр деймісіз. Міндетті қызметі атқарсын, айлығын алып отыр, одан басқа құрметтеу түкке керексіз деумен үстемшіл ойын қорытып бағынушыларының аяғын қия бастармайтын әдетінен жаңылмайды, сірә да. Өміршінің қай-қайсысы да саясаты жолында өте сергек болса да, ажал алдында дәрменсіз боп құйындаттып тұрған бір күні о дүниеге кете барды. Сұмдық қылмыстарды еріксіз қара сандыққа салғандар жын-шайтандардың ойнағының құпиясын шеше алмай өмірден озды. Елдегі ақыл-есі бүтіндер арам ниеті болмаса да құйындатқан дүлей күшке қайран қалып, нендей де күнә мен кінәнің шешімін алладан күтіп тынады... Қайғыға күйініп шыдамағандардың бірен-сарыны өз өмірін өзі қияды...

Билікте қара жердің қыртысын да бырт-бырт сөгіп тастайтындай әпербақандық мінез болмай тұрмайды. Оны қалың жұртқа сездірмеуге тырысады. Саясаттағы қылығы, сөзі, ойы бүтіндей орамды боп көрінеді. Көбіне көпшілік жабыла мақтасып, қорғанышымызсың деп дәріштеп дандайсытып жібереді. Жағымпаздары бірінен соң бірі кимелеп әлекке түсіп есімін құдайдан кем қылмай аңызға айналдыра бастайды. Мақтау билік иесінің жүрегін билеп жан-жағында кімдер барын байқаудан қалады. Бұл өзінің бұрын, соңды кім болғанын да ұмыттырады. Мақтаған сайын жаны кіріп биіктен биікке ұмтылуды мақсат етеді. Осылар орынсыз мақтап орға жығайын деп жүрген жоқ па? деуді қаперіне алмайды. Орынтағында отырғанда Тоңғаровтың бетіне келген ешкім жоқ, қайта белгілі жазушы жазған шығарманың әр сөзін жағымпаздар мақалдай жаттап айтып серпілтіп тастайды. Кейбірі оңаша серілік құруын ұйымдастырып қыз, келіншектердің небір сұлуымен қойындастырады.. Бүкіл өмірінде жақсылармен дәмдес, сырлас болып зеріккен жоқ, қайта тебіреніп айтатын мақтау сөзге мәз болумен билігін бекемдеді. Бұрыс ісі дұрысқа, өтірігі шынға айналады. Орынтақта қандайда қауіп, қатерді, үрейді ұмытты. Билік шетсіз-шексіз деп түсінді. Оның да тоқтауы, белгісіздікке тартатындығы болмас дейсің бе дейтінді дүлей күш ұмыттырады.

– Тоқтап қал, Тоңғаров бір ауданның көсемі болғандықтан кейбірдегі мысқыл сөзді ұмытпайды. Ондайға кешірімі және жоқ. Республикалық ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жиналысына барғанда, халықпен пікірлесіп өздерінен жоғары лауазым иелерін құрметтеп істерін шешіп кеуде сергіген тұста дастархан жайылып отырыс басталады. Ішімдік ішіледі. Әрбір соvxоз директорлары бөлмелеріне шақырып құрметтерін көрсетеді. Осындай бір отырыста Крупская совхозының директоры Жайсаң үйінен алып шыққан қазыны турап жатып: «Аудан басшысы сіздің соғымыздың қазысынан гөрі артықтау ма, қалай? Барлықтың кейде өзгеден артып

тұрғанына қатты қуанамын, біреулерге ұқсап қалтама бір теңгеліктер салмай, ақшаның да ірісін ұстаймын. Өзгелер көзімен көрсін, таңдансын, ашық айтарөзілімді аңғарсын», – деп қалды. Онысы бірінші хатшы курорттарға барғанда әрбір директор жол болсын айтып конвертпен ақша береді. Сондайда бір директор ұсақ ақшалар беріп, оны Тоңғаров кабинетінде шашып жібіреп:» мен қайыршы емеспін, өзің жинап ал да табаныңды жалтырат» дегені жұрттың аузына түсіп кеткен-ді. Жайсаңның мына сөзі отқа май құйғандай біріншіні қатты ашындырса да ызаға түйіліп көпшілік алдында үнсіз отырды. Кегін қалай қайтарарын білмейтін ақымақ емес қой, шыдай біледі... Ебін тауып ба-сымен қайғы етеді.

– Әркімнің қазанына бұйырғаны түседі. Артық сөлемелі – деп бір жағымпазы Тоңғаровтың бетіне іркілген ашуды байқап. – Тіліңді тарт, кекетіп сөйлеу не теңің, кеңшардың байлығына шарықтаған екенсің, – деп екінші жағымпаз қолындағы пышағын ойнатып сұс көрсеткендей болды. Қайтеді, бірінші басшының көзі түзулігі арқасында орден, медальдардан құр қалып жүрген жоқ және қазысы қандай екен? – деп кекеткен соғымды өзі сойып апарғасын шыбын жаны шиқ еткендей қорғануы еді. Айтыс-тартысты сылтауратып жылқының семізін танымадың ба, көптің көзінше таба етіп не жының бар еді, – деп сыбағамды бере ме деп сақтануы да бар-тын. Біріншінің көңілі күңгірт болса да, өзгелер намысын қорғап жатқанда аузы қышымайды.

Сонда да қулығын асырып:

– Жә, өзіл, қалжың айтылады, түкке тұрғысыз сөзде тұрған не бар, – деп Тоңғаров жағымпаздарын тыйып та-стады.

Сонымен кекесінді көтеретін, арды сақтай алмай-тын Тоңғаровты бейшара көрмеңіз. Арада біраз уақытты өткізіп, қақаған қыстың соңғы күндерінің бірінде Крупская совхозының партия комитетінің хатшысын кабинетіне шақырып, күле қабылдап еркін сөзге тартты. Аман, саулықтан кейін:» Қонақ үйінің басшысы жесір әйелді директор жұмыстан шығарамын дегенде араша түсіп қорғағаның дұрыс болған екен. Өлсізді жылатпау

партияның қасиетті парызы. Оу, директорға несімен ұнамапты сонша?

– Жалдамалы құрылысшылар арақ ішіп, мас болады, қонақ үйін төбесіне көтеріп айқай, сүрең жасайды, қонақ үйінің мүлкін бүлдіріпті, деген сықылды чепуқаны қоздатып, негізгі ойы бір туысын қонақ үйіне басшы қылмақ. Қамыс қора салып жатқан армиян, өзбектер таңмен жұмысына кетеді, ымырт үйіріле келеді. Түсінбедім...

– Түсінесің, өзің мал маманысың, партия ұйымының хатшысы болып жүре бересің бе? Директорға әбден лайқаттысың. – Көтергіш кран жоқ қой, талант та, талап та бар, істегің келетінді істей алмай директордың көзіне қарап, орынды пікір айтсаң кінәлі болып көрінесің... Кейде өзіңнен білімі, іскерлігі артық еместігін көріп іштей намыстанасың... Директордың қорғаушысы облыста соған шалқақтайды...

– Бәрін білемін, – деп Қоңғаров партия ұйымының хатшысы мен директордың арасынан қара мысық өткенін айтқан әңгімен анық түсінді. Ауданда шөптің басы қалай қимылдады бәрін жансыздары арқылы жетік біліп отырған Қоңғаров істің төтесіне көшті. – Директорыңның қорғаушысы бармағын тістеп қалу үшін намысы қорланған қонақ үйін басқаратын әйелді үгітте. Әйел дүние, мүлікке қызықпай тұрмайды. Тұрмысында нендей қардарлық бар екен?

– Айтпақшы, үйінде телевизоры болмағасын мезгілсіз қонақ үйіне келіп кино көретін көрінеді. Оны директор құрылысшылармен қойындасасың деп пәлеледі. Не керек үйіп-төгіп ойдан жала құрастырып қатты қорлады. – Жә, қазір тұтынушылар одағының басшысына телефон шалынады, қоймадан бір телевизор ала кет. Сосын оңашасын тауып ақылдас. Директор кабинетіне отырғасын шаруасын айтпақшы болып барып, біраз отырсын да айқайды салып, мені зорлауға әркет етті деп киімін жыртып, етегін түріп қарсы есігіндегі есепшілерге көрсетіп дауыс салсын. Содан кейін көп кідірмей ауданнан милиция және дәрігер барып іске кіріседі. Қылмыстық іс көтерілген бойда

шаруашылықты басқару қызметін өзіңнің қолыңа аласың. Түсіндің бе? Сонда ғана облыстағы жыл сайын соғымын және басқа, керек жарағын апарып тұрған қорғаушысы бармағын тістеп ләм дей алмай, жағы қарысып қалады. Түсіндің бе?

– Түсіндім, қолға ұстатқандай іске асыруға мүмкіндігім жететініне сеніңіз.

– Масаттанып, кісімсігенді кешірмейтін партиялық тәртіпті білесің.

Сонымен арада бір жеті өтпей-ақ жесір әйел директордың кабинетіне кіріп шығып лаңды салды. Ауданнан бірінші хатшы отыр десе отырып, тұр десе тұратын, түкірген түкірігін қағып алып тәтті екен деп тамсанатын милиция да, дәрігер де, аудандық партия комитетінің беделді қызметкері де жетіп үлгеріп тергеу жұмысын құйқылжыта жүргізді. Зорламақ болып тұщы етіне ащы таңба салыпсың. Көйлегін жыртыпсың.

– Тергеуші, нендей сандырақ мұныңыз? Басқаны айтпағанда есік алдында туған қы-зым жұмыс жасап отыр, ұрпағымнан ұялмаймын ба?

– Әйелшілдер қозып кеткенде ештеңеден ұялмайды.

– Шешініңіз, ұрығыңызды аламыз.

– Бұл не деген масқара, бірінші хатшыға телефон шалайын. Қайдан шыққансындар? Тәңірдің талтүсінде пәлеқор әйелдің сөзін қылмысқа жорып.

– Телефонды ұстамаңыз, байланыс үзілген.

– Директор басыңызбен ауданның атағына ұят. Бол шешініңіз! – деп милиция күш көрсете бастайды.

– Сараптау қортындысын күтесіз, жазықсыз болсаңыз құтыласыз, бірақ әйелді зорлауға әркет жасағаныңыздың өзі қылмыс.

Дүлей күш, үстемдіктің қандайда кінәсіз адамды ықпалына жығудың түрлі құпия амалына төтеп беру қыйын-ды. Ақырында бірінші хатшының кегі қайтты, енді кім құдайсып мазақтай алар екен. «Ұруын тапсаң киіз қазық жерге кіреді» деген зәлімдік осы деп Жайсаң орынтағымен де хоштасып, ел алдында ұятқа қалып, ақырында өмірін де қиып о дүниелік болды. Алматыда

дастархан басында бірге дәмдес болған кейбір директор Жайсаңның жазықсыз өмірден қыршын кеткені бірінші басшыға астарлы мысқыл сөзінің кесірі екенін жобаласа да тырс етіп ауыздарын аша алмайды. Бастық алдында құлша қалтырап еркінсі сөйлеуден біржола тиылады. Үстемдік үрейіне суыған көңілі өздерінің басы амандығына олжа, тырс етпейді. Бірінші басшының әрбір сөзі жақсылыққа бастайды ду қол шапалақ деп жарыса мақтап жатады. Кейбірі намысына тиіп қорласа да амал нешікпен тынады... Қоғамның дүлей құйынына қарсы тұрғандар абақтыдан да шығып жатады. Түн-түнек ажал, еркіндікті қаперіңнен шығара біл...

6

Рас, тұншыға тынудың да шегі бар. Пенде болғасын бұрынды-соңды түрлі өз-герістерді біліп те, көріп те жүреді. Қанша үні өшкендей сезінгенімен шет ел жансыздары шүбөсіз кемшіліктерді тап басып айтып, биліктің бетіне басып жатады. Жөнсіз идеяға сатылғандарды да, әділ жанды қара тереңге батырғандарды, орынтақтың желімен құтырғандарды да дәлелдеп айтып қалатыны болады. Сондай суық хабар қытай радиосынан ауа толқынында қалықтап кеткені бар. Ол Аманкелді ауданы кеңесінің орынбасарлығына тағайындалған Айбатша ұстамдік иелерінің бұғауынан көретін қорлыққа шыдамай асылып өліпті деу. Басшылық үрейлі, халықтың күдігі басым делінсе Айбатшаның туған інісі Арқалыққа келіп, шаруасын бітіргесін автобуспен қайтпақ болады. Кенет вокзалдан жоғалады. Ненің көріне ұшырады белгісіз. Ауданның бірінші хатшысы Қоңғаровқа кіріп мән, жайды айтып еді түтігіп:

– Бұл не қорлау арақ ішіп мас болып жүрген туысыңды мен іздеуім керек пе? Адам емессіңдер, шық кабинеттен, бар облыстағы прямой басшың Герецкийге, шағын, табанын жала, жоғалған адамды да, малды да содан басқа ешкім білмейді, – деп ақырып жекіреді. «Төсекте еркектің көңілін аулағанан басқа қолдарыңнан түк келмейді...

Ауыр сөз әйелдің сай-сүйегін сырқыратты. Ақырында жан ұшырып облыстық кеңестің төрағасы Герецкийге кіріп інісінің ұшты-күйлі жоғалғаны жұмбақ екенін айтты. Алдымен быттиған қоңыр бетіне күлкі үйіргендей болды да, кенет сұстанып» Мен милиция емеспін ғой жоқ іздейтін, бұл неткен мазағыңыз. Облысты басқарып отырған менің кабинетіме кіріп ініңнің жоғын айтып шағынасың. Соншалық... жоқтан өзге мәселені мен шешетіндей, – деп таңырқағандай болып: «Жоғалған ініңді ойлаудан бұрын қоғам жұмысын атқару борышың емес пе? Борышты түсінбейтін кеңесіңдер ме?

– Адам қоғамның басты байлығы емес пе?

– Түсініктеріңнің түрі бөлек, адам өзіне жауап береді.

Бар, милицияға хабарла, мен іздемеймін ғой. Шық, көне!

– Милиция таппай қойдық деп сылтауратып күлкіге айналдырады.

– Министріне хабарла, турасын айтып түсіндір. Жоғалып жатқан адам сенің інің ғана емес шығар. Болды сөз қысқа, кабинетті босат.

Айбатша үстемдік иелерінің кісіліктен беже бастағанын жұрттан бұрын қаншама рет естісе де онша мән бермейтін еді. Енді өз басына түскен қайғыдан билік үрейлі, сол үрейді жойып жіберсе түкте мән қалмайтынын сезіп, кешірімсіз сұмдықты одан әрі сыпа басы көтере алмайтындай кекті ашумен өзіне өзі өлім жазасын кесті. Ауданның бір лауазымды қызметкері қоғамдық кеселді көтере алмай өмірден кетті деп ешкім жағын ашқан жоқ. Өлі тыныштықты» «Жаркөлден» қашып құтылған аспазшы әйелдің шағымы КГБ-ға түсті. Адамның төбе шашы тік тұратын оқиғаны мөлдіретіп жазған әйелдің хатын генераль Нұрмағамбетов өз қолына алды. Тұтқын адамдарды фашистік қорлаудан кем еместігіне ауыр ойланды. Нағыз концлагерь деп жазыпты. «Жаркөл» облыстағы ең ірі сулы көл, қамысы қалың. Балығы жетерлік. Шаруашылықтардың мұқтажы мал қорасы болғандықтан қамысы орылып бумаланып дайын күйінде кеңшарларға жөнелтіледі, әрине, тегін емес, қамақты тым қымбат қаржыға сатылады. Облыста төрт түлік миллионға жетіп жығылады. Және жыл сайын мал

саны өсіп жатады. Әйелдің жазбасында үлкен күдік тұр. «Тұтқынды аяусыз жазалайды, кейбірі ауыр соққыдан, иттің талауынан өліп жатады, өлгенін мойнына тас байлап қара тереңге батырады. Ешкім қарсыласа алмайды, қаша алмайды азап ауыр... Өлген адамдардың орынын жаңа адамдармен толықтырылады. Бәрі құпия... «Дереу темір жол вокзалы бақылауға алынды. Жолаушылар көп, күндіз, түні поездар мен автокөліктер толы адамдар келіп, кетіп жатады. Біреулері мас боп, кейбірі шала мас боп күйкі тірліктің азабын үнсіз мойындап сенделіп жүреді. Кенет милиция формасын киген үшеу бас жазудың амалын таппай тәлтіректеп тұрғандарды қолтықтап қалың көптен бөліп әкетеді (бұлар милиция киімін киген жасанды зұлым ойлыларекені кейін анықталады). Сөйтіп, үйіне жете алмай шала мас боп жүргендер қарулы жігіттердің күшімен барар жері» Жаркөл» болып шығады. Мұнда бірнеше қасқыр ит, айнала қоршау, жер асты басшыларының кабинеттері. Қару, жарақпен толық қамтылған. Тұтқындар қамыс орады, тойынып ас ішпейді. Белгілі норма орындалмаса ұрып, соғу. Бас жарылады, көз шығады. Медициналық көмек жоқ. Буылған қамыстарды арнаулы сенімді адамдары совхоздарға өздері жеткізеді. Жер астындағы кабинеттері, тұтқындарды жазалау бөлмелері құпия, көзге көрінбейді. Айта кетерлігі кейбір шаруашылық басшылары бума қамыстан бас тартса, аяғы насырға шабатынын кейін білесіздер. Басшылығы заңды мүлдем мойындамаған, өйткені жұмыстары аса жасырын түрде, қорғаушысына сенімді. Дұрысын айтқанда Герецкий олардың маңдайына шыбын қондырмайды. Қанша адам жұмысқа алынды, қаншасы азаппен өлді, ешбір дерек жоқ. Қағазға түспейді. Тірілердің ауызша айтқандыры мен шаруашылықтарға қаншама қамыс бумасы жеткізілді, қанша мың ақша төленді делінген деректер біраз тексеру жұмыстарын қажет ететіні белгілі. Басқарушылары Бегель мен Марген болып шықты. Олар көп ақшаны банкіге өткізіп, құйма алтынды да кідіріссіз алып отырғаны да мәлім болды. Ақырында зар қағып Айбатшаның іздеу салып таппағасын өз өмірін қиған інісі де осында қолға түсіп қашпақ болғанда қасқыр

иттерге таланып өлген. Герецкий бақылап отырғандықтан кейбір заңгерлер сезіктенсе де бейқамдық танытқан, үрей күші бетқаратар ма? Бірде Герецкийге Киев совхозының бастығы Игнотенко» қамыс қора салмаймыз, малымызға қора жеткілікті» дегенді Бегель мәлім етеді. Егін орағы қызу жүріп жатқан тұста Герецкий Киев совхозына барады. Директорды қырманнан кездестіреді. Сол минуттарда қырман маңында жүрген төрт-бес ешкіні көріп Герецкий түтігіп директорға халықтың көзінше ақырып ешкіні қудырады. Онсызда жүрегінің сыр беріп жүргені бар директор ауруханаға түседі. Одан арғысы белгілі бас дәрігерге» біздің жұмысымызға кедергілік келтіреді» деген телефон шылдыры жетсе ол адам тірі қалпында жер басып жүрмейді. Жазықсыздың ажалына жеткен дәрігер қызметі жоғарлап басқа облысқа жұмысқа ауысады. Бұл үстемдіктің құпиясы ешкім дәлелдей алмайтын темірдей қатаң тәртібі. Республикада сирек кездесетін ауыр қылмыс түбегейлі тексеріліп жабық сот үкімімен Бегель мен Марген Көкшетау түрмесіне қамалып, Герецкий республикаға басқа жұмысқа ауыстырылып тынады. Ыза, кек, ашу, өлім себебі тексерілмейді. Үстемдік иесіне қызметін өзгеру жазасы жетеді деп шешіледі. Мәскеуден бастап солай екенін Герецкий білмейді деймісің. Игнотенконың өлімінің шығынын, басына қоятын ескерткішке дейін әйелі Киевтен жеткізді, қырық жыл сохозды басқағанын елейтін жан болмады, Герецкийдің көнбегенді көндірем, ажалды басына төндіремін! – дейтін дүлейлігінен шошығандар тіл қата алмады. Өлсіздердің сағы сынып, жер болып, құр сұлдері жүргені дүлей күш иесіне тиімді. Ауыр қылмыстының да үкімін Мәскеу кеседі.

Торғайдың Жаркөл маңында отырған ауылдың қариясы зұлымдыққа құрылған мафияның қанды оқиғасының шет жағасын кейін естіп шоқша сақалын бір сипап:» Пендені асыраушы таза табиғат, шалқар көлімізге жазықсыз боздақтардың ащы тері төгіліп, тұщы қаны тамды ғой. Кейде көлге қармақ тастасам көз алдымда ақ құс боп ақ киімді аруақтар зарлап жүргендей болады. Арғында қалған жесірлер, жетім балалар нағыз зұлымдықтың

құпиясын көбісі біле бермей қайғымен күңіренеді. Қазақ ұлтының өршіл рухын қаншама дүлейлер сындырамын деседе түк шығара алмады. Кісілік қасиетін жоғалтқан шайтан мінезділер де ақыр аяғында қара жерге жұтылды. («Қара терең» романыма бастан-аяқ желі болған оқиғаны қысқартып баяндадым – Т.Қ). Қасірет төнген жерде, адамның қаны төгілген жерден өтерде дұғанды оқып өтпесең жолың бола бермейді. Талай ғасырлық құлдықтан да ұлтты аман сақтаған рухтың мықтылығы, аруақтың, адам қанының киелілігі, қазақ жері қанды қырғындарды аз көрмесе де қаңырап бос қалған жоқ. О да Алланың көзі түзулігі, бірлігіміздің мықтылығына тіл тимесін, деп талай тарих сырын бүгіп жатқан қайырлы даласына сүйсіне қарады. Болашаққа қатты сенуді бабаларымыздың өсиеттеп кеткенінің куәсіндей әрбір қарияларымыз. Олар әлемде ойран салудың тыйылмағанын, шайтан иектейтін долы күштердің жұмыр жерді кезіп жүргенін де біледі, үнін өшіру оңайға соқпайтынын түсінеді, бірақ жәй адамдардың қолынан не келді. Ойларының мазмұны күңкілмен тынады. Өмірді шындық айнасы, әлсіздердің жан дауыс жаңғыры тарбиғаттың құпия күшімен астарласып пенденің сезімталдығы, болашақты аңғарғыштығы өскендігінен болашақты бағдарлайтындай әулиелер де көріне бастады. Бұл дүлейліктің бетін қайтаруға да тиісті. Жұмыр жер байлығын күңгірт есеппен сіміріп, жұтып жатқандарға мойынын бұрғызып бұлтартпайтын ажал деген жаза табылар...

7

– Саясаттың сойқан үрейі тіріні де, өліні де әбден тұншықтырып тастады ғой, мұң-шерінді айтудан қорықтық, – деп торғайлық Ақан Ыбыраев. – Есіктен кіріп төр менікі деп жайғасқандар қаныңды кенеше сора бастағанда, үміт үзілді ажал терезеден сығалады. Шайтан ойнақ салды, төбенді тесе жаздады. Аналарымыз шайтан түрлі пішінде алласын ұмытқан тігіншінің инесінің көзінде тұрады, билік басындағының қаламының ұшында тұрады, желпілдеп жүрген әйел затының шашының өр

талының арасына жасырынып жамандық жолға бастады. Қазақ әйелдері бұрынғы заманда басынан бір тартар орамалын тастамай, бұрынына бұрым қап кигізіп, омырауына бойтұмарын байлап, қолына күміс сақина киіп, ерінің қасына жатарда біссімилдасын айтып тазалықпен ұрпақ өсірді. Үрейден қорыққан тас маңдайлардың тұла бойы, үй тұрмысы ашық, тесік шайтан шыбын боп көрініп жүрме, тарақан, нетүрлі жәндік боп көрініп тұтас ұрпақтың рухын әлсіретіп, жамандық жолмен жүруіне лықтырып әкетті. Сенің ниетің, төртіп, тәрбиенің бұзылған екен рух ешқашанда қорғамайды. Рух, аруақты айтып отырғаным сұрапыл соғыс жылында фашистердің қоршауында қалған Ленинградты қорғауға қатысып, Нева өзінен өтерде тұстұстан фашистердің бомбасы жарылып суға тіріміз аз, өлдер ағып кеп кеттік. Күтпеген жерден қолтығыма бөрене ілікті, сол бөренемен ағыс бойынша ағып кеттім. Қақаған желтоқсан айы, үстімде қару, жарағым. Екі метрлік бөрене болмаса тірі қалмас едім. Арада біраз уақыт өтті. Батып бара жатқан күннің қызылы жарқабақтарға ұрып тұр. Кенет жарқабақтан ағаштың тамыры кездесе кетті де соған жармасып өзеннің жағасына шықтым. Ағаш арасынан сиыр жетектеген екі адам қараңдады. Сүрініп, жығылып жандарына жақындап хабар берсем украиндық ерлі, зайыпты қариялар. Жалма-жан су киімдерімді шешіндіріп отқа жылындырып, нан, жұмыртқа беріп аман сақтады. Тура келген ажалдан рух, аруақ аман алып қалды демей не дейін. Әкем есіме түсті Қызбел жұрты аштан қырылып жатқанда оларды қолымен көміп, біразына көлдің адал шөбі, балық, қолына түскен азықпен жанын сақтағанының алғысы ма деп те ойладым. Әкем, анам, үш қарындасым да аштан өлді, ағалы екеуімізді» Семизордағы» нағашыларым аман сақтап үкімет үйіне берді. Талай әулиелер, киелі адамдар ажалынан бұрын өлді. Бабалар рухы қатты күйзелді, халықтың басына түскен зұлымдық шайтанның еліруі қабірінде тыныш жатқызбай ажалдан арашалауда түске еніп белгі берді, аян етіп сақтандырды. көп нәрседен үміт еттірді. Залалы қалың қарғыс атқандардың жазасын аллаға тапсырды. Құдай аямағанды адам аяп не бітерді деген сөз содан қалса керек.

– Тағы бір мысал айтайын ба? – деді шежіре қарт Ақан: совет үкіметі құлаған бойда отбасын асырау ауыр болды. Осы кезде мұғалім ініміз аузы, мұрынынан қан кетіп өлі түске ұрынады. Әйелі жантөсілім жатқан ерінен безіп, есігінен сығалап тұрған шайтанның:» Жұқпалы ауру, өзіңде өлесің жылдам қаш» -дегеніне ерсе керек есікті кілттеп азығы бар туыстарына кете барады. Нияз екі күн сұлық жатады, кенет түсіне ақ киімді адам еніп:» Есет батырдың басына бар, дертіңнен жазыласың» деп әмір еткендей болады да сілкініп ұшып тұрып, ағайын туыстарына сөз салып қой сойып, жолға қаржы алып Есет батырдың басына түнейді. Сол жерде дертінен құлан таза айығып және әулие батырдың түрлі құдіретті оқиғаларын естиді. Біреулер кеудесіндегі шайтан желімен автоклігімен зырлап тоқтағысы келмей өтіп бара жатса машинасы төбеге ұрғандай сөніп қалады екен. Жаны таза, тұқымында күнә, кінәлілер жоқ таза пендеге шапағаты мол екендігіне көзі жетіп елге оралып жұмысына кірісіп, әйелі балаларын жетелеп кешірім сұрап бұрынғысынша тірліктерін жалғастырды. Міне, әулиелердің рухының жаны таза адамға тигізетін шапағаты қорғаныштық құдіреті. Еңкейіп иіліп дұғанды оқисың. Сілкініп шыққаныңа өзің таңданасың. Рухтың ғажайып құбылысы осылай... Бұқар Қалқаманұлы:

...Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап көңіл қарайып,
Қарауытып көз тұрса да
Үмітін үзбес азамат, –

дегеніндей әулие батырлардың үміті бүгінгіге тыныштық болып оралғанына мың да бір шүкірлік етеміз.

Пенде болғасын біреулер тірлігінде атақ іздейді, даңқты болғысы келеді, алдымен ер жеткесін жұрт таңғалатындай сұлуға үйленгісі келеді. Адамның аңсауы да арманда-

уы да шексіз шығар, деді құрылыс салу саласында талай жыл қызмет атқарып, біраз адамның алғысын алған Құмар бір пікірін жалғап:» Кейде ұлт ұлылығының ақылнамасына мән бере бермей ұшқалақ мінез танытатынымыз белгілі. Қазақ ер азаматқа бірінші жарыңды алла қосады, одан кейінгілерін шайтан қосады деп жатады. Осының өзі көп нәрсені аңғартқандай. Әлі көз алдыма сол бір оқиға елестейді. Арқалық қаласының құрылыс жұмысына келген Атбасарлық жүргізушімен Торғай ауданына жол сапарға шықтық. Жол бойы ойымызды бөлісіп, жанымыздың үлкен олжасы өзіл, қалжыңдасып отыру екібастан. Елге сүйіктіні айтамыз, арқаға таяныш болатынды мысалдаймыз, солардан кем болмасақ деп қоямыз. Ниет таза, ықылас айқын.

– Жолаушығы көп оқиға кездеседі, оның жақсылығын айтайын ба, жамандығын айтайын ба? – дейді жүргізуші.

– Ерте замандағы жоңғарлармен жауластықта бір ауылдың халқын түгел қырып, мал, мүлкін талап әкеткен. Бір ақылды кеуана екі-үш жасар ер баланы қазан төңкеріп жасырып, ол ер жетіп батыр болып жаудан кегін алып, содан рулы ел боп тараған-ды. Бүгінде ондай қырғын жоқ, тыныштыққа ештеңе теңгермейміз.

– Жамандық жар астында, ажал қақ қасында деп сақтандыратын әкем. Кісіні бет әлпетінен танитын әкелеріміздің әр сөзі тіршілік заңы. Небір зұлымдықтың құпиясын шешетін білгірлер дерсің. Шынымды айтсам Торғай, Қостанай, Ақмола өңірінде бармаған жерім, баспаған төбем жоқ шығар. Күн демей, түн демей жұмыс қамымен жол жүріс. Сондай бір сапарда түнделетін кеңшардың қарасына жете бергенде ауыл жанындағы моланың тұсынан ақ киімді әйел машинамың алдында тұра қалды. Жалма-жан тежегішті басып кілт тоқтай қалдым. Сол сәтте мола жақтан сәбидің жылағаны естілді. Әйел ғайып болды, молаға жүгірдім. Жаңадан жерленген моланың жанында ораулы сәби жылап жатыр. Жан жағыма қарап өз көзіме өзім сенбей ақ киімді елестеген әйелді іздедім, мұнда кім бар, деп дауыстадым. Сәбидің үнінен басқа дыбыс жоқ. Иманымды үйіріп сәбиді көтеріп

танысымның босағасын биссімілда деп аттадым. Диқан ағамыз жылы қабағымен қарсы алды да:» балалы болып олжалы келе жатырсың ғой. Мұның анасы қайда?-деп сұрақты жаудырды. Балаларым аман, анасы үйімде, мына шарананы моладан таптым дедім. Сол кезде үйдің отанасы сәбидің құндағын шешіп:» Оу, парторгтың ұлы ғой! Бұл қалай молада жатыр? – деп сәбиді жұбатуға кірісті.

– Шақыр залымды! Екі партбилеттерің жоқ, біреу ғой, тартып алып, өзінді киіз қазық қып жерге көмемін деп зіркілдеуші еді. Имансыз неме, өз баласын тірідей жерге көмбек болғаны ма? – деп Диқан ағамыз ызаға буылды. Кісілігін талақ еткенімен қоймай, шаранамен өштескені ме?

– Нағыз зұлым ғой! – дейді Құмар.

– Баласына қастандықты Алла кешпес, деп Диқан аға: «Парторгтың үйін жын бір-жола алған екен. Оған ем табылмас темір тордан басқа, – деді. Сонымен, оқиға былай басталыпты, сәбидің анасы баладан қайтыпты. Төсі елжіреп пендеде бола бермейтін аналық ләззатты бұйыртпаған, мына сәбиге де ананың ақ сүтін емуді жазбаған. Парторг Қыржық бұрыннан ашына боп жүрген қызға:» Сүйіп, күйіп жүрдік қой, енді кедергі болатын жағдай жоқ дейді. Қыз бірден ана сәбиді анасының моласына апарып таста мені сүйетінің шын болса, өгейді баға алмаймын деп кесіп айтады. Шайтанның көзі жалт-жалт етіп өзіңнен шығарда жаным басқа, біз ғаламат бақытты боламыз, ауданда, облыста қызмет орының дайын тұрады деп үйіріп әкетеді. Баладан дүние салған жазықсыз ананы да жеті түйір дәнді дуалап бір құртса, шырт ұйқысында толғақ қысқанда сиқырлап, «саспа, қазір босанасың, рахатқа бөленесің, ұйқыңды бұзба», деп үріп тұрғанын кім біліпті. Шайтанның қаталдығы да, қастығы да кәрі қыз боп жүре ме, белгісіз шыбын, шіркей боп босағадан бір аттаса төріңе жайғаспай тұрмас. Бейнетті де шектіреді, ажалды да тосады, қапылыста қағып түсіп өзінің аңсағанын да болдырады. Әйел босанды да қайтадан қалың ұйқыға кеткендей болып жатып жан тапсырды. Рахат-қызығы бірге өлді. Шайтан дегеніне жетті.

– Қазақ даналығында әйел жүкті болғаннан бастап оны үйде жалғыз қалдырмаған, марту басады оңаша жатса дегені де шайтанның бір аты болар. Бөлменің төрінде ердің қару, жарағы ілулі тұрады, бала көтермеген немесе қазақтың көреген сақа әйелдері сезіп жүрген шайтаны мықты әйелді жолатпайды. Ертеректе шөптен киім, кешек жуатын сабын қайнатып отырғанда жыны бар әйел қазан басына жақындаса:» сабынды ірітесің» деп қуып жібереді. Сол аналарымыз көзінің тірісінде» арақ соғысында» жүрген қыздарына бесіктен бастап тәрбие бере алмай, қызыл империяның үрейінен қорықты. Керек десеңіз дайындайтын астың тазалығын сақтайтын қолдарына күміс сақина, күміс білезік тағудан қалды. Өйткені, ескінің сарқыншағы, бай тұқымы шығар байлықты азалап жүр деп қудалауға салып жазалап жататын-ды, – деп Құмар өткен, кеткендерде жадында қалған ойын өрбітті. «Пенде бақытсыздығын, шайтанның арбауымен құрып тынатынын өзінен көрмей Аллаға тіл тигізді. Сосын ақталғысы кеп жаны күйген Құдайын қарғайды деп жұбанды. Одан сайын шайтан еліріп небір сәтсіздіктерге киліктіріп басын жойып тынды.

– Сонымен, – деп қалың кірпігін жыпылықтатқан жүргізуші: «Дүниеге екінші рет келген ұлды Өлмес атандырып, Диқан өзінің алтыншы баласы етіп тіркетті. Парторг пен әйел сотталды. Түрме заңында кісі өлтіруге әрекет еткенге қаталдық болған ғой. Парторгты ұрып өлтіріпті, әйел жазасын өтегеннен кейін қайда қаңғып кеткені белгісіз. Көкірегіндегі шайтаны оны да бір жерге апарып құртқан шығар. Өлмес ер жетті, жоғары дәрежелі білім алды. Қазір ғалым, физика салсы бойынша жеті бояулы күннің сәулесінің тұйықталуы, кемпірқосақтағы сәулелердің отқа айналып, оның тартылыс күшіндегі өзгерістер туралы кандидаттық қорғапты. Үйлі, әйелі екі баласы бар, қалада тұрады. Аанада бір барғанымда байыпты, байсалды қалпымен қабылдап құрметін көрсетті. Үйіндегі үш мысығы туралы айтты:» Үшеуі үш түрлі қызмет атқарады, бірінің миында дыбыс жазғыш бар, екіншісінің көзіне бейне түсіру орнатылған, үшіншісі

қоғамдағы түрлі зұлымдар, жын-шайтандардың құпия қимылдарын ізіне түсіп бақылап отырады Жарылғышты залалсыздандырады. Көкірегіне, миына шайтан ұялап» өртеп бүлдіру, қырып-жойып байлыққа жетесің», деп қанына сіңіріп тастаған лаңкестердің аяғын аттатып бастырмайды. Небір айлакер зұлымдарды да құтқармай дереу» Арлан» тобына хабар түсіреді. Қиял жетерлік қалай болғанда да бір нәтижесі халық игілігіне жараса дейсің. Ағалы-інідей болғасын біраз сырласамыз.

– Туған әкесін сұрамай ма?

– Орыстың туған анаң емес, баққан анаң дегені бар ғой. Бәрін де сезетін шығар, бірақ қайғысын ішінде сақтайды. Әлсіздігін танытса шайтан миына кіреді деп те ойлайтын болар. Ердің айбары төмендеп, долы әйелдердің пысы басып, онсызда дертті қоғамды меңдетіп бара жатқанын ойшыл жігіт аңғармайды деймісің. Рух әлсіреді, аруақ қажи бастады. Оның дәлелі иесіз қалған молалардан түрлі бейнеде адамдар көзге елес боп көріне бастады. Адамның денесі өлгенімен жаны өлмейді ғой, бабалардың, даналардың жаны тыншу таппауы бүгінгі кейбіреулердің дүние байлық көзіне құрт боп енген шайтан сезім күшейіп тұр. Қиянатынан сазайын тартып жатса да ойланып-толғанып ұғынуы жоқ. Ұлтының ертеңін ойлайтындар кемдекем. Жұмыр жердегі испан тұмауындай қырып, жойып бара жатқан зұлымдықтарды сезінген Жартқан Иемнің құдіретті рухы кімді қорғау керек екендігінің есебінен де жаңылған болар. Қиянатсыз өміріме ештеңе теңгермеймін дейтін көпшілік ауамен қаректенсе де тыныштықты тілеуден жалықпайды. Ондай рухы мықтыларды Алланың шайтаны да, адамның шайтыны да еліктіре алмай-ды, – деген Құмардың сөзін тыңдап болған жүргізуші Қабден:

– Ұлтымызда адамға жайдан жай берілмейтін данышпандық жетерлік, тарихымызды ақтарып отырсақ. Сол бар үмітін келешегіне арта білген Өлместерге бұйырып қатарлары көбейгей. Түсім жақсы, әлемде біріншілікті көремін кейде... – Аузыңа май, астыңа тай, айтқаның періштенің құлағына шалынсын, қазақ ұлтының тарихының тұңғыық тереңінен ұғынатын кереметтер

көріне бергей, ондайға шайтан араласпай қандай жәндік боп көрінген бойда басы қырқыла берсін, – деген Құмар» Терісаққан» совхозының төбесі көрінгенін байқады...

9. Кейкінің қылышы

«Астаналық» базарының батыс жақ сыртындағы жатаған үйде Тәтім тұрады. Жалғызбасты. Көршісі Сыртаннан басқа тірі пенде есігін ашпайды. Сыртан жұмыссыз, тірлігі қалта қағуға, біреудің бірдемесін жымқырып кетуге шебер. Арақ ішетіні, наша тартатыны бар. Кейде Тәтімнен қарызға ақша алып тұрады. «Бейнетпен алған зейнетақымды сұрап, қылқылдай бересің, қашан әкеліп бересің?» деп қиналса да тиын-тебен береді. Өйткені дені сауында бөтелкелес болды. Ені де, көлденеңі де тар, қысаң бөлмеде одан-бұдан тапқан бір жартыны бөліп ішіп, сәтті күндерін еске алса да, Тәтім ішкі сырын ашып айтқан емес. «Қысқа ғұмырда ешкіммен қысастанған жоқ-пын», – десе де кейде жардағы ілулі тұрған қылышқа көз тастайды... «Оқиға жұмбақ боп өтті. Куә, дерек жоқ», – деп қысық көзін сығырайтып қарап ойсыз отырады. Сөйтсе де сол оқиға түсіне енеді. Бәріне қоғамның қысымы кінәлі деп ақталғысы келеді. Қайтейін, үстемдіктің тұтқыны болдым... Көз алдынан жүгіріп өтетін сол кезең суреттері... Есек мінген алба-жалба киімді диуана Кейкінің ауылында ашыққан жоқ, қарнын тойындырды. Әр үйде адамдардың басы қосылса, сөзін тыңдап біраз жүрді. Кейде Кейкінің ерекше ерлігін құралайды көзінен ататындай мергендігін таңдайының суы құрып сыбыр-күбірмен аңыз етеді.

– Үңгірге атымен, қару-жарағымен кіріп-шығатын көрінеді.

– Әйелінің айы-күні жақын қалған шығар. Көмек керек.

– Үңгірден қылышын аузына тістеп екі мылтығын екі қолымен ұстап шығады деседі.

– Қайран, батыр-ай...

– Аты да» ақылды» ғой. Батырдың сөзін жылқы түсіне ме екен, жау қуып келе жатқанда қалың қау арасына батыр

үн қатып белгі берсе болды, аты төрт аяқтап жата кетедіде, батыр ысқырып белгі бергенде қасына жетіп барады, аты иесінің тілін тауып ұға білетін» ақылды» екен деседі.

– Есіл ер жазықсыз қуғынға түсіп безіп жүр. Қатты обал, қандай қорлық!

– Амангелдінің сенімді қол мергені аталған батыры еді, Амангелді тірі болса бас сауғалап кінәлі делініп елден кетпес еді. Үстемдіктің тізесі батқанынан сынбаған, зәлімдерді жыға танып, одан қорқып, үрейленбеген Кейкі:

Ойсызды қылышпен түртіп оятам,
Патша жендеті қарсы келсе,
Қанын шашып семсерімді боятам.
Сондықтан жүремін ылғи күтініп,
Көкірек күпті, тілегім елге бүтіндік!
Дұшпаным қалың, жанымда жүр жұтынып.
Мергендікпен аман жүрмін құтылып.
Қылышыма мұң шағамын,
Намыссыздар сезінсін
Жаулық ойлы, қылышты көріп,
Маңайымнан безінсін!
Қылышым қында, бөгет жоқ-ау жолыма.
Бұлты тарқар, жамандық торыған.
Қиын кезең, түсініксіз уақыт.
Тап болдыма, маңдайымның сорына.
Қылышымның жүзінде байқағанға,
Елдігімнің алынбаған кегі бар.
Батыр болсаң жекпе-жек,
Көрейін кәне, жеңіп ал!? –

дейтін өлеңін де жансыз жұрттан естіді. «Әйелін қимай жүр ғой немесе саяси ақылшысы Әліби Жангелдинді күтіп жүрме? Сарыторғайдың тау қуысын қашанғы паналайды?» деген сөзді естіп диуана-жансыз қатты қуанды. Ізіне түсе алмаспын деп, беті қайтып, жүні жығылып қанша айларды өткізді. «Сарыторғай», «Құлжығылған» деген сөздерді естіп әкесі тірілгендей еді. Әкесі Бәтір Қостанай өңіріне танымал атақты бай Көкімжанның малын төркілеймін,

өзін Ақмолада өтетін бай-кулактарды жазалаудың жалпы жиынына әкелемін деп жүріп еліріп аттан құлап жұлыны үзіліп өлді. Оны милициялар қызметкерімізді бай атып өлтірді деп, Шаған байды бірден атқанын естіді. Шаңырағын қырсық шырмады ма, Тәтімнің інісі Кәтім аузы-мұрнынан қан кетіп өлді, анасы Сыным құсадан о дүниелік болды. Өкенің ескі үйінде Тәтім жалғыз қалды. Бірде милиция шақырып алып:

– Тарығып жүрсің, қолтығыңнан демейтін біз ғана. Өкең талай бандыны құртып еді, қылдан тайғанды қылпып тұрған қылышпен қиып түсетін еді. Қарсы болмасаң өзіңді жұмысқа аламыз. Кейкі деген үкіметтің жауы бар, ұстатпай қашып жүр, талай милицияны атып өлтірген. Еліне барып, жұрттың сөзін бағып жүресің, жасырынып кім тамақ апарды, байқайсың. Сосын бізге хабар бересің, Кейкінің басына тігілген 2 мың рубль бар, шен-шекпенің өз алдына дәріптеу, – деп майын тамыза үгіттесін.

– Құп болады!

– Жаман-жұман киім киесің, есек көлігің болады. Оны Амангелді ауданындағы бір милиция қызметкері ұйымдастырып береді. Сенің міндетің – Кейкінің жасырынған жерін 591 анықтап беру. Жұрт сөйлескенде Кейкі туралы аузыңды ашпа? Аңқау жұрт жауына қырғидай тиетін батыр еді деп өздері айтып қалады. Соны аңдисың.

Тәтім айлар жүрді, жылдарды өткізді. Күндердің бір күнінде Кейкінің ізін адаспай тауып хабарын Ақмолаға жеткізді... Ақырында, бір топ милициямен Кейкінің 1925 жылдың сәуірінде қырғын атысын көрді. Әйелі Ақжан да мерген екен, атқанын тыраң еткізіп жатты. Кейкінің оғы таусылды... Оққа ұшты, жазалаушылар оның екі қолын қылышпен шауып басын кесті. Батырдың көзінің алдында әйелінің ішін жарып, сәбиін шыңғыртып найзаға шаншыды. Сонда:» Өттеген-ай, танымайтын Кейкіге неменеге қысастандым? Екі мың рубльге ме?» – деп бір сәт өзінен-өзі шошынғаны бар-ды. Қайдан біледі, батырдың азаттық үшін күрескенін, басшылары Амангелдіге Әбдіғарды айдап салып, айтпағанын айтты деп, ұлт бірлігін сатты деп, қызылдарға сонысымен жақты деп, хан өзің болып тағыңда

отырғанда, жаныңдағылар атақ-даңқты ерекше тапты деп, бірді-бірге өшіктіріп қоймай Амангелдіні өлтірді. Түрменің билік кілті орыс шовинистерінде болғасын кімді аясын, біреуін біреуі баққа таласып атты деп құлақтандыра салады. Қызылдарға тапсырыста бар, елді тазарту, бай, батыр, еліне елеулілерді түгелдей құртып, нағыз пролетариат басшылығына өткізу. Мәскеудің айтқанын орындамаса өздерінің жанына ажал төнеді... Сонымен Тәтімге милиция басшысы:» Екі жүз рубль алдың, жетеді. Екі мың деген сан қате түсіп кеткен, бірақ еңбегің бар», – деп Кейкінің қылышын берді. Қылыш қиянатының құнына тұрар ма?» Ей, қысылшаң кезде бәріне көнесің, «– деп өзін ақтап, милиция шекпенін киіп біраз жыл жүрді. Жаратқаннан бала тіледі, бір емес, үш рет үйленді, кезерген ерні жібімеді. Тілегіне қорлықты жазды. Зарықтырды. Денесіне қышыма қотыр тапты, ем қонбады. Жұқпалы деп жұмыстан шықты, ешбір жер жұмысқа алмады. Ләйліп қалды, тірі өлікке айналды. Ақырында төсекке біржолата жатқызды. Ауруын қыл өңеш дейді. Атау-кересіне аңсары ауып, бір жұтым су ішуге мұң болды. Жұтады, қайта төгеді, батпайды. Анда-санда Сыртан келіп су береді... Біраз отырып қылышты ұстап көреді. «Онда нең бар?» – деуге Тәтімде әл жоқ. Сыртан көзі жұмылса қылыш өзімдікі деп иеленгендей ме? Жасырып сатса біраз ақша дейтін шығар... Ескі диван тұсында ілулі тұрған жүзі болаттан істелген семсер қылыштың қынабынан кейде Тәтім сипаушы еді. «Күнәмді кеш батыр, сатқынмын, жаназама жан келмес...» деп күбірлей ме екен? Ертеректе Ақан Нұрмановтың» Құланның ажалы» романының басты кейіпкері Кейкі батыр дегенін, Ғабит Мүсіреповтің» Амангелді» драмасындағы Кете батыр Кейкі екенін естіді, іші мұздай боп жүрегінің басын жылан шаққандай күйреді. Бірақ, сатқын емес пе, ешкімге сездірген жоқ... Енді міне, жылдар өте белгісіз қаусаған дене қара жерге көмілгенше жаны шықпай көзіне қара шыбын үймелеуде. Кейкінің қылышының киесі оңдырар емес...

Ертеректе жол сапармен Герман жеріне барғанымда Захсенхаузен концлагеріндегі тұтқындардың бас сүйегінен күлсалғаш, терісінен қолғап, әйелдердің қол сөмкесін істеген фашистердің адам шошырлық қылмысын көріп түңіліп едім. Кенесарының, Кейкінің және басқаларының жау деп танып бас кесуін фашистер қызыл жендеттерден үйренгені ме? Дала даналығында қастандықпен бас кескендер батырдың денесіне басы қайта әкеліп жерленбесе, елінде, жүрген жерінде неше түрлі апаттан көздері ашылмайды деген бар. Кейкінің басы туған топырағына оралғанымен, Кенесарының басы Ресейден әлі күнге қайтпай келеді. Орынбор архивінде Кенесарыны тергеу құжаттары сақталып отыр. Оны да түгел 592 көшіріп әкелу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Тәуелсіздік, еркіндігімізге байланысты өткен қоғамдағы солақай саясат үшін ешкімді кінәлаудан аулақпыз. Тарихымыздың ақтаңдағын түгендей алсақ, басқа тілек тілемей ұрпаққа шындықты айтсақ деген ой. Арман-тілек, бүгінгі еркіндіктің шуағы теп-тегін келген жоқ.

– Атам қазақ сыйлағанды сыйлап, келісіп, кеңесіп өмір кешкен ғой, – деп милиция генералы Өмірзақ Болсынбеков мұражайларындағы қылышты көріп ойға шомғанымды бөліп. – Бір ғажабы, Дала Даналары жас ұрпағына: «Ата-анаңды құрметте, кісіні өлтірме, ұры болма, ыржақай болма, жалған куәлік берме, өзге кісіні күндеме, өз бауырың адамды сүй, бойкүйез болма, күншіл болма, өкпелегіш, қызғаншақ болма, еріншек, мешкейлік жаман, көңілшектіктен сақтан, арызқой болма», – деп аталарымыз институтты бітірмесе де, «Кодекс куманикустың» шежіресін қалай жаттап, қанға сіңірді деңіз? Осыны түсінсе ешкім бұра тартып қылмысқа ұрынбас еді...

– Кейбір қателігіміз тәрбиеден бе?

– Қоғамдық үстемдікті қайда қоямыз? Батырды жау санап кінәлаған – қоғам.

Ақталған кезде көз жасын тыя алмай егілген ақын Әубәкір Қылышбайұлы деп қылыш туралы новелламызға нүкте қоямыз...

Тоқтап қал, қан кешудің қайғы-мұңы айтылып болды деймісің? Тас құдайға табынып жүріп, ағаш бас белсендіге жалынып жүріп, жантайып жатпай жан ұшырып, бит-бүрге шақса қышынып, қайғыға шыдап, ыңшыңсыздығымыз партияға ұнап, Лениннің:» Оқы, оқы және оқы», – дегеніне ниетіміз құлап, тегін білім алдық. Алапат жұқпалы аурулардан арылып, тегін емделіп, денсаулық қайрақтай жөнделіп, алашабыр бұлттан шыққан күн сәулесіне қуанып, «Ура, алға!» деген ұранмен балаша қуанып, қолымызға қызыл ту алып, екпіндеп ерліктің жолына аттадық. Өлемнің алдына суырылып шықтық. Күрескер болғасын көп шаруаны ұттық. Ұта алмағанымыз, қыңырайған қисықтарымыз алдыңғылар не істесе соңғылар соны қайталап, қылмыскер атанғымыз келсе мамырлай басып түрменің есігін аштық. Алды-алдына бетімен жайылып, жамандыққа қайырылып кеткендердің өз обалы өзіне. Теріс сенім, теріс түсінікке бой алдырмағандар, өркені өсіп, қайғы-мұңның есесін қуанышпен қайырып жатты. Мысалы, көп бала туу дәстүрге айналды. Сталиндік тәртіп бойынша іш тастау (оборт) қылмысты делініп, сотталып жатты. Өр баланы бағып-күтуге партия қаржы аяған жоқ. Бала туған сайын аналар қызыл алтайы түлкідей құлпырып денсаулығы болаттай бекіп шықты. «Туғаның адал болғанша, алғаның адал болсын», – деп аналардың ардақтысы да, көңілдері көлдей, кең байтақ елдей, өлгендердің аманатын арқалап, небір қиындықты жеңген еді. Оған таласың жоқ шығар, – деп Қымыр бір жанұяның тірлігін мысалдады.

– Бәйтеректің жапырақтары дейік пе? – деді Тымыр.

– Десек дейік, қалай мақтасаң да тұрарлық. Қуғынға тап болғандар да, жаттық көрмей бір ауыл, бір бауыр болып кетті.

Бірақ екеуі де суы тартыла бастаған өзен толқыны үстінде, түсі суық қара бұлт арасынан Кейкі батырдың қылышы жарқ-жұрқ етіп бірен-саран әулиелердің көзіне шалынатынын білмейді. Өзен атына сай жоғарылай ағып

Торғай өзендерімен жарыса су аяғы құрдымға құйылушы еді. Одан әрі жер асты теңіз Қызылорда, Торғай өңірлерінің біраз жеріндегі төменгі қабатта тыншу табады. Кейкі батырдың азаттығым аңсағаным 593 деп ат үстінен түспей жүріп шайтан-зұлымдардың қолынан қаза тапты. Айы, күні жеткен әйелінің қарнын қылышпен шауып жауыздар шарананы да, әйелді де, Кейкі батырды да өлтірді. Торғай өңірінде батыр рухы жаны тазаларға кейде қылыш болып, не қара мылтық болып елес береді. Аяғын кібіртіктеп басып, жымсия күліп, ақырындап сөйлейтін ауыл айтқышы Майлапес көзім мәңгілікке жұмылса да сөзім желмен гулеп есіп тұрар деп мақтанып алады. Біреулер қайғыланады бекер, біреу қапаланады бекер, неге десеңіз тірі адам төгіліп тұрған күннің нұрын көруден артық бақыт бар ма? Өз басым Молотовпен бірге жүргенде қайғы, қапаны ұмытып, көңілдегі күдікті жойып ойымды түп-түгел ерліктің киесіне құратынмын. Жауыздықтың бұғауын быт-шыт қып үзетін ерлік қазақта аз болмаған дегенде Молотов:

– Шешіліп дәлелдеп айт! – деп сұрайды. Өзі сұрағасын қорықпай судырата бастаймын. Қобыланды, Алпамыс, Есет, Тарғын, Бөгенбай, Қабанбай деп ондардың, жүздердің атын атап келіп:» Айтпақшы, біздің Ойыл өзенінің бір саласына ерте, ертедегі жаугершілікте Ақсақ Темір біраз дем алыпты. Ол саланы Темір атандырады халық. Таза ауаны құныға жұтып, табиғаттың өлшеусіз рахатын көрген Қожа кездеседі. «Өлемге ажал егумен атағы шыққан Ақсақ Темір жүрген жеріне оқымысты дана адамдарды шақырып алып: – Мен кімін осы, әділ адаммын ба, жоқ жауыз адаммын ба? – деп сұрайды екен. «Сен әділсің» деп айтқан адам да, «сен жауызсың» деп айтқан адам да аман қалмайды. Темір табанда басын кесетін болса керек.

Не істерін біле алмай, оқымысты қауымы дел-сал болады. Қожа жарықтықтың атағы жер-көкке тарап кеткен ғой, жұрт Қожаға жалбарынады.

– Қожеке, жұртыңды ая. Өзіңнен басқа жәрдем күтер жанымыз жоқ. Бір қайрат істе. Жазықсыз жандарға төнген жауыз семсерінің бетін бұр.

– Қадірлі халайық, – дейді Қожа, – маған жеңіл жүк артып тұрған жоқсыңдар, бірақ құдай-тағала әрқашанда

нашарларға жақ, сендердің қайыр-дұғаларыңның арқасында, іншіалла, бірдеме етіп көрермін.

Нар төуекел, Қожа Ақсақ Темірдің сарайына келеді.

– Сіздің сұрағыңызға жауап бергелі Қожа келіп тұр, – деп Темірге хабарлайды. Темір үйреншікті сұрағын қойғанда, Қожа: – Сені әділ әкім деп те, асқан жауыз деп те айтуға болмайды. Жауыз мына бізбіз, сен – әділдіктің ақ семсерісің, құдіреті күшті құдай тағала сені біз сияқты жауыз жандарды жазаласын деп жіберген, – дейді.

Ақсақ Темірдің күткен жауабы да осы болса керек. Ол Қожаны жақсы көріп, өзіне жақын адам етіп алады, жанынан шығармайды. Сірә, Ақшаһар аймағының Ақсақ Темірдің қаһарына ұшырамай, аман қалуы да сондықтан болуы мүмкін деген ел жадында жазба бар. Молотов жолдас күн көсеміміз Сталиннің шыныдай әділдігі Темірдің қабырын қопарғанда соғыс басталып, Сталинградта жеңіске жетерде Темірдің денесін әспеттеп жерлеткені ғаламат білгірлік еді. Жұмыр жерді жұтуға қомағайланған фашистер сол Темір, Ойыл өзендерінің бойында өсетін әр түйірі мына менің басымдай Шағанақтың ақ тарысы жау танкілерін өртеп құртыпты. Даламдағы батырлардың өлмес рухы зұлым жауға көзін тіккен бойда жер жастанып қалғанына қуанамын сонша. Ал Сталин көсемімізді Жаратқан Ием фашистердің қанды қырғынын жойсын деп жіберген ғой, солай ма Молотов жолдас. Менен сәлем айта барарсың... Дұрыс па? Коммунизмді жұрттан бұрын өзім көріп жұмыр жердің билігі Сталиннің қолында болса деп тілек тілеймін. Дүние зұлымдық үшін жаралмаған, коммунизм үшін жаралған, ұшқыр ойды мен айтпағанда кім айтады, кімнің қандай ойын барын мен білмегенде кім біледі Молотов жолдас.

– Жұмыр жер тыныштығын қорғаймыз дегенің өте дұрыс. Жер қарбыз емес қой, күштімісіндер тіліп тіліп жей беретін...

– Менің жүрегіме коммунизмді алғашқы көруші деген мөр басылса о дүниеге барғанда бүкіл батырлар рухына жар салып мақтанар едім, ө?

– Шыда, тым мақтанып кетпе, Майлапес жолдас, – деп Молотов арқамнан қаққанда көкірегімді қысқан шаншу-

дан әп-сәтте айғып кеттім. Біле, білсеңдер Алдар көсе, Қожанасыр, Тазша, Жиренше дейсің бе, әрбір от ауызды, орақ тілділер небір ібілістің, небір жын-перінің жұлымын қырқа білген-ді. Зұлым ойлының тынысын тарылтып, алқымын сығып тірлігінен баз кештірген. Рухына шаң жұқтырмағанына көсемдер күмәнданбайтын еді, Майлапес бар ма деп ақылдасуға шақыратын-ды... Гитлер шайтанмен келісім шарт жасасқан зәлім ғой деп айтып жүретінбіз. Онымыз айдай анық-тын.

* * *

Майлапес шайтан дегеннен шығады деп Молотовпен қанша кездесе де Грецияда дәуірлеген қалаларды титаншылар күл талқанын шығарса, қазақ жеріндегі төрт құбыласы түп-түгел боп өркендеген» Хан ордасы Сарайшықты да» қара шекпенділер жермен жексен етіп, күлін көкке ұшырып, алтын, күміс байлығын тонап әкетті. Әттегенесі, алтын қайыққа қолы жете алмай топырақ қауып өлгенінше өкінгенде болар. Қаланы әулиелер қорғанысқа негіздеп тұс-тұсыннан дұғаланып оқылған киіз қазықты қағып еді. Әулиелердің сыбыр, күбірін естіп қалған жат жауыз сатқын мұжық қазықтарды суырып алып Жайыққа ағызып жібергенін аңсыздықпен елемей қалса керек. Алтынданған он екі қанат ағаш үйді де қара шекпендер олжалады. Едіге, Ер Тарғын батырлардың рухы дуланған киіз қазық аман тұрғанда қастандықтың, жаушылықтың қабырғасын қақырататын ба еді. «Бұған адамның көз жасы құйылмасын деген арабша жазуы бар құмыра да талқандалды. Ырыс толы киелі шара сынды. Қала жұлдызы сөнді. Сарайшықта жерленген жеті ханның мазарлары құрыды. Оны Майлапес қанша толғанып айтқысы келсе де батылы жетпей қайта күлімсіреп:» Молотов жолдас» шайтанмен ақыл, кеңес құрып шарт жасып одақтасқан Гитлер әлемнің талай қалаларын ойрандады, тіпті алтын зауыттарына дейін көшіріп әкетті деседі. Қазулы орлар жауыздардың көрі... Көрінде өкіргір, ә? Шайтан зұлым тірлікті талқандаушы пәле...

ТАНА БАТЫР

Баяғыдан бүгіп жүрген сырым бар еді. Баяны жоқ тірлікте өткендер айтушы еді, налып. Кейде сөзін жұтып, қиналып қалып. «Құтсыздық қойшының таяғынан, келіннің аяғынан, қилы күн келіп қалар қай жағымнан?» – дейтұғын әйелдің ойы. Қас батырға қарыздарлығының белгісі. Қас қағымдай мезгіл болса да қанша жыл қалды артта. Тана батыр шығып тұр биікке. Өлденеге күбірлеп, ерлік жолы думанды, дүбірлі еді дей ме екен? Қарысқан жауын қағып түсуші еді. Қажымай-талмай жер кезді. Қала салды. Ойға алғанын орындады. Қабырғалы елдің даңқын шығарды. Күмәні көп жеңісті де игерді. Кісі таңданарлық шаруалар тындырды, дұшпанының назарын сындырды. Шарлапты ат тұяғы жетер жер үстін. Кісіні жатырқамай жақсылығымен бөлісті. Төлкегіне өзәзілдің ермеді, қалың жаудан тұла бойы қалтырап көрмеді. Хан атанды халқын жарылқап. Кінәсіздің бетіне жел боп тимеді. Жауын ғана саз балшықтай иледі. Елдің жолын бөгейтін сұмның жөнсіз тіліне ермеді. Хан сарайынан жағымпазға орын бермеді. Жүйрік қиял, тапқыр ақылмен құлаш сермеді. Тана батыр қырықтың қырқасына шығып өз-өзінен кішірейіп толғанды ма? Бақыт құсы тұрақты боп иығына қонып па екен? Тана деген атаумен теңіз жағасынан қала салды. Сол бақыт па? Уақыттың құр алданышы емес пе? Өлсіздерді әлдінің басынуынан құтқарды. Кез-келгеннен қорқып, барын төгіп-шашылудан құтқарды. Өркімнің күс қолы асырайтынын ұқтырды. Күржиген дүлейлерді сап тыйды. Күрес-тартыс сәтімен өтті. Ол да қызметінің бақыты ма? Жоқ, күндіктік алданыш қана. Жан күйінішін ештеңе айырбастай алмайды. Оңаша күйзеліп тұр. Төменге түсті, зар-мұң баяу желмен естіледі. Әйел үні. Күдер үзердегі дыбыс. «Оу, қалың ноғай елінен таңдап алған жалғыз жарымның қайғысы ғой», – деп толғанды батыр.

– Отыз беске келгенде тас емшегімді жібітіп, тар құрсағымды кеңітіп, төсімді тартып, жөргөк иісі аңқып, жанымды нұрға бөлер бір сәбиге зар болдым. Жаратқан Ием мұнша неге бала бақытын көруге тар болды? – дейді.

Көңіл-күйі жүдеу. Жүрегінде қаяу бар. – Тірлікте қиын болды бала жоғы, алдады өмірімді дүние боғы, қайғының бұлты қалың, құрған торы, – дей келіп, – таңдайым кеуіп барады, емін таппай жүректегі жараның, қанар емес суысыным. Перзент сүймей барамын. Өкшесі қанамаған бедеу сөзі миымды шағып тастады. Өкінішпен аяқты аттап басқаным... Көздің жасын бұлаймын, Жаратқанға шағынып, ағыл-тегіл жылаймын, сәби сүюді сағынып?! – деген балажан жүрек үні екен. Көген көзі мөлдіреп, өз жанын өзі жеп жүр екен. – Пенде деген өмірге аз-ақ күнгі мейман дейді, дүние-мүлікті, төж-тақты да ұрпағы үшін жиған дейді. Тірлікте татар дөмің таусылып, ана жаққа кеткенде, кім ие болар сән-салтанатты қалаңа, байлығы асқан кең далаңа? Хан ием, соны ойлап мүжілдім...

Тана үнсіз. Жарының өкініші қалыңдығына амал қайсы? Оған кімнің ақылы жетеді? Жаратқан Ием нендей сый әзірлейді? Қуаныш па, басым жерге жеткенше налу ма? Хан жанын жанып толғанды.

– Өмірінді ойлашы, алдыңда асқар таудай ағаң жоқ, соңыңнан ерген сүйенішің інің жоқ. Жалғыздық бір Аллахқа жарасыпты деп түйілесің кейде. Замандастарым ұрпағымен жарасып, балапанын еріткен ана қаздай қайқаңдап, күнім, жұлдызым деп жайнаңдап еміренгенде, балалары ана, әке деп бұлбұлдай сайрағанда жүрегім қопарылып қолқамды суырып денемнен бөлінгендей күй кешем. Хан ием, алды-артыңды ойласам, байлықтан не пайда, тақтан не пайда, келешекте иесі оның болмаса деп бір перзентке өзім ғана борыштыдай, өзім ғана кінәлідей, өзім ғана айыптыдай сезінем. Сезінем де өмір сүруден безінем.

– Жөн. Мен де тілек тіледім. Бекер емес айтуың... Ұрпақсыз өтсем дүниеден не үшін пенде болып жаралдым? – деп Тана қалың жаудан қайтпаған жүрегінің өмірін күтті. Жарының жанынан аулақтап ер-тұрманы сайланып тұрған күрең арғымақтың жалын сипады. Күн кеңістігіне еңкейіп кішкенеден соң кеуім тартпақ. Алагеуімде ойына не келеді?» Өмір қашанғы мені еркелетіп арқамнан қағып, маңдайыма шаң тигізбей, ешкімнің алдында ба-

сымды игізбей мәпелей береді? Досым дегеннің қараңғы ой түпкірінде қу бас-ау, өле кетсең байлығың, төж-тағың сұм-сұрқияға шашылады. Арың адал, батырлығың тіріңде аңыз болғаны ұмытылып, есімің аяққа басылады. Жоқтаушысы жоқ, біржолата өледі дейтіндей жүрегімді қайғы түйнеді. Жартақан Ием жарылқап, пендесінің төрт құбыласын тең етіп бермей ме? Шыныменен соңымнан бір перзент ермей ме? Болаттай беріктігім қайда, одан не пайда? Мадақтың астарында мазақ жоқ па? Жалғыздықтан құтылудың лажы бар ма? Құпия қайғыны еске алсам бордай езілем, тірлікте ажар-көрікті кім десеңіз, ұрпағы барлар екен-ау. Тағдыр бір перзенттен неге қысты?» – деп Тана болмағанды болдырып, талайдың басына бақыт құсын қондырып, тірліктерін елден асырып, оңдырып, адалдығымен жөн біліп жүрсе-дағы жүрегіндегі жараға ем табылар ма?

Жан жары тағы да еріне қарап жағына тілін безеді. Жүрегі лоблып тұрып:

– Бұл тірлікті байқасаң өлмейтұғын шайтан бар. Балаларын ерткен ақылсыз әйел де тойтандар. Ертеңіне сеніп сүйсінеді, ғасырларға кететін тереңге түскен тамырын мақтан етеді. Баласызды мазақтағандай майпаздап сөйлейді. Құлынымның тілі тәтті деп қояды. Бір боқмұрынын хан тағына айырбастамаймын дейтінін қайтерсің деп желпінеді. Жеті ғаламға патшалық еткен Ескендір де бір перзентке зар болып, ақырында Өзірейілге жан беріп дүниеден кете барған деп кекиді. Сөз мәнісі – меңзеу. Сондай сынай көз тастаған әйелдерді көргенде ішкен асым бойыма батпайды, таң күлімдеп маған жылы шуақпен атпайды. Қараңғылық көкірегімді қаптайды. Меңгіріп кетем пана таппай, – деген жарына Тана қадала қарап:

– Бала керек... Ұрпақсыз кімбіз дегенінді жүрегімде сақтаймын. Қалың ноғайдан таңдап алған сұлуым, жанымдағы жылуым, адамның қолында болса қайтсем де тартып алар едім. Аллаһтың ісіне қайран қылар шамам жоқ. Өттең, өттең...

– Хан ием, бөтен ойым менде жоқ, жақсылығыңды халқың ұмытпас. Тірлігінде есіміңе шаң жуытпас.

Жұртыңның биік тауы едің, сүйенісіп күн көрді ел.
Үмітін әсте үзбедің, жетім-жесірді жарылқадың, көзінің
жасын көрсетпей. Болмысыңнан кемдігің жоқ ер едің,
мерейі едің көптің де! Бір-біріңмен тілектес боп жүргендер
де ұрпағыңның жоқтығына аяр көзбен қарайды. Соны
сезіп қорланам. Қайратың қайтса, бағың тайса жаныңда
жүргендердің өзі:» Мақсатсыз өмір сүргендей болдың ба?»
– деп бетіңе басудан тайынбас. Жас баланы көргенде босай-
ды көңілім қайтейін? Ескендірді мысалдап айтқаным, ой-
лансын дедім хан иеме, – деген әйел сөзін ұғынып, мойын-
дады. Хан мұнданса да Ордасына кетті. Әйелі күміс кебісін
киіп соңынан көз тастады. Алтын таяғын сүйеніш етіп кет-
кен хан не ойлап барады. Мұң-шері қозғалды...

Орда күзетшісіне мойынын бұрған Тана:

– Билерді түгел шақыр? – деп өмір етті. Билер жиналды.
Ойлары әр түрлі. Хан ноғайлының байтақ елінің болашақ
тағдырына сыпа басы жауапты еместігін айтты да:

– Бесікте белім бүгіліп еді, періштелер жүзіме үңіліп еді.
Түн ұйқысын төрт бөлген анам жұлдызым деп жұлынын
босатып, жүрегі езіліп еді. Ұл туғаным мақтанам деп
шаршап барып көз іліп еді. Бөріңді де аналарың солай
әлпештеді, – деп билерге сынай көз тастады.

– Жауға кегің кеткен жоқ, хан ием.

– Елің аман, жұртың тыныш. Ел қорғайтын ерлерің
алды тыныс.

– Кейін кім болады? – деді Тана ойын жұмбақтап.

– Қырықтың шықтым қырқасына, соңыма қараймын
жалтақтап. Жақсы-жаманды көрдім, мұңсыз пенде жоқ...
Ата мұраны ойласа кім мұңаймайды?.. Халқымның алдын-
да кішімін, орынтақта ханмын. Уақыты келгенде кетеміз,
ертең не боларын білмей таңмын. Мен де өздеріңдей ет пен
сүйектен жаралған жанмын...

– Хан сөзіңнің төркіні» Әрбір мақұлықтың да бала-
сы бар, сол үшін қажет болса жанын пида етеді» дегенін
түсініңдер, – деді бас биі.

– Күміс би, дұрыс айтасың. Неше асыл патшалар бала
көрмей зарлаумен жүріп, Аллаһтан бала тілеп әулие басы-
на барып түнеген. Баба Түкті Шашты Әзіз артық туған пір

бар-ды. Аңшыбай ханның жұртында осыдан үш күншілік жер, – деді.

Тана батыр билер сөзін мақұлдап жаяулап жүріп әулие басына барған-ды. Жанына үш серікті ерітіп алған-ды. Аллаһқа сыйынып, әулиге Құран бағыштады. Содан төтті ұйқыға берілді, таң бозарып атқанда Баба Түкті Шашты Өзіз аян берді. «Түр еліңе қайт, ұлың болады. Есімін Нәрік қой. Батыр болар, хан болар, таланынан көреді!» – дегенді құлағымен естіп, әулиенің бейнесін көргендей қуанғаннан кең далада өкпесі өшкенше жүгірген екен. Ұлы болады, қару-жарағын асынып өзі жоқта қарттар мен балаларды қырып кеткен Қызылбас ханының басын алады. Сарбаздарын бұл жорыққа қинамайды, өзі-ақ жауын жайпайды. Қантөгістік емес, жекпе-жекке шақырады. Көз ашуы емес, кек ашуын ұлы дүниеге келгенше қайтарады. (Бәлкім Украин жеріндегі Танаис өзені Тана батырдың есіміне қатысы бар ма? Тана-ис грек сөзінің жалғауы емес пе?) Көзсіз ерлік талай халықты түрлі кесапаттан құтқарған да болар. Тана батыр жайлы аңыздарда Әмет батыр, Алау батыр, Нәрік батыр дейсің бе, бәрі де тегіне ұқсайды... Арада мұншама жылдар, ғасырлар өтті. Қаншама жеті аталар аталып кетті. Бірақ батыр қазақ мүлгіген жоқ, елін, жерін қорғай білді. Жатқа салдырған Тана қаласы Азов теңізінің жағасында мызғыр емес. Бөліске түскен мүлік қалды... Әйтеуір, Тана есімі ұлт қажетіне жарай ма?.. Әңгіме онда емес...

* * *

Сол Танадан тараған ұрпақ не күйде? Патша заманында қазақ жерін отарлау мақсатында жүздеген рулардың есебін шығарып, көп рулы елді азғырып, аз рулы әлсіздерді езіп-жаншуды ойластырды. 1891 жылғы есепте Тана руында 25 мың адам екен. Адай 80-90 мыңға жетіпті (Памятная книжка Астарханский губернии на 1891 год. СПб., 1904. – Тетрадь 2. – с. 42-43). Басқа рулар да осы деңгейде. Ресей империясының 1897 жылғы адам санағында қазақтар саны 3, 4 миллион деп көрсетілгені және бар. Ал 1947

жылғы (стат. Л. 41 об.) есепте Тана – 6 405 адам ғана. Ең көп адай – 7 515 адам (СМ. ЦГА. РК. Ф. 78. Оп 2. Д. 8. Л. 41. об). Ұрпақтың өсуі орнына құлдырап кетуі 1921 жылы басталған аштық қырғыны емес деп кім таласады? Батырлықтың, ұлылықтың тұқымын құртып тектілікті жоюдың құпия қастандығы емес деп кім таласады? Сонау бірінші ғасырда өркен жайған кердері мемлекеті, Азов теңізіне дейін барып қала салған Тана батырдың және әлемге мәшһүр болған қазақтың көптеген батырлары, шешендері, ақындарының тұқымын жуадай солдырған Кеңес заманындағы солақай саясаттың қырсығының жұмбағы жетерлік. Жатқа табанын тигізбеген, дүлейге кеудесін бастырмаған, өзгеге өзі барып ұрынбаған, ұрынғанын оңдырмаған бабалар рухы жүдеушіліктен арылды ма? Арылған жоқ, кесапат ұлттың тазалық кескін-келбетін жүдетті. Қазақ қысылғанда қызын сатса да жерін сатпай мықтылығын танытып байтақ даланы бүгінге жеткізгенге шүкір дейсің. Аштық қырғыны ұрпақ сапасының тамырынан қырқып құл бол десең құл болуға, жын бол десе жын болуға, кесер кеңірдек үшін, тірі қалуы үшін көжеге сатылды. Орынтақтағыға жағынды, табынды, кеңесшілдің туын көтеріп жалбарынды, үрей алдында дірдең қағып, әлсіз, сатқын, жағымпаз, өзімшіл, есалаң, ішмерез, тексізді көбейтіп кетті. Кейде арғы аталарымыз батыр, шешен, ақын еді деп айтуға есалаңды көргенде ұялып қаламыз. Бесік тәрбиесі өзгерді. Қаладағы Қияқбай да емес, ауылдағы Сияқбай да емес, әрі-сәрілер жаңа ғасырға талтандап жетті, ақшам бар қалтамда деген мәздік пайда болды. Батырлардың соңғы буыны Рақымжан, Талғат, Бауыржан, Әлия, Мәншүктер болғаны ма? Олар бабалар ту тіккен жерде өзінің басын имейтіндігін әлемге танытып Екінші дүниежүзілік соғыста:» Мен Қазақпын!» – дей білді. Ал кейбіріміз бүгінде отарлық езгіден әлсіреп, шырт етіп үзілетін шірік жіптей боп бара жатқанымызды түсінбей, жаны күйіп күрсінбей, не қазақша, не орысша ойлай алмайтын күй кешіп жатырмыз... Қазақ тілінің уызына жарымағандар қыпшақ тілінің XIII ғасырдағы ескерткіші Куманикусте» сері» (шері) әскер мағынасында

қолданғандығын ұғады ма екен? Тарихты түгендеудің аса жауапты, өте-мөте қиындығы-ай...

БӘЙТЕРЕК БАТЫР

Бабаларымыз байтақ даламызды қызғыш құша қорып, дұшпанның табанын тигізбеу үшін үш жүздің қазағы бір ата, бір ананың баласындай, жұдырық боп жұмылып, татулықты ту етіп, жымысқының көзіне құм құйып, жаттан жатпай-тұрмай қорғана білген. Дүлейдің ісініп-кебінген мысын басып, дана сөзін қадір тұтып, шүбәлі пікірлінің жағын аштырмаған, кеудесін пасыққа бастырмаған, дос пен қасты кейпінен тани білген бабаларымды шетінен алғыр ойлылар деуге сыяды екен. Бабалардың арқасында байтақ даланың иесі болдық десек кейбіреу жаңсақ сөз табар деймісің? Бірегей батырлары дұшпанын айбарымен жасыта білген, соғыса қалса, жер қаптырып, ерлігін асыра білгендігін ақтаңдағы мол тарихымыздан енді-енді біле бастадық. Әрине, көп деректерді жарқыратып ашуға кейіндеп, кешең қалғанымызға түрлі кезең кінәлі. Пысы басқан әміршілік кінәлі. Орынборлық тарихшы, Ресей акедемигі Сайкин Николай Иванович:

– Ел шетіне жау тигенде бес Франция сыятын кең даланың ерлері қалайша теп-тез жинала қалады? – дейді. Ол әрбір он-он бес шақырым жерде жаушы тұратынын білмейді екен. Сәйгүлік мінген ерлердің хабар жеткізуі бүгінгі телефоннан кем болмағанға ұқсайды. Ат дүбірі шықса, жаушы қаралы туын көтерсе, алыстан алағайлаған белгі көрінсе, ерлер сауыт-сайманын әзірлеп атқа қонуға әзір тұрған. Сөзі дуалы Дала Даналары батасын беріп, ақ жаулықты аналар ақ жол тілеген. Намысын қайрап, ерлікке жігерлендірген. Талай көрген қанды азап, кешірмейтін кек жеңіс туымен ғана өлшенген. «Кең даланың қазағы – бір қазақ» деп, «Ағайында өкпе бар да, кек жоқ» деп іргесі бұзылмаған елдің амандағынан басқа тілек тілемеген бабалар еді. Жеңістің тілегін тілейтін қазақ елінің бір тұтас жұрты сол. Сондықтан батырлары:» Сен кімсің?» – деп кекиген жоқ, бірін-бірі бауыр

тұтты. Жеңген елде хан да қадірлі, билері мен батырлары да дәріпті. Ол-пұл пендешілік кемшілігі кешіріліп жатпай ма?» Өшті-қастылық пен бақастық өмір жасты қысқартып, ішкен асы да бойына батпайды» деген билерден тараған сөз бар. Оған хан да, қара да тоқтаған. Байқап сөйлеп, ақылмен жоғын жоқтаған. Ғайбат өрті тұтанса, от басында сөндірген. Билер ақылы көнбейтінді де көндірген. Үш жүздің басы біріккен қалың қазағы бір ниетпен ел тыныштығын сақтаған. Халық бірлігі бесіктегі тәрбиеден басталса керек. Қыз алып, қыз берісіп құдандалы жегжат болған елдің баға жетпес байлығы татулық болғасын батырлық атаққа ынтықпайтын ер болар ма? Қайсарлықты халықтан алып, ер жүректілікті атағы аңыз батырлардан алып, ұлтжандылықты санасына сіңірген бабаларымыз екі жүз жыл бойы соғысып тыныштық бермеген қалмақтарға да сүйем жерді бермей, найзаның ұшы, білектің күшімен сақтаған. Қалмақтар осал емес еді, Волга, Астархан хандығы 1552 жылы құрылса, Ресейдің қол астына өтсе (Ф. 6. Оп. 6), Ресейдің Сенат Заңдары толық жинағының 257-бетінде:» Қалмақтар Ақтөбе аймағын игерумен айналыссын. Екіншіден, қалмақ әскери армиясы Астархан, Оралдағы казактардың армиясын басқарушысы генерал-фельдмаршал граф Паскевич-Эриванскиге бағынатын болсын», – деген жолдар бар. Кәне, отарлаудың әскери күшін осал деп көр. Бір жағынан жоңғарлардың тұтқиылдан шапқыншылығы тыныштық бермей жатады, дұшпандар соққы көріп жеңіліс тапса да, Қазақ даласын меншіктеп қалудан үміт үзбеген. Бір қазақ қалғанша соғысып, жеңіске жетпей тынбайтын бұларды іштен ірітіп, ру-рулыққа қырқыстырып, жүзбен жүзді өшіктіріп құрту керек деген қаскөйлік те болған. «Сұлтандарын бірімен-бірін араз қылып, бірімен-бірін иттей тартыстырып, бірінің етін бірі жеуге себеп болардай іс қылыңыз», – деп Ресей патшайымы II Екатерина Орынбор генерал-губернаторына жолдаған нұсқауының түрі жаман еді («Айқап», 1913 ж. №20). «Қазақ қалтасынынан пышағын шығармасын, шығарса салады» деген сөз қалған. Оған дәлел қазақша сайрап келген жоңғардан да, орыс, қалмақтан да сақтануына,

бауырсудың соңы жан сұрау болмасын дегенін айтып, билер қас пен досты қабағынан танып білген емес пе?! Ақылдылар қашан сіңіскенше ішкі сырын алдырмай, ұлттық қасиет, ар-намыстан жаңылмағаны содан. Іштен бүлік шықпай, қазақтардың қан құйысқан бірлігінің арқасында дұшпандардың ойрандау үміті ақталмады, байтақ дала сақталды. Жерді көздің қарашығындай сақтау атадан-балаға өсиет боп қалды. Сондықтан сол заманның хандары болсын, ғасырдан озған ойлы дана билері болсын, қырқысқанын қиып түсетін батырлары болсын бәрінің тілегі халқының басы бүтін болып, жерінің аман сақталуы еді. Олардың есімін бөле жарып, бірі олай, бірі бұлай деп ұйтқытып, ана ру, мына ру деп, әркімнің өз тегім деп бүйрек бұрып, есімдерін бұрмалаудың қажеті жоқ. Хан ортақ, би ортақ, батыр – қалың халықтың ортақ мақтанышы.

Мысалы, Абылай хан заманындағы қиян-кескі ұрыстарда талай батырлар арыстандай жүректілікпен жеңіске жете білсе, сол батырлардың есімдері әлі түгенделіп болған жоқ. Оған дәлел ретінде Бәйтерек батырды алалық. Тарихтан белгілі Кіші жүздің Бақтысыықтан тараған ұрпақтарының атақонысы – Каспий теңізінің терістік шығыс беті, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, Жақсыбай өзендерінің бойы. Бейнелеп айтқанда, құндыздай құлпырған кең байтақ өңір. Бәйтерек, Қаратау, Қалдыбай және басқа да толып жатқан ерлердің есімі қалмақтармен соғыстардағы жырларда, аңыздарда, ел аузында әлі күнге сақталып келеді. Жеті атаға дейінгі қандық, тектік құпияны білетін, шежірені зерттеудегі ізденіштігі қателікке соқпайтын Қаратөбе ауданы орталығындағы №21 мектептің директоры Абылай Боранов:

– Бабаларымыз Абылай есімін қадір тұтқаны ғой, атымды атаңдыруы, – деп ойға шомды да, – Бәйтерек батырдың дерегін ұзақ жыл іздеп, зерттедім. Жалпы қазақтардың қандық сапасының жоғары болуын бабаларымыз қатты ойлаған ғой. «Жаман-жақсы болса да, тартпай тұрмас тегіне» деген ғылымда теңдесі жоқ сөзді қазақтан басқа кімнен естідің? Не түрлі қылмысты да,

нетүрлі жамандықты да тегінен іздеген. Жеті атаға дейін қыз алып, қыз ұзатпауы өз алдына. Мәселен, Кіші жүздің бір биінің, батырының, хан әулетінің, ақынының ұлы ер жетсе, Орта жүзде ме, Ұлы жүзде ме аталғандай еліне даңқтының қызы бой жетіп отырса, құда түсіп жанұя құруы, халықтың бірлігін әйелдер арқылы туыс-туған, жегжат-жұрағат етіп, «Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» деп татулықты сақтауы қазақтан басқа әлемде қай ұлтта бар қасиеттілік?

Сонымен Бәйтерек, ағасы Есен батырлар шеркеш, ысық, адай, тана сарбаздарынан жасақталған 10 000 ержүрек жігіттерімен 1745 жылы Абылай ханның әскерінің қатарына қосылады. Біреулер:» Әбілқайырдың хандық билігінен неге шығып кетті?» – деген сұрақ қойып қалуы да мүмкін. Екі жүздің хандарының түрлі кездесулерінде алақөздік, бақталастық болмаған ғой. Қазақ даласы ортақ деп түсінбесе» Орыс-қалмақ қатынасы жазба дерегінің» 147-бетінде:» Әбілқайыр хан ұлы Ералы мен Торғай өңірінде 1747-1748 жылдары қыстап шыққан», – деген сөйлем бар. Демек, хандар жер ортақ, халқымыз бір ниетте деп ұғынған ғой. Ал Бәйтерек батыр қандайда қиын ұрыстарда жеңіске жетудің шебері, сарбаздарын алымды, алғыр етіп тәрбиелей білген. Әрбір сарбаз жасынан қылышпен қиып түсуге бейімдігі сынақтан өтеді. Қайрат, күш, шапшаңдық, қорғанудағы шеберлікте қате болмайтындай, бүкіл жаттығу сапасы арқылы іріктеледі. Найзагерлер тобы да осылай тәулік бойына дайындықта, қателік болмауға тиісті. Ат, ер-тұрман, сауыт-сайман жаттығу сағаттарында ешбір қателіксіз ұрыс қимылына дайындалады. Абылай хан Бәйтеректің әскери тобын жоғары бағалап, «Қаңлы» деп атандырып, майдан даласындағы шұғыл, тосын шабуыл арқылы дұшпандарын жайратып салатын құрама деп бағалаған екен.

– Бәйтеректің ағасы Есен де Абылай ханның ең сенімді батырларының бірі болған, оның ерлігі жәнәсарбаздарының ерекшелігі әбден іріктеліп, қазақ елінің солтүстік шекарасын қорғауға бақытталыпты, – деді зерттеуші ғалым Абылай Боранов. – Орта жүздің алғырларынан құралған

бұл топтың әскери қамтылуы, шеберліктері өзгелерден басым болмаса, шекаралық дұшпандарында қандай қару бар, одан қалай қорғану тәсілі қажеттігін зерттеп-білмесе жеңіс қиын деп ұғынып, басымдық беріліп, кемдікке жол соқтырмаған. Аз адаммен көп қолды тосыннан жайратып салудың амалдары қарастырылған. Үлкен дайындықтан, сапалы сынақтан өткен сарбаздар ғана шекараға топтасқан. Өйткені, дұшпан шекарадан өтті дегенше бүліншілікті шұғыл басу оңайға түспесі анық-тын. 1745-1758 жылдары осы әскери құраманы шебер басқарған қолбасшы Есен 1704 жылы туып, 1789 жылы дүниеден өткен. Сондай-ақ, Бәйтерек батырдың кіші інісі Көбектің ұлы Бектау үш жүз бойынша Абылай ханның әскеріне сарбаздар дайындап, олардың шеберлігіне сай таңдаудан өткізіп, әскерилердің тұрмыс-тірлігін, азық-түлік, қару-жарағын қалтқысыз қамтамасыз ету тобын басқарған. Оның құрамында жаугершіліктің күтпеген жағдайда шабуылы, шекарадан басып кіруі байқалса, үш жүзге дабыл қағып, хабар салатын жаушылар болған. Абылай ханның қызынан туған Бәйтеректің екі ұлы Текебай мен Шаншардың Ресейден білім алуына Бектау қызмет еткен. Текебай да әскери қолбасшы, Абылай ханның бір қызына үйленгенге ұқсайды. Ал Текебайдың кіндігінен тараған Беспай, Сегізектің ұрпағы Батыс Қазақстан облысында, Орынбор өңірінде тірлік етеді. Шекаралық мемлекеттер, – деді сөзін жалғаған Абылай Боранов. – Қазақтардың әскери жеңімпаздық дайындық құпиясының сырына жете алмаған да шығар. Қантөгіске бармас үшін батырлардың жекпе-жек шайқасында да сәтсіздік білгірлік, әдіс, амал-айла, күштіліктің мұқалмас алмас қылыштай өткір тәсілдері болған ғой. Осындай жеңімпаздық намысқа, рух мықтылығына тікілей байланысты еді. Сосын да жүздеген батырлар қайырлы қазақ даласын қорғай білген.

Бұл кезде орыстар жерін кеңейту мақсатында әскери күштерін нығайта бастаған. ІІ Екатерина патшалық құрған тұсында Астархан хандығы 1552 жылы Ресейдің қол астына кіргендігі туралы деректі айттық (Ф 6. Оп 6). Ал Сенат Заңдарының толық жинағының 574-бетінде

қалмақтар Ресейдің қарауындағы халық есебіне кірген, заңдандырылған. «Ежелгі дұшпан ел болмас, етектен кескен жең болмас» деп мұндай жағдайда қазақтар қайтіп сақтанбасын? Ресей Заңдары қазақ даласын түпкілікті отарлауға әскери күш жұмсауды да меңзейді. Соны түсінген қазақ хандары, билері, батырлары бетегеден биік, жусаннан аласа болып, билікті қолдан беріп, езіліп, тапталуға түспеудің не түрлі қам-қаракетін істеп баққан. Күш бірлігі, қандай жойқын соғыстарда жеңіске жеткен ерлікті қанға сіңіріп отырған. Жаттың билеп-төстедуді ойлаған мінезін айбармен ығыстырған. Абылай ханның батырларды үш жүзден таңдап, іріктеп, әскери төртіп пен төрбиені нық ұстауының маңыздылығы да осында жатыр. Ұлт бірлігі сәл босаңсып божыраса ортаны төгіп, толыны шайқайтын дұшпаны дайын тұрды. Ондай жымысқылықты алдын-ала болжап білу қандай дүлей күшке бойұсынбай тәуелсіздік қалыпты сақтаудың амалы еді. Соның арқасында тақымдап қуғысы келген қаскөйліктерден ұлы даламызды сақтап қалды. Бірліктің болаттай беріктігін, сынбайтын күшті білген дұшпан да бата алмады.

Міне, біздің хандарымыздың, билер мен батырларымыз, от ауызды, орақ тілді шешендерімізді түгендеп тарих бетіне алтын әріппен жазатын тұсы осы болса керек... Зұлымдыққа толы кезең тектілерді тентіретіп зықысын шығарды. Адалдықты арамдап кетті... Ақыр соңында, ұлттық сапа қылыштың қырына ілікті.

* * *

Бәйтерек батырдан тараған ұрпақ жылдар өтуімен түрлі саяси құбылыстарға ілесті. Бәрі де елдік, ерлік салтты анттай сақтады. Төрге ілінген қара домбыра, босағаға қағылып қойылған ат тағасының киесі намысты жанып тұрды. Бордай тозбай, қоғамдық болмыстың түрлі қайшылығына төтеп берді. «Қорқақтан байың болғанша, батырдан қалыңдығың болсын» деген аналар ұлттың сақталуын алдымен ойлады. Батырларымыздың біразының кіндігінен он бес-жиырма ұрпақ қалғанын

білеміз. Сол сияқты, Бәйтеректің бір тұқымы Үрпек Алдажанов Орынбор, Санкт-Петербургтан білім алып, орыс патшасымен бірге тіршілік етіп, әскери-медициналық қызмет атқарып дворяндық лауазым (дворянский титул) алған. Ал Үрпектің інілері Құлғазы, Бекқазы Орынбор, Санкт-Петербургтан білім алып, «Алаш» қозғалысына белсене қатысып, оққа ұшқан. Үрпектің Айтен деген ұлы да Орынбор, Санкт-Петербургтан білім алып, Батыс аймақ бойынша «Алаш» қозғалысының әскери күшін ұйымдастырушы болып біраз қызмет еткен. Амал не, бұл қозғалысты жау санап талқандаған тұста ерлі-зайыпты екеуін 1923 жылы қызылдар Троицк маңында атып өлтірген. Айтен Отрад-ный ауылының биік төбесіне жерленген. Айтеннің інісі Сақаш Орынбор, Санкт-Петербургтан білім алып, Орынбор қаласында қызмет істеп жүрген кезінде 1929 жылы «батырдың, байдың тұқымы» делініп, ОГПУ-қармағына түсерін алдына-ала сыбыстан естіп, он екі жасар ұлы Таубай мен алты жасар қызын Серғазиев деп балалар үйіне өткізіп үлгерген. Сол Таубай Екінші дүниежүзілік соғыста Ленинград қаласында болған фашистердің қанды қырғынында үлкен ерлік жасап, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталып, майдан жолы Кенисберг қаласына дейін жалғасқан. Жеңіс күнінен кейін Балтық жағалауында әскери комендатурада қызмет еткен. Елге оралғаннан кейін Орынбор облысының Цвиллинск ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет етеді...

Тобықтай сөз түйіні, кедір-бұдыры көп, жазбаша қалған дерек-дәйегі аз, отарлық езгінің бұйдалаған тайлақтай етіп еріксіз теңсіздік зарын шектірудің қатыгездігімен, жаулығымен айқасып, бірінші мақсатта туған жерді аман сақтаған бабалар тарихы толығына түсуді қажет етеді. Іздесе атадан балаға мұра болып қалған құжаттар, түрлі жәдігерлер де табыла бермек. Әрине, Кеңес үкіметінің қаны ұйымаған, кедей табына жат, пиғылы өзге, бөгде ойлы бөтендер, «халық жаулары» хан тұқымы, байбилердің ұрпағы жер басуға, тірі жүруге жатпайды деп атылды. «Жау» атанып, арманда кеткен сапалы тұқымның қайғысы өз алдына... Тәуелсіз еліміздің бүгінгі ұрпағы

тарихтың бүкпесіз шындығымен жанына ажар алуға тиісті... Дала ұлылығымен әлемге жар салып, мақтанатын кез бұл!

* * *

Қымыр қазақ ыммен сөйлеп көп жағдайды ұқтырғанын есіне алды ма, дыбысы жұмсарып:

– Айта берсе сөз көп, көре берген көз көп. Шаруа-күйі жұқарып, дымы құрып отырған бір ағамыз көзінің суын сүртіп біраздан соң:» Естияр бала едім. Ала таңнан милиция туысқанымыз келіп қиғылықты салды. Үнемі азықты қалдырмай тартып алады. Сонда әкем былай деп өлеңдетіп еді.

Айтатын саған датым бар,
Сталинге жазған хатым бар.
Тышқан түспей қақпанға,
Ажал тұр-ау жақындап.
Малымды тартып әкетті,
Милиция туысқан.
Ажал алар алқымдап,
Денем тұр-ау, салқындап.
Тағы нең бар деп шүйілді,
Милиция барқылдап.
Тауықты да әкетті,
Милиция туысқан.
Көріп пе едің сөкетті,
Жауыз болып ұйысқан, –

деп екі баласын үкімет үйіне тапсырып, мені қолымнан жетектеп Омбыға тартып отырды. Екі күннің бірінде милиция дікіндеп келіп үйімізді тінтіп үрейлендіргенінен әкем өліп құтылғысы келді ме, әлде Омбыдағы нағашы жұртына барып жан сақтағысы келді ме, өзі білді. Әйтеуір, қалың аштықтан аман қалдық... «Жетім бала – дықшыл» деп «Ақкөлде» жетімсіреп қалған балалары шикі жасында шошынғанын ұмытты деймісің... Омбы дейсің бе? Біраз

ағайын-туысқа пана болғанын естіп едік, – деп Қымыр бір оқиғаны сабақтап кетті.

ТОРЫ АТ БАСЫ

Адам ойының ұшы-қиыры жоқ, қолы жетпесе де көктегі жұлдызды аңсайды, қиял қанатын қағар, қақпасыңды тағдыр белгілеп өз үкімін жүргізіп жатады. Қара жүрек біреудің зұлымдығы көрер күніңді көпсініп құртып тынады. Жас жігіт адамдардан қайырым күтеді, мейірбанды сезімге жылынғысы келеді. Жан-жүйесін балқытып тербейтін таза махаббатты аңсайды. Десе де орта бөлек, кедей мен бай тірлігінің айырмасы жер мен көктей тым алшақтұғын. Қыз бен жігіт жайлауда ортасы ой түскен үйір, үйір жылқының өзенге құлап қара тереңнен жүзіп су ішкені тұсында кездесіп көз қарастары төтті сезімді байқатып еді. Іштей үндестік, жан құмарлық алдамшы еместей көрінді. Еліктіріп сөйлескен сайын мол мейірмен жүректі балқытып әкететіндей болса керек. Өз ұясын құрып бақытты болуға еркі мен ырқы бар, дейтін күш болса, кәне? Сұрастырып біліскенде екі жастың да атастырып қойған жағдайлары жоққа ұқсайды. Басымыз өз еркімізде болғасын бақыттымыз деуге аузы бара бермейді. Қыздың жолы ауыр әкенің қатыгездігі, түрлі айла, амалы ізін бағудың түрі жаман. Сосын да болар жігіт қызды көз көріп, құлақ естімас жаққа алып қашуды ойластырып жүрді. Болашағын барлап, тірлігін толғап таңдай білетін әкесі де, анасы да жұқпалы дерттен көз жұмған. Нағашысы Жалел шаңырағына паналатып жастық сезімін санаға, ақылға жеңдіріп аяғын аңдап басып, әр нәрсенің ақырын күтуді айтудай-ақ айтып бақты.

–Өскенжан ештеңеден жасқаншақтамай қара шаңырағыңды көтер, мына торы ат сенің еншің ұшқан құсқа ілеседі, атқан оқтан шапшаң шабады, бар байлықты осы ат табады. Бірақ, құпиясын тісіңнен шығар ма? Теңізден шыққан су жылқысының айғырымен қырдың байталынан пайда болған алдыңғы екі аяғының қолтығында құстың қанатындай қанат бар, -деп еді. Сол атына сенген Өскен:

-Біздің сүйіспендігімізді әкең еркіне салмайды, жыла, зарла одан дөнеме шықпайды. Қалың мал деп отырған әкеңе қарсыласып көрші, бір жарылған жұмыртқа деп жоққа санап арманыңды, бақытыңды шаңша ұшыра салады. Менде дәрменсізбін. Сондықтан Жамалым тәуекел етсең алып қашам, Есіл, Ертіс бойын жайлаған Бәйтерек батырдың еліне қосыламыз.

-Жердің түбі... қуғыншы құтқара ма?-деседе Жамал басқаша әрекет жасау қисынға келмейтінін сезеді. Әкесі бірбеткей жетім жігітке, қалың малсыз қызын бере қоймайды. Анасы, туыс, туғаны ақылға салып көндіре қояды деу қисынға келмейтін-ді. Ал, үйде отырып екі қабат болып қалса ірә жүзіқаралық тірідей өлім. Сөйтседе сүйіспендік сезімін сөзбен айтып жеткізе алмастай еді, кім қорғайды, кім қолдайды?

-Аттың қанаты бар дегенге сенбедім...

-Келіссең болды, сенесің, босқа айтпағаным көзің жетеді..

Жамалдың сүйген жүрегі бас тарта алмайды, бірақ асығыс етпей ойлануды өтінді. Сөйтіп, жеңгесімен ақылдаспақ. Жұрттың пыш-пышында оның тегі кім болушы еді, өңі өзгеше, көзі тұздай көк, шашы сап-сары, су перісінің ұрпағы деп жатады. Бірақ, ешкім кінәлей алмайды. Көзі болар деп жүзіне тура қарай да қоймайды.

Өскен жат көзден жалтарып жүріп Жамалмен кездескенде торы атты биік төбенің қолтығына сұғанақ көзден тасалау жерге шідерлеп кетеді.. Сондай бір кеште Жамалдың жеңгесі Айдың жарығымен аттың қолтығындағы қанатты сипалап тауып, көздің оқтан өткір сұғын қадап таңғалғанда торы ат қазысы үзілгендей жер жаңғырықтыра шыңғырып барып, қара тас боп қайнап қалады.

Махаббат қызуына еліткен Өскен жан сезімінің күштілігіне мән беріп:» Амал не, амал не, қайран торы атым, -деп көз жасын төгіп, қан түкіреді. Торы аттың қара тас боп қатып қалған қайғысы қабырғасын бытырлатып сөккендей есінен ауа күй кешеді. Онысы махаббатқа жасалатын зұлымдық үстемдігінен біржола жеңіліп, асқақ көңілінің жер болып қатып, семуі еді. Ел аузында ғасырдан ғасырға жеткен үн қалды.

Көрінген сонадайдан торы ат басы,
Жаманды жаратқанша, жаратпашы,
Айқасып қалқатаймен жатқан түні,
Аулыңды жау шапса да оятпашы?
Махаббат күндей күлген шақта,
Зұлымдық оған қалай оқ атпасын,
Мұңды, шерлі торы ат басы,
Ғашықтарға оқ атпасын.
Сәулелермен құбылар торы ат басы,
Қос жүрекке қастандық жолатпасын, -

деген ой толғау Қаратөбе ауданы, Егіндікөл аспанында жазылып қалғандай күні бүгінге дейін елестейді. Тура-сын айтқанда қара тас боп қатып қалған торы ат бейнесі жолаушының көзіне ертелі, кешете түсе береді. Сөйтсе де заманның ақиқат, шындығын қара тас ашып бере алмайды. Өткені бар, бүгіні бар түрлі құбылыстар ұғымды көлегейлеп әкетеді. Бейне бір түс көргендей сезінесің, бәлкім мәңгіліктің ақиқаты шығар...

Жым-жырт түнек төңірек.

– Адамдар есінен айырылғанда әдебиет, өнер де қуғын-сүргінге ұшырады ғой, – деді Есенқұл Сұлтан өлусіреп, шалажансар дала тұлғаларының көрген зәбірін өкіне есіне алып. – Бүгінгі ұрпақ нанға тойынды, киімі бүтін, не ішейін, не киейін демейді. Өткен өмірді ұмытпаса дейсің. Жоғын жоқтап, барына нысаппен тоқтап жүрсе ғой. Біздің көргеніміз аяқ аттаған сайын өлік, кім кінәлі, кімге кектенерімізді сезбедік, үміт жоқ, кеудені үрей басқан. Ержүректілер өлер алдында да өксігін, ажалын өлең төгілтіп жырлап мұң зарын келер ұрпаққа аманаттағандай еді. Бұл Ақан серінің әндері ғой деп көз жұмғандарды қалай естен шығарамын, – дегені кімнің арманын алға алып қашқандай болмас дейсің.

...Бұл оқиға өткен ғасырдың алпысыншы жылдары болған еді. Көкшетау өңіріне әдебиеттің алып тұлғаларының қатарында есептелетін Жұбан Молдағалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Сәуірбек Бақбергенев келе қалды. Мақсаттары – халықпен кездесулер өткізіп елден

ежелгі әдеби мұраларды жинау еді. «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы, атақты аудармашы Өміржан Оспанов шақырып алып осы топпен бірге жүріп әдеби мұраларды жинасуға қатыс деп тапсырды. Бетіме сынай көз тастады да, «Қазақта аты шықпаған таудан, аты шыққан төбе артық деген сөз бар, «Лениншіл жас» газетінің тиражы үш жүз мыңнан асады, әрбір фельетондың сонша қазақтар оқиды. Сондықтан кездесулерде шығармашылығыңа қатысты сұрақ қойса, сөз сұраса жас екенмін деп тайсалмай жауап бер. Ал қалың қазақ ардақ тұтатын Ақан серінің көзін көрген, дәмдес болған Ыбырайдың қызы Балқадиша үйін білесің, жазушыларды ертіп барып таныстыр. Қазақ тарихының бірбір парақтарының шынайы деректерін Балқадиша айтады...» деді.

Өміржан ағаның атақты әдебиетшілердің қатарына қосуы қаламгерлік жолда іркілмей қанаттануға ой сезімнің отын тұтатқандай еді. Сөйтіп, біраз халықпен кездесулер өтіп, ақырында Балқадиша анамен дастарханында дәм татып, ой бөлісу сәті бір ғасырдың өміріне қаныққандай кез еді. Тар соқпақтың талай қыйындығын бастан кешіп, сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпеген Балқадиша көкірегіндегі қайғышері қанша ұйтқып тұрса да сабырмен өткен жастық шағынан сырын ашық айтты. Елес емес көз алдында шындық тұрды. Қуанышы аз, өкініші көп өмір кімнің басынан өтпейді дейсің деп мөлдіретіп айтқан оқиға негізінде» Балқадиша» әнінің тууы туралы сол кезде новелла жазған едім. Кер заманда ұлттық өнер де қуғын-сүргінге түсіп зұлымдықтың пердесімен шындық жасырынып қалғанының өкініштісі әлі орынын тапқан емес...

* * *

Ақанның әрбір әнінің тууының сыры бар... Күн екіндіге таяп қалған шақ. Үш салт атты ауылға маңдай тіреді. Ағаш үйдің сырт жағындағы көгалда бір топ жастар отыр. Одан былайырақ отырған ақсақалдар өздіөзі қызу әңгімеге кіріскен. Тегінде, бұлар Ақанды анадайдан таныған болуы керек, алдынан шықты.

– Ассалаумағалейкүм.

– Уағалайкумассалам. Ақанжан, денеқарының сау ма? – деп түйе жүн шекпенін ыйығына желбегей жамылған Ыбырай қарт серіні аттан түсіріп, қол алысты. – Ақанжан, бүгін бір сырқаттанып, төсек тартып жатыр едім. Сен келеді деген соң алдыңнан шығайын деп әдейі басымды көтердім. Әлгі менің адасым ақын Ыбырай ауылында жоқ дейді. Әдейі кісі жіберген едік. Сөйткенше болмай, бүгін Тіржанның Мәлігінің үйінде болатын шілдеханаға жиналған жастар келіп жамырай сәлем бірісті.

Ортадағы еңселі үлкен ағаш үйден домбыра сазы естіледі. Кім болса да, әр күйдің басын бір шалып отыр. Ойынсауық қыза қойған жоқ. Ақан кірген бетте отырғандар қақ жарылып, төрден орын берді. «Хош келдіңіз, аға!» деп жатыр бәрі де. Бір мезетте Сәрсенбайдың кескен томардай дөңбек тәрізденген шикіл сары қызы:

– Серіпері деп жүргендері, – деп күңк етіп, жаратпаған рай білдірді. Сол екі арада есіктен Ыбырайдың қызы Балқадидиша кіріп келді. Төр жақты шола бір қарады да құрбыларына:

– Ақан ағаның қасына отырмай, жалғызсыратып не көрінді сендерге? – деді де көк мақпал зерлі пешпентін іле салып, Ақанның қасына келіп отырды.

– Ақан аға, ойынды қыздыралық, – деді Балқадидиша тағы да еркінсі сөйлеп. – Ал, қыздар, жігіттер... Ақан ағаның «Сырымбетін» бастайық, – деп Балқадидиша серіге домбыраны өз қолымен ұсынды. Сері домбыраның бұрауын көріп, бабына келтірді. Балқадидиша «Сырымбетті» төгілдіріп бастай жөнелді. Отырғандар қосыла кетті.

Сырымбет... Жер тәңірісі тәрізді ол бұл жиналғандарға. Осы әнді білмейтін, шаршы топта «ән айт» десе «Сырымбетті» аузына алмайтын қай қазақ бар дейсің. Ақанның әсем дауысы ауыл шаңырағынан асып, түн түндігін желпіндіріп тастағандай еді.

– Бәрекелді, Ақан аға!

– Пайпай, дауысыпай.

– Рахмет, Ақан аға, – деген ризалық үн әр жерден кеу-кеулеп кетті.

Ағаш үйдің есігін бермей ентелегендер көздері мөлдіреп әнге ұйып қалған. Балқадидиша қол орамалымен Ақанның тершіген маңдайын сүртті. Өзімси ішібауырына кіріп барады. Балқадидишаның ақ құба өңі бүгін бір ерекше күйде еді. Қой көзін андасанда серіге төңкере тастап қарайды. Қос өрім бұрымына таққан күміс шолпысы қозғала түсіп, сыңғырлайды. Дер шағына келсе де ұзатылмай отырған Балқадидиша осы ауылдағы жастардың беделдісі, әрі ақылшысы еді. Қалыңдығы, сүйген жары да үш жүзге танылған ағаштан түйін түйетін, тіпті сындырмалы мылтық жасайтын шебер еді. Балқадидишаның ойынсауықты билептөстеуі содан болса керек. «Ерке қыз» ат қойған жеңгелері оның алдына шығып, бетін қақпайды. Ыбырай да жалғыз қызы болған соң, қазақ ұлтының қызды аса құрметтеп сыйлайтындығымен ұзатуға асығып отырған жоқтың. Сәл үзілістен кейін:

– Ерке қыз, өлең бастаңдар. Біраз демалдыңдар ғой, – деді бетінде шешек дағы бар бір жеңгесі Балқадидишаға. Ондағы ойы Ақанның лебізін тағы да естуге құмартуы еді.

Ақан ән айт деп жалынуды, қолқа салуды әсте ұнатпайды. Өйтуді бұлданға жоритын. Қолына домбыра алса көкірегіндегі сайрап тұратын өнерді төге беретін. Оның арасында суырып салып айтатыны және бар. Көкірегіне» Серіпері ме?» деген сары қыздың сөзі дық болды ма, домбыраны шертіп отырып:

Жақсы қыздың мінезі десте тартқан,
Жаман қыздың мінезі кешке тартқан.
Сөз түсінбес сорлыны көріп жүрміз
Орыстың мәстегіндей бөшке тартқан, –

деп домбыраның астыңғы шегін дың еткізіп жанжағына қарады. Отырғандар үнсіз қалды.

– Ақан аға, жаңа ән бе? – деді Балқадидиша.

– Ойды ой қозғайды ғой, бұйырғаны болар, – деп Ақан аттың жалы, атанның қомында дегендей, бет алды мәнсіз қақсай беруді жаны сүймейтінін білдірді. Әр кез таза киініп, кербез жүретін Ақан алдымен отырған ортасын

сынайтын. Балқадиша ән айтуға түрткі болып отырғанда ол өзінше ой құшағына да берілетінді. Біресе сүйіктісі Ақтоқтысы, біресе Құлагері көз алдына келеді. Сұлудың да, жүйріктің де көре алмаушы бағын қайтарып талқандап жататын зұлымдыққа көкірегі кімнің қақ айырылмас дейсің. Бірақ ойынсауықта көңіл шерін ақтара салмайды. Әнге ерік беріп жұрттың жүдеу көңілін көтереді. Ақан салған «Ақ шашақ», «Жайма шуақ» «Кербез керім» әндерін ұйып тыңдады жұрт. Әркімнің іштей бір күрсініс, аласапыран толғаныс толқынын тудырып, кей жүректерде бұғып жатқан мұңшерді қозғап жібергендей болды. Өткінші өмірді өрнектегендей:

Сыланып сал торыны мінген қандай,
Сай қуалап, жар күтіп жүрген қандай.
Бір сайға торышы байлап тастап,
Артына ақ боз үйдің келген қандай.
Алаңдап, алабұртып тұрғаныңда,
Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай.
Қалқашың қосылғанда атқан таңдай,
Көңілің шалқыған, шаттанғандай, –

деген ән қазақ аспанында шалқи береді. Ойынсауықта қазақ салтында «Алтыбақан», «Ақсүйек», «Мыршым», «Көрші» тәрізді думан ән аясында өріліп қызып жатады.

– Пайпай, тусаң ту, садағаң болайын, серім, – деп бір егде тартқан әйел көз жасын жасырып сықты да, далаға шығуға ыңғайланы берді. Қызық думан түн түндігінің түріліп, таңның ағара бастағанын да аңғартпапты Есік жақтан:

– Ерке қыз, үйге жүрсеңші, – деген келіншектің ауысы естілді.

– Ақан ағаның лұқсатынсыз қалай кетем? – деді Балқадиша.

Бұл сөзді естіген Ақан толқып кетті. Домбырасын қолын алды, тамағын кенеп шырқап кетті:

Баласы Ыбекеңнің Балқадиша,
Есілді өрлей біткен тал, Қадиша.

Жеңгеңіз қайтайық деп асығып тұр,
Ұлықсат бізден сізге бар, Қадиша...

Осылай ойын тарады. Қыз кетті. Бірақ жаңа өн туды дүниеге. Балқадиша өні ұрпақтан ұрпаққа, баланың баласына, ғасырдан ғасыр асып жұрт жүрегінде қалды. Өнді сүйе білетін жүректерде мәңгі бақи орын алды. Өттегенесі, қуғынсүргін өн сөздерін өзгеріске ұшыратып» Күйеуің 85те шал, Қадиша» деген масқарлыққа жеткізді. «Қиянат, алдамшы, адасқан ақыл, мәнін өзгерткен парасатты сөз, – деп Балқадиша есік алдында жатқан тулаққа тұнжырап қамыға қарады да, – аштық қырғынында тулақты да суға қайнатып азық еткендерді, өндірісте нан береді деп Омыбыға шұбыра көшкендердің жолшыбай қырылып қалғанын естіп, көбін көзіміз көрді. Ақанның маған арнаған» Балқадиша» өнінің шындығын айтудан қорықтық қой. Әкем «Ақан ағаң артына сөз тас тап кетеді, ешкім қабағын шыттырмасын» деп аса құрметтеп отыратын еді. Қан қаптырған рахымсыз кезеңдерді ақтарыла айтқысы келмеді де, Балқадиша ойын бұрып: «Ақанның сүйіспендігін Ақтоқтыдан кейін тұманнан шыққан күндей жанын жадыратқаны Ұрқия еді ғой... бәрі өкінішті. Ақан тұншықты, күңіренумен өтті... Қиянатқа толы кезең солай қайғыға батырады... Балаларымның күлкісін көріп, өткен күндердің мұңшерін ұмытамын», – деп еді Балқадиша... Іш құсаға толған Құлагер орман ішіне ендеп бойлай түскен сайын құлағын қайшылап келеді. Қатар түзеп қонған ағаш үйлердің ортасын жарып өтіп «Нар иген» өнін төгілдіріп айтып еді Ақан. Алдына Ұрқияны отырғызып алған еді сонда. Ауылдың сабалақ жүнді төбеттері арсылдап үріп біраз жерге шығарып салғанды. Жолшыбай бір жапалақ тышқан төбеден далп етіп ұшқан кезде Құлагердің оқыс үріккені барды. Осы бойда Ақан да Ұрқия да қанненқаперсіз келеді. Қорқынышты ойлауға да көкірек толы қуаныш ырық берер емес. Сағынып көріскен қос ғашық еді ғой. Бақытты күн мен түндердің ұзақ болуын тілейді. Ұрқияның шашын самал жел үйіріп, серінің бетіне тигізеді. Жүрегі тайша тулады Ақанның. Еріктен тысқары өн келді көмейге.

Қыздың күміс күлкісі мен сылдырсылдыр еткен шолпысы осынау әннің сазындай еді. Жаңа ән. Ұрқияға арналды.

Ұрқия, шашың жібек, қанжар қасың,
Көрінер тамағыңнан ішкен асың, –

деп басталған ән жолдарын қозы жамыратар жерден естіп тұрған қара шапанды Тулақ қаны қарайып тыңдады. Көкірегіне қанжар сұғылғандай сезінді. Рас, өзі де бір жігіттен кеммін демейді, бөріктіге қақымды жіберем, намысыма дақ түсірем деуге жоқ. Аласапыран күйге түсіп қара мылтықты кезенді. Ашу қысқан сайын кең жауырын құныса түсті. Осы кезде Ұрқияның: «Ақан, манағы әніңді қосылып айталық» деген сөзін құлағы шалып қалды.

– Сен көкбетті ме... мені кісісінбейді, жігіттер, қайдасыңдар?

Осы кезде достары келді қасына. Тулақ мылтықтың шүріппесін басуға ыңғайланды.

– Тоқтат, әй, үш жүзге есімі жайылып кеткен ақынын ессіз оққа байлайды. Қалың қазақ бетімізге түкіреді, – деп қара мұртты бір досы Тулақтың мылтығына жабысты. Бұл кезде Ақан мен Ұрқия серуеннен қыздың ауылына жақындап қалды. Ақ қайың жапырақтары сыбыр қағады. Құлагер құлағын тікті. Тулақтың нысанаға алғанын жылқы сезді ме, адамдардың дабырдұбырының ыңғайсыздығынан үрікті ме? Тулақ үш жолдасымен арпалысып қолымды неге қағасың деп екі иығын жұлып жегендей арпалыста еді. Аратұра «Иттің әншісінай» деп қызғанады. Бәрібір Ұрқияны тартып аламын деп кіжінеді. Ақанда қалың мал жоқ деп тістенеді. Арада күндер өтпей ме? Қапысын тапқан Тулақ серінің жолын күтіп жүрген Ұрқияны күштеп әкетеді. Тулақтың достары ел арасына іріткі саласың, мұның аяғы жақсылыққа бармайды деп Ұрқияны құтқаруға кіріседі. Алысып талықсыған қыз су сұрағанда Тулақ у қосып берді деген қауесет желдей ескенді. Қызды Тулақтың достары жанұясына тапсырып көрші ауылда ойынсауық кешінде болғанбыз деп нандырып кетеді.

Ақанның бұл ауылға келуін тыйым салады. Өйткені Тулаққа айттырып қойғанын алға тартады. Бірақ қыз Тулақты менсінбейді. Өмірінің негізі Ақанда деп, ғашықтық өрті жалындай түседі. Ас, судан қалады. Сүлесоқ дерт күн өткен сайын меңдете түседі. Ұрқия жеңгесін шақырып:

– Әкеме, анама түсіндіріп айт. Алты баланың ішінде Ұрқияның орны бөлек дейтіндері рас болса батасын беріп Ақанға қоссын, ажалым жақын, – дейді. Сілтіге салған сүйектей түрін жеңгесінің айтуымен келіп көріп:

– Қайран қызымай, отқа түсірдіңау. Бата айырған оңбайды деуші еді. Ақанды ұмытуың керек еді, – деп ойқанғанда Ұрқия солқылдап жылап отырып:

– «Қыз қарғысы қысырамайды» дейді ғой. Құдай өзі берген жанын өзі қайтып алсын. Шын бел байладым, әке. Ақанның босағасына барып әлейін... Елге сөзі өтетін, адалдығымен беделі бар Тінәлі көп ұзамай Тулаққа хабар жіберді. «Жылатып алған сұлудан сүйіп алған сумұрын артық, қалың малдарыңды еселеп қайтарамын, ақылға көн», деген тілегін айтты. Тулақтың тұқымы да сөзге тоқтап келісімге келді. Сөйтіп, Тінәлі дерті қалың Ұрқия ны тойын жасап Ақанға ұзатты. Сері Құлагердің бәйгеден алған тайтұяқ алтынын қалыңмал есебінде берді. Ұрқия төсектен басын көтерді. Өзін сүйгеніне қосылып армансыздай сезінді. Бірақ денедегі дерті бақытты күндерін ұзаққа жібермеді. Күн санап меңдей берді. Емдом қонбады. Ондайда Ұрқия» Ақан, ән айта берші, құлағыма сенің әнің сіңе берсін, бәлкім дертіме шипа болар» дей береді. Ақан жан жүрегі езіліп отырып:

Серігім, мәңгілікке жан жолдасым,
Қиылған айдай сұлу қара қасың.
Лепіріп жүрек шіркін тасып еді,
Білмеймін кез боларын қандай нәсіп? –

деп тебіренеді.

«Серігім, Ақаным» деп Ұрқия көз жасын сығады. Төсектен өзін күштеп соңғы демін алатындай басын

көтереді. Сері оған қуанады. Бірақ әлсіз дене төсекке қайта жатқызады. Үздігіп Ұрқия тіл қатады.

– Ақанай, арманда болып қалдынау... Обалыңа... қара ниетті Тулақ... – Сөзі үзіле береді. Нәзік саусақтары дірілдеп, Ақанның қолына өзінің неке белгісі алтын сақинасын салды. Далада дауыл білінді, найзағай ойнап жатты.

– Ақан, жаңбыр жауып тұр ма?

– Ия.

– Ән айтшы...

Ұрқияның соңғы демі ән сұраумен үзілді. Аңыраған Ақан» Сүйген жардан айырылдым» деп тау мен тасты кезіп күңіреніп кетті. Құлагердің ерін басына жастанып, көл жағасында түнейтін болды. Жұрт» Ақан жынданып кетті» деп қаңқу сөз таратып та жүрді. Қараңғы түнде жұлдыздарға тесіле қарап байтақ даланы әнмен күңірентеді. Көкірегіне шемен боп қатқан ғашық дерті тыншу таптырмайды.

Амал жоқ, ғашық жарым, кеттің өтіп,
Тұрмайды жамандықты ешкім күтіп.
Басты ғой қайғы-қасірет мен пақырды,
Дүниеден арманда боп сәулем кетіп, –

деп ерін жастанып жатып Ақан көзін жұмады, қап-қараңғы түнде біразға дейін ұйқысы келмейді. Көз жұмса кәмшат бөркі басында Ұрқиясы келеді көз алдына. Елеске алданады. Сол кезде басын шұлғиды ма, Құлагердің жүгені шылдырлағандай сезінеді. Жоқ, жүгені алынған, отқа жіберілгенді. Естен шатастыратын әр түрлі сәтсіз ойлар миын ашытады.

«Уа, дүние, басыма үйірілген қайғының қара бұлты қашан тарқайды? Ұрқия, жаныңа барайын, біз басқа дүниеде бақытты болатын шығармыз. Ұрқия!» – деген қатты дауысы түнгі жаңғырықпен алысқа кетіп жатты. Бұл үнде ауаға сіңіп кете барады, үзіледі. Бірақ Ақанның өлмейтін әндері, өлең дері, толғаулары жұлдыздар жолымен алысқа, тым алысқа кетеді. Отар лық езгі, ел билеген

болыстардың халыққа көрсетіп жатқан зөбірін сықақтаған өлеңдері де түрлі тақырыптағы поэма, жырлары халықтың жадынан шықпаса екен деп, келер ұрпаққа сенді. Алғашқы әйелі Жұманқызы Бәтимадан туған жалғыз ұлы Ыбан тілсіз, мақау болатынды. Сол Ыбанға сүмсүрқиялар «Әкеңнің өлеңдерін «жатыпатар» көрсе атып өлтіреді» деп қорқытса керек. Өйткені, Ақанның «Шоғырмаққа», «Сұрағанға», «Смағұлға» және басқа да сықақ өлеңдері кейіпкерлерін тірідей өлтіре сынаған ғой. Оны әкім, болыстардың туыстуғаны ұмытар ма? Қатал тағдырдың өкініші қалың болмай тұра ма? Серінің тірлігіндегі ауыр тағдырына қоса қуғынсүргін жылдарында әкесінің жазған бүкіл шығармаларын үйде сақтаудан қорқып, үрейленіп шеген аулаға жасырыпты. Кенет өрт шығып Ақанның мол әдеби қазынасы өртеніп кеткені қандай өкінішті?! Қызыл террордың қанды жолынан сақау, саңырау Ыбан да қатты үрейленген ғой. Оның үстіне Ақанның тірлігінде дұшпандары аз болмады, ұлылардың тірісінде де, өлісінде де көре алмайтын зәлімдері тісін қайрап кектеніп жүруін тоқтатпайды... Басы жерге жеткенше өштесетін тірі өліктер қай кезеңде де болған.

– Қазақтың әршаңырағына төнген саясат ажалы, зұлмат зілі, қанды қырғыны бүгінгі тойынып, тыныштықта тәтті ұйқымызға семіріп, байлықтың буына еліріп жүргендеріміз өткенімізді есімізге алмасақ құдайымызды ұмытқандай болар едік, – деді де Қымыр әлемде бұзық ойлы, көзінің қиығын тастап қалың көпке ұлттық ұлылығымызды сайқымазаққа айналдырып, мұқатқысы келетіні күтпеген оқиға дей көрмеңіз дегісі келді. Тірлікте жаманатты өзі тілеп алатындар болады, бұрын да болған. Емінеркін аузына келгенін сөйлеймін деп қалың көптің жүрегін сыздатып қарғысқа қаларын білмейтінді қазақ» желкеуде» дейді. Ондайлар біреуді қараламаса ашөзектеніп, өлі түске ұрынып, жөнсіз мұқатпаса ұйқысы қашып, езуі қисайып кетеді дейтінді.

ӘННІҢ ТУУЫ

Тазша сіркіреп жауған ақ жаңбыр астында қалып, қағаз қайығына жетті де бірден «Ғасырдан жеткен» деген бөлімнің тұтқасын ұстап, тетігін іске қосты. Ұлттық өнеріміздің дара тұлғалары ажал алдында сыпайы қоштасып, құлашты кең тастағанда естеріңе аларсыздар, көзімен көргендердің шындығына тоқтауды меңзегендей сезінді. Сонда көзі жеткен шындықты бұрмалайтын зиянкестер төңіректен жүретінінен сақтандырғаны ма еді. «Күйеуің 85те шал, Балқадиша» деген сөзді радиодан естіген сайын Балқадиша жаны шығып кете жаздап, үйдің қабырғасын соққылап, теңселіп жүріп:» Опасыз неме, менің күйеуім ешбір азаматтан кем емес!» деп арызын кімге айтарын білмей өкінішпен өртеніп өмірден озды. Мұны қолынан дәм татып, әңгімесін естіп қағазға түсіргесін айттып отырмын. Ендеше шегініс жасалық...

– Бүгінгі ұрпақ ауыл аспанында жұлдыздардың із тастап ағатынын көргені де бар, көрмегені де жетерлік. Ал, қас қағымдық өмірде де құйрықты жұлдыздай өшпес із тастап кететін ерлер, даңқтылар, ақындар, өнерлілер болғанды. Солардың бірі Қазақ аспанында мәңгілікке жер тұрғанша тұратындай із тастап кеткендірдің бірі Ақан сері еді.

* * *

Күн екіндіге таяп қалған шақ. Үш салт атты ауылға маңдай тіреді. Киіз үйлердің сырт жағында, көгалда бір топ жастар отыр. Одан былайырақ ақсақалдар қатар түзеп, өздіөзі қауқылдасып, қызу әңгімеге кеткен. Қонақ күткен түрі бар осы ауылдың. Тегінде бұлар Ақанды анадайдан таныған к, алдарынан шықты.

– Ассалаумағалайкум.

– Уағаликумәссалам. Ақанжан, қуаттымысың, – деп желбегейлі түйе жүнінен тоқылған шекпенін иығына жамылған Ыбырай қарт серіні аттан түсіріп, қол алысты. Төс қағысты. – Ақанжан, бір сырқаттанып, төсек тартып

жатыр едім. Сен келеді деген соң алдыңнан шығайын деп, әдейі қайрат шақырып бой көтердім.

– Ыбеке, ауылаймақ аман ба? – деп Ақан аузын жинай бергенше, жиналған жастар жамырай амандасты. Ортадағы еңселі алты қанат киіз үйден баяу домбыра сазы естіледі. Кім болса да әр күйдің басын шалып отыр. Ақан келгенде ойынсауық онша қыза қойған жоқ еді. Бәрі серіні күтулі болатынды. Ыбырай ақсақал меймандарды өзі бастап, жастардың ден ортасына алып келді. Сері соны ыңғайсыз көрді де:

– Ыбеке, – деп бірдеме айтуға ыңғайланып еді.

– Тырп етпеңіз. Бұлардың қалуы бойынша, – деп Ыбырай ырыққа көнбейтін сыңай білдірді. Ақан кірген бетте отырғандар қақ жарылып, төрден орын берді. «Хош келдіңіз, аға!» деп жатыр бәрі де. Тек қана Сәрсенбайдың шикіл сары, кескен дiңгек тәрізді қызы сүйреңдеп:

– Сері, пері деп жүргендері үлкен кісі екен ғой, – деп күңк етіп қалды.

Оның даттаған сөзін сері естіп отты көзін тастап өтті. Сол екі ортада есіктен атақты үкілі Ыбырайдың қызы Балқадидиша кіріп келіп:

– Ақан ағаның қасына жақындауға қорқып отырсындар ма, жалғызсыратып не көрінді сендерге, – деді де, көк мақпал зерлі бешпентін кереге басына іле салып, кең көйлегінің етегін жинап, серіге жақын отыра кетті. (Бұл өңірде екі Ыбырай бар, жұрт шатастырмас үшін даңқы үш жүзге мәлім болған ақын, шешенді үкілі Ыбрай дейді. Ақанның жанына отырып құрметте деп қызына тапсырғаны және бар). Ойын, сауықты Балқадидишаның еркін билеуі сондықтан еді.

– Ақанаға, жандауасы өнер, ойын, сауықты қыздыралық, – деді еркін сөйлеп. Оған Ақан ештеңе дей қойған жоқ, өзінің әдеттегі сабырлылығын сақтаған сыңайлы.

– Ал, қыздар, жігіттер, Ақан ағаның «Сырымбетін» басталық? – деді Балқадидиша. Ақан домбыраны бабына келтірді. Азырақ шертіп отырды да белгісіз сазды тартты. «Сері ме, пері ме» деген қыздың лепірме сөзін кешіре алмады ғой деймін. «Жақсы қыздың мінезі десте тартқан, жа-

ман қыздың мінезі кешке тартқан, дөңбектей денесімен, орыстың мәстегіндей бөшке тартқан» деген сөзді жарыяламай көкірегінде тұншықтырып домбыра сазында қалдырды. Тыңдаушылар елең ете қалды, естімеген ән ырғағы... Содан соң серінің арқасы қозып, ақтарыла ән шырқап кетті. Оның зор дауысы қазақтардың мұңды жүрегін жібітіп, иығындағы зілін жеңілдетіп өкеткендей болды.

– Бәрекедді, Ақан аға!

– Рахмет, мың жасаңыз! – деген ризалық үн әр жерден кеукеулеп кетті. Киіз үйдің есігін бермей ентелегендер көздері мөлдіреп, өнге ұйып қалғанды. Балқадиша шәйі орамалмен Ақанның тершіген маңдайын сұртті. Қазақ қызында бұрынсоңды болмаған батылдықы. Қыздың сүттей ақ өңі ерекше күйде еді. Білектей қос бұрымына таққан күміс шолпысы қозғалған сайын сыңғыр қағады. Дер шағына келседе ұзатылмай отырған Балқадиша осы ауыл жастарының беделдісі, әрі ақылшысы еді. Оның соншалық ойынсауықты билеп, төстеуі содан болса керек. Ыбырай да жалғыз қызы болған соң ұзатуға асығып отырған жоқ. Жеңгелері «Ерке қыз» деп ат қойған.

– Ерке қыз, өлең бастаңдар.

Ақан болса» ән айт» деп жалынуды, қолқа салуды ұнатпайтын. Қолына домбыра іліксе, өнерін төге беретінді. Оның арасында суырып айтатыны және бар. Ортасына қарай, көптің ықыласына қарай өнерін төгеді. Бет алды қақсай беруі жоқ. Әркез таза киініп жүретін Ақан сәтке үнсіз қалуы Ақтоқтысын, одан соңғы құлагерінің оқиғасына жаны күйзелуі және бар. Тірлігінде даңғыл жол бұйырмады, еңбегі еш, тұзы сор боп өткен күндері қалың өкініште.

– Ақан аға, көтермесе көңілді кір басады деген бар, жастар өніңізді сағынып, сол сағынышын баса алмай отыр, – деп қолқалады Балқадиша.

Көптің өтініші бойынша өзі шығарған әнді орындады.

Сыланып тор бестіні мінген қандай,
Сай қуалап, жар күтіп жүрген қандай.

Бір салаға торышыны байлап тастап,
Артына ақ боз үйдің келген қандай.
Алаңдап, алабұртып тұрғаныңда,
Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай.
Қалқашың қосылғанда атқан таңдай,
Көңілің шалықтаған, шаттанғандай...

Соған жалғастыра «Ақ шашақ», «Жайма шуақ», «Кер-
без керім» әндері отырғандардың жүректерін ерітіп,
жүздерін жайнатып нұрға бөледі. Жүректерде буылып
тұрған шер болса жібітті. Толғаныс тудырды. Осы кез-
де егде тартқан әйел:» Садағаң кетейін дәурен сазын дөп
басқан әнші екен» деп далаға шығуға ұмтылды.

– Әй, көксоққыр, Қарабайдың тоқалы, жылан құды ма,
күнінде сенің де соңыңнан талай жігіт аузының суы құрып
ерген шығар, – деді өзілі жарасқан абысыны.

– Жә, жастық кімнің басынан өтпеді дейсің, желпініс
жасалық. Алтыбақан, ақ сүйек ойындары қызады.

Баяу ғана жел бар. Алтыбақан... Ақан мен Балқадидиша
сырласуда.

– Ақан аға, қалың малын төлеген менің сүйіктім де
сұлу. Бұйырса тойымызға шақырамыз. Келесің ғой.

– Келемін. Тірліктерің сәтті болғай, – деп Ақан оймен
алысып

Балқадидишаны ерте туған таң шолпанына балап келеді.
Әкесі үкілі Ыбырайды қалай сыйласа, Балқадидишаны өз
қызынан кем көрмейтіні анықтын. Ай жарық, жастардың
ұлт ойындары қызып жатыр. Біраздан кейін жастар киіз
үйге қайта кіріп әнді жалғастырады. Таң ағара бастаған
шақта:

– Ерке қыз, көкең шақырады, – деді бір жеңгесі.

– Ақан аға, рұқсат болса барайын, – деді.

– Е, рұқсат шырағым.

Ыбырайдың «Ақан ағаң артына сөз тастап кетеді.
Қабағын шыттырмаңдар» деген тапсырысын Балқадидиша
орындады.

Аты екен қарындастың Балқадидиша,
Өзенді өрлей біткен тал, Қадидиша.

Есіктең жеңгелерің шақырып тұр,
Лұқсат бізден сізге бар, Қадиша, –

деп жаңа ырғақты толғаныспен әнді шырқай жөнелді. Бұған жұрт мез болып қалды. Ойын да тарады, бірақ жаңа ән ауыл аспаны ғана емес, үш жүзге тарады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты. Кейін кеңес саясатына бұрғыштар, Ақанның әнінің сөзін өзгертіп талауға түсірді. Замандасынан артық болмаса, кем емес күйеуіне күйе жағып көңілді күпті етті. Радио толқыны арқылы Балқадишаның «Күйеуің сексен бесте шал Қадиша» дегенін естігенде көз жасын төгіп:» не сұмдық, не сұмдық деп, шыдамы таусылып, аһ ұрып үйдің қабырғасын ұрғылап жаны күйзелетінін Қошқарбай ауылындағылар күні кешеге дейін айтып жүрді. Үрейге тұншыққан шындыққа араша табылар ма? Жанжағы қайғы қасіретті, бөріне дәрменсіз. Ақырындап бөрі де қара жер жұтып жатыр. Дәрменсізді мазақ еткен кезең солай.

МҮМКІН ЕМЕС...

Ақан әндері талай ойынсауықта шырқалып ғасырларданғасырларға жеткен. Жұрт тірлігіне қорытынды жасап жанына қуат алған. Бір тойда Сәби Сәбікенов Балқадиша әнінің сөзі жанына қаттырақ батты ма, «тоқтат, үніңді шығарма» деп әншіге тиісе кетті. «Күйеуің сексен беста шал, Қадиша» дегені несі, мен білетін күйеуі әдемі, өнерлі болған деп шүбәлі сөздің жынына тигенін білдірді. Бірақ саясаттың өнерді де қуғын, сүргінге салған ауыр бұлты қазақ аспанын кезіп жүрді. Сәби қараңғылыққа сіңіп жатқан айқастардың талайын көрді. Булықты, ойққанды. Соның бөрі жасынан тас түйін етіп шынықтырып тас таған. Тың игеру басталғанда түріне кісі қарағысыз зұлымдар, сұмсұрқиялар именуді білмей еліріп жүрді. Басынды, тасынды.

Боқтық сөздері шашылды. Бағыну жоқ, көну жоқ, өздерінше бой бермей қылмысқа үйірі ырыққа көнбей жатады. Бірінбірі жатсынған тыңгерлердің біразы

қылмыскерлер еді. Үкімін өтеп үлгермегендер жүр. Тек мұндайды қамшы тәртіптейді. Қамшыға сот жоқ. Тың жерден жаңа совхозды Маяк атандырып бірінші директоры қызметін атқарғанда зорлық та болды, қорлық та болды, бөрінің де пысын басып, көр түзетпесе түзелмейтінді де сабасына түсіріп ел елденді. Мұншалық мігірсіз еңбегі туған жеріне, халқына, өнеріне деген сүйіспеншілігі еді. Жалғанды жалпағынан басқысы келетіндерді төк тұрғызды. Сәби осындай ойлармен кеткені кетіп, қалғаны сабасын түскен диқандар еңбегіне сүйсініп жайнаң қағып есіктен кіріп зайыбына:

– Сәуле қайда, Гүлшара, Сәуле қайда? – деп еді.

– Мектепке оқуға кеткен, – деп әйелі ұтыры келгенде ұтымды ойын айтқысы келді. Айтты да: – Қызыңның он бес жасқа толуын атап өтпейсің бе? – деді.

– Егін орағы бітсін. Сәбекең осылай деді де ойға шомды. Уақыт оқтай зымырап өте шығады. Тың игерудің алғашы жылынан совхоз директорлығы қызметін атқарды, Сәуленің өмірге келгеніне де он бес жыл болған. Сәуле дүние есігін ашқанда екі бірдей тойдың иесі атанды. Өміріндегі естен кетпес, ең бақытты кездер еді. Сәби Сәбікенов сол жылы КПСС XXIII съезіне делегат болып Мәскеуге барды. Тың шежіресі, «Маяк» совхозының ірге тасын қалаған, астық молшылығын жасаған еңбегі еленді. Жол сапарға жүрерде айы, күні жетіп отырған әйелі Гүлшараға:

– Аман, есен босанған бойда телеграмма бер! – деді.

Айтқандай жиын өтіп жатқан күндердің бірінде телеграмма келген. Оны жиын басқарушы дүйім делегаттарға оқып, құттықтады. Үзіліс кезінде Сәбиді жүрегі дарқан, мейірлі жандар танысын, танымасын қоршап алып мол мейір танытты. Сол кезде бірі:

– Көне, Сәбидің перзентіне кім лайықты есімді атайды? – деді. Осы кезде Мацкеевич пен Юрий Гагарин диқан ауылының директорының қолын қысып тұрып, әркімнің аты жазылған бүктеулі қағаздарды жариялады.

Бірінші болып суырған Юрий Гагарин: «Светлана, Светлана, Светлана!» деп дауыстады.

– Қазақша есімі Сәуле.

– Светлана – Сәуле. Гагарин өз қолымен Гүлшара Сәбікеноваға телеграмма салып Светлана Сәуле деп есімін атандырды. Бұл телеграмма Сәби Сәбікеновтың қара шаңырағында көздің қарашығындай сақтаулы. Осындай қуанышқа толы күндерді ойлап түске асқан Сәби отыра бергенде Сәуле де мектептен кіріп келіп:

– Әке, ана, 5 алдым, – деп қуанышын білдіріп жатты. – Космонавт болу үшін кілең 5тік баға алуым керек. Қара шаңырақта Гагарин есімі аталса егінжайдағы дән сыбдыры сәттілік тілегендей сезіледі... Өмірдің шындығын нан иісі аңқыған егін даласынан іздегенге не жетсін... Тарих шындығы десеңде құлшына кірісіп білгенін қазқалпында айтып береді. Қоғамның көк тиынын олжаламаған, күнітүні еңбек етіп, болашаққа батылдықпен қарап адалдығын танытқан Сәби Сәбікеновтың төтті арманы қазақ әндері ғана еді. Ондайда Сәби қоңыр үнмен Ақанның әнін шырқаушы еді...

* * *

Жұмыр жер халқы таныған, есімін төбеге көтеріп сыйлаған адаммен кездескеннің абыройы өзгелерден биік тұрады. Көкірекке қуаныш сыйып тұрды. Оны бүгінде нанымсыз көретіндер аз ба? Сәбидің кейде түсіне Гагариннің бейнесі елестеп, қол алысқандай болып күлімсірейтіні, «жақсылардың жан нұры, тірлікке менің көзіммен қарай білесіңдер ме?» дейтіндей болады. Үлбіреген ақ бұлттың үстінен де Гагарин бейнесін кейде көргендей сезіледі. Күн мен аспан, қайырлы жер, табиғат кейде назданады, білмегенді білсін, көрмегенді көрсін дейтін шығар. Сәби қажымас еңбегін нан өсірген далаға арнаса, соның рахатын көрді. Гагариннің даңқ жолында ұшқан құстай ақ көңілі зымырап кең далада тыныштық таппайтын еді. Гагариннің кісі талғамай кең жүрегін ашып жылылық сыйлайтынын бүгінгілер түсіне де қоймас, сене де қоймас, ұлылықты сыйлап, жақсылықты дәріптеуден жаңылып барамыз ба? Кердең кердең еткендер әдепсіздік тұңғиығына тереңдеп кетуден сақтасын. Тазалықтың елесі аспан астын, жердің

үстің кезіп жүр. Адалын айтқанда ұлтымыз биіктеген сайын көре алмаушының көздері ақ шелденіп есінен тануда. Адамсымақтар ақылдан адасып кісіше тірлікті ұмытып барады. Оныңыз барлықтың, байлықтың буы. Содан жиркенген ойлының көкірегінде кірқаяу орнай бастады. Тазша тірліктің әр алуан жәйттеріне ой жіберіп, адамдар арасындағы қатынаста саудаға айналып, есалаң сорлылар естілерді, тіпті бай туыстарын әжуалап күліп, өзінің түрін ұмытқан сықылды. Шайнаңдап, бет пішінін бүлдіріп дөңеңені түсінбейтін меңзеңдер барау. «Шайнаңдама жаман болады» дейтін ешкім жоқ. Не болса, соған әурешілік өршіп тұр.

ИКСОДКЕ НЕСІ МЕ, ӘЛДЕ...

Сонымен, жанжануарлардың маманы Дедебай сиырдың терісіне кірген бармақтай кенені скальпельмен кесіп алып тұрып:

– Жолдастар... жарықтық кене жер жаратылып, су аққалы, ауада бу бұрқырап, жаңбыры өсімдікті тапқалы қан сорғыштық» кәсіппен» шұғылданып келе жатқан кене деген осы, – деп көзін барынша бақырайта ашты. Сосын кірпігін жыпылықтата қағып бірер керіліп кергіп алды. – Қансорғыштық адамдарда да, мәселен, жем қорларда кездесіп қалатын жағдай екенін ұмытпауымыз керек. Жалпы кене омыртқасыздар деп аталады және жәндіктердің өрмекші тәрізді тобынан ата жігі тарайды. Былайша айтқанда, сыбайласады, тамыр тартады. Кененің денесі түптүгел бастан құралып үш сантиметрлік допдомалақ боп домалап жүріп, тіршілік етеді екен... Бұл сөзді естігенде Қанымның беті бүлкілдеп тыржың ете қалды. Онысы жас кезінде аңдаусызда құлағына тара қан кіріп кетіп, оны жұрт кене екен деп үрейленген көрінеді. «Бармақтай бопты, денесіне кірісімен ісініп адамды уымен өлтіретін шығар», – деп зәресін ұшырған. Сондағы көрген жан азабын айтып жеткізгісіз болатынды. Сондай азаптан жанын арашалап қалған дәрігері есіне түсіп те кетті. Бірақ, сондай ақ халаттының арасынан шыққан, допдомалақ боп

жүгіріп жүретіндердің бірі адам қанын ақшаға айналдырады дегенге мың өліп, мың тірілсе де басқа адамдар сенсе де, өзі сенбес еді... Кім біледі, Қаным күдікті ойда тұрған болуы да мүмкін (Шымкент даласында кене шаққаннан өліп қалғандардың болуын ойлады деп қалмаңыз). Басы аманда күдігі неліктен? Шыдаңыз, оның мәнісін түсінесіз.

– Тоқта, ойымды бөлме, естерінде болсын, ғалым дардың айтуына қарағанда, кененің ауыз құрылысы әр түрлі, төрт жұп аяқтары желімше жабысып қалады екен, – деп Дәдебай кене жайын баяндай бастады да:

– Ал, Қанымның кенеге әуестігі соншалық (қырым безгегін таратушы

деп қайтеді), былайша өзінің қолы да желімше жабысып алды да ведомость бойынша алғашқы күннің өзінде он бес адамның атын жамылып жүздеген теңге қаржыны қымқырып тастады, – деп бір қойды.

– Апырау, ақ халатты медицина қызметкері болған соң, ізім білінбейді дей ме екен? Әлгі Қытықова мүлде басқа, бүгінгі мына кезең Шымкентте кейбіреуді кене талап жатқанда себеп көп. Оны пайдасына ескермей ме?

– Тоқта, жағаласпа дедім ғой, – деп Дәдебай әлгі мыс қыл сөзді елеңсіз қалдырды. – Сонымен, кененің көзі болмаса да сезім қылшықтары арқылы түйеден бастап қасқырға дейінгі, аюдан бастап жолбарысқа дейінгі, жалпы қаны бар жанжануардың терісінің арасына опоңай сіңіп, жегіқұртша жеп, ажалың осы деп, өлмесең өлімші етіп, ақырында тентек ауруына шалдықтырып шалқасынан бір-ақ түсіреді. Сондықтан кенені әлсіз, оңай жау деп түсінуге болмайды, ханымдар мен мырзалар.

– Мықты екен, өзі қайдан шықты екен, ауру та ра туға қызметі бар болар, «шпион» неме, оу, жаман екен кене, – деп донор Қазым басын изеді.

Басқалары да қорыққанға қос көрінетіндей ұйи тыңдады.

– Ал қалалық қан құю мекемесінің кассирі Қаным Қытықова да осал емес. Мекемеге жұмысықа орналасқан екінші күніақ ведомость бойынша жалған дерек, құжат жасау арқылы біраз қаржының төбесінен су құйып қал тасына

басты. Бірақ кененің атын айтқанда өзі жаман састы. Кене де дене ге түсетін ұры, зәлім дейді. Қаным да солай болғаны ма? Кім ұрламай жатыр? Мына донорлар Мұқашева, Со-рокин, Жұмағұлов, Радченколар бір реттен қан тапсырса, бірді беске қосса алты еселеніп көбейіп шықпай ма? Со-сын кассадағы ақшаны опоңай суырып алып, қалтаға тыға саласың, тығып тұрып күле саласың, жаным жылыды деп рахатын біле саласың. «Онда тұрған не бар, қан көп, оны кім жоқтап жатыр?» деп әлгі жиналған топ арасынан жарып шыққан қалалық қаражат бөлімінің заржағы сұраса, түсініктемені дәледеп бересің. Оның жүрегі жоқ деймісің, сұрауы болса көнесің. Оның қимылқаракетіне таңырқап тамсанған маман Дәдебай қияқ мұртының шалғысын ши-ратып, басын сәл изеп:

– Бұл кене дегенің сұмдық қан сорғыш. Әсіресе, ик сод кенесі ме, оның елу түрі бар деседі. Шымкентте жүргені оның қай түрі екен, ә? Бірақ адамның кенесі бәрінен де жаман, – деп кене жайлы лекция оқығандай әңгімесін соза түсті. Кененің талауынан құтыласыңау, бірік адам... қаныңды сорса.... «Қансорғыш» деген кезде Қаным қалтырап күзгі желге дірілдеген ағаш

жапырағындай болғанды. Онысы өзі білетін адам қанынан өз пайдасына

қаржы жасап ұрлықты әдетке айналдырып қанға» жерік» болғандығынан

шошуы ма екен? Ей, шошитын адам қылмыс жасай ма?

– Бұл дүниеде жемқорлардың да елуден астам түрі бар шығар, қыл

мыстың өңін айналдырып сыбайласады, ұғысады, – деп қаржы тексерушісі күрсінді. – Бір рет қан тапсырғанда бірнеше еселесе, әрбір донордан қанша пайда түсіп жата-ды? Ондай пайда жолында керісу жоқ, пайданы бөлісу бар. Адам тағдарын арашалауға қан тапсыратын донорлардың ақ ниетін аттап, оны жемқорлыққа пайдаланған соң, қансорғыш екі аяқтының кенесі демегенде не дейсің? Ай-лап, жылдап жасалған жалған құжаттың ізін тауып көр, мықты екенінді білейін! Бас шыларының көзін тағалап қойып па дерсің, олардың да ақша ұстағысы келгенде

алақаны қышымайды деймісің? Және шамның жарығы түбіне түспейтінін, көлеңкеде ыбырсыбырға мүмкіндік барлығын ішің білсін... Сонымен, мұны естігендер есі кетіп үрейлене қарайды. Неге? Шымкенттің кенесі шаққан жоқ. Қан дегеннен шығады, оның пайдалы, пайдасызы бар деп екіге бөлу және бар. Денедегі арам қанды кейде сүлік сорады, ал санадағы арам қанды қайтіп тазартады?! Соны ойлаған тексеруші Қазымның көз алдына жексұрын оқиға елестеп еді тағы да. Осы кезде еріндері қыпқызыл далаптай әйел кіргенді бөлмеге. Кірпігі кірпінің түгіндей ме, найзадай ма, әйеуір, қапқара күйедей екен дейді. Тұздай көгілдір көзінің айналасы ашық көк бояуға малынған. Істіктей сүпсүйір иегі дірілдеп, қалтырайды. Танауы кейде қусырылып, кейде керілетін тәрізді. Сол таныс әйел Қаным Қытықованы көріпкөріскендердің қайқайсысы да оны ұзақ уақты ұмыта қоймас, сірә. «Қан құю ма, әлде жеке мүддесі үшін Қытықованың жан қиюы ма?» дегенді, әсіресе донорлар мезіреті етер еді.

Кім өлгісі келеді, жан тәтті, бірақ Қытықова айлсын асырып, өзінің қылмысты ісін жасырудың сан түрлі айла-амалын да қарастырды. Ондай олжа жолын табан астында тапты да. Донорларды көргенде алдына мысықтай жылжып барады да, үйреншікті тәсілмен:

– Қазақ елі донорларға үлкен қызмет көрсететіні ерекше. Өзге жақсылығын былай қойғанда, қаншама ақша төленеді, – деп қолындағы ақша жайлы қағазға қол қоюын өтінер еді. Ақ халаттыларға сенген ниет пен донорлардың қайқайсысы да қажетті қағазға оқы майақ қолын қоя салады. Қытықоваға да керегі сол. Көңілі бір сергіп құлпырып қалады. Қос қарашық оттай жанады. Сосын әрбір донорды асыға күтіп сыйлы мейманындай аңсай армандап отыратынды.

– Қандай мейірбан адамсыз! Ай сайын қан тапсырып тұрасыз, қаныңыздың сапасы да жоғары баға ланады, – деп Қытықова саңылаусыз жерден саңылау тауып, иненің көзінен өткендей жәмпеңдейді.

– Маған ақшадан гөрі адам өмірін арашалаған үлкен бақыт, – дейді донорлар. Басқа қулықты қайдан білсін?

– Иә, дәл солай. Сіз талай адамның сөнуге айналған шырағын қайта маздаттыңыз. Бұл үлкен ерлік қой, қаныңыз да бұлақтай көпау деймін, ал мына бір екіұш қағазға да қол қоя салыңыз, награда, тағы бірдемеге ұсына қалса керек, – деп Қытықова өкпезүрегі аяғына түскендей болар еді.

– Мені қанның қайнар көзі деп пе едің? – деп донорлық балбыр беті дуылдап кетеді кейде қайсыбіреулерінің.

– Жожоқ, түсінбей қалдыңыз... былайша денсаулығыңыз жақсы болғанына тілектестігімді айтқаным ғой. Дені сау болмаса, тіпті сүтті сиыр да суалады. Оның қасында адамсыз дегенім, – деп Қытықова жұтынып-жұтынып қояды. Көржерді сұрастырып әңгіме бағытын өзгертуге көшеді.

– Балашағаңыз аман ба? Ешкім дағ дармайтын шығар. Сырттай өзіңізге көңілім толады, үйішіңіздің саулығын тілеймін. Меніңбір жаман әдетім – елдің үйінің амандығына бар шын ниетім... Күйеуімнің бұл қылығыма жұлдызы қарсы. «Әуелі ошағыңның үш бұтының амандығын тілемейсің бе, соны ойлап жүдмейсің бе?» – деп менің аздап толықтығыма да ұрсып жатады. Сөйтіп, қан құю станциясы арқылы донорлардан күніне қабылданып алынған қанның қағаз жүзіндегі нобайын қаражатқа айналдырып, Қытықова жеке мүддесіне пайдаланды. Оның мұндай арам ойына ешкім де күмән келтіре алмады.

«Жұртым аңқау... көңілдері көлдария, аса сен гіш... «кенеше сорып» деп келеке етуге қандай дәлел бар... Подумаешь, етегіне намаз оқитын ешкім жоқ. Соның бірі иксод кенесі ме?» – деп... ова қаражат полициясымен керілдесе бастады. Осы кезде Дәдебай:» Кәдімгі жемқорлықтың кенеден айырмашылығы екі аяқтылығы... Дегенмен... ованың сұрқия, қулық қылығы көген көз жұрттардан ұят болдыау» деп көпшілікке қарады:

– Ханымдар, мырзалар, табиғаттағы қан сорғыш жәндік кене мен жемқор адамның кейбір кезде бірбіріне ұқсастығын салыстыру былайша корреляция делінеді, түсінікті болды ма енді?... 349

«ПАРКЕНСОН» МЫРЗА

Ешкібастың екі езуі екі құлағында, кәдімгі жерден жеті килограмм тегін қант, тегін алтын тауып алған дай қуанышы қойнына сыймайақ тұр. Танау тал дықорғандықтар дайындаған киіз үйдің түндігіндей желмен бірекі желпілдетсе жыртылып кетейін деп тұр. Езуінен тартылып кеткен Арал көлінің суындай су жылтырайды. Тұқымы тұздай азайып бара жатқан түйенің құмалағындай алмалысалмалы бір көзін сырт еткізіп суырып алды да, сүртіпсүртіп» соғыстың ескерткіші» деп қайта орнына салды. Сосын әйнек аралас көзбен бақшия қарап:

– Мана дәрігерге бардым, – деп кеудесін ескі көрікше бір көтерді. – Кезекте тұрған Дәдебекті көрдім. Маған» ой, бауырымдап» ботадай боздап, құлынша шұрқырай кісінеді. Бұрын астында «Волгасы» барда шаңына көміп өте шығатын Дәкең құлағымның жарғағын жара жаздады. Жұрттың да көңілін қобалжытты гүрілдеп.

– Не деп? Әйелі өлген қызды ауылға қарап жылай тынындай, саған қатын әпер дей ме? Ақшалы бай өзі де алар, – деді Қожбан кесіліп құрып біткен селеудей селдір сақалын сипап. – Неменеге безектейді? Түкірігі жерге түспей жүрген жоқ па еді.

– Қатты ауырам дейді. Өнеугүні екі мекеме бірігіпті. Содан Дәкең жол жамаушыларды басқаратын кәсібінен жаңылып, әлдеқандай аяғына жем түскен аттай қорғалап қалыпты. Айтып отырса, көңілін әбден қара түнек басқан көрінеді. Үкіметтің машнасынан қағылған, жаяу ғой.

– Ии, автокөліктің ішінде тумаған шығар. Неменеге аяғына жем түсіп өмір сүруінен жаңылады. Бұл кейбіреулер ұшқан құсқа дейін менікі деп меншіктейтін жаман әдетті бойына әбден сіңіргенау. Өзімшілдікпен уланған шортулар... қоғамды қайда апара жатыр?

– Еһе, уланғанда сұмдық! Айтып отырса, ауруы медицинада кездесе бермейтін тіпті бір өзгеше пәле дейді. Дәрігердің емдеуге шамасы келмейтін көрінеді. Жұғуы да ғажап емес деседі, қазақ сынықтан өзгенің бәрі жұғады, сынықтың да сырқырағаны жұғады депті ғой.

– Сонда ауруының белгісі нендей екен? – деді Қожбан таңырқап.

– Кәдімгідей ілгері аттапұттап жүруі үшін миының есеп» машинасына» – психикасына кейін жүріп барамын деуі керек екен. Көп көздеген жоқ көздейді. Кері айтып, ойламаса тұсауы кесілмеген баладай аяғын аттай алмайды. Ойлау жүйесі орнынан ауытқып кеткен. Биоэлектрлік белгі жүйесі ми қабыршағында шатасқан көрінеді, қатты «замыканиеге» ұшыраған. Дәрігердің айтатыны: «Мұндай Паркенсон ауруына ем қонбайды, уақытыңды алып, шалабыңды шайқама», – депті. Одан сайын сорлының ұсқыны өзгеріп қатты сасады екен. Өңі сірке суына салған сүйектей...

– Апырай, автокөліктен түспейтін сорлы аяғын аттаудан шынымен жаңыла қалғаны ма? Ей, обалы өзіне, тек ем қонбайтын ауруды меншіктегені қиын екен. Ел аузында оның аты енді» Паркенсон» боп қалады де сейші! – деді Қожбан қалтасынан жаялықтай орамалын алып, тершіген бетін сұртті. – Жол жөндеудің бі раз қаржысын жымқырып еді, миында теріс бақ деген» замыкание» орнатқаны ма? Алға жүремін деп ойлап, аяғын артқа бастыны ауыр дерт екен. Ұрлаған қаржысы жақпады ма? Өлде айлығын ала алмай, қаржыдан қағылған жұмысшылары қарғайтын болғаны ма? Жә, өтірікпен жүкті болған өткен қоғамда «Паркенсон» дертіне шалдықпасын деп тіле, соны ойлап жүде. Өнеки, есіл азаматқа тағы бір лақап есім таңылып» Паркенсон» аталды да кетті. Құрып кеткір қырсық арамдықты осылай кейде шырмап тастайтынын түсінгейсіз.

МӘЖІЛІС

Таңғалмай-ақ қойыңыз тосынның да тосыны, ойын сөздің де жосылуы болады. Бірдің бірге қосылуы, айырылғанның табысуы, жағынғанның қарынға жабысқан талақтай жабысуы болады. Бұл бас қосу ешбір ғимаратта қаржы шығындап өткен жоқ. Айтылған әңгіме мал құлағы саңырау, пенденің құлағына жеткен жоқ. Қитықтан-

ситық табатынның басынан өткен жоқ, көзі құрыды деген біржола жоғалып кеткен жоқ. Осы тұрған сырласып ой бөлісушілер өздерің көріп жүрген аспандағы бұлт үстінде жиналған-ды. Бұлт қысармай, бұлт қайда орнаса, береке сон-да шөгеді деп, жердің қиыр шеті бар, желдің өті бар, бір пәлеге ұшырамай тұрғанда ыңғытын тауып сөйлесті. Сонда не десті. Қатысуға ниет етушіге есік ашық, күзетші, оқ қағарлар жоқ, емін-еркіндік. Жапондардың Ай мен Жерді жалғастыратын баспалдағына биссімілдө деп аяғыңыздың ұшын тигізсеңіз зу етіп жиналғандардың қасына жетіп ба-расыз. Бара сала дөңгелек үстелдің төрі жоқ, емініп отырғандардың жанындағы бос орындыққа тегін отыра кетесіз. Орынтақ сатулы деп қалмаңыз, су тегін. Бұлт үстіндегі, яғни басқа әлемдегі халықтың ұяты бар. Қысқасы тегіндікті таппай сергелдеңге түскен күйкі тірлігінді ұмытасыз. Мұндай тегіндік жер адамдарының қолынан келмейді, комму-низм деп ауыздарының суы құрып жүріп сұрқияға қақы желініп, арса-арса қабырғасын санап қалған бар. Содан тегіндікке қуанғаннан жүрегің жарылып кеткендей еліріп, біраздан соң өзіңді әрең тоқтатып отырғандарға көз саласың. Шетінен оқымысты ма, қылықтыры өзгеден бөлек, есі-дерттері қағазға ауған. Ойланып қаласың, әлгі ғылыми атақтарды да қаржымен сатып алатындықты білетіндіктен бұлардың атағы іскер, жаңалығымен бағаланып түйінделетін көрінеді. Оу, анабір еңгезердей тұлғаның түр-түсі, пенделік бітімі, қыбыры мен үні қызық екен. Өзі жоғалтқанын түгендеп отыр ма? Кенет оқ тұмсықтың тары түйіріндей тетігін басып қалып еді. Экранда Рейхстаг, оған жақын Одер өзеніндегі көкпен тірескен көгілдір көпір жалт етті. Осы кезде еріні мен иегінде қылтанақ жоқ көсе өзіміздің Алдар жып етіп:» Бұл көпірді немістер киелі дейді. Соғыс жылдарында Одер өзенінен салынған талай көпірдің талқаны шыққанда осы ғана аман қалыпты, – деп күмбірлеп үн қатып еді. Тетікті басып тұрған еңгезердей тұлға мұртын орап-орап қазандай басынан тастады да, беліне байланған ұзыннан-ұзақ сақалын әлгі көпірдің үстіне лақтыра салып: «Мына оқ тұмсықтың біздіген ұшында тұрып, жарылғыш тұтанған

кезде басқа әлемге атылып кеткен мен боламын! Немістер ғана емес әлем халқына төнген қалың қайғыға жүрегім шыдамады. Гитлердің дәрігері Менгел балалардың дене мүшелерін талқандап, нетүрлі тәжірие жасап қорлап, жүз мың қарттарды қоғамға керексіз деп өлтіріп жатқан фашистік қанқұмар қырғынды көргенше басқа әлемге атқан оқпен зуладым. Көз жасым жерге төгіліп жатты, туған жерін тастаған қайғыдан ауыр не бар? – дегенінді түсінеміз деді Тазша: «Ғалымдардың болжамын-да жұмыр жерді құртуға 50 оқтұмсық жетеді деп, жойқын қырғынмен тірлікті жойып тастауға құдірет-күші бар сегіз елдің пиғылына сенім жоқ. Мюнхаузен мырза аспан-да тұрып АҚШ-тың соғысшылдығымен Иракта 60 мың адам өлсе, әлі тыныштық жоқ.

Өзіңнің жер киесін естен шығарар емеспін дегенінді қарапайым қалың жүр түсінеді».

– Жұмыр жердің бұлтымен тілдесіп тұрғанда жазықсыз жандардың оққа ұшып, өртеніп жатқанын көргенде жан азабын тартамын, – деп жұртқа көгілдір тостағандай көзін таста-ды.

– Оныңыз дұрыс, жер де, адамдар да киелі, соны ұқпайтындардың көзіне қан толған екен, – деп еді әлгінің түр-түсіне таңырқаған Тазша.

– Дұрыстығы аз, бұрыстығы басым, империялық басқыншылық жүдетті. Жерді қимай, басқа әлеммен тіл табысып кете алмай қатты қорландым. Айтайын дегенім әрбір пенденің денесінде жетпіс-сексен мың қыл-қыбыр шаш бар десек, бүгінде жер бетіндегі адамдар жеті миллиард халық болса, солардың шашын жинап адамдарың өмір сүруіне қалың қатер туды-рып отырған жүз қырық жеті дөкейдің триллиондаған байлығы бар, қандыкөздер жұмыр жердің жүз пайыз байлығын алуға жанталсуда. Сондай жалмауыздың қару, жарағын залал-сыздандыру амалын ойлап мың жылдан бері ұйқтаған жоқпын. Өздерің білесіңдер шаш-та магнит бар, адамдардың өлісінің, тірісінің шашын жинастырып жер бетіндегі жойқын қаруларды жойып тынбаса болмайды. Қазақта қамшы деген қару бар, оған сот жоқ, сол қамшыны киелі тұтқасын

қырып-жоятын қарудың күлін көкке ұшырды. Ел тыныш, жер аман, қамшы дұшпаннын жасқауға жетеді. Пенденің алакөздігі жақсылыққа соқтырмасын біліп түсінгенге не жетсін, – дей бергенде Алдар жеті жұрттың тілін қазақшалап, қазақшаны жеті жұрт тіліне минөтінде аудар а қоятын әдетімен:

– Мюнхаузен мырза көгілдір көпір үстіне сақалыңызды кілемше жайып тастағаныңыз ұшу алаңы сықылды екен. Соның себебін түсіндіріп өтсеңіз? Әрине, мен сол көпірдің үстінен бейтаныс әлемге жол тарттым. Көз алдыма өртенген қалалар, қырылған халық елестеп, бір сұмдықты көрмей жоғалып, жұмыр жерді сақтаудың айла, амалын іздестірумен өмірім құйын ішінде өтті. Санаңыз, ойсыз, мыйғұла ақымақ деуге болмайды, бірақ байығаннан басқаны ойламайтын көзқамандар. Әлемнің бүкіл алтынын дым қалдырмай жинап алса да көңілі көншімейтіндер. Олар-ды космостық ауру түрлері тымау, рак, спид сықылды кеспе дертте ала алмайтынын білген, тазартуды жөн санаған АҚШ президенті Кеннедиді де оққа ұшырып еді. Содан бері АҚШ араласпаған жер бетінде қақтығыс жоқ шығар. Қырғын, бүліктен қаруын са-тады, байлығын олжалайды, пайдасын шығарады. Алланың құдіретін білмей қор болу-да. Соғыс өртінен шыққандай жүзімді көріп тұрсыздар, жылына жүздеген құтырынған құйын апаты, ұшынып тұрған су тасқыны опырып ажал құштырып кететіні неліктен деп Америкада біреуі түйсініп ойланып па? Капиталистердің қылшығыда қисаймайды. Тосын ажал әлсіздерді орып әкетеді. Мына аспан астына Алдаркөсе жайып қойған Жайықтай бұлт болмаса табан тіреуге мүмкіндік жоқ еді. Алдарды жер бітіп, су аққалы білетінім және бар, – деп аяулы жүзін аударды да ойын бөліп:» Әкең Алданның қабірі Түркияда. Алаяқ, арсыз көбейіп, заңнан тойдым, қарағым, сұм-сұрқия көбейіп, арсыздан тойдым, қарағым. Билікте кеткен кегім көп, қиуазын соның қайтар деп, Алдар қойдым, қарағым, әлсіздерге қорған болсаң жарадың, деп өкпесі қалың қара бұлттай боп, аспанға сыймай, көзінің жасы теңіздерді толтырып арманда өтті деседі. Енді өзіңнің тірлігің көппен

қалай ұштасты? Көңілімді кеңітіп тұшынттып айтарың бар ма?

– Мюнхаузен мырза, өзің білесің, үйге келіп қойдың қатығын, биенің қымызын, түйенің шұбатын ішіп есіңді жиып, Құрманғазы күйіне құлақ құрышын қандырып едің (Айтпақшы қымыздың қадірін немістерге жариялап, әлемдік ұлықсатын неміс бауыры қазақтан бұрын алғанын Мюнхаузен қайдан білсін, Алдар да байқамай қалды). Ей, жолы болмағанда, жетесізді түйе үстінен ит қабады деген кезеңдер өткен. Мен мен болғалы талай жылдар айналып мәресіне жеткен. Бірақ күннің тұтылғанындай есте қалатын қара көлеңке бар. Бұл 1845 жылдың, Желтоқсан айының 13 еді ғой. Бөкей ордасында байланыс бөлімшесін басқарып өзіңе аспанға ұшсаңда, жердің төрт бұрыншында жүрсенде байланыс-сып тұрамыз деп уәдені бұлтқа жазып жіберіп едім. Кірсіз, таза пейілімді түсіндің. Үстем таптың қытығына тиіп, әлсіздердің қорғаны болғасын» Тіке би» атағанымның түрлі жолын ұқтың. Бірде кедейдің жалғыз ешкісін сойып жеген байға барып:» Құлыңды бағып отырған ешкіні қасқыр жеді дейді екенсің. Байдың санаса сан жетпейтін малын көрмей, кедейдің жалғыз ешкісін жейтін қасқырда ақымақ екен. Тұспалды жақсы түсінесің, аларда күлесің, берер де күрсінесің. Бірақ қолқайыры жоқтар о дүниеге барғанда тамұхқа жайғасып қатты қорлық көреді дейді. Ақылды бай қасқыр мінезінен тез жеритіні және бар. (Өзің қасқыр емессің ғой). Дегенмен кедей алдында айыбың бар, ешкінің өсімі көп екен, лақтағанда үш-төрттен төлдейді дейді. Сауса сүті бұлақ дейді, сүті ауруға ем, еті шекер дейді. Сондықтан қайтарымына он ешкі бересің. Сонда байдың мырзалығы деп байланыс бөлімі арқылы құлақ естіп, көз жетпейтін жерге, байтақ әлемге есімінді дәріптеймін», деп кедейдің қақын қайтарғанда қасымда тұрып, қолымды қысып риза болып едің. Е, талай жыны ұстаған үстемшілдің жанын мұрнының ұшына келтіріп теңселтіп, демін алдырмай тұншықтырып, әкем Алданның өсиетін орындадым, – дей бергенде Мюнхаузен оның сөзін бөліп:

– Мына қыбыр-жыбыр адамдар кімдер?

– Мұнайшылар, айлығы шайлығына жетпесе капиталистің алдында қыбырлайды, қатты айта алмайды, сыбырлайды. Қысылтаяң өткел өмірде ұстасса ұтылады, өштесе екпетінен түседі, тартысса талып қалады, жаны о дүниеге барып қалады. Әлсіздер тағдыры қай заманда да осылай шыбынын қаға алмай өткен. Жайық бойында 1413-1494 жылдар-да Иосаората Барбаро деген жазушы болып» Танаға саяхат» еңбегін тасқа басып тарихқа қалдырыпты. Қазақ ұлтының жеті атаға дейін қыз беріп, қыз алмайтынын, тектілікті сақтайтын ұлылығына, дана болатыны, батыр болатыны тұқым тазалығынан депті. Сол Тана батырдың кіндігінен тарадым. Революция дауылымен өктемдік өрттей өршігенде, Тананың бір тармағы Байұлы буыны бойынша 1 миллион 030 мың адам болса (1917. 7-қ., 63-т., 5-б., 1-кесте). Одан кейінгі төрт бірдей зұлмат аштықта тең жартысынан астамы қырылды, үстемдік қыспағында үзіп еді жұлынын. Қырылмай қайтеді, «ақылды» балық түрлері үйге кіріп қысараған қазанға түскісі кеп ашыққанның қарынын жұбатқысы келсе де, үкіметтің балығын жегендер, темір жол бойынан қазан қайнатуға бұрау ағаш алғандар тегеп, тексерусіз атылады деген заңды орындаушылар қара мылтығын кеудеге тіреп ке-зенсе, үрейден қорыққан молдалар жаны үшін, су құртын жегендер о дүниеде тамұхқа барып өртеніп, смолаға қайнап қатып қалады деп жатты. Молдаға» о дүниеге барып өртін көріп келіп пе едің?» деп ешкім айта алмайды. Аласұрған үрейшілер шектен шығып қанды қырғынды өршітіп жатқанда өлгендерді көміп үлгере алмай далада сүйегі шашылып жат-ты. Қырын келген кезеңде, ойдықырды ойрандап жүрген дүлейлердің біразының пысын бастым. Ұлттық намыспен қара қазанды қысыратпай, сөздерін өзге тілмен пышыратпауға инелік мініп итпектеп жүріп біраз кеселден сақтап едім. Ауыл айтқышы Жолдас газеттегі «Сталин жолдас», «жолдас Сталин» деген сөзді оқып отырып: «Алдар армансызды жерден, көкпен іздеп қайтесің. Мына мен тұрғанда. Сталиннің бірде оң жағында, бірде сол отырамын да қоямын, орыс тілінде қайдам қазақ газеттерінің бәрінде менің бақытлығымды

баяндайды, – деп қою қара мұртын ерсілі-қарсылы сипап көкірегін көтеріп, қанатына мінгізетін құс болса ұшып кетердей қомданатын-ды. Қазақтар сөзге дес беріп, басқаға ұпайын жібермеген, оны Мюнхаузен өзің де білесің.

– Әңгіме айта білетінді тыңдасам жаным толқиды, бірақ ана жатқаның кім?

– Нобельміндейтін көрінеді жанына барып сұрағандарға. Қайдағы Нобель, қисынға келмейтінді аузы ауырмай қалай айтады. Ленин бизнесін тар-тып алып Совет үкіметі территориясынан ерте, ертеде қуып шықпап па еді? Содан күйініп, ұстарадай қиып түсер ажалды шақырып о дүниелік болар алдында банкілердегі қаржысын туған, туыстарына қалдырмай өсиетінде әрбір ғылым саласындағы әлемдік жаңылыққа қаржының өсімі берілсін деп кеткен. Нобель сыйлығы оның есімін өлтірмей әлі талай ғасырдан ғасырға өтер. Ойшыл қазақтың да қолы сыйлыққа жетер. Қазақты көзіне қораш көрген Кеңес үкіметі, қызыл империя жоқ қой. Халқың егемдікпен қарыны тоқ қой. Ұры көздің сұғынан сақтасын... Нобель... Қылт еткеннің қылығын біліп қалатын Алдар тұқымы да көбейер.

– Нобель есімі өлмесе де, жарылғышты тапқанынан о дүниеде өкінетін шығар. Қазір тұлабойына жарылғыш байлаған ессіздер жазықсыздарға ажал таптырып үрейлендірсе, Новель аруағы сол зұлымдықтан қайта-қайта өліп жатырмын, қабірімде тыныштық бер-меуге қалды дейтін болар, – деп Алдар пенденің көңілін табу қиындығын ойлай бергенде қырық жамау күртешесінің тесік қалтасы сыртына шыққан арық, құбақан жүзі жыбырлап саусағын Минхаузенге ұсынған адам өзін Майлапес деп таныстырды да:

– Бұ не, бетінді сақал, мұртпен тұмшалап, көгілдір көзің жылтырап, әлгі» вахавистерге» ұқсап ұсқының кетіп тұр. Мына қылтанақ қылшықсыз беті жып-жылтыр Алдар сүйкімді десең сүйкімді, күлкі күтсең келтіреді күлкіңді, өлмейтін аңызыбар, әрбір сөзінің маңызы бар, кімді алдарын талғай да алады, үстемдікке тиісіп алды-артын барлай да алады, – деді де ұлы дүбірде айтарым бар:» Бізде мың жылғысын болжағыш Мөңке деген әулие дүниеден өткен деп термелей жөнелді.

«Кер заманның кезінде –
Көлдiң суы бiтiп, табаны қалар.
Аттың жүйрiгi кетiп, шабаны қалар.
Жақсының атағы кетiп, азабы қалар.
Әулиенiң аруағы кетiп, мазары қалар.
Адамның жақсысы кетiп жаманы қалар,
Сөздiң маңызы кетiп, самалы қалар.
Сөйтiп, ақылы жоқ санасыздың заманы болар», –

дегендi әлемнiң барлық тiлiне аударса жұмыр жер аман болар едi. Жыртық аспанды жамай алмай, қай жерде қақтығыс болса, қару-жарағын сатып емпендей түскен зөлiм мiнездiлер-дi Алла жақтырмағалы қашан. Құйындатқан дауылды, топан суды, өрттi күшейтсе де түсiнбейтiн, зөлiмдiктi тежеуге дөң мiнезi илiкпейтiн, жұмыр жерге билiгiм үстем деп, сөзiн сүйрiктейтiн АҚШ-тың империялық басшылығының құрысы тарқамайтынына таңбыз, – деген Майлапес екi иығына қонған сұңқарларына тезiрек ұшып жыртылған аспанды қалай жамауға болатынын бiлiп, мына Мюнхаузеннiң құлағына сыбырла, немiстер ғылымға жақын құрыштай байланысымыз және бар дедi. Көкiрегiн көтерiп қойды да:» Мына мен кезiнде Молотовпен көп сырласқан едiм. Кремльге сұңқардың қанатында отырып емiн-еркiн кiрiп, Сталиннен әр түрлi құпия тапсырма алған адаммын. Сонда оған ағаш соқадан жұлдыздарға ұшып баратын жолдың идеясын айттым. Жер бетiндегi қару-жарақтардың қоқысын сақтайтын жасанды планете ашудың қажеттiгiн түсiндiрдiм. Өйткенi, жұмыр жерге қауiп төндiредi деген астройттердi магниттiң қара дауылымен сол жасанды планетаға апарса адамдар төрт-бес миллион жылдар аузынан ақ май ақтарылып, ұйқысы тыныш, жаны жайлауда, байлығына бола жұлдыздан соғысын ойлап, алакөзденбей қара көзденiп, қылжиып жұмыссыз жатпай, қыбырлап өмiр сүредi. Сонда Ай ақылдының алақанында тұрады, Күн көкiрегiне қонады. Мына Тазша жыртық киiмiн лақтырып, шыттай киiнiп, гүл-гүл жайнап шығады. Өне, ерiнi жыбырлайды, бұл да бiрдеме айқысы келiп,

құштарланып күлім қағып тұр. – Алатаудай алтынды бауына басып айдаһардай айбаттанып демократия деп соғыса кетуге дайын тұратын Триллионбайларға жердің амандығы қымбаттығын ой-лансын дейсің-ау. Тәбеті ашылғанда ұсақ мемлекеттер қара тізімге ілініп, жұлымы үзіліп кететінінен рахат сезімге бөленіп, байлық табатындардың ашкөздігіне тоқтау қиын, пайда таппаса оқтау жұтқандай сазарады, – деп Тазша жанына таяу тұрған Майлапеске қарады. Онысы тағы не айтасың деуі ме? Майлапес тасыр кезеңнің асылдары көптігін айтқысы келіп Айсаға көз қиығын тастады:» Мына Айса көзі тірісінде әлемнің ірісі Ленинмен де дәмдес болған еді. Көсемнің көйлек, дамбалсыз қалсақта бейбітшілік сақтайық» деген сөзіне ештеңе теңгермейтін-ді. Қолына түскен қантын жетім балаларға үлестіретін Ле-нин дүние, байлықты жек көрген деседі. Аса байлық кісіліктің жұлынына түсетін жегі құрт болғаны ма? Соны көсем сезіп жаппай кедейлік адалдықтың ақ жолы деп түсінген-ау шамасы. «Жалтыратып өкшесін байлар кетті келмеске, қалтыраған кедейлер теңдік келді демес пе?! Шікірейген басеке, Алдар екенімді білгесін, жеңемін деп егес пе дейтін торыққанға демеу, жабыққанға жебеу адамдықтың міндетіне айналған ба? – деп қаласың. Соны түсінген Айса Қостанайдан дүкенге тауар әкеле жатып жолшыбай түстенген үйлеріне киім-кешекті, азық-түлікті таратып береді. Онымен қоймай ауылда қойма меңгерушісі бо-лып жүріп, колхоздың лажсыздан сойылған малының етін, ұнын, қант, шайын тұрмысы жүдеген ауылдастарына үлестіріп жібереді. Заң орыны тексеріп жұмыстан босатып үкім шығарғанда: «Қойманың кілтін алып соттасаңдар да қойма меңгерушісі деген атағыма тиіспеңдерші», – депті Айса. Үкіметтің дүние, мүлкін жұртқа тегін таратып бергенін заң орындары тексеріп бұрынғы сотталған үкімі аздай сексен жылға сотталудың статьясын шығармақ болғанда, бүкіл Торғай халқы қаржы жинап арашалап алады. Сонда Айса сотта: « Ленин көсем жетімдерді тегін киіндіріп, тегін азықтандырғасын, мен де Ленин саясатын қолдағаным қылмысқа жатпайды», – депті. Сот тамағын кенеп:»

Үкіметтің мүлкін талан, таражға салуға қарағанда есің дұрыс емес-ау. Сені осындай жауапты жұмысқа жіберген кеңшар бастығының да есі дұрыс емес, қылмысқа тарту керек», – дегенде Айса: «Есі дұрыс емес адамға сот жоқ екенін дұрыс айттыңыз. Қанша дегенмен заңды оқығаның көп екен. Түсініп тұрсыз менде ес жоқ, ал, бастықтың есі дүп-дұрыс, сөзі қисынды, ауылдағы аш, жалаңаш, жетім, ауру-сырқау, өлмелі адамдарға есі жоқ мына мен көмектесетінін білгені қандай тапқырлық. Бәлкім, оның дакейбір сәтте есі кіресі-шығасылы шығар, есті адам орынтақта отыра ала ма? Сондықтан сот тұлабойың толып тұрған заң екен, ессіздерге және нағашы, жиендерге сот болмайды деп үкім шығармауыңызды мен білетін мәскеуліктер қатты қуаттайды, өзіңді құттықтайды, – деп тапқырлық танытуы жұрттың есінде қалған-ды. Осы кезде Алдар өкпек желге бетін бұрып, ойланып тұрып:

– Мына қыбыр-жыбыр адамдар кімдер? Қыдыңдап мазаны алды, – деді.

– Өлмеші тірлігіне өкпелілер, үстемдікке шағымын жеткізіп, олардың мінін бетіне айта алмай, шенеуніктің сыртқы есігіне телмірсе де, төрдегі орынтағына жете алмай, жемқорлықпен сананың тозып бара жатқанының куәсі. Қиялдағы әділдіктің қыбы кел-мей тұр, қалталылар көңіл бөлмей тұр, – деп Тазша бала мәселенің мәнісін тереңдетіп түсіндіргісі келмеді. Соны Тазшаның қабағынан ұғып, жұлдызбен сырласқан күндерін ойша есептеп шығып Айса тірлігінен ой қозғады:» Өздерің тарихтан білесіздер, ана тұрған қорықсыз біреулер кекетіп күлесіздер, өсіп-өну арман, ажал қақ қасыңда тұрған кезде Берияның түрмесінің дәмін татпаған тірі пенде аз еді. Жұрт сонда да Ленин де түрмеде отырған деп өз-өзіне мәз еді. Ал мен болсам Сталинге Шолпан планетасына қоныстануға болатын жағдайды айтып жағындым. Содан көсемнің автокөлігімен Қарақұмды қақ жа-рып отырып өзбектің бір дөкейінің қарындасын алып қаштым ғой. Намысы мықты дөкей самолетпен қуып жетіп автокөлікке тұс-тұстан ағаш бомбаны жаңбырша жаудырды. Мына мен Алдардың киелі шапанын киген адам болғасын

қандай өткір оқ денеге дарымайды. Беті қайтқан дөкей еліне кетті, мен қара қосыма жеттім. Міне, құбақан жүзі жадырап қою шайды құйып отырған өзбек қызы әйелім. «Біздің Айса жұртқа ұқсап өтірік айтуды білмейді. Бірақ ұлымыз Түзелбай тыңгер орыстарды сабады деп үш жылға сотталғанда, әйел статьясымен сотталғаны масқара. Сенің тәрбиен, қарныңда жатқанда ерлік мінезді үйретпедің деп жағымнан шапалақпен бір тартқанда көзімнен от шығып еді. Сонда қуанып бір қазан етті көмірсіз пісірдің, жағыңның оты қуатты екен деп күлді, – дейтін-ді Зибаш. – Кейде Айса өлеңдетеді:» Шөпте өлең, шөгір де өлең, қолға түспейтін көмір де өлең, астыма мінгенім көк денен, өзбек қызы бақыт таптым сенен, тірі жүрсем түрме қиындығын да жеңем, Зибаш-ай, қасыңның қара қиғашы-ай, сексен жылдық үкімі де маңдайыма сыймас-ай, Зибаш-ай! – деген сөзі айтып жеткізгісіз үрейден де жасқанып тұншығуды білмейтінін Торғай өңірі аңыз етеді. Ғасырдың күлкі қоңырауын қаққандай ол күлгенде бірге күлмеген кім болды дейсің.

Алдардың ойы әлгі сөзден кейін дереу өзгерді ме, көз алдында өрмекші торын құрып жатқандай сезінді ме, АҚШ-тың бір жемқоры 150 жылға сотталғанда Айсаның намыста-натын жөні бар-ау. Қараңыз, триллиондап, миллиардтап қазақ елінің байлығын шет елге алып қашқан Әбілөзовқа екі жүз жыл үкім де аз деңіз. Ұлыбританиялық аферис Ник Лисон бір банкіні қу тақырға отырғызғанынан да Әбілөзов қылымысы асып кетсе керек. Ұзақ жылдық үкімін өтейтін жеті атасына жететін ұрпағы болса жақсы, болмаса Минхаузеннің оқтұмсығына отырғызып басқа әлемге жіберсе жөн. Ол жақтада» Тамұқ» деген түрме бар деседі, ағылшындар ма, басқасы ма, әйеуір қарызға миллиардтап ақша алып, соғыс қаруын өндіретін зауыттарды күшейтіп, ақыры әлемді жаулап аламын, жұмыр жерге арейстер ғана билік етеді деп дүниежүзілік соғыста халықты қырған Гитлер де жетіспесе де, ыза-мен өртеніп жүрген болар. Егер қабіріне қазық қағып тарихта Гитлер қайталанбасын деп Минхаузеннің үкімін кеспесе, жұмыр әлемдегі империялық үрей сейіле қоймас. Ирак не бол-

ды, халық қырылды, ақырында шейіттер мен сүнниттердің жұлынын үзуге тақап, ми-ына жарылғыш қойды. Адам өлімі тоқтаған жоқ. Ливия не болды? Байлығыңды бермесең қырғын... Жұмыр жер апсам алақанда дейтін Трилионбайлардың үрейі сол... Керей де-ген ауыл айтқышы:» Тіршілікте сыйласқан жақсы, бірақ қорқып, үрейленіп сыйласқанға ештеңе тең келмес» депті. Осы кезде Майлапес ақ сұңқарын шақырып алды да: «Аштық жылдарында Қызыл крест қоғамы АҚШ-та дайындалған қалбырдағы азық беріп жүріп, менің орманымда сүт беретін ағаш тұқымын өкетіп еді. Оған қоса дала гүлдерінің де дәнін жинап алды ғой. Сол ағаш сүтімен семірген» грифорт» бұқалардың бағы жанып қымбатына қарамай елге самолетпен тасылып, кеденнен өтерде кең кеңірдектілер сауыр сипар салығын ақшалай алып, мұрттарын майлап жатыр. Абай айтқан:» Біреу ұқпас, бұл сөзді біреу ұғар, бағасын пайым қылмай аң-таң қалар» деп бас пайдасын көбірек ойлайтындар жетерлік, әлсіздерді қорғап, қақын жегізбейтін Алдарымыз аз кезеңге тіреліп тұрмыз. Май басқан беттерде перде бар... Оны сыпыруға заң майысқақ.

– Сөздің шынына жүгіндіріп, шылғи өтірігін бетіне басатын кім бар? – деп Мюнхаузен үстемдікті түсінікке шақыратын оқтұмсықтың түймедей тетігін іске қосатын уақыты келген-ау, – деп Алдар желпініп: «Мен шен, шекпендіні алдай алмай өкініп, ақырында өзімді өзім алдайтын жағдайға жеттім. Бұлай бола берсе жыртық шапаным, жамау-жа-мау тақияда тұрған киелігімді жоғалтып алам ба деп қорқып жүрмін. Кәне, Мюнхаузен қоғамдағы түрлі қылмыстың жолын бөгейтін тетікті өзім жүзеге асырам. Оған ақыл-ой, сана-сезімім әлемге танылып тұрғанда пәрменім жетеді. Немістер баяғы өзің білетіндей алдауды білмейтін іскер, ғылымға жетік, данашпандарының есімі тарихтан өшпейтін халық. Геоте бізде қазақша сөйлеп өз тілін білмей шатасып жүретін шалағайларға сабақ береді. Көрдіңіз бе, анасының құрсағында жатып қазақша өлең айтып, би билеп уызға жарыған Бәйтерек Тазшаның миының алғырлығы бұдан кейінгі мың жылғыны болжап тұр. Кәне, сайрашы? – деп еді Тазша бала екі білегін

түрініп, шарт жүгініп жіберіп: «Жұмыр жер тірлігінде сабақтаспайтын нәрсе жоқ. Біз Алдар, Қожанасырдың өлмейтіндер мектебінен тәлім алғандармыз. Сүгір айтқан екен:» Болғансын рахымсыз ұлық, әкім, үстіңе ойнақтайды нардай тарпып» деп. Біз рахымсыздың өмірін жуадай солдырып, үстімізге шет елше ойнақтайтыны болса омыртқасын опырып, есіріктің сазасын беріп отырамыз. Жұрттың түсін де, ісін де жоримыз. Ерте, ертеде хан түс көреді. Түсінде бір есекті екі қасқыр талап жеп жатса керек. Әрі ойлап, бері ойлап, түсін өзі жори алмаған соң хан дереу Қожанасырды шақыртады.

– Осындай бір түс көрдім, жорып бер, – дейді хан.

Қожа табаңда ойланбастан:

– Тақсыр-ай, соған да миың жетпеді ме, екі қасқыр, екі уәзірің, ал ана талап жатқаны – өзің ғой, – депті. Қожа Түркияда туып-өскенін, 1207-1285 жылдар аралығында өмір сүріп, Ақшәһар зиратында Алдардың әкесі Алдан жатқан қорымда жерленіпті деседі. Ұрпағым «Жер кіндігі» маңында тірлік етіп, тамаша түсінде мыңдаған жылдарды байқап, сылды-рын естіп, бұлдыр бейнесін ұрпақ айтар депті. Қожа бабамыздың жобасын анықтап жылды көзіммен көргелі қашан. Жапондардың жер серігімен Шолпан планетасына барып ішпесті ішіп, киместі киіп, Айсұлудың бетінен сүйіп көңілім шалқыса да, жер бетіндегі екі миллиондай сусыз, азықсыз жүдеп, өлімші боп отырғандарға жаным ашып Бәйтеректен басталатын ұзыннан ұзақ көкке тұзақ түтікпен тамақ жеткіздік. «Таза су» құрамында адам толық азықтанып, 300 жылға дейін өмір сүруге болатын жылқының құлағының қанынан, тақыр жусан, андыз және басқа қазақ даласында өсіп тұрған дәрілік шөптердің құрамы қосылған дәрі, дәрмек және бар. Қазақ жерінің киесіне, ұлт ұлылығына таңғалғанда таңдайы жарылғандай болып Шолпан планетасындағылар шұғыл түрде төрелік етіп біріміз емес, ұлтымызға Нобель сыйлығын беріп жатты. Сонда да мен жер бетіндегі қырып, жоятын қаруды залалсыздандыратын құпиямды айтқым келмей, ойымды басқа жаққа аударып, менің 2,5 метрге жеттетін тұлғам толы қайрат деп, бо-

лат релісті қол қуатымен иіп тастай-тын, Қажымұқандай қайратым барлығын айттым. Өтірік сайрап тұрған жоқсың ба, көрсет күшінді деді сонда біреу асқабақтай басын сипап. Намысыма басып космос кораблінің тонналаған салмақ тартатын бөлшектерін ұршықша иіріп-иіріп басқа планетаға лақтырып жібергенімді көргенде көздері атыздай болған шолпандықтар:

– Тегі, тұқымы асыл халық екенсіңдер, бұдан былай маңдайларыңа шаң тигізбей, қоныстануларыңа Ай әлемінде тегін жер береміз. Жалға деп алдап алып, біржола меншіктеп қалатын ашкөздер бізде жоқ. Алданып қалғандарға бізде үлкен қамқорлық бар, оларға сыйлық та тапсырамыз. Ұлы халық сақталсын! – деп таңдайын қаққан қуанышты дыбыстан қуанғаннан абыржып қолымдағы қос қыраныма көз тимесін деп дұғамды оқыдым. Әлемдегі сансыз жұлдыздарды мекендейтін халық құран сүресіне ұйып қалатынын байқап, жердегі кейбір дінбұзарлардың зәлім ойына қарғыс айттым. Осы кезде Шолпанның жергілікті бір қариясы қасыма келіп, алқаныңды берші, түкірейін тіл, көзден аман болыңдар деп еді, түкірігі атом қуатындай күйдіріп кете жаздады. Сонда Қызылтаудың шынар басына шығып Шолпан планетасын бірінші көріп, қуана Ломоносовқа хат жазған швед ғалымы Қазақ жері де, елі де Ресейдің болшағы дегені есіме түсті. О дүниеге барғанда бірінші сұрақ: «Көршіңмен татусың ба?» деу болады деседі. Е, бүгінде көршілердің көзіне жәутеңдеп қарамай еркін елміз деуді Шолпандағыларда біледі екен. Салқар ұзақ көш жақсылықтарға бастап бара жатты...

Мюнхаузен тосыннан кездескендердің айдай әлемге айтарлары барын ұғып, Берлин қаласы, Одер өзеніндегі киелі көгілдір көпірдің о шетімен бұ шетіне жететін сақалының талдарын санап тұрып:

– Қазақтар маскүнемі жоқ, қайырымы мол халық. Ақтан тілеген тілегі болғай, имандылығы ұйып тұрғай деді де: «Шет ел қаржысына сатылып бірен-саран есерлері молаға тиісіп, жат уағыз айтып жүргенінің езуін тілсе иманды елдің жиған дәулеті де өздерін жарылқар, – деп қойды. Осы кезде Алдар: «Тазшаның тұқымы көбейсін дей

тұрып Қожа жұлдыздардың біріне барғысы келсе керек. Әлемде қанша жұлдыз барын, қайсысына барарын білмей сұрақтан жалтарып:» Жұлдызды санайын десем күндіз қолым тимейді, түнде адасып кетем бе деп қорқамын депті. Сол сықылды» Бәйтерк-Тазша» жапон ғалымдарынан қалыспай Шолпанға барғанына мен мақтанбағанда кім мақтанады, – деп ақ құс боп қазақ аспанында қалықтап жүргендей сезінді... Мұрагерлік мәжіліс заманына қарай өтіп тұрар-ау... салтанат сәніне бұда болса жарастықты... Ізгіліктен безінген оқтан өткір сөз соғысы жүріп жатыр. Әлем дүрбелең, әлсіздердің қасіреті қалың. Берекесіз идея жұмыр жерді бүлдірмегей...

* * *

Кісілікке жараспайтын да оқиға болмай ма? Тазша ертерек тұрып жуынатын бөлмеге кірген бетте төрт тарақан түйедей денесімен өз үйіндегі маңқиып тұр. Жат жерденмін деп тосырқауды білмейді, жергілікті тарақанға үйленіп еркінситін төрізді. Тазша түндегі түсінде ғасырдан ғасырлар өтседе АҚШ-тың көзқамандары Кларад қаласынан дайындалған «шпион» қоңызы өріп келіп картоптың аймақтай алаңын құртып жерге сіңіп жасырына қалады, удың мыңсан түріне өлмейді, қайта уланған сайын айғырдай арқырап шығатындай болған. Түсінде сол қоңызбен күресіп жүріп оянып кетіп еді. Енді мына тарақан Батыстан соққан қара дауыл құйынмен келді ме, төте жолда» Қорғас» атты кеден бар, шекарадан өтетін күдікті шыбын да тексерілмеуші ме еді? Зиянды жәндіктерді табанда қатыра қоятын у бар...

– Қайдан, қалай аман-сау келе қалдың?

– Кеденнен кеңірдек жыртысып, ақша санап алаң болып жатқанда үйдей шыбынға қошқардай кандала, ағаш құрты үшеуіміз зыр етіп, мінгесіп өтіп кеттік. Бізді өлтіретін у жоқ, Кларад қоңызымен бірге қоныстанамыз, құстың саңғитын жерінің көлеміндей жер берілсе жетеді. Ағашқа түсетін есектей құрт ағашты тауысып жерімізді кеңітіп береді, жалға алғансың деп жағамызға ешкім жабыспай-

ды, біздің тұжырым айқын, өзгені қайдам, өзімізге пайда, Атырау, Ақтөбе қайдасың... жол ашық, маңдайыңнан жарылқасын. Сорлы кейін өкінер дейтіндей ме, қалай? Содан Тазша тісін тазартып тұрып:

– Е, удың аты – у. Жаңа ғасырдың уы, бұрынғы ғасыр уынан қуатты болуға тиісті деп толағанып қалды. Ұзын сөздің қысқасы, айтқыштардың мұрагерлік мәжілісінің әзірге осы нұсқасы. Сөз түсінбес жоқ шығар маубасы. Сүйінші, Тазша әлемдегі нетүрлі қару, жарақты атылмайтын, халықты қайғыға батырмайтын, ешбір пенденің түсіне де кірмейтін жойқын қаруларды залалсыздандырудың амалын, айласын тауып жобаны құпия түрде Аллаға аманаттап Мюнхаузенге беріп жіберді. Көңіліне түрлі секем алса да жақсылықтан түңілген жоқ, жобасы жүзеге асар деген үміті таудай еді. Сөйтсе де күбірлеп удың аты у дей берді. Онысы ертедегі бір оқиғаны көз алдынан көбелектей көлбеңдетіп өткізуі еді.

ӨТТІ ДӘУРЕН...

... Сол 1932 жылғы аштық қырғынында қынадай қырылған халықтың әр бұтада шашылып жатқан сүйегін тірілер көміп үлгерген жоқ. Жаз шыға аспан айналып жерге түскендей ап-тап ыстық жаны барды жайпап жұтып жатыр. Көгілдір аспан бұлттан жиіркенгендей ме, қалай, алақандай бұлтты көру мұң-ға айналды. Далада ызың еткен үн естілмейді, тірлік меңіреу өлікке ұқсайды, тым қорқынышты. Қалфе молда дұғасын оқып бұлт шақырғысы келеді, шашылып жатқан аштан өлгендердің сүйегін жинап көметін қарыны тоқ, қайраты барлар табыла қоя ма? Аштық адамдардың алдымен есін алып миын шатасты-рады, әлі құрып, көзіне не көрінсе, қолына не ілінсе, жегісі кеп тұрады. Тап осындай жойқын аштықты бұрынсоңды болды деп Қуанай да, Қалфе де естімепті. Кеңес үкіметі жарылқайды, ұрпақ бақытты болсын деп, әлсіздер өлер алдында біреу-міреу аяушылық етер деген сенімін жоғалтпаған сыңайлы. Ал ел ішінде шолақ белсенділердің тарпаң мінезі түтеп, быттиған беттерінен ажал үрейі

есіп, қорғанышсыз әлсіздерді құртудың амалын тауып, безбүйректік танытып, зәбірлеп жатты. Жұрт белсендіге тілеуінді берсін, өлуіміздің себебін түсіндірсеңші деуші еді жалынып. Жаңа өмірдің жаңа жексұрындары өлгенді де келемеждейді, тіріні де келемеждейді. Мұндай сұмдыққа Қуанай ақыл айтар еді, дүлейлер тыңдамайды, қа-ны салқындаған. Қуанай мұсылмандардың Орталық діни бас қармасының құрамында қызмет атқарады. Өмір бойы жас ұр паққа діни білім беру шаруасымен айналысқан Қуанайға Жымпиты уезінің финанс инспекторы Низамғали Жанаров салық салады және» Алаш Орданың жұмысына көмектесуге қаржы жинапты деген айып тағады, қылмысқа жориды. Ондай қаржы әлсіз, арып, ашыққандарға көмекке жұмсалатынын ұғынып, есепке алмайды. Қамауға алынып, жанұясы Алматыға жер аударылады. Қуанай зұлымдық істеуге әбден еті үйренген Жанаровтың күлбеттенген жүзіне қарап:» Әлі талай адамның қарғысын арқалап, талайдың өмір жасын қияды екенсің. О дүниеде кездесерміз. Ой көзімен шолып жын-шайтанға ергенің, пәле-жалаң, түрлі жәбіріңе тамұқ оты алдында жазаң ауырласа, зөрең ұшып жан дауысың шықса, ұят тұрмайтын бет теріңнен бастап күйе бастағанын көрсем, қасақаналардың жазасы ауыр болатынын тірілерге айтып, сақтаныңдар дер едім. Сонда ешқандай дәлел тауып, тілің байланып жауап қата алмас едің... «дер еді. Алайда Қуанай жаңа қоғамнан туысын жатсынатын, жатты жатырқамай бәйек қағатындар билеп-төстеп бара жатқанын, ақылдыларды құлақкесті құлындай айдап жазықты-жазықсызын сараламай түрмеге тоғыта бастағанының аяғы жақсылықпен тынбасын түсінді. Көптің өмірі қырсық шырмап зая кете бере ме, шынымен? Дүние сырын ұғарлық ақын, жазушылар болса деген оймен Қуанай Бейімбеттің төмендегі өлең жолдарын есіне алды.

Ауылдың алды белесті,
Белестен самал жел есті.
Қыршын жасқа құрық сап,

Құдай неден егесті?!
Қара шашым жаяйын,
Қанымен көзді ояйын.
Қастық қылған патшаның,
Қараша берсін сазайын!
Кекілін тұлпар тарайын,
Найзаға үкі тағайын,
Ер жоқта өзім ер болып,
« Жау қайдалап» шабайын... –

деген жазушының астарлы сөзін өзге түсінер, түсінбес, Қуанай ақылға салып аңғарды. Елім, халқым дейтін ер аз, ез көбейді, өзінің кесер кеңірдегі, діт қарақан басының амандығы үшін туыс, туғанын да сатып, оларды жау дейтін зұлымдар билік алды. Өбден зықысы шыққан пенде бағынуға қаншалық әзір болса да теңсіздік, көрер көзге үстемдіктің қорлауы жанға қатты батады. Амал жоқ, бағыну мен бағындыру шамадан тыс болса да шыдайды, бақытсыздық деген сол. Қуанай мұ-сылман дінінің әлемдік білгірлерінің қатарында тұрса да, қаншалық адалдықпен ұрпаққа қызмет етсе де, саясат қа-дірін кетіре бастағанын да түсінеді, зәлім тобыр өз дегеніне көн дірмей, айтқанын орындатпай тынбасына көзі жеткені қашан. Қысқасы, адамның сеніміне, сезіміне шабуыл жаса-лып жатқан, ұлылықты, кісілікті таптап, ар-намыстың жү-қы насын қалдырмаудың әрекеті үлкен зауал екенін білді. Сол ұрда-жық, құрт, ойранда деушілердің өздері қаншалық зиян екенін көзімен көрсе де былқ етпейді. Бас айналдырғыш жаңа саясат 1936 жылғы Сталиннің дінсіздер бесжылдығы қаулысына орай мешіттер мен шіркеулерді талқандай баста-ды. Ойылдағы мешіттің басындағы ай мүсінін арқанмен тар-тып құлатқан сорлыға ай белгісі кеудесіне бірден қадалып өліп кеткенін саясатшылар көрсе де, оншалықты көңіл бөле қойған жоқ. Алланың үйінің киесі ғой деп ешкім ауызға алған жоқ. Қорқады, құдайды ауызға алса, жазаланады. Мұндай қасіреттің зорын да көрген қалың жұрт іштен тынады. Турасын айтса, қылмыскер боп танылады. Бейімбеттің» жау қайдалап» дегені астар-

лы, ақылдыға ұғымды. Ең сорлы ойсызды да оя-тады. Айтпақшы, Қуанай Қосдәулетов газет, журналдарды үзбей оқыды. Сәкенді, Бейімбетті, Ілиястың шығармаларымен жете таныс еді. Қаламгерлер саясатқа қулық жасамаса да, сәл әсердің өзіне мән беретінін түсінеді, өсіріп айтуға да бейімділік байқалады, әдеттен тыс күдікті байқатпайды, кей-бір қалжыңда да үрейдің елесі байқаусыздай көрініс береді. Бейімбет, Ілияс, Жиенғали – үшеуі үш таған аталып, дос болғанын ұзынқұлақтан Қуанай естиді. Ел аузына ақпарат тез тарап жатады. Сатира жанрының классигі Жиенғали 1932 жылы аштан өлер алдында райком хатшысын үйіне шақырып:» Қоғам өзгерістерін шынайы шындықпен біраз жазып, кісілік борышымды өтедім. Мына партия билетімнің маған енді керегі жоқ, бұдан аштан өлуден басқа жақсылық көрмедім, өзіңе қолма-қол тапсырдым, қарының тоқ қой, майлы қолыңмен ұста... «дегенде хатшы көзі ойнақшып, мазасы кетіп аптығып, алқынып:» Жиенғали, қатты қателесесің, кешірімсіз қатты қателік» дейді. Сонда Жиенғали:» Мен Алланың қарауына кетем, ол жол таза, адал жол» деп жаны үзіліпті дегенді де, ел құлағы елу, естігенді. Жазушының соңғы сөзі неге тірелгені белгілі. Қоғамға ауыр тиетін жағдай. Айтылмаса шындық қинайды. Кеңес үкіметі революция басталысымен аштыққа қалың халық ұрынды. Оны саясат лезде мың құбылып елет-тірмеді. Сыбыр сөз от басында сөнді. Жалпы жұрт ескере бер-мейтін құпия деректе Қазақстанның бес губерниясы бойынша, атап айтқанда, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Қостанай губерниялары және Адай уезінде 2, 5 миллион халық аштыққа ұрынған, халықтың 25-тен 50%-ына дейін аштан, суықтан өлген (« Известия ЦИК Туркс. республики» . 23/1918 ж.). Қуанай аштық сұмдығын ақпараттан оқып, жұрттан естіп отырды. Қырғын аштық орыс тарихшысы С. М. Соловьевтің:» История Рос-сии» атты еңбегінде:» Ата мен ана балаларын жеді, балалар ата мен анасын жеді, үй иесі қонақтарын жеді, адамның еті базарда сиыр еті деп сатылды», – деп жазылған (Т. 2. – С. 740-742). Халық бұл деректерді оқып, біліп зәресі ұшпады дейсің бе? Қазақтар күйкі өмір үшін жаралмаған-ды. Бір

кет-се кері кетіп, мал-мүлкі, байлығын қызыл жендеттер мылтық төсеп тартып алмағанда, жаппай аштан қырылыс болмас еді. Аңдып аяғын қия баспайтындар да, үрейлі үстемдік алдында шындықты айтатындар батылдана алмады, ақыры билікке бәйек болып тынды. Іштей қамығып қайғырса да тіл қатпастан мүлгіп ақырын күткендей жүрді. Сол тұста Голощекиннің қолдан жасаған қырғын аштығын Ілиястың «Ақ қала» поэмасы өлтіре әшкерелеп берген еді. Оған кейін тоқталамыз, дауылпаз ақынның шығармашылық ерлігі дегеннен шығады. Ертедегі Байбақты батырдың ерлігі көз алдында тұрғандай сезіледі. Батыс өңірдің қазақтары қалмақтармен екі жүз жылдай қырқысып, соғысып, талай боздақты қыршынынан қиды. Қалмақтарды І Петр патша атқа отырысы мықты, қаруды қолдануы да ерекше деп бағалады. Патшалы Ресей билігі оларды қару-жарақпен қамтып, қазақ жерін басыбайлы иеленуге үгіттеп отырды. Қалмақтардың осындай басқыншыл, қан төгуге құмар сұмдығына шыдамаған Байбақты батыр оларды Астраханға дейін қуып салды. Ел аузында батыр туралы:

Байбақты бай болады қылықтары,
Найзаның жолда қалған сынықтары,
Төбемнен күн түскендей толықсмын,
Батырдың еске түссе қылықтары, –

деген аңыз жыр қалды. Туған жерін қорғаудағы ерліктің қалпын бұзбай, ұрпақтан-ұрпаққа жететін нағыз шындық, тыныштықты, адалдықты сақтап, жақсылықты аңсаған үзілмес үміттің мөлдір кінәсіздікпен қашанда қастандыққа қарсы тұра алатын ұлт құдіретін шарықтаған қиялдай ке-лешекке аманаттайды. Қуанайдың естігені, көрген-білгені, көкірегіне түйгені, төуелсіздігі мен еркіндігі болмағасын, өзгенің шіреніп сен кімсің дегендей кекеткені сүйегіне таңба салғандай еді. Езілген халықтың қандайда тірлік қимылы мазақ көріністің әрекетіндей ғана. Николай патшаға ба-рып шаруасын түген деп, зұлымдықтың арбауынан біржола құтылғандай болғасын,

әлгі біреу, өзгені қайтеді, өз басына азаттық шырағын жаққандай есіріп, ар-намысы тапталса да жаны жай тапқандай болғасын Қуанайға:

– Дұрыстығына келсек, біз, адам қоғамнан көп жақсылық тілемеуіміз керек, – деп қояды.

Ебін тауып, өзгенің ықыласына көңілің ауса, теңбегендік рахат қой дейтін. Шынын айтқанда, патшаға жағына білген әлгі сорлының ұлы Кеңес үкіметі саясатын тез түсініп, заңға бас ұрып, ат дегенін тездетіп аттырып, жап дегенін асығыс жап тырып тастаса, ой, шіркін жаны рахат табатын еді. «Те-зірек Қуанайды құртпасақ, саясатымызға кесірлі сөзі оқтай қадалып, жаулығы күшейе түсетін түрі бар, қылмысына көзіміз әбден жетті» деген жазбамен үштік нақты дерекке сүйенеді, даурықпа сөзді айтпайды, тездетіп үкім шығару қажет деумен болады. Саяси соқырлар ең алдымен ойлыдан қорқанды, ақылдыға сенбейді, білгірді жоққа шығарып, ондайларды айып тауға сылтау да, түрлі себеп те табыла береді...

1937 жылдың 29 қазаны күні төсек тартып жатқан 79 жастағы Қуанай қазірет тұтқынға алынады. Республикалық газеттерде күн сайын Кеңес үкіметіне қарсы жаулар ұсталды, тізімі жарияланады. Адыра тірлік. Ажал ызғырығы, қорқыныш қалың. Солардың бірі Ілияс Жансүгіров еді, ұлы ақынды қорлау шектен шыққанды. НКВД жендеттері, үштік зәлім дері тұтқынды ұрып-соғып, әбден есінен тандырып, бол мағанды болдырып, айтпағанды айттырып, өзгеге жала жап тырғысы келсе жаптырып, шындыққа үш қайнаса сорпасы ұқсамайтын шіп-шикі, шылғи өтіріктерді жазбаша толтырып, қол қойдырады. Бірақ Ілияс орамалмен тілін тартып, дыбыс тамырларын үзе де тергеу қағазына қол қоймады.

Адал жанын батырлықпен сақтады. Қуанай түрменің қуықтай бөлмесіндегі жерде жамбастап жатып, Ілиястың «Ақ қала» поэмасын тергеушілер тартып алды ма екен?» деп жолаушы жыршыдан поэма мазмұнын тыңдағанын есіне алды. Сонымен аштық қасіретін көз алдынан өткізіп, «келер ұрпақ, тарихыңа зерделеп құлақ қой, түсіністікпен қарап ойлан, «Ақ қала» деп күбірлейді. Ең ақыры, күрсіне

ойланғанда ұлы ақынның есімі мәңгіге кетер деп өз ойын өзі жүйеледі. Осы кезде» Молда қайда? деген қызыл жағаның дауысы өзіне ажал төніп келе жатқанын сезгендей болды. Тергеуші кәріне мінген, қабындатқан үреймен:

– Кеңес үкіметінің жауы жер басып жүре алмайды, кінәсі мойынына қойылғасын жазаланады, атылатыны атылады. Тү-сіндің бе?

– Неге түсінбейін, албастымен алысқандар да ақырында жеңілерін сезеді. Еркін әлем жұмағы – мәңгілік мекенде, соны ескер. Оған рух бір қосылады, дүние дөңгелек, жаны бар қыбырлағанның бәрі де ажал жетсе өлмек, бірақ адам Алла бер-ген жанын Аллаға тапсыруға міндетті, – деп елгезек пішінмен билік иесіне қарады да: – Шайтан өлмейді, білдің бе? Адамды адам өлтіруіне шайтан мықтап азғырады, – деді.

Мұны түсінбесе де өзімшіл, кесіп түсер кесір, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің майоры Ромейко:

– Контрреволюцияға мүше болдың ба, мақсатың қандай? – деп қалды қатқыл үнмен.

– Неңдей сөз, мағынасын түк те түсінбеймін, – дегеннен басқа Қуанай ешқандай жауап қайтармады.

– Уфаға мұсылмандар съезіне барыпсың, Кеңес үкіметіне айбар көрсеткілерің келді ме? Жаулықтың қандай түрін көр-сетуге дайындалдыңдар? Дінді сонша мадақтағанның астарында не бықсып жатыр? Нақ осылай деп, бұл туралы шындықты бірсыпыра ашып айта алмайсың, ө?

– Башқұрт автономиясы, қалтқысы жоқ, әділетті халық, съезд тақырыбы да әділеттікті қолдайды ғой. 1920 жылы 17 тамызда Ленин мен Калинин қол қойған Қазақ АССР-ы құрылды, егер білгіңіз келсе, сол жылы 4 қазанда Қазақстан Советтерінің құрылтайы өтті. Адам баласы қашаннан еркіндікті, теңдікті дәріптейді, дін иелері де ұрпағына, пендені бір-біріне мейірім төгуге шақырады. Съездің мақсаты кеңестік саясатқа қалт-қысыз берілгендік пен түрлі ұлттардың бір-біріне мейірімді бо-луына үндеді. Сталиннің айтқаны бар емес пе:» Сіздер мәселені дәрекілеу қойғансыздар, сөйтіп, айқындыққа жетуге жәрдем

еткенсіздер» деп. Еңсесі түскен халық еркіндікпен кеуде сін көтерсе айып па? – деп Қуанай Башқұрт елінде 1726 жылы қоныстанған табын руы – 60 мың, тама – 45 мың, Байұлы – 30 мың, басқа да толып жатқан рулар болғанын, ежелгі қан-дастықты деректеп еді. Социализм сорлатқан ұлттың тарихы дегенді, ру дегенді ұлтшылдыққа қосып айтқызбайды. Ұлттық тәртіп, тәрбиені теріске шығарып, тіпті қылмысқа жорып, «ылғи желіккендер, ұлтшыл болма» деп қыр көрсете бастады. – Қылмысты мойындағанның жазасы жеңілдейді, бұрын да сотталғаның, оны түсінесің. Сонымен, Кеңес үкіме тіне қандай қастандықты жасағыларың келді, жапондар қаржылай көмектесті ме? Көңілдерің біраз жылып қалған шығар...

– Бақыт тапқысы келген адам елінде болады... Манадан Қуанайға көзін айырмай түйіле қараған Абузаров көк желкесінен бір түйді де, бастығының үстеліне еңкейіп, бір жапырақ ақ қағазға:» Түрмеге тездетіп жіберу керек. Сұрау сұрап мылжындай берудің қажеті қанша? Бай, шонжар, Уфа-дан діни білім алған. Белгілі ұлтшылдар Әнуар паша және Мұстафа Шоқаймен тығыз қарым-қатынаста болған екен. 1926 жылы жапон агенттері Тарджимов және Магкуповпен тығыз байланысып, түрлі аймақтар бойынша шпийондық жұмыс-ты жүргізуге анттасқан... «Осы кезде Ромейко айқайға ба-сып орнынан ұшып тұрды да, кеспелтек таяқты қолына ұстап Қуанайдың тізесінен екі-үш рет соққылап өтті. Жанды жерден ұруды біледі. Сұрқиялық сөзін үдетіп:

– Сөйтіп, социализм ісіне жиіркене қарап, қырын қабақ екеніңді жалтарып жасырғың келеді-ау. Болмайды. Шектен шыққан арам пікіріңді, сыбайластарыңды біз әбден анықтап, біліп алғанбыз. Жақында газеттерде жарияланған халық жау-лары атанған біраз жазушылар – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтердің шығармаларын оқып, сая-си қуат алады екенсіз, өзгердің бе? Мирзоянның іскерлігі арқасында бір топ халық комиссарлары мен оның орынбасар-лары да қызметін жаулыққа негіздегені анықталып, атылуға тиісті. Зұлымдық әрекетің бізге мәлім. Зерттеу жұмысында

үміт еткен Ленин идеясына қалай қарайсың, оған тағатын сының бар ма? – деп аузынан түкірігі шашырап айқайға басып, үстелді жұмырығымен ұрып қалып еді, үстелдегі сия-сауыттың сиясы быттиған бетіне шашылды. Тізесінің сүйегін сындырғандай жанын көзіне көрсетіп шыдатпаса да, тер геушінің бетіне сия шашылғанына Қуанай күліп жіберді де:

– Сияда ақыл жоқ, маңдайыңды меңзеп шашылғаны тым ұят болды. Тілеуіңді берсін, бет-ауызым аман тұрғанда анау-мынау жоқ, Ленин идеясына әлем халқы сүйсінді ғой. Түрлі ұлттың, түрлі халықтың бас бостандығына қол жеткізгенін кім құрметтемейді, – деп сәл бұрылып, тергеушіге көзінің қиығымен қарады да: – Өзіндей азаматтарға ар-намыс қымбат, Ленин қайырымды, мейірбанды сезімнің адамы ғой, жақсылық жолында адал, жалған айтушыны жек көрген. Революцияның ауыр күндерінде аш-жалаңаштарға көмектесіп, тіпті өзіне берілетін қантты жинап жүріп, жетім балаларға үлестіріп берген емес пе? Көсемнің ондай көңіл күйі басқаларға үлгі болса, кәне. Ар-намыс дегеннен шығады, қазақ елін басқарған Голощекин 1897 жылғы бүкіләлемдік есептегі 10 миллион қазақтың 80% -ы аштан қырылып жатқанына қуанышы қойнына сыймағандай Сталинге жазған хатында: «Қазақтар тағы халық, қасық ұстап ас ішуді білмейді, қолымен ас ішеді екен. Сұмдық. Терезе, есік орнатып үй салуды білмейді, қыс түссе жерді қазып, жанұясымен тышқаншапаналайды. Кіші Қазанды жан-жақты жүргізуге назар аударудамын» десе, оның жазба хатын мақұлдаған Сталин: «Ашық айтып жазған пікіріңді оқып, Кіші Қазан революциясын нәтижелі жүргізуіңе тілекшімін. Шынтуайттап келгенде, қандай да бір әрекетің ақтап, социализм болашағының жемісі болсын!» деп қуаттағасын не жорық?! Орал губерниясының жиналысында Еділ бойынан жер ауып келгендер аштықтан әлсіреген 340 адамды сойып жесе, кейбірі қабірді ашып жесе Голощекиннің одан артық арсыздық масқаралығы болар ма?! Ақыр аяғында француз тарихшысы Изабелла Очаена әлемдік ақпаратта: «... Қазақтардың 80% -ы қырылып қалды. Салдары геноцид-тен де асып кетті» деп жар салғанын Ленин

тірі болып ес-тісе, қылмыскердің төбесінен сүйек алар еді, тірі қоймас еді. Енді ойланып көр. Біле білсеңдер, қызыл жағалылардың бәрі бірдей шен-шекпенін ерекше құрметтейтін ар-намысы жоғары бо луы, өзгенің де өзіндей ой айтуға қақысы барлығын сезінуге тиісті. Оны мипаздап айтты не, айтпады не, Сталиннің: «Әдетте, жеңіс кейбір адамдардың басын айналдырады, асып-тасытады, асқақтатады» дегенін түсінетін шығарсыздар, – деп Қуанай әңгіменің бағытын бұрғысы келіп еді. Оны аңғарғысы келме ген Абузаров шындық сөзден қаймығуды білместен ба-сын кекшеңдетіп сыздана сөйлеп:

– Қылмысыңды мойындап, дұрыстап жауап беруді біл-мейді екенсің. Шыбын жаныңды көзіңе көрсететін соққы бәрін тү сіндіреді. Өлгі әмпайластарың молдалар Мұхамбетов, Құдайбергенов, Махмұдов, Киреев, Қуанаев, Сұлтанов – Жымпиты ауданындағы 20 бай-шонжарлар болып, кеңес үкіметіне қарсы қандай әрекеттерді жүзеге асырдыңдар, алдағы жос пар-ларыңызды кеңірек айтпайсың ба? Қайталап айтам, ойың ды әр саққа жүгіртіп, қылмыстарыңды жасырып бұрмалағың келеді, бұл жаулық ойлылардың белгілі тәсілі. Кеңес жұмысын адал атқаратын кедейлерді тілдеп тастайтын көрінесің, социализм адамдары дінмен басы қатып шырмалған сендерден он, жүз есе артығырақ, ақылына ісі сай. Олардың өткірлігі, ісінің жеміс-ті болуы, даңқты екенін жек көресіңдер. Адам қан неме... Түк түсінік жоқ-ау. Кеңес саясаты дінді қорғаса, ескілік тәртіп, тәрбиені өзгертпесе жандарыңа майдай жағып, бәрі ұнамды болар еді. Күтпеген сәтінде жаулықтарыңды жүзеге асырып, шетелдің қолжаулығына айналдырар едіңдер елімізді. Сол үшін табандарың тозғанша халықты құпия түрде үгіттеп жүр-сің дер. Оны мойындауға қорқасың, ә? Біз бәрін ойда жоқта білгенге көкірегің қақ айырылғандай өкінетініңді түсінемін.

Үкіметімізге жаулық пиғылы барлар тергеуде ақылынан ада-сып, мазасы кетіп сілейткен соққыға шыдамай, айтарын ай-тып тастайды да, ату немесе түрме жазасына жалма-жан қуана келісе кетеді. Алашорданы қалай қаржыландырдың? Қандай мақсатың болды? Ленин идеясын білесің, Алаш идеясын Кеңес үкіметіне сытылып

кіргізіп өз алдына дербес мемлекет құру жапондармен одақтасуға жылдам өту деп түсіндің бе? Бұл жарамайды, ақталмайтын қылмыс.

– Дін жолындағы адам жамандыққа мойын бұрмайды, еркін ел болдық. Қаншалық пайдалы жұмыстар игілікке атқарылып жатыр. Патшалы Ресейдің басқыншылық пен қан ішерлігі нен біржола құтылды. Түрлі бейбастық, қуыс кеуделік, жұмбақ көзқарас, үрейлі кезең, өлім-жітім – осының бәрін жиып қойып, социализм жолына түстік, ондай жақ-сылықты жер бетіндегі түрлі дін адамдары қолдайды. Одан басқа не айтайын? Боларымыз болып, бояуымыз сіңген. Менен қандай қауіп болады? Орынсыз кінәлау – күнәнің ауыры, – деді шарасыз қалған Қуанай.

Түрлі кесел – көкірегінде. Турасын айту қиын. Ұлттардың дініне зауал туды. Аузына келгенін айта-тын, шайтан ұрған жатып атарлар беттері бүлк етпей қызыл жағалылардың тапсырмасын орындап, кісілікті ұмытып, туысын да аямай, түрмеге айдатты. Алжасқан немелер, о дүниеде тамұқ отына күйеді әлі. Дін иелерінің соңында жансыз жүретінін Қуанай бұрыннан білетін еді. Әлгі тергеуші бетіне жұққан сия-сын жуып келгенше Қуанай құдайына жалбарынбай, шайтан иектейтін, не түрлі пәлені ойлап табатын жансыз туралы оқиғаны есіне түсірді (Қуанай туралы кейбір деректер Қ. Қи-таров пен Қ. Хасеновтің кітабынан пайдаланылды – Т.Қ.).

Қуанай дін даналығын, құран құдіретін айтса: «Табиғатта жансыз нәрсе жоқ, құран ғылымында бәрінің тілін табатын оқуы бар, сонда өзеннің қара тереңінен де өткел табасың» дей-ді екен... Өзінің дәрменсіздігін түсінбейтін сорлылар билікке жансыз боп жағынады.

КӨП СӨЙЛЕМЕ, ДӨП СӨЙЛЕ, ШЫНДЫҒЫМ ОСЫ ДЕП СӨЙЛЕ

Жұмыр жерде қасқыр баршылық, жемқорларда да қасқыр мінез бар, жеп тастайды, талап тастайды. Біреулер аң патшасы арыстан дейді, арыстан тақтан тайып, аң патшасы қасқыр болған шығар. Әлемде үш жүзге жетер,

жетпес мемлекет болса, солардың қай-қайсысында да жемқор табылып қалар. Бірақ біздің елдің жемқорлары бабаларымыздың оңай олжа оңалпайды, қиянат о дүниеге кетпейді, өміріңе залал дегенін құлағына ілмей мемлекетке 3,6 миллиард теңге зиян келтіріпті. -Өлеңкедей жалаңдаған обырды қасқырша талайды, десек артық па?-деп Қымыр термеледі: «Кәрі қасқыр адаспас», Адасқаны жараспас, Жемтігіне шүйлігіп, Бұрынғыдай таласпас, -дегендей сыбайлас жемқорлықта тұқым қуалап кете ме деп қорқады екенсің.

* * *

-Өмір қызық, мезгіл-мезгіл өзгеріс, әлсін-әлі жаңару, дамыл-дамыл нетүрлі зұлымдықтың көрініп қалуына кейде таң қаласың, -деді Қымыр:» Әлді шыншылмын деп қуанады, әлсіз әлдінің қиянаты қалың деп қынжылады. -Қақы желінсе өкінбей қайтеді, -деді Тымыр. -Бар болған сайын, байыған сайын кейбіреу аспанкөзденіп кетпей ме?-деп Қымыр: «Есек семірсе, иесін тебеді», Семіздік тасындырады, Жүдеуліктен жирендеріп, Әлсізді басындырады.

* * *

Қол арбасына қоқыс толтырған Тымыр ойына әлдене түсті ме әлділер де, беделділер де көкірегінде биліктің үстемдігі желдетпей тұрмайтын шығар, деген ойын Қымырға жеткізіп еді. -Бір үстелдің басында ғылым докторларының жанына ғылым кандидаттары да қатар отырып ас ішкенін көріп пе едің, -деп Қымыр бедел бақтың тар көкіректі көтертпей тұра алмасы анық. «Астамшыл қашан іркілмек, Бөседі көкті бөркім деп» . Бөспе де жетерлік, Жұмыр жерді өгіз тұр, дер, Мүйізімен көтеріп. Бөспе мінез қайтпайды, Шындық сөзді айтпайды.

* * *

-Өмірде бәрі болады, біреулердің көңілі ұйқыда, көзі олжаға түседі, байыған сайын есін жия алмай сорласа

шындықты түсінер ме?-деп Тымыр көзін Қымырға қадап езу тартты да:» Шындық өзіңсің, он бала өсірдің, қырықтан астам немере, шөберең бар. Оның үстіне жанұясындағы жиырма үш адамы ауған соғысы, Армиян, Әзербайжан қақтығысында қырылып қалған Баку университетінің шет тілдер факултетін бітірген Жанарды шаңырағыңа паналатып, үйлендіріп тойын жасап тірлігін жалғастырдың. Осындай кісілігіңнің жоғарылығын түсінгендер адал сүт емген, құт дарыған шаңырақ деп именбей айтса, көбісі кісілігіңнің жоғары шындығынан қорқады, өзім бай, өзім ғана деп көкірегі тарылғандар иненің жасуындай жақсылық жасау қолдарынан келмейтінін біледі. Ұрпақты аман сақтауда ауқаттылар болсын, шенеуніктер дейсің бе, кісілік қызыметіміз оңып тұрған жоқ. Нашақор балалардың есептегі саны төрт жүзден асса, 73 бала өзін-өзі өлтіргені не сұмдық. Одан да сорақысы адам саудасы, із-тұзсыз жоғалып кетуінен бес мыңдай ұрпақтан айырылып отырмыз. Кісілік қайда, елдік қайда?-деп Тымыр терең күрсінді. -Халқымыздың байлығының мұрагері жастар деуің жөн. Бірақ біз даналықтың шындығын шала сөзбен шатастырып қоспа-қоқыстан арши алмай сорлап жүрміз, - деді де Қымыр термеледі: «Тірелгенде тұйыққа, Сүйеу керек иыққа» . Тұйыққа тірелгенді көріп, Қамқоршы жоқ, көңіл бөліп, Көзін сатқан кедей, Өкінішпен жүр өліп. Сорлайды екен, Сенбейтіңге сеніп...

* * *

-Түптеп келгенде бауырмашылдыққа да сызат түсіп, кейбір пенде бірін-бірі бөтенсі бастағаны қылаң берсе, сол жаман, -деді Тымыр жақынын жаттай сыйлап қалған дағдысынан хабар беріп. -Бәрін бірдей тізбектемесекте әлемде бірін-бірі жатсыну, сырын білмегеннен қауіптен қарау баршылық қой. Бөтенсігеннен азап шеккендер ерте ме, кеш пе, бір кектенсе бөтендігін істемей тұрмас, сірә, -деп Қымыр ойын өрді. «Жолбарысты асыраған, Сақтай алмас басын аман» . Қан аңсайтын жыртқыш бар, Барысын деп тасынып, Қару, жарағын асынып, Тірлігінде

ұтқыш бар, Жақсылықты жайпап, Талғамай жұтқыш бар.
Бәрібір қара жерге сіңеді, Ажал қасында жүреді.

* * *

-Кеңес заманында арамтақ деген болушы еді, оны жазалаушы еді. Бүгінде де шөп басын сындырмайтын қыры кеткен жалқау бір ініміз бар. Әкесінің зейнетақы алуын аңдып тұрады да қылқылдап ақша сұрап алып арақ ішіп мөстей боп жатады. Шаруа істе десе бүк түсіп, үрейім ұшады деп күбірлейді, аяқ, қолы дірілдейді, -деді Тымыр.

-Аты шулы жалқауға не шара, -деп Қымыр термеледі: «Үрейшілді өлім өкшелейді» . Ақылсыз қыр жалқау, Арұятын төксе мейлі. Не болса, содан қорқатын, Қоян жүрек жер басып жүр. Қолына күрек ұстай алмай, Желкесін қасып жүр. Маскүнем сорлы, Ажал күтіп сасып жүр.

* * *

-Кеше ақпаратта Әбілөзов пен Храпуновтан еліміздің 40 миллион долларын ұрлап кеткенін Калифорния соты анықтап, оның 21 миллион долларын елімізге қайтаратын болыпты, -деп Тымыр қуанғандай пейіл танытты. Ұры да қалғаны бойымызға құт болсын деп қуанатын шығар. -Жұрттың бәрінен ақылды санайтын жемқорлар елден ұят болды деп кімнің аяғына жығылар дейсің, -деп Қымыр: «Соттан қорықпа, Ұяттан қорық» . Дүниені шайқап жүрсеңде, Заң қармағына ілінесің. Қылмысыңды ақтай алмай, Барыңды шашып бүлінесің. Бәрінен де ең ауыры, Ұяттан күйіп түңілесің. Жер бетінде молаң қалмайды, Жемқорды ажал жалмайды.

* * *

-Миллиондаған теңге айлық алатын банкі қызметкерлерін жарылқап жатырмыз, бірісі жақсы қалт жібермей қарызданушыдан да қағып түседі, дағдысына айналғасын алып түседі. -Тымыр тіріні жарылқамай

қайтеміз, арам еңбегі болса тоғайрағына қатар, науқастанып зар илеп жатар, қайырым көрсеткісі келсе тойына шақырар, -деп Қымыр: «Байдың той қылғаны, Кедейдің қайғырғаны», Тойда да кедей тоналады, Байға іліп алары сыйланады. Көз қырына қалмайын деп, Жаны қатты қиналады. Теңсіздік осылай үдейді, Кедей сорлы жүдейді..

* * *

Қымырдың да, Тымырдың да бұл тірлігінде сан саққа жүгіретін ойы бар, әрекеті де әр түрлі пендені көріп жүр, естіп жүр. Әркімнің өмір сүру теориясы бар сықылды. Ал сараң туысыңды көрсең көңілің қалып ауыр ала көрме?.. «Сұр тасты сығып су шығарған» Шебер дейсің бе, өнер дейсің бе? Жобасын өзің түсінерсің. Кейбіреу тас сараң боп жаралған, Күнім түспесін деп күрсінерсің.

* * *

-Сараңның тыныштығын бұз ба, бірдеме сұрап, байған сайын көкірекке желбітеді, қалтасы қалың болмаса еңсесі түсіп кетеді. Екі туып, бір қалған туысың болса да ондайды мазала ма?-деді де мұңайып тұрған әлсізді жұбатқысы келді. «Менмен, Менменнен жирен» . Өзін түсінбейтін менмен, Арамызда толып жүр. Көкірегін желдетумен, Өзінше жолы болып жүр. Байлығы шалқып, Ел алдында оңып жүр. Ісі іс еместер де, Орынтаққа қонып жүр.

* * *

-Елде бір замандасым жұртқа жолағысы келсе де жолай алмайды, сырын білетіндер анадайдан қашады. Біреуге амандасқысы келсе де ешкім оған аузын ашпайды. Жападан жалғыз құлазып жүреді. Солай десеңде елдегі уақтүйектің бәрін жатқа біліп, сыпсың таратуға шебер, -деген Тымырға күле қараған Қымыр термелеп: «Қаукөкірек қара күйеден де кесірлі», Біздиып жүріп, Өтірік күліп,

Әлсіздігінді сезіп, Сүріндіруді біліп, Жаланы жаба салады. Кесір түрін таба салады.

* * *

-Қымыр-ау, елімізде жар таба алмай жалғыздықтың шеңгеліне түскен сүр бойдақтар жүздеп, мыңдап саналады. Адам бар болған сайын, пейілі тарылып, шет елдің жұқсыз тәрбиесінен табылып, жар сүйіп, ұрпақ өсіруді қиын көре ме, қайтеді?-деді қол арбасына толған қоқысқа көзін тастап. -Ұлттық тәртіп, тәрбие бұзылса ертеңін, болашағын есіне түсірмейтіндерді қырсық шалады, -деді де Қымыр: «Баласыз жар қосағың-От жанбаған ошағың» «. Қу тізесін құшақтап, Өкситіндер бар. Ит өсіріп, итпен ойнап, Баласыз тірлікті мадақтап, Күпситіндер бар. Ұрпақсыз қалған қасірет, Дұшпанның басына да бермесін. От жанбаған ошақты Тірі пенде көрмесін!?-десеңде көңіл түйткілі оңайлықпен шешілмес...

* * *

-Апалақтап жүрген селтеңбайға ымдап айт, ақылыңды шындап айт, оп-оңай түсіне қояды дейсің бе?-деп Тымыр сөйлеп жүріп қол арба толы қоқысты автокөлікке тиеп жатты. -Құрқиялданған ит тірлік, -деп Қымыр термелеп «Ит патшаға да үреді» . Ит болғасын үруді біледі. Адамның да иті Арамызда алшаңдап, Үрумен жүреді. Итмінезділерге жұрт, Езуін жимай күледі.

* * *

-Тірлігі берекетсіз сонда жын соққан дейсіз бе?

-Бұл жалғанда жын соққаннан, мың соққан жаман шығар, ондайды түзей алмағанға қоғам кінәлі емес, жан ұясында тәртіп тәрбиенің тұнығы лайланып шет елше желіксе не шара бар, Тымыр, -деп Қымыр көргенсіздер көшеде де төбелесетінін күйіне есіне алды.

«Шатақ іздеген сылтау табады» .
Ізімді басып кеттің деп,
Табысымды шашып кеттің деп,
Білегін түрінетін бар,
Шекеқызбайға салынып,
Дүлейлікпен көрінетін бар» .

* * *

-Аулымызда Бөжен деген ағамыз, ар-ұятын ерекше сақтап, замандастарына қадірлі болып еді. Бір ұлы сілімтік тобырлармен әмпай-жәмпайласып ақырында әкесін ұятқа қалдырды, -деп Қымыр қанша ақыл айтқанмен туа бітетін санасызды көріп, білгенін Тымырға айтып:

«Оқыс өрмелеген, қапыс құлайды» .
Сыбайласына» шатыры» билік берді,
Аларын алып жайғастырды.
Әлгі одан әрі де өсіп көрді,
Талай орынтақты алмастырды.
Қасарысып өзгеден қалыспады,
Ар-ұяттан біржола алыстады.
Паралауды кәсіп еткен сорлы,
Кісілігін қор қылып,
Мекен етті түрмедегі торды.

* * *

-Кісі ақылынан адасқанда ұрлықпен байығанға не жетсін, -деп қысқа ойлап қалатыны болады. Е, пәленше ұрлықпен байыды, шаң жұқтырмай келеді, -деп еліктеуші де табылады. Ондайда көлденең көк аттының мінез, құлқын сезгіштер әлгіні тездетіп бауырына тартады, -деп Қымыр заңгерлердің талай жемқорларды жариялаған дерегін ойына түсіріп:

«Үлкен ұры кіші ұрыға сенбейді» .
Ұрылар тобыры да,

Бірін-бірі күндейді.
Өлдісі олжа бөлісерде,
Өлсізін жүндейді.

* * *

-Өз үйі-өрен төсегінде еңбекпен тапқан нанға тойынып тыныш жата алмайтындар қайдағы бір бұралаң тірлікті аңсайтынын қайтерсің. Опырып жеп шет ел асамын, -деп Төрік желпініпті. Жын сені ешкім айыптай алмайды, деп жел беріпті. Содан көзіне түрлі елес пайда болып қылмыс ізін талай жасырғанға серіктесті. Түрлі ілік тапты, жүлікті жүлік тапты, -деп Қымыр термеледі.

«Көк желкесінен көретін қудың өзі» .
Оңай олжа десе қулардың,
Денесі толған көзі бар,
Қу түлкіні де құрықтар,
Сухитар өтірік сөзі бар.
Тергеуге түссе телміріп,
Аңырып тұрып қалады,
Бір-біріне жауып жаланы.
Өлшеп пішіп заңды да,
Жеңілдетіп алады.
Ар-ұятын жоғалтқан,
Жексұрын атанып барады...

* * *

Жаяулардың тірлігі аялдамадан басталады. Міне, екі иығына екі кісі мінгендей тұлғалы жігіт ағасы қасындағы ұлына:» Асықпа, асыққан сайын қылмысқа сүрінесің» деп ақыл айтқан болады. Ұлы беталды сөйлеп:» сүрінсем сілкініп тұрамын... дейді. Кімдікі жөн, кімдікі жөнсіз өздерің біліңдер, -деп Қымыр ой толғады.

«Шындық балдаққа сүйенбейді» .
Әккі қулар жалғандықты қалайды,

Тірлігіне суайттықты балайды.
Шындықтан тепіріш көргендей,
Арам оймен сыбайласқа қарайды.
Панасызды пана тұтып санайды.
Сөйтіп ар шыңынан құлайды...

* * *

Көжек ақсақал ақпараттарды бақылап отырып үнсіз тынатыны бар, кейде бұлқан-талқан ашуланып шығатыны бар:» Беталды ойлап, беталды сөйлейсіңдер, АҚШ әлемдегі қырқысу мен соғысқа араласпаған кезі бер ма? Ақыры не болды, мұсылман елдерінің халқы бір-бірімен өштесті ме, соғыс өртінен бас сауғалап, шыбын жанын шүберекке түйіп Европаға босып кетті. Босқын жұрт қашан жарылқаныпты. Еншісі бөлек, ені бөлек, жері бөлек ұсақ мемлекеттерді ойрандаушы кім, оның себеп, салдарын анықтап әлемдік сот зұлымдыққа бір нүктеге қойып үкімін шығармас па? Жұмыр жер қансырап жатыр, оған назар аударушы жоқ, -деп жүрегі қысылып, қиналғанын Қымыр аяп кететін-ді.

«Ел аңқау болса,
Доңыз төбеге шығады» .
Адалдық пен аңқаулықты шатастырамыз,
Саясат құйынымен адастырамыз.
Ірі держава деп жағынамыз,
Оқтұмсық астынан табыламыз.
Үрейден ығысып барып,
Айбарды әлсіретіп алғасын,
Доңыз төбеде ойнақ салады,
Байлығыңды жалмап алады.
Зұлымдығы күшейіп,
Елдің жыртады жағасын.
Осылай босып барасың,
Білмейді олар,
Қайда қалары моласын.
Кім ескереді,
Әлсіз халықтың жан жарасын?

* * *

-Жарық дүниеге келген пенденің бәрі бақытты болсам, жақсылықты өлшеусіз көрсем деп армандайды, -деп Тымыр аялдамада жағаласып тұрған екі есеге қарап жұрттан именбей шекіскеннен не табады, -деп Қымырдың автокөлігінен қоқыс салатын қол арбасын түсірді.

-Бірінің-бірі тірі жүргенінде қызғанатын шығар, -деп Қымыр мырс етіп күлді де:

«Қызғаншақтың беті қызармас»,
Тірліктің тұнығын да лайлайтын,
Қызғаныштан есін жия алмайтын,
Тірі жүргеніңді көпсінетін,
Жұдырығым жуан деп тепсінетін.
Құрқиялын өсек деп өрбітіп,
Кісілік ортаға сия алмайтын,
Қызғаншақ деген қырсық бар,
Жағаңа жармаспай тұрғанда,
Жүргейсің одан қашықтап...

* * *

-Пенде мінезінен таяқ жейтінін білмей сорлайды, мінезі жатықтың тірлігі қатып тұрады ғой, дейтін Кәжек ақсақал. Расында сәл нәрсеге бола шытынап ашуға булығып тұратындардың талайын Қымыр көрді.

-Ондай долырып құтырынғандар жақсы атанып, жолы болған жоқ қой, -деді Тымыр дарбиған саусағымен маңдайының терін сүртіп.

-Абыройды сақтайтын бет перде біржола жыртылма-сын, -деп Қымыр термелоеді:

«Абыройлы адамды ара да шақпайды» .
Ара да сүйкімдіге сүйсіне қарайды,
Еңбекпен ажарланға балайды.
Ұрда жық құбыжық біреуді көрсе,
Ара да өлтіре талайды.

* * *

-Ұзақ жылдар бойы жиған, абырой, даңқты бір-ақ күнде жойып алуға болады, ондайды бастан өткізіп опынғанбыз, -дейтін Кәжек Түркиядағы Ердоған мен Дәуітоғлудың келісті тіл табыспағанына қынжылды. Ахмет Дәуітоғлудың беделі әлемге таныла бастап еді ғой.

-Жүз жылғысын ойлайтын, болжамды пікір айта-тын, ақылға көндіре білетін әлемдік даналардың ақыл кені жалаңаштанып барады-ау, шамасы, -деп Қымыр термеледі:

«Ақылдасқан алданбайды»,
Кейбіреудің ойы от басынан аспайды,
Ақылдыны көзіне ілмейді,
Өзінше нұсқаушылап тастайды.
Кісімсуден басқаны білмейді.
Кейбіреудің қолы өзіне бағынбайды,
Қиын істің қисынын таппай,
Өзімшіл өзінше арындайды.
Ақылдыны көреді жаттай,
Сұрқияны жанына сақтап,
Келіссіз тірлік, өтеді күні,
Азабының аянышты түрі.

* * *

-Қазірде орынтаққа отыра бастағанда билігін бұрқыратып бақырып, ақыра бастайтындар да табылып қалады, -деді де Тымыр:» ертеде бір совхоз директоры айқай-шумен ел басқарып еді. Орынтағынан түскен бойда ауыл айтқыштары бақырған баста ақыл болмайды, Пәленшеевке ұқсап ақырып, жекір ме, жұртқа күлкі боласың дейтін. Бүгінде де қарауындағы әлсіздерді ойыншық көріп дүлейленетін антатқырлар бар...

-Ақша билік еткенде өмірде не болмас дейсің, -деп Қымыр:

«Әсіре қаталдық ашындырады» .
Орынтақ иесінің мінезі шатақ,
Оған керегі үреймен басқару.
Сонда келеді әдемі атақ,
Бағыныштысын табаға салғандай,
Қуырып тастаса,
Бірін-біріне өшіктіріп,
Қым-қуытты бастаса,
Билігі бұрқырап шығады.
Жұрт көлеңкесінен де ығады.
Қулық-сұмдық ұзаққа бармай,
Ашынғандар ақырында,
Орынтағынан алып ұрады.

* * *

-Еркіндік өреміз жетпейді-ау дегенге де жеткізіп жүр.
Әрине, діт қарақан басына емес, еліне, халқына керектіні
тауып, ғылымгерлікпен басқаша дамып келе жатыр,
-деп Қымыр ақпараттағы Назарбаев Университетінің
ғалымдары медицина саласында адам сүйегінің сынған
кездегі жазылуын тездететін жүйе және» ақылды» таңғыш
ойлап тауып жүзеге асыруға кірісіпті, -деп Қымыр қуаныс
білдірді.

«Қосары бар халқына,
Қарайламас артына»
Баса көктеп қиындықты,
Ізденіс тірлікті базарлы етер.
Шаруаны ажарлы етер,
Құрмет тұтып ұйымдықты,
Биіктікке қолы жетер.
Ондай азаматты,
Төбеге көтер!

* * *

-Қай заманда да өкімет халықты жүз пайыз жарылқай
алмайтын болар, бірақ шындыққа жақын болса ғой деп

жұқарасың. Талайлар үй кезегінде тұрып ұсынған қолы жете алмай еңсесі түсіп жүр, -деді Тымыр.

-Оның мән-жайын ешкім аша алмас, -деді де Қымыр:

«Көк-кек, кө-кек», -деп көкектейді,
Үйім жоқ, -деп секектейді» .
Үйі жоқтың күйі жоқ деп,
Барар жер, басар тау таппай,
Кедейлер қарын тоқ деп,
Шенеуніктің есігін қақпай,
Таушақты болып жүр.
Еркіндігін малданып,
Көңілін аулап оңып жүр...

* * *

-Түптеп келгенде елімізде кедейсіз мемлекет болуға байлығы жететін байлар баршылық. Бірақ, олар жайдан-жай әлсізді жарылқауға ынтасы жоқ, -деп Қымыр пенделік бөтенсуді жақтырмайтынын білдірді.

«Бай білмейді құсаны,
Зерігіп іші пысады»,
Әлсіз ауыр халін айтқан сайын,
Байдың делебесі қозады.
Кедей жылап кеткен сайын,
Бай көкке қолын созады.
Сергуге себеп табыла кетеді,
Қолшоқпары бәс тігіп,
Әлсізді түтуге жабыла кетеді.
Тексіздер осылай зерігеді,
Үстемсіп еліреді.
Өлмейтіндей көрінеді.

* * *

-Елімізде өзінің тірі екенін, өлі екенін білмейтіндер бар. Ас ішіп, аяқ босатқанына байғұстар алдарқанып

жұбанатын шығар, -деді Тымыр ойына келгенін айтуға бүкпелеп.

-Нені меңзеп тұрсың?

-Қымыр-ау, ауылда бір туысымыздың екі қызы қырықтан асты, жар сүйіп жар қызығын, бала сүйіп бала қызығын көрмеді. Ата, анасы байлығы бар, орынтағы барды көздеді. Анау да теңің емес, мынау да теңің емес, қайдағы біреулер деп жүргенде босаға аттамай отырып қалды. Ей, қазақтың ежелгі бел құда, бесік құда деп айтырып қоятын тәртібі ұлт болашағы екен-ау. Шынтуайттап келгенде кейбір ата, ана ұрпағының обалына қалып жүр.

-Е, бүгінгі тірліктің жай-жапсары оңай емес, отырып қалған қыз бар, үйленбей жүрген ұл бар, тәртіп, тәрбие ауытқып қиындап кетті, -деді де Қымыр:

«Шалқақтаған қыз шашына ақ түскенше отырады» .

Алқызыл тірлік алаңдата бергесін,

Әдет-салтты беймәлім деп білгесін.

Есінен танып ешкімді сүймей,

Күлкі боп жұртқа жүргесін,

Жар табылмас қолайлы,

Жастықты мезгіл тонайды.

Кәрі қыз атанып,

Пеш түбіне құлайды.

* * *

-Қызыл империя тұсындағы моральдық кодекс дейсің бе, үрейлі саясат дейсің бе, ұлттық тәртіп, тәрбие жер-жеміріне жеткендей әлсіреп қалғанын енді біліп жүрміз. Кейбір жан ұяларда тірліктің зықысы шығып, қайғыға батып қалды. Дінді құрметте, ең бастысы Аллаға көкірегің таза болса жетеді, дегенді түсінбегендер жат ағымның қақпасын ашып, миы дуаланып кісіліктен ойы жалт бұрылып көзіне қантөгіс елестеп лағып тынды. Ақпаратта Атыраудың өзінде 167 адам дінбұзарлардың құрбаны болып туыс, туғанын жер соқтырды, -деп Қымыр:

«Хас наданға ерген-қан жұтар» .
Сенбейтінге сенетін бар,
Көнбейтінге көнетін бар,
Адал жолдан адасып барып,
Жаназа бұйырмай өлетін бар.

* * *

-Кейбір пенде жамандыққа бірден мойынұсынып қорлықты басына тілеп алады.

-Жақсылық жасау қолынан келмесе, жақсылықтың не екенін түсінбесе, басқаға өуре болмай жамандық жасау оңай екен деп тартып кетеді. Әке ақылын тыңдамайтын ұл өседі, анасын тыңдамайтын қыз өседі, ұяттан беті күйіп ата, анасы құсаланады, -деп Қымыр:

«Әкесі мен анасын сүймеген,
Адамның баласын сүймес» .
Осындай тас жүректен қорқасың,
Мінезі алақұйын бұрқасын.
Адам екенін түсінбейтін сорлы,
Бір күні өз басыңды жұтасың.

* * *

-Сапырылысқан халық арасында бақытты да кетіп барады, бақытсызы бар, ұтқан да кетіп барады, ұтылушы да бар, ақылдылар да кетіп барады, ақылсызы бар, ала бөтен арам ойлы да кетіп барады, оны түсінбейтін ақымақ та бар, -деп Тымыр қоқыс жинайтын қол арбасына аялдамадағы қоқыс салатын қалбырға жақындатты.

-Сөзіңнің түрі есіріктеніп жүретін ақымақтарды айтпақсың ба? Мыңдардың ішінен бір ақымақты көзіміз көрмесе, оу, кімге күлеміз, кімді мазақтаймыз, -деп Қымыр термеледі.

«Жолығады ақымақпен ақымақ,
Тамсанады, бірін-бірі таңырқап» .
Таңырқаса да көрмейді жатырқап,

Сырласады байқап, байырқап.
Анадан жаңа туғандай,
Жүздері ашық жарқырап.
Уәделесіп алады,
Қолтықтасып жүрмекке.
Өздерінше топшылап,
Жаңа кейіпте өмір сүрмекке.
Атақты ақымақпыз деп,
Жарнамалап көрмек пе?

* * *

-Қала қоқысын тазартып жүріп біз көрмеген не қалды. Бәрін бірдей тәптештеп айтып тауыса алмаспыз, -деді Тымыр талай шындықты көрдік, бірақ ақиқатқа жетудің қиындығын сезгендей ниетпен.

-Е, тірлікте біреуді біреу бопсалауы да бар, бірін-бірі қадірлейтіндердің де әп сәтте мінезі өзгеріп шыға келетіні бар, кейбіреудің тірлігі қалай болса, олай болсын, сырттай бақылап тұрып қайран қаласың да қоясың, -деп Қымыр:

«Айла-шарғымен басталған,
Айғаймен аяқталар» .
Біліспей тұрып, кірісті ойлаған,
Алдырмайтын айласына сеніп,
Іс атқарды ұйымдасып қолдаған.
Әуелкіде алыс, берісті тең бөлді,
Біраздан соң шалағай шатасты,
Жиғанына аш бөрідей таласып,
Айқай, сүреңмен тозып тарасты.

* * *

-Тымыр, тақтайдай көшеде оқша зулап бара жатқан мына бір автокөлікті ілуде біреу, байдың байы ғана мінетін шығар, -деп қалды Ерейментаудан келген ауылдасының бірі, түбі тесік қалтасына қолын салып, сөзін жалғады:»
Байлар көп, өздері қандай іспен айналысады екен?

-Олардың атқаратын жұмысы бәрібір қолыңнан келмейді. Үн-түнсіз жүріп, тапқаным қапқаным жетсін деп тілегеннен артығы жоқ, -деп Қымыр:

«Жоқтың көңілі жорғада» .
Бәрібір халім ауыр демейді,
Жақсылық нышанына мөз.
Күншілдікпен көрмейді,
Байдың ізін сипап қалсада,
Кедейдің көкірегі жаз...

УДЫҢ АТЫ – У

Өсіріп айтатыны жоқ, біздің «дезотделде» бақандай он адам жұмыс істеп отырмыз. Ең әуелі арқайсысымыз жылына қағаз жүзінде бес мың шаршы метрдей жерді улап тастайтын шығармыз. Сірә, одан артық болмаса, кем емес. Жолдастар, кайтсек те, балашаға асырап отырғандықтан, қағазға бәрін де сыйыстырмаса және болмайды. Оның үстіне бір бөлімде зайыбымыз екеуміз, ұмытып барады екем, үлкен ұлым да қызмет етіп, маңдай терді сыпырып тастаймыз. У шаруасына әбден жырынды боп ұңғыл-шұңғылына қанығып алдық. Бірақ үйішімізбен есенсау табыс тапқанды да біреулер көре алмайды. Аана:

– Не бітіресіңдер... үкіметтің ақшасын босқа аласыңдар, – деп бір құрдасым езу тартып мазақ еткісі келеді. Ауыз өзінікі, айтсын, оқасы жоқ. Бірақ онысы шындығында да дұрыс емес. Адам танысам, өзі де олжаполжадан құр ауыз емес, етегіне намаз оқып жүр деймісің? Сыпсыңға қарағанда жайы белгілі, біздің құлағымыз бар, бәрін де естиміз. Сондықтан онікі тесік ауыз тек тұрмастың кебі, тәйірі... Ал біздің жұмыстың қиындығын өзім жақсы білем. Адам алдымен денсаулығына ылғи да бейтарап қарай алмайды ғой. Біз болсақ үй ішімізбен кілең қып-қызыл дәрідәрмектің ортасында жүрміз. Пәлежала қайдан дерің бар ма, оның үстіне удың аты – у. Сол уды игілікке пайдаланамыз. Былайша айтқанда, оған ерекше дарын, бөлек қабілет керек. Әйтпесе, «өлу деген – көз аларту» деп жаның жаһаннамнан бірақ шықса қайтесің? Жаныңа

ондайда кім араша түсер дейсің?! «Сен, Қозыбақ, басыңа пайдасыз жерде жұмыс істемессің», – деп бір қу жақында тағы әзілдейді. Расында, қаржы табу біздің мекемеде молдау дегенмен, қалжыңы жоқ, байқаусызда сразым өліп кетуім де мүмкін. Удың аты – у, оған осалдық танытуға немесе көзсіз батырлық көрсетуге әсте болмайды. Сондықтан алдымен уға қарсы құралжабдықты бас қатыра ойлаудамыз. Атап айтқанда, соңғы кезде, сірә, біраз оңға бастайтын өзгерістерге ерінбейжалықпай қатысып келемін. Алдымен дезинфекциялық машиналарды, гидропулт, автомакс және басқа да қол аппараттарын шын көңілмен жаңашалап, қатырып істедік. Одан соң жанұямызбен улау кезінде қолға киетін қолғапты жаңарттық. «Албастының бәрі ауыздан кіреді» деп бетауыз, жалпы адамның бас жағын сақтайтын киімдерге жаңалықтар енгізіп, былайша, қолғапқа көзілдірік орнату, то есть, ии, аузым жаңыла береді, жиыр ма жыл умен жұмыс істеген соң» память», ақылесім азайып бара ма деп қорқам. Жалпы, бас киімде бұрын екі көзілдірік болса, қазір төртеуге жетті. Ал екі құлақ тұсында төрт көзілдірік, мұрын, ауыз жағы да көзілдіріксіз қалған жоқ. Сөйтпін көзәйнекті қолмақол көбейтіп жібердік. Ақысын берді, боқысын шығардым. Жалпы, байқағаным, адамның бетінің бәрі әйнек астында тұрса да ештеңе емес, былайша менің бұл жаңалығым үлкен экономия, яғни резеңкені көп үнемдей аламыз. Белгілі қаражат алатын болып кооперативтік тәтті ойға берілу де ғанибет екен, бейне жүрегің жарылып кете жаздайды. Әншейін істі өйтпес едің, сірә да. Бұрын удан сақтанатын киімдер жағы жетіспей жататынды. Себебі, резеңке жетіспейді деседі. Сондықтан үйшімізбен ойладық, ақырында таптық. Оған тиесілі ақшасын да қағып алдық. Әйнектен істелетін киімдер тым әдемі әрі денсаулыққа қолайлы екенін дәлелдеп те бердік. Бірақ біреулер «үй құрылысы әйнекке жарымай жатқанда бұ не сұмдық?» деп дүрілдеп өре түрегелді. Ей, айта берсін, жаңалықтың аты – жаңалық. Күні ертеңақ Қозыбақтың, мына көкеңнің есімі дүр ете түсуі де мүмкін ғой. Сонда, жасыратыны жоқ, әлгі дүрілдеушілердің қырсықтығын бетіне баса қоямын.

Баяғыша тобықтан қағу әдісін әлі ұмыта қойды деймісің мені... Ақылым бар, ол әдісті өлсем де айтпаймын. Сонымен, менің өлеөлгенше таңдап алған кәсібім мына үйлерде, әрине, салақ семьяларда кездесетін тарақан, қандала, бүрге, тышқан, тіпті шыбыншіркейдің тұртүрін түрлі умен тас табандатып қатыра салу. Сондықтан умен жұмыс істейтін бізге алдымен киім жағдайын сәтті шешкенімді енді түсінген шығарсыз. Бұл – бір. Екінші мәселе, тарақан жорғалап жүретін бес жүз он жеті мың шаршы метр жерді улау жоспарымызды жылына он екі рет, ал егеуқұйрық, тышқан жүретін бес жүз алпыс екі мың шаршы метр жерді жылына жиырма төрт рет улаймыз. Бұл нақты іс, алынатын табыстың межесі. Әрине, қазіргі өзгеріс, біз арнаулы звонок, то есть, улаудың ділгөр шаруасына шақыру бойынша қызмет етеміз. Демек, қаражат катаң есепте. Дегенмен, әлгіндей жұмыс көлеміндегі сілейтіп тастаған жәндіктермен жекпежек» соғыстағы» сұмдық еңбегімізге ақша алуымыз керек. Оған арнаулы документтер жасалып, тиісті қағаздар толтырылады. Бұрынғыдай емес, қазірде жұрт орынсыз ақша төлегісі жоқ. Мәселен, жәндіктердің өлгендігі жайлы өтірік айтпай, тіпті қанша мың тарақанның, шетелдікі ме, өзіміздікі ме, толық анықтап көзін жоғалтқандығыңды басқа ұрып, санап қағазда дүпдұрыс көрсетесің. Сөйтсе де пендеден қулық ауыспайды: «шаршы метрдің нақты санын көрсетпей, әйтеуір, өйтіп-бүйтіп ылпылжылпылмен балашаға жағдайын ойлауға да мүмкіндік оқтатекте кездесіп қалады. «Жеген ауыз жесін, жұтқан жұтамайды» деп мен айтқан жоқпын ғой, өздерің де оны түсінбейсіңдер ме? Жалпы өз жұмысымда, шынын айтқанда, байқағаным, қаншама уласақ та, жәндіктер өліп болмайды. Кәдімгі АҚШтан ертеде келіп орныққан Колорадо қоңызындай жаны болаттан беріктері бар. Қайта дәрімізге жаны жай тауып, рахатқа батып жататын тәрізді. Бір есептен өлмегені де жақсы, олжа деген бізге сол. Өйткені біз жұмыссыз қалмауымыз керек қой. Шынын айтқанда, тышқан, егеуқұйрық дегенді жиырма рет уласақ та өлмейді. Өлмесе жүре берсін. Шарт бойынша жұмыс атқарылса жетеді. Жалпы насекомжәндіктерді өлтіретін бізде жиырма алты түрлі рецепт бар. Жарықтық,

заводтағылар да неше түрлі улы заттарды аямайақ жасап шығарады. Бәрібір жәндіктер өлмейді. Өлмесе жүре берсін. Заводтағылар да, біз де келісімшартпен жұмысымызды одан әрі жалғастыра береміз. Кеше бір қу әзілдеп: «Шыбынды өлтіруге де құдіретің жетпейді, Қозыбақ. Бұл неғылған жарылған жаңғақтай берекесіз мекеме еді?» – деп көзімше жер тебінді. Тебіне берсін, одан жер айырылып, шыбыншіркей жер астына кетіп қалмайды. Трихлорметафос, эмульгидрирующий дифос, декрезил сияқты мықты улы дәрілерге өлмейтін қара шыбынды жер тепкілеп кім қорқыта алады? Біздің мекемеде жаңадан келген гидрапульт, автомакстардың да қуаттылығы қағаз бетінде әбден жаңарып, жақсара түстіау. «Көрдің бе қалай қайта құрылып, техникалық жаңалықтарды зулата бастадық» деп бастығымыз мәресәре болады. Шіркін, айтуға опонай! Бәрібір біз қанша уласақ та, тіпті карбофос, дуст, тролен сияқты соңғы жаңалықтармен әзірленген дәрілерге де тарақан жарықтық өлмейді. Жер көтереді, өлмесе өлмесін. Біздің міндетіміз – зиянкес жәндіктермен күресу. Шарт жасалып, айлық, еңбекақымыз тоқтамаса жетеді...

Біреулер: «Аптека басқармаларынан алған дәрілеріңіз сапасыз шығар, улаған тарақандарымыз қылжиып біраз жатты да, өздерің есіктен шығысымен қайта тіріліп кетті. Аздап ұялсаңдар неғылады?» деп байбалам салады. Тірілсе тірілсін, бізге табыс етілген улы сапасын сұрап саудаласып бас қатырар жағдай жоқ. Онсыз да улау мекемесінде жұмыс істеген соң «ептеп нервіміз айрандай іріп кете ме?» деп қорқамыз. Және іштей әлгі жәндіктердің амансау өсе беруін тілейтініміз де рас. Шындығында, жәндіктерді өлтіруге дәтің бармайды кейде. Қайтеміз, күнкөріс керек екенін енді білген шығарсың, ағайын, дегенмен, улы аты – у... Ей, «у ішсең руыңмен» деген және бар.

* * *

Жылы суға қолын малып отырған Қозыбақ өлсе де шындығын айтпайды, бұл ішкі арымен арпалыстағы соңғы монолог сыры еді... Уды аты у болса, өзімшілдіктің де удан кем еместігіне шек келтірмессің...

ИТ ӨСІРУШІНІҢ ӨЛІМІ

– Быртық – оның ел қойған лақап аты. Ол әкесінің жалғыз ұлы екен.

Баласы тұрмағасын ырым етіп есімін Иван атандырған. Мәңгүрттеріміздің де кейбірі орыс есімін меншіктеген ғой. Оған таңданбайтын шығарсың, – деді Қымыр. – Содан елдің сүт бетіндегідей қаймағы, байлығын сыпырып алғасын ана жылы Ақмола қаласына көшіп келгенді. Рынок жаңа басталып гулеп тұрған тұста жұрттың ойына келе бермейтін кәсіпті бастайды. Былайша елде аң қағып серілік құрғаны және бар. Мал маманы деген күректей дипломы болғасын қаланың шет жағынан сатып алған жайлы коттежде ұзақ ойланып толғанып ит өсіру шаруасына ден қоймай ма? Болмашыға уақыт шығындамаған еді. Айбары да, соған сай ақылы да, тәжірибесі де бар болғасын неден тайынады? Өзбектер есектің артын жу да мал тап дейді ғой. Оның қасында ит – жеті қазынаның бірі.

...Быртық Иванның жан құмарлығы да, еркін шамадан тыс билейтіні де ит тұқымын асылдандыру еді. Өзге итжандыларға ұқсамай осы кәсіппен «бизнес» жасап тұрмысын одан әрі көтеруді дiттеді. Оның үстіне екі баласын жоғарғы оқу орнына түсуге қаншама пара берді, кеткен қаржының орнын еселеп толтыруы қажет. Қамқаракетсіз қол қусырып отыруды күтпеді. Зейнетке шықса да бейнет көрмегесін тың болатынды. Сөйтіп, жалықпай ізденіп ит шаруасын күйттеді. Күндегісін күнде итінің қасы мен қабағына қарап, құнын алтынға балап көңіл күйі жадырап әйелі ұл туғандай өн бойына қуаныштан ләззат алатынды. Бір қызығы, әрқайсысының үруі де бір-біріне ұқсамайды. Оны зерттеу де ғылым емес пе? Бәрін көкейіне қондырып, дыбысынан да айырып, әр түрлі атын атап, үру себебін түсіне қоятынды. Өзінің жаны құлай құмартатыны соншалық, отбасының адамдарынан кем көрмейтін. Ал сол иттердің бірі жазатайым ауырса, Иван беймаза күйге түседі. Өң құбылысы өзгеріп, қабағы қатып, әр сөзін сатып сөйлейтіндей күйзелісін көкірегіне сыйғыза алмайтындай болады. Кеңшардың малы қырылып жойылып жатса

да айылын жимайтынды. Жожоқ, бұл капиталисше өмір сүруге беттеген өзінің кәсібі. Ешкімнің ортақтығы жоқ. Сосын қиналып:» Шіркін, тілің жоқ, ауырғаныңды айтар едің», – деп күбірлейді. Бірақ оның өсіріп отырған иттері соңғы кезде дерттен аулақ. Бағым өзгеше. Жұлындай, кейбірінің ірілігі құлындай. Адамның жанын мықтап түсінетін ит өсірді. Изденіс жемісі. Азықтандыру технологиясын өзгертіп, бұрынғы дағдыны бұзып тынғанды. Итті ит етімен асырауды одан басқа кім ойлап тауыпты? Арам ниет дей көрмеңіз. Жекеменшік адал ойы сол. Сөйтіп ел кезіп қаңғып жүрген бұралқы иттерді атып алып терісін сыпырып бағымындағы иттерге тамаққа тастайды. Таласып, ырылдасып құныға жеп жатады. Демек, жасырын ғылыми пікірі алдамағанды. Өйткені, қасқырлар таласқанда қансыраған әлсізін минутында жеп үлгереді емес пе? Сөйтіп, оның қасқырдан да мықты иттері өсіп жетілді. Жұрт не десе, о десін, осы кәсібіне еті үйреніп оған ештеңені теңгермеді. Оны азсынсаң мықтылармен де танысыпбілісіп жатты. Әйелі біразға дейін:

– Үстіңнен ит иісі сасиды, – деп маңына жуытпап еді. Сол иіс қаржы бо лып оралғасын о да тымтырыс. Адамды қаржы билей бастағанын білмейтін кеще емес қой. Келекеле ит иісіне тұшынып көмек беріп, қолғабыс тигізеді. Қайтеді, тегіннентегін пайда келмейді. Кейде көрші-көлемі, досжарандары бетің бар, жүзің бар демей:

– Мөкіру неме, иттен басқа кәсіп құрыды ма? – деуші еді. Ондайларға Иван ырқырқ күліп:

– Оған кінәлі мен емес, нарықтық уақыт, – деп өз бетімен жүре беретінді. Өдетінде, жалпы қаңқу немесе шаншу сөзді жанына күйінші ретінде қабылдамайтынды. Үстінен түйе тайрандап өтсе де қыңқ деместің өзі. Онысы өмір жасының ұзақтығын тілейтіні. Өзінше адамды адам қажап, мыжып, күндеп не түрлі ауруға шалдықтырып өлтіретін шығар деп түсінеді. Қайткенде де байып шығып, ел алдына түсіп Иванеке атанса жаман ба?

Әйелі Балжан да өмір сүруге ынталы. Қолының байлық ұстауға берекесі бар. Мінезі де жұмсақ. Сондықтан қартайғанша ел алдында тірлік етуіне кедергі жоқ десе

де болады. Екі қолы алдына сыймай бос жүрсе жұлын-жүйкесі шыдар ма? Жоқ-жұпыны болса туыстуғаны да маңына жуымайтын, қайта байғұс күнін көре алмай жүр деп мүсіркейтін кезең – бұл. Бүгінде не көп, жұмыссыздар көп. Дорбасын арқалап елдегілер қалаға ағылды. Олардың біразы жұтқынға бола қарын тойдырамын деп қылмысқа ұрынады. Сондықтан ит өсіріп, оны байлардың мүлкін қорғауға сату арқылы ылғи да пайдаға шығып отырғанын аңғармайтын ақымақ емес қой. Жан қинамай құнарлы табыс тапқанды кім жек көреді? Халқымыздың екі пайыздайы байып жатқанда қалыспаған да жөн. Айтпақшы, өнеугүні Американың асыл тұқымды ұрғашы иті 13 күшік әкеліп ештеп ресторанда тойлап өтті. Ет жақындары, көрші-көлемін қалдырмады. Е, тегін ішіп, ықылық атып тоя жегенге кім тартынушы еді. «Жарлының бір тойғаны – шала байлық» деген ғой. Дегенмен сонда тост көтерушілер:

«Күшіктерің өтімді болсын!»

«Жалпақ жерге атың мәшһүр болып, доллардың астында қал» .

«Шетелдік күшіктеріңнің денсаулығы пілдей болсын» .

«Әрқайсысын мың доллардан сатсаң, ендігі базарда бірбір күшігің мың жарым долларға жетсін!» деген тәрізді тілектер жаңбырша жауды. Шытырлатып қол соғылып жатты. «Ішкен мөз, жеген тоқтың» дәл өзі. Киіздей ұйысқан жасандылықты естіп, сүмектеген тобырдың қарнынан басқаны ұқпайтынын аңғарды. «Ит көтінен ине алатындай кәсіпке бет бұрғаныңа қанша болып еді» деп сұрауды білмейді. Онысы той иесінің құлағына жақпай, көңілін таппай, арқандаулы ашуын қоздырып алып, ішіп, жемімізден қағылармыз деу шығар. Жұрттың бәрі кемшілікті бетке айтатын Қыңыр емес қой. Осы кезде ИванБыртықтың бір құрдасы бүйірінен түртіп:

– Қала сыртындағы Мичурин кеңшарының орманы арасында бұралқы иттер қаптап жүр. Өз қолыңмен қырып салсаң бағымыңдағы төбет, қаншықтарыңа біразға азық болады. Терісі де қаржы, – деді. Оның жаны ашыған сөзі тұмаудай жұғымды боп Иванның жүдеу өңінде күлкі үйірілді.

– Керексіз, қаңғырған иттердің қиянда жүрсе де көзін құрту оңай ғой, – деді. Сол сәтте шөлдеген үкінің тамағындай жұтқыншағы әрліберлі қозғалысқа түсіп, шайнандаған етін жұтып тынды. Сосын ілгерілітөмен бүлкіл қаққан жұтқыншақ тыныш тапты.

Сөйтіп, жоражолдастарын ресторанда ебепке себеп тауып риза ғып, ертеңіне әлгі айтқан орман ішіндегі иттерге қырғидай тиді. Біразын жайратып салды. Терілерін сыпырып ұқсатып реттеді. Кенет әбден шаршады ма, әлде кешегі ішкендіктің қырсығы ма, болмаса ана жылы Қыңырдың ащы сөзін елегісі келмей екі саусағының арасынан бас бармағын шығарып отырса да жүрегі секем білдіргені ме, әлі тайды. Соңғы оғын оқтала бергенде көз алды қарауытып, атқан иті кәдімгі адам сияқты көрініп жаны жаншылды. Естүсінен тана бастады. Құлағында адамның о дүниеге аттанар сәтінде әлемді жаңғырықтыра дыбыс шығаратындай сезілді. Өз дыбысы ма екен? Ондай дыбысты қазақтар жан даусы дейді. Болжай алмады. Апырай, шыңыраудан шыққандай күңгірлеген үн күші ыңылмен ұласып тынды да, Быртық сылқ ете түсті. Бәтуаға көнбейтін, ешкімнің тегеуірінін тыңдамайтын, тасқұдаймын деушілердің уысына бағынып көрмеген ажал минуттарды тосып тұрғандай ма? Сөйтіп ИванБыртық жүрегінің қабы жарылып, айдалада қаңғырған иттердің өлігі жанында келмеске кете барды. Жаратылысында не нәрсенің де киесі бар деуші еді. Итті ит етімен асыраймын, атақдақты қаржыға сатып алам деп жүрген ол ажалмен құйысқан тістесіп, күн кешкен екен, ә? Ақырында өңмеңдеген ажал жеңіске жетіпті. Жаратқанның үкімі орындалды. Өзінде ептеп үрей болушы еді, қиянатымды жаратқан кешір деуші еді. Әйтеуір қанын ешкімге жүктемегені тірінің дәтіне қуат. Сарапшы дәрігер жүрек қабы жарылғанын айтқасын заң орындары іс көтермеді. Тірісінде одан қақы желініп, кеңшар басқарғанда зөбірленгендер «қарғысым қате кетпеді» деп отбасында күбірлеген болар... Жүректің терең түпкірінде ұялаған ызакекті өлгесін кімкімге айтпайды дейсің?

– Доңыз жылының қысы біртүрлі екен, аяз қайда? – деп Қыдырбай Ерейменге барып келгелі дүниедегі бар жақсылық өзінде болғандай пейіл танытады. «Ескіні еске алмағанның ілгері басқаны кейін кететіндей екен. Ерейменде көмір қазылып жатыр, арзан деседі. Бірақ ел халқы бағаның өсімінен қорқады. Басшылық ойланса, дұрыс мақсат қойса, ұлтым деген сезім оянса жерімізде байлық жетеді. Өттең, біраз шаруаны қиратып алғанымызай.

– Нені? – деді Тымыр.

– Ұрпаққа өсиетті, мұраны, – деді Қыдырбай.

– Түсіндім, ойыңды жер қайысқан малды түспалдайсың, – деп Қымыр сөзін жігерлі қайырды. «Осыдан он екі жыл бұрынғы жайлымда жер қайысқан малды көптің көзінің алдында нарық сұрқиялары талантараж етті деп іштен тынсаң да кеткен келмейді, қалғанының қайырын күт.

Жылаған да бір, ар шыңынан құлаған да бір.

– Олар қылмыскерлер еді ғой, неге жазасыз кетті? – деді Қыдырбай.

– Неге жазасыз болады, жаратқанның үкімі оңай емес және асықпайды.

Қиянатқа қиянат, адалдыққа адалдық бұйырмыс бар. Пенде заңнан қашса да Құдайдың есебінен құтылмайды, мәселенің мәні сонда, – деді Қымыр.

Астана көшелерінің мерекеде сөнсалтанатпен безенгеніне жылылықпен қарайды. Адамдарға қырық бес мың пәтердің кілті тапсырылып қоныс тойы тойланған. Өскеніміз бе, өскеніміз. Жанды қинап, шашылғанның қайырын жинап жатырмыз ба? Дәл солай. Жақсылық жүрген жерде алдау арбаусұрқиялық жүреді. Аңқаулықпен алданғандардың өкініші де бар. Жүзге тарта қылмыстық іс қозғалыпты. Бас істемесе, аяққа күш түседі деген сол. Торғайда бір ақылгөй қария:» Аузы асқа тигенде, нарық өртіне өңеші күйді.

Нарықтың байлығына тоймаған ұрлығын да қоймайды. Тапжылмай жатқан тас ауыр, нарықты білмеген бас ауру», – дейтінді.

– Қазақ уақыт шежіресінің оңтерісін зерделеп отырады. Сосын да « Барлық пәле бас жақтан, тірлігімді қақсатқан, өзімде де бар шығар, ісімді жүрем ұқсатпай» деп ой тастайтындар елде көп еді ғой, – деп Қымыр қайырма жаға қара тонының қалтасына сүрік қолғабын салып Қыдырбайға қарады. Аялдаманың ығында түскі ас әзірлеп жатқан Тымыр күнделікті әңгімемен демалмақ. Қымыр қол сөмкесіндегі қазықартаны Қыдырбайға ұсынып:

– Елдің тарыққан тұсын да көрдік қой, оның да қызығы бар, – деп алыста қалған уақытты оятқандай болды...

ҚАҚЫ КЕТКЕНДЕР

Пенде кейде дауасызбен дауласады, онысы – өткенді ұмытып, бүгiнiне көңiлi көншiмегенi. Кейде өзiнен басқа байып шыққанның, қанатын құстай қағып кең әлемге жайып шыққанын, ұрлаған қаржысын арқалап шетелге тайып шыққанын жақтырмау бар. Алданып алдырғандардың наразылығы безбүйрек құзғындардың заң жазасынан құтылса да Алланың жазасынан құтылмасына сенедi. Сүмсүрқиялық, өтiрiк, алдауарбаумен тоналған ауыл дағылар жемқор, ұрылардың қылмысы ашылып түрмеге түскенi қан шама? – десе, солар курортқа барып жайнап келгендей түрiн көрiп жиiркенедi. Ертеде ауылда бiреу қылмыскер атанса бүкiл жұрт ұяттан өртенгендей бетi күйiп жүргендей сезiнсе, бүгiнгi қылмыскер нағыз ұяттан безгендер тәрiздi. Сен адам емессiң, зөлiм, жыртқышсың десе күледi. Бетi бүлк етпейдi, жайнаңдап жүргiсi келедi. Бұлар зұлымдықтың уын сiмiрген сайын сiлкiнедi, тiке келетiн ажал да оларды алмастай көрiп ернiң жырылғанша зiлдi күлкiмен қақымыз кеттi, қашан қайтарасың дегендей пиғыл танытсаң әбжыландай аңқияды. Оу, жылан да су iшедi, уын төгiп кетедi, сол умен өзгелер қайта уланады.

– Ұяты жоғалған қылмыскер азаймас, сақ болайық деп iштей толғанымыз, – дейдi Зейнеп Қоңқайқызы.

– Алтынның үстiне жататын ордалы жылан сәске түсте шаңытып Ойыл өзенiне құлайтын едi, – дедi Қази зайыбының сөзiн қуаттап.

Оған Зейнеп:

– «Қумын деп, түлкі, мақтанба,

Қанша қу болсаң да,

Түсерсің бірде қақпанға», –

деп тонаушы жемқорлардан иесіз қалған елді мекен еңірегендей үн құлағына жаңғырып тұрғандай сезінді. – Қасқыр ауызды, түлкі құйрықтылардың ысқырығы жер жарғандай шошынасың. Айнала тыптыныш, жымжылас, жайлауларда қойдың құмалағы құйынмен домалайды... Өкініш уын ішіп өлгелі жатқан туғаны болса да жемқор аузына су тамызбас, сірә?

«ХАЛЫҚТЫ ЖЕГЕН ҚАҚАЛМАЙДЫ...»

-Тірлігі жұпыны, біраз кедейлерімізді көрсем бар ғой, ойыма алсам айыпты адамдай қатты ұяламын, -деді ме әлгілердің біреуі кімге кіна тағарын түсінбегендіктен. Оның жүзіне қарап бөлек ойды неліктен айтып тұрсың?-дегендей дүрдиген үлкен бастық Басқыншин: -Бізде ешкім түсініксіз оймен ұят дегенді ауызға алуға тиісті емес, басты мақсат ыңғытын тауып тонай білуі керек, ұялмаған бұйырмағанды алады дегенді түсінбейтін кеңе емесіңдер ғой. Түрлі дәлел себептерді тауып, уақ-түйектен де олжа табуды жатқа білуі керек. Халықтың жүз пайыз байып кетуі қандай қоғамға жараспайды, ұялатындар тау түгелі, төбеден де аспайды, тонауға ақыл қабілеттері жетпесе өздері айыпты ғой, -деді басшының бірі. Қалың қара мұртын бір сипап төрдегі ерекше жұмсақ орынтағында нығыздала отырды. Құпия бөлмеде сезіктенетін басы артық, бөтен адамдар жоқ болатын-ды. Байлық барда даңқтылық жүректерді кернеп тұрады. Пікірлері көбіне аса құпия болса да бірін-бірі ерекше көретіні бар. Жиырма жылға жуық бірін-бірі бағалап, рыноктың осал тұсын сағалап, балталаса да ойын бұздырмайтын, ерегесе шаруа жұмысын қыздырмайтын, төрдегі төртеуі де түгел, ауыздағы алтауы да абыройлы Электрин, Сусоғаров, Пәтербайлар мен Көтербайлар түсіністікпен ойда жоқта шұғыл түрде кеңесті. Түсіністіктері жарасты. Кеңескенде

не десті? Өздерінен жасыратын сыры жоқ, дұрысын айтқанда байлықты басқарудың жыры көп. «Тар жерде тамақ жегенше, кең жерде таяқ же» деп біледі. Сосын кеңестік әміршіден ығысып отырдық, жағымпазымен жұғысып отырдық, оның несі мін деп күледі. Күлкі барлықтың белгісі, алғырлықтың сипаты. -Біздің атағымыз әлемде дырдай, өтірігіміз де шындай, қызметіміз пұлдай, мүмкіндік болмайды мұндай. Аузымыз ашық болса, байлық қашық болады, табысымыз қылдай, беделден боламыз жұрдай. Сондықтан өзгені неге тайраңдатамыз?-деді бәрінің «шатыры» атанған, жырынды қулықтан бата алған Басқыншин Манополи, -жұрт миллионер болып жатыр, аса батылдықыпен биіктікті алып жатыр, олжалаудың әралуан жолын тауып, байлар тобырына барып жатыр. Есебі белгілі елімізде байлар толып жатыр, әлем қол соғып, оңып жатыр, етегіне кім намаз оқиды, шет елге қашқан ұрылардың ап-айқын жолы сайрап жатыр. Дегенмен, кім о дүниеге қаржы арқалап кетер дейсің, армансыз боп өтер дейсің?-Біз болмасақ Милиордер Машкеевичтің әлемдік атаққа қолы жетер ме еді? Жә, біздің даңқымыздың жолы мүлдем бөлек, әлемде теңдесі жоқ, мұны тапқыштықыпен тез іске асырсақ құлпырып, байлық менікі деп жұтынып шығамыз.... -Оған тақсыр қандай амал керек?-деп Электрин Свет артына біз қадалғандай жыбырлады. -Тоқтат сөзіңді, бу өлшегіштің мыңмиллион сырын білмейтін неме? Амал сұрайсың, кінәсізбін деп кіржіңдейсің, ісіңе жараспайтынға сөйлеп таласпайтын шығарсың. Бу өлшегішің зырлап тұрса, электр қуатын пайдамызға ұрлап тұрса, әлдеқашан әлемде сирек кездесетін ескерткішті орнатар едік. Мына аэропорттан Астанаға кіре берісте Аспан мен Жерді ажарға бөлеп тұрса жанымыз жай табар еді, -деді Басқыншин Манополи үнемі аяз боп тұратындай қалың қабағын түйіп. -Ескерткішке жетерлік қаржы бар ғой. -Бар деп есің дұрыс па, жоқ деген жарастықты сөз аузыңа түспей ме? Халықтың 57 пайызы кедей дегенді естіп жүрсің. Америкада бір айлық жалақыға 5200 литр жанар май алуға жететінін Бензинбайлар жақсы біледі.

Сондықтан үкіметке» жоқ», «жетпей жатыр», «жаңа технологияға қаржы керек», қаржы болмаса қолымыз байлаулы, табыс табуды қойдық ойлауды, бала – шағамыз бар еді, айлығымыз аз, пәтеріміз тар еді, дей бермейсіндер ме? Мына Сусоғаровтың жұмысын оқсатпай есе жіберіп отырғанын кешіруге болмайды, -деп Басқыншин гүрілдек даусымен гүр етіп еді. Сусоғар міңгірлеп дір етті де: -Суымыз су болмай, бу болып кетіп есептен шатасамыз, есеп-санымыз шындық таппай бу ішінде адасады, -деп сылтауға саңылау іздегендей болды. -Ескексіз қайықпен теңіз кешетін неме, есі-дертің сылтау іздеу екен, -деді Басқыншин Сусоғарға қатулана қарап:» Аспандағы теп-тегін бұлттың буын дұрыстап есепке кірістеп алмайсыңдар. «Тұтынушының жағдайын ойлап аздап баға көтереміз, көмір қымбат, жағдайымыз тым мүшкіл, ит қырылған желден бергі жабдық ескірген» деп жорта жыламсырауды ұқпайсыңдар. Үкімет не айтса, соны жайбырақаттықпен құптайсыңдар. Обалдарың өзіңе, шашылып жатқан судың мөлшері көрінбейді көзіңе. Әр адамның суды тұтынуымың литр депсіңдер, оны басшылық білсе көпсінер. Да, тамаша қулық бір нолін қате кеткен деп сызып тастасаңдар, әлемде суды аз және ұқыпты пайдаланатын ел болып шығамыз. Мұны олжа деп ұғамыз, байлық деген нолдерден құралады. Кім бөліспей, сыбайласпай тұра алады. Все нормально! Мына Көгілдір Газды қолдарына ұстап отырғандар ханға сәлем бермейді. Сусоғарлар қардың суын да есепке алуды білмейсіңдер. Теп-тегін байлықтың көзін көрмейсіңдер. Это, плохо. -Ұмытып барады екенмін, халықтан жиналған қаржыны жамбасқа басып игілікке жаратпай, жын-жыбырға таратпай, былайша айтқанда ресторандарда той-томалақ өткізуді қою керек. Оданда автокөлік кәсіпорындарының басшылары халыққа қызмет етуге деп өздері байудың мақсатында жеке меншік автобустарын жібергені өте дұрыс. Сендерде жеке-жеке су мекемелерін ашып қаржыны қалтаға басып шіреніп жүрмейсіңдер ме? Біз жұмыр жерде бұрын-соңды болмаған ескерткіш орнатамыз деп сүрініп, жығылып жанталасып жатқанда үлес қоспай қос-қостан шет елдің

ең қымбат көлігін міну не теңдерің?-деп Басқыншин жүзінен арқаның аязындай ызғарды шашып жіберді. «Айтпақшы, ескерткіш көкте, былайша аспанда тұғыры жерге тимей Күн жарығымен құбылып дүниенің төрт бұрышына көрініп тұратын сәндік жобасы бар. Ескерткіштің қара бояулы бөлігіне елден қашқан әлемдік ұрыларымыздың есімдерін жазамыз. Ауылдағы жемқорлардың аузы сасық, тізімге кіргізбейміз. Оны басындағы шет елдің қалпағындай біліп қойыңдар. Күлесіңдер, өзімізде қалпақта шығара алмағанға арланып күлесіңдер ме? Олжа құған жемқорда ар болмайды деген мәтел естеріңе түсті ме? Сонымен аты да белгілі ескерткіштің төрт қырының біріншісіне» Басқыншы!» орысшаны ұмытпау керек, обал болады, «Монополис» деген жазу тақтаға да, ауаға да газ арқылы жазылады. Ағылшын, орыс тіліндегі басқа жазуларды жасанды жер серігі сықылды жабдық сүйретіп жүреді. Ақылды жабдық қазақ аспанындағы космостың толып жатқан қалдығы, қоқысынан сақтанады. Бұл жабдықтың өткір жарығынан Күн сәулесі де ұялатын болады. -Дұрыс екен. -Әлемде теңдесі жоқ құдіретті іс екен, -деген кезде Басқыншин маңғаз кейіпте:» давайте, жолдастар, Президент кедейсіз ел боламыз деп халықтың айлық табысын көтере бастағанда нетүрлі қулықпен қаржыны молынан қамтып қалайық. Халық қанағатшыл, нәпсісінен тиылған-сұлтан болар, деп бөрі де аз-кем айлықты азсынбайды, көбінің қоңыржай күйлері бар, ал, ауылдағыларды бір-екі сиыры асырап отыр. Көбінің басында үйлері бар, байлықтың машақатынан сақта деп ой түйгені бар. Осындайда әртүрлі себептен кәдімгі қолүздіктей байқаусыз алғанға ешкімнің үйі құлап қалмайды. Кедейлердің мұң-шерін ойлап, осылардың орташасы көбейсін демей миллиардер атанып жатқанда біздікі ескерткіш орнату игілікті іс. Бұған жалтақтап, науасыздық танытпау керек, үкіметтің қамқорлығы күшейген науқанда өз пайдамызды ойлаған қылмыс болмайды. Иығымыздағы бас не үшін керек, алдымен қадам аттаған сайын пайда табуға жаралған. Ақыраяғында тарихта қайырымсыз миллиардердің аты

қалмас, біздің ескерткіш капитализм құлап тыныштыққа бөленген жұмыр жерде азаматтық қоғам орнағанда, «Каз-телеком» да шаңымызға ілесе алмайды. Құрметті оқушы, бұл тосын оқиғалы жиынның мәнісіне түсінсеңіздер, Басқыншиндердің (монополис) жымысқы істері қалай өрістерін, қалта қағудың қандай амалын жүзеге асыратынын ұзақ күте қоймассыңдар. Естерінде болсын, жұмыр жерде демократияшыл ақыл айтқыш Америкада өткен отыз жылда қоғамның тоқсан тоғыз пайызын құрайтын төменгі табыс алатын халқының табысы бар болғаны он бес пайызға өссе, алпауыттарының табысы 150 пайызға, шектен тыс байларының табысы 300 пайызға өскенін Басқыншин есіне алып, Америкаша боламыз деп жүрмесін. Ондайды қазақ елінің жағдайы көтермей ши шығарып алса-мысқалдап жинаған абырой, шелктеп шашылып кетер. Баға жөнінде жұртқа күлкі болмай тұрғанда бағдарды түсінгілерің келсе, әлемдік рыноктағы Бензинбайдың бағалану қимылын байқасаңдар жетеді?.. Халықты жеген қай заманда да қақалмаған-ды... * * * -Еркіндік біраз адамды ырқына көндіріп, бетімен жібереді екен. Әкенің, ананың ақылын тыңдаудан қалған ұрпақ өз ақылыңмен өзің бай бол деп сөзге келмей кәйкііп тартып отырады. Шекесіне тиіп тағдардың тәлкегін тартса да еті өліп кеткен бе дерсің. Ауылда сиырды сау десе қызы, келіні бас тартады, үйдің айналасындағы жерді өңдеп көкөніс өсір десе ұлы шалқасынан түседі. Әлпештеп өсірген балаларына ата, ана таң. Қалаға тайып тұрса еңбек етер, түсінер деп ешбір күдікті көңілдеріне алмайды. Қайтеді ауылда жұмыс та жоқ. Дәрменсіздіктен жер азды, ел жүдеді. Ауылды ойлап тыныш ұйықтай алмады ма, Мақпал Жүнісова (« Қазақстан заман» газетіне №2(1025)» Мені ең әуелі елдің жағдайы алаңдатады. Бұрынғыдай емес, бай мен кедейдің арасы алшақтап кетті. Ауқатты адамдар байыған үстіне байып жатыр, ал кедей-кепшік күнін көре алмай жүр. Ауылдың тұрмысы да көңіл көншітерлік емес. Басқасын айтпағанда, әлі күнге ауызсуы, жарығы мен көгілдір отыны жоқ елді мекендер бар, сенесіз бе? Билік басында отырғандардың дені ауылдан шыққан азаматтар

екені шындық. Солар неге өсіп-өркендеген жерін ұмытты екен?! Түсінбеймін! Қай базарға бас сұқпаңыз, қайыршылардың дені-қаракөздер. Осыдан-ақ қазақтың жағдайы оңып тұрмағанын байқайсың» -депті. Жән екен делік, кедейшілікті жаның сезгендей екен? Өзің де кедей емес шығарсың, өнердің төрінде жүресің, тойларда ән шырқап қаласың. Өнерің асабір аспаса да тасқынды үніңмен тапқан мол қаржың болса жүдеген ауылды ұмытпай бас болып қолдап жүдеген ауылдың біреуін өркендетсеңдер қолыңды кім қағады. Не көп, қазақта той көп, не көп ол тойда асаба көп, өнерлілер көп, табыстары мыңдаған доллармен есептеліп жатады. Ауылда шағын кәсіпорындар ашып, егінін, малын табысты салаға айналдырып» Өнерлі өркен» ауылы атандырсаңдар, сонда жоғарыдағы ел мұңын, қазақтың қайыршы болуын басқа әлемде тұрып жоқтағандай болмай жиған байлығымды елге бердік деп әлемге дауыстасаңдар қалың жұрт қуанар еді. Есесіне о дүниеге байлығын жиып, теріп әкететіндей қытымыр байлар ойланар еді. Абырой, беделіңіз бұрынғыдан да артар еді. -Айтуын айтар, оны орындауға батылдық керек қой, байлығын да көзі қия алмайтыны және бар. Жәнсіз пікір ешкімнің есінде қалмайды, -деді Тымыр тұла бойын жеңілдету үшін кім не демей жатыр... Алған бетінен қайтпайтын есерсоқ баласына әкесі:» сөзім шығын» дегені төрізді таңырқасаң ерсілігі жоқ Мақпал! Жылай білген, сұрай біледі, көпке ұнай біледі, ауылда жыламай өлетін қайсарлар өз қоңын өзі тырнап тырбынып жатыр. Теріскейлеп ыққанша жүдеген еліңе шатыр болсаң, сынағаның жарасар еді, Мақпал. Біреу ауылдың жағдайын біліп айтады, кейбірі мазақтап өздеріне сол керек деп күліп айтады. Қалай түсінсең де өзің біл? «Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік-бәрі осыдан шығады-деген Абай. Оны түсінуге де жүрек керек Мақпал. Өзім кіммін дей алмай тұрып ақылгөйсіндер аз емес. Ондайлар ырың-жырың күлгенін де неге күлдімдей алмай қорықсызданады. Тірлікте қорықсыздың да түртүрі жетеді Мақпал. Дуасыз ауыз бар айта салатын, ондайлар да мықтымсып қасымызда жүр... е кіріп рахаттанып

деңкиіп жатып алады. Діріл қаққан денесі жылынып аяқ-қолын жазып аунап қунайды. Ойлайды ертең тышқан келіп інін дауласа қайтемін деп. Патшаның сарайындай інді тастап кетуде қиын. Тынықты, көңілі жайланды. Оны ұмытуға болмайды, бірақ далада аяз бұрынғыдан да күшейіп кетсе өледі ғой. Деседе біреудің іні, шарт бар, шарты бұзған шайтанның ісі. Дегенмен бұл іннен шықсам дау жоқ өліп қаламын. Басқасы басқа денесі арақ сасыған қаңғырлар өлтіріп пісіріп жер. Қой одан да аңқау тышқанды алдап, сулармын. (Коммунизмге жау деп талайды құртқан жатып атарларға айтқыш Керей:» Сендер жылы үйде жайланып, ішпесті ішіп, киместі киіп, қарау қиямпырыс істерің халыққа жайсыз болса да, өзірше өздеріңе жайлы, майлы қасықтай болғасын көммунизмді өлгендерден бұрын көресіңдер депті.) Сол айтқандай ертеңіне уәделі уақытта тышқан келеді. Бажылдап сөйлеп жүр:

-Кірпі інді босат, ағайын, туысқа сыйыспадым, маған далада жүру жайсыз. Аяз қақап тұр, боран көз аштырмайды. Үсті басым алау, далау қаңғырлар көрсе пісіріп жейтін шығар. Ажалдан қорқам, маған өте жайсыз, інімді босат, -деп жағын жаппаған тышқанға кекетіп:

-Тышқан алдымен мені тыңда? Саған дала жайсыз болса, маған інің жайлы болды.. Менің жағдайым, тірлігім жақсарғанша, жаз шығып, жағалтай құс шақырғанша күте тұр, тышқан туыстырың, құда, жекжаттарың көп қой, паналатар, өлмейсің. Тұқымы өспей қарғысқа тап болған мені жоққа сенетін сен түсінбегенде кім түсінеді, босқ бас қатырма, ініңді босатар түрім жоқ, қайқай. Бауырларыңа сыймасаң арақ сасығандардың қазанына түсіп өл!

-Шартасып едік, антасып едік, ол бұзылмайды ғой.

-Мисыз неме, әлемде бұзылмаған не қалды. Енді қайтып ініңе жола ма?

Алланың әмірімен жаны бардың барлығына ақал-парасат көкірегіне кіреді деуші еді деп есіне әлденені алған тышқан өзімнің де обалым жоқ, алдағанға көнетін ақылсызбын, обалым жоқ, деп маңдағы әрбір інге жүгіріп жүргенде трактордың табанының астына түсіп

өлді де қалды. (Зәлімге жақсылық жасап тұрғанын білмейтіндерде бар емес пе? Ондайды ертеде ақылды қазақ өтірік күліп кімді алдайсың, деп тиып тастаушы еді, зұлымның жолын қиып тастаушы еді). Сонымен мың өліп, мың тірілседе жылы орын бұйырмайтын кірпіге жайлы ін жеке меншігіне ауысып кете барды...

-Солай, Шамиль інім, мысалдың да, аңыздың қазақша келістіріп айтқанда құпиялап тапқыштықпен айта-тын сипаты, сыры бар, ақиқат артықша орынын тапса сөздің құдіреті болатыны емес пе? Тасқа басып жазылған көрушінің көзінен қалмасын, айтылған сөз ақылдының құлағына кіріп жүрегінен өшпесін, -деп кездескен қарттар көрген, білгенін жалықтырмай айтып отыратын-ды.

ӨМІР БӘРІН ҮЙРЕТЕР...

Эпиграмма

-Құдайдың тыныштығын көпсінетін жексұрындардан қашан құтылар екенбіз, -деп қара мұртты жігіт қоңыр қалпағығын басынан жұлып алды да жанында тұрған шикіл сары, көк көзді жігітке сұрақ тастай қарады.

-Е, біреу шатасып бүлініп жатса, өліспей берсіпей қырқысып жатса зәлімнің арқасы қозып кірісе кетпей ме? Ұдайы пәле ойлайтындар ұрыншақтығымен пайда табады. Жоғары дәрежедегі сұрқиялардың жағдайы белгілі ғой. Ондайдың зұлымдығына жайбырақат қарайтын қолдаушысы да болмай тұрмайды... Өлгі екі танысының әңгімесінен лажсыздықты түсінген Қымыр жалпы пенделік өлшемді аңғарды. Адамдар бәрі бірдей деуге болатын ерекше құштарлығы да байқалады. Кейбірі жоғы табылғандай, немесе кектенгенін мұқатқандай сезінсе де әңгіменің нүктесі қаржыға тіреледі. Сонда кейбірі жер, көкке сыймай шаттанады, қалтасы қалыңдаған сайын көзі жерге түспей рахат сезіммен желігеді. Аспаннан да жол тапқандай көрінеді. Тасынған сайын тасынып шырайланады. Сол минөттерде өзінің, немесе ата, анасының мұң, шері болмағандай, естіп, білсе де есіне алғысы келмейді. Өйткені, ықылас-ниеті бүгінгі шалқып тірлік етуіне

ештеңе теңгермейді. Ал тағдырының ертеңі белгісіз екенін сезінбейді. Қаржысына сүйенеді, тілегі соның үстінде. Халық тірлігінің, өткен тарихының, ғасыр жетістігінің, түп-түгел шындығын ашатын қаржы, байлық деп түсініп, өмірдің басқа маңызын, қуаныштың да өкініші боларын жан-жақты ұғына бермейміз-ау. Неткен құлықсыздық.

Ақпаратта онжылдықты бітірген Ануар Арынғазин, Дәурен Қарамбаев, Даниял Ташеновтердың жаңалық жобалары 80 елдің 1600 жаңалық ашушыларының ең үздіктеріне ие болса, көп болып, бүкіл еліміз болып қуана білсек, күн сайын жемқорлықтары әшкере болып жататындарға лағнат айта білеміз бе? Міне, тірлігімізде білімі, ақылымен әлемге танылып ұтқан бар, қылмыскер атанып түрмеге зытқан бар...

Міне, аялдамада қалта телефонымен бір жігіт дүрілдек даусымен:

-Осыдан... жамандық ойласаң, өзің қатты өкінетін боласың, басың екеу емес шығар, -деп жатыр. Соны естіп қалған Қымыр:» Күш көрсету, әлімжеттіктің түрі осындай. Осы кезде қоқыс салатын қол арбасына қалбырдағы қоқысты салып жатқан Тымыр:

-Қазақи тәртіпті, өнеге тәрбиені нашар білетіндердің түрі ме? -Нашар білсе шүкір дер едің, түкті сезбейтіндер демейсің бе? Қыжақ, егес, алақөздіктің бірінші себебі ақшаға байланысты, олжаға итше таласудан өрбиді. Тым әрілеп кетсе бірін-бірі өлтіреді. Әлдісі әлсіздің жанұясын бүлдіреді. Мұндай содыр, сойқандық бала кезден ба-сталады. Ондайлар сотқарлығымен пайдасын ойлайды, оқып, білім алып жарытпайды. Бірақ жолы болғыш, билік иелерінің атарман, шабарманына кірісіп үріп ішіп, шайқап төгіп дегенінне жетіп жатады. Ұрлауды да біледі, қылмысын жасырудың да сантүрлі амалын табады.

-Әлемде ірі ұрылар жетерлік қой, біздің ұрылар да қалыспайды, ақпаратта Бангладеш орталық банкісінен 81 миллион доллар ұрланыпты оған қаржы мекемелері көмек беріпті деседі. Біздегі сыбайлас жемқорлар төрізді. Осындайда бір қызығы үлесін ала алмаған әлсіз ұры:» жамандық ойласаң, өзің қатты өкінесің, кеңірдегіңді қиямын» деп

күш көрсетпей ме? Үлеске қытымырлық жасайтын ұрылар тобырында сүйеніші, қару, жарағы мықтылары да болады ғой. Ірілік қыспақтан әлгі жаяу қалды, кедейленді, мол олжадан қағылды. Кеңес заманында мафия мүшелері олжалы бір тиынды да қақ бөліске салатын-ды. Капитализм өзгеше, ең мықтысы байлыққа ие, тобырдағы әлсізді әдейі ұстайды, қылмыс байқалса, солар түрмеге кетеді. Өзгенің қолымен от көсегеннің қолы күймейді деген сол. Егер министр болса, қылмысты іске қол қоймайды, орынбасарлары жалған құжаттарды куәландырады. Сот алдында да сөзін тыңдата алмай кіжінумен тынады. Осындай оңай олжаға құтырынып жанатпаласа кірісетіндердің қай-қайсы да жеген нанның ауырын сезінбейді, -дей бергенде автокөлік аялдамасынан түскен сары мұртты, көзі тұздай қағылез Гейістің үлкен ұлы болатын. Тельман күле сөйлеп Қымырмен амандасты да:» Әкем Германияда ғой, сөйлескен сайын қазақтың бауырсағын сағындым-деп сәлем айтып жатады.

-Аман, сау болсын, бізден де сәлем айт, -деп Қымыр алыста қалған жылдарды ойына оралтты. Сұрапыл соғыс жылдары, Кеңес одағында сенімсіз ұлттар деп жер аударылған немістердің өлім, жітімі аз болған жоқ. Талай жылғы жиған, терген дүние мүлкі туған жерінде қалды, мал тиейтін вогонмен аш, жалаңаш күйінде қазақ жеріне орналастырды. Сталин:» Ұлттардың жақындасуы олардың дамуындағы тарихи саты» -деп ұлттық ерекшелікті, өмір сүру дағдысын жойып тынатын ұлыдержавалық шовинизмдік саясат еді. Сүргін аштық, қуғын, сүргіннен көз ашпай қазақтар да өліп жатты, жоқтық күш алған кез-тін. Жер ауып келгендер де азық, түлік қоры, не киім кешегі жоқ өлімші күйде болатын-ды. Гейістің де үш бауыры аштық, аурудан өлді. Елді жайлаған жоқтық аяздай әр босағаны қарып тұрды. Ауыл айтқыштары көсемдер сенімсіз ұлттар жәй-күйсіз босып барып тегін ажал тбатынын жақсы біледі, мола қазудан қолымыз босамасын дегені де дұрыс шығар, деп от басында күңкілдеп сыбырлап сөз ететін еді. Елде ыза бар, мұң бар, саясатты мүлдем түсінбеушілік бар. Бәрібір үстемдікке тіл тигізсе

жазалы болады. Басын жұтады. Онсызда өлім көп. Осын-дайда өңкей жетім, әлсіз балаларға Жамила жетісінде бір, екі рет бауырсақ пісіріп тойындырады. Алғашқыда Гейісте бауырсаққа қолын созбай ма? Сонда Жәмила:» Екі қолынды айқастырып алақанды жай» деп бауырсаққа толтырады. Нанға тойынғанда мол мейірді көріп тіршілікке ынтыға түспей ме? Міне, Тельман әкесінің жамандықтың түр-түрін қазақи мейір, қайырымдылық ұмыттырып, адамдарға жақсылық жасаудың құдыреттілігін түсініп өскені естен шығар ма? Гейіс өміріме өзіммен тағдырлас замандастарымның көзімен қарай білсем, жұрттың тағдырына жан сезіміммен ортақтаспасам кісілігім қайсы?.. Тағдыр тұңғығына терең бойлау деген сол, -деген Тельманға бауырындай ықыласын білдірді Қымыр.

-Поезд үстінде бір қызыл жағалаы әкеме:» Қазақ тағы хылық, әрі түгелдей аштыққа ұрынып өліп жатыр, сойып жеп жүрмесін» -депті. Ал керісінше бір үзім нан-ды бөліп жеп, тату, төтті тірлік етік, -детінін есімнен шығармаймын, -деді Тельман. Осы кезде Тымыр:» Бүгінде әлем байларының қолында 340 триллион доллар байлық бар деседі. Әділін айтқанда солардың қай-қайсысы да жоқ-жітікті көріп, біліп жақсылық жасағысы келеді дейсің бе? Біреу өліп жатса, өлігін тірілер лақтырып жатса, тер-роршы жазықсызды қырып жатса, аянышты қайғылы көрініске бай байқамағансып жанынан күліп өтер. Аңқау, адалсынғанға обалы жоқ деу ме сонда? Әлемді байлық, ақша басқарып тұрғанда жұрттың бәрі мұңсыз болмай-ды, өкініштісі қайырым, ізет, мейір, ұят үштікүйлі жоғалып кете ме деп қорқасың. Түрлі соқандықты әлем халқы түгелдей жек көре бастады. -Халық терең су, оны ешкім лайлай алмас, өмір бәрін үйретер, үйренбесең күйретер, деген халық даналығына сене тұралық, -деді Қымыр тіршілікке жайбырақат қарай алмайтындығын білдіріп. «Білгенімізді айтып, күліп өтеміз бәрін... күлкіге тойынғанның тіршілігі басқаша және... жұтқанын қайтармайтын қара жер жамандықтарды да жұтар.

Жер дегеннен шығады, бұл мәселеге біраз қарайлап ақырын күтіп қаласың...

КЕРІ КЕТКЕН Эпиграмма

-Қызыңның үйін біреулер өртеп кетіпті, -деді Бәзіл дөңбектей денесіне іле салған шапанының етегін қағып:»
Өзгеден бақыт іздеген қанқақсап қалмаушы ма еді?..

-Не жазыпты сонда?

-Душар еткен... «Қыз он беске келгенде атып таста бейбақты» дейді жырда Көбікті. Түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүтін берген анасының тәртіп, тәрбиесі жетпеген екен. Бір қазақ жігітінің етегінен ұстамай, қайдағы бір қытайға қол артып кетсе, аруақ кешпей үйін өртемей қайтеді. Өз ұлтынан бақыт іздемей, өзгенің игілігін көксеудің ақыры қайғымен тынбаушы ма еді. Жолы құтсыз еркек болады, қойны құтсыз әйел болады, қырсық шырмағанды жын дейді, жын билеген шаңырақ өртеніп ортасына түспей тұрмайды. Қасірет атаулыға ұрындыратын жынға айбарың жетпеді, кісілік қабілетіңді арақ уландырды. Кәрі құлақтан өнегелі сөз қалған, ұлың өссе ұлы жақсымен көрші бол, қызың өссе қызы жақсымен көрші бол, деген. Біле-білсеңіз ондай ұлағатты кім тыңдады. Ашығын айттайын, нешетүрлі келгінбай, нешетүрлі қиық құлақпен көрші болдың. Өзіңді асқан ерлікке балап арақты төңкере іштің, ұрпағың алдында, әйелің алдында беделіңді суша шаштың. Жақсы адам елінде жүреді, тың игеруге келген сотталған, қуылған суылғандармен арақ ішіп шалқыдың. Келгендер зіркіл салды. Ибалықты ұмытып жағаңа жармасты, ықпалынан шықпадың. Дүлейлер именууді де білмей жеріңді де, байлығыңды да өзімдікі деп өңештеді, байырғы бабадан қалған жер атауын да өзгертіп, Ивановскі, Степногорск, Алексеевкі деп жатса да мыңқ еткен жоқсың, қайта әлекке түсіп адал асыңды ұсынып жалпақтадың. Не таптың? Үрейден шошып екі иінімізден дем алып жабырқап тындық. Ақыры келгінбайлардың нетүрлі сорақысын ұрпағың үйренді, оны анықтап көріп, білсең де үнсіз қалдың. Қызың еркек таңдамай, ұлттық намысын ойламай төсекке құлай кетсе де, білмегенсідің, рухыңнан айырылып сыйықсыздандың, енді кімге өкпелейсің.

Жынды аластау қиын енді, бір жарылған жұмыртқа деп ақылыңнан шатасып отырсың. Ұлтымызға тән бейнең шаңша ұшқан.

-Тірдей өлтірдің-ау.

-Тірімін деп алданып жүр екенсің, баяғыда өлгенсің. Арақ ішіп шалқып, өміріңнің алды-артын ұмытқаныңды есіңе алмайсың ба? Жер басып жүргеніңді аңғармайтын өкіне білмейтін топастығыңа қайран қаламын. Мына Ақтөбемұнайгаздағы рюмкілесіңнің қызы да қытай жігітіне тұрмысқа шықты. Қытайлық жігіт әкесі Қылдырыққа әдемі пәтер әперді, шет елдік автокөлік сыйлады. Сәттік жан сезімін байлыққа айырбастап алданып сергісе де ертеңін терең ұғынған жоқ. Пәтердің, автокөліктің, қайры бар ма, жоқ па? Алыстан ой жіберіп аңғару қайда? Айтпақшы сенің қызыңмен Қылдырықтың қызы қытайлықтардың экономика бөлімінде бірге қызмет атқарғанын ұқтың ба? Қытай құдаларың өзіңді де дүние, мүлікпен жарылқап, баспана салып берді. Тойымсыз көзің шыққыр-ау, байлыққа қызығып қызыңның өзге ұлттың тұқымын көбейтуіне қунадың ба?. Енді үйі өртенді бесіктегі ұлымен бірге қызың да өлді. Көзің аққыр жыламай өл, мұндай қайғыны дұшпаныңның да басына бермесін. Абай айтқан:» Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей, Бақыт қоймас фәнидің мінін көрмей... қорлығым өзім туып көз көрмеген» ...

-Нағашы ауыр айттың?

-Сүйегім сырқырап, жаным күйгесін әдейі мұқата айттым. Өзге ұлтпен жанұя құрғанның бақытты болып, үпірлі, шүпірлі ғаламат тірлік еткенін естідің бе, көрдің бе? Адамды кемсіткенім емес, қаны бөлектің жаны бөлек, тәртіп, тәрбиесі ұқсамайды, қасірет басы содан басталады. Жүрек сезімтал, тағдыр қатал, әділ байыптамақ қиын. Өттегене-айлық басым. Сұрақ көп, жауап аз. Бөрінен де құтыла алмайсың. Кейде қуанғанда көрген азабыңды ұмытасың. -Мариям Жагорқызы қазақ шаңырағынан бақыт тауып, бүгінде жетпістен астам ұрпағы өсіп отыр ғой.

-Егор патшалы ресейге әділдігімен жақпай қуғындалып төрт баласын жетелеп босып келгенде қазақтың киелі

жерінен Қажтай қажы жер беріп, алдына мал салып, керек жарағын түгендеп, баспана көтерісіп бергені адалғын көрегендікпен түсінгені. Қорғалжын жерін жерлеп, суын сулаған, Егордың ұрпағы қазақпен сұдай араласып жақсылықпен жарасқанын Жаратқан ием қош көрсе, Мариямның жары Дүйсен тұқымы да кісіге қылдай қиянат жасамаған деседі. (Қорғалжын демекші бұл өңірдегі жайлымға мал өрістеткісі келгенге:» бұл жерлер Кулагиннің меншігінде деп қуып шығатын арам пиғылдылар пайда болыпты). Мариям өмірден өтердегі өсиеті бойынша Қажтай қажы қорымда жерленді. Жә, бірді айтып, бірге кетпей тұрғанда қытай құдасымен мәре, сәре боп қызықтасып, шет ел автокөлігімен шалқыған Қылдырық қара жер хабар бермесін жол апатынан о дүниеге кете барды. Адам баласының көзі жетпейтін небір құпиялар болады, оны жын жетелейді, ата, тегінде ме, не бүгінгі ішмерез зұлымдық, қиянаткерліктен бе, жаратқанның жазасы болмай тұрмайды. Жынға еліктеп ұлтын сатқанды аруақ кешіреді деуге ауыз бармас. Арты біткір деген қарғысқа тап болды ма, кейбір жеңілтек сылқымдар бойына біткен баласын алдырып, не далаға тастап қанішерлік қылмыскер әйелдердің қайсысы бақытты болар дейсің. Құлазыған көңіл жүз мың жетім баланы ойлайды, із-түзсыз жоғалған бес мың баланы ойлайды. Даламыздағы осындай мұңды сарын кешегідей арақ» соғысынан», нешетүрлі қарулар сыналған зұлматтан ми шайқалып, кейбіреулерде кісілік қалып өзгерді ме? Шындықты жұрттан жасыруға тырысамыз. Осындай қасіретті азсынғандай жиырма төрт мың қыздарымыз қытай азаматтарына тұрмысқа шығып кетсе, әйелдің ұлттық тәртіп, тәрбиені тәрк етуі бірдің емес, мыңдардың қайғысы, қоғамның болашағына төнген сын, заңның бетімен жіберілгені, өзімшіл шенеуніктердің татымсыздығын біле тұра кешіруге жатпайды. Өйткені, бір ауданның халқы, өсімі үш-төрт есе көбейетін адамдарымыздан айырылып отырмыз. Біз жылтырап киініп, тойынып ас ішіп, автокөлік мініп шірейіп, ертеңгі болашаққа неге жетісіп немқұрайды қараймыз. Мұндай топастығымыздан не күтесің? Байлық жарысы, бақ жары-

сы, атақ құмарлықтың өршуі, өзімшілдіктің шарықтауы, шенеуніктің халықтан бөлінуі неге соқтырар екен? Сәтсіздіктерге көңілің суығанда бұлдыр сағым көзіңді аштырмайды.

-Қызыл империяның үрейлі кезінде ұлттық тәртіп, тәрбиені ұмыттық қой. Соның қырсығы қайғы болып оралып жатыр. Қоғамның жақсысы қайсы, жаманы қайсы, шешуі жұмбақ, саясаты құпия кезде арақ ішіп мәз болдық, ұлттық тәрбиеге мойын бұрғыздады ғой, бүгінгі шенеуніктеріңде арақ дүкенде, бала белде деген кездің ұрпағы ғой.

-Жүсіп Балсұғын:» Патшасы құзғын болған елдің, басшылары азғын болады, халқы тозғын болады», дегені ойға оралады. Рас, соның кешіруге жатпайтын салдары шығар қыздарымыздың ұяттан айырылып, намысын жоғалтып кім болса, соның етегіне жабысып, азып, тозып, тіпті шет елге шыққандары ерінен ажал құшып жатқаны. Желөкпелердің атын атауға жүрегің айнып, жан-сарайың ойрандалады. Қалайша туыс, туғандары, шенеуніктер арланбайды, сезімдері мүлдем өліп қалған ба? Кеңес заманында ұлттар достығы жарасқан отбасы деп ақпаратта кемеліне келгендей насхаттап жатушы едік, сол насихат ішкі дүниеңе сіңіп, миыңа орнығып қалғанын талай айтқанымда күле тыңдап:» Е, е, бөрі дұрыс» деп шақшадай басыңды шайқап едің. Енді басыңды жарға соқ ұрпағыңа ие болмаған сорлы, дәрменсіз далақбай неме? Кері кеткеннің келіні ұры қылады, ілгері басқанның иті оттайды, деп, ұры да болдың, жағымпаз да атандың, нетүрлі қиянатың о дүниеге өзіңмен бірге кетпей басыңа оралды. Жын соққаннан, мың соққан жаман дегендей жын іргеңе тақап қайғыны үйіп, төгіп берді.

-Нағашы ащы сөздерің етімнен өтіп, сүйегіме жетті.

-Жеткен жоқ, мен тірідей өлер болдым, замандастарым жалғыз жиеніңнің жапырағы жайылды ма, қытайға кеткен қызы егізден туып жатыр ма, кеткені келіп, өлгені тірілген шығар деп кекетіп мазақтағаны түнде ұйқымды, күндіз күлкімді бұзды. Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылады деп, сенің шала мас боп отырысың мынау...

-Өлтіріп кет.

-Ащы айтатындардың соңы өзiм болмағай. Тфә, пәлкет, санасызға сөзiм шығын... Кер кеткен неме?... «Бұлттан шыққан күн ащы, жаман кiсiнiң тiлi ащы, деушi едi, шындықты бетке шығғырып басатын менен асқан жаман жоқ, ендi бiлдiң бе?

ШАЙТАНДАР БИИ

Эпиграмма

Сатира елеусiзденiп әлсiресе жын-шайтан елiредi, сорлы адам өлерiн бiлмей желiгедi, дейтiн едi қаламгерлердiң ұстазы болған Темiрбек Қожакеев.

Жайшылықта сабыр сақтап, иманыңды ұйытып, бұл өмiрдiң тәттiлiгiн ойлап тебiренесiң-ау. Бiрақ қырсыққанда қырын кететiн тiрлiк талайды тентiретiп қиып түсетiнi көзiңе көрiнбесiн. Неге көрiнбейдi, теледидарда бейбастықтың нетүрлi жиркенiштi, зұлымдығы былығып жататтын былғанышы кино лентадай сырғып, жын-шайтан биiн жұмыр жерге дәрiптeп жыр ғып өтiп жатады. Соры қайнаған Еуропа жастары, жiгiттерi дейсiң бе, қыздары дейсiң бе, жалаңаш денесiнде лыпа жоқ сарт-сұрт билеп кеткенде, аязда үсiген адам шешiнiп өледi деушi едi, оу, шiркiн, ондайда жын-шайтан қалай шаттанып семiредi екен. «Жөн бiлмейтiндер дейсiң бе?. Жастар, тiрлiгiнiң қызығына тоймайтындар үйренiп қалсын, о дүниеге армансыз боп жететiнiн ұғынып бiлсiн!-деп жын есi-тұсы ауғандарды қолпаштайды-ақ. Ажалға елiктiргiш жын әрқайсысының жанына төне түседi, жалбыраған шаштарының әр талының арасын паналап көкiрегiне ене түседi.

-Жын-шайтан көкiрегiңе бiр басып кiрсе есiн жиғызбастан құтыртады, саусағыңды созсаң тырнағыңды да жұлып әкетедi, -деп Қымыр ақымақ бастарда ақылы суға айналып, көзi қарауытып, тiршiлiгi шыр айналып, өлi-тiрiсiн бiлмей оңбай кететiнiне аяр сезiммен толқыды.

-Ей, есi шыққан Еуропа ұятсыздық, азғындау, қатыгездiк, менменшiлдiктiң кесапатына ұрынып

қалды. Сұсты қара бұлттай қаптап қаракөлеңкеде жын-шайтанның құйғытып жүргенін аңғармай, көзжұмбайлық жасады ма, қалайда түсініксіз, -деп Тымыр түңілгенінен не пайда? Шет елге есік, терезе ашық, қазақ бас мүлгісе, аяқ сүрінеді, деген. Сүріндіруді қалт жібермей аңдыған шайтан екі білегін түрінеді. Есін алар есірткімен жарылқайды, масығып құлап жығылғанға, тыр жалаңаш билеп бүлінгенге қуанып, орталарында көзге көрінбейтін елес боп ойнақ салады,, -деген Қымыр:» Ұлттық өсімі тығырыққа тіреліп, кедейлікке белшеден батқан елде адам ақыл, есінен айырылып, қу тізесін құшақтаған әйелдері мысыққа, итке, маймылға үйленіп өбден масқаралана бастағаны антатқандық па? Мұндайды көз көріп, құлақ естуден сақтасын! Еуропаның рухани аштығы пендесін қара тереңге батырып, шайтанның дегенін орындап өмірден ада-күде безгендер десең, кейбір елдерде дәрі-дәрмекпен өз еркімен ажал құшуда. Ондайда кеудені еркіне көндірген шайтан:» Ішер ас, киер киімге жарымай, жоқшылық зарын тартып зарыққанша тездетіп о дүниенің рахатын көргенің қандай білгірлігің, -деп сақ-сақ күлмейді деймісің.

-АҚШ дейсің бе, Еуропа дейсің бе, әйтеуір, әлем алдында сыналып, мінелуден аулақ, құр мақтанмен дәлиді. Жұмыр жер халқы демократия, деп жамырай дәріптеп, билік иелерін өліп жатса да төбеге көтерді. Үстемшілдер бетбақтырмай байлығына, қарау, жарағына, оны пұлдап сатқанына төсіріп құдайын ұмытты. Үстемдікке зығырданы қайнаған қарапайым халық көшеге шықсын, ереуілдесін қатыгездіктің құрбаны болумен тынды. Басқаны айтпағанда АҚШ-тың түпкі тарихы үндістерді қырып салған қан теңізі, жазықсыздардың тау-тау сүйектерінің үстінде билікті орнатты. Адамның киелі қаны көтеріліп түрлі апатқа да батыруда. Оны кім түсініпті. Бұда, шайтан сүргінінің қалың қасіреті. Өлі күнге билікті, үстемдікті шайтан түрткілеп қоздырмай тұрмайды. Ұрындырады, қырқыстырады, әлсіздердің қаны судай ағады, қайғыға белшеден батырады.

-Шайтанға қарғыс өтпейді, ажал таппайды, о дүниеден

қуылған пәлекеттік кесірін түсінбегендер еркекке еркек, әйелге әйел үйленіп жатқан елдердегі жақсылығын табу қалай болар екен? Мұндай азғындық әлемге ұшақтар арқылы лезде тарап, жынойнақтарда шайтандар биімен қара жердің қалың қайғысына айналмасына кім кепіл. Оу, Еуропа, адамға адам көз тастағанда еуропашылдардың өзі:» Осы албасты емес пе?» деп қатты сезіктене бастар. Біздің де кейбір телеарналарымызда тыржалаңаштар төбе көрсетіп адалдықпен өмір сүруді көпсініп, шет елше үгіттей бастады. Өмірден баз кешіп өзін өзі өлтіру, ұрпағын сату, қанішер, қатыгездіктер бақыты күйе бастаған Еуропалықтарға еліктеу емей, жын-шайтанды біссімлдасыз шаңыраққа кіргізу емей, немене?

-Тымыр-ау, байлыққа мастанғандық па, неге батысшыл, еуропашыл болып кеткеніміздің келеңсіз кесірін түсінбей жатырмыз. Осындай зәлімдікті жайпап түсетін сатираны қалай әлсіретіп алдық, -деді Қымыр.

-Елден асып байығанша аласұрып жүріп, сынауды, мінеуді естен шығарып, күйініш, сүйініштің ара жігін ұмытып қалдық-ау, шамасы. Үрейлі үстемдікке ауыз аша алмаған құлдық мінез, әлсізді мүсіркеуді ұмыттырып өзінен-өзгені кісісінбейтін менмендікті шайтан кейбір шенеуніктердің, байлардың көкірегіне орнатқалы қашан. Сондықтан Еуропадан келген шайтандар биіне, сайқалханалардағы масқаралыққа таңғалмай-ақ қойыңыз. Дерт жұқпалы, сынықтың да сырқырағаны жұғады деген қазақ сана дерті қалыңдаса ем табылуы қиын. Оны Еуропа басынан кешіп тән-төнай күйге дәлел болса керек, -деп Қымыр термеледі:

«Ақымақтық пен астамшылық ағайындас»,
Бақыт құсын басыңа қондырмайды,
Менменшіл билік оңдырмайды.
Жақсылықтың жолын кесіп,
Игілікті істі болдырмайды...

КІРПІ

Әрине, тірлік үшін жаны барлар амал, айла ойластырады, тиімдісін анықтап алады, сосын жүзеге асырады. Сонымен кірпіні, балақайлардың көргендері бар шығар, ауылда өскендер көреді ғой. Бірақ, оның да қулығын біле бермейді. Кірпінің жаны жыланға қас. (Жұртың бәрін жау көретін жазғыш Керейге, милиция Аманғалиға айтқыш Керейдің жаны ұйымайтыны сықылды). Кірпі жыланды көрсе болды, құйрығын басады да тырп етпей жатып алады. Жылан кірпіні шағамын деп уын шашып шала бүлінеді. Басын шалқақтатып олай бір, бұлай бір соққылайды кеп. Кірпі тікенін жайып міз бақпай жата береді. Жылан көрленіп айбат шегуін тоқтатпайды. Ақырында кірпі тікенегі денесін мыжғылаған жылан ұзынынан сұлық түсіп жан тапсырады. Міне, жылан мен кірпінің жаулығы кірпінің жеңісімен тынады.

Ал, кірпінің күндестігі де бар. (Көре алмаушылық, күндестік пенде де аз ба? Байды кедей көре алмайды, бай бал берседе оқсатпайтын кейбір кедейді көре алмады). Сонымен кірпі тышқанмен күндес. Тышқанның бас сауғалап інінің түбінен шықпайтынын жақтырмайды. «Осы тышқандыкі не дандайсу, мақұрым неме? Інінен шырайланып шығады, танымағандай маған қарап таңырқап тұрады. Неден дәмелі, аңқау неме? Түлен түртеді-ау шамасы» деп оны көрсе тікенек толы денесіне сыймай қырқысқысы кеп кетеді. Кірпі қақаған қыстың аязынан кейде қатты тоңады. Тікенектері дір-дір қағады. Бас сұғатын пана таба алмай зыр-зыр жорғалайды. (Кәдімгі қалбыр қағатын қаңғыр, маскүнемдлер сықылды). Далақтап жүгірмеген жері қалмайды, оның үстіне кірпіні аңдардың көбі құбыжықтай көріп жаратпайтыны, көре салса, тұра қашатыны және бар. Өйістіп дәйек таппай жанұшырып жүргенде тышқан кездесе қалмай ма? (Суырды біреулер шықбермес Шығайбайдың қарғысқа тап болған адамы дейді, тышқан да кім біліпті, іні бір, күні бір соған туыс шығар. Мейлі, туысын түтетіндер аз ба?). -Тышқан досым кәрілік дауасыз дерт екен. Сүйек, саяғым

салдырап бітуге қалдым. Бәрімізді тату болсын деп Алла жаратты, қайратың кемісе өз басыңа да түсер зіл, өлер алдында жаны бар әлді қайырым жасайды ғой. Ол рас па? Рас дегенің жөн. Біреуге жасаған қайырымың өзіңе де оралады.

-Дұрыс айтасың, кіршіеке.

-Дұрыстықты ойлағаның ақылдының абзал ісі. Аң біткен есіміңді ерекше мақтаушы еді. Менде есіміңді аңыз етермін, тірі болсақ жазға жетерміз, екеуіміз сәнсалтанатпен достасып кетерміз, айтып-айтпай не керек, аяздан қатты тоңған жайым бар, ініңе бүгінше паналатсаң деген өтініш ойым бар. Ертең қаңғырған аңдардың бірінің жылы орнына сығылысып орналасармын. Кірпі біткен жақсылықты ұмытпаушы еді. Дәмдес болсақ, қайырым жасасаң мына әп-әдемі ініңе жылан деген албастыны жолатпауға серт беремін, шарт осы, шалқамнан түсуге қалдым тышқанеке, -деп өлердегі сөзін айтып, қылғынып қиылып жалынғасын тышқан ініне кіргізеді де, өзі ағайын, туыстарының ініне жүгіріп кетеді. Тышқанның қас жауы, ата-бабасы, бала-шағасы осы жыланнан ажал тауып тұқымы өсе алмай жүдеп жүрген ұмытылмастай қайғысы бар. Ал мына кірпі жыланды құртып, індеріңе жолатпаймын дегенге тышқанның қуанғаннан есі шығып кетті. Оның үстіне мақтаншақ, жаздыкүні екі аяғымен шошайып күнге қақталып тұрып әндете беруден басқаға көңілі соқпайтын тышқан тұқымы еді. Аңқау неме, кірпінің жылан жауыңды түгелімен құртамын дегеніне сенгенін өзіне бақыт санады. Оу, інінің алдында жыландар қаз-қатар өліп жатса тышқанның мәртебесі биіктеп аузын жаппай, нәрем татпай әндете берер еді. Жер бетіндегі ауаға тұншығып бір өліп, жыланға жем боп екі өліп қырылудан көз аспаған жылан біткенге жар салып, жылан аталатын қас жауыздардың бәрін мен өлтірдім, дырдулатып ерлігімді бағалаңдар!-деп жағын жаппай мақтанар еді. Сөйтіп, кірпімен арадағы қалыптасқан дүрдіараздықты аңқау тышқан ұмытты. Бірақ кірпіге:

-Бетті көрсең жүзің ұялады деуші еді, інімнің өзі кең, қонақ-қопсыны көп қабылдайтын болғасын кең қаздым.

Ештеңені бүлдір ме? Алтын басыңмен бір күн қондыр дегесін жалға тастадым, түнеп шық, ертең босат, келістік пе? -Келістік. -Уәде берік пе? -Оқтай, деп ант-су ішкендей болғасын тышқан жаман ойдан аулақ еді. (Қазақи мінезде де сенгіштік жетіп жатпай ма?) Жақсылыққа жамандық жасалмайды деп тышқан түсінігі не болар екен?

Сонымен кірпі інг

АНТЫН АҚТАДЫ, БІРАҚ...

Эпитафия

*Данышпан аты шықпаған,
Батыр аты шықпаған,
Бірақ басыңды ій бұған,
Адам болған Адам.
Р. Ғамзатов*

Жиырма жетінші август таңы сызат берді. Аспан етегі ақтандақтана бастады; жұмыр жер бетіндегі адам баласының біріне бақыт сыйласа, кейбірінің кеуіліне қаяу салатын таң шығар бұл. Талғат дәрігер ретінде ерте ме, кеш пе адам баласының бұл дүниеден қайтатынын, өзекті жанға бір өлім екенін де білетін-ді. Өмірде жарылмайтын тас, сауалмайтын құдық жоқтығын, ескі қирап, жаңа ескіріп, тіршілік біткен жаңғырып үзіліссіз дамуда болатынына көз жеткізіп, көңіл қоятын кейде. “Мәңгілік ешнәрсе жоқ, адамдар мәңгі жасамайды. Ең болмаса ұзақ өмір сүруге қол жетсе. Адам ақзасына ұзақ, белсенді өмір сүруге мүмкіндік беретін тың жол тапса... Амал не, бұл салада медицина әлі әлсіз. Сырқатты емдейтін дәрі бар, бірақ ағзаның қартайуын тежейтін даруға қол жетпей жүр. Талғат медицина институтында оқыған қисындарды жиі еске алатын-ды. Ол тек медицинамен шектелмейді іргелес ғылым салаларынан сыр тартуға құмар. Бірге оқыған қатар-құрбылары оның осы ізденгіштігіне жарғақ құлағы жастыққа тимей, оқулыққа үңілетініне таң қалысатын.

Талғат өткен түнде де көп оқып отырды да таң алдында ғана тәтті ұйқы құшағына енген-ді. Оқумен, ізденумен та-

лай түндер бойы жанын азаптаған Талғат дүниеде бұрын-соңды болмаған жаңалық ашуға құлшынған шығар; ол қалайда ізгі мақсатына демікпей, дәрменсіздік көрсетпей еркін жетеріне сенімді болатын. Бір ғана мамандық төңірегі емес, ғылымның әр саласын зерттеді. Әдебиетті де көп оқитын. Теледидардан ең таңдаулы, қажетті деген хабарлар болмаса, көп зейін сала қоймайтын. Оның рухани қажетін кітап оқу ғана қанағаттандыратын. Оқыған асыл ойларын күнделік дәптерге жазып жүретін дағдысы бар-ды. Оның үстелінің үстінде ашық қалған қоңыр тысты блокнотында кеше ғана жазылған мына бір сөйлемдер қалған-ды: “Жер бетінде минутына 100 адам, сағатына 6 мың, сонда бір тәулікте 145 мың адам қосылады. Ал, жер шарында жылына аштықтың өзінен 120 мың адам өледі екен. Түрлі дерттен, апаттан қаншама адам бұ жарық дүниемен қоштасады... Дерттің 80 проценті судан делініп жүр. Қоршаған орта ластанып, суда радиоактивтік элементтер көбейіп барады. Адамдардың табиғатқа “соқырлық» көзқарасының ұрпаққа зияны өлшеусіз. Сондықтан медицина алдында тұрған міндеттер қаншама қан қысымын реттейтін, қан тамырларын қалыпқа келтіретін дарулы дәрі-дәрмектер аз? Адам денесіндегі артық майды құртатын дәрі табу керек?! Көптеген тері ауруларының пайда болуы соның қырсығы, адамның жанын қинап, жасын қысқартады. Қымс етсе ашушаңдық танытатын, айнымалы мінездің де өмір сүруге зиян екенін адамдар біле бермейді. Кейбіреулердің шамадан тыс инабатсыз дәрежелігі, немесе домбыт мақтаншақтығы да былайғы жұрттың денсаулығына салқынын тигізеді. Адамдардың арасындағы бақастық, күндестік сияқты өзәзілдердің де тіршілікке зияны қисапсыз. Кейде сұрғылт ойлы ысқаяқтар жайлы орынға жайғасып алады да, алғыр адамдарды тобықтан қағып ілгері басқан қадамды тежейді. Мұның өзі ғылымның өркендеуіне де кесірін тигізеді...

...Ғылымда ашылған жаңалықтар да аз емес, қазірде раққа шалынған он адамның сегізі емделуден кейін өмірге қайта оралады. Дегенмен рақтың клеткада өсіп-өну процесі әлі жұмбақ қалпында қалып келеді. Егер адамның

туған кезінен оны барлық ауруларды қабылдамайтын им-
мунизация жаппай қолданылса ғой.

...Адамның бір жылдық өміріндегі алтыдан бесі
бос уақыт дейді ғалымдар. Сол бос уақытты адамдар
денсаулығын сақтау үшін дұрыс пайдалана білмейді...”

Бұл сәтте Талғаттың бойында ертеңіне деген сенім оты
маздап тұрған-ды. Әкесі айтатын-ды: “Қай мамандықта да
білімсіздік бейшаралық. Тек өз мамандығының өресінен
шыға алмайтын адамның тірлігі тар. Күніне көп де-
генде екі сағат уақытыңды бірыңғай көркем әдебиет,
саяси кітаптарды оқуға арнасаң ғана заманыңнан зия-
лы, замандастарыңнан қалыспайсың”, -деп ертелі-
кеш қайталап отыратын. Барлық өмірін прокуратура
қызметіне арнаған Үмбет Құсайыновтың өзіндік әрбір ми-
нуты есепте еді. Оның күн кестесін ешкім де бұза алмай-
тын. Тіршілігінің ағысын парасат көзімен жіті зерделейтін
адам уақытқа келгенде жаза баспайтын. Үмбет сабырлы,
орнықты ойланбай сөз айтпайтын кісі. “Жақсы бала –
сүйік, жаман бала – күйік, -деп, кейде адам бойындағы
оғаш әдеттердің жанұядан өрбитінін, ата-ананың бала
тәрбиесіне немқұрайды қарайтыны ерте ме, кеш пе,
өкіндірмей қоймайтынын әңгімелейтін-ді”. Жас ұрпақтың
жаңсақ басуына үлкендер ғана кінәлі, дей келіп ұлына
еміреніп: “Ұлым батыр ортақ, бақ жалқы» деген бар. Өз ба-
сым ерлікке бас ием. Ерлігімен әлемге есімін мәшһүр еткен
Талғат Бигелдиновтың есімі мен үшін көктегі жұлдыздай.
Саған ат қойғанда Талғаттай отаншыл болсын деген ой еді
менікі. Батыр ортақ, ал, өмір жолындағы өз бақытыңды
еңбекпен өзің табасың. Құсты қанат ұшырса, ерді талап
қана ұшырады. Ойың аласармасын ұлым” – деп кей кез-
дерде өмірден көргенін, көңіліне түйгенін асықпай айтып
отыратын-ды.

... Талғат әкесінің еңбекқорлығын, өз мамандығын
шексіз сүйетіндігін, шәкірттеріне деген адал сезімін
жасынан көріп-біліп өсті. Адамдармен қызмет істеудің
қиындығы мен қуанышын әкесінен үйренеді. Өзі де
сырқаттардың дерттен қажыған сылыңқы жүзін көрсе
жүрегі қабылжып қайтсем көмектесем, деп қиналатын

еді. Қамшының сабындай қып-қысқа өмірде адамдардың қабағына жазықсыз кірбің түспесе екен, деп тілейтін. Қолдан келген ем-домын жасаса да, тері ауруларының бірқатары ұзақ емдеуді қажет етеді. Дерттің қандайы да жанды қинамай тұрмайды. “Қай жерің ауырса жаның сол жерде» деп халық тегін айтпаған. Кеше ғана бір сырқатты әбден қажыған кейіпшен:

Балам, аяқ астынан киліккен псориаз ауруынан әбден сорладым. Осыдан жазылсам менен бақытты ешкім болмас еді. Айналайын қандай ем бар, -деп жаутаңдай қарап, талайды басынан кешкен үлкен адам боркеміктенген еді. Нәті жуас, аз сөйлеп көп тыңдайтын Талғат сонда:

Әрбір атқан таң, жарық күнді көріп тірі жүрудің өзі бақыт. Саспаңыз, әлі-ақ жазыласыз, біраз қиналасыз, бірақ айығасыз, бәрін төзім жеңеді, -деп иландыра айтқан еді. Сол сәтте Талғат сырқаттың жүзіне аздап күлкі үйірілгенін аңдады. Дәрігердің бірінші емі – сөзі, деген қағида ойына оралып, осы тұжырымның дәлдігіне сүйінді. “Жақсы сөз – жанға ем”. Жанға ғана емес, төнге де ем. Халық айтса қалт айтпайды. Талғат жымыды.

Оның, жора-жолдастары қазір бауырмалдығын, достыққа адалдығын, жақынға-алысқа көмектесуге әзір тұратын қасиетін жыр етіп айтқан-ды маған. Ал Талғаттың досы көп еді...

* * *

Сәулелі таң атып келеді. Сәлден соң дүние біткен күннің күміс нұрына малынады. Саялы бақ баяу желмен сыбдыр қағады. Теректердің жапырағы дірілдеп-қалтырай бастады. Көп ұзамай қыркүйек айының суығына шалдығып сағағынан үзілетін шығар жапырақтар. Өзі де сөйтеді. Күздің сағал-сағал бояуымен жапырақтан айрылған ағаш біткен сабаудай боп көзге қораш көрінер мезгіл да қашық емес. Сонда жазғы сайран шақ тым алыстайды. Біріне-бірі ұқсамайтын айлар қайта оралмасқа кетеді. Бірақ әр мезгілдің пендеге өзіндік нарқы өзінше із қалдырады. Мураев болса ұйқыда. Талғат бүгін Мураевпен қасіретті

жағдайда кездесерін білмейді, Мураевта қайғыға қалай жолығарын сезбейді, мол сыра, өлшеусіз көп шараптарды көріп жатыр ма, әйтеуір тамсанып та қояды. Пенде емес пе! Мураев соңғы екі айдан бері түсінде ылғи төлтеңдеп келе жатып шыңырау құдыққа құлдырай құлап құлталқаны шығып жүреді. Қорқыныштан атып тұрып жынанданған адамша таң алдында терезеге жүгіреді. Есікке ұмтылатыны да бар-ды. Сөйтсе құдық түгелі пәле де жоқ, қайта аңқасы кеуіп, шөлдеп жататын-ды. Бүгінгі таң алдында ол қорқынышты түсінен тағы да шошып оянды. Расында енді төрт-бес сағаттан кейін ажалға тап болатынын, өлмегенмен өлімші болып қалатынын тағдыр оған айна қатесіз сездіргендей еді. Сүйек-саяғын арамен кескілеп, шың басынан ұмаштап-ұмаштап керексіз қағазша лақтырып жіберген екен дейді. Шошып оянған Мураев түсі екеніне қуанды. Сонда да денесі қалтырап ас үйге төлтеңдеп барып шырпыны қолына алып шырт еткізді. Қайта үріп өшірді. Не екенін өзі де білмейді. Екінші рет шырпыны шағып сигаретін зорға тұтатты да қатты-қатты сорды. Күркілдей жөтелген соң қайтадан лақтырып тастады. Жүрегінде үдей соққан үрей қара дауылдай еді. Неге өйтеді? Түсі ме? Арақ ішетіндердің көбі оның түсінен де қорқынышты болатынын естіп жүр ғой. Әй, түсте тұрған не бар. Әлде кешегі шамадан тыс шаршағандыкі ме? Ауруханаға барар жолдағы жыланның ұясындай жер асты трубаларының біразы шіріп, азып, тозған екен. Соның бәрін өзгертпек. Сори ашылмаған сантехниктер біраз бейнеттенді. Бәрібір жұмыстың үштен бірі де бітпеген шығар, деген Мураевқа ой келді. Бір істеген жұмысты тиянақтамай, шала-шарпы орындаудың қырсығы аз болып жүрген жоқ. Үнемі бейнет, үнемі азап шексе де инженер техниктер де, басшыларда еті үйреніп кеткендей ашаңға айдаса, қуаңға қашады дерсің. Ас бөлмесінде жұмысқа бір сәт көңілін бөліп ойын тежеді. Бірақ байырқап тұрып газды ашып тұтатты. Шай демдеді де жуынуға кірісті. Ломоносов әкесінің өлгенін айна қатесіз қалпында түсінде көргені сияқты өліп қалам ба, деп күбірледі. Бірақ, ол үш-төрт сағаттан кейін дәрігер Талғат Құсайынов оны ажалдан арашалап қалатынын сол бойда сезген де жоқ еді...

Көкжиектен биіктікке тырмысқан қара бұлттың түсі суық еді. Алыстан найзағай жарқылы көрінеді. Манағыдай емес жел күшейейін деді. Ертеңгіліктегі Арқалық радиохабарлары да басталды. Талғат оянды. Бұ кезде екінші бөлмеде әкесі Үмбет те тұрып гимнастика жасауға кіріскен екен. Әкесінің қан қысымы, оның үстіне жүрегінің ауыратыны Талғаттың жанына батады. Әкесі белгілі медициналық ережелерді өзiрге бұлжытпай орындайды. Біраз жылдан бері “жолдас» болған дертті әкесінің жеңіп жүруі де өзінің күтінуінен. Талғатқа әкесі үлкен жүректі адам болып елестейді. Қаншама қылмысты істерді тексерді, қаншама адамдардың жат қылықтарын, мерез оқиғаларын көрді, олардың қай-қайсы да жүрегіне із тастамай кетті деймісің. Сондай күрделі өмірдің куәсі боп жүрсе де әкесінің күйіп-пісіп, бая-шая болғанын көрмеген шығар. Сары уыздай мөпелеп отырған балалары алдында одағай мінез танытуға жаны қас әке:

Талғат? – деді.

Ау, папа.

Теректерге су құйдың ба?

Қазір құям.

Талғат бір шелек суды үйден алып шығып терезе алдындағы тал теректерге құйды. Желмен діріл қағып сағағынан үзіліп кетердей ағаш жапырақтары күн сәулесімен шағылысып мың құбылады. Өмірде адамды осылай қызықтырып алдап арбайтын сиқырлы тәрізді. Бірақ, Талғаттың тіршілікке деген іңкәр сезімі шексіз болатын. Жас жігіттің дидары ашық күнге ұқсап күлім қағады. Қос жауырыны қақпақтай боп бойы сұңғақтанып, болаттай шымырлана түскен. Көкірегіндегі айтылмаған әндер, өмір жәйлі күйлер күмбірлейтіндей еді. Ол теректерге су құйып болды. Сосын құмарта бір сәтке қарады да бұрылып үйіне қайтты. Жұмысқа баруы керек. “Халық бақыты үшін, адамдарды ажалдан арашалау жолында өз өмірімді де қиюға ант етемін! – деген диплом алардағы дәрігер анты есінен кетпейді. Ажал деген қасқой дұшпан

пенденің ізін өкшелеп бағып жүреді емес пе. Оның ойынша сол ажал деген албасты дәрігерден ғана қаймығатындай көреді. Өзі де солай! Адам жанының арашашысы, дегенді халық тегін айтпайды!

Үйіне қайта келсе анасы шай дайындап қойған екен.

Құлыным, ботам тамақтан, -деді. Талғат кесеге құюлы тұрған шайды ішті. Гүл жапырақты өрнегі бар кесені дастарханға қайта қойды. Бір үзім нанға май жағып жеді. Бір түрлі жүрегі лоблып ас батпайтын тәрізді ме, қалай? Дұрыс ұйықтай алмады ма?

Студент болам деп ас ішпей бір ішек боп жаман үйренгенсің. Таңертеңгі тамақ организмге өте пайдалы ұлым. Түсте ас ішпесең де ертеңгісің тойып алуың керек, -деді анасы ұлына бөйек болып.

Дәрігерге ақыл үйретесің, ә? – деді Үмбет жәй езу тартты да.

Е, дәрігерде өмірден үйренеді. Ертең келін әкелсе келінді де жақсылыққа баулимын. Әзір үйде отырғанда балаларын есейтіп берер ем. Тезірек келін әкелсең етті. Тамағыңды іш. Асықпа?

Мама тойдым.

Ең болмаса бір кесе сүт іш. Ас адамның арқауы, сенің деніңнің саулығы артық. Ауру адам мақсатын, арманын орындауы екі талай. Пенденің бақытты болуы да денсаулығына байланысты. Оны қадірлеу керек, -деді анасы балаларына ерекше ынтамен.

Анасының жібектей жұмсақ үні, ақ жарқын келбеті, ақыл парасатқа толы ойы оны үнемі тың істерге жігерлендіріп жан сезімін қанағаттандыратын еді. Ана сақтықпен ұлының жақсы болып өсуін бақылайды. Ертеңгілік дастархан басындағы мол мейірлі, ыңшыңсыз, зор ілтипатты шағын көріністі бейне қара дауыл алдындағы тыныштық, ең бір қимас сәттер сықылды еді. Ұлының Отан азаматы болып адал еңбекке араласқанына ата, ананың сүйсінішке толы шағы-тын бұл. Талғатқа байланысты осындай сәтті көрініс бұл үйде енді ешқашан да орнамайтынын ешкімде білген жоқ. Қоңыр костюмінің жеңін сұғынып есіктен құлыншақтай құлдырап шыққан

Талғаттың соңғы қадамы екенін ешқайсысы да аңғармады. Ертеңгіліктегі сағат тоғызға жиырма бес минут қалғанда жұмысқа кеткен Талғат адамдардың өмірін жалғастыру жолында опат болады деп ешкім ойламады.

Қайта кешкісін болашақ келінді үйге ертіп келеді, таныстырады деп сағына күтіп қалды... Талғатты сағынатын сананың бұдан былай сарғайтатынын ата, ана біліп пе?!

* * *

Талғат Құсайынов диспансерге ерте келді. Аз-кем уақыттан кейін замандасы Айдар Өміржанов бөлмеге енді. Бұл кезде Талғат кіршіксіз ақ халатын киіп үлгерген еді. Екеуі жылы амандасты. Айдар күлімсіреп:

Кеше Өлимамен киноға барып, қыдырдыңдар ма? – деді де, -Арқалықта көңілді демалып, уақытты қызғылықты өткізетін мүмкіндіктерді де көре алмадық. Бұл ешкімді де ойлатпай ма, қалай? деген әзіл-назды, сүйкімді жастық күлкі үйірілді жүзінде. Қызық-қуанышсыз өмір тұл. Саналы жастың қай-қайсының есіне алдымен осы оралатыны түсінікті. Достарың қаншама жақын көрінсе де сүйген адамның орны бөлек. Біраз нәрселерді ығыстырып махаббат өз биігіне көтерілетіні сондықтан. Дәрігер жолдас сол минуттарда Талғаттың анасының: “Досысың ғой, келінімізді көрсетіңдер, ең бастысы адамгершілігінің мол болуын ойластырыңдар... Ертең, болмаса бүрсігүні үйленем, дегенде қамсыз қалмалық. Біздің баламыз тым жуас!» деген сөзін есіне алды да:

Мінез-құлқы, адамгершілігі жаман емес сияқты. Тездетіп үйленбейсің бе-деді. Оған Талғат сабырлы түрде:

Тоқсан ойдың тобықтай түйіні де жуықта шешілетін тәрізді, -деді де. “Мен әлденеге асыққандаймын, жүректегі жастық оты, жар қуанышы, төтті қиялды бірге бөліскен адал достар, барлық ой-мұратым адамды сүйіп өту еді. Адамдардың бәрі де қымбат маған. “Адамның көзі – терезе. Басқа келген, басқа жиылған ойдың бәрі сол арқылы көрініп тұрады” деген емес пе бір жазушы. Маған Өлиманың қара көзі күлімсіреп адамдарға іңкөр сезімін

танытып, шынайы мөлдір ойын бағыттап тұратын тәрізді.

Шырын өмірге тоймастай еді. Қуанышқа кенелетін күнді сағына күткен еді Талғат. “Әлимамен бірер сағат қыдырдық, соның өзінде өмір, жастық туралы көп пікірлер қозғадық...”

Оу, бірер сағаты несі? Қыз қасында болсаң ішің пысып кете ме? – деді дәрігер жолдасы.

Оның өзіл тұтқанын түсінген Талғат:

«Студенттік кездерде үйде көп болған жоқпыз. Әке, шешем қатты сағынып қалған. Көзінен таса еткісі келмейді. Уақыт болса Әлиманың күндіз, түні қасында болармыз-ау, -дей берген кезде бұрынғы бас дәрігер Н.Я. Васильев кіріп келді:

Саламатсыздар ма, жас дәрігерлер, -деп ашық, жайдары амандасты да, -бөрімізде жас маман болғанбыз, қазір де ұстаздан, оқулықтардан, өмірден үйренуге жалықпаймыз. Білікті дәрігер атануға тынымсыз оқу, үйрену қажет екенін білесіздер. Жүріс-тұрыстарыңызға дейін сырқаттарға жағымды болу, дәрі-дәрмек өз алдына, жүрек жылуын арнауға ешнәрсе тең келе бермейді. Адам адамға сәулесін түсіреді, деген дәрігер мамандығына жарасады деп ойлаймын. “Көп дәрігер емдеген өледі!” дегендей әрқайсысыңның өз пациенттерің де бар, олармен ертең дерттен айқынқаннан кейінде байланысып, хабарласып тұрыңдар. Ішетін асын, суын байқаңдар. Өздерінде білесіңдер, бүкілдүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы деректері бойынша, барлық аурулардың 80 процентке жуығы лас судан болады. Ал, дамушы елдерде мұндай суды пайдаланудан жыл сайын 25 миллион адам өледі екен...

Николай Васильев біздің еліміздегі адамдардың денсаулығына жасалып жатқан орасан мол қамқорлықтарды айтты. Аз сөз алтын деп бағалайтын, өзінің іскерлігімен алғашқы күндерден танылған қабағы қалындау, өткір қоңыр көзі мейірге толы, сүйекті бет бітімінде ізгілік іздері танылатын Талғатпен соңғы минуттарда әңгімелесіп тұрғанын Николай білген де жоқ еді. Адам кейде ешнәрсені болжап үлгере алмай қалады екен-ау.

Олардың ойын кіріп келген Қаравчун Раиса Степановна бөліп кетті. Өрқашанда жайнаң қағып жүретін

Раиса: «Жолдас бас дәрігер жас мамандардың көзін көріп мақтағаным емес қарауындағы сырқаттар үлкен ризашылық танытып жатыр. Шағым кітапшасын сұрайды, алғыс жазамыз, дейді. Тәжірибелі дәрігер Жамал Каниевамен бірге отырып емдеу жұмыстарын атқарып еді. Енді өз бетімен емін-еркін жұмыс істей берсін, деген сенім білдіремін, - деді бас дәрігерге сіз қалай ұйғарасыз дегендей сөзінің соңын өтінішке тіреп.

Институттан алған білім баршылық, бізге ең қажеттісі сол білімді іске асыру, - деді Талғат біртүрлі көзінше мақтағанға қысылған сыңай танытып. Сосын сөзін жалғап:

Өмір мектебі сіздер ғой, - деді тәжірибелі дәрігерлердің ақыл, кеңесін қабыл көру ниетімен несие ұшқалақтығы жоқ, орнықты мінезді, саяси ой-қабілеті өзіне жеткілікті, бір сөзділікті қалайтын қасиетті алғашқы күндерден-ақ танылған еді. Талғаттың институтта топ жетекшісі болғаны оның басқарушылық қабілетінің де негізін салғаны да байқалатын. Бірақ, мен бәрінде білемін, деп төске ұрып төсіруге жаны қас еді. Осындай қадірлі де, қабілетті жас маман мен тәжірибелі дәрігерлер Талғат өмірінің соңғы минуттарында сөйлесіп тұрмыз, деп ешқайсысы да ойлаған жоқ еді. Талғат болса диспансердегі ақ халатты оннан астам ұлттың ұл-қыздарымен достық, бауырмалдық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына соншалық риза боп достық үшін долы боранға да, қандай кесепатқа да шыдауға болады екен-ау, деп ой қорытады. Ал, емдеушілердің өздері қанша ұлттың адамдары. Бір-бірімен жарасым тауып бір үзім нанды бөліп жеп ортақ ниет, кісілік пен кішілік, парасаттылық пен парыздық куәсі бәріде. Бұрын-соңды көріспей-біліспей тұрып, ілезде сіз, біз деп сый-сияпаттасып, бауыр басып кету тым көрікті, тым ажарлы құбылыс еді. Жас маман оның бәрін аңғарғаны қашан!

Міне, енді түрлі дәрі-дәрмек иісі аңқыған бөлмеден дәрігерлер бас қосып, өзара пікірлесіп шығады да сырқаттарды аралап олардың жәй, күйімен танысады. Қолданылған жаңа препараттар мен кейбір сырқаттарға өзгертіліп пайдаланылған дәрі, дәрмектердің адам

организміне тәулік бойғы әсерін байқайды. Көңіл-күйлерімен танысады. Әрбір дәрігер өзінің ем-дом қолдануындағы жұмыстарын әбден байыпты, өте сергектік пен сезімталдық арқылы атқаруының маңыздылығы көп. Өйткені адам өмірі секундтардан құралады. Сол секундтар арқылы өлшенетін адам өмірінің жауапкершілігін жан-жүрегімен ұғынатын дәрігердің қателесуге ешқашан да қақысы жоқ. Өмір мен ажал арпалысы секундтармен есептеледі. Ажал деген пәлекет талай пендені қапияда әкетіп өмір тіршілігін жаудай солдыраудан кенде де емес. Сондықтан дәрігерлер адам жанын арашалаудағы қас қағымдық уақытты да қатты қадір тұтады. Онсыз да адам баласының әрбіріне үш тоннадан жарылғыш зат келетін қауіп-қатер кезеңінде, дүние қыл үстінде тұрған шақта пенденің бақытын, махаббатын қорғайық! деп Талғат дүниеге дауыстағысы келетін-ді. Әрбір сырқаттың жан қиналысы жас дәрігер жүрегін шымырлататын еді. Сөйтіп, әдеттегідей өзінің сырқаттарының жәй күйімен ертеңгіліктегі сағат онға бес минут қалғанда танысып үлгерді. Осы кезде бір сырқаты:

Дәрігерім-ау, сізбен оңаша сөйлесуіме бола ма, -деп өтініш етті.

Жарайды, -деп Талғат келісім берді. Содан кейін екеуі сыртқа шықты. Бұл ертеңгі сағат 10.

Таза ауаны ұнатам. Маған сыртқа шығуға бола ма? – деп сұрады сырқат Г. Ф. Чемако алдымен.

Таза ауаны кім жек көреді. Далаға шығыңыз, бірақ көп жүріп қалмаңыз, -деді дәрігер. Сырқат содан соң біраз қипақтап тұрды да: “Әкземадан біраз мехнат шектім. Біреулер осында емші кемпір бар дейді. Соған қаралуыма қалай қарайсыз?» – деп жауаңдай сұрады.

Талғат оның жүзіне сескене көз салды да:

Оу, медицинаның құдіреті жетпеген іске емші не істемек. Рас сынғанды, шыққанды салатын сынықшы болады. Ол кейбір адамның шеберлік қасиеті. Ал, басқа ауру, сырқауды емдеу ешкімнің қолынан келмейді, -деді де ойға шомды. Қазақта “күйгеннің қайғысы сыртында, бақыты ішінде”, деген сөз неліктен айтылған. Кейбір тері ауруларын күйдіру арқылы емдеуді қолданса қайтер еді.

Қазір медицина сиректеу болса да сигарет тәрізді күйдіргі препарат арқылы емдеудің кездесіп қалатынын естіген-ді. Оқығаны да бар. Ол үшін экземаның пайда болу себептерін, нерв жүйелеріне қарап байланыстылығын егжей-тегжейлі зерттеп алған жөн. Дегенмен ойланатын нәрсе. Ғылымда шек жоқ. Талғат сырқатының жүзіне мейірбандықпен қайта қарады. Сосын көше бетке көз салды. Онысы іштей Әлима келіп қалар ма екен, деуі-тін. Кешегі кездескенін қайта есіне алды. Медсестра Люба Купееваның туған күнінде болғанын ағынан жарылып айтып берді. Оны әзілге айналдырған Талғат:

Туған күн салтанатына менсіз баратын болғансың ба? – деді. Әлима біртүрлі қысылып:

Кілең қыздардың ішінде жалғыз өзің қалай соқайып отырасың?

Солай ма еді. Қайдам, жүрек пен тағдыр кейде бөлек-бөлек жүріп кете ме дегенім ғой. Онсыз да менен бөлініп Шымкенттің формацевті институтына оқуға түсіп кетіп қалмақшысың. Онда менен де жақсы жігіттер кездесіп қалар, а?

Шын қызғанасың ба?

Сүйіспеншіліктің алтын тіні – қызғаныш деседі. Жә, оған дейін шарт былай. 30 августа туған күнің екен, оны некеге отырумен атап өтеміз. Сосын оқуға қарсылығым жоқ. Солай ма?

Солай. Бас қайда қозғалса, мойын солай жылжиды, ер – бас, әйел – мойын деген, айтқаныңды мақұлдадық, – деп бүгін ертеңгісін соғамын деген. Жаңағы алаңдай қарап сүйіктісін іздеуі сондықтан еді. Талғат қызғанамын, дегенінде Әлиманың: “Жүрек әркімнің алдына жаяр дастархан емес” деп айтқаны да ойына оралды. Адамның махаббаты тастан – берік, гүлден нәзік болатыны несі екен. Сол бойда Талғат адал жар туралы ойлады да кейде жүректің жануы қатты боп, кей жағдайда сууы теп-тез болатыны неліктен деп қайран қала күбірледі. Демек жүрек көзден де көреген. Ендеше Талғат жүрегі неменеге тыпырлай соғып, қатты қобалжи бастайды. Сағат оннан онбес минут осылай толқумен өтті.

Бірақ, бұл кезде Талғат диспансерге таяқ тастам жердегі станция подвалында сантехниктер Р. Геппард, А. Торапов, Ю. Вашечкин, Н. Высоцкийлердің жанталасып жүріп ағып жатқан суды тоқтатпақ әрекетінен бейхабар болатын. Бұларды Талғат бір қалада тұрса да көріп, білген де жоқ. Қажет десеңіз жүздеріненде танымайды. Әйтеуір, тіршіліктегі теңдесі жоқ адам деген атқа ие жандар. Ерлік деген кең ұғымға сиятын ар-ождан, адамгершілік намыс иелері болатын-ды. Талғат Құсайынов өзінің сүйікті жазушысы Баубек Бұлқышовты көп оқитын еді: “Адам ұлы адамша өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын! Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз да! Өмір үшін күресте біз өлім дегеннен сескенуден жиіркенеміз!

Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Өлім әртүрлі болады; біреу суықтан өледі, біреу қыз үшін қырқысып өледі, енді біреулер аурудан өледі. Ал естігеніңде үлкен құрметтеп, бас иетін өлім де бар! Ол – майданда ерлерше өлу!”. Ал, Талғат әлгі сантехниктердің орасан апат алдындағы арпалысын сол бойда сезген де жоқ еді.

Сағат он жарымда сантехниктер жер астында арпалыста болатын-ды... Су тасқынын тоқтатпақ мақсатында әуелі трубаны екі жағынан бекітіп тастады. Содан кейін жанталаса жүріп трубаның ортаңғы тұсын ашады. Арнаулы тетіктер іркіліссіз істеп тұрады. Трубаның ортаңғы тұсы ашылысымен қысым молайып кеткен-ді. Бейне шың құздан құлағандай екпінді су тасқыны өлшеусіз. Оның үстіне сумен қоса көмірқышқыл газы тарап үлгерді. Сегіз метрлік жер асты подвалды ілезде улы газ қамтып алды.

Трубаны қайыра бекітпесек қырыламыз, -деп А. Торапов жанталасты. Суды кеше отырып ілгері ұмтылды. Трубаның екінші басына жете бере омақаса құлады. Көз алдында дүние екі түсті бояу: су, қып-қызыл өрт елестеді. Соңғы минуттарда “труба... «деген сөзді ышқына айқайлауға дәрмені өзер жетті. Оны сантехниктер үшеулеп сыртқа шығаруға әрекеттенді.

Көмір қышқылы газының иісі тым күшейді, - деді буындары дірілдеген Н. Высоцкий.

Қырылып қалмасақ... қайткенде де трубаны бекіту керек, - деді Г. Гоппард.

Сегіз метрлік темір баспалдақпен жоғары көтерілу, оның үстіне Тороповты кезек-кезек арқалау сантехниктерге оңайға түскен жоқ. Ажал мен өмір арпалысы осылай басталған-ды. Малмандай су, оның үстіне организмді жайлап бара жатқан улы газ; біртүрлі ұйқыларын келтіріп қалжырата бастады. «Қазір рахат дүние басталады... дем ал, мызғы... көзіңнің шырымын алшы, шаршадың ғой» деп жұп-жұмсақ алақанымен маңдайларынан сипап өзөзіл басқа дүниеге жетелейтін тәрізді.

Сегіз метрлік темір баспалдақ үреймен әлсірегенде басы жеткізіп болмайтын шың құздай көрінді. Сонда да жанталаса жылжыды. Енді бір метр, жарты метр... сантиметрлер... одан әрі таза ауға ілігер еді. Өмір жалғасады сосын. Сол секундтарда сантехниктер тек қана өмірлерін сақтау жәйлі ойлады. Жанталаса күресті. Темір баспалдақтан далаға басы шығуы мүмкін екен Ю. Вашечкин де түбірінен қопарылған теректей теңселе құлады. Есінен танып көз алды қарауытып бұ жарық дүниеден баз кешкендей болды. Гоппард пен Высоцкий оны сүйеп қалмағанда құдық подвалдың далаға шығар аузынан шыңыраудың түбінен бір-ақ шығатын еді. Сөйтіп екі сантехник есінен танды. Әлділік танытқан қалған екеуі оларды далаға әзер шығарды. Бірақ подвалды реттемесе қопарылыс апаты күтіп тұрғаны айдан анық еді. Сондықтан әлгі кірген екеуі қайта түсуге қамданды.

Бұл кезде сағат он бір, күн әлем кеңістігіне біраз көтерілген-ді. Күн нұры теректерге шағылысып жылт-жылт етеді. Баяу жел еседі. Өздері әбден қалжыраған екі сантехник өлімші болған екеуін биіктеу жерге жатқызды. Уһ, деген үндер біраздан соң әзер естілді. Беттері айғыз-айғыз күйе, өрт сөндірген сияқты дерсің. Бұл кезде учаскі бастығы Н. Мураев та келіп үлгерген еді.

Подвалда апат! – деген сөзді естігенде Мураевтың көкірегін аш мысық тырнағандай, қорқыныш билеп

шыдатпады. Подвалға зымырай жөнелді. Елуге тарта баспалдақ оңайлықпен жеткізіп болар ма? Апат алдында бірінің қолын бірі қаға алмайды, қайткенде де бір ұран, бір үн бар. Ол – су тасқынын тоқтату. Сондықтан абырой да, бейнет те, не ажал да ортақ еді. Қол аяқтары жерге тимей қауырсындай ұшып жүрген сантехниктер үрейлі арпалысқа қайта түсті. Қазір өзін тыңдау сезінген, оның үстіне таза ауада біраз есін жинаған Гоппард пен Высоцкий подвалға оқша атылып қайта ұмтылған-ды. Бірақ оншақты баспалдақ төмен түсуі мұң екен. Высоцкий қайратын қайта жоғалтып, есінен қайта танды. Теңселіп барып:

Құтқарыңдар! – деген күңіренген үрейлі үн қатты.

Далаға шық! – деді Гоппард Мураевқа жәрдемдесуге асығып. Есін әлі жоғалта қоймаған Гоппард трубаны жалғыз адам бекіте алмайтыны мәлім екенін де ойлады. Бірақ, қол құсырып қала алмайды.

“Құтқарыңдар” деп құдық ішінен жаңғырыға шыққан үнге Талғат Құсайынов қасындағы сырқат Геннадий Федорович Чемаков елең ете қалды. Адамның ажал аузында көмек күтетінен қымбат үні шыққан жерге екеуі құсша ұшып жетіп келді. Ажал оғы шеңгелін салғалы тұрған; өмірде тірі қалу, қалмауы екі ұшты жағдайда он бірінші баспалдаққа өзер ілігіп сүйенген қалпында ұйқыдағы адамдай Высоцкиді Талғат пен Геннадий далаға сүйреп алып шықты. Бұл сағат он бірге бес минут қалған кез еді. Дәрігерлік көмек тез көрсетілді. Медсестраларға уланған екінші сантехникті тапсырды да подвалдағы адамдарға көмекке қайтып түсті Талғат.

Подвалда лапылдап тұрған көмір қышқылы газына қарамай арпалысып трубаның бір жағын бекіткен Мураев пен Гоппард енді аз секундтардан кейін бұл дүниеде бар жоғын мүлдем ұмытатын еді. Талғат подвал іші соншалық қауіпті екенін де білді. Бірақ жиналып қалған адамдардың ешқайсысы де көрер көзге ажалға баруға жүрексінді, тәуекелдері жетпеді. Өзімшілдік, қарақан бастың амандығын ойлауды танытты.

Кім өлгісі келеді. Өмір бәріне де төтті. Оның үстіне бейбіт уақытта біреу үшін кезкелгені жанын қия ма?

Өмірден оп-оңай өте салу, қатерге бас тігу екінің бірінің қолынан келе бермейді. “Ажалы жетті, тағдыры солай болса қайтеді. Мүмкін өздері аман шығар, -деп салқын қандылық көрсеткен адамдар ұлан-азар, у-шу даурығудан аса алмай-ақ тұрды. “Жедел жәрдем”, өрт сөндірушілерге хабарланып, олар келіп болғанынша қашан! Ал, Талғат жүрегі “адам ажал аузында жатқанда жаныңды қи, көмекке ұмтыласың, құтқарасың апаттан!” деген берік адамгершілік қасиет, адамдарға жақсылық көрсетуге арналған нық сеніммен қанаттанды.

Бұл кезде подвал ішінде улы газ өрттей кесіп түсетін, тым ұлғайған шағы болатын-ды, су да молайған. Аса хауіптілікті сезген Талғат жүректен тесіп өтер улы газдың ішінде тұншығып жатқан Гоппардты тауып алып баспалдаққа сүйрей бастады. Халатын шешіп өзінің арқасына таңып баспалдақпен қинала жоғары көтерілді. Ажал темір шеңбердей кеудесін қыса түсті. Аузын дөмекен таңып еді, сонда да қайрат күші кеміп барады. Оның үстіне баспалдақпен тік көтерілу, адамды арқалап жоғарылау ойлауға, ауызша айтуға ештеңе еместей жеп-жеңіл көрінер-ақ. Ал, сантехниктер бойындағы қажыр-қуатты улап жатқан ауыр жағдайды басынан кешпегендер түк түсінбес еді. Кейде пенде өз басына түскен зіл көтерем қиындықты да ұмытып жатпай ма? Талғат бойындағы адамгершілік, достық қайрат қана өле-өлгенше жігерін мұқалтпаған-ды. Осы оқиғаны көзімен көріп тұрған тірі қалған адамның тебіренбегені аз шығар; жау жүрек ердің адамға деген мәңгі достық сүйіспеншілігінің, туысқандық ықыластығын есінен шығармайтындар да табылар. Өз өмірін қиып, апатқа ұшырағандарды аман сақтаған, өз бақыты емес, өзгенің бақыты жолында қыршын жастығын арнаған оның адамдық қасиеті екінің бірінен табылмас еді. Қалалық, облыстық комсомол комитетіндегілердің мұны елеусіз қалдырып тұмшалап отыруы да сол қасиеттілік өз бойларында жоқ болғандықтан шығар-ау... жә, оқиғаға қайта оралалық.

Содан Талғат Гоппардты далаға шығарған кезде апат болып жатқан жерге жиналған адамдар манағыдан да

көбейген еді. Бірақ, “жедел жәрдем”, өрт сөндірушілерден хабар әлі жоқ. Апат туралы рациялар мен телефондардың қақсап жатқаны қашан! Аяқ қолы дірілдеп тым әлсіз тұрған Талғат подвалда тағы бір адамның қалғанын да айтты. Бәрібір жұрт су ұрттағандай тым-тырыс. Балға үймелеген шыбындай аңтарылып тұр бәрі де, неткен дәрменсіздік. Талғат подвалға екінші қайыра түсер алдында:

Көмектесетіндерің бар ма, жігіттер, -деп адамдарға жанына медет тапқандай өтініш білдіріп еді. Түйенің жарты етіндей, екі беттері қып-қызыл нарттай боп тұрған жігіттердің ішінен жұлқынып төуекел етіп ешқайсысы да шықпады. Бәріде батылы жетпей-ақ тұр. Өмір сүргісі келеді. Көрер көзге ажалға тіке барудан шошынады. Тайсақтайды. Дәрігер досын іздеп еді, көрінбеді. Оның бұл оқиғадан бейхабар екенін сезді. Әйтпесе, досы көмектесер еді. Мына бейтаныс адамдар Талғатты аяп та тұрмаған шығар. Өз жандары өзіне қымбат. Талғат та жанын далаға тастай алмас еді. О да өмірге құштар. Тіршіліктің қызығына жаңа ғана берілген. Өршіл талапты, алғыр ойлы, қыран жүректей жиырма төрт жасын қимады. Оның үстіне уланғандағы өн бойын қозғалтар емес. Сөйтсе де Талғат ауыр істен қорыққан жоқ. Діт қарақан бастың қамын ойлағандар кейін ауыр сөзден қорқарын қаперіне де алмады.

Адамдар-ай! Өзімшілдік, өзін ғана ойлау бізде әлі басым-ау. Мөлшиіп, мөлшиіп тұрыстарын көрдің бе? Аяшулық сезім жетіспей жатады кейде. Әйтпесе, мына тұрған қалын топ түк білмейтін, түк сезбейтіндей сияқтанып мүләйімсіп тұрмас еді. Подалда ажал аузында жатқан әкенің шиеттей баласы шулап: “папалап, жер соғып жетім қалар» деп көмекке тура ұмтылар еді. Сондай жағдайда Талғат та тірі қалар еді. Талғаттың әлсіреп тұрғанын көрді-ау бәрі-де. Жо-жоқ, мына тұрған жігіттерде ар-ұят, намыс тұтанғанша Мураев бұ жарық дүниеден біржола кетер еді. Соны ойлаған Талғаттың бұрын-соңды мұндайды көкірегі сезбеген, құлағы да естімеген алапатты көзімен әлгінде ғана көргендіктен жан жүйесі шыдамай балқып барады. Қорқыныштан да денесі қалтырады. Дегенмен шиыршық

атып, соңғы қайратына мінді де байырқап тұра алмай подвалға қайта түсті. Жұмырығы түюлі, әлдекімге кіжіне ме, қалай? “Жақсылық қолыңнан келмесе, жан екен деме” – деген осындайдан қалса керек. Адамдар-ай, жалғыз неге жібердіңдер? Адуын газ апаты күйретіп жатыр ғой. Талғат бәрібір алған беттен қайтпады. “Айналайын адамдар сау бол!” деген ақырғы сөзін де айта алмай, денесін буған ыза болаттай ширатып жіберді. Қос қарашық жарық дүниеге жай оғындай соңғы рет жарқ еткендей болды. Өкшелеп келе жатқан ажал бұ жарық дүниеден біржола үмітін үздіріп қара жер қойнына әкелетін ешкім де білген жоқ тәрізді. Әркімнің жаны өзіне тәтті боп қалғып-мүлгіп, қалт-сұлт еткен қарақарғадай қаптаған адамдар оның соңғы сөзін де ести алмайды. Қорқақтардың айқай-шуын да енді Талғат естімейді.

* * *

Осы кезде облыстық прокурор Үмбет өзінің шәкірті, тергеуші Серік Хайруллин мен орынбасары Соколов Николай Иванович үшеуі бір жемқордың ісі туралы кеңесіп отырды. Үмбет істі әлі де тексере түсуін ұсынды. Адам тағдырында заң қызметкерлерінің сәл жіберілетін қатесі жұртқа тез тарайды да, бір құмалақ бір қарын майды шірітетіндей әділ заңның парқына нұқсан келеді, деді. Үмбет сол бойда енді біраз он-он бес минуттардан кейін баласының халсіз, есінен айырылып ауруханаға жеткізілгенін айтып телефон соғылатынын қаперіне де алған жоқ еді. Қаңғыған құйындай ажал алапаты бар қасіретімен Үмбет шаңырағында үйіріліп тұрып, қасірет тұнбасы ата-ана, бауырлардың жүректерін шымырлатып ананың сыңсып жоқтау үніне ұласарын кім аңғарады. Темір шоқпардай қайғы-мұң жан-жүйелерін біржола езерін ата, ана бұрын-соңды көрседе, іштен шыққан перзентін жоғалтам деп ойлап па?

Мәлдір бұлақтай ақ пейіл махаббаттың таза сезімі мұз құрсауға айналарын, жас жүрегі қайғының шерлі мұңына батарын қалыңдығы Әлима да білген жоқ. Қасірет сызы

көкірегінде жалғыздық зарын шегіп қала ма? Жалғыздық!
Қандай қорқынышты, сұмдық үрейлі естілер еді...

* * *

Талғат халатпен Мураевты арқасына таңған-ды. Өзінің көйлегін сыпырып алып әр баспалдақтан тартуға, қолымен және тісімен жанталаса қайрат көрсеткені; баспалдақтың орташенинен асаәбденесінен таңғанын біліп, екі қолын шандып байлаған күйі асылып тұрғанынан өрт сөндірушілер алып шықты. Бірі орыс, бірі қазақ еді. Екеуі де ессіз ауруханаға әкелінді. Адам тағдырын, халқымыздың жанымен біте қайнасып жататынын ұғынған, патриотизм, үлкен жүректі Талғаттың адамдық ұлы есімге төн ерлігін көру қандай мәртебе! Егер ажал деген пәледен дәрігерлер де үміттен ныспы құр емес болатын-ды. Бірақ, ол сенім, ол үміт мүлдем кешең қалған-ды. Екінші күні Мураевтың ғана денесіне жан бітті. Талғат есін жия алмады. Үміт үзілді, шырақ сөнді. Үмбет қара шаңырағының жұлдызы ағып түсті. Сол ерлікті жасаған күйінде Талғат бұ жарық дүниеге қайтып оралмады.

Адамға ажал аузында тұрғанда әрбір минут тіршіліктің қымбат екенін ұқтым. Талғат менің өмірімнің жолында мерт болды, оған мәңгілік қарыздармын! Өмір қымбат адамға, -деп Н. Мураев сол апаттан қаріп-қасір боп аман қалғанын, өзіне өмір сыйлаған адамға мол қарыздар екенін көзіне жас алып айтады.

Талғат өзіме ғана емес, бүкіл жанұяға атар таң, жарық күн, өмір тіршілігін сыйлағандай сезінем. Бір адамдар болады өзі үшін емес өзгенің бақытына өмірін арнайтын. Талғат Құсайынов сондай жан еді, -дейді Р. Геппард.

Басым жерге жеткенше Талғат есімін қадірлеп өтем, мен Талғаттан адамдарға тек қана жақсылық істеудің қажет екенін үйрендім, оған деген қарыздылығымды бұ дүниеде өтеуім қиын, -дер едім ажал апатынан аман қалғандардың тағы бірі А. Торапов.

Адамның адамға түсіретін сәуле нұрына мысалды Талғаттан іздеуге болар еді, өттең ол біздің өміріміздің жолында құрбан болды, -дер еді Ю. Вашечкин.

Орны толмайтын Талғаттың қазасын олар есіне осылай алса, “адамдар-ай, бөріңе де ғашық едім!» деген тәтті ойын да айта алмайды-ау. Талғат деп жүрегің тебіренеді. Жарқын келешекке қол созған шағында асқақ өмірге құлаш ұрған таланттың қанаты біржола қырқылды... Тағдыр деген соншалық қатыгез боларсың ба! Бірі орыс, бір қазақ боп апатты жеңіп барып істі жақсылыққа бастағанда кездейсоқ жаманшылық ынтызар көңілді су сепкендей басты да ғайыпқа айналды. Сөйтіп, Шекспирдің бір кейіпкері айтқандай “өмір-ұшқыр көлеңкеге» ұқсап кете барды. Туған жері Ақтөбеден мәңгілік мекенін тапты. Бірақ ерлік өмірді Арқалық қалалық басшылары бүгінгі ұрпаққа үлгі етер болар еді. Емірене еске алатындай жағдайларды ұйымдастыруға болар еді. Байлық баянсыз, ерлік жарық жұлдыз дер едің.

Бізге жоғары жақтан ешкім ештеңе деген жоқ, -деп тірліктеріне, ас ішіп, аяқ босатқандыққа мәздік танытып күмілжиді. Олардың осындай өрескел ісі, дәрменсіздігі, жалтақтығы, ауызбен айтуға тіпті де арланар едің. Көз алдарында адам ерлік жасайды, оны атауға бата алмайтын қаншалық бейшаралық десеңізші! Бұл ерлік даңқын аяққа басу екенін басшылық білмей отыр дейсіз бе! Олар да дәрменсіз. Оларға да жоғары жатқан біреулер айтуы, нұсқау беруі керек. Дүниеде өзіндік пікірі, өзіндік ой шешімі жоқ адамның басшы жұмыста жүруінен қатерлі нәрсе жоқ шығар. Таққа масаюдың масқаралығы кешірімсіз. Ондайлар өздері адасқанымен қоймай өзгені де адастырады. Осындайдан үлкен адамгершілікке де дақ түспесіне кім кепіл. Облыстың екі рет тарауы да ерлікті қадірлемейтін ездіктен емес пе?

* * *

Жұлдыздар із тастап ағады. Менің көз алдымда ағып түскен жұлдыздай қыршын Талғат. Қаншама айлар, күндер, жылдар жылжып өтсе де Талғат Құсайыновтың жұлдыздай жымындаған адалдық ерлік бейнесі бір сәтке де аласармай, қайта жыл өткен сайын биіктей түсетіндей көрінеді. Адам болған Адамдар есімі асқақ қой қашанда!

Мен соған сенемін. Ерліктің ерте ме, кеш пе елеңдететіне сенемін! Арқалық қаласы адамдардың қан мен терінен тұрғызылды. Аяғынды аттап басқан сайын: “Абайла, аруақтан қорық, біздің теңдесі жоқ даңқымызды ұмытпаңдар”! – деп тірілерге үн қататындай сезінеді екенсің.

ХАЛЫҚТЫ ЖЕГЕН» ҚАҚАЛМАЙДЫ»

Фельетон

Жиырма жылға жуық бірін-бірі бағалап, рыноктың осал тұсын сағалап, балталаса да ойын бұздырмайтын, ерегесе шаруа жұмысын қыздырмайтын, төрдегі төртеуі де түгел, ауыздағы алтауы да абыройлы Электрин, Сусоғар, Пәтербайлар мен Көтербайлар ойда жоқта құпия кеңесті. Кеңескенде не десті? Өздерінен жасыратын сыры жоқ, байлықты басқарудың жыры көп. «Тар жерде тамақ жегенше, кең жерде таяқ же» деп біледі. Сосын қызыл әміршіден ығысып отырдық, жағымпазымен жұғысып отырдық, оның несі мін деп күледі. Күлкі – барлықтың белгісі, алғырлықтың сипаты.

– Біздің атағымыз әлемде дырдай, өтірігіміз де шындай, қызметіміз пұлдай, мүмкіндік болмайды мұндай. Аузымыз ашық болса, байлық қашық болады, табысымыз қылдай, беделден боламыз жүрдай. Сондықтан өзгені неге тайраңдатамыз? – деді бәрінің «шатыры» атанған, жырынды қулықтан бата алған Монополи Басқыншин. – Жұрт миллионер болып жатыр, есебі белгілі толып жатыр, әлем қол соғып, оңып жатыр, етегіне кім намаз оқиды, шет елге қашқан ұрылардың жолы жатыр. Дегенмен, кім о дүниеге қаржы арқалап кетер дейсің, армансыз боп өтер дейсің біз болмасақ миллиардер Машкеевичтің әлемдік атаққа қолы жетер ме еді? Жә, біздің даңқымыздың жолы мүлдем бөлек, әлемде жоқ, тез іске асырсақ...

– Оған тақсыр қандай амал керек? – деп Свет Электрин артына біз қадалғандай жыбырлады.

– Тоқтат сөзіңді, бу өлшегіштің мыңмиллион сырын білмейтін неме? Амал сұрайсың, кінәсізбін деп

кіржіңдейсің, ісіңе жараспайтынға сөйлеп таласпайтын шығарсың. Бу өлшегішің зырлап тұрса, электр қуатын пайдамызға ұрлап тұрса, әлдеқашан әлемде сирек кездесетін ескерткішті орнатар едік. Мына аэропорттан Астанаға кіреберісте Аспан мен Жерді ажарға бөлеп тұрса жанымыз жай табар еді, – деді Монополи Басқыншин үнемі аяз боп тұратындай қалың қабағын түйіп.

– Ескерткішке жетерлік қаржы бар ғой.

– Бар деп есің дұрыс па, жоқ деген жарастықты сөз аузыңа түспей ме? Халықтың 57 пайызы кедей дегенді естіп жүрсің. Америкада бір айлық жалақыға 5200 литр жанар май алуға жететінін Бензинбайлар жақсы біледі. Сондықтан үкіметке» жоқ», «жетпей жатыр», «жаңа технологияға қаржы керек», қаржы болмаса қолымыз байлаулы, табыс табуды қойдық ойлауды, бала-шағамыз бар еді, айлығымыз аз, пәтеріміз тар еді дей бермейсіңдер ме? Мына Сусоғарда жұмысын оқсатпай отыр, – деп Басқыншин гүрілдек даусымен гүр етіп еді. Сусоғар міңгірлеп дір етті де:

– Суымыз су болмай, бу болып кетіп есептен шатасамыз, есеп-санымыз шындық таппай бу ішінде адасады, баға өскен сайын мыңдап, миллиондап құйылатын кіріске көз ілеспей сасып қаламыз, – деп сылтауға саңылау іздегендей болды.

– Ескексіз қайықпен теңіз кешетін неме, есі-дертің сылтау іздеу екен, – деді Басқыншин Сусоғарға қатулана қарап:» Аспандағы теп-тегін бұлттың буын дұрыстап есепке кірістеп алмайсыңдар. «Тұтынушының жағдайын ойлап аздап баға көтереміз, көмір қымбат, жағдаймыз тым мүшкіл, ит қырылған жылдан бергі (1955 жылды айтам) бергі жабдық ескірген» деп жорта жыламсырауды ұқпайсыңдар. Үкімет не айтса, соны жайбарақаттықпен құптайсыңдар. Обалдарың өзіңе, шашылып жатқан судың мөлшері көрінбейді көзіңе. Әр адамның суды тұтынуы мың литр депсіңдер, оны басшылық білсе көпсінер. Да, тамаша қулық бір нолін қате кеткен деп сызып тастасаңдар, әлемде суды аз және ұқыпты пайдаланатын ел болып шығамыз. Мұны олжа деп ұғамыз, байлық деген нолдерден құралады.

Кім бөліспей, сыбайласпай тұра алады. Все нормально! Мына Көгілдір Газды қолдарына ұстап отырғандар ханға сәлем бермейді. Сусоғарлар қардың суын да есепке алуды білмейсіңдер. Теп-тегін байлықтың көзін көрмейсіңдер. Это, плохо.

– Ұмытып барады екенмін, халықтан жиналған қаржыны жамбасқа басып игілікке жаратпай, жын-жыбырға таратпай, былайша айтқанда ресторандарда той-томалақ өткізуді қою керек. Оданда автокөлік кәсіпорындарының басшылары халыққа қызмет етуге деп өздері байудың мақсатында жеке меншік автобустарын жібергені өте дұрыс. Сендерде жеке-жеке су мекемелерін ашып қаржыны қалтаға басып шіреніп жүрмейсіңдер ме? Біз жұмыр жерде бұрын-соңды болмаған ескерткіш орнатамыз деп сүрініп, жығылып жанталасып жатқанда үлес қоспай қос-қостан шет елдің ең қымбат көлігін міну не теңдерің? – деп Басқыншин жүзінен арқаның аязындай ызғарды шашып жіберді. «Айтпақшы, ескерткіш көкте, былайша аспанда тұғыры жерге тимей Күн жарығымен құбылып дүниенің төрт бұрышына көрініп тұратын сәндік жобасы бар. Ескерткіштің қара бояулы бөлігіне елден қашқан әлемдік ұрыларымыздың есімдерін жазамыз. Ауылдағы жемқорлардың аузы сасық, тізімге кіргізбейміз. Оны басындағы шет елдің қалпағындай біліп қойыңдар. Күлесіңдер, өзімізде қалпақта шығара алмағанға арланып күлесіңдер ме? Олжа құған жемқорда ар болмайды деген мәтел естеріңе түсті ме? Сонымен аты да белгілі ескерткіштің төрт қырының біріншісіне» Басқыншы!» орышпаны ұмытпау керек, төрде тұрмаса обал болады, «Монополис» деген жазу тақтаға да, ауаға да газ арқылы жазылады. Ағылшын, орыс тіліндегі басқа жазуларды жасанды жер серігі сықылды жабдық сүйретіп жүреді. Ақылды жабдық қазақ аспанындағы космостың толып жатқан қалдығы, қоқысынан сақтанады. Бұл жабдықтың өткір жарығынан Күн сәулесі де ұялатын болады.

– Дұрыс екен.

– Әлемде теңдесі жоқ құдіретті іс екен, – деген кезде Басқыншин маңғаз кейіпте:» Давайте, жолдастар, Пре-

зидент кедейсіз ел боламыз деп халықтың айлық табысын көтере бастағанда нетүрлі қулықпен қаржыны малынан қамтып қалайық. Халық қанағатшыл, нәпсісінен тиылған-сұлтан болар деп бәрі де аз-кем айлықты азсынбайды, көбінің қоңыржай күйлері бар, ал, ауылдағыларды бір-екі сиыры асырап отыр. Көбінің басында үйлері бар, байлықтың машақатынан сақта деп ой түйгені бар. Осындайда әртүрлі себептен кәдімгі қолүздіктей байқаусыз алғанға ешкімнің үйі құлап қалмайды. Кедейлердің мұң-шерін ойлап, осылардың орташасы көбейсін демей миллиардер атанып жатқанда біздікі ескерткіш орнату игілікті іс. Бұған жалтақтап, науасыздық танытпау керек, үкіметтің қамқорлығы күшейген науқанда өз пайдамызды ойлаған қылмыс болмайды. Ана жабдықтығымына жабдықты жаңартамыз деп қақсай берсек, ондай құралдарды кім тексеріп жатыр. Иығымыздағы бас не үшін керек, алдымен қадам аттаған сайын пайда табуға жаралған. Ақыраяғында тарихта қайырымсыз миллиардердің аты қалмас, біздің ескерткіш капитализм құлап тыныштыққа бөленген жұмыр жерде азаматтық қоғам орнағанда, «Каз-телеком» да шаңымызға ілесе алмайды.

Құрметті оқушы, бұл тосын оқиғалы жиынның мәнісіне түсінсеңіздер, Басқыншиндердің (монополист) жымысқы істері қалай өрістерін, қалта қағудың қандай амалын жүзеге асыратынын ұзақ күте қоймассыңдар. Естеріңде болсын, жұмыр жерде демократияшыл ақыл айтқыш Америкада өткен отыз жылда қоғамның тоқсан тоғыз пайызын құрайтын төменгі табыс алатын халқының табысы бар болғаны он бес пайызға өссе, алпауыттарының табысы 150 пайызға, шектен тыс байларының табысы 300 пайызға өскенін Басқыншин есіне алып, Америкаша боламыз деп жүрмесін. Ондайды қазақ елінің жағдайы көтермей ши шығарып алса, мысқалдап жинаған абырой, шелек-теп шашылып кетер. Баға жөнінде жұртқа күлкі болмай тұрғанда бағдарды түсінгілерің келсе, әлемдік рыноктағы Бензинбайдың бағалану қимылын байқасаңдар жетеді?..

«ДӨНДЕГЕН ҚАРСАҚ ҚҰЛАҒЫМЕН ІН ҚАЗАДЫ»

Памфлет

Бұл сөз Сергей жалғыз саған арналған сөз емес, көре алмаушы қызғаншақ, өтірік, өсекші аз ба? Көре алмаушының күні қаран деген қазақ. Ондайда жетіп артылар мазақ. Күншіл жетерлік, кейбіреуді мұқатқан сайын еліріп есіре беретін сорлы арамзаның аузында тиек жоқ,, бытып-шытып ұрынбаса іштен тынып өлердей сезінеді, кісіліктен совсем безінеді. Және бар ғой тырнақ астынан кір іздеуге шебер келеді. Сергей Кожеминнің аузы, мұрыны қисаймай» Қазақстанды украина жолына кім бастады, деп жұқаруын қарайгөр. Есектің миын жемесең Украина мен Қазақ елнің саясаты жер мен көктей екенін әлем білгелі қашан. Сонымен Сергейдің көкірегін күпті етіп тиісуі Алаш көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқайға Қызылорда қаласында ескерткіш орнатуы себеп болыпты. Сен ойлағандай Мұстафа фашистерге қызымет еткен жоқ, Гитлершілердің сеніміне ие болған Исаев (Штерлец) сықылды Мұстафада фашистерге қызмет еткендей көрінді. Исаевтың да, Мұстафаның да түпкі мақсаты Отанға, халқына қызмет ету болды. Оған дәлел тұтқын мұсылмандарды шешіндіріп сүндеттелген болса газ камерасында бірден өртеп жатқанын көріп, мұсылмандар да сүндеттелетінін айтып талайды ажалдан алып қалды. Концлагерлерде жүріп жүздеген қазақтарды Түкиядан азық, түлік қару, жарақ дайындауға деп бостандыққа жіберді. Білімді, қайратты қазақтарды қорғап елге оралуына қызмет етті. Солардың бірі Ерғали Мұқанов:» Мұстафа Шоқай 28 тұтқынды іріктеп, Жерорта теңізінің маңында фашистердің ДЗЛ-тын салып жатыр Сол жерге жұмысқа деп барасыңдар, бақылаушылардан амалын тауып қашып шығып сол жердегі п француз партизандарына қосылыңдар. Оларды сендіру үшін интернанацалды әндетіп орындайсыңдар» -деді. Сөйтіп француз партизандарына қосылып фашистердің соғыс ұяларын талқандадық.

-Полша жеріндегі фашистер лагерінде едік. Бірде лагер қожасының қасындағы Мұстафа «Түркістандықтар. Мұсылмандар бөлек шығындар?» деді. Бес жүздей адамбыз, оның біразы аштан өлді Содан күндер өте Мұстафа Шоқай Италияның лагеріне жеткізіп;» Қайткенде де аман қалуды, түрлі амалмен елге жетуді ойлаңдар. Мүмкіндікті ақылға салып жеңіңдер, -дегені есімізде. Ақырында елге аман келдік қой, -деп Ойылдық Ахметбек Хасенов ауыр күрсінетін-ді. Сергей түсіне білсең мұндай ерлік Отанын, елін, ұлтын сүйгендік деп айтуға дәтің бармай ма, қалай? Тағыбір мысал, Мұстафа Шоқай 38 қазақты Қызылқоға ауданының территориясына түсіртеді. Оларды аудандық НКВД бастығы Құбай Берғалиев ұстап тергейді.. Олар осы өңірдің әр жанұяның жалғызы, кейбірі студенттер майданға сұранып кеткендер екен. Жауаптарында:» елге жеткесін ешбір зұлымдық, қылдай қиянат жасамайсыңдар, -деді Мұстафа Біз шпион емеспіз. Ал осындай 515 тұтқын қазақтарды Норвегияға шығарды, олардың көбі елге оралды. Мұстафаның айтып тауыса алмайтын жақсылықтарын ішің күйсе тұз ажалап алып Мария Шоқайдың» Менің Мұстафам» романын оқыңыз Сергей жолдас. Сода фашистерді қалай әшкерелегінен де түсінесіз. «Өркениетті халықпыз дейді, концлагердегі ашыққан адамдар өлген адамдардың ақпе, бауырын суырып жеп жатқанынан артық әлемде зұлымдық бола ма? -деп басталатын хаты гитлершілерге жазған:» Сіздер, немістер, өздеріңізді «Еуропадағы ең мәдениетті адамдармыз» деп атайсыздар. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргенім болса, онда мен сіздерге де тұтқындардың шеккен адамзат тарихында болмаған азабын көруіңізді тілеймін. Сіздер ХХ ғасырда өмір сүріп отырып ХІІІ ғасырдағы Шыңғыс ханның жасаған зұлымдықтарынан да мыңсан есе асып түстіңіздер. Мәдениетті халықпыз деп айтуға қақыларыңыз жоқ, -деп жазыпты. Мұстафа Шоқай. Бұл хатты оқып шыққан неіс шендісі Алаша ардагері Мұстафаға:» Пікіріңізді өте ауыр айтыпсыз, бұл артықтау емес пе?! – деп сұрайды. Оған Мұстафа қаймықпастан:» Егер сіздер осыған байланысты маған

ату немесе асу жазасын берсеңіздер де қарсылығым жоқ. Мұндай қоғамда қызымет етіп өмір сүргеннен гөрі өлгенім артық. Лагерлердегі асқан зұлымдықтарды көріп жүріп тіпті де өмір сүргім келмейді, бірғана мысал өзіннің аяғына екі-үш размері кем бөтеңке кигізіп жүргізсе, немесе ұсақталған аяқ үстінде жаланаяқ билетсе, ол аздай-ақ газ камерде тірідей өртесе одан асқан зұлымдық болады дермедің-деп жауап береді. Фашизмді әшкерелеген мұндай хаттарын гитлершілердің басшылығына да жіберді, бір данасын сүйген жары Марияға да жолдаған екен. Ендеше Сергей Кожамиякин бір сәтке болса Мұстафа даңқына жөнсіз тиісуіңді, пасық пікіюріңді миыңнан ысырып тастап, Мұстафаны Укринадағы Степан Бандерамен салыстырып» Қазақ елі Украинаның кебін киеді» деген сөзіңді халықаралық сотқа берсек обалың болмас еді. Егер жағың қарысып қалмаса ежелден жерін жерлеп, суын сулап, бір үзім нанды бөіп жеп тату, тәтті отырған Украиндар мен орыстардың қиян кескі қырқысуын Парошенко тоқтатуы үшін ұлттар достығы қалыптасып әлемге үлгі болып отырған Қахзақ елінің саясатынан үйтрен деп айтып көрмейсіңбе. «Правда» газетінің Қырғыз еліндегі тілшісі Сергей Кожемякин сайтында жазыпты, дұрыс ақыл деп Порошенко тыңдай қойса? Байқа, өзіңе шованистік жолды сызып алып жөнсіз ұрыншақтықпен атағымды шығарамын деп ар шыңынан құлдырап құлап ж. рме, Сергей жолдас... Тағыда айтам Мария Шоқайдың» Менің Мұстафам» романын оқысаң Мұстафа Гитлермен сыбайлас болды ма, әлде соғыс тарихында фашизмді әшкерелеушінің бірі болды ма, түйсіз емес шығарсың түсінуің әбден мүмкін, Сергей жолдас түсінбесең қазақ айтқан күншілдің күні қараң, ұрымшақтың түрі жаман дегенді түсін түсінбе өзін біл.

АҢСАУ АРМАН

-Әкем келіп қалар, -деп Айзада күнделікті жұмыста жүрсе де елеңдеп қуанышты хабарды күткендей болатыны, әйел жүрегінің сағыншпен елжіреуі мына бір оқиғаны есіме түсірді. Ойылдықтар бас қосу дейсің бе, ойын, той

дейсің бе, өнерлерін төгілдіргенде» Кәмила» әнін де шырқаушы еді. Осы арқылы мұң, шердің ортақтығын елететкендей болушы еді. Ән сөзіндегі аласапыран толқын көптің көңілін босатады.

-Бұл ағамның көкірегінде кеткен ғашықтық зары ғой, -деп шүйкедей кемпір әлі күнге бейуақытта есік тықыр етсе, ұйқысы шайдай ашылып кетеді. Ұл өсірді, қыз өсірді, бәрі де шаңырағын көтеріп маңдайына жазған өмірлерін өткізуде. Өзектері талған жоқ, киімдері жыртық болған жоқ. Заман солай, әркім өз қара басының қамын ойлаумен тынады. Жібектің ұрпағына өкпесі жоқ, өзегін өртейтін қайғысына өзге ортақтасқанда не бітіреді. Адамның ішкі сезімі өзінікі. Қайғыра ма, қуана ма, өзінің сыпа басы көтереді. Жаратқан Ием пендесіне өлшеусіз өмір бермеген, сол тірлігін соғыс қырғыны зая қылса, оның қайғысы ұмытылар ма? Жібектің тырс еткен дыбысқа бола апыл-ғұпыл жүгіріп есікке жететіні:

-Қарындасым, мен ғой.

-Кім?

-Әлкен, Әлкенмін!-деп туған ағасы үн қататындай алып ұшатыны дағдыға айналғаны қашан! Қаншама айлар, жылдар өтті. Ағасын ойласа, түсіне енсе жүрегі өрепкіп, ішкен асы бойына сіңбейді. Кең жайлауда қой бағып жүргенде Әлкеннің «Кәмила» әнін дала сахнасынада еркін шырқап мауқын басушы еді. «Қосбармақ» мекенінде ағалы, қарындас жүгіріп жүргендей елес беруші еді. Жібектің үні ауаға тараған сайын көңілін көтеріп желпінуші еді. «Көзіме бір көрінші, аға!» деп Аллаға жалбарынып, талай өтілін білдірді. Жә, Жібек ақыл-ойға қаншалық пайымды болса да, үмітін үзетіндей жетпіс жылға тарта уақыт өтсе де, ең болмаса бір хабар күтуден шаршаған емес. Жібектің жандүниесінің қопарылысын аңғарып отырған шығарсыздар. Әкелеріміз бен аналарымыз талай бас қосуда шырқап кететін «Кәмила» әнін шығарған 1942 жылы дүниежүзілік екінші соғысқа етек, жеңін сұғынып жеңіспен ораламыз деп кеткен Әлкен Байпақовтың туған қарындасы Жібектің жан тебіренісі. Бүгінде ең болмаса моласын көрсем деген аңсау арманмен ұласып жатты. Пешенесіне жазаған азап-

ты қайыспай көтерсе де қабақ шытпай сарғая күтіп еді. Қанды ауыз қырғын тілегіне жеткізбеді. Сүйіктісі Кәмила да жүрегіне түскен алғашқы махаббат отын басы жерге жеткенше есінен шығарды деймісің. Дүниеден өтерде де екі иығына екі кісі мінгендей тұлғалы Әлкен елес берді ме екен, кім білсін?

Рас, Кәмиланың әкесінің Әлкенге рахымы түспеді, 1928 жылғы байларды тәркілеуден мал, мүлкін ағайын, туысына бөліп беріп жанын сақтаған әке:» төрдегі басым аман тұрғанда, есіктегі жалшыма қыз беріп, ризаласып не болғаным!» -деп маңайына жолатпады. Ғашықтық дертіне шалдыққан Әлкен салқар көштей өлең жолдарын қалдырды.

-Өзі өлседе, ағамның сөзі жұрт жүрегінде қалғанына жұбанамын, адамға бауыр қымбат екен, бауыры бардың төрт құбыласы тең екен, -деп Жібек көзін сулап, күрсініп қояды да Әлкеннің ақ қағазға мөлдіреп түсірген өлең жолдарын оқиды:

Хат жазғанда сары карандаш қолымда,
Мен қалдым ғой қасіреттің соңында.
Әліде болса жас жүректі қуантсаң,
Жаным құрбан болар еді-ау жолыңда.
Өзіңе аян менің саған құмарым,
Табылды деп қуанушы ем сыңарым.
Шын айырылсам жаным сенен Кәмила-ау,
Екі талай тірлік етіп тұрамын.
Малдың жоғын салып едім алдыңа,
Тілегім сол кездескейсің малдыға.
Топ ішінде мұнша жерге қаратып,
Әлде мемен көңілің суып қалды ма?
Мен қайтейін жаутаңдаған көзіңнен,
Жылы төтті жібек майда сөзіңнен.
Өлтіріп кет ботакөзім қолыңмен,
Мен садаға басып кеткен ізіңнен.
Механатқа салдың менің басымды,
Мен қайтейін қиғаш қара қасыңды,
Ғұмырымша қалыңдық деп мен қалдым,

Мойныңа артам көзден аққан жасымды.
Қайғы болды ғұмырымша арылмас,
Бірдей болып келмеген соң мал мен бас,
Онды, бесті мал итіңнің жоқтығы-ай,
Ағызды ғой қан аралас көзден жас.
Қанатым тұр осы күнде қайырылып,
Жүрек шіркін жабырқайды майрылып.
Құдай десіп қол алысқан жарымнан,
Қалғаным ба шыныменен айырылып.
Сөзім менен ісім еді-ай кеңескен,
Мұның арты бұлай болар деместен.
Көңіл сүйсе мал жолдас па дегенің,
Өле-өлгенше кетер емес сол естен.
Еркем едің ақ маралдай керілген,
Екі аяқты бір басуға ерінген,
Алдымызда әлде қандай күн болар,
Қатты қысып құшақтайын беліңнен
Қош бол сәулем қолыңды бер ұсынып,
Айтқан сөзге құлағыңды сал түсініп,
Не өлі емес, не тірі емес мен қалдым,
Делдал болып екі арада қысылып, -

деп Жібек ойға шомды да:» ел мен жер жыры да, мұңы да ғасырлардан ғасыр өтіп жалғасып келеді ғой. Талай қырғын кімнің жүрегін жарламады дейсің. Өлкен ағаммен бірге соғысқа аттанған Ақан Құрманов Советтер Одағының Батыры атанды, халық қанша сұранса да совхоздың есімін батыр аптына бермей отырғаны үстемдіктің қиянаты. Ат-басар ауданын Пашков деген басқарды, қазақтың жоғын жоқтап қайтеді өзімшіл болса. Арман аңсаудың орындалу жолы ұзақтығына түсініп тоқтамасқа лажымыз қайсы?

Айқындық жоқтаушысы әлсізденген сайын күңгірт тарта беретін ақиқат... Немересі Абайды оқып отырып:» өлсе өлер табиғат, Адам өлмес... деп әжесінің көңілін жұбатқандай болды.

Кім жоқтап мені күрсінер, -деп екі жүз қырық мың кемпір зары сай-сүйекті шымырлатар. Олардың ойлайтыны, қабырғақайыстырарқайғысы 63 жастағы зейнетақысы

емес, (О да қазақ елін қартаюға жеткізудің сатқындық саясаты. Әйелдің зейнет жасын өсіргенше бала тумайтын еркектердің жасын өсірмес пе?) құмша шашылған арсыз тірлігінің кесірінен жалғыз қалғандықтың қан түкіртер қайғысы. Рас, дүниежүзілік екінші соғыс кезінде Қазақстан тылында 1 миллион 200 мың қыз, келіншектер күн, түн қатып» барлығы майдан үшін!-деп еңбек етті. Солардың біразының етегін жел көтермесе, жаратқанның сыйы ер адамның құшағын көрмей, өмірге қыз болып келіп, қыз болып о дүниеге ағайын, туысының ортасында қазақи тәртіп, тәрбиемен атанып, бетін топырақ жапты. Ел болып жаназасында көз жастарын төгіп соғыс зұлматына лағнат айтты. Одан кейін атқа мініп, лауазым қызығымен ашылып, шашылып көк етіктіні таппай, көне етіктіге көзін салмай бірен-саран кәрі қыз атанғандар қартайғанда қоғамға ызалынып, кінәні өзінен көрмей үрейден көріп, замандастарының бес, он балалы болып, немерелерімен қағанағы қарық, сағанағы сарқ рахат тірлігін қызғанышпен құса боп дертеніп өмірден өтті. Өткен заман жөні бір басқа, бүгінгі өмір бір басқа, еркіндік, тәуелсіздікті ананың ақ сүтіндей таза бағалап, болшағын ойламайтындарды мүлдем түсінгің келмейді. Бар ықыластары байлықта, арын сатса да ақша табуда ма? Түн тылсымында бір жарылған жұмыртқа деп аруақ үн қатар, тылсым судың, жамандыққа дуаланудың, алдану мен арбалудың қуанышы тұрақсыз, күйініші көп күндердің түнегі ызғарлы. Сонда жан-жүрегі кімге наразыларын білмей аласұрады. Соқа басы жан азабын да, көр азабын да тартар. Қайғы, мұң шеккенінің себебін кейін түсінер. Бәрі бекерлікпен тынар у ішкендей болып. Біледі, қай қоғамда да алдымен әйелдер қорланады, тоналады, талауға түседі. Теңдік, гендірлік деп жымысқы саясатпен жар сүйіп жар қызығын, бала сүйіп бала қызығын көруден шеттейді. Кеңес заманында әйелдерге трактор да айдатты, шошқа да бақтырды, алдамшы саясат, үреймен жанұялық бақытынан айырғаны да аз болған жоқ. Адамды алдаудың нетүрлі тапқырлық жолын дөңгелетіп естен айырды. Сары уайымға салынғанды ілезде үстемдік тиып отырды. Бүгінде шет елден кел-

ген түрлі секталарда, наша, арақ, түрлі көргенсіз ойын, сауықтар біраз қыздардың өмірін тасталқан етті. Тірі өлікке айналдырды. Осындай сұрапылдардан көрілікке аман жеткендері жалғыз қалғанда, қу ағаштай қуарғанда туыс-туғаны да, қоғам да жарылқамайтынын кеш ұғып, тәлкекке түскен, мазаққа айналған өміріне қарғыс арнайды, мұндай қайғыны жауының да басына бермеуін тілейді. Көріп жүрді байқампаз замандастары, шын жүрекпен шаттануға теңімді табамын деп жанұя құрып, немере-шөбересін ертіп жүргенін көргенде, ішінде жатқан қызғаныштың қара мысығы улы тырнағын батырғандай жанын қоярға жер таппайтынын қайтерсің. «Ақыл-есі түзу қалыңдығың болса, тартын ба, нәрестелі бол» деп ата-аналарының айтпағанын кінәлай ма? Оның есесіне» шашың жұлынғыр, әкесіз бала тума!» -деп, қарғап-сілеп кететінін айыпты көре ме? Оу, ер жетіп есейген соң әркім өз тағдырына өзі жауапты емес пе еді? Қайтеді, өкінеді, жер тебініп шет елдің сұм, жауыз насихатына еріп бойдақтықтың желікпе қызығы бес күндік екеніне ақылы жетпесе, кімге наз айтады? Айтса да оны кім тыңдайды? Шет елдің кейбір зұлымдары құшақ-құшақ ақшамен бас айналдырып түпкі мақсаты қазақ елін қартайған мемлекеттер қатарына тездетіп қосқысы келтінін кім аңғарады дейсің. Ақшаға қызығады, албырттықпен байып шығуға асығады. Бүгінгісінен басқаны ойлаудан аулақ, пайда мен зиянның ара жігін ашуға зауқы жоқ, құр желкіл, жалаңаш жалпы селкіл. Кейбір қыздардың адасуы осылай басталады. Осылардың анасы:

«Егіз аттан жығылса,
Басын сүйер ағасы.
Жалғыз аттан жығылса,
Неге келер шамасы» -

деп біле-білсе үбірлі-шүбірлі болуды қақсаудай-ақ қақсаған болар. Өш-қастығы бардай өзі ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптан безіп кеткен жоқ па? Абыройсыздық жолын таңдап жақ еті суалып, қан-сөлсіз беті қуарып,

көзінің алды іріндеп, сүйек, саяғы істен шықса, біртіндеп қор болған денесіндегі әртүрлі дерт қажытып, имансыз өлем бе? деп қорқынышқа берілген кемпірлерді кім ұғар. Бүгін тәсіріп, масығып жүрген, төсі, кіндігі ашылып, абыройы шашылып жүрген қыздарымыздың ертеңгі күні осындай зұлмат тағдыр алдарында күтіп тұрған жоқ па? дегенді есіне алса, жалғыздық қайғысын шекпес еді...

Қазақта:» қыз отырып қалса-жұт, ұл шаңырағын көтерсе құт» екенін есті ұрпақтың құлағына салып, ащы шындықты айтқаным кешірім сұрайтын жағдайым жоқ. Ұлтымыздың бір перзентінің қайғысы да көптің ортақ қайғысы болуға қажетті. Қайғы дегеннен шығады Қарағандыда араққа мас болып есінен айырылған анасы мен қызы бірін-бірі пышақтап өлтіріпті. Егер күйеуі болса, үш-төрт баласы болса мұндай ауыр қайғыға ұшырамас еді. Мал құлағы саңырау... ешкімнің басына салмасын мұндай қасіретті. Зұлымдық кейбір шаңыраққа зауал түріп тым тереңдеп барады. Демек, Алланың құдіретімен адам болып келдің өмірге, ұрпақ өсіріп, бақыттылықты өз қолыңмен жасауға тиістісің. «Еркектерден әйелдің құмары артық, бүйірі бір қиырға тұрар тартып» деп ақын жырлағандай қандайда құштарлықты тежейтін рухани күш бар, ол күш осының бәрі рахат деп желіктіретін өзәзіл сезімнен арашалайды. Зәлім арбаудан құтқарады. Жүйелі ақылға жүгіндірер еді. Жүректегі қандайда қасірет зарды жеңіп шығуға бастайтын ұрпақтың күлкісі. Төсін сәби тартқанда ананың елжіреуінен артық бақыт бола бермейді. Жан-жануарлар да сол бақытты сәттер үшін ұрпақ қалдырады... Ал жансезімін ойрандап түсік тастағандар, кісі қанын жүктеген қарғыс атқандар көрде тыныш жатпайды, оған жанын, рухын жадырататын жақсылық таңы атпайды. Десекте» тесік моншақ жерде жатпайдының» заманы өткен сұрбойдақ қыздарымыздың бақа басты болса да, ерге қолы жеткей?!

*Серікқали БАЙМЕНШЕ,
филология ғылымдарының докторы,
Қазақстанның құрметті журналисі*

ТАБЫЛТАНУ

Жазушылық таланты мен шығармашылығының өріс-аясы тұрғысынан келгенде, Табыл Бекқазыұлы Құлыястың бүгінгі сөз сарбаздары арасында кеңінен танымалдығын әрі өзіндік қолтаңбасы берік орныққан бірегей қаламгер екендігін мақтанышпен мәлімдеуге болады.

Табыл Құлыяс 1935 жылдың желтоқсанында Ақтөбенің Ойыл ауданында, Жетікөл жерінде туған. Кезінде комсомолдық жолдамамен тың игеруге қатысқан, Ойылдың аудандық газетінде еңбек жолын бастаған. Ұзақ жылдар бойы Қазақ радиосының Торғай өңіріндегі меншікті тілшісі болып істеген. Соңғы 20-шақты жылдан бері Астанада тұрады.

Табыл талантының көпке танылуы – бойдағы қаламгерлік қабілеттің әдеттегі сиректеу кездесетін қайнарының көзі ашылуында. Ол қалам ұстаған қауымның бәрі бірдей батылдық көрсете бермейтін сатира саласына, соның ішінде фельетон жанрына бейімділігімен байланысты болды. Осы бейімділік бара-бара сатираға деген бейілділікке ауысты. Сөйтіп, бүгінде ол әдебиеттің осынау күрделі саласына адалдығынан айнымаған сары тіс сатирашы мәртебесіне жетті. Табыл Құлыястың қаламгерлік қарымын білдіретін еңбектері ретінде қабылданған өткен кезеңдерде шыққан «Кесілген бұрым», «Жалмауыз», «Сауда сақал сипағанша», «Қоңыраулы күлкіграмма», «Ши оқ», «Қара терең», «Ақмылтық», «Жегі» кітаптары, «Тажал», «Үрей» хикаяттары алдымен сатиралық сипаттарымен дараланады. 2012-2013 жылдары жарық көрген «Жыланның тілі» (сатиралық роман және әңгімелер), «Миға қойылған бомба» (таңдамалы шығармалар) кітаптары да байырғы сатирашының белгілі қаламының берекелі жемістері болып табылады.

Жұртшылық Табылды санаулы сары тіс сатириктердің бірі ретінде танып, бағалайды. Кеңестік кезеңде Қазақ телевизиясындағы Табыл Құлыяс алғаш тізгінін ұстаған «Жебе» сатиралық тележурналының даңқы әлі өше қойған жоқ. Ақмола облыстық телевизиясындағы «Бұғалық»

сатиралық тележурналының, Астана қалалық газетіндегі «Қалақай» мүйісінің авторы да Табыл Құлыяс болған еді. Тегінде, қаламгерге қатысты алғанда, адам сатирик болып қалыптасады дегеннен гөрі, сатирик болып туады деген дұрыс сөз шығар. Табылды танитын, шығармашылығын білетін адамдар оның жазушылық табиғатына соңғы сөздердің сәйкес келетініне таласпаса керек.

Ілгеріде зерттелгендей, сатираның фельетон жанрына жақындасу, оған өзіндік қолтаңбамен ену және жемісті шығармашылықпен сіңісіп кету – оңай іс емес. Бұл қаламгер талантына тиесілі көптеген көркемдік элементтерге тәуелді. Жүгірте айтқанның өзінде, фельетоншының тақырыпты таңдауы, ой-санада сарапталған құбылысты, оқиғаны, фактіні және т. б. осындай нақты материалдарды сын-сықақ тілімен бейнелі сөйлете білуі көп әрі ұдайы ізденіске бағынады. Фельетон жанры өзгеше өркендеген кешегі кеңестік заманда автордың қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары тұрғанын, фельетон жазу оңай болмағанын да еске сала өткен артық болмас. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ сатирасының білгір теоретигі, көрнекті ғалым Темірбек Қожакеевтің ондаған ғылыми-зерттеу еңбектерінде Табыл Құлыястың 19 фельетоны туралы толымды пікірлер айтылғаны, жан-жақты талданып сарапталғаны, мәселен, «...шығармасының тақырыптық аясы кең, сатира алаңындағы ойы құнарлы. Қоғамдағы былықтың оқыс тұсынан шүйлігеді. Дерекі нық, шындығы шырайлы» деп атап көрсетілгені оның тұтастай фельетоншылық қызметіне берілген елеулі баға екені сөзсіз.

Табыл Құлыястың сатиралық әңгімелері – шығармашылығының толымды һәм өнімді саласы. Мысалы, «Жыланның тілі» жинағына осы аттас романнан басқа, елуге жуық тектес шығармалары жинақталған. Әңгімелерінің «Имандай ұйытқан құлық», «Құйын ішіндегі жын», «Келдің бе, ажал?», «Иттің де иті бар», «Жебір сиырдың құны», «Жалмауыз» ... т. б. деп жалғасатын бас тақырыптарының өзі-ақ әр шығарманың шырай-болмысын алдын ала аңғартып тұрады.

Біреу әңгімесіне аялдай өтейік. Мысалы, «Миға қойылған бомба» . Былай қарағанда, «миға бомба қойылуы» әдеттегі түсінікке жат, көзге елестете алмайтын сурет. Автор шығармаларының ерекшелігі де осында. Оның әңгімелері белгілі бір сюжетті сақтамайды, көбіне екі адамның сұхбаты (жазушының Қымыры мен Тымыры арқылы) үлгісінде әлеуметтік кеселдің мәнін ашу тұрғысында жазылады. Осы әңгімесінде де жазушы өз сөзімен айтқанда, «арамдықты білмейтін, аңқау жастардың миына жегіқұрт боп түсетін» дінбұзарлықты, сананы улаушылықты сынайды.

Ал «Кесілген бұрым» әңгімесінде отбасына ылаң салған Жылқыбай есімді кейіпкерінің осылған ойынын баяндайды. «Құйын ішіндегі жын» әңгімесінің кейіпкері – ел ішінде тұратын Ешкібас есімді ерте туып, кеш қалған жарықтық. Ол – «ғылымдағы жұлдызым қашан жарқырайды» деп армандаумен жүрген жан. Қаламгер елеулі қамқорлық болмаған соң миында ойлылық сықап тұрған жастардың шетел асатынын, ал ғалымның ғылыммен айналысуға құлқы жоқ екенін осылай сездіріп өтеді.

«Тісің қышымасын» әңгімесінде былай толғаныпты: «...Жасың ұлғайғасын көңілің де кіршіл. Біреу дүрдіп кіжінсе, тіс қайрайтын әдетің қалған. Ажалдың үш белгісі жолын салған. Шашың ағарды, бетіңе әжім орнықты, кіршіктей аппақ тісіңнен айырылдың, Тісің болмағасын күшің жоқ» . Сөйтіп, жазушы социализмнің бейнеткерлері мен капитализмнің зейнеткерлеріне тегін тіс салдыру ісіндегі әлеуметтік сала қызметінің немкеттілеу ниетін сынға алды.

Табыл Құлыяс 2013 жылы шыққан кезекті кітабын жоғарыда сөз болған әңгімесінің атауымен орайластырып, «Миға қойылған бомба» деп атады. Дәстүрдегіше етене екі кейіпкердің (Қымыр-Тымыр) өзара әңгімесі арқылы баяндау тәсіліне бейімделген жазушы қаламы бұдан әрі өмірден ойып алынған нақты жағымсыз көріністерді суреттей отырып, әрбір әрекеттің әлеуметтік астарын, себеп-салдарын ашуға тырысады. Тектес жағдаяттарды топ-

тастырып тізбелей келе, бұлардың әрқайсысына Қымыр мен Тымырдың диалогына сүйеніп, солардың көзімен баға береді және осы арқылы қандай жағдайда да адам боп қалудың қиын жолдары туралы толғанады. Көздеулі түпкі нәтиже де осыдан көрінеді: автор оқырманды ойлануға шақырады; жамандық жолына түсуден сақтандырады. Осы ретте көрнекті жазушы, марқұм Дүкенбай Досжанның Табыл Құлыястың сатиралық еңбектерінің ерекшелігі туралы бұдан бұрынырақта айтқан» күлкіні кісі мінезінен іздейді» ;» қоғамның келеңсіз қасиеттерін әркім өзгеден емес, өз бойынан, өзінің жан сарайынан іздесе, құба-құп болар еді деп пәтуа айтады» деген пікірлері түйінді ойға тиянақ болатыны сөзсіз.

Тарихи тақырып, соның ішінде кеңестік сыңаржақ саясат тудырған ақсирақ аштық, жаппай қуғын-сүргін, жаһандық соғыс тұтқындарын қуғындау сияқты нәубеттің мұрағат деректерімен айтылатын ақиқаты жазушының соңғы жылдардағы шығармашылығының айнымас арқауына айналды. Әсіресе, қоғамның «қамқорлығымен» заманның зұлматына ілінген адамдар тағдыры және сол дәуір оқиғаларының тарих топырағы астында қалған ащы шындығын» Қан жоса ғасыр», «Қырғын», «Қан кешу» атты үш кітабында жан-жақты бейнеледі. Аса көрнекті халық жазушысы Әбіш Кекілбайдың жазуынша, «жазушы Табыл Құлыястың» Қан жоса ғасыр» шығармасы – әдеби тәсілдің жаңа қырымен көркем жазылып, бұрын-соңды оқушыларға белгісіз болған деректерді мәлім етуімен құнды» және бұл» өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жандыруға, тәуелсіздікті құрметтей білуге аз да болса үлес қосатын туынды» .

Аталған үш кітаптың ішінен, мысалы, «Қан кешуге» тоқтала өткенде, мұның ортақ тақырыпты өрбітетін 45 деректі хикаятты жинақтаған жұмыр да шымыр еңбек екенін айтқан жөн. Сонымен бірге, бұл – оқиғасы ойдан шығарылмаған, өмірде нақты болған адамдардың қиын-қыстау кезеңдегі қилы-қилы тағдыры туралы тағылым кітабы;» ошақ оты сөніп, ортасына түскен бес шаңырақтан жалғыз қалған» жазушы Табылдың тірнекті тіршілікте

басынан кешкен оқиғалары, көзі көрген жағдайлары, сұхбаттасып, сырласқан адамдар жайында жайып салған жан сыры; кеңестік кезеңде талайсыз тағдырдың тезіне түскен қазақ баласының халі мен жанының арпалысы.

...Тәркілеуге түсіп, соңына» Күндерім-ай» деген өкінішке толы зарлы әнін қалдырып дүниеден өткен Дәукен байдың артында қалған ұрпағы да шет қақпай көзтүрткінің, арып-ашу мен азып-тозудың аранды жолынан өтеді. Соның бірі – «жеті жасында бұта түбінде аштан бұралып жатқан, қайырымды бір қазақтың жетектеуімен балалар үйіне тапсырылған», сөйтіп жетімдер арасында жетілген Зәбит Ғұсманов соғыс жылдарында гвардиялық миномет батареясының командирі болып, көзсіз ерліктің үлгісін көрсетеді. Сирек берілетін Александр Невский орденінен бастап, «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, басқа да қаһармандық медальдарымен бірнеше мәрте марапатталады. (« Катюшаның» командирі»). Соғыстан соң Ойыл сынды аңсаумен өткен атамекеніне оралып, кешегі ата-бабаны, әке-шешені еске алса, қан майданда қаймықпаған жауынгер жүрегі зар шегіп, көкірегі қарс айырылғандай болады. Содан соң:

Атамекен, армысың, болған ырыс,
Жерің жайлы, көлеңкең екен тыныс.
Көрейін деп өзінді атақоныс,
Әдейі іздеп келдім етіп жұмыс, –

деп жыр төгеді.

...Астрахан қаласында тұрған Сәрсенғали Медетұлы ірі байлардың бірі ретінде тәркілеуге ұшырайды. Әйелі Рахима төртбаласын жетектеп, Қаратөбе өңіріне жер аударылып кете барады. Бұдан кейін Қызылордаға, одан әрі Аягөзге айдалады. Сөйтіп, бір кездегі дәулеті шалқыған, сүттей ұйыған шаңырақтың шаттығы үзіледі... Сәрсенғалидың бір қызы Зұлфат 1941 жылы Ақбұлақтың педагогикалық училищесін бітірсе де, жұмыс таба алмай, бір мекемеде еден жуып жүреді екен. Соғыс басталысымен майданға сұранып, Ульяновскінің авиация училищесінің байланыс

бөліміне оқуға түседі. Оны бітіріп, кіші сержант атанып, Мәскеу түбіндегі соғысқа аттанады («Жастығым қайда, жарқыным?»). Зұлфат жеңісті Брно қаласында қарсы алады. Ақбұлақтан майданға аттанған қара көз, қолаң шаш қазақ қызы 1945 жылы күзде елге оралады, өзі сияқты отбасы қуғын-сүргінге ұшыраған тағдырлас-майдангер Зәбит Ғұсмановпен отау құрады. Босағасы құтты болып, үбірлі-шүбірлі шаңыраққа айналады... Осы ретте, уақыт өте келе, дүниенің көбі кетіп, азы қалғанын сезінген ерлі-зайыпты екеудің «жастығым қайда, жарқыным?» деп заманға сауал тастауы шығарма мақсатын да, авторлық ұстанымды да айқындай ашады.

Кітаптағы өзара сабақтас бір-екі хикаят қана шерткен сыр бұл. Ал «Қан кешу» кітабының әр тақырыбы осылайша өткен шақтың тереңіне тартып, адам мен қоғамға сабақ болатын оқиға-жәйттерді байыпты таразылайды талай боздақтың есімін тірілтеді.

2009 жылы Табыл Құлыястың белгілі жазушы Жиенғали Тілепбереновтің өміріне арнаған «Аңыз ізімен» романы жарық көрді. Өмірден ертерек өткен жерлес қаламгердің есімі мен ісін әспеттеу орайында дүниеге келген жаңа көркем шығарманың басты сипаттары неде дегенде, алдымен осы кітапқа алғы сөз жазған белгілі ғалым Дихан Қамзабекұлы мына сөздеріне жүгінген жөн секілді: «Жазушы тек қана Жиенғали өмір сүрген кесепаты мол ортаны бейнелеуді мақсат тұтпаған. Жиенғали шығармашылығы – қандауырдың қылпып тұрған жүзі. Сол арқылы ұтымды әдіс (шендестіру тәсілі) таңдай білген жазушы бүгінгі қоғамның, ұлт тағдырына қатысы бар өткен заманның іріндеп, жарылайын деп тұрған мерездерін аяусыз тіледі».

Аз ғұмырында айтарлықтай іс тындырған Жиенғали туралы көркем шығарманың тууы – құптарлық іс, әрине. Көркем шындықтың өмір шындығынан өрілгені және сүйінішті. Темір қаласындағы америкалық жұмысшы-революционерлер Сакко мен Ванцетти атына қойылған көшедегі 33-үй Жиенғалидің бұл дүниедегі ең соңғы мекен-тұрағы болды. Әдетте жолсыз жазаға ұшырады деп саналатын осы екі жұмысшының есімі әлемде заңсыздық

пен қуғын-сүргіннің символы ретінде бағаланатыны да белгілі. Темірдегі Жиенғалидің сол құттыхана мекенінде кейін роман авторы да тұрған екен. Бұл кездейсоқтық па, әлде заңдылық па? Қалай болғанда, Табыл Құлыястың Жиенғалидің көркем бейнесін зерделеуге ден қоюының осылай іштей қабысып жатқан жіпсіз байланысы да бар екенін айтпай өте алмаймыз.

Кейіпкер тұлғасын сомдаудың өзіндік жолын, яки жоғарыда айтылғандай, шендестіру әдісін таңдаған туындыгер Жиенғали шығармаларының ізімен жүреді; ол жазған оқиғалар мен құбылыстарды зерделейді; бұларды бүгінгі күннің көрінісімен шендестіреді. Кезінде Жиенғали қаламы қоғамдағы кейбір теріс құбылыстардың адамға әсер етуін, оны болдырмау және жою әрекеттерін қалай бейнелесе, Табыл Құлыяс соны сараптай отырып, бұлардың қазіргі заманнан байқалатын сарқыншақтарын сынайды. Сонымен бірге, Жиенғали заманындағы зерделі ойдың заманауи сарынын ұлттық таным-түсінікке, ел бірлігіне, халық тарихына байланыстыра баяндайды. Жиенғалидің рухани қызметін, шығармашылық-ағартушылық ұстанымын» ұрпақты ойға кенелту олжасы» бағытында өрбітеді. Романда қазақ халқы XX ғасырда бастан кешірген күрделі оқиғалар, ел есінде жүрген елеулі тұлғалар, ескіден қалған есті сөздер, бәрі-бәрі жазушы Жиенғалидің жан-дүниесі арқылы сараланып, талданып, бағаланады. Сонымен бірге, осы шығармадан Табылдың» жырдай төгілген әуендері» арқылы Жиенғалидің жұрт көңілінде қалған жазу мәнерін де елестете аламыз.

Жазушының соңғы жылдардағы ізденісті еңбегінің ізетті жемісі – XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген қазақтың атақты қаһарман жырауы жайындағы» Жиёмбет батыр» роман-эссесін жаңалықты дүние деуге болады. Бұған дейін өмір-ғұмыры көпшілікке жете таныс емес тарихи тұлғаның белгісіз болмыс-бітімін көркем тілмен сомдау жолындағы жазушының әдеби әрекет-талабы сәтті шыққанын алдын ала айта кетсек, артықтық етпес-ті.

Әлбетте, тарихта еңсегей бойлы ер Есім атанған ханның Кіші жүз жеріндегі ең беделді бас биі саналған

Жиёмбет жырау Бортоғашұлының ел жүрегінде қалған қайраткерлік кезеңдерін, яки нақты шындықты көркемдікпен кестелеудің оңай іс болмағаны анық. Жиёмбет жыраудың толғаулары әдебиет тарихына Есім хан заманының шежіресі ретінде енетіні белгілі. Соған орай автор, мысалы, Жиёмбеттің:

Есім, сені есірткен,
Есіл де менің кеңесім.
Ел білгеннен Есім хан,
Қолыңда болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға,
Есіктегі ебесін;
Сонда ханым не десін?!.. -

деп келетін жырларын және т. б. осындай рухи дүниелерін сәтімен сипаттай келе, айтулы жырау тұлғасын белгілі бір тарихи тартыстар аясында ашып, танытады. Шығармада Жиёмбеттің өмірі, оның жан-жақты қабілеті, сан қырлы қайраткерлігі мен жеңімпаз батырлығы кеңінен көрсетіледі. Бұл шығарма көркемдік қуатымен бірге, қатпарлы қазақ тарихын қастерлеуге және ұрпақты зердеден көше бастаған арыстар тағдырымен таныстыруға қызмет ететін ерекшелігімен де құнды.

Сонымен, жазушы Табыл Құлыяс турасындағы айтылмыш сөзімізді аяқтай келгенде, «Егемен Қазақстан» газетінің жазушы-сатирик Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлдесінің жеңімпазы, мәдениет қайраткері, амандық болса, алдағы жылы салиқалы сексен жастың табалдырығынан аттағалы тұрған (өзі айтқандай, «жиыңтерін кезінде дүниеге келген») қария қаламгердің шығармашылығы» Табылтану» деген тағылым пәні ретінде жас оқырмандардың зейінін аударып, әдебиет сүйермендерінің көңілінен шығатынына әрі көркемсөз бен көсемсөздің керуенін көркейте түсетініне бек үміттіміз;

және белгілі Ертай ақын Ашықбаев бейнелеп жазған» мұқалмаудың, ізгі мұраттарды әлдилеудің өнегесі болып» келе жатқан жазушы тұлғасының бұдан да кеңірек зерделенуіне бейілміз һәм Табыл Құлыястың туындыларын шын мәнінде зерелі шығармашылықтың жемістері деп бағалауға бейімдестік білдіреміз.

СОҢҒЫ СӨЗ

Әлемдік дана Абайымыз бар елміз, бағымыз бүгін бес елі. Атқарар келелі ісіміз тарихта көшелі. Шындықтың бетін ашқандай болғанда Абай сөзі жүректе: «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселермен тығыз байланысты» десе жақсы ой, ұлылықпен көтеріп жүрміз еңсені. Аз-кем сезімсізге айтарымыз, жамандықтың көлеңкесіне тығылмай жақсылықпен жарылқануды білсеңші? Ұлт ұлылығын тәптештеп айтам, әспеттеп айтам, мисыздың да миына құйып берем. Жұмыр жер халқы дүрлігуден кенде емес, содан сақтана біліп ісіңді тиянақтап әлекке түспей жүрсеңші. Ақиқатты түгел ақтарып, кемшілігіңді өзің біліп әжуалап күлсеңші. Мезгіл мінбесіне таза кісідей қарап сырыңды шашпай, зәлімдікке қадам басыпай, ғылым, білімге көзің кәміл жетіп, Абай сөзіне құлағыңды түріп, кісіліктің, алғырлықтың жөні осы деп түсінсең озғаның. Шет елдің жұқсыздығына шашылмай, сұм-сұрқияға бас ұрмай, қазақи өнеге, тәртіппен тірлік етіп көрсеңші. Қазақтың қаны тұщы, олай дейтінім төбеге шыққанды күндейміз, төменде қалғанды жүндейміз, сол қырсықтан өзге сүріндірерін ұғуға тырыспаймыз. Тірліктің қыл көпірінде жақсылығың да, жамандығың да алдыңнан шығатыны даусыз. Бір шикілігіңді табатын, басыңды айналдырып, дуалап тастағандай жанымызда жүрер жансыз. Қиянбұрыс қиқарымыз тым аңқау, сын-мінді ұқпайтын аңсыз. Тыныс тарылтатын қапас тірлікті тілеп алады. Ондайды зұлым ойлы түсіне қояды да біреуді пәлелеуге, алғыр ойлыны сүріндіруге пайдаланады. Ондайға өткенімізде де, бүгінде де мысал көп. Айтпақшы заманынан озған жазушы Ілияс Есенберлиннің кеңес зама-

нында мемлекеттік сыйлыққа шығармалары ұсынылады. Тәртіп бойынша бұл байраққа екі, үш адам қатысады. Содан грузиннің жазушысы мен қазақ жазушысының біреуіне сыйлық берілетіндіктен Мәскеуге шақырылады. Гузиядан бір вагон жазушысын қуаттаушы, марапатқа бөлеуші барса, қазақстаннан бір вагон арыз, арызқойлар Ілияс шығармасын жамандауға барады. Ақырында грузин жазушысы байраққа ие, қазақ арызқойлары ұлылықты сүріндіргенге мәз. Бұл не, көре алмаушының көзіне көр топырақдеумен тынасың. Көре алмаушылық, күндестіктің кесірлі кесапаты талай ардақтыларымздың өмір жасын қиды. Осылар қыл көпірде ұшырасып қалса бірінің бетіне бірі қалай қарай алар еді. Зұлымдар ашықтан-ашық не айтады, ауызы желкесінен шыққандай келісе қоймас, сірә. Түсінікті, түсінікті деп ысқайақ сұмдарға айтар сөзі таусылғандай Абайдың жаны да қиналар еді. Қырсық соққандарға екі дүниенің жақсылығы бұйыра қоймас, қулық-сұмдықты ойлаушыға жақсылық нұры төгіле қоймас.

МАЗМҰНЫ

Қандыауыз	3
Ана	12
Ақ сүтін айға сауған	18
Ақ қала	22
Кек кеткен, өкініш қалың	35
Ой ортақ, мұң ортақ	39
Зұлымдық	44
Әжуамазақ	48
Үрейлі кезең	70
Тарих бетіндегі қан	72
Көзден аққан қанды жас	79
Қызыл көйлек	82
Қалың қатер	88
Жанталас	95
Кемеңгердің ізі	101
Үзілмеген үміт	109
Астамшылық ақыры	114
Айтасың да қоясың	120
Көксейді екенсің	124
Шөлмегі толған	132
Ақ бұлттарға қарап	139
Қасірет ізі	148
Ерлер есімі – ел есінде	153
Қара көрік	167
Қос қарашық	173
Ғайыптан шыққан үн	178
Зылиқаның зары	181
Қаламқас	187
Махамбеттің соңғы сөзі	191
« Басымды алар болсаң, шапшаң алшы... »	199

Он бесінде от кешкен	205
Түсінен шошып... ..	212
Ағып түскен жұлдыздарға қарап.....	218
Медицинаның ыбырайы	226
Оралдан ән оздырған әнші мұхит	235
Қара қаншық	249
Өліп көрдіңдер ме?.....	253
Абайды сүйіп өткен ахтанов	331
«Ішім толған у мен дерт».....	339
«Қу тіл мен қулық сауған заңы құрысын»	348
«Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?»	356
Шумерден кейін	367
Киіз қазық.....	372
Тана батыр.....	420
Бәйтерек батыр.....	426
Торы ат басы	434
Әннің тууы.....	446
Мүмкін емес.....	450
Иксодке несі ме, әлде.....	453
«Паркенсон» мырза.....	458
Мәжіліс	459
Өтті дәурен... ..	474
Көп сөйлеме, дөп сөйле, шындығым осы деп сөйле.....	484
Удың аты – у	500
Ит өсірушінің өлімі.....	504
Қақы кеткендер.....	509
«Халықты жеген қақалмайды...».....	510
Өмір бәрін үйретер... ..	517
Кері кеткен	521
Шайтандар биі.....	525
Эпиграмма	525
Кірпі	528
Антын ақтады, бірақ... ..	530
Халықты жеген» қақалмайды»	550
«Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады»	554
Аңсау арман.....	556
Табылтану	563
Соңғы сөз.....	571

Табыл ҚҰЛЫАС

ТАҢДАМАЛЫ

**Үш томдық
Үшінші том**

Редакторы
Көркемдеуші редакторы
Техникалық редакторы
Корректоры
Компьютерде беттеген

Басуға 00.02.16 қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 00,0.
Тапсырыс №0000. Таралымы 0000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

the 1990s, the number of people in the UK who are employed in the public sector has increased from 10.5 million to 12.5 million, and the number of people in the public sector who are employed in health care has increased from 1.5 million to 2.5 million (Department of Health 2000).

There are a number of reasons why the public sector has expanded in the UK. One reason is that the population is ageing, and the number of people who are over 65 years of age has increased from 10.5 million in 1990 to 12.5 million in 2000 (Department of Health 2000). Another reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased.

There are a number of reasons why the number of people who are employed in the public sector has increased. One reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased. Another reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased.

There are a number of reasons why the number of people who are employed in the public sector has increased. One reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased. Another reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased.

There are a number of reasons why the number of people who are employed in the public sector has increased. One reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased. Another reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased.

There are a number of reasons why the number of people who are employed in the public sector has increased. One reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased. Another reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased.

There are a number of reasons why the number of people who are employed in the public sector has increased. One reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased. Another reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased.

There are a number of reasons why the number of people who are employed in the public sector has increased. One reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased. Another reason is that the number of people who are employed in the public sector has increased, and the number of people who are employed in health care has increased.